Том 27

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

27
ТОМ

Август 1915 — июнь 1916

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1978

Л $\frac{10102-151}{401(07)-78}$ 3—78

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма жетінші томына 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс өріс алған кезде, 1915 жылғы августан 1916 жылғы июньге дейін жазылған шығармалар енді.

Бұл соғыс империалистік мемлекеттер саясатының басқаша құралдармен, күштеу құралдарымен жүргізілген жалғасы болды; соғысты империализм туғызды, ал соғыс болса, империализмнің барлық қайшылықтарын күшейтіп, шегіне жеткізе шиеленістірді. Жұмысшы табы революциялық күресінің мүдделері империализмнің экономикалық және саяси мәніне талдау жасауды талап етті; мұндай талдау жасалмайынша революциялық қозғалысқа дұрыс басшылық ету, империалистік реакцияның идеологиясына және келісімпаздықтың реформистік саясатына қарсы айтарлықтай күрес жүргізу мүмкін емес еді.

Ленин бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы теориялық еңбектерінде империализмді зерттеуге баса назар аударды. Соғыстан көп бұрын-ақ Ленин өзінің әр алуан еңбектерінде капитализмнің дамуындағы жаңа құбылыстарды атап көрсеткен болатын. 1915—1916 жылдары жазылып, РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінде, «Коммунист» журналында және Циммервальд солшылдарының органы «Vorbote» («Жаршы») журналында басылған, осы томға енгізіліп отырған шығармаларында Ленин империализмге тән құбылыстарға сипаттама береді, рыноктар үшін болып

жатқан күресті, отаршылдық саясатты, дүние жүзінің халықтарын ат төбеліндей империалистік державалардың езгіге салып отырғанын, таптық қайшылықтардың шиеленіскенін баяндайды, социализмге революциялық жолмен өту үшін жағдайлардың пісіп жетілгенін көрсетеді.

Ленин өзінің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген классикалық шығармасында империализмді жан-жақты зерттеді, бұл шығарма орасан зор және тыңғылықты еңбек етудің нәтижесі болды. Ленин империализмнің экономикасы мен саясатының мейлінше әр алуан мәселелері жөніндегі сансыз көп материалдарды зерттеп, қорытты, әр түрлі елдерде көптеген тілдерде басылып шыққан жүздеген кітаптардан, мақалалардан, кітапшалардан, статистикалық жинақтардан алынған деректерді сын елегінен өткізіп, қайта өңдеді. Бұл кітапқа арналған дайындық материалдар —«Империализм жөніндегі дәптерлер» 50 баспа табаққа жуық, ол келесі, 28-томға енгізіледі.

Осы томда Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегі басты орын алады. Ленин бұл еңбегінде Маркстің «Капиталы» жарық көргеннен кейін өткен жарты ғасыр ішінде дүние жүзілік капитализм дамуына қорытынды жасады. Маркс пен Энгельс ашқан капитализмнің пайда болу, даму және құлдырау заңдарына сүйене отырып, Ленин империализмнің экономикалық және саяси мәніне бірінші рет терең ғылыми талдау жасап берді. Лениннің еңбегі капитализмнің маркстік теориясын одан әрі дамыту болып табылады, бұл теорияны капитализмнің жоғары және соңғы сатысы — империализм туралы іліммен байытады. Ленин дүние жүзілік капитализм экономикасындағы жаңа құбылыстарды қорыта келіп, капиталистік қоғамға тән барлық қайшылықтардың империализм тұсында сөзсіз шиеленісе түсетінін көрсетті. Ол империализмді паразиттік, іріп-шіріп, өліп бара жатқан капитализм деп сипаттайды, оның құруы шарттарын, капитализмнің жаңа, прогрестік қоғамдық құрылыс — социализммен ауыстырылуы болмай қалмайтынын және мұның қажеттігін ашып көрсетеді.

Экономикалық мәні монополиялар мен финанс капиталының үстемдік етуі болып табылатын империализм тұсында капиталистік қоғамның негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен жеке иемдену формасының арасындағы қайшылық шегіне жете шиеленіседі.

Еңбек пен капитал арасындағы антагонизм барған сайын шиеленісе түседі. Монополиялардың, финанс олигархиясының үстемдігі капитализмнің халыққа қарсы, паразиттік сипатын барған сайын айқындай түсіп, капитал езгісін күшейтеді және сонымен қатар жұмысшы табының, езілген халықтардың капитализмге қарсы ашу-ызасын туғызады. Ленин империализмді жер жүзі халықтарының орасан зор көпшілігін ат төбеліндей империалистік елдердің отаршылдық езгіге салуы мен финанс жағынан тұншықтыруының дүние жүзілік системасы деп сипаттайды. Капитализмді құлату, социализмге революциялық жолмен өту өмір қажеттігіне айналып отыр. Капитализмнің соңғы сатысындағы қайшылықтарына ғылыми талдау жасаудың негізінде Ленин *империализм — социалистік революцияның қарсаңы* деген қорытындыға келді. «Мұның өзі,— деп жазды Ленин 1920 жылы өз кітабының француз және неміс тілдерінде басылымына арналған алғы сөзде,—1917 жылдан бастап бүкіл дүние жүзі көлемінде дәлелденді» (осы том, 341-бет).

Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде социалистік революция теориясы экономикалық жағынан негізделеді. Бірінші рет 1915 жылы августа «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақалада (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 378—382-беттер) тұжырымдалған данышпандық қағидаларды дамыта, негіздей келіп, Ленин империализм тұсында капиталистік елдердің экономикалық және саяси дамуының әркелкі болуы әр алуан елдерде революциялардың әр түрлі уақытта болуына әкеп соғатынын дәлелдеді. Ол социализмнің бастапкыда жеке алынған, бір капиталистік елде жеңіп шығуы мүмкін екені туралы ілімді талдап жасады. Социалистік революцияның лениндік теориясының ұлы күші мен өмір-

шеңдігін Совет Одағы мен басқа да социалистік елдердің тарихи тәжірибесі дәлелдеді.

Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Программасында былай деп атап көрсетілген: капитализмнің соңғы сатысындағы негізгі заңдылықтары туралы лениндік талдау мен қорытындыларды қазіргі капитализмнің нақты шындығы растап отыр. Империализмнің дамуындағы жаңа құбылыстар оның өзіне тән қайшылықтардың тереңдей түсуі, империализмнің Ленин көрсеткен негізгі белгілерінің жалғасып, дамуы болып табылады. Қазіргі монополистік капитализмге өндірістің шоғырлануы мен финанс олигархиясының қолына жинақталуының күшейе түсуі тән болып отыр; аса ірі монополиялар қоғамдық өндірістің басым бөлегін жинақтап отыр; капиталистік дүниенің халық еңбегімен жасалған барлық байлығына капитал шонжарларының шағын тобы емін-еркін иелік етіп отыр. Ленин империализмнің аса маңызды белгісі деп санаған саяси реакция барлық бағыттарда күшейе түсіп отыр; монополистік капитал қоғамға өз диктатурасын орнатты. Капитализмнің паразитизмі мен іріп-шіруі күшейе түсіп отыр, мұның өзі экономиканың милитарландырылуынан, өндіргіш күштер дамуының тежелуінен мейлінше айқын көрінеді. Қазіргі империализмге капиталистік елдердің әр келкі, секірмелі түрде дамуының күшеюі, өнім өткізу рыноктары, капитал жұмсау сфералары үшін, шикізат көздері үшін, дүние жүзін қайта бөлісу үшін күрестің одан әрі шиеленісуі тән болып отыр.

Лениннің империализм капитализмнің соңғы сатысы деген сипаттамасын өмірдің өзі толық растады. Империализмнің тіректерін шайқалтып, күйретіп отырған терең де шиеленіскен қайшылықтар империализмнің әлсіреуі мен құрып бітуіне әкеліп соқпай қоймайды. Россияда, Қытайда және Европа мен Азияның басқа да бірқатар елдерінде капитализм құлатылғаннан кейін, капитализмнің отаршылдық системасы күйрей бастағаннан кейін империализм құлдырау дәуіріне аяқ басты, ол қазірдің өзінде адамзаттың көпшілігіне өктемдігін біржола жоғалтып отыр. Адамзаттың тарихи дамуының басты бағытын енді дүние жүзілік социалистік система

белгілейді, ол капитализммен жарыста барған сайын жаңа табыстарға жетіп отыр.

Лениннің буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеологтарға, реформистер мен ревизионистерге қарсы бағытталған «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегі империализмді қорғаушылардың қазіргі заманғы «теорияларына» қарсы күресте айбынды құрал болып табылады. Империализм апологеттері жөніндегі Лениннің сыны империализмді жаңартылған «халықтық капитализм», тапсыз қоғам, онда капиталистер еңбеккерлерге, ал жұмысшылар кәсіпорындарды бірге меншіктенушілерге (бірге иеленушілерге) айналды-мыс, пайданы капиталистер жұмысшылармен бөліседі-міс деп бейнелеп жүрген капиталдың қазіргі қорғаушыларының идеологиясын әшкерелеуге және оны талқандауға көмектеседі. Ұсақ акциялар тарату жолымен капиталды «демократияландыру» жөніндегі апологеттік теория туралы Лениннің сынын нақты өмір шындығы толық растап отыр. Ленин мыналарды көз жеткізе дәлелдеген еді: жекелеген еңбекшілердің ұсақ акцияларды иемденуі ірі капиталдың үстемдігін әлсіретпейді, қайта күшейте түседі; ұсақ акциялар шығарудан түсетін табысты капиталистік монополиялардың шонжарлары алады, ал реформистер дәріптеп жүрген акциялар иеленудің «демократияландырылуы» — «іс жүзіне келгенде финанс олигархиясының қуатын арттырудың бір әдісі» (осы том, 379—380-беттер).

Қазіргі капитализмнің дамуы Лениннің империализм өндіріс анархиясы мен дағдарыстарды тіпті де жоймайды деген қорытындысының дұрыс екенін дәлелдеп отыр. Империализмнің «ұйымдасқан», «жоспарлы» капитализмге айналатыны туралы буржуазиялық-реформистік теорияны теріске шығара келіп, Ленин былай деп жазды: «Картельдер дағдарыстарды жояды деген сөз — қалай болғанда да капитализмді әрлендіре боямалап жүрген буржуазиялық экономистердің ертегісі. Керісінше, өнеркәсіптің *кейбір* салаларында құрылған монополия тұтас алғанда *бүкіл* капиталистік өндіріске тән былықты онан сайын күшейтіп, шиеленістіре түседі» (357-бет). Мұны өмір бүтіндей растап отыр.

Империализмнің қазіргі қорғаушыларына қарсы күресте Лениннің мемлекеттік-монополистік капитализмге берген сипаттамасының зор маңызы бар. Буржуазия идеологтары, реформистер мен ревизионистер империализм сатысында кеңінен дамитын мемлекеттік-монополистік капитализмді социализм сияқты деп бейнелейді. Шынына келгенде, мемлекеттік-монополистік капитализм империализмнің табиғатын өзгертпейді; ол капитализм қайшылықтарын бұрынғысынан да гөрі шиеленістіріп, еңбек пен капиталдың арасындағы, халық пен монополиялардың арасындағы тұңғиықты тереңдете түседі.

Мемлекеттік-монополистік капитализм формасында болатын өндірістің қоғамдастырылуы социалистік укладты өзінен-өзі жасай алмайды. Ленин былай деп көрсетті: мемлекеттік-монополистік капитализм социализмге революциялық жолмен өту үшін тек материалдық жағдайлардың әзірленуі, шаруашылықты қоғам болып жүргізу, өнім өндіру мен бөлудің есебін жүргізетін және оларға бақылау жасайтын аппараттың, социалистік революция жеңгеннен кейін пролетариат социалистік құрылыста пайдалана алатын аппараттың жасалуы деген сөз. Социализм, деп жазды Ленин, мемлекеттік-монополистік капитализмнен ілгері қарай жасалған ең таяу қадам; революциялық марксизм үшін мұның өзі социалистік революцияның жақын екеніне, шұғыл екеніне және жүзеге асырылатынына дәлел бола алады.

Осы томға енгізілген көптеген шығармалар бірінші дүние жүзілік соғысқа талдау жасауға, оның империалистік сипатын әшкерелеуге арналған. Ленин соғыста өз империалистік үкіметінің жеңілуі, империалистік соғысты социализм жолындағы азамат соғысына айналдыру жөніндегі большевиктік ұрандарды негіздейді және насихаттайды.

Еңбекшілердің мойнына соғыс артқан ауыртпалықтар бұқараның революциялық пиғылын шыңдай түсті. Соғысушы елдердің бәрінде жұмысшы табы күш жинап, оның ашу-ызасы күшейді. Бұқара ішінде революциялық толқудың өсуі, соғысқа қарсы наразылықтар, солдаттардың траншеялардағы бауырласуы, жұмысшылардың

стачкалары мен демонстрациялары бұқаралық революциялық бой көрсетулердің басталғанын аңғартты. Бұқараның солшылдана түсуі социалистік партиялардағы солшыл оппозицияның ресми социал-шовинистік және центристік басшылыққа қарсы барған сайын жиі және күштірек әрекет жасауына негіз болды. Социалистік партиялар ішінде социал-шовинистік, оң қанат пен революциялық-интернационалистік, сол қанатқа бөліну неғұрлым айқын да анық бола түсті. «Бүкіл дүние жүзінде,— деп жазды Ленин «Жікке бөліну ме әлде іріп-шіру ме?» деген мақаласында,— қазір іс жүзінде екі партия бар. Іс жүзінде Интернационал қазірдің өзінде екеу» (326-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде Ленин талдап жасаған, осы соғысқа маркстік баға берген және революциялық социал-демократияның тактикасын негіздеген большевиктік партияның документтері халықаралық жұмысшы қозғалысындағы интернационалистік элементтерді идеялық жағынан топтастыруда орасан зор роль атқарды. Шығармалар толық жинағының жиырма жетінші томына енгізілген туындыларда Лениннің социалистік партиялардың революцияшыл элементтерін топтастыру жөнінде қажымай-талмай жүргізген орасан зор жұмысы, оның пролетарлық интернационализм жолындағы, III, Коммунистік, Интернационалды құру жолындағы күресі, халықаралық жұмысшы қозғалысында революциялық-маркстік принциптерді, пролетарлық партияның революциялық теориясы мен тактикасын насихаттауы бейнеленген.

Осы томға енгізілген шығармаларда — «Интернационалдық социалистік комиссияға (I. S. K.)» хатта, «Алғашқы адым», «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» деген мақалаларда Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияға баға беріледі, оның қорытындылары шығарылады. Ленин Циммервальд конференциясын соғысқа қарсы интернационалдық қозғалыстың дамуындағы алғашқы адым деп сипаттады.

Солшыл интернационалистерді революциялық марксизм принциптері негізінде топтастырудың едәуір қиындықтары болды. Конференцияда Ленин ұйымдастырған Циммервальд солшылдары біртектес болған жоқ; тек Ленин бастаған большевиктер ғана Циммервальд солшылдарының ішінде ақырына дейін дәйекті революциялық позиция ұстады. Конференцияда Лениннің төңірегіне топтасқан солшыл делегаттар тобы барлық мәселелер жөнінде бірауыздылық көрсетті; осы топтың төңірегінде барлық елдерде интернационалистер қозғалысы қалыптаса бастады.

Томға енгізілген документтер бірінші, Циммервальд халықаралық социалистік конференциясы мен екінші, Кинталь халықаралық социалистік конференциясы арасындағы кезеңде және сол конференцияларда солшылдарды революциялық позицияларға топтастыру жөнінде Лениннің орасан зор жұмыс жүргізгені туралы мағлұмат береді. Конференциялар аралығындағы кезеңде, сондай-ақ кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның 1916 жылы 5—9 февральда өткен кеңесінде Ленин мен большевиктер жүргізген жұмыстың нәтижесінде сол қанат Циммервальд конференциясындағыға қарағанда Кинталь конференциясында күштірек болып шықты, неғұрлым топтасқандығын көрсетті. Кинталь конференциясында да большевизмнің соғыс, бітім және пролетариаттың тактикасы мәселелері жөніндегі негізгі қағидалары қабылданған жоқ, бірақ соған қарамастан конференция интернационалистік элементтердің одан әрі бөлініп шығып, топтаса түсуіне көмектесті, бұл элементтерден кейін капиталистік елдерде коммунистік партиялар құрылды.

Томға енгізіліп отырған шығармаларда, ең алдымен «Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі» деген мақалада Ленин социал-шовинизмнің мәні — шегіне жеткен оппортунизм екенін ашып айтып, социал-шовинизм дегеніміз «буржуазиямен және бас штабтармен одақ жасасудың» ашық әрі дөрекі түрі деп көрсетеді, сөйтіп оның таптардың ынтымақтасуын уағыздаудан, социалистік революция мен пролетариат диктатурасынан бас тартудан туындайтын саяси мазмұнын әшкере-

лей ді. Сонымен бірге социал-шовинистердің социализмге опасыздық жасауын қастерлеп, ақтаған центризмді де Ленин аяусыз сынады; центристер оппортунизмінің ашық социал-шовинистер оппортунизмінен айырмашылығы тек бір мақсатқа жету әдісіндегі сарындарында ғана еді. Ашық оппортунизмге қарағанда, деп көрсетеді Ленин, центристік, бүркемеленген, каутскийшілдік саясат жұмысшы қозғалысы үшін жүз есе зиянды және қауіпті.

Социал-шовинизм бел алып, II Интернационалдың оппортунистік партиялары тарапынан марксизмге опасыздық жасалып жатқан кезеңде Ленин марксизмнің революциялық теориясын қорғап, оны даттау мен бұрмалауға қарсы ымырасыз күрес жүргізеді. «Езілуші таптың,— деп жазды ол «Француз социалисінің адал үні» деген мақаласында,— тарихтағы ең революцияшыл таптың дүние жүзіндегі аса ұлы азаттық қозғалысы революциялық теориясыз мүмкін емес. Бұл теорияны ойдан шығаруға болмайды, ол әлемдегі барлық елдердің революциялық тәжірибесі мен революциялық ойының жиынтығынан *өсіп шығады*. Ал мұндай теория XIX ғасырдың 2-жартысынан бергі жерде *өсіп шықты*. Ол марксизм деп аталады. Осы теорияны жасау және қолдану ісіне шама-шарқынша қатыспайынша, ал осы күндері Плехановтың, Каутскийдің және К°-нің оны бұрмалауына қарсы аяусыз күреске қатыспайынша, социалист болу, революцияшыл социал-демократ болу мүмкін емес» (11-бет).

Соғыстан революциялық жолмен шығуды Ленин аса маңызды міндеттердің бірі деп санады. Егер қазіргі соғыста революция пролетариаттың партиясын өкімет басына қоятын болса, ол партия не істер еді деген сұраққа Ленин былай деп жауап берді: «біз соғысушылардың *бәріне* отарларды және *барлық* тәуелді, езілген және толық правосы жоқ халықтарды азат ету шарты бойынша бітім жасасуды ұсынған болар едік» (56-бет).

«РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысында» және ««Бітім программасы» туралы» деген мақаласында Ленин баянды және

демократиялық бітім үшін күрестегі басты да негізгі міндетті тұжырымдады, бұл міндет бұқараға революциялық күрестің қажеттігін түсіндіру, бұқаралық революциялық қимылдарды ұлғайту болатын. Империалистік буржуазия демократиялық бітім бере алмайды, мұндай бітімді пролетариаттың социалистік революциясынан іздеп, оған ұмтылу керек болды.

Лениннің пролетариатқа кең демократиялық талаптар жолында батыл күрес жүргізудің, бұл күреске халық бұқарасын топтастырудың қажет екені туралы нұсқауларының зор маңызы бар. Ленин демократия жолындағы күресті социализм жолындағы күрестің құрамдас бөлігі деп санады. Демократиялық өзгерістер жолындағы күрес пролетариатты социалистік революциядан алаң етеді-міс деген пікірді түп-тамырымен қате деп есептеді. Пролетариат, деп үйретті Ленин, демократия жолында жан-жақты, дәйекті және революциялық күрес жүргізбейінше, буржуазияны жеңіп шығуға әзірлене алмайды. Бірақ демократиялық талаптарды реформистік тұрғыдан емес, революциялық тұрғыдан тұжырымдап, жүзеге асыру керек; парламенттік іс-әрекеттермен, сөз жүзіндегі наразылықтармен шектелмей, бұқараны белсенді қимыл көрсетуге тартып, демократиялық талаптар жолындағы күресті пролетариаттың буржуазияға тікелей тегеурін жасауына дейін, яғни социалистік революция жасауға дейін кеңейту керек.

Ленин бұл қағидаларды сол кезеңде мейлінше шиеленіскен ұлт мәселесіне арналған шығармаларында негіздеп берді. 1915—1916 жылдары халықаралық социалистік қозғалыста ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы айтыс өріс алды. РСДРП Орталық Комитеті мақұлдап, шетелдегі большевиктік секциялар мен Батыс елдерінің солшыл социалистеріне талқылау үшін жіберілген «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерінде Ленин империализм дәуіріндегі ұлт-отар мәселесі жөніндегі большевиктердің программасын жасап, ұлт мәселесіндегі коммунистік партияның теориясы мен тактикасын терең негіздеп берді. Ленин ұлт-отар мәселесін социалистік

революция туралы, оның империализмге қарсы күрестегі резерві мен одақтасы туралы мәселенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Әр түрлі елдердегі пролетариат пен оның маркстік партияларының міндеттерін нақтылай келіп, Ленин империализм дәуіріндегі ұлттардың өзін өзі билеуі жөнінде елдердің басты-басты үш типін бөліп көрсетеді. Бірінші топ — Батыс Европаның жоғары дәрежеде дамыған капиталистік елдері мен Америка Құрама Штаттары, бұлардың әрқайсысы отарларда және елдің ішінде басқа ұлттарды қанап отыр. Бұл елдер пролетариатының міндеті — отарлардың да, ел ішіндегі езілуші ұлттардың да бөлініп шығу бостандығына праволы болуын қорғау, өз ұлтының ұлы державалық шовинизміне қарсы күресу. Елдердің екінші тобы — Европаның шығысы, Австрия, Балқан елдері және Россия; бұларда XX ғасырда ұлттық қозғалыс мейлінше дамып, ұлттық күрес шиеленісе түсті. «Бұл елдердің пролетариатының міндеттері олардың буржуазиялық-демократиялық өзгерістерін аяқтату ісі жөнінде де, басқа елдердің социалистік революциясына көмектесу ісі жөнінде де ұлттардың өзін өзі билеу правосын қорғамайынша орындалуы мүмкін емес» (288-бет). Үшінші топ — жартылай отар елдер (Қытай, Персия, Түркия), барлық отарлар. Социалистер отарлар мен тәуелді елдердің дереу және сөзсіз азат етілуін талап етіп, ұлт-азаттық қозғалысын барынша қолдап отыруға тиіс, құлдыққа түсірілген халықтардың өздерін езіп отырған империалистік державаларға қарсы революциялық соғысына көмек көрсетуге тиіс.

Ұлт-азаттық революциялары империализмнің отарлық системасын жермен жексен етіп, негізгі міндеттердің бірі — отаршылдықтың барлық формалары мен көріністерін толық жою жолындағы күрес болып отырған қазіргі жағдайда лениндік нұсқаулар мейлінше актуалды болып, зор маңыз алып отыр. Бүгінгі таңда Лениннің әлсіз елдердің халықтарын империализм жағдайында дербестігін жоғалту қаупі төніп отырғаны жөнінде сақтандыратын сөздері барынша айқын естіледі.

«Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерде, сондай-ақ «Революцияшыл пролетариат және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақалада езуші және езілуші ұлттардың революцияшыл социалистерінің нақты міндеттерін ажырата білу қажеттігі туралы маңызды қағида негіздеделеді. Езуші ұлттардың социалистері барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосы жолында дәйекті күрес жүргізіп, барлық отарлар мен ұлттардың және, бірінші кезекте, өз елі езгіге салып отырған халықтардың саяси жағынан бөлініп шығу бостандығын талап етуге тиіс. Екінші жағынан, езілуші ұлттардың социалистері езілуші ұлт жұмысшыларының езуші ұлт жұмысшыларымен бірігуі мен қосылуын жақтап, соны жүзеге асыруға тиіс. Ленин тек социализм ғана ұлттардың шынайы демократиялық, шынайы интернационалистік негізде жақындасуын қамтамасыз етіп, ерікті және тең праволы халықтардың одағы мен достығына жеткізетінін болжай білді. Россия пролетариатының ұлт мәселесі жөніндегі міндетін белгілей келіп, Ленин ұлттардың өзін өзі билеуіне дереу, толық және сөзсіз бостандық берілуін, патшалық Россияның езілген ұлттарының бәріне бөлініп шығып, дербес мемлекет болып өмір сүруіне бостандық берілуін талап еткенде ғана жұмысшы табы халықты жеңімпаз демократиялық революцияға, одан соң социалистік революцияға да бастай алады деп көрсетті.

Осы томға енгізілген бірқатар еңбектерде дүние жүзілік соғыс басты-басты капиталистік елдерді қамтыған жаңа халықаралық жағдайда Россияда етек алған революциялық дағдарысқа сипаттама берілген. Енді, деп жазды Ленин, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция қазірдің өзінде Батыстағы социалистік революцияның прологы ғана емес, оның ажырамайтын құрамдас бөлігі. Мұндай жағдайда ел ішіндегі таптық күштердің арақатынасына баға берудің, әр түрлі таптар мен олардың партияларының позицияларын анықтаудың зор маңызы болды. Мұның өзі, деп атап көрсетті Ленин, жақындап келе жатқан революция алдында марксистің бірінші міндеті.

Революция пісіп жетіліп келе жатқан жағдайда Россия пролетариаты мен оның маркстік партиясының нақты міндеттерін белгілей келіп, Ленин партияның ұраны бұрынғысынша монархияны құлату, демократиялық республика орнату, помещиктік жерді конфискелеу, 8 сағаттық жұмыс күні болып қала береді деп көрсетті. Россиядағы таяу арадағы революцияның әлеуметтік мазмұны, деп жазды Ленин «Бірнеше тезис» деген мақаласында, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы болады.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі социалистік революцияны өрістету үшін жағдай жасар еді. Ленин шаруалардың революциялық ролін, шаруаларды революцияға көтерудің қажеттігін теріске шығарған Троцкийдің перманенттік революция жөніндегі теориясының түкке тұрғысыз екенін ашып көрсетті. «Пролетариат,— деп жазды Ленин «Революцияның екі бағыты туралы» деген мақаласында,— өкіметті жеңіп алу үшін, республика үшін, жерлерді конфискелеу үшін, *яғни* шаруаларды тарту үшін, олардың революциялық күшін *сарқа пайдалану* үшін, *буржуазиялық* Россияны *әскери-феодалдық* «империализмнен» (=патша өкіметінен) құтқаруға «халықтың пролетар *емес* бұқарасын» қатыстыру үшін күресіп отыр және аянбай күреседі де. Міне осы буржуазиялық Россияны патша өкіметінен, помещиктердің жерлері мен үстемдігінен құтқаруды пролетариат дереу пайдаланады; пайдаланғанда әлді шаруалардың село жұмысшыларымен күресіне жәрдемдесу үшін емес, Европа пролетарларымен одақтасып, социалистік революция жасау үшін пайдаланады» (88-бет).

Ленин Россияда партиялық жұмысты өрістетуге, партия ұйымдарымен тұрақты байланыс орнатуға, Россиядағы Орталық Комитет Бюросының қызметін қалпына келтіруге зор көңіл бөледі. Россиядан РСДРП Петербург комитетінің соғыс кезінде шығарылған листовкаларын алып, Ленин оларда қойылған мәселелерді мұқият зерттейді. Ленин «Социал-Демократ» газетінде жарияланған «Бірнеше тезис» деген мақаласында Россиядағы партиялық жұмыстың негізгі міндеттерін белгілейді.

Бұл мақала Россияда большевиктердің практикалық қызметін өрістетуде, екінші орыс революциясын идеялық жағынан дайындауда үлкен роль атқарды.

Томға 1915 жылы жазылған «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік» деген еңбек енгізіліп отыр. Ленин буржуазиялық қоғамдағы егіншіліктің капиталистік емес эволюциясы жөніндегі антимарксстік теорияны сынға алды. Буржуазияшыл экономистер, реформистер мен ревизионистер өмір шындығын бұрмалап, Америка Құрама Штаттарының фермерлік шаруашылығын егіншіліктің «капиталистік емес эволюциясының» үлгісі, онда «ұсақ еңбек егіншілігі» ірі өндірісті ығыстырып шығарадымыс, фермалардың көпшілігі «еңбек шаруашылықтары» болып табылады-мыс, т. т. деп бейнеледі.

Американ статистикасының деректеріне сүйеніп, ауқымды фактілі материалдарды талдай келіп, Ленин буржуазияшыл экономистердің, реформистердің пікірлеріне қарамастан, Америка Құрама Штаттарының ауыл шаруашылығы капиталистік жолмен дамып отырғанын дәлелдеді. Мұны барлық жерлерде жалдама еңбектің қолданылуы, дербес қожайындар санының азаюы, орташа топтардың жойылып, жалпы жинақтап алғанда ұшқары фермалардың күшеюі, капиталистік ірі шаруашылықтардың өсіп, ұсақ шаруашылықтардың ығыстырылып шығарылуы туралы деректер дәлелдейді.

Ленин өзінің кітабында ауыл шаруашылығында өндіріс шоғырлануының күшейгенін, ұсақ егіншілердің экспроприацияланусын, ұсақ фермерлер мен арендаторлардың ауыр жағдайын көрсетті. Америка Құрама Штаттары ұсақ фермерлерінің күйзелуі көрсеткіштерінің бірі кепілге салынған фермалар санының өсуі болды, мұның өзі ол фермаларға өктемдік жүргізудің іс жүзінде финанс капиталының қолына көшкенін аңғартты. Финанс капиталының шеңгеліне түскен фермерлердің көпшілігі бұрынғысынан да бетер күйзеле түседі. «Кімде-кім банктерді өз қолында ұстап отырған болса, ол адам Американың барлық фермаларының үштен бірін *тікелей* өз қолында ұстап, ал фермалардың күллі

көпшілігіне жанамалап үстемдік жасап отыр» (247-бет). Әсіресе негрлердің халі мүшкіл, олар арсыздық қанауға ұшырап отыр. «Томаға тұйықтық, мешеулік, жаңа лептің жоқтығы, «азат етілген» негрлер үшін қайдағы бір түрме — Американың оңтүстігі дегеніміз, міне, осындай» (159-бет).

Америка Құрама Штаттарының капиталистік ауыл шаруашылығына Ленин талдау жасаған кезден бергі жерде ондаған жылдар өтіп кетті; осы жылдар ішінде онда елеулі өзгерістер болды. Алайда Америка Құрама Штаттары мен басқа да елдердің капиталистік ауыл шаруашылығының дамуы лениндік талдаудың дұрыс екенін толық растап, ауыл шаруашылығында капитализм дамуының объективті заңдарының бұлжымайтынын дәлелдеп отыр. Өнеркәсіптегі сияқты капиталистік ауыл шаруашылығында да монополиялар үстем позицияларға ие болды; миллиондаған фермерлер мен ұсақ шаруалар күйзеліске ұшырап, жерлерінен қуылып жатыр; шаруалар өсе түсіп отырған салықтар мен борыштар ауыртпалығынан қасірет шегіп отыр.

Аграрлық мәселе жөніндегі буржуазиялық-реформистік және ревизионистік көзқарастарға берілген лениндік сынның буржуазиялық апологетикаға, реформизм мен ревизионизмге қарсы бітіспес күрестің тамаша үлгісі ретінде қазіргі уақытта да көкейтесті маңызы бар. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі ілімі коммунистік және жұмысшы партияларын жұмысшы табының капитализм мен отаршылдыққа қарсы, демократия мен социализм үшін күрестегі одақтасы болып табылатын шаруалар жөніндегі көзқарасы туралы аса маңызды мәселені дұрыс шеше білуге қаруландырады.

Томға ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Комитеті қаулысының жобасы» деген документ енгізілді, ол бірінші рет жарияланып отыр.

«Дайындық материалдар» бөліміне 12 документ енгізілді. Олардың ішінде: «Солшыл социал-демократтар кеңесіне арналған баяндаманың тезистері», Циммервальд конференциясында сөйлепетін сөздің жоспары, Циммервальд солшылдары тобының мәлімдемесіне қо-

сымшалар бар. «Кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесінде қабылданған «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» арналған үндеуге түзетулер мен қосымшалар» сияқты, бұл документтер де Шығармаларда бірінші рет жарияланып отыр. «Империализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген рефератқа арналған материалдар осы бөлімге енгізіліп, сондай-ақ «Екі Интернационал» деген рефераттың жоспары бірінші рет жарияланып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

СОҒЫС ТУРАЛЫ ҮНДЕУ ХАТ

Жұмысшы жолдастар!

Европалық соғыс, міне, жылдан аса уақытқа созылып отыр. Бәрін топшылағанда, ол әлі де өте ұзаққа созылады, өйткені, егер Германия неғұрлым жақсы әзірленген және қазір бәрінен де күшті болса, ал төрт жақты келісу елдерінің (Россияның, Англияның, Францияның және Италияның) оның есесіне адамдары мен ақшасы көп, оның үстіне дүние жүзіндегі ең бай елден — Америка Құрама Штаттарынан соғыс қару-жарақтарын еркін алып отыр.

Адамзатты сұмдық апаттар мен азаптарға душар еткен осы соғыс не үшін болып жатыр? Әрбір соғысушы елдің үкіметі мен буржуазиясы өзін әділетсіз шабуылға тап болған «қорғанушы» жақ етіп көрсету үшін ешбір өтіріктен іркілмей, жауға қарсы халықтың құтырынған өшпенділігін қоздырып, миллиондаған сом ақшаны кітаптар мен газеттерге шашып, айыпты дұшпан жағына аударып отыр. Шынына келгенде, мұның өзі отарларды бөлісу үшін, басқа ұлттарды құлдыққа салу үшін, дүние жүзілік рынокта пайда және пұрсаттылық алу үшін қарақшы ұлы державалардың екі тобының арасындағы соғыс. Бұл — барып тұрған реакциялық соғыс, қазіргі құл иеленушілердің капиталистік құлдықты сақтап қалу және оны нығайту жолындағы соғысы. Англия мен Франция Бельгияның азаттығы үшін соғысып жатырмыз деп өтірік айтады. Іс жүзінде олар соғысты әлдеқашан әзірлеген болатын және соғысты Германияны то-

нау үшін, оның отарларын тартып алу үшін жүргізіп отыр, олар Түркия мен Австрияны тонау және бөлісіп алу жөнінде Италиямен және Россиямен шарт жасасты. Россиядағы патшалық монархия Галицияны басып алғысы келіп, Түркиядан жер тартып алғысы келіп, Персияны, Монғолияны, т. т. құлдыққа салғысы келіп, тонаушылық соғыс жүргізіп отыр. Германия соғысты Англияның, Бельгияның, Францияның отарларын тонау үшін жүргізіп жатыр. Германия жеңе ме, Россия жеңе ме, «тең» түсе ме, қалай болған күнде де бұл соғыс адамзатты — отарлардағы, Персиядағы, Түркиядағы, Қытайдағы әлденеше жүздеген миллион халықты тағы да езгіге түсіреді, ұлттарды тағы да құлдыққа душар етіп, барлық елдердің жұмысшы табына тағы да бұғау салады.

Осы соғыс жөнінде жұмысшы табының міндеттері қандай болуға тиіс? Бұл сұраққа жауап бүкіл дүние жүзінің социалистері бірауыздан қабылдаған 1912 жылғы Базель халықаралық социалистік конгресінің қарарында берілген-ді. Бұл қарар нақ осындай, 1914 жылы басталған соғысты алдын ала болжай отырып қабылданған болатын. Бұл қарарда былай делінген: соғыс — реакциялық соғыс, ол «капиталистердің пайдасы» үшін әзірленіп жатыр, жұмысшылар «біріне-бірі оқ атуды қылмыс» деп есептейді, соғыс «пролетарлық революцияға» әкеп соғады, 1871 жылғы Париж Коммунасы және Россиядағы 1905 жылдың октябрь — декабрь айлары, яғни революция жұмысшылар үшін тактиканың үлгісі болады.

Россияның барлық саналы жұмысшылары Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын (Петровскийді, Бадаевты, Мурановты, Самойловты және Шаговты) жақтайды; оларды патша үкіметі соғысқа қарсы және үкіметке қарсы революциялық насихат жүргізгені үшін Сибирьге жер аударды [1]. Осындай революциялық насихат пен революциялық қызмет арқылы ғана бұқараның ашу-ызасын тудырып, адамзатты қазіргі соғыстың және болашақтағы соғыстардың сұмдықтарынан құтқаруға болады. Буржуазиялық үкіметтерді және ең алдымен ең реакциялық, жа-

байы және варварлық патша үкіметін тек революциялық жолмен құлату ғана социализмге және халықтар арасындағы бейбітшілікке жол ашады.

Сондықтан да патшалық монархияны революциялық жолмен құлату тек реакциялық герман монархиясының және герман буржуазиясының жеңуіне, күшеюіне әкеліп соғады деп халықты сендіргісі келетіндер,— буржуазияның әдейі осылай істейтін және өздері де білмей осылай істейтін малайлары,— өтірік айтады. Россияның көптеген ең көрнекті социалистері тәрізді, неміс социалистерінің басшылары да «өз» буржуазиясының жағына шығып, «қорғаныс» соғысы туралы ертегімен халықты алдауға көмектесіп жүргенімен, Германияның жұмысшы бұқарасы ішінде өз үкіметіне қарсы наразылық пен ашу-ыза өсіп, нығайып келеді. Германияның буржуазия жағына шықпай қалған социалистері Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының тактикасын «қаһармандық» тактика деп есептейтінін баспасөз жүзінде жариялады. Германияда соғысқа қарсы және үкіметке қарсы құпия түрде үндеулер шығып жатады. Германияда ондаған және жүздеген таңдаулы социалистерді, солардың ішінде жұмысшы әйелдер қозғалысының белгілі өкілі Клара Цеткинаны революциялық рухта насихат жүргізгені үшін неміс үкіметі түрмеге қамады. Соғысушы елдердің бәрінде де жұмысшы бұқарасының ашу-ызасы пісіп-жетіліп келеді, ал Россия социал-демократиясының революциялық қызметінің үлгісі, ал оның бер жағында Россиядағы революцияның қандай болса да табысы социализмнің ұлы ісін, пролетариаттың қанаушы және қанқұйлы буржуазияны жеңуін шүбәсыз ілгері бастыра бермек.

Соғыс капиталистердің қалталарын толтырады; ұлы державалардың қазынасынан бұл қалталарға алтын сел болып құйылып жатыр. Соғыс жауға қарсы соқыр өшпенділікті қоздырады, сондықтан буржуазия барлық күшін салып, халықтың наразылығын солай қарай бағыттайды, *басты* жаудан: *өз* елінің үкіметі мен билеуші таптарынан халықтың назарын бұрып әкетеді. Бірақ соғыс еңбекші бұқараны шексіз ауыртпалықтар мен сұмдықтарға ұшырата отырып, жұмысшы табының

таңдаулы өкілдерінің көзін ашады, шынықтырады. Егер өлсек, капиталистердің, помещиктердің және патшалардың мүдделері үшін емес, өз ісіміз үшін, жұмысшылар ісі үшін, социалистік революция үшін күрес үстінде өлеміз,— міне, әрбір саналы жұмысшы осыны түсініп, сезіп отыр. Сөйтіп революциялық социал-демократиялық жұмыс қазір қаншама қиын болғанымен, оған мүмкіндік бар, ол бүкіл дүние жүзінде ілгері басып келеді, аман қалудың бір ғана жолы осы!

Россияны қылмысты соғысқа киліктірген және халықтарды езіп отырған патшалық монархия жойылсын! Жұмысшылардың бүкіл дүние жүзілік туысқандығы және пролетариаттың халықаралық революциясы жасасын!

1915 ж. августа жазылған

Бірінші рет 1928 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ФРАНЦУЗ СОЦИАЛИСІНІҢ АДАЛ ҮНІ[2]

Франкофильдік шовинизмнің құтырынуы Франциядағыдан гөрі бәлкім біраз бәсеңдеу болып отырған француз Швейцариясында адал социалистің үні естілді. Біздің опасыз заманда мұның өзі бүтіндей бір оқиға. Бұл ретте біз қызулығы мен ақыл парасаты француз типтес — дұрысырақ айтқанда: романдық типтес, өйткені, мысалы, итальяндар да осындай,— социалисті кездестіріп отырмыз, сондықтан да біздің бұл үнге мұқият құлақ қоюымыз қажет.

Әңгіме Лозаннадағы шағын социалистік газеттің редакторы Павел *Голэйдің* кішкене кітапшасы жайында болып отыр. Автор осы қалада 1915 ж. 11 мартта: «Өліп бара жатқан социализм және қайта тууға тиісті социализм» деген тақырыпта реферат оқып, кейін оны жеке бастырып шығарған *.

«1914 жылы бірінші августа соғыс бұрқ ете түсті. Осыдан былай атақты болған датаның алдында және сонан кейін апталар бойы миллиондаған адамдар күткен еді». Автор осылай бастайды. Социализм көсемдерінің қарарлары мен мәлімдемелері «өзінің құйынымен қылмысты үкіметтерді жайпап кететін құдіретті көтеріліске» апармас па екен деп миллиондар күткен еді. Бірақ миллиондардың күткен үміті ақталмады. Біз, дейді Голэй, «соғыс күтпеген жерден тұтқиылдан

* *Paul Golay.* «Le socialisme qui meurt et le socialisme qui doit renaître». Lausanne, 1915, 22 бет, бағасы 15 сантим. En vente à l'Administration du «Grutléen», Maison du Peuple, Lausanne.

болды» деп, білмей қалды деп, социалистерді «жолдастықпен» ақтауға тырыстық, бірақ бұл ақтаулар бізді қанағаттандырмады. «Біз өзімізді қолайсыз сезіндік, ұжданымыз екіұштылық пен өтіріктің арам суына малынғандай болды». Оқушы осының өзінен-ақ Голэйдің адал екенін аңғара алады. Біздің заманда әдеттегіден тыс дерлік қасиет.

Голэй пролетариаттың «революциялық дәстүрін» еске түсіреді. «Әрбір жағдай үшін лайықты қимыл қажет екенін» толық мойындай келіп, ол былай деп ескертеді: «ерекше жағдайлар үшін ерекше шаралар жасалуы керек. Күшті ауруға — күшті дәрі керек». Ол «бұқараға тура айтылған және оларды революциялық, көтерілістік қимылдарға итермелеген» «конгрестің шешімдерін» еске салады. Бұдан соң Штутгарт және Базель қарарларының [3] тиісті жерлерінен цитаттар келтіріледі. Сөйтіп автор: «осы әр түрлі қарарларда қорғаныс соғысы мен шабуылды соғыс жайында ешқандай пайымдау жоқ, демек, жұрт мойындаған негізгі принциптердің орнына ешқандай да ерекше, ұлтшылдық, тактика ұсынбайды» деп атап көрсетеді.

Осы жерге дейін оқыған оқушы Голэйдің ақ көңіл социалист қана емес, сонымен қатар кәміл сенімді, адал социалист екеніне көзі жетеді. II Интернационалдың көрнекті қайраткерлерінің қасиеті өте-мөте айрықша!

«...Әскер бастықтары пролетариатты құттықтады, ал буржуазиялық баспасөз өзі «ұлттық жан-жүйе» деп атап жүргенінің қайта тірілуін жылы сөздермен мадақтады. Бұл қайта тірілу бізге үш миллион өлікке түсті.

Ал дегенмен де—жұмысшы ұйымы төлеуші мүшелердің мұншама көп санына ешқашан жеткен емес, парламентарийлердің мұншама молдығы, баспасөздің мұншама керемет ұйымдасуы ешқашан болған емес. Сондай-ақ мұнан асқан, қарсылық жасалуға тиісті, жексұрын іс те ешқашан болған емес.

Осындай қасіретті жағдайларда, мәселе миллиондаған адамдардың өмір сүруі туралы болып отырғанда, барлық революциялық қимылдарға жол беру былай тұрсын, ондай қимылдардың жасалуы заңды да. Ондай қимылдардың жасалуы заңды ғана емес, қасиетті іс. Пролетариаттың өктем борышы — Европаны қанға бөктіріп жатқан оқиғалардан біздің ұрпақты аман сақтап қалу үшін — мүмкін емес әрекет істеп көруді де талап етіп отыр.

Қажырлы іс те, наразылық жасау әрекеті де, көтеріліске бастайтын қимылдар да... болмады.

...Біздің дұшпандарымыз социализмнің күйрегендігі туралы даурығып жүр. Олар тым асығыстық жасауда. Ал, дегенмен, олардың айтқаны барлық жағынан теріс деуге кімнің батылы бара қояр екен? Қазіргі сәтте өлгелі жатқан нәрсе — жалпы социализм емес, социализмнің бір түрі, жылымшы социализм, идеализм рухы жоқ, жігері жоқ, чиновник мінездес және семьяның байсалды әкесі болып қарны шыққан социализм, жасық, болбыр, статистиканы сүйетін, капитализммен ауыз жаласқан келісімге белшесінен батқан социализм, өзінің түңғыш пайда болу правосын бұршақ көжеге сатып жіберген, бір ғана реформалармен айналысатын социализм, өзі буржуазия үшін халық ызасын тұншықтырушы, пролетарлық батыл қимылдардың өзінше бір автоматты тежегіші болып отырған социализм. Бізге кінә етіп тағып отырған әлсіздікке, қауқарсыздыққа белгілі дәрежеде жауапты — бүкіл Интернационалға ауруын жұқтырмақшы болып қатер тудырған нақ осы социализм».

Кітапшаның басқа жерлерінде Голэй социализмді бұрмалаушылық болып табылатын «реформистік социализм» туралы және «оппортунизм» туралы тура айтады.

Осы бұрмалаушылық туралы айта келіп, *барлық* соғысушы елдер пролетариатының «жалпы жауапкершілігін» мойындай келіп, «бұл жауапкершілік бұқара сенім көрсеткен және ұран тастайды деп күткен көсемдердің мойнына жүктелетінін» атап көрсете келіп,— Голэй «бәрінен де жақсы ұйымдасқан, бәрінен де жақсырақ қалыптасқан, доктриналары бәрінен де көп» нақ неміс социализмін әбден дұрыс үлгі етіп алады да, «оның сан жағынан күшін, оның революциялық әлсіздігін» көрсетеді.

«Революциялық рухпен шабыттанған неміс социал-демократиясы орталық Европаның басқа елдеріндегі пролетариатты соңынан ертіп, аман қалудың осы бірден-бір жолына түсіру үшін милитаристік әрекеттерге барынша айқын, барынша табанды қарсылықты қарама-қарсы қоя алатын еді.

...Неміс социализмінің Интернационалда ықпалы күшті болды. Ол бәрінен де көп істей алатын еді. Одан неғұрлым көп күш жұмсауды күтіп еді. Бірақ егер шектен тыс қатал тәртіп жеке адамдардың жігерін мұқалтып тастаса немесе «көсемдер» өз ықпалын неғұрлым аз күш жұмсауға қолданатын болса, сан дегеніңіз түк те емес». (Сөйлемнің екінші бөлімі қаншалықты дұрыс болса, оның бірінші бөлімі соншалықты теріс: тәртіп —

мысалы, оппортунистерді және революциялық қимылға қарсы адамдарды партиядан шығаратын тәртіп,— тамаша және қажет нәрсе). «Неміс пролетариаты, өздерінің жауапты көсемдері арқасында, әскери сұрқиялардың айтқандарынан шықпады... Интернационалдың басқа бөлімдері де қорқып, нақ солай істеді; Францияда екі социалист буржуазиялық үкіметке қатысуды қажет деп тапты! Сонымен, конгрестегі: біріне-бірі оқ атуды социалистер қылмыс деп санайды деген салтанатты мәлімдемеден бірнеше ай өткеннен кейін миллиондаған жұмысшылар әскерге барды және осы қылмысты жасауға табандылықпен, қызыға кірiскендігі соншалық—капиталистік буржуазия мен үкiметтер оларға талай рет өздерiнiң ризалықтарын білдірді».

Бірақ Голэй «өліп бара жатқан социализмді» аяусыз айыптаумен шектеліп қалмайды. Жоқ, ол бұл өлудің неден болғандығын және өліп бара жатқан социализмнің орнына қандай социализм келуге тиіс екендігін толық түсінетінін аңғартады. «Әрбір елдің жұмысшы бұқарасы, белгілі дәрежеде, буржуазиялық топтарда тарап жүрген идеялардың ықпалына тап болады». «Бернштейн ревизионизм деген атпен өзінше бір демократиялық реформизмді тұжырымдағанда», Каутский оны «лайықты фактілердің көмегімен талқандаған болатын». «Бірақ, әдеп сақталғаннан кейін, партия өзінің «нақты саясатын» бұрынғыша жүргізе берді. Социал-демократиялық партия, қазіргі уақытта өзі қандай болса, сондай партияға айналды. Керемет ұйым. Денесі қуатты, бірақ жаны жоқ». Герман социал-демократиясы ғана емес, Интернационалдың барлық бөлімдерінен нақ сондай тенденция көрінеді. «Чиновниктер саны өсуінің» белгілі салдары болады; назар тек қана жарналардың дұрыс төленуіне аударылады; стачкаларға капиталистермен «келісім шарттарының неғұрлым жақсы болуына жету мақсатын көздейтін манифестация деп» қарайды. Жұмысшылардың мүдделерін капиталистердің мүдделерімен байланыстыруға, «жұмысшының тағдырын капитализмнің өз тағдырына бағындыруға», «шетел өнеркәсібіне зиян келтіріп, «өзінің» «ұлттық» өнеркәсібінің күшті дамуын тілеуге» дағдыланады.

Р. Шмидт (Schmiedt), рейхстаг депутаты, бір мақаласында: еңбек жағдайларын кәсіптік одақтардың рет-

теп отыруы капиталистерге де тиімді, өйткені ол «экономикалық өмірге тәртіп және тұрақтылық енгізеді», «капиталистердің есеп айырысуын оңайлатады және пасық бәсекеге қарсы әсер етеді» деп жазды.

«Сөйтіп,— дейді Голэй, осы сөздерді цитатқа келтіріп,—кәсіптік қозғалыс капиталистердің пайдаларын неғұрлым тұрақты ететіндігін өзі үшін абырой деп санауы керек екен! Социализмнің мақсаты, бәлкім, капиталистік қоғамның шеңберінде, капиталистік режимнің өмір сүруіне сыйымды неғұрлым пайдалы жағдайды талап етуінде болуға тиіс пе екен? Егер солай болса, онда мұның өзі принциптердің бәрінен де безу. Пролетариат капиталистік құрылысты нығайтуға ұмтылмайды, жалдама еңбектің пайдасы үшін мейлінше аз жағдай туғызуға ұмтылмайды, жеке меншік құрылысты жоюға, жалдама еңбек системасын құртуға ұмтылады.

...Үлкен ұйымдардың секретарьлары маңғаз адамдарға айналады. Ал депутаттар, әдебиетшілер, ғалымдар, адвокаттар, өзінің ғылымымен бірге белгілі түрде жеке атақ құмарлықты ала келетіндердің бәрі де, саяси қозғалыста кейде тұп-тура қауіп туғызарлық ықпалды пайдаланады.

Кәсіптік одақтардың құдіретті ұйымы және олардың кассаларының молдығы мүшелерінде цехтық рухты күшейтті. Өзінің шын мәнісіне келгенде реформистік тұрғыдағы кәсіптік қозғалыстың жаман жақтарының бірі мынада: ол қозғалыс жалдама жұмысшылардың жағдайын жеке жіктер немесе топтар бойынша, бұлардың бірін басқасынан жоғары қойып барып жақсартады. Мұның өзі негізгі бірлікті бұзады және неғұрлым тәуір жағдайға қойылғандар арасында қорқыныш сезімін туғызады, бұл сезім кейде өздерінің жағдайларына, өздерінің кассасына, өздерінің активіне кеселін тигізетіндей көрініп, оларды «қозғалыстан» қауіптенуге мәжбүр етеді. Сөйтіп, пролетариаттың әр алуан разрядтарының — кәсіптік қозғалыстың өзі қолдан жасаған разрядтардың арасында өзінше бір бөлінушілік пайда болады».

Белгілі бір сипаттағы «сыншылардың» тиісе кетуі мүмкін екендігін болжап, автор: күшті ұйымдар үшін бұл, әрине, дәлел емес дейді. Мұның өзі ұйымдарда «жан-жүйенің», «энтузиазмның» болуы қажет екендігін ғана дәлелдейді.

«Ертеңгі күнгі социализм ерекшеленуге тиісті елеулі белгілер қандай? Ол интернационалдық, ымырасыз және көтерілісшілдік социализм болмақ».

Оқушыны «доктриналардың тарихын» шолып шығуға шақырып, Голэй: «ымырасыздық дегеніміз —

күш»,— деп әділ айтып отыр.— «Олар қашан ықпалды болып шықты? Оларды өкіметтер қолға үйреткен кезде ме әлде олар ымыраға келмей жүрген кезде ме? Христиан діні өз құнын қашан жоғалтты? Константин оған кіріс келтіріп тұрмақ болып уәде еткенде және қуғындау мен өлім жазасының орнына, оған сарай маңындағы малайлардың оқалы киімдерін ұсынған кезде емес пе?..

Француздың бір философы: өлі идеялар дегеніміз сұлу сырланған, татуы жоқ, жасық идеялар. Олар өлі, өйткені олар жаппай қолдануға енеді және филистерлердің ұлы армиясының дағдылы интеллектуалды жүгінің бір бөлігін құрайды. Күшті идеялар — жанжалға итеретін, жанжал тудыратын, біреулерді ашындырып, ашуын, ызасын келтіріп, енді біреулердің жігерін тасытатын идеялар». Осы ақиқатты қазіргі социалистердің есіне салуды автор қажет деп табады; ал олардың арасында көбінесе ешқандай «мықты сенім жоқ: еш нәрсеге сенбейді, кешіге беретін реформаларға да, әлі келіп жете қоймаған революцияға да сенбейді».

Ымырасыздық, көтеріліске әзір тұрушылық «тіпті де қиялшылдыққа апарып соқтырмайды, қайта, керісінше, қимылдарға бастайды. Социалист қызметтің бірдебір формасын елеусіз қалдырмайды. Ол кезеңнің мұқтажы мен жағдайына қарай жаңа формаларды тауып ала алады... Ол дереу реформалар жасауды талап етеді, ол бұларға дұшпандарымен сөз таластыру арқылы жетпейді, буржуазияға бұқараның толық энтузиазмы мен батылдығы арқылы қорқыныш туғызып, одан бұл реформаларды жеңілдік ретінде тартып алады».

Плеханов, Каутский және К° марксизмді ұятсыздықпен бұрмалап, социализмді масқаралағаннан кейін Голэйдің кітапшасын оқып, шын рақаттанып дем аласың. Оның төмендегі екі кемшілігін ғана атап көрсетуге тура келеді.

Біріншіден, Голэй, романдық социалистердің көпшілігімен бірге, қазіргі гедистерді де қоса, «доктринаға», яғни социализм *теориясына* онша мән бермейтін көзқарасты жақтайды. Ол марксизм жөнінде белгілі бір ағат

пікір білдіреді, мұны Каутскийдің, «Neue Zeit»[4]-тің және жалпы алғанда немістердің марксизмге жасап отырған зұлымдық карикатурасының қазіргі үстемдігінен деп түсіндіруге болар, бірақ мұнымен ақтауға болмайды. Кімде-кім, Голэй тәрізді, реформистік социализмнің *өлуі* қажет екендігін және революциялық, «көтерілісшілдік» социализмнің, ягни көтерілістің қажет екендігін түсінетін, соны уағыздайтын, оған шындап әзірлене алатын және оны әзірлей алатын социализмнің *қайта тууын* түсінсе, ондай адам марксизм «текстерін» жатқа білетін мырзаларға қарағанда марксизмге *іс жүзінде* мың есе жақын; ал «тексті» жатқа білетін мырзалар қазіргі кезде (мысалы, «Neue Zeit»-те) қандай формада болса да — қазір шовинистік Орталық Комитетпен («форштандпен») «татуласу» керек және «өткенді еске алмау» керек деген формаға дейін — социал-шовинизмді ақтаумен шұғылданып жүр.

Бірақ, Голэйдің марксизмді елемеуі «адамшылық бойынша» қаншама түсінікті болғанымен, қаншама көп кінә осы арада одан алынып, француз марксистерінің (гедистерінің) өліп бара жатқан және *өліп біткен* бағытына тағылғанымен, ол қайткенмен де кінәлы. Езілуші таптың, тарихтағы ең революцияшыл таптың дүние жүзіндегі аса ұлы азаттық қозғалысы революциялық теориясыз мүмкін емес. Бұл теорияны ойдан шығаруға болмайды, ол әлемдегі барлық елдердің революциялық тәжірибесі мен революциялық ойының жиынтығынан *өсіп шығады*. Ал мұндай теория XIX ғасырдың 2-жартысынан бергі жерде *өсіп шықты*. Ол марксизм деп аталады. Осы теорияны жасау және қолдану ісіне шама-шарқынша қатыспайынша, ал осы күндері Плехановтың, Каутскийдің және $К^0$-нің оны бұрмалауына қарсы аяусыз күреске қатыспайынша, социалист болу, революцияшыл социал-демократ болу мүмкін емес.

Голэйдің, мәселен, централизмге қарсы немесе жалпы тәртіпке қарсы, бейне бір «идеалистігі» жеткіліксіз «тарихи материализмге» қарсы, т. т. теріс немесе жете ойластырылмаған бірқатар пікірлері теорияға көңіл қоймағандықтан туып отыр. Ұрандар туралы мәселеде

пікірдің адам таңқаларлықтай жете айтылмауы да осыдан. Мысалы, социализм «көтерілісшілдік» социализм болсын деген талап терең мазмұнға толы және бірденбір дұрыс пікір; мұнсыз интернационализм мен революцияшылдық туралы, марксизм туралы сөздердің бәрі де түгелдей жете ойламаушылық, ал оның үстіне көбінесе екіжүзділік. Бірақ бұл идеяны, азамат соғысы идеясын, дамыту керек еді, осыдан тактиканың негізгі пунктін жасау керек еді, ал Голэй мұны тек *айтумен* ғана шектелген. «Қазіргі заманда» осының өзі өте көп, бірақ пролетариаттың революциялық күресінің талап-тілегі тұрғысынан қарағанда жеткіліксіз. Мысалы, егер осылай айтуға болса, Голэй соғысқа революциямен «жауап беру» туралы мәселені тар шеңбе рде қояды. Егер соғысқа революциямен *жауап* бере алмаған болса, онда соғыстың өзі революциялық жағдай туғызып, оны тереңдетіп, ұлғайтып, бұқараны революцияға үйрете бастағандығын және үйретіп отырғандығын Голэй ескермейді.

Голэйдің екінші кемшілігін оның кітапшасындағы төмендегі пайымдауы бәрінен де айқын көрсетеді:

«Біз ешкімді кінәламаймыз. Интернационал қайта туу үшін оның барлық бөлімдеріне туысқандық рух дем беру керек; бірақ 1914 жылғы июль мен августа оған капиталистік буржуазия жүктеген ұлы міндеттің алдында реформистік, централизаторлық (?) және иерархиялық социализм бейшара болып көрінді деп айтуға тура келеді».

«Біз ешкімді кінәламаймыз»... Сіздің қатеңіз осында, Голэй жолдас! «Өліп бара жатқан социализм» буржуазиялық идеялармен (демек, оны буржуазия қоректендіріп, қолдап отырады), социализмдегі белгілі бір идеялық ағыммен («реформизм»), белгілі бір топтардың (парламентарийлер, чиновниктер, интеллигенция, жұмысшылардың кейбір неғұрлым жақсы жағдайға қойылған жіктері немесе топсымақтары) мүдделерімен және ерекше жағдайларымен, т. т. байланысты деп өзіңіз мойындағансыз. Мұнан сіз жасамаған қорытынды *лажсыз* келіп туады. Жеке адамдар табиғи ажал дейтіннен «өліп жатады», бірақ *идеялық-саяси* ағымдар *бұ-*

лайша өле *алмайды*. Қашан құлатқанша буржуазияның өлмейтіні тәрізді, буржуазия қоректендіріп, қолдап отырған, буржуазиямен одақтасқан интеллигенттер мен жұмысшы табы аристократиясы топсымақтарының мүдделерін білдіретін ағым да, егер оны «өлтірмесе», яғни құлатпаса, социалистік пролетариатқа жасайтын ықпалы *атаулыдан* айырмаса, өлмейді. Бұл ағым буржуазиямен өзінің нақ осы байланысы арқасында күшті, ол 1871—1914 жылдардағы «бейбіт» дәуірдің объективті жағдайлары арқасында жұмысшы қозғалысында өзінше бір билеуші, паразиттік *топқа* айналды.

Бұл жерде «кінәлап» қана қою емес, қайта міндетті түрде дабыл қағу керек, бұл паразиттік топты аяусыз әшкерелеу, құлату, «орындарынан алу» керек, *оның* жұмысшы қозғалысымен «бірлігін» бұзу керек, өйткені мұндай «бірлік» — іс жүзінде пролетариаттың ұлттық буржуазиямен бірлігі және интернационалдық пролетариаттың *жікке бөлінуі*, малайлардың бірлігі және революционерлердің жікке бөлінуі деген сөз.

«Қайта тууға тиісті социализмнің» ымырасыз болуын талап ете келіп: «ымырасыздық дегеніміз күш»,— деп Голэй дұрыс айтады. Бірақ пролетариат буржуазиямен тікелей ымыраласа ма әлде жұмысшы қозғалысының *ішіндегі* оның жақтаушылары, қорғаушылары, агенттері арқылы, яғни оппортунистер арқылы *жанама түрде* ымыраласа ма, буржуазия үшін мұның бәрі бір емес пе? Буржуазия үшін тіпті жанама түрде ымыраласу *тиімдірек*, өйткені мұның өзі жұмысшыларға оның неғұрлым мықты ықпал жасауын қамтамасыз етеді!

Өліп бара жатқан социализм мен қайта тууға тиісті социализм бар деп Голэй мың мәрте дұрыс айтып отыр, бірақ бұл өлу мен қайта туу дегеннің өзі оппортунизм ағымымен аяусыз күрес жүргізу, идеялық күрес қана емес, сонымен қатар жұмысшы партияларынан осы сұмпайы мерезді сылып тастау, пролетариатқа жат осы тактиканың белгілі бір өкілдерін ұйымнан шығару, олармен толығынан ажырасу болып табылады. Олар табиғи өліммен де, саяси өліммен де өлмейді, бірақ жұмысшылар олардан қол үзеді, оларды буржуазия ма-

лайларының шұқырына итеріп тастайды және олардың шіруі негізінде жаңа ұрпақты, дұрысырақ айтқанда: пролетариаттың көтеріліске қабілетті жаңа армияларын тәрбиелейтін болады.

«Коммунист» № 1—2, 1915 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Коммунист» журналының тексті бойынша басылып отыр

ИТАЛИЯДАҒЫ ИМПЕРИАЛИЗМ МЕН СОЦИАЛИЗМ

(ЗАМЕТКА)

Қазіргі империалистік соғыс социализмнің алдына қойып отырған мәселелерді баяндау үшін әр түрлі европалық елдерге көз жіберу пайдасыз емес; мұның өзі ұлттық өзгерістерді және жалпы көріністің жеке жағдайларын түбегейлі және елеулі нәрселерден айыра білуге үйрену үшін керек. Сырттан көзге көрінгіш деседі. Сондықтан Италия мен Россияның ұқсастығы қаншалық аз болған сайын, екі елдегі империализм мен социализмді салыстыру кейбір жағдайларда соншалық қызғылықты.

Біз бұл заметкада буржуазиялық профессор Роберт Михельстің: «Итальян империализмі» деген және социалист Т. Барбонидің: «Интернационализм бе әлде таптық ұлтшылдық па? (Итальян пролетариаты және европалық соғыс)»* деген, соғыстан кейін шыққан шығармаларының осы мәселе жөнінде берген материалын ғана айта кетпекпіз. Мылжың Михельс империализмнің экономикалық жағын болар-болмас қана қозғап, өзінің басқа да шығармаларындағы сияқты, үстірт қалпында қалып қойыпты, дегенмен оның кітабында итальян империализмінің пайда болуы туралы және қазіргі заманның мәні болып табылатын және әсіресе Италияда айқын көрініп отырған өту туралы, атап айтқан-

---

* *Roberto Michels.* «L'imperialismo italiano», Milano, 1914.— *T. Barboni.* «Internazionalismo o Nazionalismo di Classe? (il proletariato d'Italia e la guerra europea)», Edito dall'autore a Campione d'Intelvi (provincia di Como) 1915.

да: ұлт-азаттық соғыстар заманынан империалистік-тонаушылық және реакциялық соғыстар заманына өту туралы бағалы материал жинақталған. Революциялық-демократиялық, яғни Австрияның билеп-төстеуін құлатқан революциялық-буржуазиялық Италия, Гарибальди заманының Италиясы біздің көз алдымызда басқа халықтарды езуші, Түркия мен Австрияны тонаушы Италияға, олжа бөлісуге өзін де қатыстырғанына рақаттанып сілекейі шұбырған дөрекі, жиіркенішті реакциялық, лас буржуазияның Италиясына біржолата айналып барады. Әлбетте, Михельс, кез келген әдепті профессорлар сияқты, буржуазия алдындағы өзінің жарамсақтығын «ғылыми объективизм» деп санайды және осы олжа бөлісуді «дүние жүзінің әлі күнге дейін әлсіз халықтардың қолында қалып келген бөлегін бөлісу» (179-бет) деп атайды. Отаршылдық саясаттың қандайына болсын қарсы социалистердің көзқарасын «утопиялық» көзқарас ретінде менсінбей ысыра салып, Михельс Италия халқының тығыздығы және эмиграциялық қозғалыстың күші жөнінен бірінші орынды тек Англияға ғана беріп, «отарлы екінші держава болуға тиіс еді» деп есептейтін адамдардың пайымдауларын қайталайды. Ал Италия халқының 40 проценті сауатсыз екенін, онда әлі күнге дейін тырысқақ ауруының індеті болып тұратынын, т. т. және т. с. қайтесің дегенде, ол Англияны сылтауратып, бұл дәлелді теріске шығарады: ағылшын буржуазиясы өзінің осы күнгі отаршылдық құдіретінің негізін ойдағыдай сала бастаған кезде, XIX ғасырдың бірінші жартысында, Англия қалалардың кедей кварталдарында тұратып жұмысшы бұқарасы сұмдық күйзелген, жәбір шеккен, аштан өліп, қырғынға ұшыраған ел емес пе еді, алкоголизмнің және сұмдық қайыршылық пен ластықтың елі емес пе еді? — дейді.

Айта кету керек, буржуазиялық тұрғыдан қарағанда бұл пайымдауға қарсы сөз таластыруға болмайды. Отаршылдық саясат пен империализм — капитализмнің тіпті де жеңіл-желпі, жөндеуге болатын (филистерлер және олардың ішінде Каутский солай санайды) ауытқушылығы емес, қайта капитализм негіздерінің өзі-

нен туған сөзсіз нәтиже: жеке кәсіпорындардың арасындағы бәсеке мәселені — өзің күйзелуің керек немесе басқаларды күйзелтуің керек деп — тек қана осылай қояды; жеке елдердің арасындағы бәсеке мәселені — тоғызыншы орында қалып, мәңгі-бақи Бельгияның тағдырына ұшырау қаупінде болуың керек немесе басқа елдерді күйзелтіп, бағындырып, «ұлы» державалардың арасынан өзіңе орын тауып алуың керек деп — тек қана осылай қояды.

Италияның кедейлігі мен итальян эмигранттары бұқарасының шектен тыс қайыршылығына қарап итальян империализмін «кедейлер империализмі» (l'imperialismo della povera gente) деп атап жүр. Итальян шовинисі Артур Лабриоланың бұрынғы душпаны Г. Плехановтан айырмасы тек мынада: ол өзінің социал-шовинизмін одан сәл бұрын аңғартты және осы социал-шовинизмге ұсақ буржуазиялық оппортунизм арқылы емес, ұсақ буржуазиялық жартылай анархизм арқылы келді; осы Артур Лабриола Триполи соғысы туралы өзінің кітапшасында (1912 жылы) былай деп жазды:

«...Біздің тек түріктерге ғана емес,.. ұсақ ұлттардың Европаның темірдей берік гегемониясына нұқсан келтіріп, ең болмаса бір қабақ түйгенін, ең болмаса бір ауыз сөз айтқанын көтере алмайтын плутократиялық Европаның әзезілдіктеріне, қорқытуларына, ақшаларына, әскерлеріне де қарсы күресетіндігіміз анық» (92-бет). Ал итальян ұлтшылдарының көсемі, Коррадини, былай деп мәлімдеген еді: «Социализм пролетариатты буржуазиядан азат ету әдісі болғаны сияқты, біздер үшін, итальяндар үшін, ұлтшылдық та француздардан, немістерден, ағылшындардан, солтүстік және оңтүстік американдардан азат етілу әдісі болады, бұлар бізге буржуазия болып табылады».

«Бізге» қарағанда отарлары, капиталдары, әскерлері көп кез келген ел «біздің» белгілі бір пұрсатты жағдайларымызды, белгілі бір пайдамызды және үстеме пайдамызды тартып алады. Жеке капиталистердің арасында машиналары орта дәрежедегіден жақсы немесе белгілі бір монополияларға ие болып отырғандар үстеме пайда алатыны тәрізді, елдер арасында да басқалардан

гөрі экономикалық жағынан жақсы жолға қойылған ел үстеме пайда алады. Өзінің ұлттық капиталы үшін пұрсаттылық пен артықшылықтар алу үшін күресу және басқаларды тонау «правосы» үшін жүргізілетін империалистік күресті ұлт-азаттық соғыс деп халықты немесе момын халықты (Лабриола мен Плехановтың көмегі арқасында) алдап кету — буржуазияның ісі.

Триполи соғысына дейін Италия басқа халықтарды — әйтеуір үлкен мөлшерде — тонаған жоқ. Бұл ұлттық намыс үшін төзгісіз қиянат емес пе? Итальяндар — басқа ұлттардың алдында езілуде және қорлық көруде. Өткен ғасырдың 70-жылдарында итальян эмиграциясы жылына 100 000 адамға жуық болатын, ал қазір 1/2 миллионнан 1 миллионға дейін жетеді және бұлардың бәрі де сөздің дәл мағынасында өз елінен ашаршылық қуып шығарып жатқан қайыршылар, бұлардың бәрі де өнеркәсіптің ақы ең аз төленетін салаларына жұмыс күшін берушілер, осы бұқараның бәрі Америка мен Европа қалаларының ең тар, кедей және лас кварталдарына орналасқан. Шетелдерде тұратын итальяндардың саны 1881 жылғы 1 миллионнан 1910 жылы 5 1/2 миллионға жетті, оның бер жағында бұлардың орасан көпшілігі бай және «ұлы» елдерге кеткен, олар итальяндарға ең дөрекі және «қара», қайыршы және правосыз жұмысшы бұқара деп қарайды. Арзан итальян еңбегін пайдаланып отырған басты-басты елдер мыналар: Франция — 1910 жылы 400 мың итальян (1881 жылы 240 мың); Швейцария — 135 мың (41) — (жақшаның ішінде 1881 жылғы саны мың есебімен); Австрия — 80 мың (40); Германия — 180 мың (7); Құрама Штаттар — 1779 мың (170); Бразилия — 1500 мың (82); Аргентина — 1000 (254). Мұнан 125 жыл бұрын азаттық үшін күрескен және соған сүйеніп, өзінің және ағылшындардың құл иеленушілік «отарлау правосы» жолындағы өзінің қазіргі соғысын «азаттық соғысы» деп атап отырған «ғажап» Франция, осы Франция жүз мыңдаған итальян жұмысшыларын тұп-тура жеке геттоларда ұстап отыр; «ұлы» ұлттың ұсақ буржуазиялық оңбағандары бұлардан мүмкіндігінше оқшаулануға тырысады, бұларды қолдан келгенше жәбір-

леуге, қорлауға тырысады. Итальяндарды тәлкек етіп, «макарондар» деп атайды (Пуришкевичтер үшін великорус халқын *да*, Россияның барлық басқа халықтарын *да* езудің құралы болып отырған ұлы державалық ізгі пұрсаттылық право алып тууға бағы жанбаған «бұратаналар» жөнінде біздің елде қаншама тәлкек ететін аттар бар екенін великорус оқушысы есіне түсірсін). Ұлы Франция 1896 жылы Италиямен шарт жасасты; бұл шарт бойынша Италия Тунистегі итальян мектептерінің санын көбейтпеуге міндеттенген! Ал Тунистегі итальян халқы содан бері алты есе көбейді. Тунисте 105 000 итальян, 35 000 француз бар, бірақ итальяндардан тек 1167 адам ғана — 83 000 гектар жері бар меншік иелері, ал французлардан 2395 адам «өздерінің» отарынан 700 000 гектар жерді тонап алған. Ал енді, өзінің Триполидегі отарына, Далмациядағы славяндарды езуге, Кіші Азияны бөлісуге, т. т. Италияның «правосы» бар дейтін Лабриоламен және басқа итальян «плехановшылдарымен» қалай келіспессің!*

Германияның Россияны өзінің отарына айналдыру әрекетіне қарсы Россияның «азаттық» соғысын қолдап отырған Плеханов тәрізді, реформистер партиясының көсемі Леонид Биссолати «шетел капиталының Италияға шапқыншылық жасауына» (97-бет) қарсы бы-

* Италияның империализмге өтуі мен үкіметтің сайлау реформасына келісім беруінің арасындағы байланысты айта кету өте-мөте ғибрат боларлық нәрсе. Бұл реформа сайлаушылардың санын 3 219 000-нан 8 562 000-ға дейін арттырды, яғни «шамамен айтқанда» жалпыға бірдей сайлау правосын берді. Триполи соғысына дейін, реформаны жүргізген нақ сол Джолиттидің өзі реформаға үзілді-кесілді қарсы болатын. «Үкімет» және баяу партиялар тарапынан «бағыттың өзгеру дәлелі»,— деп жазады Михельс,— шын мәнісінде патриоттық болды. «Отаршылдық саясатқа ежелден бері теория жүзінде жиіркеніп қарайтын болса да, өнеркәсіп жұмысшылары, ал қара жұмысшылар онан да бетер, ойламаған жерден, түріктерге қарсы айрықша тәртіп сақтап және құлақ асып соғысты. Үкімет саясаты жөніндегі осындай құлдық қылық пролетариатты осы жаңа жолмен жүре беруге итермелеу үшін сый тартуға лайық еді. Парламентте министрлер советінің председателі: итальян жұмысшы табы Ливиядағы шайқастарда көрсеткен өзінің патриоттық қылығымен ендігі жерде саяси жағынан есеюдің ең жоғары сатысына жеткендігін отан алдында дәлелдеді деп мәлімдеді. Кімде-кім ізгі мақсаттар үшін өмірін құрбан ете алса, ол отан мүддесін сайлаушы ретінде де қорғай алады, сондықтан мемлекет оны саяси правоның бәріне де лайық деу үшін оның правосы бар» (177-бет). Итальян министрлері жақсы айтқан! Бірақ енді неміс «радикал» социал-демократтары «біз» өз борышымызды орындадық, басқа елдерді тонауларың үшін «сіздерге» көмектестік, ал «сіздер» болсаңыздар, Пруссияда жалпыға бірдей сайлау правосын «бізге» бергілерің келмейді..., деп осы малайлық пайымдауды қайталап, олардан да асып түседі.

лай деп байбалам салады: Ломбардияда неміс капиталы, Сицилияда ағылшын капиталы, Пиячентинода француз капиталы, трамвай кәсіпорындарында Бельгия капиталы, т. т. және т. с. ұшы-қиыры жоқ.

Мәселе төтесінен қойылып отыр, ал әр түрлі ұлттардың жүз миллиондаған адамдары алдында мәселені шын мәнінде төтесінен қойып, европалық соғыс адамзатқа орасан зор пайда келтіріп отырғанын мойындамауға болмайды: *не* мылтықпен бе әлде қаламның ұшымен бе, турасынан ба әлде жанамалай ма, қандай формада болса да, «өз» буржуазияңның ұлы державалық және жалпы алғанда ұлттық пұрсаттылығын, немесе артықшылықтарын, немесе талабын қорғауың керек, міне, сонда мұның өзі буржуазияның жақтаушысы немесе малайы болғаның деген сөз; *не* интернационалдық ынтымақты пролетариаттың революциялық қимылдары арқылы қандай үкіметті болсын, ең алдымен *өз* үкіметіңді әшкерелеу үшін және оны құлату үшін ұлы державалық пұрсаттылық жолындағы қандай да болсын күресті, әсіресе қарулы күресті пайдалануың керек. Мұның басқаша жолы жоқ, немесе басқа сөзбен айтқанда: ортадағы позицияны ұстау әрекеті іс жүзінде империалистік буржуазия жағына жасырын өту деген сөз.

Барбонидің бүкіл кітапшасы шын мәнінде нақ осы өтуді бүркемелеуге арналған. Интернационалдық тұрғыдан қарағанда пролетариат үшін қай жағының жеңгені пайдалырақ немесе зиянсызырақ екенін анықтап алу керек деп пайымдай отырып және осы мәселені, әлбетте, Австрия мен Германияға... қарсы шешіп, Барбони, дәл біздің Потресов мырза тәрізді, өзін нақ бір интернационалист етіп көрсетуге тырысады. Барбони толығынан Каутскийдің рухында Итальян социалистік партиясына [5] барлық елдердегі,— әрине, ең алдымен соғысушы елдердегі,— жұмысшылардың ынтымағын, интернационалистік сенімін, қарусыздану және барлық ұлттардың ұлттық тәуелсіздігі негізіндегі бейбітшілік программасын, «бір-біріне қол сұқпаушылыққа және тәуелсіздікке өзара кепілдік беру үшін барлық ұлттардың лигасын» (126-бет) құруды салтанатты түрде жа-

риялау керек деп ұсынады. Нақ осы принциптерге бола Барбони: милитаризм — «тіпті де қажетті нәрсе емес», капитализмнің «паразиттік» құбылысы деп, «милитаристік империализм» Германия мен Австрияның өн бойын жайлап алған деп, бұлардың агрессиялық саясаты «европалық бейбітшілікке үнемі қауіп» туғызып келді деп, Германия «Россия (sic!! *) мен Англияның қару-жарақтарды қысқарту туралы жасаған ұсыныстарын үнемі қабылдамай келді», т. т. және т. с. деп,— сондықтан Италия социалистік партиясы реті келгенде Италияның үш жақты келісу елдерін'ң [6] пайдасын көздеп іске араласуын жақтауға тиіс деп жариялайды.

XX ғасырда экономикалық жағынан өзге европалық елдерден гөрі төзірек дамыған және отарлар бөлісуде айрықша «жәбір» көрген Германияның буржуазиялық империализмінен,— анағұрлым баяу дамып отырған, ұшы-қиыры жоқ отарларды шеңгелдеп алған, ол жерлерде (Европадан алыста) көбінесе басып-жаншудың немістерден кем түспейтін, айуандық тәсілдерін қолданып отырған, Австрияны, Түркияны және басқаларды тонау үшін өзінің миллиардтаған сом ақшасына әр түрлі континенттік державалардың миллиондаған әскерін жалдап алып отырған Англияның буржуазиялық империализмін қандай принциптерге сүйеніп артық қоюға болатыны белгісіз күйінде қалып отыр. Барбонидің интернационализмі, Каутскийдікі тәрізді, шын мәнінде, социалистік принциптерді сөз жүзінде қорғауға тіреледі, ал іс жүзінде осы екіжүзділікті бүркемеленіп, өзінің итальян буржуазиясын қорғайды. Өзінің кітабын ерікті Швейцарияда шығарған (мұның цензурасы 75-беттегі бір жолдың,— сірә, Австрияны сынауға арналған жолдың болса керек,— жартысын ғана желімдеп тастаған) Барбони бүкіл 143 беттің өн бойында Базель манифесінің негізгі қағидаларын келтіргісі және оларды ұқыпты түрде талдағысы келмеген, мұны атап өтпеске болмайды. Оның есесіне қазір бүкіл франкофильдік буржуазия дәріптеп отырған орыстың бұрынғы екі революционері, анархизмнен шыққан мещан Кропоткин мен социал-

* — солай!! *Ред.*

демократизмнен шыққан филистер Плехановтан біздің Барбони шын тілектестікпен цитат келтіреді (103-бет). Енді қайтсін! Плехановтың софизмдерінің, түптеп келгенде, Барбонидің софизмдерінен ешбір айырмашылығы жоқ. Тек Италиядағы саяси бостандық қана бұл софизмдердің жамылғысын жақсырақ сыпырады, жұмысшы лагеріндегі буржуазияның агенті ретінде Барбонидің шын позициясын айқынырақ әшкерелейді.

Барбони герман социал-демократиясында «шын және нағыз революциялық рухтың жоқтығына» өкінеді (нақ Плеханов сияқты); ол Карл Либкнехтті қызу құттықтайды (өз бойындағы бақандай мінді көрмейтіп *француз* социал-шовинистерінің оны құттықтайтыны тәрізді); бірақ ол «Интернационалдың банкротқа ұшырауы туралы сөз болуға тиіс емес» (92-бет) деп, немістер «Интернационалдың рухына опасыздық жасап отырған жоқ» (111-бет), өйткені олар отан қорғап отырғандықтарына «шын ниетпен» сеніп әрекет жасап отыр деп батыл мәлімдейді. Каутский тәрізді, Барбони де жылымшы сыпайылық түрде, тек қана романдық қызыл өңештікке салынып: Интернационал (Германияны жеңгеннен кейін...) «Христостың Петрді кешіргені тәрізді, немістерге сенімсіздік минутын кешіруге, милитаристік империализм салған ауыр жарадан ұмыту арқылы айыруға, сөйтіп лайықты және туысқандық бітімге келу үшін қол созуға» (113-бет) әзір деп мәлімдейді.

Жан тебірентерлік көрініс: Барбони мен Каутский — сірә, біздің Косовский мен Аксельродтың қатысуымен болса керек — біріне-бірі кешірім жасауда!!

Каутский мен Гедке, Плеханов пен Кропоткинге мейлінше риза болған Барбони Италиядағы өзінің социалистік, жұмысшы, партиясына риза емес. Осы партияда, соғысқа дейін-ақ Биссолати мен К° реформистерден арылып тынысы кеңейген партияда, көремісіз, «абсолюттік бейтараптық» ұранын (яғни Италияның соғысқа араласуын қорғауына қарсы батыл күрес жүргізуді) қостамайтындардың (Барбони тәрізді) «тынысын тарылтатын жағдай» туған (7-бет). Сорлы Барбони

булығып: итальян социалистік жұмысшы партиясында өзі сияқтыларды «интеллигенттер» деп, «бұқарамен байланысын үзген адамдар, буржуазиядан шыққандар» деп, «социализм мен интернационализмнің тура жолынан тайған адамдар» (7-бет) деп атайтынына зарланады. Біздің партия — деп налиды Барбони — «бұқараны тәрбиелеуден гөрі, көбіне қиялға салынады» (4-бет).

Ескі әуен! «Наша Зарядағы» [7], Ұйымдастыру комитетіндегі [8] және Чхеидзе фракциясындағы [9] тамаша социалистерге бұқараны «айдап салушы» зұлым большевиктердің «демагогиясына» қарсы орыс жойымпаздары мен оппортунистерінің таныс әуенінің итальяндық нұсқасы! Бірақ итальян социал-шовинисінің социал-шовинистердің және революционер-интернационалистердің платформаларын бірнеше ай бойы еркін талқылау мүмкін болған бірден-бір елде, нақ *жұмысшы бұқарасы*, нақ *саналы пролетариат* революционер-интернационалистердің, ал ұсақ буржуазияшыл интеллигенттер мен оппортунистер социал-шовинистердің жағына шықты деуі — неткен бағалы мойындау.

Бейтараптық дегеніміз өрісі тар эгоизм, халықаралық жағдайды түсінбеушілік, Бельгия жөніндегі пасықтық әрекет, «ішінде болмаушылық» — ал «ішінде болмаушылардікі қашан да жөн емес» деп, Барбони толығынан Плеханов пен Аксельродтың рухында пайымдайды. Бірақ Италияда екі ашық партия болғандықтан, реформистік партия мен социал-демократиялық жұмысшы партиясы болғандықтан, бұл елде Потресов, Череванин, Левицкий және К⁰ мырзалардың жалаңаштығын Чхеидзе фракциясының немесе Ұйымдастыру комитетінің пердесімен бүркеп, жұртты алдап кетуге болмайтындықтан, Барбони былай деп ашықтан-ашық мойындайды:

«Осы тұрғыдан қарағанда, мен социалист-реформистердің қимылынан революцияшылдықты көбірек көремін; олар саяси жағдайдағы осы жаңарудың болашақ антикапиталистік күрес үшін қандай зор маңызы бар екендігін тез түсінді» (герман милитаризмін жеңудің нәтижесінде) «және, тасбақа тәрізді, абсолюттік бейтараптылықтың тасасына жасырынған ресми революцияшыл социалистердің тактикасынан гөрі әбден дәйекті түрде үш жақты келісу елдерінің жағына шықты» (81-бет).

Осы бағалы мойындау жөнінде бізге мынадай тілек білдіру ғана қалады: бір жағынан, итальян пролетариатының революциялық саясатын, екінші жағынан, итальян империалистік буржуазиясының алдында құрдай жорғалауды қандай қоғамдық топтар, қандай элементтер, кімнің көмегімен, қандай дәлелдермен қорғады деген мәселе жөнінде Италияның *екі партиясы* берген орасан мол және аса қызғылықты материалды итальян қозғалысымен таныс жолдастардың біреуі жинаса, бір жүйеге салып, өңдеп пысқса жөн болар еді. Әр түрлі елдерде мұндай материал қаншалықты көп жиналса, II Интернационалдың күйреуінің себептері мен маңызы жөніндегі *ақиқат* саналы жұмысшыларға соншалықты айқын көрінетін болады.

Қорытындыда ескерте кетелік, Барбони жұмысшы партиясы жөнінде айтып отырған соң жұмысшылардың *революциялық* инстинктіне софистерше ыңғайлануға тырысады. Ол соғысқа, *іс жүзінде* итальян буржуазиясының империалистік мүдделері үшін жүргізіліп жатқан соғысқа, қарсы болып отырған Италиядағы социалист-интернационалистерді қорқақтықпен тартынуды жақтаушылар деп, соғыстың сұмдықтарынан эгоистікпен жасырынып қалу тілегін жақтаушылар деп бейнелейді. «Соғыс сұмдықтарынан үрейленетін етіп тәрбиеленген халық, сірә, революцияның сұмдықтарынан да қорқатын болар» (83-бет). Революционер болып көрінудің осындай жиіркенішті әрекетімен қатар министр Саландраның: «қалай болған күнде де тәртіп қорғалады» деген «айқын» сөздеріне дөрекі-епшілдік сілтеме жасау — мобилизацияға қарсы жаппай стачка жасау әрекеті «пайдасыз қырғынға» ғана әкеп соқтырады; «біз Ливия (Триполи) соғысына бөгет жасай алмағанбыз, Австриямен соғысқа одан да бетер бөгет жасай алмаймыз» (82-бет), дейді ол.

Каутский, Кунов және барлық оппортунистер тәрізді, Барбони бұқара ішінен әлдекімдерді алдамақ болып,— Штутгартта және Базельде айқын қойылған міндеттен: ұдайы революциялық насихат жүргізу үшін және бұқараның революциялық қимылдарын әзірлеу үшін революциялық дағдарысты пайдалану міндетінен

сылтау тауып жалтарғысы келіп,—«бірден» «соғысты болдырмай тастау», сөйтіп буржуазия үшін неғұрлым қолайлы кезеңде өзді-өзін қырып жіберуге мүмкіндік беру жөніндегі қисынсыз жоспарды революционерлерге нағыз арам пиғылмен әдейі таңдады. Ал Европаның революциялық кезеңді бастан кешіріп отырғанын Барбони мейлінше айқын көріп отыр:

«...Оқушыны мезі ететін болсам да, өзім қорғау қажет деп есептейтін бір пунктке назар аударғым келеді, өйткені осы пунктті анықтап алмайынша, қазіргі саяси жағдайға дұрыс баға беруге болмайды: біз бастан кешіріп отырған кезең—апатты кезең, қимыл кезеңі, бұл кезде әңгіме идеяларды анықтау туралы емес, программалар жасау туралы емес, болашақ үшін саяси қимыл бағытын айқындау туралы емес, бірнеше ай бойында, мүмкін, тіпті бірнеше аптаның ішінде-ақ нәтижеге жету үшін жанды және белсенді күштерді қолдану туралы болады. Мұндай жағдайда әңгіме пролетарлық қозғалыстың болашағы туралы пәлсапаға салынуда емес, ағымдағы кезең тұсында пролетариаттың көзқарасын орнықтыру туралы болады» (87—88-беттер).

Революцияшылдыққа бейімделген тағы да бір софизм! Коммунадан кейін 44 жыл өткен соң, бұқаралық күштерді жинаудың және дайындаудың жарты ғасырын дерлік бастан кешірген Европаның революцияшыл табы Европа *апатты* дәуірді бастан кешіріп отырған кезеңде, тікелей революциялық насихат жүргізу және революциялық қимылдарды дайындау ісін кең көлемде өрістету туралы емес, тезірек өзінің ұлттық буржуазиясының малайы болу, өзге халықтарды тонауда, зорлауда, күйзелтуде, бағындырып алуда буржуазияға көмектесу туралы ойлауға тиіс екен.

«Коммунист» № 1—2, 1915 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Коммунист» журналының текcті бойынша басылып отыр

АШЫҚ АЙТҚАНЫНА РАҚМЕТ

«...Интернационалды «социал-демократ-интернационалистерден» құрау»... «барлық социалистік партиялардан жұлымдап алынған оппозициялық элементтерден құрау қажеттігі туралы пікір — бос пікір... Интернационалды осы күнге дейін өзін құрап келген элементтерден ғана қалпына келтіруге болады... Қалпына келтірілген Интернационал сан реті бойынша, тек ат төбеліндей сектанттар мен жікке бөлу ісінің шеберлері керек етіп отырған «үшінші» Интернационал болмайды, әлі өлмеген, дүние жүзілік апат уақытша ғана зақымдаған, нақ сол екінші Интернационал болады...»

Бундтың «Информационный Листогының»[10] 8-номерінде Вл. Косовский мырза осылай деп жазады. Ең ақылдысы болмаса да, бұл бундшылға ашық айтқаны үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Ол дипломат бундшылдарға ұнамайтын турашылдықпен оппортунизмді бірінші рет қорғап отырған жоқ. Бундтың пролетарлық социализмнен қаншалықты мүлде аулақ жатқанын жұмысшыларға ұғындыра отырып, ол оппортунизмге қарсы күресуге қазір де жәрдемдеседі. Вл. Косовский мырза оппортунизмнің социал-шовинизммен байланысын аңғармайды. Мұны аңғару үшін мынаны ойлай білу керек: бұл екі ағымның негізгі идеялары қандай? соңғы ондаған жылдардың ішінде Европада оппортунизмнің дамуы қандай? бірқатар европалық елдерде, мәселен, Россияда, Германияда, Бельгияда, Францияда, Англияда, Италияда, Швецияда, Швейцарияда, Голландияда, Болгарияда оппортунистік қанат пен революциялық қанаттың социал-шовинизмге көзқарасы қандай?

Вл. Косовский мырза осы жөнінде ойлады ма екен? Егер ол ең болмаса бірінші сұраққа жауап беріп көрсе, ол өзінің қатесін дереу аңғарған болар еді.

Айта кетелік. «Информационный Листоктың» 7-номерінде Вл. Косовский мырза германофильдік шовинизмін көрсетті, өйткені ол француз социал-демократтарын айыптай келіп, неміс социал-демократтарының кредитті жақтап дауыс бергенін қорғады. W. деген біреу (№ 8, 11—12-беттер) Вл. Косовский мырзаны шовинизм жөніндегі «айыптаудан» қорғап, Россияда жұмыс істейтін ұйымда германофильдік шовинизмнің болуы мүмкін емес деп жазады. Россиядағы украин немесе поляк буржуасының, Франциядағы даниялық немесе эльзастық буржуаның, Англиядағы ирланд буржуасының өздерін езу. ті ұлттарға қас шовинизмін неліктен жиі көрсетіп отырғанын Вл. Косовский мырза W. мырзаға түсіндірмес пе екен?

1915 ж. жазда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РОССИЯНЫҢ ЖЕҢІЛУІ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Думада либералдардан, октябристерден және ұлтшылдардан оппозициялық блоктың құрылуына жауап ретінде IV Думаны «тарату»[11],— Россиядағы революциялық дағдарыстың ең айқын көріністерінің бірі, міне, осы. Патшалық монархия армиясының жеңілуі — пролетариат арасында стачкалық және революциялық қозғалыстың өсуі — қалың бұқара арасындағы қобалжу — Германияны жеңу үшін реформалар жасау және өнеркәсіпті мобилизациялау программасы бойынша патшамен келісім жасасу үшін либералдық-октябристік блоктың құрылуы. Соғыстың бірінші жылының аяғындағы оқиғалардың дәйектілігі мен байланысы осындай.

Россиядағы революциялық дағдарысты енді жұрттың бәрі көріп отыр, бірақ дағдарыстың маңызын және пролетариаттың дағдарыстан туатын міндеттерін жұрттың бәрі бірдей дұрыс түсініп отырган жоқ.

Тарих қайталанып отырған сияқты: 1905 жылғыдай, тағы да соғыс, оның үстіне патша өкіметі елді осы соғысқа белгілі бір және көріне көзге басқыншылық, жыртқыштық және реакциялық мақсаттары үшін киліктіріп отыр. Соғыста тағы да жеңіліс және осы жеңіліс тездеткен тағы да революциялық дағдарыс. Либерал буржуазия,— бұл жолы тіпті кертартпа буржуазия мен помещиктердің ең қалың топтарымен бірігіп,— реформалар жасау және патшамен келісімге келу программасын тағы да ұсынып отыр. Мұның өзі Булыгин Думасының алдындағы 1905 жылдың жазындағыдай

немесе I Дума таратылғаннан кейінгі 1906 жылдың жазындағыдай деуге болады.

Алайда іс жүзіндегі орасан зор айырма мынадай: соғыс енді бүкіл Европаны, бұқаралық және қуатты социалистік қозғалысы бар алдыңғы қатарлы елдердің бәрін қамтып отыр. Империалистік соғыс Россиядағы революциялық дағдарысты, буржуазиялық-демократиялық революцияның негізінде пайда болған дағдарысты, Батыстағы пролетарлық, социалистік революцияның өсіп келе жатқан дағдарысымен *байланыстырды.* Бұл байланыстың тікелей байланыс екендігі соншалық — белгілі бір елде революциялық міндеттерді жеке шешу тіпті де мүмкін емес: Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция ендігі жерде Батыстағы социалистік революцияның тек прологы ғана емес, сонымен бірге біте қайнасқан құрамдас бөлігі.

Батыста пролетарлық революцияны тұтандыру үшін Россияда буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу керек,— 1905 жылы пролетариаттың міндеті осылай қойылды. 1915 жылы бұл міндеттің екінші жартысының қажетті болғандығы соншалық — ол күн тәртібіне бірінші жартысымен қатар қойылып отыр. Жаңа, неғұрлым жоғары, неғұрлым дамыған, неғұрлым шиеленіскен халықаралық қатынастардың негізінде Россияда жаңа саяси бөліну пайда болды. Бұл жаңа бөліну революцияны Германияны жеңу үшін керек ететін революционерлер — шовинистер мен Россиядағы революцияны Батыстағы пролетарлық революция *үшін* және оның осы революциямен бір мезгілде болуын керек ететін революционерлер — пролетарлық интернационалистер арасындағы бөлінушілік. Бұл жаңа бөліну, шын мәніне келгенде, Россиядағы қалалық және деревнялық ұсақ буржуазия мен социалистік пролетариаттың арасындағы бөлінушілік. Бұл жаңа бөлінуді айқын ұғыну керек, өйткені төніп келе жатқан революцияның қарсаңында марксистің, яғни әрбір саналы социалистің бірінші міндеті — *әр түрлі таптардың* позицияларын айыра білу, тактикалық және жалпы алғанда принципті алауыздықтарды әр түрлі таптардың

позицияларындағы айырмашылықтарға апарып тірей білу.

Революцияшыл филистерлердің таратып жүрген идеясынан: жақындап қалған революциядағы ең таяу міндеттің ортақ екендігіне «байланысты» алауыздықтарды «ұмыту» идеясынан асқан оңбаған, одан асқан жиреніштi және одан асқан зиянды ештеңе жоқ. Он жылдық тәжірибеден, 1905—1914 жылдардың тәжірибесінен, бұл идеяның қисынсыз екендігіне көзі жетпеген адам — революциялық тұрғыдан сенімсіз адам. Белгілі бір революциялық программаны ұстап жүре алатынын және ұстап келе жатқанын қандай таптардың *дәлелдегенін* талдап қарамастан, кімде-кім енді тек революциялық даурықпамен ғана шектелсе, ол адамның, шын мәнінде, «революционерлер» Хрусталевтерден, Аладьиндерден, Алексинскийлерден айырмашылығы жоқ.

Біз монархия мен крепостник-помещиктердің Россияны либерал буржуазияға «бермеу», одан да неміс монархиясымен мәмлеге келу жөніндегі айқын позициясын көріп отырмыз. Сондай-ақ либерал буржуазияның позициясы да айқын, ол зәресі ұшқан монархиядан жеңілдіктер алу үшін және өкімет билігін буржуазиямен бөлісу үшін жеңілісті және өршіген революцияны пайдаланбақшы. Сондай-ақ революцияшыл пролетариаттың да позициясы айқын, ол үкімет пен буржуазияның солқылдақтығы мен қиыншылықтарын пайдаланып, революцияны ақырына дейін жеткізуге тырысып отыр. Ал ұсақ буржуазия, яғни Россия халқының жаңа ғана оянып келе жатқан орасан қалың бұқарасы, бір жағынан, соғыстың, қымбатшылықтың, күйзелістің, қайыршылықтың және апаршылықтың көз көріп, құлақ естімеген азаптары мен апаттары революцияға қарай итермелеген, екінші жағынан, қадам басқан сайын *артқа* қарай, отан қорғау идеясына, немесе Россияның мемлекеттік тұтастығы идеясына, немесе капитализмді жеңбей-ақ, патша өкіметін және Германияны жеңу арқасында ұсақ шаруаның рақат тұрмысы идеясына қарай жалтақтайтын осы бұқара сипалақтап, «қараңғыны

қармалап», буржуазияның соңында, ұлтшылдық соқыр сенімдердің шырмауында келеді.

Ұсақ буржуаның, ұсақ шаруаның, бұл ауытқулары кездейсоқ нәрсе емес, оның экономикалық жағдайының лажсыз нәтижесі. «Ащы» да болса, айқын осы ақиқаттан бой тасалау ақылсыздық болады; өзіңді де, халықты да алдамау үшін, социал-демократиялық пролетариаттың революциялық партиясын әлсіретпеу, нашарлатпау үшін осы ақиқатты түсіну керек және оны болып отырған *саяси ағымдар мен топтардан* аңғару керек. Егер пролетариат өз партиясының ауытқуына ұсақ буржуазия сияқты жол беретін болса, өзін өзі әлсіретіп алады. Егер пролетариат өзінің ұлы мақсатына қарай ауытқымай жүріп, ұсақ буржуазияны алға итермелеп, ол оңға қарай бұрылғанда, оның өз қателіктерінен сабақ алуына мүмкіндік беріп, өмір оны солға қарай басуға мәжбүр еткенде, оның барлық күшін тегеурін жасау үшін пайдалана алса ғана пролетариат өз міндетін орындайды.

Трудовиктер, эсерлер [12], қойымпаз-«окистер» — Россиядағы саяси *ағымдар,* міне, осылар; бұлар өткен он жылдың ішінде толық айқындалды, ұсақ буржуазияның әр түрлі топтарымен, элементтерімен және жіктерімен өздерінің байланысты екенін дәлелдеді, сөз жүзіндегі эсіре революцияшылдықтан іс жүзінде шовинист халықтық социалистермен [13] немесе «Наша Зарямен» одақтасуға дейін ауытқығанын көрсетті. Мәселен, 1915 жылы 3 сентябрьде Ұйымдастыру комитетінің шетелдегі бес секретары пролетариаттың міндеттері туралы үндеу хат шығарды; бұл үндеу хатта оппортунизм мен социал-шовинизм туралы түк айтылмайды, бірақ неміс армиясының тылындағы «көтеріліс» туралы айтылады (мұның өзі азамат соғысы ұранына қарсы жүргізілген бір жылғы күрестен кейін айтылып отыр!) және 1905 жылы кадеттер [14] жер-көкке сыйғызбай мақтаған ұран — «соғысты жою үшін және самодержавиелік (үшінші июньдік) құрылысты жою үшін құрылтай жиналысын» шақыру ұраны жарияланады!! Кімде-кім революцияның табысты болуы үшін пролетариат партиясының осы ұсақ буржуазиялық ағымдардан

толық бөлініп шығуының қажеттігін түсінбесе, ол адам социал-демократ деген атты бекер иемденіп жүр.

Жоқ, Россияда нақ осы жеңіліс салдарынан жеделдей түскен революциялық дағдарысты көріп отырғанда,— «жеңілісті жақтаушылардың» әр текті дұшпандары мұны мойындаудан қорқады,— пролетариаттың міндеттері бұрынғысынша оппортунизмге және шовинизмге қарсы күресу,— мұндай күрессіз бұқараның революциялық санасын жетілдіру мүмкін емес,—және революцияның айқын ұрандары арқылы бұқараның қозғалысына жәрдемдесу болып табылады. Құрылтай жиналысын шақыру емес, монархияны құлату, республика орнату, помещиктік жерлерді конфискелеу және 8 сағаттық жұмыс күні — социал-демократиялық пролетариаттың ұрандары, біздің партияның ұрандары бұрынғысынша, міне, осылар. Ал осылармен тығыз байланысты түрде, іс жүзінде, өзінің бүкіл насихаты мен үгітінде, жұмысшы табының барлық бой көрсетулерінде социализмнің міндеттерін буржуазиялық (оның ішінде плехановтық және каутскийшілдік) шовинизмнің міндеттерінен бөліп алу және оларға қарама-қарсы қою үшін біздің партия бұрынғысынша империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранын, яғни Батыста социалистік революция жасау ұранын алға қоя береді.

Соғыс сабақтары біздің дұшпандарымыздың өзін «жеңілісті жақтаушылар» позициясын да, герман милитаристерінің «тылында көтеріліс жасау» ұранын, яғни азамат соғысы ұранын — ең әуелі үндеу хаттағы өткір сөздер ретінде, ал содан кейін негұрлым байыптырақ, негұрлым ойланыңқырап — көтеру қажет екендігін де іс жүзінде мойындауға мәжбүр етіп отыр. Бақсақ, соғыс сабақтары соғыс басталғалы біздің уағыздап жүргенiміздің дәл өзін жұрттың миына құятын көрінеді. Россияның жеңілуі негұрлым аз кесел *болып шықты,* өйткені ол революциялық дағдарысты орасан зор көлемде алға жылжытты, миллион, ондаған және жүздеген миллион адамға қозғау салды. Ал империалистік соғыс жағдайында, Россиядағы революциялық дағдарыс халықтарды аман сақтап қалудың бірден-бір жолы туралы идея жөнінде, герман армиясының «тылында көтері-

ліс жасау» туралы идея жөнінде, яғни соғысушы елдердің *бәрінде* азамат соғысын жасау туралы идея жөнінде ойлауға итермелемей тұра алмады.

Өмір үйретеді. Өмір Россияның жеңілуі арқылы Россиядағы революцияға қарай, ал осы революция арқылы, осы революцияға байланысты, Европадағы азамат соғысына қарай *келе жатыр*. Өмір осы жолмен кетіп барады. Сондықтан Россияның революцияшыл пролетариатының партиясы да өзін ақтаған осы өмір сабақтарынан жаңа күш ала отырып, өзі белгілеген жолмен бұрынғыдан да күшті жігермен алға басады.

1915 ж. 5 (18) сентябрьдеі кешірек жазылған

Бірінші рет 1928 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 260-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОМИССИЯҒА (I. S. K.)[15]

Құрметті жолдастар!

Сіздердің 25 сентябрьдегі хатыңызды алып, біз Бернде халықаралық тұрақты «кеңейтілген комиссия» (erweiterte Kommission) құру жоспарына өзіміздің толық тілектес екендігімізді білдіреміз. I. S. K.-ға қосылған басқа ұйымдар да бұл жоспарды мақұлдайды деген сеніммен біз РСДРП Орталық Комитетінен бұл кеңейтілген комиссияның мүшесі етіп *Зиновьев* жолдасты, ал оған орынбасарлар, кандидаттар (suppléant, Stellvertreter) етіп(1) Петрова жолдас пен (2) Ленин жолдасты тағайындаймыз. Хабарласып тұратын адрес: Herrn Radomislsky (bei Fr. Aschwanden). Hertenstein (Ks. Luzern). Schweiz.

Содан соң. Сіздердің 25 сентябрьдегі хатыңызда көтерілген басқа мәселелерге келетін болсақ, онда біз, өз тарапымыздан, мынадай пікір білдіреміз:

1. Сіздердің: 5—8 сентябрьдегі конференция[16] белгілеген «жалпы көзқарастар» («allgemeine Gesichtspunkte») «жеткіліксіз» («nicht genügen») дегендеріңізге біз толығынан келісеміз. Бұл принциптерді бұдан былай да анағұрлым толық, егжей-тегжейіне жете дамыту өте-мөте қажет. Мұның өзі принциптік тұрғыдан да, тар шеңбердегі практикалық тұрғыдан да қажет, өйткені халықаралық көлемде *біртұтас қимылды* жүзеге асыру үшін негізгі идеялық көзқарастардың айқын болуы да, белгілі бір практикалық қимыл тәсілдерінің дәл анықталуы да талап етіледі. Күмән жоқ, жалпы

алғанда Европа, әсіресе Европаның жұмысшы қозғалысы басынан кешіріп отырған ұлы дағдарыс бұқараны мәселенің екі жағын түсінуге тек баяу ғана жеткізе алады, ал өзіне қосылып отырған партиялармен бірге I. S. K.-нің міндеті — нақ осындай түсінуге жәрдемдесу. Мүмкін емес нәрсені — бір тілектен шығатын, дәлме-дәл жасалған көзқарастарға бәрін бірдей тез біріктіруді күтіп жатпастан, біз қазіргі интернационалистік социализмдегі *негізгі ағымдар* мен *бағыттарды дәл* түсініп алуға тиістіміз, ал содан кейін жұмысшы бұқара осы ағымдармен танысуға, оны жан-жақты талқылауға, өздерінің практикалық қозғалысының тәжірибесінде тексеруге тиіс. Біздің пікірімізше, бұл міндетті I. S. K. өзінің басты міндетім деп есептегені жөн болар еді.

2. 25 сентябрьдегі хат пролетариаттың міндеттерін не бейбітшілік үшін күресу деп (соғыс созыла берген күнде), не «бейбітшілік жайындағы әр түрлі ұсыныстар мен программалар жөнінде пролетариаттың интернационалдық көзқарасын нақты және дәлме-дәл тұжырымдау» деп белгілейді («den internationalen Standpunkt des Proletariats zu den verschiedenen Friedensvorschlägen und Programmen konkret und ins einzelne gehend zu umschreiben»). Бұл жерде ұлт мәселесі айрықша баса айтылып отыр (Эльзас-Лотарингия, Польша, Армения, т. т.).

Біз 5—8 сентябрьде конференция бірауыздан қабылдаған екі документтің екеуінде де, атап айтқанда: манифесте де, «тілектестік қарарда» да («Sympathieerklärung») бейбітшілік үшін күрестің социализм үшін күреспен («бейбітшілік үшін күрес... дегеніміз социализм үшін күрес» — «dieser Kampf ist der Kampf... für den Sozialismus» — дейді манифест), «пролетариаттың ымырасыз таптық күресімен» *байланысы* туралы пікір білдірілген деп ойлаймыз («unversöhnlicher proletarischer Klassenkampf» — қарардың конференция дауыс берген сол текстінде «ымырасыз» емес, «революциялық» таптық күрес делінген еді, ал егер алмастыру жариялылықты сақтау ниетімен жасалса, онда одан мағынасы өзгермеуге тиіс еді). Тілектестік туралы қарарда «халықаралық пролетариат бұқарасының арасында ре-

волюциялық рухты оятудың» қажеттігі жайында және конференцияның бұған «салтанатты түрде уәде бергені» жайында тура айтылған.

Пролетариаттың революциялық таптық күресімен байланыстырылмаған бейбітшілік жолындағы күрес — көлгірсіген немесе халықты алдап отырған буржуаның пацифистік бос сөзі ғана.

Біз «мемлекет қайраткерлерінің» кейпіне түсіп, «нақты» бейбітшілік программаларын жасай алмаймыз және бұлай істеуге тиісті де емеспіз. Керісінше, біз революциялық тап күресі *дамымайынша* демократиялық (аннексиясыз, зорлықсыз, тонаусыз) бітімнен қандай да болсын үміттенудің алдамшы нәрсе екенін бұқараға түсіндіруге тиістіміз. Соғыстың себебі — империализм екенін, империализм дегеніміз ұлттарды, дүние жүзінің барлық ұлттарын ат төбеліндей «ұлы державалардың» «құлдыққа түсіруі» деген сөз екенін біз бұқараға манифестің бас жағында-ақ қатты, айқын және анық айтқанбыз. Демек, біз бұқараның империализмді құлатуына көмектесуге тиіспіз; империализмді құлатпайынша аннексиясыз бітімнің болуы да мүмкін емес. Әрине, империализмді құлату жолындағы күрес қиын, бірақ бұқара қиын да болса қажетті күрес туралы *шындықты* білуге тиіс. Бұқара империализмді құлатпайынша бітім жасалады екен деген үмітпен жұбанып қалуға тиіс емес.

3. Осы пікірлерге сүйене отырып, біз мынадай ұсыныс жасаймыз:

кеңейтілген комиссияның жуырда болатын мәжілістерінің (тезистерді немесе қарар жобаларын жасау немесе қорыту және жариялау үшін), ал одан соң келесі халықаралық конференцияның да (қарарды біржола қабылдау үшін) күн тәртібіне төмендегі мәселелер қойылсын:

а) бейбітшілік үшін күрестің бұқаралық революциялық қимылдармен немесе пролетариаттың революциялық таптық күресімен байланысы;

b) ұлттардың өзін өзі билеуі;

с) социал-патриотизмнің оппортунизммен байланысы.

Біз конференция қабылдаған манифесте осы мәселелердің *бәрі* әбден айқын түрде *сөз болғандығын,* олардың мейлінше көкейтесті принциптік және практикалық маңызы бар екендігін, социалистер мен синдикалистер бұл мәселелерге соқпайынша, пролетарлық күрестің *бірде-бір* практикалық қадам жасауы *мүмкін емес* екендігін атап көрсетеміз.

Бұл мәселелерді талдап шешу, атап айтқанда, бейбітшілік жолындағы, ұлттардың өзін өзі билеуі жолындағы, социализм жолындағы бұқаралық күреске, осы соғыста «отан қорғау» туралы «капиталистердің өтірігіне» (манифестің сөзі) қарсы бұқаралық күреске жәрдемдесу үшін қажет.

25 сентябрьдегі хатта әділ айтылғанындай, егер II Интернационалдың кінәсі немесе соры маңызды мәселелердің көмескілігінде және талданып шешілмегендігінде болса, онда біздің міндетіміз — нақ осы мәселелерді бұқараның айқынырақ қоюына және дәлірек шешуіне жәрдемдесу.

4. Бюллетеньді үш тілде бастырып шығару жөнінде, біздіңше, бұл жоспардың тиімсіз екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Мұндай бюллетень, ай сайын шығарылатын болса, жылына 2—3 мың франк тұрады, ал мұндай соманы табу оңай емес. Оның бер жағында Швейцариядағы екі газет, «Berner Tagwacht» [17] пен «La Sentinelle» [18], бюллетеньдегінің бәрін дерлік басып отырады. Біз I. S. K.-ға мынадай ұсыныс жасаймыз:

> аталған газеттердің редакцияларымен және Америкадағы газеттердің бірімен сол газеттерде I. S. K.-ның бюллетенін де, сондай-ақ барлық хабарлары мен материалдарын да (не текстің өзінде I. S. K.-ның атынан, не жеке қосымшаларда) басып отыру туралы келісуге әрекет жасалсын.

Бұл тек арзанға түсіп қана қоймайды, сонымен бірге I. S. K.-ның қызметі туралы жұмысшы табын мейлінше жақсы, толық, жиі таныстырып отыруға да мүмкіндік береді. Біздің көздейтініміз: жұмысшылардың неғұрлым көпшілігі I. S. K. хабарларын оқитын болса екен, жұмысшыларды таныстырып отыру үшін және олар-

дың соғысқа көзқарасын белгілеуіне көмектесу үшін қарарлардың барлық жобалары басылып отырса екен.

Біз қарардың жобасын да (оны негізге алу үшін 19 делегатқа қарсы 12 делегат, яғни барлық делегаттардың 40 процентіне жуығы дауыс берген), көрнекті неміс социалисінің [19] хатын да (есімін және тактикаға қатысы *жоқтың* бәрін алып тастап) басудың қажет екендігіне қарсылық болмас деп үміттенеміз.

Біз I. S. K. әр түрлі елдерден соғысқа қарсы күрескендігі үшін қуғындау және қамауға алу туралы, соғысқа қарсы тап күресінің барысы туралы, траншеялардағы бауырласу туралы, газеттерді жабу туралы, бейбітшілік туралы үндеу хатты жариялауға тыйым салу, т. т. туралы мәліметтерді үздіксіз алып тұратын болады деп,— және осы мәліметтердің бәрі аталған газеттерде I. S. K.-ның атынан дүркін-дүркін шығып тұра алар еді-ау деп үміттенеміз.

Американың күнделікті немесе апталық газеттерінің бірімен келісімді, бәлкім, Коллонтай жолдас жасай алар еді, ол «Наше Словоға» [20] және басқа да социал-демократиялық газеттерге жазып тұрады; ол Американы аралап рефераттар оқу үшін жуырда ғана Америкаға жүріп кетті. Біз Коллонтаймен хабарласа алар едік немесе оның адресін берер едік.

5. Партиялардың *бөлімдерінен* (әсіресе Германия мен Франция, сондай-ақ сірә, Англия партияларының) өкілдер жіберу әдісі туралы мәселе жөнінде біз мынадай ұсыныс жасаймыз:

> I. S. K. бұл партиялардағы жолдастарға әр түрлі аттармен топтар құру қолайлы болмас па еді деген мәселені талқылауды ұсынсын; бұлардың бұқараға арнаған үндеулерін (прокламациялар, қарарлар, т. т. түрінде) пәлендей бір топтарға жататындығы туралы белгі қойып, I. S. K. бастырып шығарсын.

Осындай әдіс қолданылса, біріншіден, әскери цензураның тыйым салуына қарамастан, бұқара интернационалистердің тактикасы мен көзқарастарынан хабардар болып отырар еді; екіншіден, жұмысшылардың жиналыстары, олардың ұйымдары, т. т. белгілі бір топ-

тардың көзқарастарына өздерінің тілектестіктері туралы шешімдер қабылдауына қарай интернационалистік көзқарастарды насихаттаудың дамуы мен табысын көріп отыруға мүмкіндік туар еді; үшіншіден, әр түрлі сарындағы көзқарастарды білдіріп отыруға мүмкіндік туар еді (мысалы, Англияда B. S. P.[21], оның *азшылығы* және I. L. P.[22]; Францияда — Bourderon және басқалар тәрізді социалистер. Merrheim және басқалар тәрізді синдикалистер; Германияда, конференция көрсеткендей, оппозиция *ішінде* де сарындар бар).

25 сентябрьдегі хатта айтылғанындай, бұл топтардың өз алдына жеке ұйымдар құрмай, тек I. S. K.-мен қарым-қатынас жасау және бейбітшілік жолындағы күресті насихаттау үшін *ғана* ескі ұйымдардың ішінде өмір сүретіні өзінен-өзі түсінікті.

«Кеңейтілген комиссиядағы» және конференциялардағы өкілдіктер осы топтардан да болар еді.

6. «Кеңейтілген комиссиядағы» мүшелердің саны туралы және дауыс беру туралы мәселе жөнінде біз мынаны ұсынамыз:

> мүшелер саны maximum 3 болсын деп шектемей, қайта оның орнына, шағын топтар үшін, *дауыс берген кезде бөлшектер* енгізілсін ($^1/_2$, $^1/_3$, т. т.)

Мұның өзі қолайлырақ, өйткені өз сарыны бар топтарды өкілдіктен айыру тіпті мүмкін емес және манифесто белгіленген принциптерді бұқара арасында дамыту, насихаттау үшін зиянды.

7. Кеңейтілген комиссияның «орыс-поляк сипатының» қауіптілігі жөнінде біз: жолдастардың бұл қауіптенуі (орыстар үшін қаншама ренішті болғанымен) *заңды* деп ойлаймыз, өйткені Россиямен елеулі байланысы жоқ эмиграниттық топтардың да өкілдік алуы ықтимал. Біздің пікірімізше, Россияның өзінде қозғалыстың өкілі болуға өзінің қабілетті екенін *кем дегенде 3 жылдық жұмысымен* дәлелдеген ұйымдар немесе топтар ғана қатысуға тиіс. Біз I. S. K-ға осындай принципті талқылауды және белгілеуді, сондай-ақ өздерінің Россиядағы жұмысы жайында мәліметтер мен деректер жіберіп отырулары туралы барлық топтарға өтініш жасауын ұсынамыз.

8. Ақырында, осы мүмкіндікті пайдаланып, «Бюллетеньнің»[23] 1-номерінде бір ағаттық кеткенін атап көрсетіп, мұны 2-номерде (немесе «Berner Tagwacht»-та және «La Sentinelle»-де) түзетуді сұраймыз. Атап айтқанда, «Бюллетеньнің» 1-номерінің 7-бетіндегі 1-бағананың басында: қарардың жобасына Орталық Комитет, поляк социал-демократтары (Landesvorstand*), латыштар, шведтер, норвегтер қол қойды делінген. Бұл тізбеден мыналар қалып қойған:

> бір неміс делегаты (түсінікті себептер бойынша оның есімі аталмайды) және бір швейцариялық делегат, Платтен.

1915 ж. 12 (25) сентябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 6 сентябрьде «Правда» газетінің 203-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Бас басқарма. *Ред.*

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

Соғыс тудырған сұмдық ауыр дағдарыс заманында интернационалдық социалистік қозғалыстың дамуы баяу жылжып келеді. Бірақ әйтеуір атап айтқанда оппортунизммен және социал-шовинизммен ажырасу жағына қарай жылжып келеді. 1915 ж. 5—8 сентябрьде Циммервальдта (Швейцария) болған Халықаралық социалистік конференция мұны айқын көрсетті.

Тұтас бір жыл бойында соғысушы және бейтарап елдердің социалистері арасында ауытқу және күту процесі байқалып отырды: дағдарыстың тереңдігін мойындауға өздерінен өздері қорықты, өмір шындығының бетіне тура қарағылары келмеді, Батыс Европаның ресми партияларында үстем болып отырған оппортунистермен және каутскийшілдермен болмай қоймайтын ажырасуды мыңдаған әдістермен кейінге қалдырып келді.

Бірақ осыдан бір жыл бұрын Орталық Комитеттің манифесінде (№ 33, «Социал-Демократ»[24]) * біздің оқиғаларға берген бағамыз дұрыс болып шықты; мұның дұрыстығын оқиғалар дәлелдеді; оқиғалар нақ мына жолмен *жүрді:* бірінші халықаралық социалистік конференцияға азшылықтың наразылық білдіруші элементтері, ресми партиялардың шешімдеріне *қарсы* әрекет жасап отырған, яғни іс жүзінде жікшілдерше әрекет жасап отырған элементтері (Германияның,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 13—23-беттер. *Ред.*

Францияның, Швецияның, Норвегияның) өкілдік еткен болып шықты.

Конференция жұмысының қорытындылары манифесте және тұтқындалғандар мен қуғындалғандарға тілектестік білдіру қарарында жинақталған. Бұл документтердің екеуі де «Социал-Демократтың» осы номерінде басылып отыр. Конференция 12 дауысқа қарсы 19 дауыспен, біздер және басқа революцияшыл марксистер ұсынған қарардың жобасын комиссияға тапсыруды қабылдамай тастады, ал біз жасаған манифест жобасын басқа екі жобамен бірге, жалпы манифест шығару үшін комиссияға тапсырды. Осы номердің басқа бір жерінен оқушы біздің екі жобамызды таба алады; бұларды қабылданған манифеспен салыстырса, революциялық марксизмнің бірқатар негізгі ой-пікірлерін өткізе алғанымызды айқын көреді.

Қабылданған манифест іс жүзінде оппортунизмнен және социал-шовинизмнен идеялық және практикалық жағынан ажырасуға қарай қадам жасалғанын білдіреді. Бірақ сонымен бірге бұл манифесте дәйексіздік, жеріне жеткізе айтпаушылық бар, мұны манифеске жасалған талдау көрсетіп отыр.

Манифест соғысты империалистік соғыс деп жариялай отырып, бұл ұғымның екі белгісін: *әрбір* ұлт капиталистерінің пайдаға, қанауға ұмтылатынын, ұлы державалардың дүние жүзін бөлісіп алуға және әлсіз ұлттарды «құлдыққа түсіруге» ұмтылатынын атап көрсетеді. Соғыстың империалистік сипаты туралы айтылуға тиісті және біздің қарарда айтылған пікірлердің ішіндегі ең елеулісі осында қайталап айтылған. Манифест өзінің осы бөлімінде біздің қарарды тек *әйгілей* түседі. Дау жоқ, әйгілеу—пайдалы нәрсе. Бірақ, егер біз жұмысшы табының ой-пікірі айқын болсын десек, егер біз ұдайы, табанды түрде жүргізілетін насихатқа маңыз беретін болсақ, онда әйгіленуге тиісті принциптерді дәл және толық белгілеп алуымыз керек. Мұны істемесек, біз II Интернационалдың күйреуін тудырған қатесі мен күнәсын қайталауға ұрынамыз, атап айтқанда: біз екіұштылық пен теріс түсінушілікке орын береміз. Мәселен, социализмнің объективті алғы шарттары-

ның пісіп жетілгендігі туралы қарарда айтылған пікірдің елеулі маңызы бар екенін жоққа шығаруға бола ма? Манифестің «әйгілі» баяндауында бұл қалып қойған; айқын және дәл принципті қарарды үндеу хатпен біртұтас етіп біріктіру әрекеті сәтсіз болған.

«Барлық елдердің капиталистері... соғыс отан қорғау үшін керек дейді... Олар өтірік айтады...» Манифест осылай деп жалғастырады. Оппортунизмнің осы соғыстағы негізгі идеясын, «отан қорғау» идеясын, осылайша тура «өтірік» деп жариялау — революцияшыл марксистердің қарарындағы ең елеулі пікірді тағы да қайталағандық. Тағы да сол жеріне жеткізе айтпай өкіну, әлдебір жасқаншақтық, бүкіл шындықты айтудан қорқушылық болып шығады. Социализм үшін шын сор болған нәрсе капиталистердің *өтірігін* тек капиталистік баспасөздің ғана емес (ол—капиталистік өтірікті қайталайтын болғаны үшін де капиталистік баспасөз), сондай-ақ социалистік баспасөздің де көпшілігінің *қайталауы және қолдауы* екенін қазір, бір жылдық соғыстан кейін кім білмейді? Европалық социализмнің асқан зор дағдарысын тудырған «капиталистердің өтірігі» емес, Гедтің, Гайндманның, Вандервельденің, Плехановтың, *Каутскийдің өтірігі* екенін кім білмейді? Шешуші кезеңде оларды өзінің соңынан ертіп әкеткен оппортунизмнің бүкіл күшін нақ осындай көсемдердің *өтірігі* кенеттен дәлелдегенін кім білмейді?

Не боп шығатынын қараңыздаршы. Қалың бұқараға әйгілі болу үшін: осы соғыста отан қорғау идеясы — капиталистердің өтірігі, дейді. Бірақ Европада бұқара сауатсыз емес қой, сондықтан манифесті оқитын адамдардың бәрі дерлік *нақ осы өтірікті* Плехановтың, Гайндманның, Каутскийдің және К^{0}-нің ізінше қайталайтын жүздеген социалистік газеттерден, журналдардан, кітапшалардан естіген және естіп жүр ғой. Манифесті оқушылар не деп ойлар екен? Манифест авторлары жалтақтығының осындай айқын көріністерінен олардың басына қандай ойлар келер екен? Отан қорғау жөніндегі капиталистердің өтірігіне құлақ аспаңдар,—деп үйретеді манифест жұмысшыларға. Жарайды. Жұрттың бәрі дерлік былай деп жауап береді

немесе іштерінен ойлайды: *капиталистердің* өтірігі бізді көптен-ақ таңырқатпайтын болған, ал мына Каутский мен К⁰-нің өтірігі...

Ал одан кейін манифест: әр түрлі елдердің социалистік партиялары мен жұмысшы ұйымдары «Штутгарттағы, Копенгагендегі [25], Базельдегі конгрестердің шешімдерінен туатын міндеттемелерді *аяққа басты»* деп, сондай-ақ Халықаралық социалистік бюро[26] *өз борышын орындамады,* бұл өз борышын орындамаушылықтың мәні кредиттерге дауыс беруде, министрлікке қатысуда, «азаматтық татулықты» мойындауда деп (манифест оған бағынуды *құлдық бағынушылық* деп атайды, яғни социализмді уағыздауды *құлшылық* идеяларды уағыздаумен ауыстырып жіберді деп Гедті, Плехановты, Каутскийді және К⁰-ні айыптайды) манифест біздің қарардың тағы да бір елеулі пікірін қайталап отыр.

«Әйгілі» манифесте бірқатар партиялардың — жалпыға мәлім, әңгіме барлық ең алдыңғы қатарлы елдердің, Англияның, Францияның, Германияның аса күшті партиялары мен жұмысшы ұйымдары туралы болып отыр,— өз борышын орындамағанын айта отырып, осындай таңқаларлық, құлақ есітіп, көз көрмеген фактіге түсінік бермеу дәйектілік бола ма?— деген сұрақ туады. Социалистік партиялардың көпшілігі және Халықаралық социалистік бюроның өзі өз борышын орындамаған! Бұл не? Жеке адамдардың басындағы кездейсоқтық және күйреу ме? Әлде бұл тұтас бір заманның өзгерісі ме? Егер біріншісі болса, егер *біз* бұқара ішінде осылай ойлауға жол беретін болсақ, мұның өзі социалистік ілімнің негіздерінен *біздің* безгендігімізге пара-пар. Егер екіншісі болса, онда бұл жайында тура айтпауға бола ма екен? Бүкіл дүние жүзілік-тарихи кезең болып, бүкіл Интернационал күйреп, тұтас бір заман өзгеріп жатады, ал біз болсақ бұқараға: бүкіл шындықты іздеп, табу керек, өз пікірлеріңді ақырына дейін ойлау керек, бұл құбылысты терең—бұқарамен ажырамастай тығыз байланысы жағынан емес, қоғамның белгілі бір тобымен байланысы жағынан терең — экономикалық тамырлары бар жалпы европалық оп-

портунистік ағымның пайда болуының, өсуінің, пісіп жетілуінің және *аса* пісіп кетуінің ұзақ тарихымен *байланыссыз* түрде Халықаралық социалистік бюро мен бірқатар партиялар өздігінен күйреді деп ойлау қисынсыз, күлкілі деп айтудан *қорқамыз*.

«Бейбітшілік үшін күрес» мәселесіне көше келіп, манифест: «бұл күрес — бостандық жолындағы, халықтардың туысқандығы жолындағы, социализм жолындағы күрес» деп мәлімдейді,— одан әрі қарай: соғыста жұмысшылар «үстем таптарға бола» құрбан болады, одан да *«ө з і с і ң ү ш і н»* (манифесте бұл екі рет атап көрсетілген), «социализмнің қасиетті мақсаттары үшін» құрбан бола білу керек деп түсіндірілген, ал тұтқындағы және қуғындағы күрескерлерге тілектестік білдіру туралы қарарда: «Конференция осы тірі жүрген және қаза тапқан күрескерлерді олардың үлгісіне *еліктеу* арқылы есте сақтауға салтанатты түрде міндеттенеді» және ол «халықаралық пролетариаттың революциялық рухын оятуды» өзінің міндеті етіп қояды делінген.

Осы пікірлердің бәрі: революциялық күрес *болмайынша* бейбітшілік үшін күрес — бос сөз, жалған сөз, соғыстың сұмдықтарынан құтылудың бірден-бір жолы — социализм жолындағы революциялық күрес деген біздің қарардың сол бір елеулі пікірін қайталау. Тағы да жеріне жеткізе айтпау, дәйексіздік, жалтақтық: бұқараны революцияшыл күрескерлерге *еліктеуге* шақыра отырып, РСДЖ Фракциясының Сибирьге айдалған бес мүшесі «Россияның даңқты революциялық дәстүрін» жалғастырды деп хабарлай отырып, «революциялық рухты оятудың» қажет екенін жариялай отырып... күрестің революциялық құралдары жайында тура, ашық, айқын түрде *айтпайды*.

Дәйексіздігі, жалтақтығы бар манифеске біздің Орталық Комитеттің қол қоюы керек пе еді? Керек еді, деп ойлаймыз. Біздің келіспейтіндігіміз туралы,— тек Орталық Комитеттің ғана емес, тіпті конференцияның бүкіл солшыл, *халықаралық*, *революциялық-маркстік* бөлегінің келіспейтіндігі туралы,—арнаулы қарарда да, манифестің арнаулы жобасында да, келісімпаздық манифеске дауыс беру жөніндегі ерекше мәлімдемеде [27]

де ашықтан-ашық айтылған. Біз өз көзқарастарымыздан, ұрандарымыздан, тактикамыздан титтей де ештеңе жасырып қалған жоқпыз. Конференцияда «Социализм және соғыс»* деген кітапшаның неміс тіліндегі басылымы үлестіріліп берілді. Біздің өз көзқарастарымызды таратып келгендігіміз, таратып отырғандығымыз және тарата беретіндігіміз манифестің таралуынан кем болмайды. Бұл манифест оппортунизмге қарсы шындап күресу, онымен ажырасу, одан бөліну ісінде *ілгері қарай адым* жасап отыр, бұл факт. Дәйексіздікті сынауға, үлкенірек талап қоюға толық еріктіміз және толық мүмкіндігіміз бар кезде**, немістердің, француздардың, шведтердің, норвегтердің, швейцариялықтардың азшылығымен *бірге* ілгері басқан осы адымды жасаудан бас тарту сектанттық болар еді. Социал-шовинизмге қарсы қозғалыс баяу екен деп, ол «тек қана» бір адым ілгері басып отыр екен деп, күні ертең бір адым кейін шегінуге және ескі Халықаралық социалистік бюромен татуласуға әзір отыр және соны қалайды екен деп, социал-шовинизмге қарсы өсіп келе жатқан халықаралық наразылық қозғалысымен бірге жүруден бас тарту нашар әскери тактика болар еді. Оппортунистермен татуласуға болады деу әзірше тек тілек қана, басқа түк те емес. Оппортунистер татуласуға келісе ме? *Объективті* жағынан алғанда, барған сайын көбірек ажырасып отырған социал-шовинизм, каутскизм және революциялық интернационалистік марксизм *ағымдарының* арасында татуласу мүмкін бе? Біздің ойымызша, мүмкін емес, сондықтан біз өз бағытымызды әрі қарай жүргізе береміз, өйткені 5—8 сентябрь конференциясында бағытымыздың *табысқа жетуі* бізді қанаттандыра түсті.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 329—377-беттер. *Ред.*

** Ал «Ұйымдастыру комитетінің» және социал-революционерлердің бұл манифеске қол қойғанда «Наша Зарямен», Рубановичпен, Россиядағы халықтық социалистер мен социал-революционерлердің июль (1915 ж.) конференциясымен[28] өздерінің барлық байланыстарын — *және өздерінің бүкіл байланыстылығын* — сақтай отырып, дипломаттарша қол қойғаны бізді қорқыта алмайды. Шірік дипломатияға қарсы күресуге және оны әшкерелеуге біздің мүмкіндігіміз жетеді. Ол барған сайын өзін өзі әшкерелей түседі. «Наша Заря» мен Чхеидзе фракциясы Аксельрод пен К°-ні әшкерелеуде бізге *көмектеседі.*

Өйткені біздің бағытымыздың табысқа жеткендігі күмәнсыз. Фактілерді салыстырыңыз. 1914 жылы сентябрьде біздің Орталық Комитеттің манифесі жеке-дара сияқты еді. 1915 жылы мартта әйелдердің пацифистік бейшара қарар алған халықаралық конференциясы [29] болды, ал Ұйымдастыру комитеті бұл қарардың соңынан түсінбей еріп келеді. 1915 жылы сентябрьде біз халықаралық солшылдардың тұтас бір тобы болып біріктік, өз тактикамызды жасап алдық, жалпы манифесте өзіміздің бірқатар негізгі идеяларымызды жүзеге асырдық, ескі Халықаралық социалистік бюроның ырқына қарамастан, оның тактикасын тура айыптайтын манифестің негізінде, Интернационалдық социалистік комиссияны (ИСК), яғни іс жүзінде жаңа Халықаралық социалистік бюроны құруға қатыстық.

Басым көпшілігі 1912—1914 жылдары-ақ біздің партияның және оның Орталық Комитетінің соңынан ерген Россия жұмысшылары біздің тактикамыздың анағұрлым кең аренада да қуатталып отырғанын, біздің негізгі идеяларымызды пролетарлық Интернационалдың барған сайын анағұрлым кең және таңдаулы бөлегі қолдап отырғанын енді халықаралық социалистік қозғалыстың тәжірибесінен көріп отыр.

«Социал-Демократ» № 45—46, 11 октябрь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ МАРКСИСТЕР 1915 ж. 5—8 СЕНТЯБРЬДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК. КОНФЕРЕНЦИЯДА

Конференциядағы идеялық күрес топтасқан интернационалистер, революцияшыл марксистер тобы мен конференцияның оңшыл жағы болған солқылдақ каутскийшілсымақтардың арасында болды. Аталған топтың топтасуы — ең маңызды фактілердің бірі және конференцияның ең зор табыстарының бірі. Соғыс басталғалы толық бір жыл өткен соң, Интернационалдағы мейлінше айқын қарар ұсынған,— сондай-ақ манифестің сол қарарга негізделген жобасын ұсынған,— және Россияның, Польшаның, Латыш өлкесінің, Германияның, Швецияның, Норвегияның, Швейцарияның, Голландияның дәйекті марксистерін біріктірген *бірден-бір* ағым біздің партия бастаган ағым болды.

Солқылдақтардың бізге қарсы ұсынған дәлелдері қандай еді? Немістер біздің революциялық шайқастарды қолдайтындығымызды мойындады, бірақ олар траншеялардағы бауырласу, саяси стачкалар, көше демонстрациялары, азамат соғысы сияқты нәрселер жөнінде бүкіл дүние жүзіне даурығудың керегі жоқ дегенді айтты. Мұны істеу керек, бірақ бұл туралы айтпау керек деді. Ал басқалар: бұл—балалық, бұл—ұшқалақтық дегенді қосты.

Немістің жартылай каутскийшілдері, РСДЖ Фракциясының мүшелеріне тілектестік білдіріп, соларға «еліктеу» қажет деген мәлімдемені қабыл алып, өлгі кісі күлерліктей, лайықсыз, бір-біріне қайшы келетін және бұлталақ сөздері үшін өздерін өздері жазалап

отыр, өйткені азамат соғысы туралы «бүкіл дүние жүзіне даурығып» отырған біздің Орталық Органымыз «Социал-Демократты» таратып келген — нақ сол РСДЖ Фракциясының мүшелері.

Сіздер Каутскийдің жаман өнегесіне еліктеп отырсыздар деп жауап бердік біз немістерге: сөз жүзінде болашақ революцияны мойындайсыздар, іс жүзінде—ол революция туралы бұқараға ашық айтудан, революция жасауға шақырудан, революцияның барысында бұқараның өзі сыннан өткізіп, заңды етіп алатын ең нақты күрес құралдарын белгілеуден бас тартасыздар. Маркс пен Энгельс *шетелде тұрып,*— олардың шетелде тұрып күрестің революциялық құралдары туралы айтқысы келгендігі неміс филистерлеріне сұмдық болып көрінді!— 1847 жылы, атақты «Коммунистік партияның манифесінде», революцияға шақырды, күш қолдану жөнінде тура, ашық айтты, өздерінің революциялық мақсаттарын, міндеттерін және күрес тәсілдерін жасыруды «масқаралық» іс деп жариялады. 1848 жылғы революция *тек* Маркс пен Энгельстің *ғана* оқиғалар жөнінде дұрыс тактика қолданып келгенін дәлелдеді. Россияда, 1905 жылғы революциядан бірнеше жыл бұрын, ол кезде марксист болған Плеханов 1901 жылы ескі «Искрада» [30] басылған, бүкіл редакцияның көзқарасын білдіру ретінде қол қойылмай басылған мақаласында болашақ көтеріліс туралы және оны дайындаудың көше демонстрациялары сияқты жолдары туралы, тіпті атты әскерге қарсы күресу үшін сымдарды қолдану сияқты техникалық тәсілдер туралы да жазды. Россиядағы революция тек ескі «искрашылдар» ғана оқиғалар жөнінде дұрыс тактика қолданып келгенін дәлелдеді. Ал енді: екінің бірі. Не біз соғыстың Европада революциялық жағдай туғызатынына, империалистік дәуірдің бүкіл экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайының пролетариат революциясына апара жатқанына шын мәнінде кәміл сенеміз. Онда біздің бірден-бір борышымыз — бұқараға революцияның қажет екенін түсіндіру, революция жасауға шақыру, тиісті ұйымдар құру, күштеу күресінің алуан түрлі тәсілдері туралы және оның «техникасы» туралы барынша нақты түрде айтудан қорық-

пау. Біздің бұл бірден-бір борышымыз революцияның жеткілікті дәрежеде күшті болу-болмауына, революцияның 1 немесе 2-империалистік соғыспен байланысты болу-болмауына, т. т. байланысты емес. Не біз жағдайдың революциялық жағдай екеніне сенбейміз, ал онда соғысқа қарсы соғысу туралы сөздерді босқа қолданудың қажеті жоқ. Онда біз іс жүзінде жұмысшылардың зюдекумдық-плехановтық немесе каутскийлік сарындағы национал-либерал саясатшыларымыз.

Француз делегаттары да, өздерінің пікірінше, Европадағы істің қазіргі жағдайы революцияға жеткізеді деп мәлімдеді. Бірақ, деді олар, біз мұнда «III Интернационалдың формуласын бергелі» келгеніміз жоқ, бұл 1-ден; ал 2-ден, француз жұмысшысы «ешкімге де, еш нәрсеге де сенбейді»; ол анархистік және эрвеистік сөздермен азғынданып, сол сөздерге тойып болған. Бірінші дәлел ақылға сыймайды, өйткені жалпы келісімпаздық манифесте қалай болғанда да III Интернационалдың «формуласы берілген», бірақ дәйексіз, жеріне жеткізе айтылмаған, жеріне жеткізе ойластырылмаған. Екінші дәлел, фактіге негізделген елеулі дәлел ретінде, Францияның ерекше жағдайларын — отан қорғау және жаудың шапқыншылығы мағынасында емес, француз жұмысшы қозғалысының «осал жерлері» мағынасында — есепке алу ретінде өте маңызды дәлел. Ал осы жағдайды есепке алудан әсте бұл қимылдардың керегі жоқ деген түсінік тумайды, француз социалистері, мүмкін, пролетариаттың жалпы европалық революциялық қимылдарына *баяуырақ* жеткен болар еді деген түсінік қана туар еді. Әр түрлі елдердің пролетариаты қаншалықты *жылдамдықпен,* қандай жолмен, қандай ерекше формалар арқылы революциялық қимылдарға көше алады деген мәселе, бұл мәселе конференцияда әсте қойылған жоқ және оны қоюға да болмайтын еді. Бұған керекті жағдайлар әлі жоқ. Әзірше біздің ісіміз — дұрыс тактиканы бірлесе отырып *уағыздау,* ал қозғалыстың *қарқынын* және жалпы арнаның өзгерістерін (ұлттық, жергілікті, кәсіптік) кезінде оқиғалар көрсетеді. Егер француз пролетариаты анархистік бос сөздермен азғындаған болса, онда ол мильеранизммен де

азғындаған; ал бұл азғындаушылықты манифестің *күңгірттігі* арқылы *күшейте түсу* біздің ісіміз емес.

Басқа ешкім де емес, дәл Мергеймнің өзі мынадай сипатты және өте дұрыс сөздер айтты: «партия (социалистік партия), Жуо (Бас еңбек конфедерациясының[31] секретары) және үкімет — бұл үшеуі бір қалпақтың астындағы үш бас». Бұл шындық. Бұл — француз интернационалистерінің партиямен және Жуо мырзалармен бір жылдық күресінің тәжірибесі дәлелдеген факт. Бірақ бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ: оппортунистердің партияларымен және анархо-синдикализмнің басшыларымен күреспейінше, үкіметпен күресуге болмайды. Ал жалпы манифестің біздің қарардан айырмашылығы сол — ол манифест бұл күрестің міндеттерін тек қана белгілеп берді, бірақ жеріне жеткізе айтқан жоқ.

Бір итальян біздің тактикамызға қарсы шығып, былай деді: «сіздердің тактикаңыз не тым кешігіп қалды (өйткені соғыс басталып қойды), не тым ертерек жасалды» (өйткені соғыс әлі революция жағдайларын туғызған жоқ); және онымен қоймай сіздер Интернационалдың «программасын өзгертуді» ұсынасыздар, өйткені әрқашан да біздің бүкіл насихатымыз «күштеуге қарсы» жүргізіліп келді. Бұған — Жюль Гедтің «En garde!»-сінен («Күзетте!») цитат келтіріп—II Интернационалдың ықпалды көсемдерінің бірде-бірі күштеуді және жалпы алғанда күрестің тікелей революциялық тәсілдерін қолдануды еш уақытта бекерге шығарған емес деп оп-оңай жауап бердік. Жария күрес, парламентаризм және көтеріліс өзара байланысты және қозғалыс жағдайларының өзгеруіне қарай, бұлар *лажсыз* бір-біріне көшуге *тиіс* дегенді жұрттың бәрі әрқашан айтып келген. Айтпақшы, нақ сол «En garde!» деген кітаптан біз Гедтің 1899 жылы сөйлеген сөзінен цитат келтірген едік; онда Гед рыноктар, отарлар, т. т. үшін соғыс болуы ықтимал екендігі туралы айтады, ол сонымен бірге, егер мұндай соғыста француз, неміс, ағылшын Мильерандары бола қалса, онда «пролетариаттың интернационалдық ынтымағы не болар еді?» дейді. Гед бұл сөзімен өзін өзі күні бұрын айыптады. Ал революлю-

цияны уағыздаудың «мезгілсіздігіне» келетін болсақ, бұл қарсылық романдық социалистердің ұғымдарды дағдылы шатастыруынан туған: олар революцияның басталуын оны ашық, тура уағыздаумен шатастырады. Россияда 1905 жылғы революцияның басталуын ешкім де 1905 жылғы 9 январьдан бұрын болды деп мойындамайды; ал ең тар мағынадағы революциялық уағыз, бұқаралық қимылдарды, демонстрацияларды, стачкаларды, баррикадаларды насихаттау және әзірлеу бұған дейін *жылдар бойы* жүргізіліп келген. Мәселен, ескі «Искра» бұл уағызды 1900 жылдың аяқ кезінен бастап жүргізді, ал Маркс оны 1847 жылдан бастап жүргізген болатын, ол кезде Европада *революцияның басталуы* туралы әлі сөз болуы да мүмкін емес еді.

Революция басталып қойған кезде, оны либералдар да, революцияның басқа жаулары да «мойындайды», көбінесе жұртты алдау үшін, революцияны сатып кету үшін мойындайды. Революционерлер революция басталғанға *дейін* оны күні бұрын болжап, оның сөзсіз болатынын сезінеді, оның қажеттігін бұқараға үйретеді, оның жолдары мен әдістерін бұқараға түсіндіреді.

Тарих тәлкегі былай етті: конференция шақыру ісін Гриммнің қолынан тура тартып алуға тырысқан, солшылдардың конференциясын тура болғызбай тастауға тырысқан нақ Каутский мен оның достары (Каутскийдің ең жақын достары осы мақсатпен тіпті жер-жерге *сапар шеккен,* мұны конференцияда Гримм әшкереледі), нақ *солар* конференцияны *солға* қарай итермеледі. Оппортунистер мен каутскийшілдер біздің партияның ұстаған позициясының дұрыс екенін *өз* практикасы арқылы дәлелдеп отыр.

«Социал-Демократ» № 45—46,
11 октябрь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

БІРНЕШЕ ТЕЗИС

РЕДАКЦИЯДАН

Осы номерде келтірілген материал біздің партиямыздың Петербург комитетінің қандайлық орасан көп жұмыс жүргізгенін көрсетеді [32]. Мұның өзі Россия үшін және бүкіл Интернационал үшін — реакциялық соғыс кезінде, ең қиын жағдайларда жүргізілген социал-демократиялық жұмыстың шынайы үлгісі. Питер мен Россияның жұмысшылары бұл жұмысты барлық күшін салып қолдайды және оны осы жолмен неғұрлым қажырлы, неғұрлым күшті, неғұрлым кең көлемде ілгері бастырады.

Россиядағы жолдастардың нұсқауларымен есептесе отырып, біз социал-демократиялық жұмыстың көкейтесті мәселелері жөнінде бірнеше тезис тұжырымдаймыз: 1) «Құрылтай жиналысы» ұраны дербес ұран ретінде дұрыс емес, өйткені *енді* бүкіл мәселе оны кімнің шақыратындығында болып отыр. Либералдар бұл ұранды 1905 жылы қабылдаған, өйткені оны патша шақырған және патшамен келісетін жиналыс мағынасында түсінуге *болушы* еді. Бәрінен де дұрысы «үш кит» ұраны (демократиялық республика, помещиктік жерлерді конфискелеу және 8 сағаттық жұмыс күні), бұған (9-номерді салыстырыңыз) [33] социализм үшін, соғысушы үкіметтерді революциялық жолмен құлату үшін күресте және соғысқа қарсы күресте жұмысшыларды халықаралық ынтымаққа шақыруды қосу керек.—2) Біз, империалистік, реакциялық соғысты жүргізуге жәрдемдесетін әскери-өнеркәсіп комитеттеріне [34] қатысуға

қарсымыз. Біз сайлау науқанын пайдалануды, мысалы, сайлаудың алғашқы кезеңінде *тек* үгіт және ұйымдастыру мақсаттары үшін *ғана* қатысуды жақтаймыз.— Мемлекеттік думаға бойкот жариялау туралы сөз болуы да мүмкін емес. Қайта сайлауға қатысу *сөзсіз қажет*. Мемлекеттік думада әзірше біздің партияның депутаттары жоқ болып отырғанда, Думада болып жатқандардың бәрін де революциялық социал-демократия тұрғысынан пайдалану қажет.— 3) Біз пролетариат ішінде социал-демократиялық жұмысты нығайтуды және кеңейтуді, ал содан соң оны село пролетариатына, деревня кедейлері мен әскерге таратуды ең бір кезекте тұрған және мейлінше шұғыл міндеттер деп есептейміз.— Революциялық социал-демократияның аса маңызды міндеті — басталған стачкалық қозғалысты «үш кит» ұранымен жүргізе отырып дамыту болып табылады. Үгіт жұмысында соғысты дереу тоқтату талабына лайықты орын беру қажет. Жұмысшылар басқа да талаптармен қатар — жұмысшы депутаттарын, РСДЖ Фракциясының мүшелерін дереу қайтару талабын ұмытпаулары керек.— 4) Жұмысшы депутаттары Советтері, т. с. мекемелер көтеріліс органдары, революциялық өкімет органдары деп қаралуға тиіс. Бұл мекемелер бұқаралық саяси стачкалардың дамуына байланысты ғана және көтеріліске байланысты, оны әзірлеп, дамытып, табысқа жеткізгенде ғана баянды пайда келтіре алады.— 5) Тек пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы ғана Россиядағы ең таяу революцияның әлеуметтік мазмұны болуы мүмкін. Монархия мен крепостник-помещиктерді құлатпайынша Россияда революция жеңе алмайды. Ал пролетариатты шаруалар қолдамайынша монархия мен крепостник-помещиктерді құлату мүмкін емес. Деревняның «хуторшы-помещиктер» және село пролетарлары болып жіктелуіндегі бір адым ілгері басқандық деревняны Марковтар мен К°-нің езгіге салуын жойған жоқ. Барлық кезде де, қандай жағдайда да біз село *пролетарларының жеке* ұйымы қажет екенін жақтап келдік және сөзсіз жақтап отырмыз.—6) Россия пролетариатының міндеті — Россияда буржуазиялық-демократия-

лық революцияны ақырына дейін жеткізу, *сөйтіп* Европада социалистік революцияны тұтандыру. Осы екінші міндет енді бірінші міндетке өте-мөте жақындап отыр, бірақ ол сонда да ерекше және екінші міндет болып қала береді, өйткені әңгіме Россия пролетариатымен істес болатын *әр түрлі таптар туралы* болып отыр: бірінші міндетті орындау үшін істес болатын — Россияның ұсақ буржуазиялық шаруалары, екінші міндетті орындау үшін істес болатын — басқа елдердің пролетариаты.— 7) Біз, бұрынғысынша, социал-демократтардың революциялық Уақытша үкіметке демократиялық ұсақ буржуазиямен бірге қатысуына болады деп есептейміз, бірақ тек революционер-шовинистермен бірге *емес*. — 8) Германияны жеңу үшін,— басқа елдерді тонау үшін,— Россияның басқа халықтарына великоростардың үстемдігін нығайту, т. т. үшін патша өкіметін жеңуді тілейтіндерді біз революционер-шовинистер деп есептейміз. Революциялық шовинизмнің негізі — ұсақ буржуазияның таптық жағдайы. Ол әрқашан да буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқып жүреді. Енді ол шовинизм (оның тіпті демократиялық революция мағынасында да дәйекті түрде революцияшыл болуына кедергі жасайтын шовинизм) мен пролетарлық интернационализмнің арасында ауытқып жүр. Қазіргі кезеңде Россияда осы ұсақ буржуазияны саяси жағынан бейнелеп отырғандар — трудовиктер, социал-революционерлер, «Наша Заря», Чхеидзе фракциясы, Ұйымдастыру комитеті, Плеханов мырза және сол сияқтылар.— 9) Егер Россияда революционер-шовинистер жеңсе, біз осы соғыста *олардың* «отанын» қорғауға қарсы болар едік. Біздің ұранымыз — шовинистер мейлі революционерлер және республикашылдар болса да, оларға қарсы болу, соларға *қарсы және* социалистік революция үшін халықаралық пролетариаттың одағы *жағында болу*.— 10) Буржуазиялық орыс революциясында пролетариаттың басшылық роль атқаруы мүмкін бе деген сұраққа біз былай деп жауап береміз: иә, *егер* ұсақ буржуазия шешуші кезеңде солға бет бұрса, пролетариаттың басшылық роль атқаруы мүмкін, ал ұсақ буржуазияны тек біздің насихат қана емес, соны-

мен бірге экономикалық, финанс (соғыс ауыртпалықтары), әскери, саяси және басқа да бірқатар объективті факторлар да солға қарай итермелейді.—11) Егер қазіргі соғыста революция пролетариат партиясын өкімет басына қоятын болса, онда пролетариат партиясы не істер еді деген сұраққа біз былай деп жауап береміз: біз соғысушылардың *бәріне* отарларды және *барлық* тәуелді, езілген және толық правосы жоқ халықтарды азат ету шарты бойынша бітім жасасуды ұсынған болар едік. Германия да, Франциямен бірге Англия да, олардың қазіргі үкіметтерінің тұсында, бұл шартты қабылдамас еді. Сонда біз революциялық соғысты әзірлеп, жүргізуге тиісті болар едік, яғни өзіміздің бүкіл программа-минимумды ең батыл шаралар арқылы толық жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар қазір великоростар езіп отырған халықтардың бәрін, Азиядағы барлық отарлар мен тәуелді елдерді (Индияны, Қытайды, Персияны және басқаларды) үнемі көтеріліске аттандырған болар едік, сондай-ақ — және ең алдымен — Европаның социалистік пролетариатын, өз социал-шовинистеріне қарамастан-ақ, өз үкіметтеріне қарсы көтеріліске аттандырған болар едік. Россияда пролетариаттың жеңуі Азияда да, Европада да революцияның дамуы үшін айрықша қолайлы жағдайлар туғызған болар еді, бұған ешбір күмән келтіруге болмайды. Мұны 1905 жылдың *өзі де* дәлелдеді. Ал, оппортунизм мен социал-шовинизмнің лас көбігіне қарамастан, революцияшыл пролетариаттың халықаралық ынтымағы—*факт*.— Жолдастармен пікір алысу үшін осы тезистерді ұсына отырып, біз өзіміздің көзқарастарымызды Орталық Органның келесі номерлерінде дамыта береміз.

1915 ж. 23 және 26 сентябрь (6 және 9 октябрь) аралығында жазылған

1915 ж. 13 октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 47-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ШЫН ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕР: КАУТСКИЙ, АКСЕЛЬРОД, МАРТОВ

Циммервальд конференциясынан біраз бұрын Цюрихте неміс тілінде П. Аксельродтың «Дағдарыс және халықаралық социал-демократияның міндеттері» деген кітапшасы шықты. Содан соң Цюрихтегі «Халықтық Право» газетінде[35] осы кітапша жайында мақтап жазған Л. Мартовтың екі мақаласы басылды. Осы шығармаларын бұл екі автордың орыс тілінде шығаратын-шығармайтынын біз білмейміз. Ұйымдастыру комитеті көсемдерінің оппортунизм мен социал-шовинизмді қандай дәлелдермен қорғайтындығы жөнінде будан тәуір мысалды таба алмайсың.

Кітапшаның бүкіл өн бойында әңгіме «партияның бірлігіне төніп тұрған қауіптерге» қарсы күрес жайында болады. «Жіктеліс пен аласапыран» — Аксельродтың қорқатыны осы, әбден мезі болғанынша сансыз рет қайталап жиі айта беретіні осы. Социал-демократияның қазіргі жағдайы, оның көсемдерінің белгілі бір ұлт буржуазиясымен одақтасуы Аксельродқа аласапыран мен жіктеліс болып көрінеді екен деп ойлап қалмаңыздар. Жоқ! Аксельрод аласапыран деп социал-шовинизмнен анық ажырасуды және бөлінісуді айтып отыр. Аксельрод Каутскийді «интернационалдық сезімі мен санасына ешбір күмәндануға болмайтын» жолдастардың қатарына қосады. Сонымен бірге 46 беттің өн бойында Каутскийдің көзқарастарын бірыңғай жинақтау, оларды дәл цитатқа келтіру, осы соғыста отан қорғау идеясын мойындауда шовинизм жоқ па екен деп

таразыға салу әрекетінің нышаны да байқалмайды. Мәселенің мәні жөнінде бір сөз де жоқ. Біздің дәлелдеріміз жөнінде де ештеңе айтпайды. Оның есесіне: Ленин Цюрихтегі рефератында Каутскийді шовинист, филистер, опасыз деп атапты деген «бастықтарға сөз тасу» бар (21-бет)... Сүйікті Мартов пен Аксельрод-ау, мұның өзі әдебиет емес, қайдағы бір полиция учаскесінің «шатпағы» ғой!

«Батыста... партияны апаттан жалғыз өзі сақтаушының ролінде көріну үшін, аласапыран жасау және іріткі салу жөніндегі партиялық ішкі саясатты жүрексінбей жүргізе беру үшін әрбір партия дағдарысын, әрбір қиын жағдайды пайдаланатын өзге түрлі астам адамдар жоқ» (22).

Бұл не? әдебиет пе?

Ал егер Каутский мен Аксельродтың «өздерін» шовинистер және оппортунистер деп есептейтін, олар туралы ойлағанда сүйікті Аксельрод зығырданы қайнап, осындай мәнерлі және жанға жайлы... «лириканы» ағылтегіл нөсерлететін мұндай астам кереметтер «Батыста» жоқ болса, онда Аксельрод осыдан екі бет бұрып былай деп қалайша жаза алды екен:

«Егер неғұрлым кең партиялық топтарда, әсіресе Германия мен Францияда, біздің партиялық жауапты мекемелер жүргізіп отырған «ақырына дейін айрылмау» саясатына қарсы күшейе түскен ашу-ызаны еске алсақ, онда лениндік насихаттың практикалық тенденциялары әр түрлі арналармен батыс социал-демократиясының қатарына да енуі әсте мүмкін емес деп айтуға болмайтын сияқты».

Демек, мәселе сүйікті Аксельродты ренжітіп жүрген шын орыстық астам кереметтерде емес! Демек, ресми партиялардың *интернационалдық* шовинизмі — Аксельродтың өзі мойындағандай, Германияда да, Францияда да, осыны есте сақтаңыз! — *интернационалдық* революцияшыл социал-демократтардың ашу-ызасы мен тойтарысын тудырып отыр. Демек, біз *екі ағымды* көріп отырмыз. Екеуі де интернационалдық ағым. Аксельродтың ашуланатын, балағаттайтын себебі — ол екі ағымның екеуінің де болмай қоймайтынын, бұлардың араларында батыл күрестің болмай қоймайтынын түсінбейді, одан кейінгі себебі — интернационалист бо-

лып *көрінуге* тырысса да, шовинист *болуға* ұмтылуынан байқалып отырған өз позициясын ашық мойындау оған ұят, ыңғайсыз және тиімсіз.

«Жұмысшы қозғалысын интернационалдандыру проблемасы біздің күрес формаларымыз бен әдістерімізді революцияландыру туралы мәселемен пара-пар емес»... мұның өзі, байқайсыз ба, бәрін де оппортунизмге апарып тіреушілікті және «мың жылдық тарихи процестің жемісі болған» «патриоттық идеялардың» «орасан зор күшін» елемеушілікті «идеологиялық түсіндіру» екен... «осы буржуазиялық қоғамның шеңберінде, ең болмағанда күресіп жатқан жұмысшы бұқарасы үшін нақты *өмір шындығын* (курсив Аксельродтікі), объективті өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтылу керек, бұл жағдайлар жоғарыда көрсетілген тәуелділікті», атап айтқанда: «тарихи қалыптасқан ұлттық және территориялық қоғамдық тәртіптерге бұқараның тәуелділігін әлсірете алған болар еді». «Мысалы,— деп түсіндіреді Аксельрод өзінің терең ойын,— еңбек қорғау туралы және қауіпсіздендіру туралы заңдар, сондай-ақ басқа да әр түрлі маңызды саяси талаптар, ақырында, жұмысшылардың мәдени-ағарту қажеттері мен тілектері де» жекелеген елдер пролетарларының *«интернационалдық* (курсив Аксельродтікі) қимылдары мен ұйымдарының объектісі болуға тиіс». Барлық іс «бүгінгі күннің талаптары жолындағы нақ «күнделікті» күресті интернационалдандыруда болып отыр...»

Міне, енді тамаша! Әйтпесе қайдағы бір астам кереметтер оппортунизмге қарсы күресті ойдан шығарып жүр еді! Шынайы интернационализм — курсивпен — және «идеологиялық» түсіндірулерге қанағаттанбайтын нағыз «марксизм» қауіпсіздендіру заңдарын интернационалдандыруға қамқорлық жасауда екен!! Неткен данышпандық ой десеңізші... Ллойд Джорджыдан бастап Фр. Науманға дейін және Леруа-Больеден бастап Милюковқа, Струвеге және Гучковқа дейін, барлық интернационалдық оппортунистер, барлық интернационалдық либералдар ешқандай «күрес жүргізбей-ақ, жікке бөлінбей-ақ, аласапыран жасамай-ақ» Аксельродтың, Мартовтың және Каутскийдің осы ғылыми, терең, объ-

ективті «интернационализміне» қос қолдап қолдарын қояды.

«Интернационализмнің» кереметтері: Каутский — егер мен империалистік соғыста, яғни басқа елдерді тонау және құлдыққа салу үшін болып жатқан соғыста өз отанымды қорғасам және басқа да соғысушы елдер жұмысшыларының өз отанын қорғау правосын мойындасам, онда мұның өзі шынайы интернационализм болып табылады. Аксельрод — оппортунизмге «идеологиялық» шабуыл жасауға елігіп кетпей, мың жылдық ұлтшылдыққа қарсы қауіпсіздендіру заңдары саласындағы күнделікті жұмысты интернационализациялау (бұл да мың жылдық) арқылы нақты күрес жүргізу керек. Мартов Аксельродпен келісіп отыр!

Ұлтшылдықтың мың жылдық тамырлары, т. т. туралы Аксельрод сөздерінің саяси маңызы 1861 жылдың алдында крепостниктік правоның мың жылдық тамырлары туралы айтып келген орыс крепостниктері сөздерінің саяси маңызымен бірдей. Бұл сөздер — реакционерлер мен буржуазияның диірменіне су құю, өйткені Аксельрод әсіресе 1871 жылдан кейінгі капиталистік дамудың ондаған жылдары барлық елдер пролетарларының арасындағы нақ сол *объективті* интернационалдық байланыстарды жасап отырғандығы жөнінде үндемейді,—мүләйімсіп үндемейді,—ал бұл байланыстарды нақ қазір, нақ қазіргі кезеңде интернационалдық-революциялық қимылдарда іске асыру керек. Аксельрод мұндай қимылдарға қарсы. Ол қамшының мың жылдық тамырларын еске түсіруді жақтайды, қамшыны жоюға бағытталған қимылдарға қарсы шығады!

Ал енді пролетарлық революцияның жайы қалай болады? 1912 жылғы Базель манифесі бұл туралы осы, болғалы тұрған,— екі жылдан кейін басталған,— соғысқа байланыстыра айтқан-ды. Аксельрод, сірә, бұл манифесті үстірт ойлы «идеология» деп—нағыз Струве мен Кунов à la «марксизм» рухындағы сөзсымақ! — есептейтін болса керек және бұл туралы ол *бір сөз де* айтпайды. Ал революциядан ол былайша бұлтарады!

«Егер біз, мысалы, абсолютизмге қарсы шешуші шайқастардың жақындауының хабаршысы болған 1901 жылғы студенттер

демонстрацияларынан бері істің Россияда болғанындай, дәл әлеуметтік революция қарсаңында тұрсақ, ұлтшылдықты жеңудің тұтқасы бірден-бір және тек қана бұқаралық революциялық қауырт қимылдар немесе көтерілістер деп тану тенденциясын белгілі бір дәрежеде ақтауға да болар еді. Бірақ тіпті өздерінің барлық үміттерін революциялық қауырт дәуірдің тез басталуына артып отырған жолдастар да пролетариаттың буржуазиямен шешуші қақтығысы тікелей болады деп айтуға, бәлкім, тәуекел ете алмайтын шығар. Керісінше, олар да ондаған жылдарға созылатын дәуірге үміт артады» (41-бет).

Ал бұдан әрі, әлбетте, орыс эмиграциясындағы «утопияларға» және «бакуниншілдерге» қарсы ызғар шашу басталады.

Бірақ Аксельродтың алған мысалы біздің оппортунисті оңдырмай әшкерелейді. Кім болса да, ақылынан адаспай тұрып, Россиядағы абсолютизмге қарсы шешуші күрес «тікелей болады» деп 1901 жылы «бәлкім, айта алар ма еді»? Ешкім айта алмас еді, ешкім айтқан да жоқ. Ол кезде енді *төрт жылдан кейін* (декабрь, 1905 ж.) шешуші шайқастардың *бірі* болатынын ешкім білген жоқ; ал абсолютизмге қарсы келесі «шешуші» шайқас, мүмкін, 1915—1916 жылдары, мүмкін, одан да кейінірек «болар».

Егер ешкім де, тек бәлкім ғана емес, жалпы алғанда 1901 жылы шешуші шайқас «тікелей» болады деп айтпаған болса, егер біз сол кезде Кричевскийдің, Мартыновтың және К°-пің «тікелей» шайқас туралы «долы» байбаламын байсалдылық емес деген болсақ, онда біздер, революцияшыл социал-демократтар, *бәлкім,* ол кезде басқа бір нәрсені айтқан болармыз: біз ол кезде 1901 жылғы революциялық демонстрацияларды *тікелей қолдау,* оларды көтермелеу, дамыту міндеттерін, солар үшін нағыз батыл революциялық ұрандарды насихаттау міндеттерін тек үмітсіз оппортунистер ғана 1901 жылы түсіне алмады дегенбіз. Ал тарих шешуші шайқас «тікелей» болғалы *тұрмаса да,* бірінші шешуші шайқас *тек* төрт жылдан кейін *ғана* болса да және соның өзінде соңғы шайқас болмай, демек, шешуші шайқас болмай шықса да, бізді, тек бізді ғана ақтап, оппортунистерді айыптады және оларды жұмысшы қозғалысынан ұзақ уақыт аулаққа лақтырып тастады.

Енді Европа нақ осыны, дәл осыны басынан кешіріп отыр. 1915 жылғы Европада, 1901 жылғы Россиядағы тәрізді, революциялық жағдайдың бар екеніне ешқандай күмән келтіруге болмайды. Пролетариаттың буржуазиямен бірінші «шешуші» шайқасы төрт жылдан кейін бола ма, әлде екі жылдан кейін, немесе он және одан да көп жылдардан кейін бола ма,—«екінші» «шешуші» шайқас тағы да бір он жылдан кейін бола ма,— біз оны білмейміз. Бірақ біздің ендігі шұғыл және тікелей борышымыз — *қазірдің өзінде* басталып отырған толқулар мен демонстрацияларды қолдау екенін біз жақсы білеміз *және* «бәлкім» осылай деп айтамыз. Германияда тобыр Шейдеманды айдап шықты, көптеген елдерде тобыр қымбатшылыққа қарсы демонстрация жасады. Социал-демократияның осындай тура және сөзсіз міндетінен Аксельрод жалтарып, жұмысшыларды азғырып отыр. Егер Аксельрод пайымдауларының саяси мағынасы мен жиынтығын алсақ, онда бұдан тек бір ғана қорытынды шығуы мүмкін: социал-патриотизмнің және социал-шовинизмнің көсемдерімен *бірге* Аксельрод революциялық қимылдарды дереу насихаттауға және оларды әзірлеуге *қарсы* шығып отыр. Гәп осында. Қалғандарының бәрі — құр сөз.

Күмән жоқ, біз социалистік революцияның қарсаңында тұрмыз. Мұны Каутский тәрізді «асқан сақ» теоретиктер де 1909 жылдың өзінде-ақ мойындаған болатын («Өкімет билігіне жеткізетін жол»), мұны біраүыздан қабылданған 1912 жылғы Базель манифесі де мойындады. 1901 жылы бірінші орыс революциясының «қарсаңы» осыдан былай төрт жылға созылатын-созылмайтынын біздің біле алмағанымыз тәрізді, біз мұны қазір де білмейміз. Революция ұзақ жылдарға созылатын шайқастардан, ара-арасында буржуазиялық құрылыстың контрреволюциялық жанталасуы болып тұратын бірнеше тегеурін жасау кезеңінен құралуы мүмкін, сірә, осылардан құралатын да болар. Қазіргі саяси жағдайдың бар мәні бүтіндей мынада болып отыр: *революциялық* қозғалыстарды қолдау және дамыту үшін қазірдің өзінде болып отырған революциялық жағдайды пайдалану керек пе, керек емес пе. Ке-

рек пе, әлде керек емес пе. Қазір социал-шовинистер мен революцияшыл интернационалистер осы мәселе жөнінде саяси тұрғыдан бөлініп отыр. Ал осы мәселе жөнінде Каутский, Аксельрод және Мартов, бұлардың бәрінің, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің шетелдегі бес секретарының революциялық бос сөздеріне қарамастан, социал-шовинистердің жағында болып отыр.

Аксельрод өзінің социал-шовинизмді қорғауын мейлінше көп бос сөзбен бүркемелейді. Оның кітапшасы өзінің көзқарастарын *қалай* бүркемелеудің, өзінің ойларын жасыру үшін тіл мен баспасөздің *қалай* пайдаланылатындығының үлгісі болуға жарайды. Аксельрод интернационализм деген сөзді сансыз рет септейді, солға қарай жылжығысы келмегені үшін ол социал-патриоттарға да, олардың достарына да кінә тағады, ол өзінің Каутскийден «солшылырақ» екеніне ишара жасайды, III Интернационалдың қажет екенін, ол буржуазияның дүние жүзілік соғыс өртін тұтандыру әрекеттеріне «қорқытып емес, революциялық шабуылды лаулату арқылы» (14) жауап бере аларлықтай күшті болуға тиісті деп те айтады, т. т. және т. с. ұшы-қиырсыз. Аксельрод сөз жүзінде нені болса да, революциялық шабуылды да мойындауға әзір, ал іс жүзінде ол Германиядағы Каутскиймен және, демек, Шейдеманмен, Россиядағы шовинистік және контрреволюциялық «Наше Дело»мен[36] және Чхеидзенің фракциясымен бірлік орнатқысы келеді, іс жүзінде ол *басталып отырған революциялық қозғалысты қазір* қолдауға және дамытуға *қарсы*. Сөз жүзінде бәрі бар, іс жүзінде түк те жоқ. Біздер «интернационалистерміз» және революционерлерміз деп ант-су ішеді, ал іс жүзінде революцияшыл интернационалистерге қарсы күресте бүкіл дүние жүзінің социал-шовинистері мен оппортунистерін қолдайды.

1915 ж. ерте дегенде 28 сентябрьде (11 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ[37]

Циммервальд манифесі, социал-демократиялық партиялардың программаларының немесе тактикалық қарарларының көпшілігі сияқты, «ұлттардың өзін өзі билеу правосын» жариялайды. Парабеллум «Berner Tagwacht»-тің 252—253-номерлерінде «өзін өзі билеу жөніндегі жоқ право үшін күресті» «жалған үміт» деп жариялайды және оған «пролетариаттың капитализмге қарсы революциялық бұқаралық күресін» *қарсы қояды*, сонымен бірге «біз аннексияға қарсымыз» (бұл сендіру Парабеллум мақаласында *бес* рет қайталанған) және ұлттарға зорлық-зомбылық көрсетудің қандайына болса да қарсымыз деп *сендірмек болады.*

Парабеллум позициясының дәлелдері: енді барлық ұлт мәселелері, Эльзас-Лотарингия, армян мәселелері және басқа мәселелер тек империализм мәселелері ғана болады дегенге,— капитал ұлттық мемлекеттердің шеңберлерінен шығып кетті,—«тарих тегершігін» ұлттық мемлекеттердің заманы өткен мұратына қарай «кері бұруға» болмайды, т. б. дегенге келіп тіреледі.

Парабеллумның пайымдаулары дұрыс па екен, қарап көрелік.

Біріншіден, атап айтқанда Парабеллум «ұлттық мемлекет мұратын» жұмысшы табының қабылдауына қарсы жорыққа шыққанда алға қарамай, өткенге қарап, назарын Англияға, Францияға, Италияға, Германияға, яғни ұлт-азаттық қозғалысы өткен заманда болған елдерге аударады да, Шығысқа, Азияға, Африкаға, отар-



(1

1626 Das revolutionäre Proletariat und
24 das Selbstbestimmungsrecht der Nationen.

Das Zimmerwalder Manifest, sowie auch die Mehrheit der Programme oder der taktischen Resolutionen der sozdem. Parteien, proklamiert das Selbstbestimmungsrecht der Nationen. Gen. Parabellum in den Nr. 252–3 der „Berner Tagwacht" erklärt ~~für illusorisch~~ den Kampf um das nicht existierende Selbstbestimmungsrecht" für illusorisch ~~das~~ und stellt demselben den „revolutionären Massenkampf des Proletariats gegen den Kapitalismus" entgegen, indem er versichert, daß „wir gegen die Annexionen" sind (diese Versicherung ist fünf Mal im Artikel des Gen. P. wiederholt worden) sowie auch gegen alle „nationale Gewaltakte".

Die Motivierung des Standpunktes des Gen. P. und

В. И. Лениннің «Революцияшыл пролетариат және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1915 ж.

Кішірейтілген

ларға— ұлт-азаттық қозғалысы қазір жүріп жатқан және келешекте болатын елдерге аудармайды. Индияны, Қытайды, Персияны, Египетті атасақ та жетіп жатыр.

Сонан соң. Империализм—капиталдың ұлттық мемлекеттердің шеңберлерінен шығуы деген сөз, ол—жаңа тарихи негізде ұлттық езгінің ұлғаюы және шиеленісуі деген сөз. Бұдан, Парабеллум айтқандай емес, керісінше, біз социализм жолындағы революциялық күресті ұлт мәселесіндегі революциялық программамен *байланыстыруға* тиіспіз деген мағына туады.

Парабеллумның ойынша былай болып шығады: ол социалистік революцияға *бола* демократиялық саладағы дәйекті революциялық программаны елемей лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Пролетариат демократия арқылы, яғни демократияны толық жүзеге асыра отырып және барынша батыл түрде тұжырымдалған демократиялық талаптарды өз күресінің әрбір адымымен байланыстыра отырып жеңеді, басқаша жеңе алмайды. Социалистік революцияны және капитализмге қарсы революциялық күресті демократия мәселелерінің *біріне,* бұл ретте ұлт мәселесіне *қарсы қою* сөкеттік болады. Біз капитализмге қарсы революциялық күресті *барлық* демократиялық талаптар жөніндегі, республика, милиция, чиновниктерді халықтың сайлауы, әйелдердің тең праволы болуы, ұлттардың өзін өзі билеуі, т. б. талаптар жөніндегі революциялық программамен және тактикамен *біріктіруге* тиіспіз. Капитализм өмір сүріп тұрғанда бұл талаптардың бәрі де тек ерекше жағдай түрінде ғана және оның үстіне жартылай, бұрмаланған түрде жүзеге асады. Қазірдің өзінде жүзеге асқан демократизмге сүйене отырып, капитализм тұсында оның толық емес екендігін әшкерелей отырып, біз бұқараның қайыршылығын жою үшін де, *барлық* демократиялық өзгерістерді *толық* және *жан-жақты* жүзеге асыру үшін де қажетті негіз ретінде, капитализмді құлатуды, буржуазияны экспроприациялауды талап етеміз. Бұл өзгерістердің кейбіреулері буржуазияны құлатқанға дейін, екіншілері осы құлату *барысында,* үшіншілері құлатқаннан кейін басталады. Әлеуметтік революция— бір ғана шайқас емес, буржуазияны экспроприациялау-

мен аяқталатын экономикалық және демократиялық өзгерістердің барлық және қандай да болсын мәселелері жөнінде болатын толып жатқан шайқастар дәуірі. Нақ осы түпкі мақсатты көздей отырып, біз өзіміздің демократиялық талаптарымыздың *әрқайсысын* дәйекті революциялық түрде тұжырымдауға тиіспіз. Қандай да болсын белгілі бір елдің жұмысшылары түбегейлі демократиялық өзгерістердің ең болмаса біреуінің толық жүзеге асуына *дейін* буржуазияны құлатуы әбден мүмкін. Бірақ, егер пролетариат буржуазияны жеңуге барынша дәйекті және революциялық-батыл демократизм рухында тәрбиеленіп дайындалмаған болса, пролетариаттың, тарихи тап ретінде, буржуазияны жеңуі мүлде мүмкін емес.

Империализм — ат төбеліндей ұлы державалардың дүние жүзіндегі ұлттарды үдете езуі, ұлттарды езгіге салуды ұлғайту және нығайту үшін ұлы державалар арасында болатын соғыстар заманы, екіжүзді социал-патриоттардың, яғни «ұлттардың бостандығы», «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» және «отан қорғау» деген *сылтаулармен* дүние жүзіндегі ұлттардың көпшілігін ұлы державалардың езуін ақтаушы және қорғаушы адамдардың халық бұқарасын алдау заманы.

Сондықтан, ұлттардың нақ осы езуші және езілуші ұлттарға бөлінуі социал-демократия программасында негізгі орын алуға тиіс, империализмнің *мәні* болып табылатын осы бөлінуді социал-шовинистер мен Каутский *жалғандықпен* аттап кетіп отыр. Бұл бөліну буржуазиялық пацифизмнің немесе капитализм тұсында тәуелсіз ұлттардың бейбіт бәсекесі жөніндегі мещандық утопия тұрғысынан қарағанда мәнді емес, бірақ империализмге қарсы революциялық күрес тұрғысынан қарағанда бұл нақ мәнді нәрсе. Ал осы бөлінуден «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» жөніндегі *біздің* анықтамамыз, дәйекті демократиялық, революциялық және социализм үшін дереу күрестің жалпы міндетіне *сай* келетін анықтамамыз тууға тиіс. Езуші ұлттардың социал-демократтары осы право үшін, оны адал мойындауды қорғай отырып, езілуші ұлттардың бөлініп шығуға ерікті болуын талап етуге тиіс,— өйткені бұлай

болмаған күнде ұлттардың тең праволылығын және жұмысшылардың интернационалдық ынтымағын мойындау іс жүзінде тек бос сөз, тек екіжүзділік қана болар еді. Ал езілуші ұлттардың социал-демократтары езілуші ұлттардың жұмысшылары мен езуші ұлттардың жұмысшыларын біріктіруді және қосуды негізгі міндет етіп қоюға тиіс,— өйткені бұлай болмаған күнде бұл социал-демократтар халық пен демократияның мүдделерін *әрқашан* да сатып кететін, өз кезегі келгенде аннексияға және басқа ұлттарды езуге *әрқашан да* әзір тұратын белгілі бір ұлттық *буржуазияға* лажсыздан одақтас болып шығады.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында ұлт мәселесінің қойылысы сабақ аларлық мысал бола алады. Тап күресі туралы және социалистік революция туралы пікір атаулыдан мақұрым ұсақ буржуазияшыл демократтар капитализм тұсында ерікті және тең праволы ұлттардың бейбіт бәсекесі жөнінде утопияға салынды. Прудонистер әлеуметтік революцияның тікелей міндеттері тұрғысынан қарап, ұлт мәселесін және ұлттардың өзін өзі билеу правосын мүлде «жоққа шығарды». Маркс француз прудонизмін келеке етті, оның француз шовинизмімен туыстығын көрсетті («Франциядағы мырзалар қайыршылықты жойғанға дейін бүкіл Европа өз орнында тыныш және жайбарақат отыра алады және отыруға тиіс»... «олар ұлттарды жоққа шығару дегенді, өздері де ұғынбай, сірә, ол ұлттардың өнегелі француз ұлтына сіңіп кетуі деп түсінетін тәрізді»). Маркс,—«бөлінуден кейін іс федерацияға әкеп соғатын болса да»,— Англиядан *Ирландияның бөлінуін* талап етті — және мұны бейбіт капитализмнің ұсақ буржуазиялық утопиясы тұрғысынан емес, «Ирландияға әділеттік жасау»[38] тұрғысынан емес, *езуші ұлт, яғни ағылшын ұлты* пролетариатының капитализмге қарсы революциялық күресінің мүдделері тұрғысынан қарап талап етті. Басқа ұлтты езгіге салуы *бұл* ұлттың бостандығын матап, мүгедек етіп келді. Егер *ағылшын* пролетариаты Ирландияның бөлініп шығуын талап етпесе, онда *оның* интернационализмі тек екіжүзді бос сөз болып қана қалар еді. Маркс ешқашан не ұсақ мем-

лекеттерді, не жалпы алғанда мемлекеттік бөлшектенуді, не федерация принципін жақтаған емес, ол езілуші ұлттың бөлініп шығуын федерацияға қарай жасалған адым деп қарады, демек, бөлшектенуге емес, қайта саяси жағынан да, экономикалық жағынан да шоғырлануға, бірақ демократизм негізінде шоғырлануға қарай жасалған адым деп қарады. Парабеллумның көзқарасынша, Маркс Ирландияның бөлініп шығуы жөніндегі осы талабын қойғанда, сірә, «жалған үміт күресін» жүргізген тәрізді. Ал іс жүзінде *тек* осындай талап *қана* дәйекті революциялық программа болды, тек осы талап қана интернационализмге сай келді, тек осы талап қана империалистік *емес жолмен* шоғырлануды қорғады.

Біздің кезіміздегі империализм ұлы державалардың ұлттарды езуі жаппай құбылыс болуына әкеліп соқтырды. Қазір ұлттарды езуді ныгайту үшін империалистік соғыс жүргізіп жатқан, дүние жүзіндегі ұлттардың көпшілігін және жер бетіндегі халықтардың көпшілігін езіп отырған ұлы державалық ұлттардың социал-шовинизміне қарсы нақ осы күрес тұрғысы, нақ осы көзқарас социал-демократияның ұлт программасында шешуші, басты, негізгі көзқарас болуға тиіс.

Ал социал-демократиялық ой-пікірдің осы мәселе жөніндегі қазіргі бағыттарына қарап көріңіздерші. Капитализм тұсында ұлттардың теңдігі мен татулығы туралы арман ететін ұсақ буржуазияшыл утопистер орындарын социал-империалистерге беріп отыр. Парабеллум біріншілермен күрескенде жел диірменмен күреседі, еркінен тыс екіншілердің сойылын соғады. Ұлт мәселесінде социал-шовинистердің программасы қандай?

Не олар Парабеллумның дәлелдері тәрізді дәлелдер келтіріп, өзін өзі билеу правосын мүлде теріске шығарады (Кунов, Парвус, орыс оппортунистері: Семковский, Либман және басқалар). Не олар бұл правоны мейлінше екіжүзділікпен мойындайды, атап айтқанда мұны нақ өз ұлты немесе өз ұлтының соғыстағы одақтасы езіп отырған ұлттарға қолданбайды (Плеханов, Гайндман, барлық франкофильдік патриоттар, онан соң Шейдеман және басқалар). Социал-шовинистік өтірік-

тің неғұрлым мүләйім және сондықтан да пролетариат үшін неғұрлым қауіпті тұжырымын Каутский береді. Сөз жүзінде ол ұлттардың өзін өзі билеуін *жақтайды,* сөз жүзінде ол социал-демократиялық партия «die Selbständigkeit der Nationen allseitig (!!) und rückhaltlos (??) achtet und fordert»* («Neue Zeit», 33, II, S. 241; 21. V. 1915) керек дейді. Ал *іс жүзінде* ол ұлт программасын үстем болып отырған социал-шовинизмге бейімдейді, оны бұрмалайды және күзейді, езуші ұлттар социалистерінің міндеттерін дәл белгілемейді, тіпті әрбір ұлт үшін «мемлекеттік дербестікті» (staatliche Selbständigkeit) талап ету «шектен тыс нәрсені» («zu viel», «Neue Zeit», 33, II, 77; 16. IV. 1915) талап еткендік болар еді деп, демократиялық принципті тікелей бұрмалайды. Қараңызшы, «ұлттық автономия» жетеді дейді!! Каутский нақ сол, империалистік буржуазия сөз етуге жол бермейтін басты мәселеге,— ұлттарды езу негізінде құрылған *мемлекеттің шекаралары* туралы мәселеге жоламайды, осы буржуазияның ыңғайына құлап, программаның ең маңызды жерін алып тастайды. Пролетариат жариялылықтың шеңберінен шықпаса болғаны және мемлекет *шекаралары* туралы мәселеде буржуазияға «бейбіт» бағынып отырса болғаны, буржуазия «ұлттардың тең праволылығының» қандайын да, «ұлт автономиясының» қандайын да бермекші болып уәде етуге дайын! Каутский социал-демократияның ұлттық программасын революциялық тұрғыда емес, реформистік тұрғыда тұжырымдайды.

Парабеллумның ұлттық программасына, дәлірек айтқанда оның «біз аннексияға қарсымыз» деп *сендірулеріне* Parteivorstand**, Каутский, Плеханов және К° қос қолдап қолдарын қойып отырған себебі сол — бұл программа үстем болып отырған социал-патриоттарды әшкерелемейді. Бұл программаға буржуа-пацифистер де қол қояды. Парабеллумның тамаша *жалпы* программасы («капитализмге қарсы революциялық бұқаралық күрес») оған,— 60-жылдардың прудонистеріне де,— ұлт

* — «ұлттардың дербестігін жан-жақты (!!) және сөзсіз (??) құрметтеді, қорғады». *Ред.*

** — Герман социал-демократиялық партиясының басқармасы. *Ред.*

мәселесінде оған сәйкес, оның рухында ешбір ымыраға көнбейтін, соншама революциялық программа жасау үшін емес, бұл жерде социал-патриоттарға жол аршу үшін қызмет етеді. Дүние жүзіндегі социалистердің көпшілігі біздің империалистік заманда басқа ұлттарды езуші және осы езгіні ұлғайтуға тырысушы ұлттарға жатады. Сондықтан, егер біз: езуші ұлт социалисі бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да езілуші ұлттардың бөлініп шығуға ерікті болуын насихаттамайтын болса, ол социалист емес, интернационалист емес, шовинист! — деп мәлімдемейтін болсақ, біздің «аннексияға қарсы күресіміз» мағынасыз, социал-патриоттарға тіпті де қорқынышы жоқ күрес болып қала береді. Үкіметтердің тыйым салғанына қарамастан, яғни еркін баспасөзде, яғни құпия баспасөзде осы насихатты жүргізбейтін езуші ұлт социалисі ұлттардың тең праволылығын екіжүзді жақтаушы болып қала береді!

Өзінің буржуазиялық-демократиялық революциясын әлі аяқтамаған Россия жөнінде Парабеллум *бір-ақ* ауыз сөз айтқан:

«Selbst das wirtschaftlich sehr zurückgebliebene Rußland hat in der Haltung der Polnischen, Lettischen, Armenischen Bourgeoisie gezeigt, daß nicht nur die militärische Bewachung es ist, die die Völker in diesem «Zuchthaus der Völker» zusammenhält, sondern Bedürfnisse der kapitalistischen Expansion, für die das ungeheure Territorium ein glänzender Boden der Entwicklung ist»*.

Бұл «социал-демократиялық көзқарас» емес, либералдық-буржуазиялық көзқарас, интернационалистік көзқарас емес, великорустық-шовинистік көзқарас. Неміс социал-патриоттарына қарсы сондайлық тамаша күресетін Парабеллумның, сірә, осы соңғы айтылған шовинизммен таныстығы өте-мөте аз болса керек. Парабеллумның осы сөздерінен социал-демократиялық қағида

* — «Тіпті шаруашылық жағынан өте-мөте артта қалған Россия осы «халықтар түрмесінде» халықтарды ұстап отырған тек әскери күзет қана емес, сонымен қатар капиталистік экспансияның қажеттері де екенін поляк, латыш және армян буржуазиясының іс-әрекеті арқылы көрсетті, ал бұл экспансия үшін орасан зор территория дамудың тамаша негізі болып табылады». *Ред.*

және социал-демократиялық қорытындылар шығару үшін оны төмендегі түрде өзгертіп, толықтыру керек:

Патша өкіметі әскери-феодалдық сипатта болғандықтан ғана, великорустық буржуазия патша өкіметін қолдайтындықтан ғана Россия халықтар түрмесі болып отырған жоқ, сонымен бірге поляк буржуазиясы және басқалар ұлттардың бостандығын, сондай-ақ жалпы алғанда демократизмді капиталистік экспансияның мүдделеріне құрбан еткендіктен де ол халықтар түрмесі болып отыр. Россияның пролетариаты патша өкіметі езіп отырған барлық ұлттардың Россиядан бөлініп шығуға толық және «rückhaltlos»* ерікті болуын казірдің өзінде-ақ талап етпейінше халықты жеңімпаз демократиялық революцияға (бұл оның таяудағы міндеті) бастай да алмайды, Европадағы өзінің бауырлас-пролетарларымен бірлесіп, социалистік революция үшін күресе де алмайды. Біз мұны өзіміздің социализм жолындағы революциялық күресімізге байланыстырмай талап етіп отырғанымыз жоқ, өйткені осы соңғы айтылған күресті барлық демократиялық мәселелердің, соның ішінде ұлт мәселесінің де революциялық түрде қойылуына біртұтас етіп байланыстырмаса, бұл күрес бос сөз болып қала береді. Біз езілген ұлттардың өзін өзі билеуге ерікті болуын, *яғни* тәуелсіздігін, *яғни* бөлініп шығуға ерікті болуын талап еткенде шаруашылық жағынан бөлшектену туралы немесе ұсақ мемлекеттер мұраты туралы арман ететіндігімізден талап етіп отырғанымыз жоқ, қайта, керісінше, біз ірі мемлекеттер болуын және ұлттардың жақындасуын, керек десе, олардың қосылуын, бірақ бөлініп шығуға ерікті болмайынша *ақылға сыйымсыз,* шын демократиялық, шын интернационалистік негізде қосылуын тілегендіктен талап етіп отырмыз. Маркстің 1869 жылы Ирландияның бөлініп шығуын бөлшектеу үшін емес, Ирландияның Англиямен бұдан былай ерікті түрде одақтасуы үшін, «Ирландияға әділеттік жасағандықтан» емес, ағылшын пролетариатының революциялық күресінің мүдделері үшін талап еткені сияқты, біз де Россия социалистерінің,

* — «сөзсіз». *Ред.*

өзіміз атап көрсеткен мағынада, ұлттардың өзін өзі билеуге ерікті болуын талап етуден бас тартуы демократияға, интернационализмге және социализмге тура опасыздық жасағандық деп есептейміз.

Неміс тілінде 1915 ж. ерте дегенде 16 (29) октябрьде жазылған
Қол қойған: N. Lenin

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Неміс тілінен Н. К. Крупская аударып, В. И. Ленин түзеткен аударма бойынша басылып отыр



1

To the Secretary of the "Socialist Propaganda League"
Mr. C. W. Fitzgerald, 20 Tucker St., Haverhill,
Mass.

Dear comrades!

We are extremely glad to get your leaflet. Your appeal to the members of the Socialist Party to struggle for the a new International, for clear-cut revolutionary socialism as taught by Marx & Engels, and against the opportunism, especially against those who are in favor of working class participation in a war of defence, corresponds fully with the position our party (Social Democratic Labor Party of Russia, Central Committee) has taken from the beginning of this war & has always taken during more than ten years.

We send you our sincerest greetings

В. И. Лениннің ««Социалистік насихат лигасының» секретарына» хатының бірінші беті. — Ноябрь, 1915 ж.

Кішірейтілген

«СОЦИАЛИСТІК НАСИХАТ ЛИГАСЫНЫҢ» СЕКРЕТАРЫНА[39]

Қымбатты жолдастар!

Сіздердің листовкаңызды алып, біз өте қуандық. Сіздердің социалистік партия мүшелерін жаңа Интернационал үшін, Маркс пен Энгельс үйреткен шынайы революциялық социализм үшін күресуге, оппортунизмге қарсы, әсіресе жұмысшы табының қорғаныс соғысқа қатысуын жақтайтындарға қарсы күресуге шақырған үндеуіңіз біздің партияның (Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының, *Орталық Комитеттің)* осы соғыс басталған кезден-ақ ұстаған позициясына және 10 жылдан астам уақыт бойына әрдайым ұстап келген позициясына толық сай келеді.

Біз сіздерге шын жүректен сәлем жолдаймыз және шын интернационализм үшін күресіміздің ойдағыдай болуына ең жақсы тілегімізді білдіреміз.

Өзіміздің баспасөзіміз бен насихатымызда біз сіздердің программаңызбен бірқатар мәселелер жөнінде келіспейміз. Барлық елдерде келісімге бармайтын революцияшыл социалистердің, әсіресе марксистердің халықаралық күресін үйлестіруді көздеп, дереу елеулі қадамдар жасау үшін біз осы келіспеушіліктерді сіздерге қысқаша көрсете кетуді мейлінше қажет деп санаймыз.

Біз ескі, екінші (1889—1914) Интернационалды мейлінше қатал сынаймыз, біз оны өлі нәрсе деп және оны ескі негізде қайта құруға тұрмайды деп жариялаймыз. Бірақ біз өзіміздің баспасөзде: «тікелей талаптар»

дейтіндерге осы күнге дейін тым көп орын беріліп келді дегенді және мұның өзі социализмнің маңызын жоюға әкеліп соқтыруы мүмкін дегенді ешқашан да айтпаймыз. Біз: буржуазиялық партиялардың бәрі, жұмысшы табының революциялық партиясынан басқа партиялардың бәрі реформалар туралы айтқанда өтірік айтады, екіжүзділік жасайды дейміз және осыны дәлелдейміз. Біз жұмысшы табына өз жағдайын (экономикалық және саяси) тіпті аздап болса да, бірақ нақтылы жақсартуына жәрдем беруге тырысамыз және біз бұқараның революциялық күрес әдістері қолдамаса, *ешқандай* реформа берік, шынайы және елеулі реформа бола алмайды дегенді әрдайым қоса айтамыз. Біз қашан да болсын былай деп үйретеміз: социалистік партия реформа үшін болатын осы күресті жұмысшы қозғалысының революциялық әдістерімен біріктірмесе, ол сектаға айналып кетуі мүмкін, бұқарадан қол үзуі мүмкін, ал мұның өзі шынайы революциялық социализмнің табысты болуына ең елеулі қауіп төндіреді.

Біз өзіміздің баспасөзде ішкі партиялық демократияны үнемі қорғап отырамыз. Бірақ біз ешқашан партияны орталықтандыруға қарсы пікір айтпаймыз. Біз демократиялық централизмді жақтаймыз. Біз герман жұмысшы қозғалысының орталықтандырылуы оның әлсіздігінің емес, күштілігі мен дұрыстығының белгісі дейміз. Қазіргі Германия социал-демократиялық партиясының кемшілігі оның орталықтандырылуында емес, оппортунистердің, әсіресе қазір, соғыс кезіндегі сатқындық әрекетінен кейін, партиядан шығарылуға тиісті оппортунистердің басым болып отырғандығында. Егер әрбір дағдарыс тұсында кішкене топ (мысалы, біздің Орталық Комитет кішкене топ болып табылады) қалың бұқараны *революция жағына қарай* бағыттай алса, бұл өте жақсы болар еді. *Барлық* дағдарыстардың тұсында бұқара тікелей қимыл жасай алмайды, бұқара партиялардың орталық мекемелерінің кішкене топтарының жәрдемін керек етеді. Осы соғыс басталысымен-ақ, 1914 жылдың сентябрінен бастап, біздің Орталық Комитет бұқараға: «қорғаныс соғысы» туралы жалған

сөздерге сенбеңдер, оппортунистерден және «джинго-социалист» дейтіндерден (*қазір* қорғаныс соғысын жақтайтын социалистерді біз осылай атаймыз) қол үзіңдер деп түсіндіріп келеді. Біз өзіміздің Орталық Комитеттің осы орталықтандыру шаралары пайдалы және қажет болды деп ойлаймыз.

Біз цехтық одақтарға қарсы болуға және өнеркәсіптік одақтарды жақтауға тиіспіз, яғни орталықтандырылған, ірі кәсіподақтарды жақтауға және партияның *барлық* мүшелерінің экономикалық күрес пен жұмысшы табының *барлық* кәсіподақтық және кооперативтік ұйымдарына неғұрлым қызу түрде қатысуын жақтауға тиіспіз деген сіздерге біз қосыламыз. Бірақ біз Германиядағы Легин мырза және Америка Құрама Штаттарындағы Гомперс мырза сияқты адамдарды буржуйлар деп, ал олардың саясатын — социалистік саясат емес, ұлтшылдық буржуазиялық саясат деп есептейміз. Легин, Гомперс мырзалар және осылар тәрізді адамдар жұмысшы табының өкілдері емес: олар — жұмысшы табының тек аристократиясы мен бюрократиясының ғана өкілдері.

Саяси бой көрсетуде сіздер жұмысшылардың «жаппай бой көрсетуін» талап етсеңіздер, біз сіздерге түгелдей тілектеспіз. Герман революцияшыл интернационалист-социалистері де осыны талап етеді. Өзіміздің баспасөзде, мысалы, саяси ереуілдер (Россияда өте-мөте дағдылы), көше демонстрациялары және ұлттар арасындағы қазіргі империалистік соғыс дайындап отырған азамат соғысы сияқты саяси жаппай бой көрсету деп, атап айтқанда, нені түсіну керек екенін біз толық анықтауға тырысамыз.

Біз *осы күнгі* (II Интернационалда басым болып отырған) социалистік партиялардың ішінде бірлік болуын уағыздамаймыз. Керісінше, біз оппортунистерден *қол үзуді* талап етеміз. Соғыс — ең жақсы көрнекі сабақ. *Барлық* елдерде оппортунистер, олардың лидерлері, олардың неғұрлым ықпалды газеттері мен журналдары соғысты *жақтайды,* басқаша айтқанда, олар пролетарлық бұқараға қарсы «өздерінің» ұлттық буржуазиясымен (орта таппен, капиталистермен) шын *бі-*

рігіп отыр. Сіздер: қорғаныс соғысын жақтап пікір айтқан социалистер Америкада да бар дейсіздер. Мұндай адамдармен одақ жасасу қылмыс екеніне біздің көзіміз жетеді. *Мұндай* одақ ұлттық орта таппен және капиталистермен одақ жасасу, халықаралық революцияшыл жұмысшы табынан *қол үзу* болып табылады. Ал біз ұлтшыл оппортунистерден қол үзуді, халықаралық марксист-революционерлермен және жұмысшы табы партияларымен одақтасуды жақтаймыз.

Біз өзіміздің баспасөзде Америкадағы Социалистік партияның Социалистік жұмысшы партиясымен (S. P. and S. L. P.) [40] бірігуіне ешқашан қарсылық білдірмейміз. Біз үнемі Маркс пен Энгельстің хаттарына (әсіресе американ социалистік қозғалысының белсенді мүшесі Зоргеге жазған хаттарына) сүйенеміз, бұл хаттарында олардың екеуі де Социалистік жұмысшы партиясының (S. L. P.) сектапттық сипатын айыптайды[41].

Біз сіздердің ескі Интернационалды сынауларыңызға толығынан қосыламыз. Біз Циммервальд конференциясына (Швейцария 5—8. IX. 1915 ж.) қатыстық. Біз онда *сол қанатты* құрып, *өзіміздің қарарымызды* және манифест жобасын ұсындық. Біз бұл документтерді жуырда ғана неміс тілінде жарияладық, енді мен сіздің Лигада неміс тілін білетін жолдастар бар шығар деген үмітпен оларды (өзіміздің «Социализм және соғыс» деген кітапшамыздың немісше аудармасын бірге) сізге жіберіп отырмын. Егер сіз осы нәрселерді ағылшын тілінде басып шығару жөнінде бізге жәрдемдесе алатын болсаңыз (мұның өзі тек Америкада ғана мүмкін, содан кейін біз оларды Англияға жіберер едік), сіздің жәрдеміңізді зор ықыласпен қабылдар едік.

Шын интернационализм үшін және «джинго-социализмге» қарсы күресімізде біз қытай және жапон жұмысшыларының иммиграциясын (әсіресе 1907 жылғы Штутгарттағы конгрестен кейін және оның шешімдеріне *қарамастан*) тежеуді жақтайтын Америкадағы Социалистік партияның (S. P.) оппортунист көсемдерін баспасөзімізде үнемі көрсетіп отырамыз. Біз интернационалист бола отырып, сонымен бірге осы тәрізді тежеулерді жақтауға болмайды деп ойлаймыз. Егер тек

билеуші және *езуші* ұлтқа жататын американ жәпө әсіресе ағылшын социалистері иммиграцияға шек қою және отарларды иелену (Гавай аралдары) атаулыға қарсы болмаса, егер олар отарлардың толық тәуелсіздігін жақтамайтын болса, онда біз мұндай социалистерді шын мәнінде «джинго» деп есептейміз.

Қорытындыда мен сіздің Лигаңызға ең жақсы сәлемімді және тілектестігімді тағы да қайталап айтамын. Біз бұдан былай да сізден хабар алып тұрсақ және шын интернационализм үшін оппортунизмге қарсы күресімізді *біріктіретін* болсақ, өте-мөте қуанышты болар едік.

Өзіңіздің *Н. Ленин*

NB: Россияда *екі* социал-демократиялық партия бар. Біздің партия (*«Орталық* Комитет») оппортунизмге қарсы. Екінші партия (*«Ұйымдастыру* комитеті») — оппортунистік. Біз ол партиямен одақтасуға *қарсымыз.*

Сіз біздің ресми адресімізге жазуыңызға болады (Орыс кітапханасы. Орталық Комитет үшін — Гюго де Санже көшесі, 7, *Женева*, Швейцария). Бірақ, дұрысы, менің өз адресіме жазыңыз: *Вл. Ульянов.* Зайденвег, 4-а. III. *Берн.* Швейцария.

1915 ж. 31 октябрь мен 9 ноябрь (13 және 22 ноябрь) аралығында ағылшын тілінде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Ағылшын тілінен аударма

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЕКІ БАҒЫТЫ ТУРАЛЫ

«Призывтың» [42] 3-номерінде Плеханов мырза Россиядағы болашақ революция туралы негізгі теориялық мәселені қоймақшы болады. Ол Маркстен бір цитат келтіреді, онда былай делінген: Францияда 1789 жылғы революция өрлеу бағытымен, ал 1848 жылғы революция құлдилау бағытымен жүріп отырды. Бірінші жағдайда өкімет билігі біртіндеп неғұрлым баяу партиядан неғұрлым солшыл партияға ауысты: конституционалистер — жирондистер — якобиншілдер. Екінші жағдайда — керісінше болды (пролетариат — ұсақ буржуазиялық демократтар — буржуазиялық республикашылдар — III Наполеон). «Дұрысы,— деп қорытады біздің автор,— орыс революциясын өрлеу бағытына бағдарлау», яғни өкімет билігі әуелі кадеттер мен октябристерге [43], содан соң трудовиктерге, одан кейін социалистерге ауысатындай ету. Бұл пайымдаудан, әрине, кадеттерді қолдағысы келмейтін және күні бұрын олардың беделін түсіретіп Россиядағы солшылдардың ісі ақылсыздық деген қорытынды шығады.

Плеханов мырзаның бұл «теориялық» пайымдауы марксизмді либерализммен алмастырудың тағы да бір үлгісі болып табылады. Плеханов мырза істі алдыңғы қатарлы элементтердің «стратегиялық ұғымдары» «дұрыс па» әлде теріс пе?— деген мәселеге әкеліп тірейді. Маркс басқаша пайымдаған. Ол фактіні көрсетті: екі жағдайдың екеуінде де революция әр түрлі жолмен жүрді, ал бұл айырмашылықтың *түсініктерін* Маркс

«стратегиялық ұғымдардан» іздеген *жоқ*. Марксизм тұрғысынан қарағанда, оны ұғымдардан іздеу күлкілі нәрсе. Оны *таптардың арақатынасының* айырмашылықтарынан іздеу керек. Сол Маркстің өзі: 1789 жылы Франциядағы буржуазия шаруалармен бірікті, ал 1848 жылы ұсақ буржуазиялық демократия пролетариатқа опасыздық жасады деп жазған[44]. Плеханов мырза Маркстің осы пікірін біледі, бірақ Маркстi «Струвеге ыңғайлап» өзгерту үшін бұл туралы үндемейді. 1789 жылғы Францияда мәселе абсолютизм мен дворяндарды құлату жөнінде болды. Экономикалық және саяси дамудың сол кездегі сатысында буржуазия мүдделердің үйлесетіндігіне сенді, өзінің үстемдігінің беріктігі жөнінде қорықпады және шаруалармен одақтасуға барды. Осы одақ революцияның толық жеңісін қамтамасыз етті. 1848 жылы мәселе пролетариаттың буржуазияны құлатуы жөнінде болды. Пролетариат ұсақ буржуазияны өз жағына тарта алмады, ал ұсақ буржуазияның опасыздығы революцияның жеңілуіне әкеп соқты. 1789 жылы өрлеу бағыты халық бұқарасы абсолютизмді жеңген революцияның формасы болды. 1848 жылғы құлдилау бағыты ұсақ буржуазия бұқарасы тарапынан пролетариатқа опасыздық жасалуы революцияның жеңілуін туғызған революцияның формасы болды.

Плеханов мырза мәселені таптардың арақатынасына емес, «стратегиялық ұғымдарға» әкеліп тіреп, марксизмді тұрпайы идеализммен алмастырды.

1905 жылғы орыс революциясының және одан кейінгі контрреволюциялық дәуірдің тәжірибесі бізге мынаны көрсетеді: бұқараға басшылық ықпал жүргізу жолында екі таптың — пролетариат пен либерал буржуазияның күресі мағынасында бізде революцияның *екі* бағыты болғаны байқалады. Пролетариат революцияшылдықпен бой көрсетті және монархия мен помещиктерді құлату жолында демократияшыл шаруаларды өз соңынан ертті. Шаруалардың демократиялық мағынадағы революциялық талпыныстар жасағандығын ірі саяси оқиғалардың *бәрі кең* көлемде дәлелдеді: 1905—1906 жылдардағы шаруалар көтерілістері де, сол жыл-

дардағы әскери толқулар да, 1905 жылғы «шаруалар одағы» да, трудовик-*шаруалар* «кадеттерден гөрі солшыл» ғана болып қоймай, *сонымен қатар,* интеллигент-*социал-революционерлер* мен трудовиктерден *революцияшыл* болып бой көрсеткен алғашқы екі Дума да дәлелдеді. Өкінішке қарай, мұны жиі ұмытып кете береді, бірақ бұл — факт. III Думада да, IV Думада да трудовик-*шаруалар,* әлсіз жақтары бола тұрса да, деревня бұқарасының помещиктерге *қарсы* пиғылда екендігін корсетті.

Орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының «стратегиялық» былшылдан емес, фактілерден алынған бірінші бағыты: пролетариаттың батыл күресі, шаруалардың оған батыл ермегендігі болды. Бұл екі таптың екеуі де монархияға қарсы және помещиктерге қарсы шықты. Бұл таптардың күштері мен батылдығының жетіспеуі жеңіліске әкеліп соқтырды (дегенмен самодержавиенің шебі ішінара бұзылды).

Екінші бағыт либерал буржуазияның іс-әрекеті болды. Мұның өкілдері *біртұтас* күш ретіндегі кадеттер мен октябристер екенін біздер, большевиктер, үнемі, әсіресе 1906 жылдың коктемінен бастап айтып келдік. 1905—1915 жылдардың арасындағы он жыл біздің көзқарасымызды растады. Күрестің шешуші кезеңдерінде кадеттер октябристермен бірге демократияға опасыздық жасады және патша мен помещиктерге көмекке «барды». Орыс революциясының «либералдық» бағыты буржуазияны монархиямен ымыраластыру үшін бұқараның күресін «тыныштандыруда» және бөлшектеуде болды. Орыс революциясының халықаралық жағдайы да, орыс пролетариатының күші де либералдарға осындай іс-әрекетті лажсыздан істетті.

Большевиктер пролетариаттың бірінші бағыт бойынша жүруіне, оның жанқиярлық батылдықпен күресуіне және шаруаларды соңынан ертуіне саналы түрде көмектесті. Меньшевиктер Булыгин Думасына (август, 1905 ж.) қатысуға шақырудан бастап, 1906 жылғы кадеттік министрлікке дейін және 1907 жылы демократияға *қарсы* кадеттермен блок жасасуға дейін құлдырап, пролетариатты оның қозғалысын либерал-

дарға бейімдеу арқылы аздырып, үнемі екінші бағытпен жүріп отырды. (Жақшаның ішінде көрсете кетейік: Плеханов мырзаның көзқарасынша, ол кезде кадеттер мен меньшевиктердің «стратегиялық дұрыс ұғымдары» жеңіліске ұшырады. Неліктен? Данышпан Плеханов мырзаны және большевиктердің айтқан кеңестерінен гөрі жүз есе кең тараған кадеттік кеңестерді бұқара неліктен тыңдамады?)

1904—1908, сондай-ақ кейін 1908—1914 жылдардағы *бұқара* саясатында тек осы ағымдар, большевиктік және меньшевиктік ағымдар гана, тек осы ағымдар ғана өздерін көрсетті. Неліктен? Неге десеңіз, тек осы екі ағымның ғана берік таптық тамырлары болды, біріншісінің — пролетарлық, екіншісінің — либералдық-буржуазиялық тамырлары болды.

Қазір біз тағы да революцияға қарай келе жатырмыз. Мұны жұрттың бәрі көріп отыр. Шаруалардың 1905—1906 жылдарды еске түсіретін пиғылы туралы *Хвостовтың өзі* айтып отыр. Біз революцияның *нақ сол* екі бағытын, таптардың өзгерген халықаралық жағдайға қарай түрін өзгерткен *нақ сол* арақатынасын тағы да көріп отырмыз. 1905 жылы бүкіл европалық буржуазия патша өкіметі жағында болды және біреулері миллиардтарымен (француздар), біреулері—контрреволюциялық армия дайындаумен (немістер) оған көмектесті. 1914 жылы европалық соғыс өрті тұтанды; жер-жердің бәрінде де буржуазия пролетариатты уақытша жеңді, оны ұлтшылдық пен шовинизмнің лай тасқынымен шарпыды. Россияда ұсақ буржуазиялық халық бұқарасы, ең алдымен шаруалар, бұрынғыша халықтың көпшілігі болып отыр. Бұларды ең алдымен помещиктер езуде. Саяси жағынан алғанда бұлардың бір бөлегі ұйқыда, бір бөлегі шовинизм («Германияны жеңу», «отан қорғау») мен революцияшылдық арасында ауытқып жүр. Осы бұқараның — және осы ауытқулардың — саяси жаршылары, бір жағынан, халықшылдар (трудовиктер мен социал-революционерлер), екінші жағынан, 1910 жылдан бастап либералдық жұмысшы саясатының жолымен үзілді-кесілді құлдилаған, 1915 жылға қарай Потресов, Череванин, Левицкий, Маслов мырзалардың

социал-шовинизміне дейін немесе олармен «бірігуді» талап етуге дейін құлдыраған социал-демократ оппортунистер («Наше Дело», Плеханов, Чхеидзе фракциясы, Ұйымдастыру комитеті) болып табылады.

Осы нақты жағдайдан пролетариаттың айқын міндеттері келіп туады. Монархияға қарсы жан қиярлық батыл революциялық күрес (1912 жылғы январь конференциясының ұрандары [45], «үш кит»),— бүкіл демократияшыл бұқараны, яғни, негізінен алғанда, шаруаларды өз соңынан ертіп әкететін күрес. Ал сонымен бірге шовинизмге қарсы аяусыз күрес, *Европа* пролетариатымен одақтасып, Европаның социалистік революциясы үшін күрес. Ұсақ буржуазияның ауытқуы кездейсоқ нәрсе емес, сөзсіз болатын нәрсе, бұл оның таптық жағдайынан туындайды. Соғыс дағдарысы ұсақ буржуазияны — және соның ішінде шаруаларды да — солға қарай итермелейтін экономикалық және саяси факторларды *күшейтті.* Россияда демократиялық революцияның толық жеңіп шығу мүмкіндігінің объективті негізі осында. Батыс Европада социалистік революцияның объективті жағдайлары әбден пісіп жетілгендігін бұл жерде біздің дәлелдеп жатуымыздың қажеті жоқ; мұны барлық алдыңғы қатарлы елдердегі ықпалды социалистердің бәрі соғысқа дейін мойындаған болатын.

Алдағы революцияда таптардың арақатынасын анықтау — революциялық партияның басты міндеті. Бұл міндеттен Ұйымдастыру комитеті жалтарып отыр, ол Россияда «Наше Делоның» сенімді одақтасы болып, ал шетелде түк мағынасы жоқ «солшыл» құрғақ сөздерді таратып жүр. Бұл міндетті «Наше Слово» Троцкий қате шешіп отыр, ол өзінің 1905 жылғы «ерекше» теориясын қайталап, тұтас он жыл бойы өмірдің осы тамаша теорияға не себепті соқпай өткендігі туралы ойланғысы келмейді.

Троцкийдің ерекше теориясы большевиктерден пролетариатты батыл революциялық күреске және оны саяси өкіметті жеңіп алуға шақыруды, ал меньшевиктерден — шаруалардың ролін «теріске шығаруды» алады. Шаруалар жіктелді, сараланды дейді; оның болуы мүмкін революциялық ролі барған сайын кеми берді;

Россияда «ұлттық» революция болуы мүмкін емес: «біз империализм заманында өмір сүріп отырмыз», ал «империализм ескі режимге буржуазиялық ұлтты емес, буржуазиялық ұлттың пролетариатын қарама-қарсы қояды» дейді.

Міне — империализм деген «сөзді ойыншық етудің» күлкілі мысалы осындай! Егер *Россияда* «буржуазиялық ұлттың» пролетариаты қазірдің өзінде-ақ қарама-қарсы тұрған болса, онда Россия *социалистік* революцияның тура алдында тұрғаны ғой!! онда *«помещиктік* жерлерді конфискелеу» ұранының (1912 жылғы январь конференциясынан кейін іле-шала Троцкий 1915 жылы қайталап айтқан ұранның) дұрыс болмағаны ғой, онда «революциялық жұмысшы» үкіметі туралы емес, «жұмысшылардың *социалистік*» үкіметі туралы сөз ету керек болғаны ғой!! Троцкийдің шатасуы қандай шекке дейін баратыны оның: пролетариат батылдықпен «пролетар *емес* (!) халық бұқарасын» (№ 217) да еліктіріп әкетеді деген сөзінен көрінеді!! Егер пролетариат деревняның пролетар емес бұқарасын помещиктік жерлерді конфискелеуге еліктіріп әкетіп, монархияны құлататын болса, онда осының өзі Россияда «ұлттық буржуазиялық революцияны» аяқтағандық болатынын, осының өзі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы болатынын Троцкий ойламаған!

Бүкіл он жылдық — ұлы он жылдық — 1905—1915 жылдар орыс революциясының таптық екі және тек қана екі бағыты бар екенін дәлелдеді. Шаруалардың жіктелуі оның ішінде тап күресін күшейтті, саяси жағынан ұйқыда болған аса көп элементті оятты, қала пролетариатына село пролетариатын жақындастырды (село пролетариатын *ерекше* ұйымдастыру керек екенін большевиктер 1906 жылдан бері талап етіп, осы талапты меньшевиктік Стокгольм съезінің қарарына енгізген болатын [46]). Бірақ «шаруалардың» және Марковтардың — Романовтардың — Хвостовтардың антагонизмі күшейді, өсті, шиеленісті. Мұның айқын ақиқат екені соншалық— *тіпті* мұны Троцкийдің Парижде жарық көрген ондаған мақалаларындағы мыңдаған құр-

ғақ сөздер де «бекерге шығара» алмайды. Троцкий іс жүзінде шаруалардың ролін «теріске шығаруды» шаруаларды революцияға көтергісі *келмеушілік* деп түсінетін Россияның либералдық жұмысшы саясатшыларына көмектесіп отыр!

Ал қазір мәселенің түйіні осында. Пролетариат өкіметті жеңіп алу үшін, республика үшін, жерлерді конфискелеу үшін, *яғни* шаруаларды тарту үшін, олардың революциялық күшін *сарқа пайдалану* үшін, *буржуазиялық* Россияны *әскери-феодалдық* «империализмнен» (=патша өкіметінен) құтқаруға «халықтың пролетар *емес* бұқарасын» қатыстыру үшін күресіп отыр және аянбай күреседі де. Міне, осы буржуазиялық Россияны патша өкіметінен, помещиктердің жерлері мен үстемдігінен құтқаруды пролетариат дереу пайдаланады; пайдаланғанда әлді шаруалардың село жұмысшыларымен күресіне жәрдемдесу үшін емес, Европа пролетарларымен одақтасып, социалистік революция жасау үшін пайдаланады.

«Социал-Демократ» № 48, 20 ноябрь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АҚЫРҒЫ ШЕГІНДЕ

Жеке адамдардың радикал социал-демократтардан және революцияшыл марксистерден социал-шовинистерге айналуы — барлық соғысушы елдерге ортақ құбылыс. Шовинизм тасқынының қарқынды, жойқын және күшті екені соншалық — бірқатар тұрлаусыз немесе заманы өткен солшыл социал-демократтар барлық жерде осы шовинизмге еліктейді. Орыс революциясында-ақ өзін авантюрист етіп көрсеткен Парвус енді өзі шығарып отырған «Die Glocke» («Қоңырау»)[47] журналсымағында... ақырғы шегіне дейін құлдырады. Ол неміс оппортунистерін барып тұрған арсыздықпен және өзіне-өзі масаттанған пішінмен қорғайды. Ол өзі табынып келген нәрсенің бәрін өртеп жіберді; ол революциялық және оппортунистік ағымдардың күресі туралы және олардың халықаралық социал-демократиядағы тарихы туралы «ұмытты». Буржуазияның мақұлдайтынына сенімі кәміл фельетониске тән дөрекілікпен, ол ұқыпты және зерделі сынның маңына да бармастан, Маркстi «түзетіп», оны арқадан қағады. Ал енді қайдағы бір Энгельсті ол тура жирене қарап кемсітеді. Ол Англиядағы пацифистер мен интернационалистерді, Германиядағы ұлтшылдар мен даңғой-патриоттарды қорғайды. Ол неміс социал-патриоттарын революцияшыл социал-демократтар деп мадақтап, Ленчпен, Генишпен, Грунвальдпен ауыз жаласып, ағылшын социал-патриоттарын шовинистер, буржуазияның құйыршықтары деп сөгеді. Ол Гинденбургтің етігін жалап, оқушыларды

«немістердің бас штабы Россиядағы революцияны жақтады» деп сендірмек болады, осы «немістің халықтық рухының көрінісіне», оның «құдіретті революциялық сезіміне» арналған ар-ұятсыз гимндер басып шығарады. Ол консерваторлардың социалистердің бір бөлегімен жасасқан одағы арқылы және «нан карточкалары» арқылы Германия социализмге қиналмай өтеді деп көкиді. Ол Циммервальд конференциясының манифесіндегі социал-шовинизм сарындарының, парвустық және плехановтық сарыннан бастап кольбтік және каутскийшілдік сарынға дейінгі сарындардың бәріне қарсы бағытталған жерлерді аңғармай қалған сияқты сыңай танытып, сілімтік қорқақ ретінде жарамсақтанып, Циммервальд конференциясын жартылай мақұлдайды.

Оның журналсымағының алты номерінде бірде-бір адал пікір, бірде-бір елеулі дәлел, бірде-бір шын көңілден жазылған мақала жоқ. Мұның өзі неміс шовинизмінің баттасқан кір-қоқсығы, мұны орыс революциясының мүдделері үшін деп, қалай болса солай боямаланған жарнама арқылы бүркемелеп отыр! Бұл кір-қоқсықты оппортунистер: Кольбтің және Хемництегі «Халық Үнінің»[48] мадақтауы әбден орынды.

Парвус мырзаның топастығы соншалық — ол «қаруланған неміс пролетариаты мен революцияшыл орыс пролетариатының арасындағы идеялық буын болып қызмет ету» жөніндегі өзінің «миссиясы» туралы көпшілік алдында жар салады. Оның осы делқұлы сөздерін орыс жұмысшыларының мазағына айналдырса, соның өзі де жетіп жатыр. Егер Плеханов, Бунаков және К⁰ мырзалардың «Призывы» Россиядағы шовинистер мен Хвостовтың мадақтауына әбден лайық болса, онда Парвус мырзаның «Қоңырауы»—Германиядағы ренегаттар мен жиркеніштi малайлардың органы.

Осыған байланысты қазіргі соғыстың тағы да бір пайдалы жағын атамай кетуге болмайды. Бұл соғыс оппортунизм мен анархизмді «тез атылатын зеңбірекпен» өлтіріп қана қоймайды, ол сонымен қатар социализмдегі авантюристер мен тұрлаусыздарды да тамаша әшкерелейді. Тарих пролетариаттың қозғалысын осы-

лай алдын ала тазалауды социалистік революцияның барысында емес, оның қарсаңында істей бастағаны пролетариат үшін өте-мөте пайдалы.

«Социал-Демократ» № 48,
20 ноябрь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ШОВИНИСТІК САЯСАТТЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТІК БОС СӨЗДЕРМЕН БҮРКЕМЕЛЕУ

Саяси фактілердің саяси әдебиетке қандай қатысы бар? саяси оқиғалардың саяси ұрандарға қандай қатысы бар? саяси өмір шындығының саяси идеологияға қандай қатысы бар? Интернационалдың бүкіл дағдарысын түсіну үшін қазіргі уақытта бұл мәселенің өте-мөте түбегейлі маңызы бар, өйткені қандай дағдарыс болсын, тіпті дамудағы қандай бетбұрыс болсын ескі форманың жаңа мазмұнға сәйкеспеуіне әкеліп сөзсіз соқтырады. Біз тап атаулыдан тыс тұрмыз деуді ұнататын саясатшыларды және өздерін социалистерміз деп атауды сүйетін оппортунистерді буржуазиялық қоғам үнемі қоректендіріп отыратынын біз айтып та отырғанымыз жоқ; олар бұқараны қасақана және ұдайы ең әсем, ең «солшыл» сөздермен алдайды. Бірақ дағдарыс заманында тіпті дағдарысқа адал ниетті қатысушылардан да сөз бен істің арасындағы алшақтық екінің бірінде байқала береді. Сондықтан қандай дағдарыстың болсын, тіпті ең ауыр, ең қиын және ең ауыртпалықты дағдарыстың болсын, ұлы прогрестік маңызы, сөз арасында айта кетсек, нақ мынада: олар шіріген — адал ниетті болса да — сөздерді, шіріген — ең абзал ниетке негізделіп құрылған болса да — мекемелерді керемет шапшаңдықпен, күшпен, айқындықпен әшкерелеп, лақтырып тастайды.

Россия социал-демократиясының өміріндегі қазіргі ең ірі факт — Питер жұмысшыларының әскери-өнеркәсіп комитетіне сайлауы. Соғыс кезінде тек осы сайлау

ғана пролетарлар *бұқарасын* қазіргі саясаттың негізгі мәселелерін талқылауға және шешуге алғаш рет шындап тартты, бұқаралық партия ретінде социал-демократияда *ненің бар* екендігінің нағыз көрінісін бізге көрсетіп берді. Бақсақ, екі, тек қана екі ағым бар екен, бірі — біздің партия ұйымдастырған революциялық-интернационалистік, шын пролетарлық ағым, бұл ағым *қорғанысқа қарсы* болды. Екіншісі, «қорғампаздық», яғни социал-шовинистік ағым, «нашеделошылдардың» (яғни жойымпаздардың басты ұйытқысының), плехановшылдардың, халықшылдардың және бейпартиялықтардың блогы болды, ал оның бер жағында осы блокты түгелдей Россиядағы бүкіл буржуазиялық баспасөз және барлық қаражүздіктер қолдады, сөйтіп бұл блоктың саясатының пролетарлық емес, буржуазиялық мәні бар екенін дәлелдеді.

Фактілер осындай. Өмір шындығы осындай. Ал ұрандар мен идеология қандай? Питерлік «Рабочее Утро» [49], № 2 (22. X), «окистердің» жинағы («Интернационал және соғыс», № 1, 30. XI. 1915), «Наше Словоның» соңғы номерлері саясатпен — Гоголь Петрушкасының оқумен шұғылдануынан гөрі өзгеше — шұғылданатындардың бәрі ойлаған үстіне ойлауға тиіс жауап беріп отыр.

Ал енді *осы* идеологияның мазмұны мен маңызын қарап көрелік.

Питерлік «Рабочее Утро» — аса маңызды документ. Мұнда тыңшы Гвоздев мырзамен бірге жойымпаздық пен социал-шовинизмнің басшылары отыр. Бұл адамдар 27 сентябрьдегі сайлаудың алдында және сол сайлауда не болғанын бүге-шігесіне дейін біледі. Бұл адамдар өздерінің плехановшылдармен, халықшылдармен және бейпартиялықтармен жасасқан блогын бүркемелей алатын еді, сондықтан олар бүркемеледі де, олар бұл блоктың маңызы туралы да, оның әр түрлі элементтерінің *сан жағынан арасалмағы* туралы да ләм демеді. Мұндай «ұсақ-түйекті» (бұл туралы деректер, сөз жоқ, Гвоздев мырзада және оның «Рабочее Утродағы» достарында болды) жасыру оларға тиімді еді, олар мұны жасырды да. Бірақ 90 мен 81-ден басқа, *үшінші* топты

олар ойдан шығара алмады; неміс баспасөзі мен «Наше Словоның» беттерінде «Копенгаген анонимі»[50] ертегі етіп жүрген «үшінші» топты ойдан шығарып, сол жерде, Питерде, жұмысшылар алдында өтірік айту мүмкін емес, өйткені өтіріктің табанда және сол бойда әшкереленетіні сөзсіз екенін біле тұрып, есі дұрыс адамдар өтірік айтпайды. Сондықтан «Рабочее Утро» К. Оранскийдің (ескі таныс!) «Екі позиция» деген мақаласын басады, 3-позицияны ауызға да алмастан, екі позицияны, 90-ның тобы мен 81-дің тобының позицияларын түптіштеп талдайды. Айта кетелік: цензура «Рабочее Утроның» 2-номерін бастан-аяқ дерлік бүлдірген; ақ беттер сау қалған беттерден көп десе де болғандай, ал мақалалардың ішінен аяп қалдырғаны нақ осы, тек қана осы екі мақала,— «Екі позиция» және 1905 жылдың тарихын либералдарша бұрмалайтын фельетон,— бұлар большевиктерді «анархизмі» үшін және «бойкотизмі» үшін сөгеді. Мұндай нәрселердің жазылып, басылып тұруы патша үкіметіне *тиімді.* Мұндай сөздердің, деспоттық Россиядан бастап республикалық Францияға дейін, барлық жерде жариялылық монополиясымен пайдаланылуы кездейсоқ емес!

«Рабочее Утро» өзінің «қорғампаздық» немесе «социал-шовинизм» позициясын қандай дәлелдермен қорғайды? Тек қана жалтарулармен, тек қана интернационалистік бос сөздермен қорғайды!! Біздің позициямыз, дейді олар, тіпті де «ұлттық» позиция емес, тіпті де «қорғампаздық» позиция емес, бізде тек — «бірінші позицияда» (яғни 90 тобының позициясында) «мүлдем айтылмай қалған»—«елдің жағдайына», оны «талқандалу мен құрып кетуден сақтауға» «немқұрайды қарамайтындық» қана айтылған. Біздің позиция, дейді олар, «нағыз халықаралық» позиция болды, елді «азат етудің» жолдары мен шараларын көрсетті, біз «соғыстың шығуы мен оның әлеуметтік-саяси мәніне (!! бірінші позициямен) бірдей баға бердік», біз «пролетариат» (ойнамаңыз!) «пен демократияның соғыс кезінде, дүние жүзілік жанжалдың дамуының барлық кезеңдерінің бәрінде халықаралық ұйымдасуы мен халықаралық жұмысының жалпы проблемасын (!! бірінші позиция-

мен) бірдей белгіледік». Біз, дейді олар, өзіміздің тапсырмамызда: «қазіргі қоғамдық-саяси жағдайда жұмысшы табы ел қорғау жөнінде өзіне ешқандай жауапкершілік ала алмайды» деп мәлімдедік, біз «ең алдымен демократияның халықаралық міндеттеріне батыл барып қосылдық», «талпыныстардың Копенгаген мен Циммервальдтай өз кезеңдері бар жарқынды ағысына өз үлесімізді қостық» (міне біз қандаймыз!). Біз, дейді олар, *«аннексиясыз* бітім» ұранын жақтаймыз (курсив «Рабочее Утроніікі»). Біз «бірінші ағымның абстрактілігіне және космополиттік анархизміне өз позициямыздың, өз тактикамыздың реализмі мен халықаралықтығын қарсы қойдық».

Мұның өзі бастан-аяқ сорақылық екені рас емес пе! Бірақ бұл сорақылықтарда сауатсыздықтан және репетиловтық суайттықтан[51] басқа, буржуазия тұрғысынан қарағанда, өте байыпты және *дұрыс* дипломатия бар. Жұмысшыларға ықпал ету үшін буржуа социалист, эсдек, интернационалист, т. т. болып көрінуге тиіс, әйтпесе ықпал ету мүмкін емес. Сондықтан «Рабочее Утро» еш нәрседен іркілместен сәнденеді, бояналы, әсемденеді, сыланып-сипанады, көзін жымыңдатады! Біз керек десеңіз Циммервальд манифесіне де (оның жалтақтығына қарсы күреспей және ескерту жасамай осы манифеске қол қоя салған циммервальдшылдардың бетінен шапалақпен тартқандық!), соғыстың империалистік мәні туралы қандай қарарға болса да, өзіміздің «интернационалшылдығымыз» бен өзіміздің «революцияшылдығымыз» (цензуралық баспасөзде «елді азат ету»=құпия баспасөзде революция) жөніндегі қандай антқа болса да жүз рет қол қоюға даярмыз,— тек қана... тек қана біздің жұмысшыларды әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға, яғни тонаушылық, реакциялық («қорғанысты») соғысқа *іс жүзінде* қатысуға шақыруымызға бөгет жасамаса болғаны.

Іс —тек осы ғана, қалғанының бәрі сөз. Мән — тек осында ғана, қалғанының бәрі құрғақ сөз. Полицияға, патшалық монархияға, Хвостовқа және буржуазияға *тек осы ғана керек*. Неғұрлым ақылды елдердің ақылды буржуасы интернационалистік және социалистік

құрғақ сөздерге төзе береді, тек қорғанысқа қатысса ғана болғаны: «үш жақты келісуді»[52] жақтаған социалистердің Лондонда болған конференциясы туралы француз реакциялық газеттерінің пікірлерін еске түсіріңіздер. Білесіздер ме, социалист мырзалардың мұнысы «тиктің» бір түрі,—деп жазды жаңағы газеттердің бірі,— мұндай жүйке ауруына шалдыққан кісі өзінің еркінен тыс бір қозғалысты қайталай береді, бұлшық еті қайта-қайта тартылып, бір сөзді қайталап айта береді. Ал мына «біздің» социалистер де: біз интернационалистерміз, біз әлеуметтік революцияны жақтаймыз дегенді қайталамайынша, ештеңе айта алмайды. Бұл қауіпті емес! Бұл тек қана «тик», ал «бізге» маңыздысы—олардың отан *қорғауды жақтауы.*

Ақылды француз және ағылшын буржуасы былай пайымдады: егер тонаушылық соғысқа қатысуды демократия, социализм, т. с. туралы құрғақ сөздермен қорғайтын болса, мұның өзі жыртқыш-үкіметтер үшін, империалистік буржуазия үшін шынында да тиімді емес пе? Барин халыққа қамқорлық жасау және оны сүю жолында бүкіл өмірін сарп етеді деп, халық алдында ант-су ішетін малайы болуы баринге тиімді емес пе?

«Рабочее Утро» Циммервальдпен ант етеді, *сөз жүзінде* плехановшылдармен «көп ретте келісе алмаймыз» деп мәлімдеп (№ 2), олардан іргесін аулақ салады, ал *іс жүзінде* олармен *негізгі* мәселе жөнінде келіседі, іс жүзінде олармен бірге, өз буржуазиясымен бірге, шовинистік буржуазияның «қорғампаздық» мекемелеріне *барады.*

Ұйымдастыру комитеті Циммервальдпен ант етіп қана қоймайды, барлық формасы бойынша «қол қояды» және тілхат береді, плехановшылдардан іргесін бөлектеп қана қоймайды, тіпті қайдағы бір А. М. деген анонимді шығарады, ол, қақпаның қалтарысына жасырынған адамдай, өз анонимдігінің тасасына жасырынып тұрып: «біздер, Август блогына қосылушылар» (? мүмкін, А. М. дегеніңіз екі бірдей «қосылушы» болар?): «Призыв» ұйымы, біздің ұғуымызша, біздің партияда төзуге болатын шектен шығып кетіп отыр, сондықтан «Призывқа» жәрдемдесу тобының мүшелеріне Август

блогы ұйымдарының қатарында орын болмауға тиіс деп мәлімдеуді қажет деп табамыз» деп жазады. Осы «қосылушы» А. М.-дер батыр-ау деймін, шындықты қасқайтып бетке басуын қарашы!

Ұйымдастыру комитетінің «Шетелдік секретариатын» құрайтын, біз цитат келтіріп отырған жинақты шығарған бес кісінің бірде-біреуі мұндай батылдықты білдіргісі келмеді! Демек, бес секретарь Плехановтан қол үзуге қарсы (жуық арада П. Аксельрод меньшевик Плехановтың большевик-интернационалистерден гөрі өзіне жақын екендігін айтқан болатын), бірақ олар жұмысшылардан қорқып және өздерінің «қадірін» түсіргісі келмей, бұл жайында үндемегенді артық көреді, алайда бір немесе екі аноним қосылушыны алға шығарады да, олар арзан және қатерсіз интернационализммен көзге көрініп қалсын дейді...

Бір жағынан, кейбір секретарьлар — А. Мартынов, Л. Мартов, Астров, «Наше Деломен» айтысады, ал Мартов тіпті жеке өз атынан әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға қарсы пікір айтады. Екінші жағынан, бундшыл Ионов «ескі тактиканы» (II Интернационал қолданған, оны күйреуге әкеп соқтырған тактиканы) «әсте жоюды емес, қайта оны одан әрі дамытуды» уағыздайды; Ионов Бундтың шын саясатын бейнелейтін Косовскийге қарағанда өзін негұрлым «солшыл» деп есептейді, сондықтан да бундистер оны өздерінің ұлтшылдығын бүркемелеу үшін ықыластана ұсынып отыр. Редакция Ионовтың мақаласының *мәніне* қарсы болмастан, «ескі тактикадағы» шіріндіні және оппортунистікті қорғауына қарсы болмастан, оған екіұшты, белгілі еш нәрсе айтпайтын дипломатиялық-жалтарыс ескертпелер берген. Август блогына [53] «қосылушы» аноним А. М.-дер «Наша Заряны» тура *қорғайды*: «Наша Заря», дейді олар, интернационалистік позициядан «жалтарса» да, бірақ «Россия үшін Burgfrieden саясатын қабылдамай тастады (?), интернационалдық байланыстарды дереу қалпына келтірудің қажет екендігін мойындады және, бізге» («қосылушы» аноним А. М.-дерге) «мәлім, Маньковты Думадағы фракциядан шығаруды мақұлдады». Тамаша қорғау! Ұсақ буржуазия-

лық халықшылдар да байланысты қалпына келтіру жағында, Керенский де Маньковқа қарсы, ал енді «соғысқа қарсы әрекет жасамауды» жақтап пікір айтқан адамдарды азаматтық татулық (Burgfrieden) саясатын қабылдамай тастаушылар деп атау жұмысшыларды бос сөздермен алдау болады.

Ұйымдастыру комитеті жинағының редакциясы «Қауіпті тенденциялар» деген мақаламен біртұтас болып көрінді. Саяси жалтарғыштықтың үлгісі, міне, осы! Бір жағынан, қорғампаздық үндеу хаттардың авторларына (Москва және Петроград социал-шовинистеріне) қарсы даңғаза солшыл сөздер. Екінші жағынан, *«екі декларацияның қандай партиялық топтардан шыққандығын білу қиын»*!! Шындығына келгенде, бұл декларациялардың «Наше Делоның» *«топтарынан»* шыққандығына зәрредей де күмән жоқ, дегенмен осы жария журналдың қызметкерлері, әрине, құпия декларацияның жасалуына айыпты емес... Окистер бұл декларациялардың идеялық тамырлары туралы, бұл тамырлардың жойымпаздықтың, социал-шовинизмнің, «нашеделошылдықтың» *ағымымен* толық пара-пар екендігі туралы мәселені — белгілі бір *үйірме* мүшелерінің *жеке басының* авторлығы туралы сорақы, ілгешекті, полициядан басқа ешкімге қажеті жоқ мәселемен алмастырып отыр. Редакция, бір жағынан, «қорғампаздық тенденцияларға қарсы ең қажырлы қимыл жасау» (129) үшін, «бітіспес күрес жүргізу» (126) үшін, Август блогының интернационалистері, қатарымызды топтастырайық деп күжілдейді, қорқытады; ал екінші жағынан, осы арада, ізінше: «Ұйымдастыру комитеті қолдап отырған Думадағы фракцияның бағыты» (осы күнге дейін) «ашық оппозиция кездестірген жоқ» (129) деген жылпос сөздер айтады!!

Ал бұл бағыт, авторлардың өздеріне жақсы мәлім болып отырғанындай, бағыттың жоқтығында және «Наше Дело» мен «Рабочее Утроны» бүркемелеп қорғауда болып отыр...

Жинақтың Л. Мартов жазған мейлінше «солшыл» және мейлінше «принципті» мақаласын алыңыз. Автордың қаншалықты принципті екендігіне көз жеткізу

үшін оның басты пікірін білдіретін бір ауыз сөзін келтірсек те жетіп жатыр. «Өзінен-өзі белгілі, егер қазіргі дағдарыс демократиялық революцияның жеңісіне, республикаға жеткізген болса, соғыстың сипаты түбірімен өзгерген болар еді» (116). Мұнысы бастан-аяқ және сорақы өтірік. Демократиялық революция мен республика дегеннің буржуазиялық-демократиялық революция мен республика екендігін Мартовтың білмеуі мүмкін емес. Егер ұлы державалардың бірінде әскери-абсолютистік-феодалдық империализм жедел сыпырылып тасталған болса, осы буржуазиялық *және империалистік* ұлы державалардың арасындағы соғыстың сипаты *титтей де* өзгермеген болар еді, өйткені бұдан таза буржуазиялық империализм жойылмаған болар еді, қайта тек қана *күшейе түскен болар еді*. Сондықтан да біздің газет 47-номерінде, 9-тезисте *: Россия пролетариатының партиясы бұл соғыста, Плеханов, халықшылдар, Каутский, нашеделошылдар, Чхеидзе, Ұйымдастыру комитеті, т. с. тәрізді шовинистер республикашылдар мен революционерлер болып аталып отырғанда, тіпті республикашылдар мен революционерлердің отанын да қорғамайды деп мәлімдеді.

Ал 118-бетке жазған ескертуіндегі жалтарма сөзі Мартовты еш бір сақтап қалмайды; онда ол өзінің 116-бетте айтқанына қарамастан, буржуазиялық демократия «халықаралық империализмге қарсы» күрес жүргізе ала ма, жоқ па деп «күмәнданады» (әрине, жүргізе алмайды); буржуазия 1793 жылғы республиканы Гамбетта мен Клемансоның республикасына айналдыра ма, жоқ па деп «күмәнданады». Негізгі теориялық өтірік бұл жерде сол күйінде қалып отыр: 1793 жылы Франциядағы *буржуазиялық* революцияның алдыңғы қатарлы табы Европаның *революциядан бұрынғы* монархияларына қарсы соғысқан еді. Ал 1915 жылғы Россия неғұрлым артта қалған елдермен емес, *социалистік* революцияның қарсаңында тұрған неғұрлым алдыңғы қатарлы елдермен соғысып жатыр. Демек, 1914—1915 жылдардағы соғыста 1793 жылғы якобиншілдердің ро-

* Қараңыз: осы том, 55-бет. *Ред.*

лін тек жеңімпаз социалистік революция жасайтын пролетариат қана атқара алады. Демек, *егер* революция нақ пролетариат партиясын өкімет басына қоятын *болса,* нақ осы партияның революциялық өрлеу мен мемлекеттік аппараттың бүкіл күшін Германия мен Европаның социалистік пролетариатымен одақ жасасуды дереу және тікелей жүзеге асыруға бағыттауына мүмкіндік беретін болса, тек сонда ғана орыс пролетариаты қазіргі соғыста «отанды қорғай» алар еді, «соғыстың сипаты түбірімен өзгерді» деп санай алар еді («Социал-Демократтың» 47-номері, 11-тезис)*.

Мартов өзінің әсерлі сөздермен безенген мақаласын: «Россия социал-демократиясын» «саяси дағдарыстың ең басында айқын революциялық-интернационалистік позиция ұстауға» өте-мөте әсерлі шақырумен аяқтайды. Егер оқушы осы әсерлі жарнаманың тасасында шірінді жасырынып жатқан жоқ па екен деп тексергісі келсе, онда ол өзіне мынадай сұрақ қойсын: жалпы алғанда саясатта позиция ұстау деген не? (1) Ұйымның атынан (тым болмаса «бес» секретарьдың атынан) кезеңге және тактикаға тиісті баға берілсін, бірқатар қарарлар қабылдансын; (2) кезеңнің айбынды ұраны тұжырымдалсын; (3) екеуі де пролетарлар *бұқарасының* және оның саналы авангардының *қимылымен* байланыстырылсын. Мартов пен Аксельрод, «бесеудің» идеялық көсемдері, біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де бермегенімен қоймай, осы үш саланың бәрінде де іс жүзінде *социал-шовинистерді қолдап,* оларды бүркемелеп отыр! Соғыстың 16 айында шетелдік бес секретарь «айқын» позиция да, жалпы алғанда ешқандай программалық-тактикалық позиция да ұстаған жоқ. Мартов біресе солға, біресе оңға ауытқыды, Аксельрод тек қана оңға қарай бұра береді (оның әсіресе немісше кітапшасын қараңыз). Айқын ештеңе, қалыптасқан ештеңе, ұйымдасқан ештеңе жоқ, ешқандай позиция жоқ! «Россия пролетариаты үшін кезеңнің негізгі айбынды ұраны,— деп жазады Мартов өз тарапынан,— патша өкіметін де, соғысты да жоюға арналған бүкіл халықтық құрылтай

---

* Қараңыз: осы том, 56-бет. *Ред.*

жиналысы болуға тиіс». Бұл — түкке жарамсыз, негізгі де емес, айбынды да емес ұран, өйткені мұнда осы қосқабат «жою» ұғымының басты, әлеуметтік-таптық және саяси-айқын мазмұны жоқ. Бұл — негізгі ұран емес, айбынды ұран емес, пролетарлық ұран емес, тұрпайы буржуазиялық-демократиялық бос сөз.

Ақырында, басты мәселе жөнінде, Россиядағы *бұқараға* байланысты мәселе жөнінде Мартов пен К° тек ноль ғана емес, тіпті минус береді. Өйткені олардың соңында ештеңе жоқ. Бұқара тек буржуазия мен «Рабочее Утроның» блогында ғана бар екендігін сайлау дәлелдеді, ал Ұйымдастыру комитетін және Чхеидзенің фракциясын тілге тиек ету осы буржуазиялық блокты жалған түрде бүркемелеу ғана болып табылады.

«Социал-Демократ» № 49, 21 декабрь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Н. БУХАРИННІҢ «ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИЗМ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Н. И. Бухариннің еңбегі арналған тақырыптың маңыздылығы мен көкейтестілігі айрықша түсіндіріп жатуды қажет етпейді. Империализм туралы мәселе ең елеулі мәселелердің бірі ғана емес, сонымен қатар экономикалық ғылымның жаңа замандағы капитализм формаларының өзгерісін талдайтын саласында ең елеулі мәселе деуге болады. Бұған қатысы бар және соңғы материалдар негізінде автор мейлінше мол етіп іріктеп алған фактілермен танысу бір ғана экономиямен емес, қазіргі қоғамдық өмірдің қай саласымен де шұғылданғысы келетін әрбір адам үшін сөзсіз қажет. Экономикалық жағынан да, саяси жағынан да империализмнің мәнін толығынан ашу қазіргі соғысқа баға берудің негізі етіп алынбаған күнде, бұл соғысқа нақтылы-тарихи жағынан баға беру туралы сөз болуы да мүмкін емес екендігі өзінен-өзі түсінікті. Әйтпесе соңғы 10 жылдықтар ішіндегі экономика мен дипломатия тарихын түсінуге болмайды, ал мұнсыз соғысқа дұрыс көзқарас белгілеу жөнінде сөз етудің өзі күлкілі. Жалпы алғанда қазіргі ғылымның талабын осы мәселеде ерекше айқын көрсететін марксизм тұрғысынан қарағанда, дипломатиялық «документтерден», күнделікті саяси оқиғалардан, т. т. бір елдің үстем таптары үшін ұнамды немесе қолайлы жеке фактісымақтарды жырып алуды соғысқа нақтылы-тарихи жағынан баға беру деп түсінетін тәсілдердің «ғылыми» маңызы тек күлкі ғана келтіре алады. Мысалы, жоғары дәрежеде дамыған, пі-

сіп жетілген және асқына жетілген ең жаңа капитализмнің экономикалық қатынастарының системасы болып табылатын империализмнің негізгі қасиеттері мен тенденцияларына анализ жасауды Милюковтармен бірге Пуришкевичтерге ұнамды бірер фактісымақтарды жырып алумен ауыстыруы үшін Плеханов мырза марксизммен мүлде қоштасуға тиіс болды. Оның үстіне империализмді ғылыми тұрғыдан ұғыну өзінің бәсекелестерімен және дұшпандарымен мүлдем бірыңғай таптық негізде тұрған, жаңа ғана аталған екі империалистің тікелей бәсекелестерінің, бақталастарының және дұшпандарының атына айтылған қайдағы бір балағат сөздердің дәрежесіне дейін төмендетіледі! Сөздер ұмытылып, принциптер жоғалып жатқан, дүниеге көзқарастар асты-үстіне шығып, қарарлар мен салтанатты уәделер ысырылып тасталып жатқан заманымызда бұған таңырқауға болмайды.

Н. И. Бухарин еңбегінің ғылыми маңызы әсіресе мынада: ол дүние жүзілік шаруашылықтың империализмге қатысы бар негізгі фактілерін тұтас нәрсе ретінде, ең жоғары дәрежеде дамыған капитализмнің белгілі бір даму сатысы ретінде алып қарайды. Европаның алдыңғы қатарлы елдерінде капитализм феодализмді толық жеңген кезде және ол әлі қоныстанылмаған бос жерлер мен капиталистік иірімге біржола тартылмаған елдердің толып жатқан аймақтарына «бейбіт» жайыла отырып, неғұрлым — *біршама* — тыныш және біркелкі дами алған кезде, біршама «бейбіт» капитализм дәуірі болды. Әрине, шамамен алғанда 1871—1914 жылдардың арасы деп белгіленіп жүрген сол дәуірдің өзінде де «бейбіт» капитализм соғыс мағынасында болсын, жалпы таптық мағынада болсын, нағыз «бейбітшіліктен» әлде қайда алыс жатқан өмір жағдайларын туғызған еді. Алдыңғы қатарлы елдердегі халықтың $^{9}/_{10}$ бөлігі үшін, отарлар мен артта қалған елдердің жүз миллиондаған халқы үшін бұл дәуір «бейбітшілік» емес, езілу, азап шегу дәуірі, сұмдық дәуір болды, тегі, «сұмдық ұшы-қиырсыз» болып көрінгендіктен де бұл сұмдық дәуір болды. Ол дәуір келмеске кетті, оның орнына біршама анағұрлым екпінді, секірмелі, апатты, жан-

жалды дәуір келді, бұл дәуірде халық бұқарасы үшін «сұмдықтың ұшы-қиырсыздығынан» гөрі «сұмдықтың жойылатындығы» типті жағдайға айналды.

Бұл арада мынаны ескерудің маңызы өте зор: бұл ауысуды жалпы алғанда капитализм мен товар өндірісінің ең терең және түбегейлі тенденцияларының тікелей дамуынан, ұлғаюынан, жалғасуынан басқа ештеңе туғызып отырған жоқ. Айырбастың өсуі, ірі өндірістің өсуі — жүз жыл бойы түгелдей бүкіл дүние жүзінде байқалып отырған негізгі тенденциялар, міне, осылар. Ал айырбас дамуының белгілі бір сатысында, ірі өндірістің өсуінің белгілі бір сатысында, атап айтқанда шамасы XIX ғасыр мен XX ғасырдың шектесер тұсында қол жеткен сатысында, айырбастың шаруашылық қатынастарды интернационалдандырғаны, капиталды интернационалдандырғаны соншалық, ірі өндірістің ірілендені соншалық, еркін бәсекені монополия алмастыра бастады. Ендігі жерде — елдің өз ішінде және *елдер арасындағы қатынастарда* — «еркін» бәсекелесуші кәсіпорындар емес, кәсіпкерлердің монополистік одақтары, трестер типтік құбылысқа айналды. Қазірдің өзінде финанс капиталы дүние жүзінің типтік «әміршісіне» айналды; финанс капиталы мейлінше ширақ және икемді, ел ішінде және интернационалдық көлемде мейлінше тамыр жайған,— мейлінше бейнесіз және тікелей өндірістен қол үзген, мейлінше оңай шоғырланады және қазірдің өзінде едәуір шоғырландырылған, сондықтан бірнеше жүз миллиардерлер мен миллионерлер бүкіл дүние жүзінің тағдырын өз қолында ұстап отыр деуге болады.

Абстракт-теориялық тұрғыдан пайымдағанда мынадай қорытындыға, біршама басқа жолмен келсе де, марксизмнен қол үзген Каутский келген қорытындыға, атап айтқанда: осы капитал шонжарларының дүние жүзі көлемінде дүние жүзілік біртұтас треске бірігуіне де онша алыс қалған жоқ, бұл трест мемлекеттік-оқшауланған финанс капиталдарының жарысы мен күресін біріккен интернационалдық финанс капиталымен ауыстырады деген қорытындыға келуге болады. Алайда мұндай қорытынды, өткен ғасырдың 90-жылдарындағы

біздің «струвистер» мен «экономистердің» осыған ұқсас қорытындысы сияқты, абстракт, тұрпайы, теріс қорытынды; ол кезде «струвистер» мен «экономистер» капитализмнің прогрешілдігінен, оның болмай қоймайтындығынан, Россияда оның түпкілікті жеңгендігінен бірде апологеттік қорытынды (капитализм алдында бас ию, онымен ымыраласу, күрес орнына мадақтау), бірде бейсаясаттық қорытынды (яғни саясатты теріске шығару немесе саясаттың маңыздылығын, жалпы саяси сілкіністердің ықтимал екендігін теріске шығару, т. с.; нақ «экономистерге» тән қате), бірде тіпті тікелей «стачкистік» қорытынды (қозғалыстың басқа формаларын ұмытушылыққа немесе елемеушілікке дейін жеткізілген және капитализмнен тұп-тура сол капитализмді таза стачка, тек қана стачка арқылы жоюға қарай «секіретін» стачкалық қозғалыстың шыңы ретінде «жаппай стачка») жасаған болатын. Еркін бәсекенің жартылай мещандық «жұмағымен» салыстырғанда империализмнің прогрешілдігі, империализмнің болмай қоймайтындығы және дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінде оның «бейбіт» капитализмді түпкілікті жеңбей қоймайтындығы жөніндегі даусыз факт қазірде де нақ әлгілердей толып жатқан, әр алуан саяси және бейсаясаттық қателер мен зардаптарға соқтыруы мүмкін деген нышандар бар.

Атап айтқанда, Каутскийдің марксизмнен көрінеу қол үзуі саясатты теріске шығару немесе ұмыту формасын емес, әсіресе империалистік дәуірде толып жатқан және әр алуан саяси жанжалдарды, сілкіністерді, өзгерістерді «секіріп» *өту* формасын емес, империализмді мадақтау формасын емес, *«бейбіт» капитализмді арман ету* формасын алып отыр. «Бейбіт» капитализмнің орнын бейбіт емес, соғыс құмар, апатты империализм басты, мұны Каутский мойындауға мәжбүр болып отыр, өйткені ол мұны 1909 жылдың өзінде-ақ ерекше шығармасында[54] мойындаған болатын; сол шығармасында ол соңғы рет марксист ретінде сындарлы қорытындылар жасаған еді. Ал егер империализмнен кейін қарай, «бейбіт» капитализмге оралу жөнінде жайдан-жай, тұрадан-тура, дөрекі түрде арман етуге болмайды екен,

онда, шын мәнінде, нақ сол ұсақ буржуазиялық армандарға *«бейбіт»* «әсіре империализм» туралы бейкүнә қиялдар формасын беруге болмас па екен? Егер соғыстар, саяси сілкіністер, т. с. тәрізді ұсақ буржуа үшін мейлінше қолайсыз, мейлінше қатерлі және мазасыз жанжалдарды жоя «алатын» бірлестік — ұлттық (дұрысырақ айтқанда: мемлекеттік-оқшауланған) империализмдердің интернационалдық бірлестігі әсіре империализм деп аталатын болса, онда қазіргі, орын алып отырған, нақты, мейлінше жанжалды және апатты империализм дәуірінен ат-тонды ала қашып, біршама бейбіт, біршама жанжалсыз, біршама апатты емес «әсіре империализм» туралы бейкүнә армандарға салынуға болмайтыны неліктен? Бұл дәуір, бәлкім, көп ұзамай өтер, бәлкім, тағы мұның артынан «шұғыл» тактиканы қажет етпейтін, біршама «бейбіт» «әсіре империализм» дәуірінің келуі ақылға сыйымды болар деген армандар арқылы Европада орнаған империализм дәуірі алға қоятын, қазірдің өзінде қойып та отырған «шұғыл» міндеттерден ат-тонды ала қашуға болмас па екен? Каутский нақ осылай деп отыр: «капитализмнің осыған ұқсас (әсіре империалистік) жаңа фазасы қалай дегенмен де ақылға сыйымды», ал «оның жүзеге асуы мүмкін бе, мұны шешу үшін жеткілікті алғы шарттар әлі жоқ» («Neue Zeit», 30. IV. 1915, 144-бет).

Орнап отырған империализмнен бұлайша ат-тонын алып қашуға тырысуда және «әсіре империализм» жүзеге аса ма, жоқ па деп белгісіз қиялға берілуде марксизмнің жұрнағы да жоқ. Бұлайша тұжырымдауда марксизм «капитализмнің жаңа фазасы» жөнінде мойындалады, бірақ «жаңа фаза» дегенді ойлап шығарушының өзі де оның *жүзеге асатындығына* кепіл бола алмайды, ал капитализмнің қазіргі, осы кездің өзінде-ақ орнаған фазасы жөнінде марксизм орнына қайшылықтарды жұмсартуға тырысқан ұсақ буржуазиялық, мейлінше реакциялық ниет ұсынылып отыр. Каутский болашақтағы, шиеленіскен, қатерлі дәуірде марксист болуға *уәде берген* болатын; осы алдағы дәуір туралы өзінің 1909 жылғы шығармасын жазғанда ол сол дәуірді алдын ала көре білуге және әбден айқын мойындау-

ға мәжбүр болған еді. Қазір, сол дәуірдің орнағаны мүлдем күмәнсыз болған кезде, Каутский тағы да болашақта, жүзеге асар-аспасы неғайбыл әсіре империализм дәуірінде марксист боламын деп *уәде беріп* қана отыр! Бір сөзбен айтқанда, қазір емес, қазіргі жағдайда емес, қазіргі дәуірде емес, *басқа бір* дәуірде марксист боламын деп қанша қаласаң сонша уәде береді! Несиеге берілген марксизм, уәде етілген марксизм, ертеңгі марксизм, ал бүгінгі күн жөнінде — қайшылықтарды жұмсартатын ұсақ буржуазиялық, оппортунистік теория — *және теория ғана емес*. Мұның өзі «қазіргі заманда» өте көп тараған, шетелге шығаруға арналған интернационализм тәрізді бірдеңе; мұндайда қызба,— о, өте қызба!— интернационалистер мен марксистер интернационализмнің... өз үйіндегі, өз одақтастарындағы көріністеріне тілектестік білдірмесе де, дұшпан лагеріндегі, барлық жерлердегі әр түрлі көріністеріне тілектестік білдіреді; демократия «одақтастардың» уәдесі болып қалатын кезде ғана... демократияға тілектестік білдіреді; «ұлттардың өзін өзі билеуіне» тілектестік білдіреді; бірақ сол тілектес адамды өзімдікі деп ардақтайтын ұлтқа тәуелді ұлттардың *емес*, басқа ұлттардың «өзін өзі билеуіне» тілектестік білдіреді... Бір сөзбен айтқанда, екіжүзділіктің 1001 түрінің бірі.

Алайда, империализмнен *кейін* капитализмнің жаңа фазасы, атап айтқанда: әсіре империализм абстракт түрде «ақылға сыйымды» дегенге қарсы таласуға бола ма? Жоқ. Мұндай фазаны абстракт түрде ақылға сыйғызуға болады. Бірақ практика жүзінде мұның өзі болашақтағы шұғыл емес міндеттерді армандауға бола қазіргі заманның шұғыл міндеттерін теріске шығаратын оппортунист болу деген сөз. Ал теория жүзінде мұның өзі болып жатқан шын дамуға сүйенбей, әлгі армандарға бола шын дамудан өз бетінше *қол үзу* деген сөз. Дамудың өзі кәсіпорындардың бірін қалдырмай бәрін, мемлекеттердің бірін қалдырмай бәрін жұтып қоятын дүние жүзілік бір ғана жалғыз треске қарай *бет алып бара* жатқандығында күмән жоқ. Бірақ бұған қарай даму соншалық шиеленіскен жағдайда,

соншалық қарқынмен, соншалық қайшылықтар, жанжалдар, сілкіністермен келе жатыр,— бұл қайшылықтар, жанжалдар, сілкіністермен тек экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси, ұлттық, тағысын-тағы және тағы сондай сипаттарда болады,— сондықтан, істің бүкіл дүние жүзілік бір треске, ұлттық финанс капиталдарының «әсіре империалистік» бүкіл дүние жүзілік бірлестігіне жетуінен сөзсіз *бұрын* империализм сөзсіз жарылуға, капитализм өзінің қарама-қарсысына айналуға тиіс болады.

XII. 1915.

В. Ильин

Бірінші рет 1927 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 17-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОППОРТУНИЗМ ЖӘНЕ II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КҮЙРЕУІ[55]

1914—1915 жылдардағы соғыс Интернационалдың күйрегенін көрсетіп берді; түрлі таптар мен партиялардың бұл күйреу жөніндегі көзқарастарын салыстыру сабақ аларлық нәрсе. Буржуазия, бір жағынан, «отан қорғауды» жақтайтын, яғни соғысты және буржуазияға жәрдем беруді жақтайтын социалистерді мақтап, көкке көтереді. Екінші жағынан, буржуазияның неғұрлым ашық немесе дипломаттығы неғұрлым кем өкілдері Интернационалдың күйрегенін, социализмнің «жалған үміттерінің» күйрегенін айызы қана табалайды. «Отан қорғаушы» социалистердің ішінде де осы екі саққан бар: немістер В. Кольб пен В. Гейне тәрізді «ұшқарылар» Интернационалдың күйреуін мойындайды, бұл күйреуге «революциялық жалған үміттер» айыпты деп, Интернационалды *бұрынғыдан бетер* оппортунистік етіп қайта құруға тырысады. Бірақ практика жүзінде олар, Интернационалдың күйрегендігін қасарыса теріске шығаратын, оны уақытша ғана тоқтатылған деп есептейтін, нақ осы II Интернационалдың өмір сүруге қабілеттілігі мен өмір сүруге праволылығын қорғайтын Каутский, Ренодель, Вандервельде тәрізді «отанның» «баяу» және сақ социалистік «қорғаушыларына» қосылады. Түрлі елдердің революцияшыл социал-демократтары II Интернационалдың күйрегенін және үшінші Интернационал құрудың қажеттігін мойындайды.

Кімдікі жөн екенін шешу үшін нақ осы соғысқа қатысы бар және дүние жүзіндегі социалистік партиялардың *бәрі* бірауыздан, оның үстіне ресми түрде қол қойған тарихи документті алайық. Бұл документ — 1912 жылғы Базель манифесі. Тамаша жері сол — әрбір соғысты жеке алып, нақтылы-тарихи жағынан бағалаудың қажеттігін теріске шығаруға теория жүзінде бірде-бір социалистің батылы бармайды. Бірақ қазір, азып-аулақ «солшыл» социал-демократтарды айтпағанда, Базель манифесінен тура, ашықтан-ашық, айқын түрде безіп, оны қате деп жариялауға да, оның қағидаларын социалистердің соғыстан кейінгі іс-әрекеттерімен салыстыра отырып, оны адал ниетпен талдап шығуға да ешкімнің батылы бармайды.

Мұның себебі не? Мұның себебі — Базель манифесі ресми социалистер көпшілігінің пайымдаулары мен іс-әрекеттерінің түгелдей жалғандығын аяусыз әшкерелейді. Бұл манифест «отан қорғау» туралы да, шабуылды соғыс пен қорғанысты соғыстың айырмашылығы туралы да *бірде-бір сөз* айтпайды!! Германияның да, төрт жақты келісудегілердің де социал-демократияларының ресми көсемдері тым көп айтып, айқайлап, байбалам салып жүрген нәрселер туралы *ештеңе айтылмайды.* Базель манифесі 1912 жылы соғысқа киліктірген және 1914 жылы соғысқа әкеліп соқтырған мүдделердің нақ осы нақты жанжалдарына барынша дәл, айқын, анық баға береді. Манифест былай дейді: бұл — «капиталистік империализмнің» негізінде туып отырған жанжалдар, Австрия мен Россияның арасында «Балқанда басым болуға» тырысуларынан, Англияның, Францияның және Германияның арасында олардың (олардың *бәрінің!)* «Кіші Азиядағы басқыншылық саясатынан», Австрия мен Италияның арасында «Албанияны өздерінің ықпал өрісіне тартуға», оны өз «үстемдігіне» бағындыруға тырысуларынан, Англия мен Германияның арасында олардың жалпы «антагонизмінен», содан соң «патша өкіметінің Арменияға, Константинопольге, т. т. қастандық жасауынан» туып отырған жанжалдар. Мұның нақ қазіргі соғысқа түгелдей қатысы бар екенін әркім-ақ аңғарады. Бұл соғыстың

нағыз басқыншылық, империалистік, реакциялық, құл иеленушілік сипаты манифесте айдан анық мойындалды; манифест: соғысты «қандай да болсын халық мүддесін титтей де сылтау етіп ақтауға» болмайды, соғыс «капиталистердің пайдасы үшін және династиялардың намысы үшін» әзірленеді, жұмысшылар тарапынан «біріне-бірінің оқ атуы қылмыс» болады деген сөзсіз қорытынды да жасады.

Осы қағидаларда екі ұлы тарихи дәуірдің негізгі айырмашылығын түсіну үшін қажет елеулі нәрсенің бәрі бар. Бірі — 1789—1871 жылдар дәуірі, бұл кезде Европадағы соғыстар көбінесе, күмән жоқ, *аса маңызды* «халық мүдделеріне» байланысты болған еді, атап айтқанда: миллиондаған адамдардың мүдделерін қозғайтын өте күшті, буржуазиялық-прогрестік, ұлт-азаттық қозғалыстарымен, феодализмді, абсолютизмді, жат елдің езгісін күйретумен байланысты болған еді. «Отан қорғау» ұғымы, бостандық алып жатқан буржуазиялық ұлтты орта ғасырлық тәртіптен қорғау осы негізде, тек қана осы негізде өсіп шыққан болатын. Социалистер «отан қорғауды» тек осы мағынада ғана мойындаған еді. Қазір де оны, мысалы, Персияны немесе Қытайды Россиядан немесе Англиядан, Түркияны Германиядан немесе Россиядан, Албанияны Австриядан және Италиядан, т. т. қорғауды, *әлгі мағынада* мойындамасқа болмайды.

1914—1915 жылдардағы соғыс, Базель манифесінде айқын айтылғанындай, мүлдем басқа тарихи дәуірде болып отыр, мүлдем басқаша сипат алып отыр. Бұл — жыртқыштар арасында олжа бөлісу үшін, басқа елдерді құлдыққа салу үшін болып жатқан соғыс. Россияның, Англияның, Францияның жеңуі Арменияны, Кіші Азияны, т. б. тұншықтырады — бұл Базель манифесінде *айтылған.* Германияның жеңуі—кіші Азияны, Сербияны, Албанияны және басқаларды тұншықтырады. Бұл да сонда *айтылған,* мұны барлық социалистер мойындаған! Дүние жүзіне үстемдік жасау үшін, рыноктар мен «ықпал ету сфералары» үшін, халықтарды құлдыққа салу үшін соғысып жатқан ұлы державалардың (ұлы жыртқыштардың деп оқыңыз) қорғаныс со-

ғысы туралы немесе отан қорғауы туралы сөздерінің бәрі — жалған, мағынасыз және екіжүзді сөздер! Отан қорғауды мойындап жүрген «социалистердің» Базель манифесін еске түсіруден және одан дәл цитат алудан *қорқатынына* таңырқауға болмайды, өйткені бұл манифест олардың екіжүзділігін *әшкерелейді.* Базель манифесі мынаны *дәлелдейді:* 1914—1915 жылдардағы соғыста «отан қорғауды» мойындай алатын социалистер — тек сөз жүзінде ғана социалистер, ал іс жүзінде шовинистер. Олар — социал-шовинистер.

Соғысты ұлт азаттығы мүдделерімен байланысты соғыс деп мойындаудан социалистердің бір тактикасы туындайды. Соғысты империалистік, басқыншылық, жыртқыштық соғыс деп мойындаудан екінші бір тактика туындайды. Ал Базель манифесі осы екінші тактиканы айқын белгілеп берді. Соғыс «экономикалық және саяси дағдарыс» туғызады,— дейді ол. Осы дағдарысты «капитал үстемдігінің құлауын тездету» үшін «пайдалану» керек: бұл сөздерде әлеуметтік революцияның *пісіп жетілгендігі,* оның *мүмкін екендігі,* соғысқа байланысты оның *төніп келе жатқандығы мойындалған.* Манифест Коммунаның және 1905 жылдың мысалына, яғни революциялардың, стачкалардың, азамат соғысының мысалдарына тікелей сүйене отырып, «үстем таптар» «пролетарлық революциядан» қорқады дейді. Социалистер соғысқа көзқарас туралы мәселені «талқылаған жоқ», «шешкен жоқ» деушілер өтірік айтады. Базель манифесі бұл тактиканы: пролетарлық-революциялық қимылдардың және азамат соғысының тактикасын *шешіп берді.*

Базель манифесін құр тақпақ, үстіртін айтылған сөз, өншейін қоқан-лоққы деп ойлау қате болар еді. Бұл манифесте әшкереленген адамдар оны солай деуге дайын тұрады! Бірақ ол дұрыс емес! Базель манифесі — бүкіл II Интернационал дәуіріндегі, 1889—1914 жылдардағы орасан зор насихат және үгіт материалының жинағы. Бұл манифест барлық елдер социалистерінің, асыра айтпағанның өзінде, *сан миллиондаған* * прокла-

* «Асыра айтпағанның өзінде, *сан миллиондаған»* деген сөздерді Ленин *«ондаған миллион»* деген өшірілмеген сөздердің үстіне қарындашпен жазған. *Ред.*

мацияларын, газет мақалаларын, кітаптарын, сөйлеген сөздерін *қорытады*. Бұл манифесті қате деп жариялау бүкіл II Интернационалды, социал-демократиялық партиялардың он-ондаған жылдардағы жұмысының бәрін қате деп жариялау болады. Базель манифесінен безу социализмнің бүкіл тарихынан безгендік болады. Базель манифесінде *ерекше* еш нәрсе, *шектен шыққан* еш нәрсе айтылмайды. Ол — социалистердің *бұқараны соңынан қалай ерткенін* ғана, тек соны ғана: «бейбіт» жұмысты пролетарлық революцияға *әзірлік* деп мойындауды ғана айтып береді. Базель манифесі социалистердің рыноктар үшін, «brigandages capitalistes» үшін («En garde!», p. 175—176) * соғыс *бола қалған жағдайдағы* министерализмін келеке етіп, 1899 жылы Гедтің конгресте айтқанын немесе «бейбіт дәуірдің» аяқталғанын, соғыстар мен революциялар дәуірінің, пролетариаттың өкімет үшін күресу дәуірінің туғанын көрсетіп, 1909 жылы Каутскийдің «Өкімет билігіне жеткізетін жолда» айтқанын қайталап айтты.

Кредиттерді жақтап дауыс берген, министрлікке енген, 1914—1915 жылдары отан қорғауды мойындаған социалистер тарапынан социализмге толық *опасыздық* жасалғандығын Базель манифесі бұлтартпай дәлелдейді. Опасыздық жасалған фактісі даусыз. Мұны тек екіжүзділер ғана бекер дей алады. Мәселе мұны *түсіндіре білуде* ғана.

Мәселені *жеке адамдарға* апарып тіреу, Каутскийге, Гедке, Плехановқа («тіпті» осындай адамдарға да!) сілтеу сорақылық, дүмбілездік, адам күлерлік болар еді. Бұл — бейшаралық айла. Байсалды түрде түсіндіру осы саясаттың *экономикалық* маңызын талдауды, содан соң оның негізгі *идеяларына* анализ жасауды, ақырында, социализмдегі *бағыттардың* тарихын зерттеуді талап етеді.

1914—1915 жылдардағы соғыста «отан қорғаудың» *экономикалық* мәні неде? Мұның жауабы Базель манифесінде-ақ берілген. Соғысты ұлы державалардың бәрі ел тонау үшін, дүниені бөлісіп алу үшін, рыноктар

* — «капиталистік тонаулар» («Күзетте!», 175—176-беттер). *Ред.*

үшін, халықтарды құлдыққа түсіру үшін жүргізіп отыр. Мұның өзі буржуазияға түсетін пайданы көбейтеді. Мұның өзі жұмысшы бюрократиясы мен аристократиясының, одан соң жұмысшы қозғалысына «қосылған» ұсақ буржуазияның (интеллигенция, т. т.) азын-аулақ тобына осы пайдалардың *қиқым-сиқымдарын* беретін болады. «Социал-шовинизмнің» (бұл термин социал-патриотизмнен гөрі дәлірек, социал-патриотизм зұлымдықты боямалайды) және оппортунизмнің экономикалық негізі біреу-ақ: жұмысшы қозғалысының болмашы ғана «жоғарғы» тобының пролетариат бұқарасына *қарсы* «өзінің» ұлттық буржуазиясымен одақ жасасуы. Буржуазия *малайларының* буржуазия қанап отырған *тапқа* қарсы буржуазиямен одақ жасасуы. Социал-шовинизм дегеніміз барып тұрған оппортунизм.

Социал-шовинизм мен оппортунизмнің саяси мазмұны біреу-ақ: таптардың ынтымағы, пролетариат диктатурасынан безу, революциялық қимылдардан бас тарту, буржуазиялық жариялылық алдында бас ию, пролетариатқа сенбеу, буржуазияға сену. Дәл сондай саяси идеялар. Тактиканың саяси мазмұны да дәл сондай. Социал-шовинизм — мильеранизмнің, бернштейншілдіктің, ағылшын либералдық жұмысшы саясатының тікелей жалғасы және аяқталуы, солардың қосындысы, солардың жиынтығы, солардың нәтижесі.

Бүкіл 1889—1914 жылдардағы дәуір бойында біз социализмдегі негізгі екі бағытты — оппортунистік және революциялық бағыттарды көреміз. Социализмге көзқарас мәселесі жөніндегі екі бағыт қазір де бар. *Жеке адамдарға* сілтей салатын буржуазиялық және оппортунистік суайттардың әдетін лақтырып тастаңыз; түгелдей бірқатар елдердегі *бағыттарды* алып қараңыз. Европаның 10 елін: Германияны, Англияны, Россияны, Италияны, Голландияны, Швецияны, Болгарияны, Швейцарияны, Бельгияны, Францияны алайық. Алдыңғы 8 елде оппортунистік және революциялық *бағыттарға* бөліну социал-шовинистер мен революцияшыл интернационалистерге бөлінуге сәйкес келеді. Социал-шовинизмнің негізгі *үйтқылары*,— әлеуметтік, саяси мағынасы жағынан алғанда,— Германияда «Sozialistische

Monatshefte»[56] мен К°, Англияда фабийшылдар[57] мен жұмысшы партиясы [58] (Тәуелсіз жұмысшы партиясы бұлармен бір *блокта* болды, ал бұл блокта социал-шовинизмнің ықпалы Британия социалистік партиясына қарағанда анағұрлым басым, онда интернационалистер $^3/_7$ бөлікке жуық: 66 және 84), Россияда «Наша Заря» мен Ұйымдастыру комитеті (және «Наше Дело»), Италияда Биссолатидің партиясы, Голландияда Трульстраның партиясы, Швецияда Брантинг пен К°, Болгарияда «широкийлер» [59], Швейцарияда Грейлих пен «оның» адамдары*. Осы елдердің *бәрінде* нақ революцияшыл социал-демократтар арасында қазірдің өзінде социал-шовинизмге қарсы азды-көпті қатты наразылық білдіріліп отыр. 10 елдің 2 елінде ғана бұлай емес, бірақ бұл елдерде де интернационалистер жоқ емес, *әлсіз,* фактілер жоқ емес, белгісіздеу (Вальян интернационалистерден хаттар алып тұратынын мойындаған, бірақ оларды бастырып шығармады).

Социал-шовинизм дегеніміз барып тұрған оппортунизм. Бұл даусыз. Буржуазиямен одақ идеялық, құпия одақ еді. Ол ашық, дөрекі одаққа айналды. Социал-шовинизмге күш берген — нақ осы буржуазиямен және бас штабтармен жасасқан одақ. Пролетарлар «бұқарасы» шовинизмге қарай бет бұрды деушілер (соның ішінде Каутский) өтірік айтады: бұқараның пікірі еш жерде сұралған *емес* (мүмкін, соғыс жарияланғанға дейінгі 9 ай талас болған Италияда ғана сұралған болар!—ал Италияда да бұқара Биссолатидің партиясына *қарсы* болды). Соғыс жағдайы бұқараның үнін өшірді, езді, тозғындатты, жаншыды. Көсемдер *ғана* еркін дауыс берді — пролетариатқа қарсы буржуазияны *жақтап* дауыс берді! Оппортунизмді *ішкі* партиялық құбылыс деп санау күлкілі әрі ерсі! Германияда да, Францияда да, т. т. марксистердің бәрі оппортунизм дегеніміз буржуазияның пролетариатқа жасаған әсерінің көрінісі, буржуазиялық жұмысшы саясаты, пролетариат төңірегіндегі элементтердің болмашы бөлегінің буржуазиямен одағы деп әрқашан айтып та, дәлелдеп те келген. Ал

* Қолжазбада Ленин «адамдары» деген сөздің үстіне «қанаты» дегенді қосып жазған. *Ред.*

оппортунизм «бейбіт» капитализм жағдайында ондаған жылдар бойы жетіле келіп, 1914—1915 жылдар қарсаңында пісіп жетілгендігі сонша — ол буржуазияның ашықтан-ашық одақтасына айналды. Оппортунизммен бірлік дегеніміз пролетариаттың өзінің ұлттық буржуазиясымен бірігуі, яғни соған бағынуы, интернационалдық революциялық жұмысшы табының жікке бөлінуі. Мұның өзі барлық елдерде оппортунистерден дереу жіктелу жөн немесе тіпті сол ғана мүмкін деген сөз емес: мұның өзі жіктеліс тарихи жағынан пісіп жетілді, лажсыз және прогресті болды, пролетариаттың революциялық күресіне қажет болды, тарих «бейбіт» капитализмнен империализмге бет алып, осындай жіктеліске бет бұрып отыр деген сөз. Volentem ducunt fata, nolentem trahunt*.

Барлық елдердің, ең алдымен соғысып жатқан елдердің, буржуазиясы соғыс басталғаннан-ақ «отан қорғауды», яғни империалистік соғыста *пролетариатқа қарсы* буржуазияның тонаушылық мүдделерін қорғауды мойындайтын социалистерді мадақтауда толық бірігіп алды. Ал халықаралық буржуазияның осы негізгі және ең елеулі мүддесі социалистік партиялардың *ішінен,* жұмысшы қозғалысының *ішінен* өзіне жол ашып, көрініс тауып отырғанын қараңызшы. Германияның мысалы бұл жерде өте-мөте ғибрат аларлық, өйткені бұл елде II Интернационал дәуірі ең күшті партия құрып берді, бірақ басқа елдерде де біз Германиядағының *нақ өзін* толығынан және түгелдей көріп отырмыз, олардың тек формасында, кескінінде, сырт көрінісінде ғана болмашы айырмашылықтар бар.

1915 жылы апрельде Германияның консервативтік «Preußische Jahrbücher»[60] журналы *Monitor* деген бүркеншік ат жамылған *социал-демократтың,* социал-демократиялық партия мүшесінің, мақаласын басты. Міне, осы оппортунист шындықты айтып салды, дүние жүзілік буржуазияның *бәрінің* XX ғасырдың жұмысшы қозғалысы жөніндегі саясатының *мәні* неде екенін ашық айтып қойды. Бұл қозғалысқа қолды сілтей салуға да,

* Тағдыр жүргісі келгенді жетелейді, жүргісі келмегенді сүйрейді. *Ред.*

оны қара күшпен басып тастауға да ендігі жерде болмайды. Қозғалыстың жоғарғы тобын *сатып алып,* оны іштен аздыру керек. Ағылшын-француз буржуазиясы тред-юнион көсемдерін, Мильерандарды, Бриандарды және К⁰-ні сатып алып, ондаған жылдар бойы нақ осылай істеп келді. Неміс буржуазиясы да қазір нақ осылай істеп отыр. Социал-демократиялық партия,—дейді Monitor буржуазияның алдында (ал, шынына келгенде, буржуазияның *атынан*),— соғыс кезінде өзін «мінсіз» ұстап отыр (яғни пролетариатқа қарсы буржуазияға мінсіз *қызмет етіп* отыр). Социал-демократиялық партияның национал-либералдық жұмысшы партиясы болып «азғындау процесі» тамаша алға басып келеді. Бірақ, егер бұл партия *оңшылданатын* болса, буржуазия үшін мұның өзі *қауіпті* болар еді: «Ол социалистік мұраттары бар жұмысшы партиясының сипатын сақтауға тиіс. Өйткені ол бұдан бастартқан күні-ақ жаңа партия пайда болады, ол бұрынғы ескі партия безіп шыққан программаны қабылдайды да, оған бұрынғыдан бетер радикалдық тұжырым береді» («Pr. J.», 1915, № 4, 50—51).

Буржуазияның әрқашан және барлық жерде жасырып істеп келген нәрсесі бұл сөздерде ашық айтылып отыр. Бұқараға «радикалдық» *сөздер керек,* бұқара ол сөздерге сенуі керек. Оппортунистер оларды екіжүзділікпен қайталай беруге әзір. Буржуазияға II Интернационалдың социал-демократиялық партиялары *сияқты* партиялар пайдалы, керек, өйткені олар 1914—1915 жылдардағы дағдарыста социалистердің буржуазияны *қорғауын* қолданды! Англияда фабийшылдар мен тред-юниондардың[61] либерал көсемдері, Францияда оппортунистер мен жоресшілдер[62] нақ сол неміс Monitor-дың саясатын жүргізіп отыр. Monitor—ашық немесе арсыз оппортунист. Басқа бір сарынға, бүркемелі немесе «адал» оппортуниске қарап көріңізші. (Энгельс бірде: «адал» оппортунистер — жұмысшы қозғалысына ең қауіпті оппортунистер деп әділ айтқан-ды[63]). Мұндайлардың үлгісі — Каутский.

Ол 1915 ж. 26 ноябрьде «N. Z.»-тің 9-номерінде: ресми партияның көпшілігі оның программасын бұзып

отыр деп жазады (Каутскийдің өзі соғыс басталғаннан кейін бір жыл бойы осы көпшіліктің саясатын қорғап келген және «отан қорғаудың» жалғандығын ақтап келген!). «Көпшілікке қарсы оппозиция өсіп келеді» (272). («Die Opposition gegen die Mehrheit im Wachsen ist».) Бұқара «оппозициялық пиғылда» («oppositionell»). «Nach dem Kriege»... (nur *nach* dem Kriege?)... «werden die Klassengegensätze sich so verschärfen, daß der Radikalismus in den Massen die Oberhand gewinnt» (272)... Es «droht uns nach dem Kriege» (nur *nach* dem Kriege?) «die Flucht der radikalen Elemente aus der Partei u. ihr Zustrom zu einer Richtung antiparlamentarischer» (?? soll heißen: außerparlamentarischer) «Masseaktionen»... «So zerfällt unsere Partei in zwei Extreme, die nichts Gemeinsames haben...»*

Каутский «қақ ортада» болғысы келеді, *«бір-біріне ортақ ештеңесі жоқ»* осы «2 ұшқарылықты» ымыраластырып отырғысы келеді!! Ол енді (соғыс басталған соң 16 айдан кейін) бұқараның революцияшылдығын мойындайды. Ал соның артынша революциялық қимылдарды айыптап, оларды «Abenteuer» «in den Straßen» (S. 272)** деп атай отырып, Каутский революцияшыл бұқараны «бұлармен ортақ ештеңесі жоқ» оппортунист-көсемсымақтармен ымыраластырғысы келеді — *немен* ымыраластырмақшы? Сөзбен ымыраластырмақшы! Рейхстагтағы «солшыл» азшылықтың «солшыл» сөздері арқылы ымыраластырмақшы!! Мейлі, азшылық, Каутский сияқты, революциялық *қимылдарды* айыптай берсін, оларды *авантюра* деп атай берсін, бірақ бұқараны солшыл *сөздермен* асыраса болғаны — міне сонда партияда... Зюдекумдармен, Легиндермен, Давидтермен, Monitor-лармен бірлік және татулық орнайтын болады!!

Ал мұның өзі тек «ізгі үнмен», «жылымшы сөздер-

---

* — «Соғыстан кейін»... (тек соғыстан *кейін* бе?)... «таптық қайшылықтардың шиеленісетіні сонша — бұқара арасында басымдық радикализм жағында болып шығады» (272)... «Соғыстан кейін» (тек соғыстан *кейін* бе?) «бізде радикал элементтердің партиядан қашып шығу және олардың парламентке қарсы» (?? парламенттен тыс деу керек еді) «бұқаралық қимылдарды жақтаушыларға барып қосылу қаупі бар»... «Сөйтіп, біздің партия бір-біріне ортақ ештеңесі жоқ ұшқары екі лагерьге бөлінеді...» *Ред.*

** — «көшедегі авантюралар» (272-бет). *Ред.*

мен» айтылған түгелдей бәз-баяғы Monitor-дың программасы, буржуазияның программасы ғой!! Сондықтан бұл программаны Wurm да жүргізді; 1915 ж. 18 мартта рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның мәжілісінде ег «warnte dei Fraktion den Bogen zu überspannen; in den Arbeitermassen wachse die Opposition gegen die Fraktionstaktik; es gelte, beim marxistischen Zentrum zu verharren». (S. *67* «Klassenkampf gegen den Krieg! Material zum «Fall Liebknecht»». Als Manuskript gedruckt.) *

Ескеріп қойыңыз, бұл жерде бүкіл «маркстік орталықтың» (соның ішінде Каутскийдің) атынан: бұқара революцияшыл деп мойындалып отыр! Ал мұның өзі 1915 ж. 18 мартта!!! **Мұнан 8 ½ ай кейін,** 1915 ж. 26 ноябрьде, Каутский тағы да революцияшыл бұқараны солшыл сөздермен алдарқату керек деп ұсынады!!

Каутскийдің оппортунизмінің Monitor-дың оппортунизмінен айырмасы сөздерінде ғана, сарындарында ғана, *бір* мақсатқа: оппортунистердің (яғни буржуазияның) бұқараға ықпалын *сақтап қалу,* пролетариаттың оппортунистерге (яғни буржуазияға) *бағынуын* сақтап қалу мақсатына жетудің әдістерінде ғана!! Паннекук пен Гортер Каутскийдің позициясын «енжар радикализм» деп (революцияшылдықтың *осы* түрін өздерінің «қолтума» үлгілерінен тамаша зерттеген француздардың verbiage** дегеніндей!!) өте дәл атаған. Бірақ мен мұны бүркемелі, жасқаншақ, екіжүзді, жылымшы оппортунизм деп атағанды жөн көрер едім.

Істің мәніне келгенде социал-демократиядағы 2 бағыттың айырмасы қазір тіпті де сөздерде, бос сөздерде ғана емес. «Отан қорғауды» (яғни буржуазияның тонауларын қорғауды) социализм, интернационализм, халықтардың бостандығы, т. с. туралы бос сөздермен ұштастыру жөнінде Вандервельде, Ренодель, Самба, Гайндман, Гендерсон, Ллойд Джордж Легиннен, Зюде-

---

* — ол «фракцияға асыра сілтемеу керек деп ескертті; жұмысшы бұқарасының арасында фракцияның тактикасына қарсы оппозиция күшейіп келеді; маркстік орталыққа қол артқан жөн». (*67*-бет «Соғысқа қарсы тап күресі! «Либкнехт ісі» жөніндегі материал». Қолжазба ретінде.) *Ред.*

** — былшыл. *Ред.*

кумнен, Гааземен қоса алғанда Каутскийден кем түспейді! Шын айырмашылық қазіргі соғыста отан қорғауды толығынан жоққа шығарудан басталады, осы соғысқа байланысты, осы соғыстың *кезінде және* онан *кейін* революциялық қимылдарды мойындаудан басталады. Міне осы, бірден-бір байсалды, бірден-бір іскерлік мәселеде Каутский және Гейнемен қоса алғанда Кольб бір жерден шығып отыр.

Англиядағы фабийшылдар мен Германиядағы каутскийшілдерді салыстырып қараңызшы. Алдыңғыларын марксизмді ешқашан мойындамаған либералдар деуге болады. Энгельс 1893 ж. 18 январьда фабийшылдар туралы былай деп жазған еді: «... мансапқорлардың, әлеуметтік төңкерістің болмай қалмайтындығын түсінуге ақылы жететін, бірақ осы орасан үлкен жұмысты мүлде пісіп жетілмеген пролетариатқа ғана сеніп беріп қоюды ешбір жағдайда тілемейтін мансапқорлардың шайкасы... Революциядан зәресі ұшу—олардың негізгі принципі...»[64]. Ал 1893 ж. 11 ноябрьде былай деп жазды: «пролетариат секілді білімсіз жай бұқара осы ақылды адвокаттардың, әдебиетшілердің және сентименталды қатындардың рақымынсыз өзін өзі азат ете алмайтынын, ештеңеге қолын жеткізе алмайтынын түсінгісі келсе ғана, оны жоғарыдан азат ету үшін пролетариатқа рақым жасайтын сол тәкаппар буржуалар...»[65]. Каутскийшілдер өздерінің «теориясы» жағынан бұлардан қаншама алыс жатыр! Ал практикада, өздерінің соғысқа козқарасы жағынан, олар біріне-бірі *әбден сәйкес келеді!* Мұның өзі каутскийшілдердің марксизм атаулыдан құралақан қалғандығын, оның түкке тұрғысыз нәрсеге, екіжүзді бос сөзге айналдырылғандығын айқын дәлелдейді.

Социалистердің Базельде біраузыдан қабылдаған революциялық пролетарлық қимылдар тактикасын соғыс басталғаннан кейін каутскийшілдердің қандай айқын софизмдермен теріске шығарғандығын төмендегі мысалдардан көруге болады. Каутский «әсіре империализм» теориясын ұсынды. Ол бұлай деп «ұлттық финанс капиталдарының өзара күресін интернационалдық көлемде біріккен финанс капиталының дүние жүзін бі-

рігіп қанауымен» («N. Z.» № 5, 30. IV. 1915. S. 144) алмастыруды түсінді. Мұның үстіне Каутскийдің өзі: «Капитализмнің мұндай жаңа фазасының жүзеге асуы мүмкін бе, мұны шешу үшін әлі жеткілікті алғы шарттар жоқ» дегенді қосты!! Жаңа фазаны ойлап шығарушының өзі оның «жүзеге асуы мүмкін» деп тіпті жариялауға батылы бармай отырса да, жаңа фазаның «ақылға сыйымдылығына» сүйене отырып, қазір, дағдарыс пен соғыстың сөзсіз туып отырған *фазасының* кезінде, пролетариаттың революциялық міндеттері бекерге шығарылады! Ал енді революциялық қимылдарды II Интернационалдың беделді адамының өзі бекерге шығарып отыр; ол 1909 жылы «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген тұтас бір кітап жазған еді, бұл кітап басты-басты европалық тілдердің бәріне дерлік аударылған және келешектегі соғыстың революциямен *байланысын* дәлелдеген, «революцияның күн ілгері болуы *мүмкін емес»* деп дәлелдеген еді!!

1909 жылы Каутский «бейбіт» капитализм дәуірі өтті, соғыстар мен революциялар дәуірі төніп келеді деп дәлелдейді. 1912 жылы Базель манифесі дүние жүзіндегі социалистік партиялардың бүкіл тактикасына нақ осы көзқарасты негіз етіп алады. 1914 жылы соғыс басталады, Штутгарт пен Базельде алдын ала болжап айтылған «экономикалық және саяси дағдарыс» туады. Ал Каутский революциялық тактикаға *қарсы* теориялық «сылтаулар» ойлап шығарады!

П. Б. Аксельрод нақ сол идеяларды сәл ғана «солшылдау» бос сөздермен жеткізеді: ол еркін Швейцарияда жазады, сөйтіп орыстың революцияшыл жұмысшыларына әсер еткісі келеді («Die Krise und die Aufgaben der internationalen Sozial-demokratie». Zürich, 1915*). Біз мұнда бүкіл дүние жүзінің оппортунистері мен буржуасына жағымды мынадай жаңалықты оқимыз: «das Internationalisierungsproblem der Arbeiterbewegung ist mit der Frage der Revolutionisierung unserer Kampfesformen und Methoden nicht identisch» (37), ал «Der Schwerpunkt des Internationalisierungsproblems der

* — «Дағдарыс және халықаралық социал-демократияның міндеттері». Цюрих, 1915. *Ред.*

proletarischen Befreiungsbewegung liegt in der weiteren Entwicklung u. Internationalisierung eben jener Alltagspraxis» (40)... «*beispielsweise* müssen die Arbeiterschutz- u. Versicherungsgesetzgebung... zum Objekt ihrer (der Arbeiter) *internationalen* Aktionen u. Organisationen werden» (39)*.

Әлбетте, мұндай «интернационализмді» Зюдекумдер, Легиндер және Вандервельдемен қоса алғанда Гайндмандар ғана емес, сонымен қатар Ллойд Джорджлар, Наумандар мен Бриандар да түгел мақұлдайды! Аксельрод Каутскийдің отан қорғауды жақтайтын дәлелдерінің бірде-бірін келтірместен және талдамастан, соның «интернационализмін» қорғайды. Аксельрод — франкофильдік социал-шовинистер тәрізді — Базель манифесінің нақ революциялық тактика туралы айтатынын тіпті еске түсіруге қорқады. Болашақ үшін — дерексіз, белгісіз болашақ үшін — Аксельрод мынадай ең солшыл, ррреволюциялық бос сөздерді айта салуға әзір: болашақ Интернационал қарсы шығады — entgegentreten wird (den Regierungen im Falle der Kriegsgefahr) «mit der Entfachung eines revolutionären Sturmes»... «Einleitung der sozialistischen Revolution» (14)**. Ойнамаңыз!! Ал енді нақ қазір, қазіргі дағдарыс кезінде революциялық тактиканы қолдану туралы сөз болған кезде, Аксельрод ganz à la Kautsky былай деп жауап береді: «revolutionäre Massenaktionen»... бұл тактика... «hätte noch eine gewisse Berechtigung, wenn wir unmittelbar am Vorabend der sozialen Revolution ständen, ähnlich wie es etwa in Rußland seit den Studentendemonstrationen des J. 1901 der Fall war, die das Herannahen entscheidender Kämpfe gegen den Absolutismus ankün-

---

* — «жұмысшы қозғалысын интернационалдандыру проблемасы біздің күресіміздің формалары мен әдістерін революцияшылдандыру мәселесімен пара-пар емес» (37), ал «пролетарлық азаттық қозғалысын интернационалдандыру проблемасының ауыр салмағы нақ күнбекүнгі практиканы мұнан былай дамытуда және интернационалдандыруда жатыр» (40)... «*мысалы*, еңбек қорғау және қауіпсіздендіру жөніндегі заңдар... олардың (жұмысшылардың) *интернационалдық* қимылдары мен ұйымдарының объектісі болуға тиіс» (39). *Ред.*

** — қарсы (соғыс қаупі туа қалған жағдайда үкіметтерге қарсы) шығады «және революциялық дауыл көтереді»... «Социалистік революцияның прологы» (14). *Ред.*

digten»*... (40—41) және содан әрі нағыз Кольбтың, Гейненің, Зюдекумнің, Легиннің рухында «Utopien»**-ге, «Bakunismus»***-ке қарсы қаһарын төгеді!! Бірақ Россияның мысалы Аксельродты өте-мөте айқын әшкерелейді. 1901 жылдан 1905 жылға дейін 4 жыл өтті, ал Россияда революция (абсолютизмге қарсы бірінші революция) 4 жылдан кейін болады деп 1901 жылы ешкім кепіл бола алған жоқ. Европаның социалистік революцияның алдындағы жағдайы да нақ сондай. Осы тәрізді бірінші революция 4 жылдан кейін бола ма, жоқ па— оған ешкім кепіл бола алмайды. Бірақ, 1912 жылы алдын ала айтылған, ал 1914 жылы келіп туған революциялық жағдайдың *бар* екені факт. 1914 жылы Россия мен Германияда болған жұмысшылар мен ашыққан қала халқының демонстрациялары да, дау жоқ, «ankündigen das Herannahen entscheidender Kämpfe»****. Социалистердің тікелей және сөзсіз борышы—*осы* демонстрацияларды және әр алуан «революциялық бұқаралық қимылдарды» (экономикалық және саяси стачкаларды, әскер ішіндегі көтеріліске дейін баратын қозғалысты және азамат соғысын) қолдау және дамыту, оларға айқын ұран беру, құпия ұйымдар құрып, әдебиет шығару,— құпия әдебиетсіз бұқараны революцияға шақыруға *болмайды,*— бұқараның революцияны түсінуіне, сол үшін ұйымдасуына көмектесу. Россияда социал-демократтар 1901 жылғы (1905 жылы басталған, бірақ 1915 жылы да аяқталмаған) буржуазиялық революцияның алдындағы «Am Vorabend»***** нақ осылай істеді. Европада социал-демократтар 1914—1915 жылдарда «am Vorabend» der sozialistischen Revolution****** нақ осылай істеуге міндетті. Революция ешқашан дайын күйде тумайды, Юпитердің басынан пайда болмайды, бірден тұтанбайды. Мұның алдында әр-

* — «егер біз, мысалы, Россияда 1901 жылғы студенттік демонстрациялар абсолютизмге қарсы шешуші шайқастардың хабаршысы болып шыққаны сияқты, тікелей әлеуметтік революцияның қарсаңында тұрған болсақ», «революциялық бұқаралық бой көрсету» тактикасы... осы тактика «өзін біршама ақтаған болар еді». *Ред.*

** — «утопияларға». *Ред.*

*** — «бакунизмге». *Ред.*

**** — «шешуші шайқастардың жақындағанын аңғартады», *Ред.*

***** — «қарсаңда». *Ред.*

****** — социалистік революцияның «қарсаңында», *Ред.*

қашан толқулар, дағдарыстар, қозғалыстар, ашынулар процесі, революцияның *басталуы* болады, және де бұл басталу (мысалы, егер революцияшыл тап әлсіз болса) *әрқашан* ақырына дейін дами *бермейді*. Аксельрод социал-демократтарды қазір бар революциялық жағдайдың негізінде басталып отырған революциялық қозғалыстарды дамытуға көмектесу *борышынан* алаң қылып, сылтаулар ойлап шығарады. Аксельрод өзінің оппортунизмін солшыл бос сөздермен бүркемелеп қана Давидтің және фабийшылдардың тактикасын қорғап отыр.

Оппортунистердің көсемі Э. Давид: «Den Weltkrieg in einen Bürgerkrieg umwandeln zu wollen wäre Wahnsinn gewesen»* деп жазып («Die Sozial-demokratie im Weltkrieg», Brl., 1915, S. 172**), біздің партиямыз РСДРП-ның Орталық Комитетінің 1914 жылы 1 ноябрьде жарияланған манифесіне қарсы шығады; бұл манифест осы ұранды көтеріп, мынаны қосқан: «Wie groß die Schwierigkeiten dieser Umwandlung zur gegebenen Zeit auch sein mögen,— die Sozialisten werden niemals ablehnen, die Vorarbeiten in der bezeichneten Richtung *systematisch, unbeugsam* und energisch auszuführen, falls der Krieg zur Tatsache geworden ist» (zitiert bei David. S. 171***. Айта кетелік, Давидтің кітабы шығардан бір ай бұрын (1. V. 1915 ж.) біздің партия соғыс туралы қарарлар жариялады («С.-Д.» № 40, 29. III): «империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру жолындағы» үнемі жасалатын «қадамдар» мына түрде белгіленді: 1) соғыс кредиттеріне дауыс беруден бас тарту etc.; 2) «Burgfrieden»**** қол үзу; 3) құпия ұйым құру; 4) солдаттардың траншеяларда бауырласуын қолдау; 5) жалпы алғанда пролетариаттың революциялық бұқаралық қимылдарының бәрін қолдау.

---

* — «Дүние жүзілік соғысты азамат соғысына айналдырғысы келу ессіздік болар еді». *Ред.*

** — «Социал-демократия дүние жүзілік соғыста», Берлин, 1915, 172-бет. *Ред.*

*** — «Қайсыбір сәтте империалистік соғысты азамат соғысына айналдырудың қиыншылықтары қаншама зор болып көрінгенмен, соғыстың өзі факт болып отырғандықтан, осы бағытта әзірлік жұмыстарын *үнемі, үздіксіз* әрі табандылықпен жүргізе беруден социалистер еш уақытта да бас тартпайды» (Давидтен алынған цитат, 171-бет). *Ред.*

**** — «азаматтық татулықтан», *Ред.*

О, шіркін, ер Давид! 1912 ж. ол Париж Коммунасы мысалына сілтеме жасауды «ессіздік» деп тапқан жоқ еді. Ал 1914 ж. ол: «ессіздік» деп буржуазияның әуеніне қосылып отыр!!

Революциялық тактикаға Давидпен әбден үйлес бағаны «4 жақты келісу» социал-шовинистерінің дағдылы өкілі Плеханов беріп отыр. Ол... туралы пікірді...* ...нақ әлеуметтік революцияның «Vorabend»** айтты, бұдан «entscheidende Kämpfe»*** дейін 4 жыл өтуі де, онан көп жылдар өтуі де мүмкін. Бұл «пролетарлық революцияның» нақ басталуы, мейлі әзір әлсіз-ақ болсын, бірақ әйтеуір, Базельде айтылған және ол *ешқашан* салған жерден күшті болмайтын, қайта біршама *әлсіз* басталыстар кезеңдерінен сөзсіз өтетін «пролетарлық революцияның» басталысы.

Революциялық бұқаралық қимылдарды және революциялық қозғалысты қолдау, дамыту, ұлғайту, шиеленістіру керек. Осы бағытта насихат және үгіт жұмысын жүргізу үшін, бұқараның қозғалысты және оның міндеттерін, оның құралдарын, оның мақсаттарын түсінуіне көмектесу үшін құпия ұйым құру керек. Социал-демократияның осы соғыс кезіндегі қызметінің практикалық программасының бәрі де сөзсіз осы 2 пунктке келіп тіреледі. Қалғанының бәрі — қандай бір солшыл, жалған маркстік, пацифистік амал-айлалармен боямаланғанымен, оппортунистік, контрреволюциялық бос сөздер.

Ал егер бізге, II Интернационал кертартпаларының әдетте қарсы болатыны сияқты: ау! бұл «орыс» әдістері ғой!! («Die russische Taktik»—Kap. VIII bei David****) деп қарсы шығатын болса,— онда біз фактілерге жай жүгінумен ғана жауап береміз. Берлинде 1915 ж. 30 октябрьде бірнеше жүз (einige Hundert) әйел Parteivorstand алдында демонстрация жасап, өздерінің депутациясы арқылы оған былай деген: «Die Verbreitung von *unzensierten Flugblättern und Druck-*

* Қолжазба осы жерден үзіледі. Текстің жалғасы сақталған толық емес (бас жағы жоқ) бет бойынша басылып отыр. *Ред.*

** — «қарсаңында». *Ред.*

*** — «шешуші шайқастарға». *Ред.*

**** — («Орыс тактикасы»—Давидтің VIII тарауы). *Ред.*

schriften und die Abhaltung *nicht genehmigter Versammlungen* wäre bei dem großen Organisationsapparat heute leichter möglich als zur Zeit des Sozialistengesetzes. Es fehlt nicht an Mitteln und Wegen, sondern offensichtlich an dem Willen»* (курсив менікі) («Berner Tagwacht» № 271).

Берлиннің бұл жұмысшы әйелдерін орыс партиясы Орталық Комитетінің 1. XI-дегі «бакунистік» және «авантюристік», «сектанттық» (siehe Kolb & K°**) және «ессіз» манифесі аздырған болса керек.

1915 ж. аяғында жазылг

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — «Қазіргі уақытта, үлкен ұйымдастыру аппараты болып отырған кезде, *құпия листовкалар мен кітапшалар* тарату, *рұқсат етілмеген жиналыстар* өткізу социалистерге қарсы ерекше заңның кезіндегіден оңай болар еді. Жұмыстың құралдары мен жолдарында жеткіліксіздік сезілмейді, бірақ, сірә, жеткілікті жігер жоқ болса керек». *Ред.*

** — қараңыз: Кольб және К°. *Ред.*

ОППОРТУНИЗМ ЖӘНЕ II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КҮЙРЕУІ[66]

I

II Интернационал шынында өмір сүруден қалды ма? Каутский мен Вандервельде тәрізді оның ең беделді өкілдері мұны қасарыса теріске шығарады. Қарым-қатынас үзілгеннен басқа түк те болған жоқ қой; бәрі де орнында; олардың көзқарасы осындай.

Ақиқатына жету үшін нақ осы империалистік дүние жүзілік соғысқа қатысы бар және дүние жүзінің барлық социалистік партиялары қабылдаған 1912 жылғы *Базель конгресінің манифесін* қарап көрелік. Әрбір соғысқа нақтылы-тарихи баға беру қажет екендігін теория жүзінде бірде-бір социалистің бекер деуге батылы бармайтынын айта кеткен жөн.

Енді, соғыс тұтанған кезде, ашық оппортунистер де, каутскийшілдер де Базель манифесін мойындауға да, оның қойған талаптарымен социалистік партиялардың соғыс кезіндегі іс-әрекеттерін салыстыруға да бата алмайды. Неге? Неге десеңіз, манифест олардың екеуін де толық әшкерелейді.

Манифесте отан қорғау туралы да, шабуылды соғыс пен қорғаныс соғысының арасындағы айырмашылық туралы да бірде-бір сөз жоқ, Германияның және төрт жақты келісудің оппортунистері мен каутскийшілдерінің * қазір дүние жүзіне мүйіс-мүйістің бәрінде байбалам салып жүргендерінің бәрі туралы бірде-бір сөз жоқ. Мани-

---

* Әңгіме Германиядағы Каутскийді жақтаушылардың жеке адамдары жайында емес, оппортунизм мен радикализмнің арасында ауытқып жүрген, ал шынында оппортунизм үшін бүркеніш болып жүрген жалған марксистердің халықаралық типі жайында болып отыр.

фест бұл туралы айта да алмас еді, өйткені оның айтқаны бұл ұғымдардың қандайының болсын қолданылуына ешбір саңылау қалдырмайды. Манифест ондаған жылдар бойы осы соғысты әзірлеген, 1912 ж. әбден айқын көрінген және 1914 ж. соғысты тудырған бірқатар экономикалық және саяси жанжалдарды толық нақтылы түрде көрсетеді. Манифест «Балқанда гегемондық жасау» жолындағы орыс-австрия жанжалы туралы, өздерінің «Кіші Азиядағы жаулап алу саясаты» жолындағы Англияның, Францияның және Германияның арасындағы (осы елдердің *бәрінің* арасындағы) жанжал туралы, Албанияда «иелікке тырысу» үшін болған Австрия-Италия жанжалы, т. т. туралы еске салады. Манифест осы жанжалдардың бәрін «капиталистік империализмнің» негізінде туып отырған жанжалдар деп бір сөзбен анықтайды. Сөйтіп, манифест осы соғыстың басқыншылық, империалистік, реакциялық, құл иеленушілік сипатын, яғни отан қорғау дегенді теориялық жағынан мағынасыздыққа және практикалық сорақылыққа айналдыратын сипатын әбден айқын мойындайды. Өзгелердің «отанын» жұтып жіберу үшін ірі акулалардың күресі жүріп жатыр. Манифест даусыз тарихи фактілерден лажсыз келіп туатын қорытындыларды жасайды: бұл соғысты «қандай бір болсын халық мүддесін титтей сылтау жасап ақтауға» болмайды; бұл соғыс «капиталистердің пайдасы үшін, әулеттердің намысы үшін» әзірленіп жатыр. Егер жұмысшылар «біріне бірі оқ ататын болса», онысы «қылмыс» болар еді. Манифест осылай дейді.

Капиталистік империализм дәуірі өзінің күйреу қарсаңында тұрған, социализмге орын босату дәрежесіне дейін жетіп піскен, асқына піскен капитализмнің дәуірі болып табылады. 1789—1871 жылдардағы кезең прогрестік капитализм дәуірі болған еді, ол кезде тарихтың күн тәртібінде феодализмді, абсолютизмді құлату, жат жұрттың езгісінен азат ету тұрған болатын. Осы негізде, *тек* осы негізде *ғана* «отан қорғау», яғни езгіге қарсы қорғану жөн болып табылатын. Бұл ұғымды қазірде де империалистік ұлы державаларға *қарсы* соғысқа қолдануға болар еді, бірақ оны империалистік ұлы держа-

валардың *арасындағы* соғысқа қолдану, әңгіме Балқан елдерін, Кіші Азияны, т. т. кімнің көп талап-тонай алатындығы жөнінде болып жатқан соғысқа қолдану сорақылық болар еді. Сондықтан нақ осы соғыста «отан қорғауды» мойындайтын «социалистердің», ұрлық қылған жерінен орағытып өтетін ұрылар тәрізді, Базель манифесін орағытып өтіп жүргеніне таңданатын түк те жоқ. Неге десеңіз, манифест олардың социал-шовинистер екенін, яғни сөз жүзінде социалистер екенін, ал іс жүзінде бөтен елдерді тонауда, басқа ұлттарды құл етуде «өз» буржуазиясына көмектесетін шовинистер екенін дәлелдеп отыр. Мұның өзі «шовинизм» деген ұғымдағы ең елеулі нәрсе: олар «өз» отанының әрекеттері өзге отандарды құл етуге бағытталған күнде де сол «өз» отанын қорғайды.

Соғысты ұлт азаттық соғыс деп танудан бір тактика туындайды, оны империалистік соғыс деп танудан екінші тактика туындайды. Манифесте осы екінші тактика айқын көрсетіледі. Соғыс «экономикалық және саяси дағдарыс тудырады», мұны «пайдалану» керек, пайдаланғанда дағдарысты жұмсарту үшін емес, отанды қорғау үшін емес, қайта, керісінше, бұқараны *«серпілту»* үшін, «капитал үстемдігінің құлауын тездету» үшін «пайдалану» керек. Тарихи жағдайлары пісіп жетілмеген нәрсені жеделдетуге болмайды. Манифест әлеуметтік революция болуы *мүмкін*, оның алғы шарттары *пісіп жетілді*, революция нақ осы соғысқа *байланысты* ғана келеді деп тапты: манифест *Париж Коммунасының және* Россиядағы *1905 ж. революцияның* мысалына, яғни жаппай стачкалардың, азамат соғысының мысалдарына сүйене отырып, «үстем таптар пролетарлық революциядан» қорқады деп мәлімдейді. Каутский тәрізді, нақ *осы* соғысқа социализмнің көзқарасы анықталған жоқ еді дейтіндердікі өтірік. Бұл мәселе талқыланып қана қойған жоқ, сонымен қатар Базельде шешілді де; онда революциялық-пролетарлық бұқаралық күрес тактикасы қабылданды.

Базель манифесін мүлдем немесе оның ең елеулі жақтарын орағытып өтіп, оның орнына көсемдердің сөздерінен немесе кейбір партиялардың қарарларынан

цитат келтіру нағыз барып тұрған екіжүзділік болып табылады; бұлар, біріншіден, Базельден *бұрын* айтылған, екіншіден, бүкіл дүние жүзі партияларының шешімдері емес еді, үшіншіден, нақ осы соғысқа қатысты емес, *болуы мүмкін* әр алуан соғыстар жөнінде айтылған. Істің мәні мынада: Европадағы үлкен державалардың арасындағы ұлттық соғыстар дәуірі олардың арасындағы империалистік соғыстардың дәуіріне айналды, сондықтан Базель манифесі алғаш рет осы фактіні ресми түрде мойындауға тиіс болды.

Базель манифесін даурықпа бос сөз, қысыр әңгіме, жеңілтек қоқан-лоққы деп ойлау қате болар еді. Бұл манифест кімді әшкерелейтін болса, солар мәселені осылай қойғысы келер еді. Бірақ бұл дұрыс емес. Манифест — бүкіл II Интернационал дәуіріндегі орасан зор насихат жұмысының нәтижесі ғана, барлық тілдерде социалистердің бұқараға арнаған барлық жүз мыңдаған сөздерінің, мақалаларының, үндеулерінің жиынтығы ғана. Манифест, мысалы, 1899 ж. *Жюль Гедтің* жазғанын ғана қайталайды; Жюль Гед соғыс бола қалған күндегі социалистердің министериализмін аяусыз сынаған болатын: ол сонда «капиталистік қарақшылар» (*«En garde!»*, 175-бет) туғызған соғыс туралы айтқан еді; манифест *Каутскийдің* 1909 ж. «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітабында айтқанын ғана қайталайды; ол сонда «бейбіт» дәуірдің аяқталғанын және соғыстар мен революциялар дәуірінің басталғанын мойындаған болатын. Базель манифесін бос сөз немесе қате деп түсіну соңғы 25 жыл ішіндегі бүкіл социалистік жұмысты бос сөз немесе қате деп есептегендік болады. Манифест және оны қолданбаушылықтың арасындағы қайшылық II Интернационалдың жұмысындағы аса терең қайшылықты ашады, сондықтан да оппортунистер мен каутскийшілдер оны жақтырмайды. 1871 жылдан 1914 жылға дейінгі кезеңнің біршама «бейбіт» сипаты алғашында оппортунизмді *пиғыл* ретінде, сонан соң *бағыт* ретінде және, ақырында, жұмысшы бюрократиясы мен ұсақ буржуазиялық жолбикелердің *тобы немесе жігі* ретінде қоректендірді. Бұл элементтер революциялық мақсаттар мен революциялық тактиканы сөз жүзінде мойын-

дау арқылы ғана жұмысшы қозғалысын өзіне бағындыра алды. Бұлар «бейбіт» жұмыстардың бәрі пролетарлық революцияға тек *әзірлік* деп ант-су ішіп сендіру жолымен ғана бұқараның сеніміне ие бола алды. Бұл қайшылық әйтеуір бір кезде жарылуға тиісті бітеу жара еді, ол жарылды да. Барлық мәселе тек мынада: Каутский мен К° істеп отырғандай, тек «бірігу» (іріңмен бірігу) үшін осы іріңді тәнге қайтадан енгізуге тырысу керек пе — немесе, жұмысшы қозғалысы тәнінің әбден айығуына көмектесу үшін, бұл процестің жанға уақытша қатты батқанына қарамастан, іріңді мейлінше жедел түрде және мұқият сылып тастау керек пе.

Соғыс кредиттеріне дауыс берушілердің, министрлікке енушілердің және 1914—1915 жылдарда отан қорғау идеясын жақтаушылардың социализмге сатқындық жасағаны анық. Бұл фактіні тек екіжүзділер ғана мойындамауы мүмкін. Оны түсіндіру керек.

II

Барлық мәселені жеке адамдар туралы мәселе ретінде қарау сөкеттік болар еді. Егер *Плеханов* және *Гед*, т. с. сияқты адамдар болса, онда бұлардың оппортунизмге қандай қатысы бар? — деп сұрады *Каутский* («Neue Zeit», 28 май, 1915 ж.). Егер *Каутский*, т. с. болса, онда мұның оппортунизмге қандай қатысы бар? — деп *Аксельрод* торт жақты келісудің оппортунистері атынан жауап берді («Die Krise der Sozialdemokratie»*, Цюрих, 1915 ж. 21-бет). Мұның бәрі комедия. *Бүкіл қозғалыстың дағдарысын түсіндіру үшін, біріншіден, сол саясаттың экономикалық маңызын, екіншіден, оның негізінде жатқан идеяларды және, үшіншіден, оның социализмдегі бағыттардың тарихымен байланысын қарастыру қажет.*

1914—1915 жылдардағы соғыс кезіндегі қорғампаздықтың экономикалық мәні неде? *Барлық* ірі державалардың буржуазиясы дүние жүзін бөлісіп алу және қанау мақсатында, халықтарды езу мақсатында соғыс

* — «Социал-демократияның дағдарысы». *Ред.*

жүргізіп жатыр. Жұмысшы бюрократиясының, жұмысшы аристократиясының және ұсақ буржуазиялық жолбикелердің азын-аулақ тобына буржуазияның мол пайдасынан болмашы қиқым-сиқым тиіп қалуы да мүмкін. Социал-шовинизм мен оппортунизмнің таптық астары біреу-ақ: пұрсатты жұмысшылардың азын-аулақ тобының «өздерінің» ұлттық буржуазиясымен бірге жұмысшы табы бұқарасына *қарсы* одағы, буржуазия малайларының сол буржуазияның өзімен бірге буржуазияның өзі қанап отырған тапқа *қарсы* одағы.

Оппортунизм мен социал-шовинизмнің саяси мәні біреу-ақ: таптар ынтымағы, пролетариат диктатурасынан бас тарту, революциялық қимылдардан бас тарту, буржуазиялық заңдылықты сөзсіз мойындау, пролетариатқа сенімсіздік көрсетіп, буржуазияға сенім білдіру. *Социал-шовинизм — ағылшын либералдық жұмысшы саясатының, мильеранизм мен бернштейншілдіктің тікелей жалғасы, жеткен жері.*

1889 жылдан 1914 жылға дейінгі дәуір жұмысшы қозғалысындағы негізгі екі тенденцияның күресіне, революциялық және оппортунистік социализмнің арасындағы күреске түгел толы. Сондай-ақ қазірде де соғысқа көзқарас мәселесі жөнінде барлық елдерде басты екі ағым бар. Жеке адамдарға сілтей салатын буржуазиялық және оппортунистік әдетті қоялық. Бірқатар елдердегі *бағыттарды* алайық. Біз европалық он мемлекетті: Германияны, Англияны, Россияны, Италияны, Голландияны, Швецияны, Болгарияны, Швейцарияны, Бельгияны, Францияны алайық. Алдыңғы сегіз елде оппортунистік және революциялық бағыттарға бөлу социал-шовинистер мен интернационалистерге бөлуге сәйкес келеді. Германияда социал-шовинизмнің тірек пункті «Sozialistische Monatshefte» және Легин мен К°, Англияда фабийшылдар мен Жұмысшы партиясы (I. L. P. солармен әрқашан да бір блокта болды, солардың органын қуаттады және әрқашан да осы блоктың ішінде, социал-шовинистерге қарағанда, әлсіздеу болды, ал B. S. P.-те интернационалистер жетіден үш бөлігіне тең); Россияда бұл бағыттың өкілдері—«Наша Заря» (қазір «Наше Дело»), Ұйымдастыру комитеті,

Думадағы Чхеидзе бастаған фракция; Италияда — Биссолати бастаған реформистер; Голландияда — Трульстраның партиясы; Швецияда — Брантинг бастаған партияның көпшілігі; Болгарияда — «широкийлер» партиясы; Швейцарияда — Грейлих пен К°. Осы елдердің *бәріндегі* нақ осы революцияшыл социал-демократтардың арасында социал-шовинизмге қарсы қазірдің өзінде азды-көпті қатты наразылық білдіріліп отыр. Бұлардан ала-бөтен тұрған тек екі ел: Франция мен Бельгия ғана, алайда, интернационализм бұларда да бар, бірақ өте әлсіз.

Социал-шовинизм дегеніміз барып тұрған оппортунизм. Ол буржуазиямен және бас штабтармен ашықтан-ашық, көбінесе тұрпайы одақ жасасу үшін пісіп жетілген. Ал нақ осы одақ оған зор күш беріп, жария баспасөздің және бұқараны алдаудың монополиясын беріп отыр. *Осы күнге дейін оппортунизмді ішкі партиялық құбылыс деп есептеу сөкеттік.* Базель қарарын Давидпен, Легинмен, Гайндманмен, Плехановпен, Веббпен бірге жүзеге асырамыз деп ойлау сөкеттік. Социал-шовинистермен бірлік жасасу — басқа ұлттарды қанап отырған «өз» ұлтының буржуазиясымен бірлік жасасу, интернационалдық пролетариатты жікке бөлу. Мұның өзі қай жерде болсын оппортунистермен дереу ажырасу мүмкін деген сөз емес, бұл тек ажырасу тарихи жағынан пісіп жетілді, пролетариаттың революциялық күресі үшін ол қажет және сөзсіз нәрсе, «бейбіт» капитализмнен империалистік капитализмге әкеліп жеткізген тарих осы ажырасуды әзірледі деген сөз. *Volentem ducunt fata, nolentem trahunt* *.

III

Буржуазияның ақылды өкілдері мұны тамаша түсінді. Сондықтан олар «отан қорғаушылар», яғни империалистік тонаушылықты қорғаушылар басқарып отырған қазіргі социалистік партияларды өте-мөте мақтайды. Сондықтан үкіметтер социал-шовинистік көсем-

* — Тағдыр жүргісі келгенді жетелейді, жүргісі келмегенді сүйрейді. *Ред.*

дерге кейде министрлік қызметтер беріп (Франция мен Англияда), кейде кедергісіз жария өмір сүру монополиясын беріп (Германия мен Россияда) мүсіркейді. Сондықтан да социал-демократиялық партия неғұрлым күшті болған және оның национал-либералдық *контрреволюциялық* жұмысшы партиясына айналуы мейлінше айқын болып отырған Германияда «азшылық» пен «көпшіліктің» арасындағы күресті прокуратура «таптық өшпенділіктің қозуы» деп танып отыр, мәселе осыған дейін барған! Сондықтан ақылды оппортунистер бәрінен де гөрі 1914—1915 жылдары буржуазияға сондай көп қызмет көрсеткен ескі партиялардың бұрынғы «бірлігін» сақтаудың қамын ойлайды. 1915 жылы *«Монитор»* деген бүркеншік атпен реакциялық *«Preußische «Jahrbücher»* деген журналда мақала жариялаған герман социал-демократиясының бір мүшесі дүние жүзінің барлық елдеріндегі осы оппортунистердің көзқарастарын көңіл тойдырарлық ашықтықпен айтып салған. Монитор егер социал-демократия *бұдан да әрі оңға* қарай ойысатын болса, буржуазияға өте қауіпті болар еді деп ұйғарады: «Ол социалистік мұраттары бар жұмысшы партиясының сипатын сақтауға тиіс. Өйткені ол бұдан бас тартқан күні-ақ жаңа партия пайда болады, ол бұрынғы партия безіп шыққан программаны қабылдайды да, оған бұрынғыдан бетер радикалдық тұжырым береді» («Preußische Jahrbücher», 1915, № 4, 50 — 51-беттер).

Монитор дәл үстінен түскен. Ағылшын либералдары мен француз радикалдары әрқашан нақ осыны тілеген-ді: олар бұқараны алдау үшін, бұқараның Ллойд Джорджларға, Самбаларға, Ренодельдерге, Легиндерге, Каутскийлерге, тонаушылық соғыста «отан қорғауды» уағыздай алатын адамдарға сенім көрсетуі үшін революцияшыл болып естілетін бос сөздерді тілеген еді.

Бірақ Монитор оппортунизмнің бір түрінің ғана: ашық, дөрекі, арсыз түрінің ғана өкілі. Басқалары жасырын, епті, «адал» қимылдайды. Энгельс бірде: «адал» оппортунистер — жұмысшы табы үшін ең қауіпті оппортунистер... деген болатын [67]. Бір мысал мынадай:

Каутский «Neue Zeit»-те (1915 ж. 26 ноябрьде) былай деп жазады: «Көпшілікке қарсы оппозиция өсіп келеді; бұқара оппозициялық пиғылда». «Соғыстан кейін (тек соғыстан *кейін* бе? *Н. Л.*) таптық қайшылықтардың шиеленісетіні сонша — бұқара ішінде радикализм бел алады». «Соғыстан кейін (тек соғыстан *кейін* бе? *Н. Л.*) бізде радикал элементтердің партиядан қашып шығу және олардың антипарламенттік (?? парламенттен тыс деп түсіну керек) бұқаралық қимылдар партиясының жағына шығу қаупі туады». «Сөйтіп, біздің партия бір-біріне ортақ ештеңесі жоқ ұшқары екі лагерьге бөлінеді». Бірлікті сақтап қалу үшін Каутский азшылықтың бірнеше радикалдық парламенттік сөздер сөйлеп шығуына мүмкіншілік берелік деп рейхстагтағы көпшілікті көндіруге тырысып жүр. Мұның өзі Каутский бірнеше радикалдық парламенттік сөздер арқылы революцияшыл бұқараны оппортунистермен, революцияда «ортақ ештеңесі жоқ», көптен бері-ақ кәсіподақтарға басшылық етіп отырған, ал қазір буржуазиямен және үкіметпен өзінің тығыз одағына сүйеніп, партия басшылығына да ие болып алған оппортунистермен ымыраластырғысы келеді деген сөз. Шынына келгенде Монитордың «программасынан» мұның қандай айырмасы бар? Марксизмді масқаралайтын жылымшы сөздерден басқа түк айырмасы жоқ.

1915 ж. 18 мартта рейхстагтағы фракцияның мәжілісінде каутскийшіл *Вурм* фракцияны «ішекті тым сірестіріп тартудан» «сақтандырды»; жұмысшы бұқарасы ішінде фракциялық көпшілікке қарсы оппозиция күшейіп келеді; маркстік» (? сірә, қате кеткен болар: «мониторлық» деп оқу керек) «орталықтан айрылмау қажет» («Klassenkampf gegen den Krieg! Material zum «Fall Liebknecht»». Als Manuskript gedruckt *. 67-бет). Сөйтіп, біз *б ұ қ а р а н ы ң* революцияшылдық *фактісі 1915 ж. марттың өзінде-ақ* («орталық» дейтін) *барлық* каутскийшілдердің атынан мойындалғанын көріп отырмыз!! Ал $8^1/_2$ айдан кейін Каутский күрескісі келетін бұқараны оппортунистік, контрреволюциялық партия-

* — «Соғысқа қарсы тап күресі! «Либкнехт ісі» жөніндегі материал». Қолжазба ретінде. *Ред.*

мен «ымыраластыруға» және оның үстіне революцияшыл болып естілетін бірнеше бос сөздер арқылы «ымыраластыруға» тағы да ұсыныс жасап отыр!!

Соғыстың көп ретте бір пайдалы жері — ол шірікті ашады, шарттылықты жояды.

Ағылшын фабийшылдарын герман каутскийшілдерімен салыстыралық. Фабийшылдар туралы *нағыз* марксист Фридрих Энгельс 1893 ж. 18 январьда, міне, былай деп жазған еді: «... мансапқорлардың, әлеуметтік төңкерістің болмай қалмайтындығын түсінуге ақылы жететін, бірақ осы орасан үлкен жұмысты мүлде пісіп жетілмеген пролетариатқа сеніп беріп қоюды ешбір жағдайда тілемейтін мансапқорлардың шайкасы... Революциядан зәресі ұшу — олардың негізгі принципі...» (Зоргемен жазысқан хаттар, 390-бет)[68].

Ал 1893 ж. 11 ноябрьде ол былай деп жазады: «Пролетариат секілді білімсіз жай бұқара осы ақылды адвокаттардың, әдебиетшілердің және сентименталды қатындардың рақымынсыз өзін өзі азат ете алмайтынын, ештеңеге қолын жеткізе алмайтынын түсінгісі келсе ғана, оны жоғарыдан азат ету үшін пролетариатқа рақым жасайтын сол тәкаппар буржуалар...» (бұл да сонда, 401-бет)[69].

Теорияда Каутский фабийшылдарға, жәдігөйдің сергелдеңге түскен сорлыларға қарағаны сияқты, жиреніштен қарайды. Өйткені ол «марксизммен» ант-су ішіп отыр ғой. Бірақ практикада бұлардың айырмасы қандай? Бұлардың екеуі де Базель манифесіне қол қойды, бұлардың екеуі де манифесті, II Вильгельмнің Бельгияның бейтараптығын аяққа басқаны сияқты, аяққа басты. Ал Маркс бүкіл өмір бойы жұмысшылардың революциялық рухын бәсеңдетуге тырысатын адамдарды аяусыз әшкереледі.

Каутский революцияшыл марксистерге жаңа «әсіре империализм» теориясын қарсы қойды. Ол мұны «ұлттық финанс капиталдарының өз араларындағы күресі» ығыстырылып, оның орнына «дүние жүзін халықаралық финанс капиталының бірігіп қанауының» орнауы деп түсінеді («N. Z.», 30 апрель, 1915 ж.). Бірақ ол бұған: «капитализмнің бұл жаңа фазасы жүзеге асуы

мүмкін бе дегенді шешу үшін бізде әлі жеткілікті алғы шарттар жоқ» деп қосады. Сөйтіп, «жаңа фаза» туралы жорамалға ғана сүйеніп, оны «жүзеге асады» деп тура айтуға бата алмай, осы «фазаны» ойлап шығарушының өзі *енді* келіп, *қазірдің өзінде басталған* дағдарыс пен соғыс «фазасында», тап қайшылықтарының адам айтқысыз күшеюі «фазасында» нақ өзінің революциялық мәлімдемелерін теріске шығарып отыр, пролетариаттың революциялық міндеттерін және революциялық тактикасын теріске шығарып отыр! Мұнысы барып тұрған пасық фабийшылдық емес пе?

Орыс каутскийшілдерінің лидері, *Аксельрод,* «пролетарлық азаттық қозғалысты интернационалдандырудың ауыр салмағы күнделікті практиканы интернационалдандыруда» деп біледі: мысалы, «еңбек қорғау туралы заңдар мен қауіпсіздендіру заңдары жұмысшылардың интернационалдық қимылдары мен ұйымдарының объектісі болуға тиіс» (Аксельрод. «Социал-демократияның дағдарысы», Цюрих, 1915 ж., 39—40-беттер). Мұндай «интернационализмге» Легин, Давид, Веббтер ғана емес, тіпті Ллойд Джордж, Науман, Бриан, Милюковтардың өзі де толығынан қосылатындығы әбден айқын. 1912 жылғы сияқты, Аксельрод сонау қияндағы келешек үшін, егер болашақ Интернационал «(соғыс бола қалған күнде, үкіметтерге қарсы) шығатын болса және революциялық дауыл тұғызатын болса», нағыз революциялық бос сөздерді айтуға әзір. Айтыңызшы, кәні, біз қандай жаужүрекпіз! Бірақ іс *қ а з і р* бұқара ішінде басталып келе жатқан революциялық толқуды қолдау және ұлғайту туралы болып жатқанда, Аксельрод: «егер біз, мысалы, Россияда, 1901 жылғы студенттік демонстрациялар абсолютизмге қарсы шешуші шайқастардың жақындап келе жатқандығын аңғартқаны сияқты, тікелей әлеуметтік революцияның қарсаңында тұрған болсақ», сонда ғана осы революциялық бұқаралық қимылдар тактикасы өзін «біршама ақтаған болар еді» деп жауап береді. Ал қазіргі кезеңде мұның бәрі — нағыз Кольб, Давид, Зюдекум және Легин рухындағы «утопиялар», «бакунизм», т. т.

1901 ж. Россияда ең алғашқы «шешуші шайқастың» төрт жылдан кейін — естеріңізде болсын: *төрт* жылдан кейін — болатынын және ол өзі *«шешілмей»* қалатынын ешкім білген жоқ, біле де алмайтын еді, аса құрметті Аксельрод, міне, осыны ғана ұмытып отыр. Солай бола тұрса да, ол кезде тек біздер ғана, революцияшыл марксистер ғана, дұрыс істедік: біз дереу шабуылға шақырған Кричевскийлерді, Мартыновтарды келемеж еттік. Тек біз ғана жұмысшыларға: оппортунистерді барлық жерден де желкелеп айдап шығу керек, демонстрацияларды және басқа бұқаралық революциялық қимылдарды барынша қолдау, өршіту және ұлғайту керек деп кеңес бердік. Европадағы қазіргі жағдай сол кездегіге мейлінше ұқсас: «дереу» шабуылға шақыру мағынасыздық болар еді. Бірақ социал-демократпын деп атала тұрып, оппортунистерден ажырасуға және басталып келе жатқан революциялық қозғалыс пен демонстрацияларды бар күшті салып нығайту, тереңдету, ұлғайту, өршіту жөнінде жұмысшыларға кеңес бермеу масқаралық болар еді. Революция ешқашан да әбден дайын күйінде аспаннан түспейді және революциялық толқудың бас кезінде оның «нағыз», «шынайы» революцияға жеткізетін-жеткізбейтінін және қашан жеткізетінін ешқашан, ешкім білмейді. Каутский мен Аксельрод жұмысшыларға ескі, жауыр болған, контрреволюциялық кеңестер береді. Каутский мен Аксельрод бұқараны *болашақ* Интернационал қалайда революциялық Интернационал болуы мүмкін деген *үмітпен* жұбатады,— *қазір* тек контрреволюциялық элементтердің — Легиндердің, Давидтердің, Вандервельделердің, Гайндмандардың үстемдігін сақтап, бүркемелеп, боямалап қалсақ болғаны дейді. Легин және К^{0}-мен «бірлік» «болашақтағы» революциялық Интернационалды дайындау үшін ең жақсы құрал болатындығы анық емес пе?

Біздің партияның Орталық Комитетінің 1914 ж. 1 ноябрьдегі манифесіне жауап бере келіп, герман оппортунистерінің лидері *Давид:* «Дүние жүзілік соғысты азамат соғысына айналдыруға тырысу ессіздік болар еді»,— деп мәлімдейді («Die Sozialdemokratie und der Weltkrieg» — «Социал-демократия және дүние жүзілік

соғыс», 1915, 172-бет). Айта кетелік, бұл манифесте былай делінген болатын:

«Қайсыбір сәтте империалистік соғысты азамат соғысына айналдырудың қиыншылықтары қаншама зор болып көрінгенімен, соғыстың өзі факт болып отырғандықтан, осы бағытта әзірлік жұмыстарын үнемі, үздіксіз әрі табандылықпен жүргізе беруден социалистер еш уақытта да бас тартпайды» *.

(Давидте де цитатқа алынған, 171-бет.) Давидтің кітабы шығардан бір ай бұрын біздің партия қарарлар жариялады; ол қарарларда «үнемі әзірлік жұмысын жүргізу» былайша түсіндірілді: 1. Кредиттерден бас тарту. 2. Азаматтық татулықтан қол үзу. 3. Құпия ұйымдар құру. 4. Окоптардағы ынтымақ білдіруді қолдау. 5. Революциялық бұқаралық қимылдардың бәрін қолдау **.

Аксельрод сияқты, Давид те жаужүрек-ақ: 1912 ж. ол соғыс бола қалған күнде Париж Коммунасына мезгеуді «ессіздік» болады деп есептеген жоқ еді.

Антанталық социал-шовинистердің нағыз өкілі Плеханов та революциялық тактика жөнінде Давид тәрізді пайымдайды. Ол оны «қияли ерсілік» деп атайды. Бірақ ашық оппортунист *Кольбты* тыңдап көрелік; ол былай деп жазған: «Либкнехтті қоршаған адамдар тактикасының нәтижесі герман ұлтының ішіндегі шегіне жеткізілген күрес болар еді» («Die Sozialdemokratie am Scheidewege» — «Социал-демократия ақтарылып қалды», 50-бет).

Ал шегіне жеткізілген күрес дегеніміз азамат соғысы емей немене?

Егер біздің Орталық Комитеттің тактикасы, өзінің негізгі белгілері жағынан Циммервальд солшылдарының тактикасына сәйкес келетін тактикасы,— Давид, Плеханов, Аксельрод, Каутский және басқалар айтқандай—«ессіздік», «арман», «авантюра», «бакунизм» болса, ол тактика ешқашан да «ұлт ішіндегі күреске», оның үстіне шегіне жеткізілген күреске әкеп соқтырмаған болар еді. Анархистік бос сөздер дүние жүзінде еш

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 23-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 173-бет. *Ред.*

жерде де ұлт ішіндегі күреске соқтырып көрген емес. Бірақ оның есесіне фактілер нақ осы 1915 ж., соғыс тудырған дағдарыстың негізінде, бұқара ішінде революциялық толқудың, Россияда стачкалар мен саяси демонстрациялардың, Италия мен Англияда стачкалардың, Германияда аштар демонстрациясы мен саяси демонстрациялардың өсіп келе жатқанын аңғартып отыр. Осының өзі революциялық бұқаралық қимылдардың бастамасы емес пе?

Бұқаралық революциялық қимылдарды қолдау, дамыту, ұлғайту, өршіту, құпия ұйымдар құру керек, бұларсыз тіпті «еркін» елдерде де халық бұқарасына шындықты айтуға мүмкіндік жоқ: *бұл соғыста социал-демократияның бүкіл практикалық программасы, міне, осындай.* Басқасының бәрі қандай оппортунистік немесе пацифистік теорияға боялғанымен, не жалған, не бос сөз*.

Бізге бұл «орыс тактикасы» (Давидтің сөзі) Европаға тура келмейді дегенде, біз әдетте фактіге сүйеніп жауап қайырамыз. 30 октябрьде Берлинде партияның президиумына жолдастардың, Берлин әйелдерінің депутациясы келіп, былай деп мәлімдеді: «қазір, үлкен ұйымдастыру аппараты болып отырған кезде, құпия кітапшалар мен прокламациялар тарату, «рұқсат етілмеген жиналыстар» өткізу социалистерге қарсы заңның кезіндегіден анағұрлым оңай болар еді». «Жұмыстың құралдары мен жолдарында кемшілік жоқ, бірақ, сірә, ықылас жоқ болса керек». («Berner Tagwacht», 1915, № 271).

Осы жарымес жолдастарды тура жолдан тайдырған орыс «сектанттары», т. т. ма екен? Нағыз *бұқараның* өкілі осы жолдастар болмағанда, Легин мен Каутский ме екен? 1915 жылы 27 январьда өзінің баяндамасында

* 1915 ж. марттағы Берн халықаралық әйелдер конгресінде біздің партияның Орталық Комитетінен барған өкіл әйелдер құпия ұйымдар құрудың мейлінше қажет екенін айтты. Бұл қабылданбай қалды. Ағылшын әйелдер бұл ұсынысқа күліп, ағылшын «бостандығын» мадақтады. Бірақ бірнеше айдан соң сөздердің орны бос қалдырылған ағылшын газеттері, мысалы, «Labour Leader»[70] газеті келе бастады, одан соң полициялық тінтулер, кітапшаларды конфискелеу, тыйым салу және Англияда бейбітшілік, тек қана бейбітшілік туралы сөйлеген жолдастарға шығарылған сұмдық қатал үкімдер туралы хабарлар келіп жатты!

астыртын ұйым құру жөніндегі «анархистік» идеяны тас-талқан еткен Легин бе екен; 26 ноябрьде, Берлиндегі он мың адам қатысқан демонстрацияға *төрт* күн қалғанда, көше демонстрацияларын «авантюра» деп бағалау дәрежесіне дейін жетіп, контрреволюционер болып алған Каутский ме екен!!

Бос сөз жетер, «марксизмді» Каутский à la саудаға салу жетер! II Интернационал 25 жыл өмір сүргеннен кейін, Базель манифесінен кейін жұмысшылар бұдан былай бос сөздерге сене коймайды. Оппортунизм шегінен шықты, ол социал-шовинизмге айналды да, біржола буржуазия лагеріне көшті: рухани жағынан да, саяси жағынан да ол социал-демократиядан қол үзді. Ол социал-демократиядан ұйымдық жағынан да қол үзеді. Жұмысшылар қазірдің өзінде «цензурасыз» баспасөзді, «рұқсат етілмеген» жиналыстарды, яғни бұқараның революциялық қозғалысын қолдау үшін астыртын ұйымдарды талап етіп отыр. Тек қана осылайша «соғысқа қарсы соғыс ашу» керек — бос сөз емес, социал-демократиялық іс керек. Ал барлық қиыншылықтарға, уақытша жеңілістерге, қателерге, адасуларға, үзілістерге қарамастан, бұл іс адамзатты пролетарлық жеңімпаз революцияға жеткізеді.

1916 ж. январьда «Vorbote» журналының 1-номерінде басылған
Қол қойған: N. Lenin

Орыс тілінде бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XIX том

Журналдың тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ЕГІНШІЛІКТЕ КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУ ЗАҢДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

І КІТАП

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДАҒЫ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІК[71]

1915 ж. жазылған

Бірінші рет 1917 ж. Петроградта «Жизнь и знание» баспасында жеке кітапша болып басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Книгоиздательство „ЖИЗНЬ и ЗНАНІЕ".
Петроградъ, Поварской пер., д. 2. кв. 9 и 10. Телефонъ 227-42.

Библіотека Обществовѣдѣнія. Кн. 42-ая.

В. ИЛЬИНЪ (Н. Ленинъ).

НОВЫЯ ДАННЫЯ О ЗАКОНАХЪ РАЗВИТІЯ КАПИТАЛИЗМА ВЪ ЗЕМЛЕДѢЛІИ.

ВЫПУСКЪ I.

Капитализмъ и земледѣліе въ Соед. Штатахъ Америки.

ПЕТРОГРАДЪ.
1917.

В. И. Лениннің «Егіншілікте капитализмнің даму зандары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік» деген кітабының мұқабасы. — 1917 ж.

Кішірейтілген

Қазіргі ауыл шаруашылығының қоғамдық-экономикалық құрылысын және оның эволюциясын зерттеу үшін ең жаңа капитализмнің алдыңғы қатарлы елі ерекше көңіл аударарлық. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі капитализм дамуының тездігі жөнінен де, қазірдің өзінде оның қолы жетіп отырған неғұрлым жоғары дәрежеде дамуы жөнінен де, табиғи-тарихи жағдайлардың тамаша әр алуан екендігі ескеріліп, ғылымның ең соңғы табыстарына сай жабдықталған техника қолданылып отырған жер көлемінің аса кеңдігі жөнінен де, халық бұқарасының саяси бостандығы мен мәдени дәрежесі жөнінен де Құрама Штаттардың өзімен тең түсетін ешқандай бәсекелесі жоқ. Бұл ел көп жағынан алғанда біздегі буржуазиялық цивилизацияға үлгі әрі мұрат болып отыр.

Мұнда ауыл шаруашылығы эволюциясының формалары мен заңдарын зерттеу әлдеқайда қолайлы, өйткені Құрама Штаттарда әрбір он жыл сайын халық санағы («цензлер») жүргізіледі, мұның өзі барлық өнеркәсіп және егіншілік шаруашылықтарының тамаша егжей-тегжейлі санағымен ұштастырылып отырады. Сөйтіп, дүние жүзінің ешбір елінде жоқ және көбінесе теория жағынан салдыр-салақ тұжырымдала салынған, талғамсыз қайталана беретін, әдетте буржуазиялық көзқарастар мен соқыр сенімдер туғызатын, жұртқа жайылып кеткен толып жатқан пікірлерді тексеруге мүмкіндік беретін мейлінше дәл және бай материал алынады.

Гиммер мырза «Заветыдың»[72] 1913 жылғы июнь айындағы кітабында 1910 жылғы он үшінші, соңғы цензідің кейбір деректерін келтірген және соларға сүйене отырып, «Құрама Штаттарда фермалардың орасан көпшілігінің өзі *еңбек* шаруашылықтары», «неғұрлым дамыған аудандарда егіншілік капитализмі ыдырауда», «елдің орасан көп жерлерінде» «ұсақ еңбек егіншілігі өз үстемдігі аумағын ұлғайта түсіп отыр», нақ сол «неғұрлым көне мәдениетті және экономикалық дамуы неғұрлым жоғары аудандарда» «капиталистік егіншілік қожырап барады, өндіріс бөлшектеніп, ұсақталуда», «отарлау процесі қазірдің өзінде өтіп болмаған, ал капиталистік ірі егіншілік ыдырап, оны еңбек егіншілігі ығыстырып тастамаған аудандар жоқ», т. т. және т. с. деген — өзінің теориялық негізі жағынан да, саяси маңызы жағынан да — көп тараған және мейлінше буржуазиялық пікірді үсті-үстіне қайталаған.

Бұл пікірлердің бәрі — сұмдық теріс пікірлер. Олар шындыққа тұп-тура қарама-қайшы. Бұл пікірлер ақиқатты түгелдей мазақ еткендік. Ал Гиммер мырза журналға кездейсоқ жазыла қалған мақаласымақтың әлде қалай, кездейсоқ авторы емес, орыс және Европа қоғамдық пікірінің неғұрлым демократияшыл, барып тұрған солшыл *буржуазиялық* бағытының ең көрнекті өкілі болып саналатын экономистердің бірі болғандықтан да бұл пікірлердің қате екендігін түсіндіруге толық тоқталып өту қажет. Нақ сондықтан Гиммер мырзаның көзқарастары өте-мөте кең тарап, ықпал етуі мүмкін—ал халықтың пролетарлық емес топтарының арасында қазірдің өзінде-ақ ішінара тарап, ықпал жасап та отыр. Өйткені бұл оның өз көзқарасы емес, оның жеке басының қателері емес, социалистік болғансыған бос сөздер арқылы мейлінше демократияландырылған, мейлінше боямаланған *жалпы* буржуазиялық көзқарастардың көрінісі ғана; капиталистік қоғам жағдайында мұндай көзқарастарға таптаурын болған жолмен тарта беретін үстіртін профессор да, өзі сияқты миллиондаған адамдардан өзінің саналылығымен көзге түсетін ұсақ егінші де оп-оңай келіп ұрынады.

Капиталистік қоғамдағы егіншіліктің Гиммер мырза қорғап отырған капиталистік емес эволюциясы дейтін теория — шынына келгенде буржуазияшыл профессорлардың, буржуазияшыл демократтардың және бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысындағы оппортунистердің, яғни сол буржуазияшыл демократтардың ең жаңа түрінің орасан көпшілігінің теориясы. Бұл теория бүкіл буржуазиялық қоғамның жалған үміті, арманы, өзін өзі алдауы десек, асырып айтқандық болмайды. Мұнан былайғы баяндауымды осы теорияны теріске шығаруға арнай отырып, мен тұтас алғанда американ егіншілігіндегі капитализмнің бейнесін көрсетуге тырысамын, өйткені буржуазияшыл экономистердің басты қателерінің бірі жеке фактілер мен фактісымақтарды, жеке цифрлар мен цифрсымақтарды саяси-экономикалық қатынастардың жалпы байланысынан үзіп алып көрсетуінде болып отыр. Деректердің бәрі де Солтүстік Америка Құрама Штаттары статистикасының ресми басылымдарынан алынады; бұған ең алдымен 1900 жылғы 12-ценз бен 1910 жылғы 13-ценздің егіншілікке арналған *бесінші* томдары*, онан соң 1911 жылғы Статистикалық жинақ (Statistical Abstract of the United States) жатады. Бұл деректемелерді көрсеткенде, мен әрбір жеке цифр жөнінде ол деректемелердің беттеріне және кесте номерлеріне сілтеме жасамаймын: мұның өзі оқушылардың оқуын қиындатып, тексті мүлде орынсыз ауырлатар еді, өйткені керек еткен адам тиісті деректерді аталған басылымдардың мазмұнына қарап оп-оңай тауып алады.

1. БАСТЫ ҮШ АУДАННЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ. ОТАРЛАНУШЫ БАТЫС ЖӘНЕ ГОМСТЕДТЕР

Құрама Штаттардың, бүкіл Европадан сәл-ақ кем, кең байтақ жер көлемі және елдің әр қилы түкпіріндегі шаруашылық жағдайларының орасан әр алуан екенді-

* Census Reports. Twelfth Census 1900. Vol. V. Agriculture. Wash., 1902. — Thirteenth Census of the United States, taken in the year 1910. Vol. V. Agriculture. Wash., 1913 (Санақ есептері. 1900 жылғы он екінші санақ. V том. Егіншілік. Вашингтон. 1902—Құрама Штаттардың 1910 жылы жүргізілген он үшінші санағы. V том. Егіншілік. Вашингтон, 1913. *Ред.*).

гі,— осының бәрі өзінің экономикалық жағдайы жағынан елеулі өзгешеліктері бар, басты-басты аудандарды жеке-жеке алып қарастырудың сөзсіз қажет екендігін туғызады. Американ статистиктері елді 1900 жылы бес ауданға, 1910 жылы тоғыз ауданға бөлді: 1) Жаңа Англия ауданы — солтүстік-шығыстағы, Атлант мұхитының жағасындағы алты штат (Мэн, Нью-Гэмпшир, Вермонт, Массачусетс, Род-Айлэнд және Коннектикут). 2) Орта Атлант ауданы (Нью-Йорк, Нью-Джерси және Пенсильвапия); 1900 жылы бұл екі аудан бірге «солтүстік-атлант» ауданы болған. 3) Орталық солтүстік-шығыс ауданы (Огайо, Индиана, Иллинойс, Мичиган және Висконсин). 4) Орталық солтүстік-батыс ауданы (Миннесота, Айова, Миссури, Солтүстік және Оңтүстік Дакоталар, Небраска және Канзас); 1900 жылы бұл екі аудан бірге «солтүстік-орталық» аудан болған. 5) Оңтүстік-Атлант ауданы (Делавэре, Мэриленд, Дистрикт Колумбия, Виргиния және Батыс Виргиния, Солтүстік және Оңтүстік Каролиналар, Джорджия және Флорида) — 1900 жылы да осы аудан болған. 6) Орталық оңтүстік-шығыс аудан (Кентукки, Теннесси, Алабама және Миссисипи). 7) Орталық оңтүстік-батыс ауданы (Арканзас, Оклахома, Луизиана және Техас); 1900 жылы бұл екі аудан бірге «оңтүстік-орталық» аудан болған. 8) Таулы аудан (Монтана, Айдахо, Вайоминг, Колорадо, Нью-Мексико, Аризона, Юта және Невада) және 9) Тынық мұхит ауданы (Вашингтон, Орегон және Калифорния); 1900 жылы бұл екі аудан бір «батыс» аудан болған.

Бұлай болудің тым ала-құлалығы американ статистиктеріне 1910 жылы бұларды ықшамдап, ірі-ірі үш ауданға бөлуге ой салды, олар: солтүстік (1—4), оңтүстік (5—7) және батыс (8—9) аудандар. Осылайша басты-басты үш ауданға бөлудің шынында да өте маңызды және айтарлықтай қажетті болғандығын біз қазір көреміз, әйткенмен, әрине бәріндегі тәрізді, мұнда да ауыспалы типтер бар, сондықтан кейбір негізгі мәселелер жөнінде Орта-Атлант Штаттарымен қоса Жаңа Англияны ерекше бөліп алып қарауға тура келеді.

Басты-басты үш ауданның ең негізгі айырмашылықтарын анықтау үшін біз оларды: *өнеркәсіпті* солтүстік, *бұрынғы құл иеленуші* оңтүстік және *отарланушы* батыс деп атай аламыз.

Жер көлемінің мөлшерлері туралы, өңделген жердің проценті туралы және халқы туралы деректер, міне, мынадай:

Аудандар:	Барлық жер көлемі млн. акр есебімен	Оның өңделгені: %	Халқы (1910) миллион
Солтүстік	588	49%	56
Оңтүстік	562	27%	29
Батыс	753	5%	7
Бүкіл Құрама Штаттарда	1 903	25%	92

Жер көлемінің мөлшерлері жағынан солтүстік пен оңтүстік шамалас, ал батыс мұның қай-қайсысынан да бір жарым есе дерлік үлкен. Бірақ солтүстікте халық батыстағыдан 8 есе көп. Батысты ел онша қоныстапбаған деуге болады. Онда қоныстанудың қаншалықты жедел өсіп келе жатқандығы мынадан көрінеді: 1900 жылдан 1910 жылға дейінгі 10 жылдың ішінде халық солтүстікте 18%, оңтүстікте 20% өскен, ал батыста 67% өскен! Фермалардың саны солтүстікте мүлде өспей отыр деуге болады: 1900 жылы 2874 мың, 1910 жылы 2891 мың (+0,6%); оңтүстікте олардың саны 18%, 2,6 миллионнап 3,1 миллионға дейіп өскен, ал батыста 54%, яғни бір жарым еседен артығырақ, 243 мыңнан 373 мыңға дейін өскен.

Батыста жерге қоныстанудың қандай формада жүріп жатқандығы *гомстедтер* туралы—үкімет тегін немесе номиналдық ақыға үлестіріп беретін, көлемі көбінесе 160 акрдан келетін, яғни 65 десятинаға жуық болатын жер учаскелері туралы деректерден көрінеді. 1901 жылдан 1910 жылға дейінгі 10 жылдың ішінде қоныстанылғап гомстедтердің саны солтүстікте 55,3 миллион акр (мұның 54,3 миллионы, яғни 98 проценттен астамы тек бір ауданда ғана, атап айтқанда орталық солтүстік-батыс ауданда) болғап; оңтүстікте — 20,0 миллион акр (мұның 17,3 миллионы бір ауданда: орталық оңтүстік-

батысауданда) болған және батыста—55,3 миллион акр болған, мұның өзі батыстың екі ауданынікі. Мұның мәнісі — батыс жаппай гомстедтер ауданы, яғни бос жерлер тегін үлестіріп берілген аудан деген сөз — мұның өзі Россияның шалғай аймақтарында жерді басып алып пайдалану сияқты нәрсе, бірақ мұны тек крепостниктік мемлекет реттеген жоқ, демократиялық (мен: халықшылдық дей жаздадым; бос жерлерді әрбір қалаған адамға үлестіріп беру жөніндегі «халықшылдық» идеяны американ республикасы капиталистік мәнерде жүзеге асырды) жолмен реттелген. Ал солтүстік пен оңтүстікте гомстедтер ауданы тек *бір-біреуден* ғана, бұл аудан ел қоныстанбаған батыстан ел қоныстанған солтүстік пен оңтүстікке ауысып бара жатқан тип тәрізді нәрсе. Реті келген соң айта кетелік, соңғы он жылдың ішінде үлестірілген гомстедтер тек солтүстіктің екі ауданында: Жаңа Англия мен Орта Атлант аудандарында ғана мүлдем жоқ. Отарлау процесі қазір мүлде болмай отырған, неғұрлым өнеркәсіпті, осы екі ауданға біздің төменіректе тоқталып өтуімізге тура келеді.

Қоныстанған гомстедтер туралы келтірілген деректер түпкілікті иеленіп алған учаскелерге жатпайды, гомстедтер салуға берілген бастапқы өтініштерге жатады; түпкілікті иеленудегі учаскелер жайында аудан-ауданға бөлінген деректер біздің қолымызда жоқ. Ал егер келтіріліп отырған деректер, абсолюттік шама ретінде, өсіріліп көрсетілген болса да, олар, қалай дегенмен де, аудандардың арасындағы қатынасты дәл көрсетеді. Солтүстікте фермалардың қолындағы барлық жер 1910 жылы — 414 миллион акр болды, сөйтіп соңғы 10 жылдың ішінде өтініш берілген гомстедтер шамамен $^1/_8$, оңтүстікте шамамен $^1/_{17}$ (354-тен 20), батыста *тең жартысы* (111-ден 55) болған! Іс жүзінде жер меншігі әлі жоққа тән аудандар туралы деректер мен барлық жері иеленудегі аудандар туралы деректерді бір жерге үйіп бытыстырып жіберу ғылыми зерттеу тәсілдерін келемеж еткендік болатыны түсінікті.

Маркс «Капиталдың» III томында атап көрсеткен ақиқатты, атап айтқанда, егіншіліктегі капитализм жер

иелену және жерді пайдалану *формасына* байланысты емес деген ақиқатты Америка өте-мөте айқын растап отыр. Капитал орта ғасырлық және патриархтық жер иеленудің мейлінше алуан түрлеріне: оның феодалдық түріне де, «үлесті-шаруа» (яғни тәуелді-шаруа) түріне де, megandық түріне де, қауымдық түріне де, мемлекеттік және т. с. түріне де душар болады. Жер иеленудің осы түрлерінің бәрін де капитал өзіне бағындырады, бірақ әр алуан формада, әр алуан әдістермен бағындырады[73]. Егер ауыл шаруашылық статистикасы ой елегінен өткізіліп, парасатты түрде жолға қойылған болса, онда ол өзінің зерттеу әдістерін, топ-топқа бөлу тәсілдерін және т. с. капитализмнің егіншілікке ену *формаларына* сәйкес өзгертіп отыруға тиіс болар еді, мысалы, гомстед участкелерін өз алдына бөліп алып, олардың шаруашылық тағдырын қадағалап отыруға тиісті болар еді. Амал не, статистикада керенаулық, біртектес тәсілдерді мән-мағынасыз, бір сарынды қайталай беру тым жиі кездесіп отырады.

Басқа аудандарга қарағанда батыста егіншіліктің қаншалықты экстенсивті екендігі, айтар болсақ, жасанды тыңайтқыштарға жұмсалатын шығын мөлшері жөніндегі деректерден де көрінеді. Өңделген 1 акр жерге шаққанда 1909 жылы бұл шығын солтүстікте 13 цент (0,13 доллар), оңтүстікте 50, батыста не бары 6 цент болған. Оңтүстіктің артып түскен себебі мынадай: мақта дақылы тыңайтқышты көп керек етеді, ал бұл дақыл оңтүстікте ең көрнекті орын алады: мұнда бүкіл егіншілік өнімдері құнының 46,8 проценті мақта мен темекіден түседі, 29,3 проценті ғана дәнді астықтан, 5,1 проценті пішен мен шөптен түседі. Керісінше, солтүстікте дәнді астық бірінші орын алады — 62,6%, онан кейін пішен мен шөп — 18,8%, соның өзінде мұнда екпе шөптер басым. Батыста бүкіл егіншілік өнімдері құнының 33,1 проценті дәнді астықтан түседі,—31,7 проценті пішен мен шөптен түседі, соның өзінде мұнда екпе шөптер емес, шабындық шөптер бірінші орын алады. Егіншілік өнімдері құнының 15,5 проценті жемістерден түседі; бұл — Тынық мұхит жағалауында жедел дамып бара жатқан сауда егіншілігінің ерекше бір саласы.

2. ӨНЕРКӘСІПТІ СОЛТҮСТІК

Қала халқының проценті 1910 жылы оңтүстікте 22,5% және батыста 48,8% болып отырғанда, солтүстікте 58,6 процентке жетті. Өнеркәсіптің ролі мына деректерден көрінеді:

	Өнімдердің құны (миллиард доллар есебімен)				Өнеркәсіптегі жұмысшылар саны (миллион)
	егіншілікте	мал шаруашылығында	сомасы	Шикізат құнын шегеріп тастағанда, өнеркәсіп	
Солтүстік	3,1	2,1	5,2	6,9	5,2
Оңтүстік	1,9	0,7	2,6	1,1	1,1
Батыс	0,5	0,3	0,8	0,5	0,3
Бүкіл Құрама Штаттарда	5,5	3,1	8,6	8,5	6,6

Ауыл шаруашылық өнімдері құнының жалпы сомасы мұнда өсіріліп көрсетілген болып шығады, өйткені егіншілік өнімдерінің бір бөлегі, мысалы, мал азығы, мал шаруашылығы өнімдерінің құнында қайталанып отырады. Бірақ қалай дегенмен де мұнап бүкіл американ өнеркәсібінің $^{5}/_{6}$ бөлігіне жуығы солтүстікте шоғырланып отыр және бұлауданда өнеркәсіп ауыл шаруашылығынан басым деген күмәнсыз қорытынды туады. Оңтүстік пен батыс, керісінше, көбінесе егіншілік сипат алады.

Келтірілген деректерден көрінгеніндей, оңтүстік және батыс аудандармен салыстырғанда солтүстік ауыл шаруашылығы үшін рынок құратын, оны интенсивтендіруге жағдай жасайтын өнеркәсіптің біршама анағұрлым жоғары дамығандығымен ерекше. Бірақ — осы мағынада — «өнеркәсіпті» солтүстік сонда да болса ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін басты аудан болып қалып отыр. Бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің жартысынан астамы, оның бестен үш бөлігіне жуығы, солтүстікте шоғырланған. Басқа аудандармен салыстырғанда солтүстікте егіншіліктің қаншалықты интенсивті екендігін бүкіл ауыл шаруашылық мүлкінің—жердің, құрылыстардың, құралдар мен машиналардың, мал-

дың — құны туралы мына деректерден көруге болады: 1 акр жерге шаққанда оңтүстікте 25 және батыста 41 доллар болып отырғанда, солтүстікте бұл 1910 жылы 66 доллар болған. Соның ішінде 1 акр жерге шаққанда құралдар мен машиналардың құны солтүстікте 2,07 доллар, оңтүстікте 0,83 доллар, батыста 1,04 доллар болған.

Бұл жөнінде Жаңа Англия мен Орта-Атлант аудандары ерекше көзге түседі. Мұнда, жоғарыда айтқанымыздай, отарлау жоқ. Фермалардың саны 1900 жылдан 1910 жылға дейін мүлдем кеміп кетті, фермалардағы барлық жер сияқты, өңделген жердің мөлшері де кемиді. Кәсіп статистикасы бойынша, барлық Құрама Штаттарда ауыл шаруашылығымен айналысушылар орта есеппен 33%, солтүстіктің басқа аудандарында 25%—41%, оңтүстікте 51—63% болып отырғанда, мұнда халықтың тек 10 проценті ғана ауыл шаруашылығымен айналысады. Мұнда өңделген жердің не бары 6—25 процентінде ғана дәнді астық егілген (орта есеппен Құрама Штаттарда—40%, солтүстікте—46%), шөп (көбінесе екпе шөптер) 52—29 процентінде егілген (ал орта есеппен Құрама Штаттарда — 15%, солтүстікте—18%), 4,6—3,8 процентінде овощ (Құрама Штаттарда — 1,5%, солтүстікте — 1,5%) егілген. Бұл — ең интенсивті егіншілік ауданы. Өңделген 1 акр жерді тыңайтуға жұмсалған шығын орта есеппен 1909 жылы—1,30 және 0,62 доллар болды; бірінші цифр мейлінше жоғары цифр, екінші цифр оңтүстіктің бір ауданынан ғана кем соғады. Өңделген 1 акр жерге келетін құралдар мен машиналардың құны орта есеппен —2,58 және 3,88 доллар— мұның өзі Құрама Штаттардағы мейлінше жоғары цифрлар. Өнеркәсіпті солтүстіктің осы неғұрлым өнеркәсіпті аудандары егіншілігі неғұрлым интенсивті болып ерекшеленуімен қатар ауыл шаруашылығының неғұрлым капиталистік сипатымен де ерекшеленетінін біз бұдан былайғы баяндаудан көреміз.

3. БҰРЫНҒЫ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІ ОҢТҮСТІК

Америка Құрама Штаттары, деп жазады Гиммер мырза, «феодализмді ешқашан көрмеген және оның экономикалық қалдықтары жоқ ел» (аталған мақаланың 41-беті). Бұл — ақиқатқа тура қарама-қарсы пікір, өйткені *құлдықтың* экономикалық қалдықтарының феодализмнің сондай қалдықтарынан ешқандай айырмашылығы жоқ, ал Құрама Штаттардың бұрынғы құл иеленуші оңтүстігінде құлдықтың қалдықтары *осы кезге дейін өте күшті.* Егер Гиммер мырзаның қатесін асығыс жазылған журнал мақаласында кетіп қалған қате деп есептеуге болса, оның қатесі тоқталып жатуға да татымас еді. Бірақ феодализмнің біздегі қалдығы — орыстың *жұмыспен өтеу* системасы жөнінде нақ осындай «қате» ұдайы және шектен тыс қайсарлықпен болып тұратынын Россиядағы бүкіл либералдық және бүкіл халықшылдық әдебиет дәлелдеп отыр.

1861—1865 жылдардағы азамат соғысы құлдықты жойғанға дейін Құрама Штаттардың оңтүстігі құл иеленуші аудан болып келді. Солтүстік және батыс аудандарда халықтың осы кезге дейін 0,7—2,2 процентінен аспайтын негрлердің саны оңтүстікте бүкіл халықтың 22,6 процентінен 33,7 проценті болып отыр. Бүкіл Құрама Штаттардағы халықтың орта есеппен 10,7 проценті негрлер. Негрлердің қорлық жағдайда екені жөнінде айтып жатудың да қажеті жоқ: бұл жөнінен американ буржуазиясының басқа елдердің буржуазиясынан тәуір ештеңесі де жоқ. Американ буржуазиясы негрлерді «азат еткенде» негрлерді барып тұрған арсыздықпен, зұлымдықпен езу үшін «еркін» және республикалық-демократиялық капитализмнің негізіне сүйеніп, мүмкін болған нәрсенің бәрін қайта орнатуға, мүмкін және мүмкін емес нәрсенің бәрін істеуге тырысып бақты. Олардың мәдени дәрежесін сипаттау үшін бір кішкентай статистикалық фактіні айта кетсек те жетіп жатыр. Құрама Штаттардың ақ түсті халықтарының арасында 1900 жылы сауатсыздардың саны халықтың (10 және одан жоғары жастағы халықты қоса есеп-

тегенде) 6,2 проценті болса, негрлер үшін бұл процент 44,5% болған!! 7 еседен де астам!! Солтүстік пен батыста сауатсыздар 4—6% (1900 жылы), оңтүстікте 22,9—23,9%!! Право және тұрмыс жағдайы саласындағы фактілер жиынтығының қандайы халықтың сауаттылығы саласындағы осы мейлінше масқара фактілерге сай келетіндігін көзге елестету қиын емес.

Бұл сүйкімді «қондырма» қандай экономикалық негізде өсіп шықты және қандай негізге арқа сүйеп сақталып отыр?

Орыстың дағдылы, «орыстың нағыз» *жұмыспен өтеу системасының,* атап айтқанда: *үлескерліктің* негізінде өсіп, өмір сүріп отыр.

Негрлерге тиесілі фермалардың саны 1910 жылы 920 883 еді, яғни фермалардың барлық санының 14,5 проценті болатын. Фермерлердің жалпы санының 37,0 проценті арендаторлар, 62,1 проценті меншікшілер еді, фермалардың қалған 0,9 проценті басқарушылардың меңгеруінде еді. Бірақ ақ түсті халықтардың ішінде арендаторлар 39,2%, ал негрлердің ішінде—75,3%! Америкада әдеттегі ақ түсті фермер — өзінің жерін жеке меншіктенуші, әдеттегі негр фермер—арендатор. Батыста арендаторлардың проценті не бары 14,0%—отарланушы аудан, жаңа, бос жерлер, ұсақ «дербес егіншінің» эльдорадосы (қысқа мерзімді және тиянақсыз эльдорадо). Солтүстікте арендаторлардың проценті 26,5%, ал оңтүстікте 49,6%! Оңтүстіктегі фермерлердің тең жартысы — арендаторлар.

Ол ол ма. Біздің көріп отырғанымыз әсте де европалық, мәдениетті, қазіргі капиталистік мағынадағы арендаторлар емес. Біздің көріп отырғанымыз — көбінесе жартылай феодалдық немесе,— экономикалық жағынан бұл да сол,— жартылай құл *үлескерлер.* «Еркті» батыста арендаторлардың арасында үлескерлер азшылық (53 мыңның 25 мыңы). Әлдеқашан ел қонысданып алған байырғы солтүстікте 766 мың арендатордың 483 мыңы, яғни 63 проценті үлескерлер. Оңтүстікте 1537 мың арендатордың *1021 мыңы, яғни 66 проценті үлескерлер.*

Еркін, республикалық-демократиялық Америкада 1910 жылы $1^1/_2$ миллион арендатор-үлескер болған, олардың *1 миллионнан астамы негрлер.* Ал үлескерлер саны фермерлердің жалпы санына қарағанда кемімейді, қайта үнемі және едәуір тез өсіп отырады. Құрама Штаттардағы барлық фермерлердің жалпы санына шаққанда үлескерлер проценті 1880 жылы 17,5% болған, 1890 жылы — 18,4%, 1900 жылы — 22,2%, 1910 жылы 24,0% болған.

«Оңтүстіктегі жағдайлар,— дегенді оқимыз біз американ статистиктерінің 1910 жылғы санақ жөніндегі қорытындыларынан,— оңтүстіктегі жағдайлар солтүстіктегіден әрқашан да біраз өзгеше болды, сондықтан арендаторлық фермалардың көбі — азамат соғысы қарсаңындағы дәуірде пайда болған, көлемі едәуір плантациялардың бөлектері болып табылады». Оңтүстікте «арендаторлар арқылы, көбінесе негрлер арқылы жүргізілетін шаруашылық системасы құл еңбегі арқылы жүргізілетін шаруашылық системасының орнын басты». «Арендалық систeманың дамуы бәрінен гөрі оңтүстікте көбірек көзге түседі, онда бұрын құл еңбегімен өңделіп келген үлкен плантациялар көп реттерде ұсақ учаскелерге (парцеллаларға) бөлініп, арендаторларға беріліп отырды. ...Шын мәнінде бұл плантациялар көп реттерде осы кезге дейін әлі де ауыл шаруашылық единицасы ретінде өңделіп келеді, өйткені арендаторлар белгілі бір дәрежеде бақылауға бағынады, мұның өзі солтүстікте фермалардағы жалдама жұмысшылардың бақылауға бағынатынына азды-көпті ұқсас» (аты аталған шығарма, V, 102, 104).

Оңтүстікті сипаттау үшін, Россияда шаруалардың неғұрлым артта қалған, крепостниктік тәртіп қалдықтары неғұрлым көп сақталған орталық-егіншілік губерниялардан, Валяй-Марковтардың өктемдігінен Россияның неғұрлым капиталистік аудандарына, астаналарға, өнеркәсіпті губернияларға, оңтүстікке қашып кетіп жатқаны сияқты (қараңыз: «Россияда капитализмнің дамуы»)*, Американың оңтүстігінен халықтың басқа капиталистік аудандарға және қалаларға қашып жатқанын да қоса айту қажет. Америкада да, Россияда да үлескерлік аудандар — неғұрлым қатты тоқырауға ұшырап, еңбекші бұқарасы неғұрлым қорлыққа және езгіге ұшырап отырған аудандар. Америкада елдің шаруашылығы мен бүкіл қоғамдық өмірінде соншалық-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 640—646-беттер. *Ред.*

ты аса зор роль атқаратын иммигранттар оңтүстікке жуымайды. Америкадан сырт жерде туған халықтың проценті 1910 жылы 14,5% болды. Бірақ оңтүстікте бұл процент жеке аудандар бойынша не бары 1,0—4,0%, ал елдің басқа аудандарында келімсектер 13,9 проценттен кем емес және 27,7 процентке дейін жетеді (Жаңа Англия). Томаға-тұйықтық, мешеулік, жаңа лептің жоқтығы, «азат етілген» негрлер үшін қайдағы бір түрме — Американың оңтүстігі дегеніміз, міне, осындай. Оңтүстіктің едәуір отарланған ауданын (орталық оңтүстік-батыс ауданын) қоспағанда, халқы неғұрлым көбірек отырықшы, неғұрлым көбірек жерге «байлап-матаулы» оңтүстіктің қалған екі ауданында халықтың 91—92 проценті өздерінің тұрған аудандарында туған, ал жалпы Америкада бұл процент 72,6%, яғни халықтың қоныс аударып отыруы анағұрлым күшті. Жаппай отарланған аудан болып саналатын батыста халықтың 35—41 проценті ғана өздері тұрған аудандарда туған.

Оңтүстіктің отарлану болмаған екі ауданынан негрлер қашып жатыр: соңғы екі ценздің арасында өткен 10 жылдың ішінде бұл екі ауданнан елдің басқа жерлеріне кеткен «қара түсті» халық 600 000-ға жуық. Негрлер негізінен қалаларға қашып жатыр: оңтүстікте барлық негрлердің 77—80 проценті деревняларда тұрады, ал басқа аудандарда не бары 8—32 проценті ғана деревняларда тұрады. Америкадағы негрлер мен Россияның егіншілікті орталығындағы *«бұрынғы помещиктік»* шаруалар жағдайының экономикалық жағынан біртектес екендігі таңқаларлық.

4. ФЕРМАЛАРДЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ. ОҢТҮСТІКТЕ «КАПИТАЛИЗМНІҢ ЫДЫРАУЫ»

Құрама Штаттардың басты-басты үш ауданының негізгі ерекше белгілерін және шаруашылық жағдайларының жалпы сипатын қарастыра келіп, біз әдетте келтіріле беретін деректерді талдауға көше аламыз. Бұған ең алдымен фермалардың орташа мөлшері туралы деректер жатады. Осы деректерге сүйеніп, едәуір көп эко-

номистер, соның ішінде Гиммер мырза да, ең батыл қорытындылар жасайды.

Жылдары:	Құрама Штаттардағы фермалардың орташа мөлшері: Бүкіл жер көлемі	Өңделетін жер көлемі
	(акр есебімен)	
1850	202,6	78,0
1860	199,2	79,8
1870	153,3	71,0
1880	133,7	71,0
1890	136,5	78,3
1900	146,2	72,2
1910	138,1	75,2

Жалпы алғанда, сырт көзге бүкіл жердің орташа көлемі кеміген және өңделген жердің орташа көлемі тиянақсыз түрде—біресе кеміп, біресе көбейіп — өзгеріп отырған болып шығады. Бірақ 1860—1870 жылдар кезеңі айқын шек болады, сондықтан да біз оны сызықпен бөліп тастап отырмыз. Нақ осы кезеңде бүкіл жердің орташа көлемі 46 акрға орасан зор *кемігендігі* (199,2—153,3) және өңделген жердің орташа көлемі де кеміп, мықтап өзгергендігі (79,8—71,0) байқалады.

Мұның себебі неде? Сірә, 1861—1865 жылдардағы азамат соғысы және құлдықты жою себеп болған шығар. Құл иеленуші латифундияларға батыл соққы берілді ғой. Біз бұл фактінің әлденеше рет расталғанын кейінірек көреміз, ал оның бер жағында бұл факт жалпыға мәлім екендігі соншалық, оны растап жатудың қажеттігіне таңдануға болады. Оңтүстік және солтүстік туралы деректерді айрықша бөліп көрсетелік. [161-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Өңделетін жердің көлемі, орта есеппен бір фермаға келетін үлесін алғанда, 1860—1870 жылдарда оңтүстікте орасан мөлшерде *кемігендігін* (101,3—69,2), ал солтүстікте шамалы *артып* өзгергендігін (68,3—69,2) көріп отырмыз. Демек, іс оңтүстіктің нақ сол эволюция жағдайларына байланысты болып отыр. Оңтүстікте құлдық жойылғаннан кейін де фермалардың орта мөлшері, баяу болса да, үздіксіз кеміп отырмаса да, дегенмен кеми түскенін байқаймыз.

Жылдары	Фермалардың орташа мөлшері акр есебімен: оңтүстікте — орта есеппен бүкіл жер көлемі	оңтүстікте — орта есеппен бүкіл өңделетін жер көлемі	солтүстікте — орта есеппен бүкіл жер көлемі	солтүстікте — орта есеппен бүкіл өңделетін жер көлемі
1850	332,1	101,1	127,1	65,4
1860	335,4	101,3	126,4	68,3
1870	214,2	69,2	117,0	69,2
1880	153,4	56,2	114,9	76,6
1890	139,7	58,8	123,7	87,8
1900	138,2	48,1	132,2	90,9
1910	114,4	48,6	143,0	100,3

«Ұсақ еңбек егіншілігі мұнда өз үстемдігінің ауқымын кеңейтіп отыр,—деп қорытады ойын Гиммер мырза,— ал ауыл шаруашылығын капитал өзін басқа салаларға жұмсау үшін қалдырып отыр». «...Оңтүстік-Атлант Штаттарында егіншілік капитализмінің ыдырауы үдеуде...»

Міне, сорақылық, сірә, бұған ұқсас нәрсені біздегі халықшылдардың: 1861 жылдан кейін помещиктердің барщиналық шаруашылық системасынан жұмыспен өтеу (яғни жартылай барщиналық!) системасына көшуі салдарынан Россияда «капитализмнің ыдырауы» дейтін пікірлерінен ғана табуға болар. Құл иеленуші латифундиялардың бытыраганы «капитализмнің ыдырауы» деп аталып отыр. Күні кешегі құл иеленушілердің өңделмеген жерінің негрлердің ұсақ фермаларына, жарым-жартысының үлескерлерге (үлескерлер процентінің бір цензден екінші цензге дейін ұдайы *өсіп отырғандығын* еске алайық!) айналуы «капитализмнің ыдырауы» деп аталып отыр. Экономикалық ғылымның негізгі ұғымдарын бұрмалауда мұнан әрі барар жер жоқ!

1910 жылғы санаққа берілген түсініктеме текстінің 12-тарауында американ статистиктері оңтүстіктің құлдық замандағы емес, осы кездегіге тән «плантациялары» туралы деректер келтірген. 39 073 плантацияда 39 073 «мырзалар фермасы» (landlord farms) және 398 905 арендаторлық ферма бар. Демек, орта есеппен алғанда бір «мырзаға», «помещикке», «лендлордқа» 10

арендатордан келеді. Плантацияның орташа мөлшері 724 акр. Оның тек 405 акры ғана өңделген жер: әрбір плантацияға 300 акрдан астам өңделмеген жерден келеді. Күні кешегі құл иеленуші мырзалардың келешектегі қанаушылық жоспарлары үшін жаман запас емес...

Орташа плантацияның жері былайша бөлінеді: «мырзаның фермасы» 331 акр жер, бұдан өңделетіні 87 акр. «Арендаторлық» фермалардың, яғни бұрынғысынша «мырзаға» және сол «мырзаның» қадағалауымен жұмыс істейтін үлескер-негрлердің орта есеппен 38 акрдан жер учаскелері бар, олардың 31 акры өңделеді.

Оңтүстіктегі күні кешегі құл иеленушілер жерінің $^{9}/_{10}$ бөлігінен астамы қазіргі кезге дейін де өңделмей қалып отырған орасан үлкен латифундияларға ие болып алып, халық санының және мақтаға деген сұранымның өсуіне қарай, осы жерлерді негрлерге біртіндеп сатуға, ал көп жағдайларда ұсақ учаскелерді соларға жарма-жарға үлестіріп беруге кірісіп отыр. (1900 жылдан 1910 жылға дейін оңтүстікте барлық жері өзінің толық меншігіндегі фермерлердің саны 1237 мыңнан 1329 мыңға дейін, яғни 7,5% өскен, ал үлескер-фермерлердің саны 772 мыңнан 1021 мыңға дейін, яғни 32,2% өскен.) Ал енді осы құбылысты «капитализмнің ыдырауы» деп атайтын экономист те пайда бола кетті...

Біз 1000 және онан да көп акр жері бар фермаларды латифундиялардың қатарына қосамыз. Құрама Штаттарда 1910 жылы мұндай фермалар не бары 0,8% еді (50 135 ферма), ал олардың жері 167,1 миллион акр, бүкіл жер көлемінің 19,0 проценті болды. Бұл әрбір латифундияға орта есеппен 3332 акрдан келеді. Өңделген жердің проценті латифундияларда не бары, 18,7% — ал жалпы алғанда барлық фермаларда 54,4%. Оның бер жағында латифундиялар капиталистік солтүстікте бәрінен де *аз:* фермалардың барлық санының 0,5 процентінде барлық жердің 6,9 проценті бар, ал латифундиялардағы өңделген жердің үлес салмағы 41,1%. Латифундиялар басқаларына қарағанда батыста көп: фермалардың барлық санының 3,9 процентінде барлық жердің 48,3 проценті бар; латифундиялардағы жердің 32,3 проценті өңделген. Латифундиялардағы

өңделмеген жердің проценті *бәрінен де гөрі* бұрынғы құл иеленуші оңтүстікте көп: фермалардың 0,7 проценті — латифундиялар; жердің 23,9 проценті осыларда; латифундиялардағы *жердің не бары 8,5 проценті* ғана өңделген!! Латифундияларды — әрбір жеке елдің және әрбір жеке ауданның нақты деректерін арнайы талдамастан — *капиталистік* шаруашылыққа жатқыза салатын кең тараған әдістің соншалықты дәлелсіз екендігін, сөз арасында айта кетелік, осы толық деректер айқын көрсетеді.

10 жылдың ішінде, 1900—1910 жылдарда, жердің бүкіл көлемі нақ латифундияларда және тек латифундияларда ғана *кеміп кетті*. Бұл кему өте үлкен: 197,8 миллион акрдан 167,1 миллион акрға дейін, яғни 30,7 миллион акр кеміп отыр. Оңтүстікте бұл кему 31,8 миллион акр болды (солтүстікте 2,3 миллион артты, батыста 1,2 миллион кеміді). Демек, нақ осы оңтүстік, тек осы құл иеленуші оңтүстік қана латифундиялардың өте зор мөлшерде бөлшектену процесімен сипатталады, ал бұл латифундияларда өңделген жердің проценті болмашы ғана (8,5%).

Осының бәрінен сөзсіз мынадай қорытынды шығады: болып жатқан экономикалық процестің бірден-бір дәл анықтамасы мынадай — оннан тоғыз бөлігі тіпті де өңделмеген құл иеленуші латифундиялардан ұсақ *сауда* егіншілігіне көшу процесі болып жатыр. Мұның өзі, арзан қолды «еңбек» гимнін жырлайтын барлық буржуазияшыл экономистерге қосылып Гиммер мырза мен халықшылдардың сүйсініп айта беретініндей, «еңбек» егіншілігіне көшу емес, сауда егіншілігіне көшу. «Еңбек» деген сөздің ешқандай саяси-экономикалық мағынасы жоқ және жанамалап жұртты адастырады. Бұл сөз мағынадан жұрдай, өйткені ұсақ егінші шаруашылықтың қоғамдық укладтары атаулының бәрінде де: құлдық кезінде де, крепостниктік тәртіп кезінде де, капитализм кезінде де «еңбек етеді». «Еңбек» деген сөз — бос сөз, мазмұнсыз тақпақ, мұның өзі шаруашылықтың мейлінше алуан түрлі қоғамдық укладтарын жалғыз буржуазияға ғана тиімді түрде *араластыруды* бүркемелейді. «Еңбек» деген сөз жұртты адастырады, алдай-

ды, өйткені ол *жалдама* еңбек жоқ деген сыңай білдіреді.

Жалдама еңбек туралы деректер егіншіліктегі капитализм туралы мәселе жөніндегі ең маңызды деректер болса да және олар 1900 жылғы санақта ғана емес, сонымен қатар Гиммер мырза цитат келтіріп отырған (оның мақаласының 49-беті, ескерту) 1910 жылғы санақтың «бюллетенінде» де (Abstract — Farm crops, by states *) бар бола тұрса да, нақ сол деректерді, барлық буржуазияшыл экономистер сияқты, Гиммер мырза да орағытып өтіп кетіп отыр.

Оңтүстікте ұсақ егіншіліктің өсуі нақ осы сауда егіншілігінің өсуі екендігі оңтүстіктің ең басты ауыл шаруашылық өнімінің сипатынан көрінеді. Бұл өнім — мақта. Оңтүстікте астық пен масақты дақылдардың күллі түсімі құнының 29,3 проценті дәнді дақылдардан алынады, пішен мен жемшөптерден 5,1 проценті, ал мақтадан 42,7 проценті алынады. 1870 жылдан 1910 жылға дейін жүн өндірісі Құрама Штаттарда 162 миллион қадақтан 321 миллион қадаққа дейін — екі есе — өскен; бидай 236 миллион бушельден 635 миллион бушельге дейін — үш еседен кемірек—өскен; жүгері 1094 миллион бушельден 2886 миллион бушельге дейін — бұл да үш еседен кемірек — өскен, ал мақта 4 миллион тайдан (1 тайы —500 қадақ) 12 миллион тайға дейін, ягни үш есе өскен. Көбінесе сауда егіншілігі өнімдерінің өсуі басқа өнімдердің, саудаға қатысы кемірек өнімдердің өсуінен асып түсіп отыр. Оның үстіне, оңтүстіктің басты ауданында, «Оңтүстік-Атлант» ауданында, темекі өндірісі (Виргиния штатында бүкіл егін түсімі құнының 12,1 проценті), овощ өндірісі (Делавэре штатында бүкіл егін түсімі құнының 20,1 проценті, Флорида штатында — 23,2 проценті), жеміс-жидек өндірісі (Флорида штатында бүкіл егін түсімі құнының 21,3 проценті) және т. с. бірқыдыру тәуір өркендеген. Осының бәрі — егіншілік дақылдары болғанда, егіншіліктің интенсивтендірілгенін, шаруашылықтың жер көлемі кеміп отырған күннің өзінде оның мөлшерінің ұлғайға-

* — Штаттар бойынша фермалардағы егін шығымдылығы туралы іріктеп алынған деректер. *Ред.*

ның және жалдама еңбекті пайдаланудың артып отырғанын көрсететін дақылдар.

Біз енді жалдама еңбек туралы деректерді тәптіштеп қарастыруға көшеміз; тек мынаны айта кетелік: оңтүстік бұл жөнінде басқа аудандардан кейін қалса да — мұнда жалдама еңбекті пайдалану *нашарлау*, өйткені жартылай құлдық үлескерлік *күштірек* болса да — сонда да жалдама еңбекті қолдану оңтүстікте де өсіп келеді.

5. ЕГІНШІЛІКТІҢ КАПИТАЛИСТІК СИПАТЫ

Әдетте егіншіліктегі капитализм жөнінде фермалардың мөлшері туралы немесе — жер көлеміне қарай — ірі фермалардың саны мен маңызы туралы деректерге сүйеніп пікір айтылады. Біз мұндай деректерді ішінара қарастырып өттік, ішінара тағы да қарастырамыз, бірақ бұлардың бәрі — жанама деректер екенін ескерте кетуіміз керек, өйткені жер көлемінің мөлшері *шаруашылықтың* мөлшері шынында да ірі екенін және оның капиталистік сипатын әрқашан да және тікелей көрсете бермейді.

Жалдама еңбек туралы деректер бұл жөнінде әлдеқайда дәлелдірек те айқынырақ. Соңғы жылдардағы ауыл шаруашылық санақтары, мысалы, Австрияның 1902 жылғы санағы мен Германияның 1907 жылғы санағы қазіргі ауыл шаруашылығында — және әсіресе ұсақ егіншілік шаруашылығында — жалдама еңбекті қолдану жұрттың ойлайтынынан анағұрлым басым екенін көрсетті; біз бұл санақтарды қарастыруға басқа жерде тоқталамыз. Ұсақ «еңбек» егіншілігі дейтін мещандық ертегіні осы деректердің соншалықты сөзсіз, соншалықты айқын теріске шығарғанындай еш нәрсе теріске шығара алмайды.

Американ статистикасы бұл мәселе жөнінде өте мол материал жинады, өйткені әрбір жеке фермер туралы сұрау карточкасында: жұмысшы жалдауға ол шығын шығара ма, егер шығарса, нақ қандай сома шығаратындығы жазылған. Европадағы статистикадан,— мысалы, әлгіде ғана аты аталған екі елдің статистикасынан,— ерекшелігі сол, американ статистикасы әрбір қожайын-

да сол кезде қанша жалдама жұмысшы бар екендігін тіркеп отырмайды, ал мұны білу өте оңай болар еді және жалдама еңбекке жұмсалған шығынның жалпы сомасы туралы деректерді толықтыру ретінде, бұл деректердің ғылыми маңызы өте зор болар еді. Бірақ ең жаманы, 1910 жылғы санақтағы бұл деректер өте нашар қорытылған; жалпы алғанда 1910 жылғы санақ 1900 жылғы санаққа қарағанда әлдеқайда нашар қорытылған. 1910 жылғы санақ бойынша барлық фермалар (дәл 1900 жылғы сияқты) жер көлемінің мөлшеріне қарай топ-топқа бөлінген, бірақ 1900 жылғы санақтан оның өзгешелігі сол, жалдама еңбекті қолдану туралы деректер бұл топтар бойынша көрсетілмеген. Ұсақ және ірі шаруашылықтардың жалдама еңбекті қаншалықты қолданатындығына келгенде, біз бұларды жерінің көлеміне қарай салыстыра алмаймыз. Біздің қолымызда бары — штаттар жөнінде және аудандар жөнінде орта есеппен алынған деректер, яғни капиталистік шаруашылықтарды капиталистік емес шаруашылықтармен қосып есептеген деректер ғана.

Біз 1900 жылғы, жақсырақ қорытылған деректерді төменде арнайы қарастырамыз, ал қазір 1910 жылғы деректерді келтірейік. Бұл деректердің өзі де 1899 және 1909 жылдардағы деректер.

Аудандар:	Жұмысшы жалдаған фермалар проценті (1909)	Жалдама еңбекке жұмсалған шығынның 1899 жылдан 1909 жылға дейін өскені % есебімен	1 акр өңделген жерге жұмсалған жалдама еңбек шығыны (доллар есебімен) 1909	1899
Солтүстік	55,1	+ 70,8	1,26	0,82
Оңтүстік	36,6	+ 87,1	1,07	0,69
Батыс	52,5	+119,0	3,25	2,07
Бүкіл Құрама Штаттарда	45,9	+ 82,3	1,33	0,86

Бұл деректерден ең алдымен шығатын даусыз қорытынды мынадай: егіншілік солтүстікте неғұрлым көп (жалдама еңбек қолданылатын фермалар 55,1%), онан соң батыста (52,5%), бәрінен кемірек оңтүстікте

(36,6%) капиталистік сипат алып отыр. Халық қоныстанған және өнеркәсіпті аудан мен отарланып отырған ауданның және үлескерлік ауданның ара салмағын салыстырғанда осылай болуға да тиіс. Аудандарды дәлме-дәл салыстыруға, 1 акр өңделген жерге есептеп жұмсалған жалдама еңбек шығындарының мөлшері туралы деректерге қарағанда, жалдама еңбек қолданылатын фермалардың проценті туралы деректер, әлбетте, неғұрлым жарамды. Соңғы деректер сияқты деректер салыстыруға келетін болуы үшін жалақы мөлшерінің түрлі аудандарда бірдей болуы талап етілер еді. Біздің қолымызда Құрама Штаттардың ауыл шаруашылығындағы жалақы туралы деректер жоқ, бірақ аудандар арасында бізге белгілі түбегейлі айырмашылықтар болып отырған жағдайда жалақының бірдей болуы мүмкін емес.

Сөйтіп, солтүстік пен батыста, бүкіл өңделген жердің $^{2}/_{3}$ бөлігі мен бүкіл малдың $^{2}/_{3}$ бөлігі шоғырланған екі ауданда, фермерлердің *жартысынан астамы* жалдама еңбек қолданбай отыра алмайды. Оңтүстікте бұл үлестің кем болуының бір ғана себебі бар, мұнда үлескерлік түріндегі жартылай феодалдық (жартылай құлдық — бәрі бір) қанау әлі күшті болып отыр. Дүние жүзіндегі басқа да капиталистік елдердің бәріндегі сияқты, Америкада да ең нашар жағдайдағы фермерлердің бір бөлегі өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр екеніне күмән жоқ. Амал не, американ статистикасында бұл туралы ешбір дерек жоқ, ал, мысалы, 1907 жылғы герман статистикасының одан өзгешелігі сол, бұл деректер мұнда жиналып, тыңғылықты қорытылған. Герман деректері бойынша 5 736 082 ауыл шаруашылық кәсіпорындары иелерінің (өте ұсақ «қожайындар» да кіріп отырған жалпы қосындысы) — 1 940 867-сі, яғни 30 проценттен астамы өздерінің *негізгі* кәсібіне қарағанда жалдама жұмысшылар. Әрине, ұлтарақтай жері бар бұл батырақтар мен күндікшілер бұқарасы егіншілердің төменгі тобына жатады.

Өте ұсақ (3 акрге дейін жері бар) фермалар жалпы ереже бойынша мүлдем есепке алынбаған Құрама Штаттарда фермерлердің тек 10 проценті ғана өздері-

нің жұмыс күшін сатады екен делік. Осылай болған күнде де мұнан: помещиктер мен капиталистер *тікелей* қанап отырған фермерлер — фермерлердің жалпы санының *үштен бір бөлігінен астамы* деген нәтиже шығады (24,0% үлескерлер, ягни бұрынғы құл иеленушілер феодалдық немесе жартылай феодалдық жолмен қанап отырған фермерлер мен капиталистер қанап отырған 10% фермерлерді қосқанда 34% болады). Демек, бүкіл фермерлердің *азшылығы, бестен бір бөлігінен немесе төрттен бір бөлігінен* сәл ғана артығы жұмысшы жалдамайтын, өзі де жалданбайтын немесе кіріптарлыққа түспейтін фермерлер.

«Үлгілі және алдыңғы қатарлы» капитализм елінде, миллиондаған десятина жерді тегін үлестіріп беріп отырған елде істің нақты жайы осындай. Атышулы капиталистік емес, ұсақ «еңбек» егіншілігі дегеніміз мұнда да құр ертегі.

Американың ауыл шаруашылығында жалдама жұмысшылардың саны көп пе? мұның өзі фермерлердің санымен және бүкіл село халқымен салыстырғанда өсіп келе ме немесе кеміп бара ма?

Американ статистикасы, амал не, осы аса маңызды сұрақтарға тура жауап бермейді. Шамаға жуық жауап іздеп көрелік.

1-ден, шамаға жақын келетін жауапты кәсіп статистикасы цифрларының беруі мүмкін (ценз жұмыстарының IV томы). Бұл статистика американдардың «қолынан келмеді». Ол соншалық үстіртін, керенау, сөлекет жасалған: онда кәсіпшіліктегі адамның жағдайы туралы, ягни қожайынның, семьялы жұмысшының және жалдама жұмысшының арасындағы айырмашылықтар туралы деректер жоқ. Экономикалық жағынан дәл бөлудің орнына «жауыр болған», «дағдылы» сөздермен қанағаттанып, «село жұмысшылары» деген атпен фермерлердің семья мүшелерін де, жалдама жұмысшыларды да мағынасыз қосып жіберіп отырған. Жұртқа мәлім, бұл мәселе жөнінде барып тұрған былық тек Америка статистикасын ғана жайлап алып отырған *жоқ*.

1910 жылғы санақта бұл былықты аздап анықтай түсіп, бадырайып тұрған қателерді түзетуге және жалда-

ма жұмысшылардың (working out) бір бөлегін болса да семьялы жұмысшылардан (working on the home farm) бөліп көрсетуге әрекет жасалған. Бірқатар есептер жасай келіп, статистиктер егіншілікте істейтін адамдардың жалпы санына түзету енгізіп, олардың санынан 468 100 адамды кеміткен (IV том, 27-бет). Бұдан кейін, жалдама жұмысшы *әйелдердің* саны 1900 жылы 220 048, ал 1910 жылы 337 522 (артқаны 53%) деп көрсетілген. Жалдама жұмысшы еркектердің саны 1910 жылы 2 299 444 болған. Егер 1900 жылы село жұмысшыларының жалпы санының ішінде селолық жалдама жұмысшылардың проценті нақ 1910 жылғыдай болған деп есептесек, онда жалдама жұмысшы еркектердің саны 1900 жылы 1 798 165 адам болады. Сонда мынадай болып шығады:

	1900	*1910*	Өскені % есебімен
Егіншілікте істейтін барлық адамдар	10 381 765	12 099 825	+16 %
Фермерлер саны	5 674 875	5 981 522	+ 5 %
Жалдама жұмысшылар саны	2 018 213	2 566 966	+27 %

Яғни жалдама жұмысшылар санының өсу проценті фермерлер санының өсу процентімен салыстырғанда бес еседен артығырақ (5 процент орнына 27 процент). Село халқының ішінде фермерлердің үлес салмағы *кеміген,* жалдама жұмысшылардың үлес салмағы *артқан.* Бүкіл село халқына пропорциялы түрде алғанда, дербес қожайындар саны кеміген; тәуелділердің, қаналушылардың саны өскен.

1907 жылы Германияда ауыл шаруашылығындағы бүкіл 15 миллион семьялы жұмысшылар мен жалдама жұмысшылардың $4^1/_2$ миллионы жалдама жұмысшы деп есептелген. Демек, жалдама жұмысшылар 30%. Келтірілген шамаға жуық есеп бойынша, Америкада 12 миллионның $2^1/_2$ миллионы, яғни 21 проценті жалдама жұмысшылар. Мүмкін, тегін үлестіріп берілетін бос жердің болуы және үлескер-фермерлер процентінің

орасан көп болуы Америкадағы жалдама жұмысшылардың процентін кемітуге тиіс болар.

2-ден, шамаға жақын жауапты 1899 және 1909 жылдарда жұмысшы жалдауға жұмсалған шығынның мөлшері туралы цифрлар бере алады. Нақ осы уақыттың ішінде өнеркәсіптегі жалдама жұмысшылардың саны 4,7 миллионнан 6,6 миллионға дейін, яғни 40% өскен, ал олардың жалақысы 2008 миллион доллардан 3427 миллион долларға дейін, яғни 70 % өскен. (Ақының бұл номиналдық артуын өнім бағасының қымбаттауы және сондайлар жоққа шығарып жібергендігін ұмытпау керек.)

Бұл деректерге қарағанда, егіншілікте жалдама жұмысшылар санының шамамен 48% өсуі жұмысшы жалдауға жұмсалған шығынның 82% өскеніне сәйкес келеді деп жорамалдауға болады. Басты үш аудан жөнінде осыған ұқсас жорамал жасағанда мынадай болып шығады:

Аудандар:	1900 жылдан 1910 жылға дейін % есебімен өскені		
	Бүкіл село халқы	Фермалар саны	Жалдама жұмысшылар саны
Солтүстік	+ 3,9%	+ 0,6%	+40%
Оңтүстік	+14,8%	+18,2%	+50%
Батыс	+49,7%	+53,7%	+66%
Бүкіл Құрама Штаттарда	+11,2%	+10,9%	+48%

Бұл деректер де бізге қожайындар санының өсуі, бүкіл елді тұтас алғанда, село халқының өсуінен кейін қалып отырғандығын, ал жалдама жұмысшылар санының өсуі село халқының өсуінен асып түсіп отырғандығын көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда: дербес қожайындардың пропорциялық саны кеміп, тәуелділердің пропорциялық саны өсіп келеді.

Ескерте кетелік, жалдама жұмысшылар санының бірінші есеп бойынша өсуі (+27%) мен екінші есеп бойынша өсуінің (+48%) арасында орасан зор айырмашылық болуы әбден мүмкін, өйткені бірінші ретте тек *маман* жалдама жұмысшылар ғана есепке алынған, ал екінші ретте — жалдама жұмысшы күшін қолданған

реттердің бәрі есепке алынған. Ауыл шаруашылығында жалдама жұмыс күшін мезгіл-мезгіл қолданып отырудың зор маңызы бар, сондықтан да жалдама жұмысшылардың, тұрақты жұмысшылар мен уақытша жұмысшылардың санын анықтаумен ғана қанағаттанбай, оның үстіне мүмкіндігі болғанынша жалдама еңбекке шығарылған шығынның жалпы сомасын да анықтап отыруды әрқашан да ереже ретінде қолданған жөн болар еді.

Қайткен күнде де, бұл екі есептің екеуі де бізге Құрама Штаттар егіншілігінде капитализмнің *өсіп отырғанын*, жалдама еңбек қолданудың *өсіп отырғанын*, өскенде село халқының және фермерлер санының өсуінен асып түсіп отырғанын күмәнсыз көрсетіп отыр.

6. МЕЙЛІНШЕ ИНТЕНСИВТІ ЕГІНШІЛІК АУДАНДАР

Егіншіліктегі капитализмнің нағыз төте көрсеткіші ретінде жалдама еңбек туралы жалпы деректерді қарастыра келіп, біз енді халық шаруашылығының осы саласында капитализмнің қандай ерекше *формаларда* көрінетіндігін неғұрлым толық талдап шығуға көше аламыз.

Біз фермалардың орташа мөлшері кеміген бір ауданмен, атап айтқанда, оңтүстікпен таныстық, мұнда бұл процесс құл иеленуші латифундиялардан ұсақ сауда егіншілігіне көшкендікті көрсетеді. Фермалардың орташа мөлшері кемігеп басқа бір аудан бар, атап айтқанда ол солтүстіктің бір бөлегі: Жаңа Англия және Орта-Атлант Штаттары. Бұл аудандар туралы деректер мынадай:

	Ферманың (өңделетін жерінің) акр есебімен орташа мөлшері	
	Жаңа Англия	Орта-Атлант Штаттары
1850	66,5	70,8
1860	66,4	70,3
1870	66,4	69,2
1880	63,4	68,0
1890	56,5	67,4
1900	42,4	63,4
1910	38,4	62,6

Жаңа Англияда ферманың орташа мөлшері — Құрама Штаттардың барлық аудандарының ішіндегі ең ұсағы. Оңтүстіктің екі ауданында ферманың бұл мөлшері 42—43 акр, ал үшінші, отарлау әлі жүріп жатқан орталық оңтүстік-батыс ауданында — 61,8 акр, яғни Орта-Атлант Штаттарында қанша болса, сонша дерлік. Жаңа Англияда және Орта-Атлант Штаттарында, «неғұрлым көне мәдениетті және экономикалық дамуы неғұрлым жоғары аудандарда» (Гиммер мырзада, 60-бет), сол отарлау жоқ аудандарда, фермалардың орташа мөлшерінің кемігендігі, басқа да өте көп буржуазияшыл экономистер тәрізді, бұл авторымыздың да «капиталистік егіншілік қожырап барады», «өндіріс бөлшектеніп, ұсақталуда», «отарлау процесі қазірдің өзінде өтіп болмаған, ал капиталистік ірі егіншілік ыдырап, оны еңбек егіншілігі ығыстырып тастамаған аудандар жоқ» деген қорытындыға келуіне түрткі болған.

Гиммер мырзаның шындыққа тура қарама-қарсы бұл қорытындыларға келіп отырғанының себебі — ол «ұсақ-түйекті»: егіншіліктің интенсивтендірілу процесін... ұмытып кетіп отыр! Бұл сұмдық, бірақ факт. Ал толып жатқан буржуазияшыл экономистер, бәрі де дерлік, егіншіліктің интенсивтендірілу процесін «теория жүзінде» өте жақсы «біле тұрса да» және мойындай тұрса да, әңгіме егіншіліктегі ұсақ және ірі өндіріс жайында болған кезде, осы «ұсақ-түйекті» ұмытып кете беру айласына салынатын болғандықтан, бұл мәселеге мейлінше егжей-тегжейлі тоқталып өту керек. Буржуазиялық (соның ішінде халықшылдық және оппортунистік) экономияның ұсақ «еңбек» егіншілігі туралы мәселе жөніндегі бүкіл бейшаралығының негізгі көздерінің бірі нақ осында. Олар мына «ұсақ-түйекті»: егіншіліктің техникалық ерекшеліктеріне байланысты оның интенсивтендірілу процесі шаруашылықтағы өңделетін жердің орташа мөлшері *кемігеннің* өзінде де *шаруашылық* көлемінің артуына, *өндірістің* және *капитализмнің* өсуіне өте жиі әкеп соқтыратынын ұмытып жүр.

Бір жағынан, Жаңа Англияның және Орта-Атлант Штаттарының, екінші жағынан, солтүстіктің басқа жерлері мен елдің қалған басқа аудандарының арасын-

да егіншіліктің техникасы жөнінде, егіншіліктің жалпы сипаты мен интенсивтілігі жөнінде түбегейлі айырмашылықтар бар ма, ең алдымен осыны қарастырайық.

Егіншілік дақылы жөніндегі айырмашылықтар мынадай деректермен сипатталады:

Аудандар:	Бүкіл егіннің жалпы құнынан алатын проценті (1910), —		
	дәнді астықтар	пішен мен шөп	овощ, жеміс-жидектер және т. б. арнаулы дақылдар
Жаңа Англия	7,6	41,9	33,5
Орта-Атлант	29,6	31,4	31,8
Орталық Солтүстік-Шығыс	65,4	16,5	11,0
Орталық Солтүстік-Батыс	75,4	14,6	5,9

Егіншілік дақылы жағдайларындағы айырма — түбегейлі айырма. Алғашқы екі аудан бізге егіншіліктің жоғары дәрежеде интенсивті екендігін, соңғы екі аудан экстенсивті екендігін көрсетеді. Соңғы аудандарда егіннің жалпы құнының басым көпшілігін дәнді астықтар береді, алғашқы аудандарда азын ғана емес, кейде тіпті болмашысын ғана береді (7,6%), оның бер жағында егін құнының *көбірегін* дәнді астықтардан гөрі арнаулы «сауда» дақылдары (овощтар, жеміс-жидектер және т. т.) береді. Экстенсивті егіншілік интенсивті егіншілікке орын берген. Шөп егу кең тараған. Жаңа Англияда пішен және жемшөп беретін 3,8 миллион акр жердің 3,3 миллион акрын *екпе* шөптер алады. Орта-Атлант Штаттарында пішен және жемшөп беретін 8,5 миллион акр жердің 7,9 миллион акрына екпе шөптер егіледі. Керісінше, Орталық Солтүстік-Батыс Штаттарда (отарланушы және экстенсивті егіншілік ауданда) пішен мен шөп алынатын 27,4 миллион акр жердің 14,5 миллион акрын, яғни жартысынан астамын «жабайы» шабындықтар және т. с. алып жатыр.

«Интенсивті» штаттарда егін шығымдылығы едәуір жоғары:

Аудандар:	Бір акрдан алынатын түсім бушель есебімен			
	жүгеріден		бидайдан	
	1909	1899	1909	1899
Жаңа Англия	45,2	39,4	23,5	18,0
Орта-Атлант	32,2	34,0	18,6	14,9
Орталық Солтүстік-Шығыс	38,6	38,3	17,2	12,9
Орталық Солтүстік-Батыс	27,7	31,4	14,8	12,2

Осы аудандарда ерекше дамыған сауда мал шаруашылығы мен сүт шаруашылығы жөнінде де нақ осындай құбылыс байқалады:

Аудандар:	Орта есеппен 1 фермадағы сауын сиыр саны	1 сиырдан орта есеппен өндірілетін сүт (галлон)	
	(1900)	*1909*	*1899*
Жаңа Англия	5,8	476	548
Орта-Атлант	6,1	490	514
Орталық Солтүстік-Шығыс	4,0	410	487
Орталық Солтүстік-Батыс	4,9	325	371
Оңтүстік (3 аудан)	1,9—3,1	232—288	290—395
Батыс (2 аудан)	4,7—5,1	339—475	334—470
Орта есеппен Құрама Штаттарда	3,8	362	424

Мұнан көрінетіні: сүт шаруашылығының басқа штаттардың бәрінен гөрі «интенсивті» штаттарда неғұрлым *ірі* екендігін байқаймыз. Өңделетін жерінің көлемі жөнінен фермалары ең *ұсақ* аудандар дегеніміз ең *ірі* сүт шаруашылықтары бар аудандар болып отыр. Бұл фактінің маңызы өте зор, өйткені, жұртқа мәлім, сүт шаруашылығы бәрінен гөрі қала маңындағы мекендерде және өнеркәсібі өте-мөте күшті дамыған елдерде (не аудандарда) тез өркендейді. Данияның, Германияның, Швейцарияның статистикасы да бізге сауын малы *шоғырлануының өсіп келе жатқандығын* көрсетіп отыр, бұл статистикаға басқа жерде тоқталып өтеміз*.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 221—291-беттер. *Ред.*

Біздің көргеніміздей, «интенсивті» штаттарда бүкіл егіннің жалпы құнының едәуір мол бөлегін дәнді ас-тықтардан гөрі пішен мен шөп беріп отыр. Сондықтан да мұнда мал шаруашылығы едәуір дәрежеде *сатып алынатын жемшөп* есебінен өркендеп келеді. Бұл тура-лы 1909 жылғы деректер мынадай:

Аудандар:	Жемшөп са-тудан түс-кен табыс сомасы	Жемшөп са-тып алуға жұмсалған шығын сомасы	Кірістің шығыннан артығы (+) не керісін-ше (—)
	(миллион доллар есебімен)		
Жаңа Англия	+ 4,3	—34,6	— 30,3
Орта-Атлант	+ 21,6	—54,7	— 33,1
Орталық Солтүстік-Шығыс	+195,6	—40,6	+155,0
Орталық Солтүстік-Батыс	+174,4	—76,2	+ 98,2

Солтүстіктің экстенсивті штаттары жемшөп сатады. Оны интенсивті штаттар сатып алады. Жемшөпті са-тып алып отырған жағдайда *ұсақ* жер учаскелерінде мөлшері *ірі* және жоғары капиталистік сипаттағы ша-руашылықтың болатыны түсінікті.

Солтүстіктің интенсивті екі ауданын, Жаңа Англия мен Орта-Атлант Штаттарын солтүстіктің ең экстен-сивті ауданы Орталық Солтүстік-Батыс ауданымен са-лыстыралық:

Аудандар:	Өңделетін жердің акр саны (миллион)	Бүкіл малдың құны (миллион доллар)	Жемшөп сатудан түскен табыс (миллион доллар)	Жемшөп сатып алуға жұмсал-ған шы-ғын (миллион доллар)
Жаңа Англия+Орта-Атлант Штаттары	36,5	447	26	89
Орталық Солтүстік-Ба-тыс Штаттар	164,3	1 552	174	76

Біз экстенсивті штаттарға қарағанда (1552:164=1 акрға 9 доллар) интенсивті штаттарда өңделген 1 акр жерге шаққанда малдың көбірек келетінін көреміз (447:36=1 акрға 12 доллар). Жер көлемінің бір еди-

ницасына капитал мал формасында көбірек жұмсалады. Ал жемшөппен сауда жасаудың жалпы айналымы (сатып алу+сату) жер көлемінің единицасына шаққанда интенсивті штаттарда (36 миллион акрға 26+89=115 миллион доллардан келеді) экстенсивті штаттардағыдан (164 миллион акрға 174+76=250 миллион доллардан келеді) әлдеқайда жоғары. Егіншіліктің экстенсивті штаттарға қарағанда интенсивті штаттарда негұрлым *саудалық* сипатта екендігі айқын.

Тыңайтқыштарға жұмсалған шығындар туралы, құралдар мен машиналардың құны туралы деректер егіншіліктің интенсивтендірілу дәрежесінің ең дәл статистикалық көрінісі болып табылады. Бұл деректер мынадай:

	Аудандар:	Тыңайтқышқа шығын шығаратын фермалар проценті	Орта есеппен 1 фермаға келетін шығын (доллар)	Орта есеппен 1 акр өңделетін жерге жұмсалатын шығын (доллар)		Өңделетін жердің 1 фермаға келетін орташа акр саны
				1909	1899	(1909)
Солтүстік	Жаңа Англия	60,9	82	1,30	0,53	38,4
Солтүстік	Орта-Атлант	57,1	68	0,62	0,37	62,6
Солтүстік	Орталық Солтүстік-Шығыс	19,6	37	0,09	0,07	79,2
Солтүстік	Орталық Солтүстік-Батыс	2,1	41	0,01	0,01	148,0
Оңтүстік	Оңтүстік-Атлант	69,2	77	1,23	0,49	43,6
Оңтүстік	Орталық Оңтүстік-Шығыс	33,8	37	0,29	0,13	42,2
Оңтүстік	Орталық Оңтүстік-Батыс	6,4	53	0,06	0,03	61,8
Батыс	Таулы	1,3	67	0,01	0,01	86,8
Батыс	Тынық мұхит	6,4	189	0,10	0,05	116,1
	Құрама Штаттарда	28,7	63	0,24	0,13	75,2

Бұл арада солтүстіктің экстенсивті аудандары мен интенсивті штаттардың арасындағы айырмашылық әбден айқын көрініп отыр; солтүстіктің экстенсивті аудандарында тыңайтқыштарды сатып алып пайдаланатын фермалар проценті болмашы (2—19%) және өң-

делетін жердің 1 акрына шаққанда тыңайтқышқа жұмсалатын шығын да болмашы (0,01—0,09 доллар), ал интенсивті штаттарда фермалардың *көпшілігі* (57—60 проценті) тыңайтқыштарды сатып алып пайдаланады және оған жұмсалатын шығын да едәуір сомаға жетеді. Мысалы, Жаңа Англияда бұл шығын 1 акрға 1,30 долларға жетеді — мұның өзі барлық аудандар үшін (жер көлемін алғанда бұларда да фермалардың мөлшері өте ұсақ, ал тыңайтқыштарға жұмсайтын шығыны өте көп!) *ең жоғары* цифр және оңтүстіктің бір ауданының (Оңтүстік-Атлант Штаттары) цифрынан асып түседі. Ескерте кеткен жөн, бізге белгілі болып отырғанындай, үлескер-негрлердің еңбегі мейлінше көбірек қолданылатын оңтүстікте мақта егісі жасанды тыңайтқыштарды өте-мөте көп керек етеді.

Тынық мұхит Штаттарында біз тыңайтқыштар пайдаланушы фермалар процентінің өте төмен екенін (6,4%) және 1 фермаға шағып, орта есеппен алғанда барынша көп шығын жұмсалатынын (189 доллар) көреміз, бұл арада, әрине, тыңайтқыш қолданған фермаларды ғана есепке алып отырмыз. Біз мұнда басқа бір мысалды: шаруашылықтың пайдаланатын жер көлемі *кемігеннің* өзінде *ірі* және капиталистік егіншіліктің өскенін байқаймыз. Тынық мұхит Штаттарының екеуінде, Вашингтон мен Орегонда, тыңайтқыштар қолдану мүлдем жарытымсыз, 1 акрға 0,01 доллардан ғана келеді. Тек үшінші штатында, Калифорнияда ғана, бұл цифр біршама жоғары: 1899 жылы 0,08 доллар, ал 1909 жылы 0,19 доллар болды. Бұл штатта жеміс-жидек өндірісі ерекше роль атқарады, мұның өзі таза капиталистік формада аса тез өсіп отыр, сөйтіп мұнда 1909 жылы бүкіл егін құнының 18,3 процентін дәнді астық, 27,6 процентін пішен мен шөп берсе, жеміс-жидек өндірісі 33,1 процентін берген. Жеміс-жидек өндірісіне әдетте жер көлемі *орташа мөлшерден төмен*, тыңайтқыштар мен жалдама еңбек орташа мөлдерден *анағұрлым жоғары* мөлшерде қолданылатын фермалар тән болып келеді. Егіншілігі интенсивті капиталистік елдерге тән және статистиктер мен экономистер көбіне-

се елемей жүрген бұл сияқты қатынастарға біздің тоқталып өтетін реттеріміз әлі болады.

Бірақ солтүстіктің «интенсивті» штаттарына қайта оралып соғалық. Жаңа Англияда, ферма пайдаланатын жер көлемінің мөлшері ең төмен дәрежеде болса да (38,4 акр), тыңайтқыш қолдану бәрінен жоғары — бір акрға 1,30 доллар — екендігі былай тұрсын, оның үстіне тыңайтқышқа жұмсалатын шығын да мейлінше тез өсіп отыр. 1899 жылдан 1909 жылға дейінгі 10 жыл ішінде бұл шығындар әрбір акрға 0,53 доллардан 1,30 долларға дейін өскен, яғни екі жарым есе артқан. Демек, мұнда егіншіліктің интенсивтендірілуі, оның техникалық прогресі, мәдениетінің артуы аса жедел ілгерілеп барады. Бұл фактінің маңызын айқынырақ көрсету үшін солтүстіктің ең интенсивті ауданы Жаңа Англияны ең экстенсивті аудан — Орталық Солтүстік-Батыс ауданмен салыстыралық. Осы соңғы ауданда жасанды тыңайтқыштар қолданылмайды десе де болады (фермалардың 2,1 проценті жасанды тыңайтқыш қолданған және бір акрға 0,01 доллар жұмсалған); мұнда фермалардың көлемі Американың барлық аудандарының ішіндегі ең ірісі (148,0 акр) және ол бәрінен де тез өсуде. Құрама Штаттар егіншілігіндегі капитализмнің үлгісі ретінде әдетте нақ осы аудан алынып жүр,— Гиммер мырза да осы ауданды алады. Бұл дағдылы пікір дұрыс емес, оны біз төменде толығырақ көрсетеміз. Бұл пікір — экстенсивті егіншіліктің нағыз тұрпайы, қарапайым формасын егіншіліктің техникалық жағынан прогрестік интенсивті формасымен шатастыруға негізделген пікір. Орталық Солтүстік-Батыс ауданда ферманың көлемі Жаңа Англиядағыдан төрт есе дерлік үлкен (38,4 акрға қарсы 148,0 акр), ал тыңайтқышқа шығарған шығындардың мөлшері, тыңайтқыш қолданған бір фермаға келетін орта есебін алғанда, екі есе кем: 82 долларға қарсы 41 доллар.

Демек, ферманың жер көлемінің орасан зор мөлшерде *кемуі* жасанды тыңайтқыштарға жұмсалатын шығындардың орасан зор мөлшерде *артуына* байланысты болады, сөйтіп «ұсақ» өндіріс — егер оны жер көлемінің мөлшеріне қарап, баяғыдағыша, ұсақ деп есептейтін

болсақ — жерге жұмсалатын капиталдың мөлшері жағынан «ірі» өндіріс болып шығатын реттері нақты шындық өмірде болып отырады. Мұндай реттер бірлі-жарым емес, экстенсивті егіншіліктің орнын интенсивті егіншілік алып отырған елдің қай-қайсысына болса да тән құбылыс. Ал бұған капиталистік елдердің *бәрі де* жатады, сондықтан егіншілікке тән, елеулі, түбегейлі осы ерекшелікті елемеу тек жер көлемінің мөлшеріне қарап пікір айтатын ұсақ егіншілікке бас июшілердің арасындағы дағдылы қателерді туғызады.

7. ЕГІНШІЛІКТЕГІ МАШИНАЛАР МЕН ЖАЛДАМА ЕҢБЕК

Жерге капитал жұмсаудың басқа, техникалық жағынан әлгіден өзгеше бір түрін, атап айтқанда: құралдар мен машиналар қолдануды алайық. Жерінің мөлшеріне қарай шаруашылық неғұрлым ірі болса, машинаның барлық түрлерін қолданатын шаруашылықтар проценті соғұрлым көп болатынын, қолданылатын машинаның саны соғұрлым көп болатынын бүкіл европалық ауыл шаруашылық статистикасы теріске шығаруға болмайтындай етіп дәлелдеп отыр. Ірі шаруашылықтардың осы өте маңызды жағынан алғандағы артықшылығы — толық және сөзсіз анықталған нәрсе. Американ статистикасы бұл пункт жөнінен де біршама өзгеше: құралдар да, ауыл шаруашылық машиналары да бөлек есепке алынбайды, олардың тек жалпы құны көрсетіледі. Әрине, бұл сияқты деректердің әрбір жеке реттерде онша дәл бола бермеуі мүмкін, бірақ оның есесіне жалпы және тұтас алғанда олар аудандар арасында, шаруашылық топтары арасында белгілі бір салыстырулар жасауға,— басқаша деректер арқылы істеуге болмайтын салыстырулар жасауға,— мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық құралдары мен машиналары туралы аудандар бойынша алынған деректер, міне, мынадай: [180-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұрынғы құл иеленуші оңтүстік, үлескерлік аудан, машина қолдануға келгенде ең төменгі орын алады екен. Түрлі аудандар бойынша құралдар мен машиналар құнының 1 акр жерге келетін үлесі мұнда солтүс-

Аудандар:		Машиналар мен құралдардың құны (1909) доллар есебімен	
		орта есеппен 1 фермаға	орта есеппен фермалардағы бүкіл жердің 1 акрына
Солтүстік	Жаңа Англия	269	2,58
	Орта-Атлант	358	3,88
	Орталық Солтүстік-Шығыс	239	2,28
	Орталық Солтүстік-Батыс	332	1,59
	Оңтүстік (үш аудан)	72—88—127	0,71—0,92—0,95
	Батыс (екі аудан)	269—350	0,83—1,29
	Құрама Штаттарда	199	1,44

тіктің интенсивті штаттарындағыдан үш есе, төрт есе, бес есе аз. Солтүстіктің бұл интенсивті штаттары барлық басқа штаттардың ішінде бірінші орын алады, атап айтқанда, ең егіншілік ауданды, Американың астықты ауданы Орталық Солтүстік-Батыс Штаттарды әлдеқайда артқа тастап кетеді, ал үстірт байқаушылар әлі де болса үнемі бұл штаттарды машина қолданудың және капитализмнің үлгілі ауданы деп есептеп жүр.

Ескерте кетелік, американ статистиктерінің әдісі — машиналардың, сол сияқты жердің, малдың, құрылыстардың және басқаларының құнын да — фермалардағы тек өңделетін жердің 1 акрына ғана есептеп шығармай, *бүкіл* жердің 1 акрына есептеп шығаратын әдісі солтүстіктің «интенсивті» штаттарының артықшылығын кемітіп жібереді және тегінде бұл әдісті дұрыс деп санауға болмайды. Өңделген жердің проценті жөнінен аудандардың арасында өте зор айырмашылық бар: батыста бұл процент таулы штаттар үшін 26,7 процентке дейін төмендейді, солтүстікте ол Орталық Солтүстік-Шығыс Штаттар үшін 75,4 процентке дейін барады. Экономикалық статистика үшін, күмән жоқ, бүкіл жердің көлемі емес, өңделетін жердің көлемі маңыздырақ. Жаңа Англияда фермалардағы өңделетін жердің көлемі және оның проценті әсіресе 1880 жылдан бері мықтап төмендеп кеткен, мұның өзі, бәлкім, батыстағы бос

(жер рентасынан, жер иеленуші қожайындарға алым төлеуден бос) жерлер бәсекесінің әсерінен болар. Ал сонымен бірге бұлауданда машиналар қолдану ісі өте-мөте өріс алған, машиналардың 1 акр *өңделетін жерге* шаққандағы құны өте-мөте жоғары. 1910 жылы мұнда машиналардың құны 1 акрға шаққанда 7 доллар, Орта-Атлант Штаттарында $5^1/_2$ долларға жуық болды, басқа аудандарда 2—3 доллардан асқан жоқ.

Жерінің көлеміне қарай фермалары ең *ұсақ* деген аудан жерге капиталды машиналар түрінде ең *көп* жұмсайтын аудан болып та шығып отыр.

Егер біз солтүстіктің «интенсивті» аудандарының ішінен Орта-Атлант Штаттарын солтүстіктің экстенсивті ауданы — Орталық Солтүстік-Батыс ауданмен салыстырсақ, 1 фермаға келетін өңделген жерінің көлемі жөнінен бірінші аудан *екі еседен астам «ұсақ»* өндірісті аудан болып сипатталатынын — 148,0 акрға қарсы 62,6 акр екенін, ал қолданылатын машиналардың құны жөнінен бірінші аудан екінші ауданнан *басым* екенін — әр фермаға шаққанда 332 долларға қарсы 358 доллардан келетінін көреміз. Ұсақ фермалар машина қолдану мөлшері жөнінен неғұрлым ірі ферма болып шығып отыр.

Енді бізге егіншіліктің интенсивті сипаты туралы деректерді жалдама еңбекті қолдану туралы деректермен салыстырып шығу қалып отыр. Жоғарыда, 5-параграфта, біз осы соңғы деректерді шағындалған формада келтірген болатынбыз. Енді біз оларды аудандар бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі қарастыруға тиіспіз. [182-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Мұнан, 1-ден, экстенсивті штаттарға қарағанда, солтүстіктің интенсивті штаттарының айырмашылығы: егіншілікте капитализм сөзсіз және барлық жағынан неғұрлым жоғары дамығандығы көрінеді; 2-ден, капитализм интенсивті аудандарда экстенсивті аудандардағыдан тезірек дамып отырғандығы көрінеді; 3-ден, фермалары ең ұсақ деген аудан, Жаңа Англия, егіншілікте капитализмнің ең жоғары дәрежеде дамуы жөнінен де, дамуының өте тездігі жөнінен де елдің басқа аудандарының бәрінен алда екендігі көрінеді. Мұнда өңделетін

	Аудандар:	1909 ж. жұмысшы жалдаған фермалар проценті	Бір (жұмысшы жалдаған) ферманың жұмысшы жалдауға шығарған шығыны орта есеппен (доллар)	Жалдама еңбекке шығарылған шығынды 1 акр өңделетін жерге шаққанда		Бұл шығынның 1899 жылдан 1909 жылға дейін артқаны % есебімен
				1909	1899	
Солтүстік	Жаңа Англия	66,0	277	4,76	2,55	+86%
Солтүстік	Орта-Атлант	65,8	253	2,66	1,64	+62,%
Солтүстік	Орталық Солтүстік-Шығыс	52,7	199	1,33	0,78	+71%
Солтүстік	Орталық Солтүстік-Батыс	51,0	240	0,83	0,56	+48%
Оңтүстік	Оңтүстік Атлант	42,0	142	1,37	0,80	+71%
Оңтүстік	Орталық Оңтүстік-Шығыс	31,6	107	0,80	0,49	+63%
Оңтүстік	Орталық Оңтүстік-Батыс	35,6	178	1,03	0,75	+37%
Батыс	Таулы	46,8	547	2,95	2,42	+22%
Батыс	Тынық мұхит	58,0	694	3,47	1,92	+80%
	Бүкіл Құрама Штаттарда	45,9	223	1,36	0,86	+58%

1 акр жерге есептегенде жалдама еңбекке жұмсалған шығынның өсуі 86% болған, ал Тынық мұхит Штаттары бұл жағынан екінші орын алады. Тынық мұхит Штаттарының ішінде Калифорния бұл жөнінен де ерекше көзге түседі, мұнда, жоғарыда айтқанымыздай, «ұсақ» капиталистік жеміс-жидек дақылын өсіру тез өсіп келеді.

Әдетте Орталық Солтүстік-Батыс Штаттар американ егіншілігіндегі «үлгілі» капиталистік аудан деп саналады, мұнда фермалардың көлемі бәрінен де ірірек (тек өңделген жерді есепке алғанда, 1910 жылы орта есеппен 148,0 акр) және 1850 жылдан бері қарай бұл мөлшер бәрінен де тез, бәрінен де гөрі дамылсыз өсіп отыр. Бұл пікірдің мейлінше қате пікір екенін біз енді көріп отырмыз. Жалдама еңбек қолданудың жоғары дәрежеде болуы капитализм дамуының, әрине, ең мейлінше даусыз және мейлінше тікелей көрсеткіші болып

табылады. Ал бұл көрсеткіш те бізге, Американың өнеркәсіпті және интенсивті-егіншілік ауданына қарағанда, Американың «астық қоймасы», ерекше козге түсетін атышулы «бидай фабрикалары» болған ауданында капитализмнің *кемірек* дамығандығын көрсетеді; бұл ауданда егіншілік мәдениетінің прогресі өңделетін жер көлемінің артуынан көрінбей, жер көлемі *кемігеннің* өзінде жерге капитал жұмсаудың *артып* отырғанынан көрінеді.

«Қара топырақты жерді» немесе мүлде жыртылмай тың жатқан жерді өңдеу ісін ұлғайту, жалдама еңбек оншалықты көп өспесе де, машиналар қолданған күнде өте тез алға баса алатындығын көзге толық елестетуге болады. Орталық Солтүстік-Батыс Штаттарда жалдама еңбекке жұмсалған шығын, өңделген 1 акр жерге есептеп шығарғанда, 1899 жылы 0,56 доллар және 1909 жылы 0,83 доллар болған. Тек 48% артқан. Өңделетін жер көлемі артпай, қайта, кеміп отырған, ферманың орташа мөлшері артпай, қайта, кеміп отырған Жаңа Англияда жалдама еңбекке жұмсалған шығын 1899 жылы да (бір акрға 2,55 доллар), 1909 жылы да (4,76 доллар) анағұрлым жоғары болғаны былай тұрсын, қайта осы уақыттың ішінде әлдеқайда күштірек өскеп (+86%).

Жаңа Англияда орташа ферма Орталық Солтүстік-Батыс Штаттардағыдан *төрт есе усағырақ* (148 акрға қарсы 38,4 акр), ал жалдама еңбекке жұмсалған орташа шығын мұнда Орталық Солтүстік-Батыс Штаттардағыдан *кобірек:* 240 долларға қарсы 277 доллар. Демек, ферма көлемінің кішірейгені мұндай реттерде егіншілікке жұмсалатын капитал мөлшерінің артқандығын, егіншіліктің капиталистік сипатының күшейгендігін, капитализм мен капиталистік өндірістің өскендігін көрсетеді.

Егер Құрама Штаттардағы бүкіл өңделетін жер көлемінің 34,3 проценті үлесіне тиетін Орталық Солтүстік-Батыс Штаттар капиталистік «экстенсивті» егіншіліктің мейлінше ерекше ауданы ретінде өте-мөте көзге түсетін аудан болса, ал *таулы* штаттар бізге неғұрлым тез отарлану жағдайларындағы нақ сондай

экстенсивті шаруашылықтың үлгісін көрсетіп отыр. Кісі жалдайтын фермалардың проценті жағынан мұнда жалдама еңбек қолдану әлсізірек те, еңбекке шығарылған шығынның орташа мөлшері жөнінде Орталық Солтүстік-Батыс ауданға қарағанда анағұрлым күштірек. Ал мұнда жалдама еңбек Американың барлық аудандарынан айрықша болып тым баяу өскен (пе бары — 22%). Сірә, бұл тәрізді эволюцияға төмендегі жағдайлар себеп болса керек. Бұл ауданда отарлау және гомстедтерді үлестіріп беру мейлінше күшті. Бұл ауданда өңделетін жердің көлемі өзге аудандардың қайқайсысынан болса да көп өскен: 1900 жылдан 1910 жылға дейін 89% өсті. Колонистер, гомстед иелері, әлбетте, жалдама еңбекті — шаруашылығында әуелгі кезде қалай дегенмен де — аз қолданады. Екінші жағынан, мұнда жалдама еңбекті өте зор мөлшерде қолдануы жөнінен, біріншіден, кейбір латифундиялар ерекшеленуі тиіс; мұндай латифундиялар, жалпы батыстағы сияқты, бұл ауданда мейлінше көп;—екіншіден, арнаулы және жоғары дәрежедегі капиталистік дақылдары бар шаруашылықтар ерекшеленуі тиіс. Мысалы, бұл ауданның кейбір штаттарында жеміс-жидектерден (Аризона — 6%, Колорадо — 10%), овощтардан (Колорадо — 11,9%, Невада — 11,2%) және т. т. құралатын бүкіл өнім құнының проценті өте жоғары.

Қорыта келгенде, біз мынаны айтуға тиістіміз: Гиммер мырзаның «отарлау процесі қазірдің өзінде өтіп болмаған, ал капиталистік ірі егіншілік ыдырап, оны еңбек егіншілігі ығыстырып тастамаған аудандар жоқ» деген пікірі ақиқатты келекелегендік, өмір шындығына тұп-тура қарама-қарсы келгендік болып табылады. Ешбір отарлау жоқ, фермалары бәрінен де гөрі ұсақ, егіншілігі бәрінен де интенсивті Жаңа Англия ауданы бізге егіншілікте капитализмнің аса жоғары екенін, капитализм дамуының аса шапшаң екенін көрсетіп отыр. Жалпы алғанда егіншіліктегі капитализм дамуының процесін ұғыну үшін бұл қорытындының өте зор және түбегейлі маңызы бар, өйткені егіншіліктің интенсивтендірілуі және соған байланысты фермалардағы жердің орта есеппен алғанда көлемінің кішіреюі —

кездейсоқ, жергілікті, ілуде бір кездесетін құбылыс емес, барлық цивилизациялы елдерге *ортақ* құбылыс. Мысалы, Великобританиядағы, Даниядағы, Германиядағы егіншілік эволюциясы туралы деректер жөнінде барлық буржуазияшыл экономистер атаулының қисапсыз көп қателер жасап жүргені олардың осы ортақ құбылысты жете танымағандығынан, түсінбегендігінен, ұғынбағандығынан және ойластырмағандығынан болып отыр.

8. ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҰСАҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ЫҒЫСТЫРЫП ШЫҒАРУЫ. ӨҢДЕЛГЕН ЖЕРДІҢ КӨЛЕМІ

Біз егіншілікте капитализмнің даму процесінің басты формаларын қарастырып шығып, олардың мейлінше алуан түрлі екендігіне көз жеткіздік. Оңтүстікте құл иеленуші латифундиялардың күйреуі, экстенсивті солтүстікте экстенсивті ірі шаруашылықтың өсуі, орта есеппен алғанда, мейлінше ұсақ фермалар болған күнде интенсивті солтүстікте капитализмнің неғұрлым тез дамуы — әлгі айтылған формалардың неғұрлым елеулілері, міне, осындай. Фермалар көлемінің кейде үлкеюі, олардың санының кейде көбеюі капитализмнің күшейгендігін көрсетеді, мұны фактілер бұлтартпай көрсетіп отыр. Істің жайы осылай болғандықтан, фермалардың орташа көлемі туралы бүкіл елге ортақ деректерден еш нәрсе де білуге болмайды.

Ал жергілікті және егіншілік мәдениетінің түрлі ерекшеліктерінің жалпы қорытындысы қандай? Жалдама еңбек туралы деректер бізге осы жалпы қорытындыны көрсетті. Жалдама еңбек қолданудың өсуі, жалпы процесс ретінде, осы өзгешеліктердің *бәрін* бастан кешіріп келеді. Бірақ цивилизациялы елдердің орасан көпшілігінде ауыл шаруашылық статистикасы, үстем болып отырған буржуазиялық көзқарастар мен соқыр сенімдерге не ерікті, не еріксіз бас ие отырып, жалдама еңбек туралы жүйелі деректерді мүлде бермейді немесе оларды тек ең соңғы кезде ғана беріп отыр (1907 жылғы герман ауыл шаруашылық санағы), сондықтан олар-

ды өткен кездегімен салыстыру мүмкін емес. Американ статистикасында жалдама еңбек туралы деректерді жинақтау және қорыту ісі 1900 жылдан 1910 жылға дейін орасан нашарлап кетті, бұл жөнінде тиісті жерінде толығырақ айтамыз.

Қорытынды деректердің Америкада да, басқа елдердің көпшілігінде де дағдылы, ең көп тараған тәсілі ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтарды жер көлемінің шамасына қарай салыстыру болып қалып отыр. Біз осы деректермен таныстыруға кіріскелі де отырмыз.

Американ статистикасы фермаларды жерінің көлеміне қарай топ-топқа бөлгенде тек өңделген жердің көлемін алумен ғана шектелмей,—бұл, әрине, дұрысырақ болар еді, герман статистикасы солай істеп те отыр — жердің барлық көлемін алады. Құрама Штаттарда 1910 жылғы санақты өңдеген кезде негізге алынған *жеті* топқа (20 акрға дейін, 20—49, 50—99, 100—174, 175—499, 500—999, 1 000 және одан да көп акр) бөліп көрсетудің тиімді дәлелдері көрсетілмеген. Сірә, мұнда статистикадағы кертартпалық неғұрлым үлкен роль атқарып отырса керек. Біз 100—174 акр жері бар топтарды орташа топтар деп атаймыз, өйткені бұл топқа көбінесе гомстедтер жатады (олардың қазыналық нормасы = 160 акр) және көбінесе көлемі нақ осындай жерді иелену егіншінің жалдама еңбекті неғұрлым аз қолданғанның өзінде неғұрлым «дербес» болуын қамтамасыз етеді. Неғұрлым жоғары топтарды біз ірі немесе капиталистік топтар деп атаймыз, өйткені бұларда, жалпы дағды бойынша, жалдама еңбексіз жұмыс істелмейді. 1 000 акр және одан да көп жері бар фермаларды,— олардың бұл жерлерінің солтүстікте $^3/_5$, оңтүстікте $^9/_{10}$ және батыста $^2/_3$ бөлігі өңделмеген жерлер,— біз латифундиялар деп атаймыз. 100 акрдан кем жері бар фермаларды біз ұсақ фермалар деп атаймыз; шаруашылық дербестігі жөнінде белгілі бір дәрежеде пікір айтуға мына факт мүмкіндік береді: мұнда ат-көлігі жоқтар проценті, төменнен бастағанда, үш топта 51—43—23%. Мұндай сипаттаманы абсолюттік мағынада ұғынбау керек, арнайы талдау жасамайынша оны әрбір ауданға немесе жеке алғанда жағдайларында ерекше айырма-

шылықтары бар жерлерге қолдана бермеу керек, бұл өзінен-өзі түсінікті.

Барлық жеті топ туралы деректерді Құрама Штаттардың басты-басты аудандарының бәрінен келтіріп өтуге біздің бұл арада мүмкіндігіміз жоқ, өйткені мұның өзі баяндауды цифрлардың тым көп келтірілуімен шамадан тыс ауырлатып жіберер еді. Сондықтан біз солтүстіктің, оңтүстіктің және батыстың арасындағы елеулі айырмашылықтарды қысқаша көрсетумен ғана шектелеміз, ал толық деректерді тұтас алғанда Құрама Штаттар жайында ғана келтіреміз. Еске сала кетейік, бүкіл өңделген жердің $^3/_5$ бөлігі (60,6%) солтүстікте, үштен бір бөлігінен кемірегі (31,5%) оңтүстікте, ал $^1/_{12}$ бөлігінен кемірегі (7,9%) батыста.

Басты-басты үш ауданның арасындағы мына айырмашылық бәрінен көбірек көзге түседі; капиталистік солтүстікте латифундиялар бәрінен де *аз,* соның өзінде бұлардың саны да, бұлардағы барлық жердің көлемі де, өңделген жердің көлемі де өсіп келеді. 1910 жылы солтүстікте 1000 акр және одан да көп жері бар фермалар 0,5% болды; бүкіл жердің 6,9 проценті және өңделген жердің 4,1 проценті соларда болды. Оңтүстікте ондай фермалар 0,7%, бұларда бүкіл жердің 23,9 проценті, өңделген жердің 4,8 проценті болды. Батыста ондай фермалар 3,9%, оларда бүкіл жердің 48,3 проценті, өңделген жердің 32,3 проценті болды. Бұл бізге бұрыннан мәлім жағдай: оңтүстіктің құл иеленуші латифундиялары мен батыстың онан да үлкенірек латифундиялары; бұлардың бір бөлегі аса экстенсивті мал шаруашылығының негізі, бір бөлегі «отаршылдар» басып алған облыстар, «шалғай жатқан батысты» өңдеуші нағыз егіншілерге қайталап сатылатын немесе (сирегірек) арендаға берілетін байтақ запас жерлер.

Латифундияларды ірі капиталистік егіншілікпен шатастыру қаншалықты абайламағандық болатынын, латифундиялардың капитализмнен бұрынғы құлдық, феодалдық немесе патриархтық қатынастардың қалдығы болатын реттері жиі болып отыратынын Американың мысалы бізге айқын көрсетеді. Оңтүстікте де, батыста да латифундиялар бытырап, ыдырап жатыр. Сол-

түстікте фермалардағы барлық жер көлемі 30,7 миллион акр артқан; бұл жердің ішінен латифундияларға тиетіні не бары 2,3 миллион, ал ірі, капиталистік фермаларға (175—999 акр) тиетіні — 32,2 миллион. Оңтүстікте фермалардағы барлық жер көлемі $7^1/_2$ миллион кеміген. Латифундияларда ол 31,8 миллион *кеміген.* Ұсақ фермаларда 13 миллион, орташа фермаларда 5 миллион артқан. Батыста фермалардағы барлық жер көлемі 17 миллион артқан; латифундияларда 1,2 миллион кеміген; ұсақ фермаларда 2 миллион, орташа фермаларда 5 миллион, ірі фермаларда 11 миллион артқан.

Өңделген жер көлемі латифундияларда үш ауданның үшеуінде де артқан: солтүстікте мықтап (+3,7 миллион акр = +47,0%), оңтүстікте өте нашар (+0,3 миллион= +5,5%), батыста мықтырақ (+2,8 миллион=+29,6%) артқан. Бірақ өңделген жер солтүстікте *ірі* фермаларда (175—999 акр), оңтүстікте *ұсақ және орташа* фермаларда, батыста *ірі және орташа* фермаларда мейлінше көп артты. Осының нәтижесінде солтүстікте ірі фермалар, оңтүстік пен батыста ұсақ фермалар және орташа фермалардың бір бөлегі өңделген жерден өздерінің *үлесін* арттырып отыр. Істің жайының мұндай болуы бұл аудандардағы жағдайлардың айырмашылығы туралы біздің білетінімізге әбден сәйкес келеді. Ыдырап жатқан құл иеленуші латифундиялардың есебінен оңтүстікте ұсақ сауда егіншілігі өсуде; батыста нақ осы процесс жүріп жатыр, бірақ мұнда құл иеленуші *емес,* экстенсивті-мал шаруашылығы мен «басып алынған» сипаттағы мейлінше үлкен латифундиялардың негұрлым баяу ыдырау жағдайында жүріп жатыр. Мұның үстіне батыстың Тынық мұхит Штаттары туралы американ статистиктері былай деп ескертеді:

«Тынық мұхит жағасындағы жеміс-жидек өсіруші және басқа ұсақ фермалардың мықтап өркендеуі, ең әрі дегенде ішінара болса да, соңғы жылдарда жүргізілген суландыру ісінің нәтижесі. Мұның өзі Тынық мұхит Штаттарында 50 акрдан кем жері бар ұсақ фермалардың көбеюіне әкеліп соқтырды» (V том, 264-бет).

Солтүстікте құл иеленуші латифундиялар да, «қарапайым» латифундиялар да жоқ, олардың ыдырауы да жоқ, ірі фермалардың есебінен ұсақ фермалардың күшеюі де жоқ.

Жалпы және тұтас алғанда, бүкіл Құрама Штаттардағы процестің түрі мынадай:

Фермалар топтары:	Фермалар саны (мың есебімен)		Оны %-пен көрсеткенде		Артқаны не кемігені
	1900	*1910*	*1900*	*1910*	
20 акрға дейін	674	839	11,7	13,2	+1,5
20 акрдан 49 акрға дейін	1 258	1 415	21,9	22,2	+0,3
50 » 99 » ».........	1 366	1 438	23,8	22,6	—1,2
100 » 174 » ».........	1 422	1 516	24,8	23,8	—1,0
175 » 499 » ».........	868	978	15,1	15,4	+0,3
500 » 999 » ».........	103	125	1,8	2,0	+0,2
1000 және одан да көп акр	47	50	0,8	0,8	—
Барлығы	5 738	6 361	100,0	100,0	—

Сөйтіп, латифундиялардың саны фермалардың бүкіл санына пропорциялап алғанда өзгермеген. Басқа топтардың арасалмағындағы өзгерістер *орташалардың жуып-шайылып*, ірілері мен ұсақтарының күшеюімен сипатталады. Орташа топ (100—174 акр) пен ұсақ топтардың орташа топтарға ең жақын тұрғаны кейін ығыстырылған. Негұрлым көп өскен ең ұсақ топтар мен ұсақ топтар, онан соң ірі капиталистік топтар (175—999 акр).

Бүкіл жердің көлемін қарап көрелік: [190-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Мұнда біз, ең алдымен, латифундиялардағы жер үлесінің өте көп кемігенін көріп отырмыз. Еске түсіре кетелік, абсолюттік кему оңтүстік пен батыста ғана болып отыр, мұндағы латифундияларда *өңделмеген* жердің проценті 1910 жылы оңтүстікте 91,5%, батыста 77,1% болған. Одан соң ұсақ топтардың жоғарғысында бүкіл жердің үлесі болмашы кемігендігі байқалады (50 акрдан 99 акрға дейінгі топта — 0,1%). 175 акрдан 499 акрға және 500 акрдан 999 акрға дейін жері бар ірі капиталистік топтардың үлесі неғұрлым көбірек арт-

Фермалар топтары:	Фермалардағы бүкіл жердің көлемі (мың акр)		Оны %-пен көрсеткенде		Артқаны не кемігені
	1900	1910	1900	1910	
20 акрға дейін	7 181	8 794	0,9	1,0	+0,1
20 акрдан 49 акрға дейін	41 536	45 378	5,0	5,2	+0,2
50 » 99 » »	98 592	103 121	11,8	11,7	—0,1
100 » 174 » »	192 680	205 481	23,0	23,4	+0,4
175 » 499 » »	232 955	265 289	27,8	30,2	+2,4
500 » 999 » »	67 864	83 653	8,1	9,5	+1,4
1000 және одан да көп акр	197 784	167 082	23,6	19,0	—4,6
Барлығы	838 592	878 798	100,0	100,0	—

қан. Ең ұсақ топтарда бүкіл жер көлемі үлесінің артуы онша көп емес. Орташа топта (100—174 акр) тоқырап қалған деуге болады (+0,4%).

Өңделген жер көлемі туралы деректерге көшелік.

Фермалар топтары:	Фермалардағы өңделген жердің көлемі (мың акр есебімен)		Оны %-пен корсеткенде		Артқаны не кемігені
	1900	1910	1900	1910	
20 акрға дейін	6 440	7 992	1,6	1,7	+0,1
20 акрдан 49 акрға дейін	33 001	36 596	8,0	7,6	—0,4
50 » 99 » »	67 345	71 155	16,2	14,9	—1,3
100 » 174 » »	118 391	128 854	28,6	26,9	—1,7
175 » 499 » »	135 530	161 775	32,7	33,8	+1,1
500 » 999 » »	29 474	40 817	7,1	8,5	+1,4
1000 және одан да көп акр	24 317	31 263	5,9	6,5	+0,6
Барлығы	414 498	478 452	100,0	100,0	—

Шаруашылықтың мөлшерін бүкіл жердің көлемі емес, тек өңделген жердің көлемі ғана көрсетеді, оның бер жағында белгілі бір дәрежеде жуықтатып та, бірқатар ауытқытып та көрсетеді, бұлар туралы біз айтқанбыз және әлі де айтамыз. Мұнда да біз бүкіл жердің жиынтығы жөнінен алғанда латифундиялардың едәуір кеміген үлесі өңделген жердің жиынтығы жөнінен *артып отырғандығын* көреміз. Жалпы алғанда ка-

питалистік топтардың бәрі де артып отыр, оның ішінде ең көп артып отырған — 500—999 акр жері бар топ. Бәрінен де көп кеміп отырған — орташа топ (—1,7%) және онан кейін барлық ұсақ топтар, бұған 20 акрға дейін жері бар ең ұсақ топ кірмейді, бұл ең ұсақ топ болмашы артқан (+0,1%).

Алдын ала ескерте кетелік, өте ұсақ фермалардың (20 акрға дейін) қатарына 3 акрға дейін жері бар фермалар да кіреді, ал американ статистикасы мұндай фермалардың бәрін бірдей есепке алып отырмаған, олардың бір жылдың ішінде кемінде 250 долларлық өнім өндіретіндерін ғана есепке алып отырған. Сондықтан осы өте ұсақ фермалар (3 акрға дейін) жер көлемі неғұрлым мардымдырақ көршілес топқа қарағанда, өндіріс көлемі жағынан неғұрлым жоғары және неғұрлым күшті дамыған капиталистік сипатымен ерекше болып отыр. Мұны сипаттайтын 1900 жылғы деректер, міне, мынадай; амал не, 1910 жылғы мұндай деректер жоқ:

Фермалар топтары (1900):	Орта есеппен 1 фермаға келетіні:				
	акр есебімен өңделген жер	барлық өнімдердің құны (доллар)	жалдама еңбекке жұмсалған шығын (доллар)	құралдар мен машиналардың құны (доллар)	барлық малдың құны (доллар)
3 акрға дейін	1,7	592	77	53	867
3 акрдан 10 акрға дейін	5,6	203	18	42	101
10 » 20 »	12,6	236	16	41	116
20 » 50 »	26,2	324	18	54	172

3 акрға дейін жері бар фермалар туралы айтпағанның өзінде, тіпті 3—10 акр жері бар фермалар кейбір реттерде 10—20 акр жері бар фермалардан гөрі неғұрлым «ірі» болып шығып отыр (жұмысшы жалдауға жұмсалған шығын, құралдар мен машиналардың құны жағынан)*. Сондықтан 20 акрға дейін жері бар фер-

* Бізде жер көлеміне қарай шаруашылықтардың түрлі топтарының ішіндегі табысы жоғары фермалардың саны туралы, яғни өнімдерінің құны 2500 доллардан жоғары фермалардың саны туралы 1900 жылғы деректер бар. Бұл деректер мынадай: жері 3 акрдан артпайтын фермалардың ішінде табысы жоғары фермалардың проценті—5,2%; 3 акрдан 10 акрға дейінгілердің ішінде — 0,6%; 10 акрдан 20 акрға де-

малардағы өңделетін жердің жалпы қосындысында өңделетін жер үлесінің артуын өте ұсақ (жер көлеміне қарай) мөлшерлі жогары капиталистік шаруашылықтың есебіне жатқызуға дәлеліміз толық. — — —

Жалпы және тұтас алғанда, өңделген жердің ұсақ фермалар мен ірі фермалардың арасында 1900 және 1910 жылдары қалай бөлінгендігі туралы бүкіл Құрама Штаттарға қатысы бар деректер жөнінде *ірі фермалар күшейіп, орта және ұсақ фермалар әлсіреп* отыр деген әбден айқын, күмән келтіруге болмайтын қорытынды шығып отыр. Демек, егіншіліктің капиталистік немесе капиталистік емес сипатта екендігі туралы шаруашылықтардың жер көлеміне қарай бөлінген топтары жайындағы деректерге сүйеніп айтатын *болғандықтан*, Құрама Штаттар бізге соңғы он жылдың ішінде, жалпы ереже ретінде, ірі, капиталистік шаруашылықтардың өсіп, ұсақ шаруашылықтардың ығыстырып шығарылып отырғандығын көрсетеді.

Әр топтағы фермалардың саны мен өңделген жер көлемінің қаншалықты өскендігі туралы деректер бұл қорытындыны онан сайын айқындай түседі:

Фермалар топтары:	1900—1910 жылдардағы өсу проценті	
	фермалар саны	өңделген жер көлемі
20 акрға дейін	+24,5%	+24,1%
20 акрдан 49 акрға дейін	+12,5%	+10,9%
50 » 99 » »	+ 5,3%	+ 5,7%
100 » 174 » »	+ 6,6%	+ 8,8%
175 » 499 » »	+12,7%	+19,4%
500 » 999 » »	+22,2%	+38,5%
1000 және одан да көп акр	+ 6,3%	+28,6%
Барлығы	+10,9%	+15,4%

йін — 0,4%; 20 акрдан 50 акрға дейін — 0,3%; 50 акрдан 100 акрға дейін — 0,6%; 100 акрдан 175 акрға дейін — 1,4%; 175 акрдан 260 акрға дейін — 5,2%; 260 акрдан 500 акрға дейін — 12,7%; 500 акрдан 1000 акрға дейін — 24,3%; 1000 және одан да көп акр жері барлардың ішінде 39,5%. Біз 20 акрға дейін жері бар фермалардың барлық разрядтарының ішінде табысы жоғары фермалардың проценті 20—50 акр жері бар фермалар разрядына қарағанда *жоғары* екенін көріп отырмыз.

Өңделген жер процентінің неғұрлым көбейгені — ең жоғары топтардың ішіндегі соңғы екеуінде болып отыр. Орташа топ та және ұсақ топтардың (50—99 акр) ішінен орташа топқа ең таяудағы топ та мейлінше аз өскен. Төменгі екі топта өңделген жер процентінің артуы фермалар саны процентінің артуынан кем болған.

9. ЖАЛҒАСЫ. ФЕРМАЛАРДЫҢ ҚҰНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Американ статистикасының Европа статистикасынан бір өзгешелігі, ол шаруашылықтың жеке элементтерінің, жердің, құрылыстардың, құралдардың, малдың және бүкіл шаруашылықтың құнын әрбір ферма жөнінде және фермалардың әрбір тобы жөнінде анықтайды. Жер көлемі жөніндегі деректерге қарағанда, бұл деректердің онша дәл емес те болуы мүмкін, бірақ жалпы және тұтас алғанда, мұның үстіне (белгілі бір дәрежеде) егіншіліктің жалпы капиталистік жағдайын еске алғанда, бұл деректердің дұрыстығы да кем соқпайды.

Ілгеріде айтқанымызды толықтыру үшін, біз фермалардың барлық ауыл шаруашылық мүліктерін қоса есептегендегі жалпы құны туралы деректерді, сондай-ақ құралдар мен машиналардың құны туралы деректерді де аламыз. Біз шаруашылықтың жеке элементтерінен құралдар мен машиналарды іріктеп алып отырмыз, себебі олар егіншілік шаруашылығының жүргізілетінін және оның қалай жүргізілетінін — азды-көпті интенсивті жүргізілетінін, техникалық құралдардың не аз, не көп қолданылатынын тікелей көрсетеді. Бүкіл Құрама Штаттар туралы деректер мынадай: [194-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Абсолюттік цифрлар бізге фермалардағы барлық мүліктің бүкіл құны 1900—1910 жылдары екі еседен астам артқанын көрсетеді, атап айтқанда 20 440 миллион доллардан 40 991 миллион долларға дейін өскен, яғни 100,5 процент артқан. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауы және рентаның көтерілуі нәтижесінде миллиондаған, миллиардтаған доллар қаржы жұмысшы табының есебінен барлық жер иелерінің қалтасына түс-

Фермалар топтары:	Құнның проценттік бөлінуі					
	фермалардағы барлық мүлік		артқаны не кемігені	құралдар мен машиналар		артқаны не кемігені
	1900	1910		1900	1910	
20 акрға дейін	3,8	3,7	−0,1	3,8	3,7	−0,1
20 акрдан 49 акрға дейін	7,9	7,3	−0,6	9,1	8,5	−0,6
50 » 99 » »	16,7	14,6	−2,1	19,3	17,7	−1,6
100 » 174 » »	28,0	27,1	−0,9	29,3	28,9	−0,4
175 » 499 » »	30,5	33,3	+2,8	27,1	30,2	+3,1
500 » 999 » »	5,9	7,1	+1,2	5,1	6,3	+1,2
1000 және одан да көп акр	7,3	6,9	−0,4	6,2	4,7	−1,5
Барлығы	100,0	100,0	—	100,0	100,0	—

кен. Бұл жағдайда ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтар қаншалықты көп немесе аз ұтып отыр? Бұған әлгі келтірілген цифрлар жауап береді. Бұл цифрлар латифундиялардың төмен құлдырап кеткендігін (еске сала кетелік, латифундиялардағы жердің бүкіл көлемі 23,6 проценттен 19,0 процентке дейін, 4,6 процент кеміген),—онан кейін *ірі*, капиталистік (175—999 акр) шаруашылықтардың *ұсақ және орташа шаруашылықтарды ығыстырып тастағандығын* көрсетеді. Ұсақ және орташа шаруашылықтардың бәрін қосқанда, олардың жалпы мүліктің ішіндегі үлесінің 56,4 проценттен 52,7 процентке дейін *кемігенін* көреміз. Барлық ірі шаруашылықтарды латифундиялармен қосқанда, олардың үлесінің 43,7 проценттен 47,3 процентке дейін *артқанын* көреміз. Құралдар мен машиналардың жалпы құнын бөлгенде ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтардың арасындағы өзгеріс мүлде бір тектес.

Латифундияларға келетін болсақ, біз жоғарыда көрсетілген құбылысты осы деректерден де байқаймыз. Латифундиялар екіауданда: оңтүстік пен батыста ғана төмен құлдыраған. Бұл, бір жағынан, құл иеленуші латифундиялардың төмен құлдырағаны, екінші жағынан, қарапайым-басып алынған және қарапайым-экстенсивті латифундиялардың төмен құлдырағаны. Қоныстанған және өнеркәсіпті-дамыған солтүстікте біз

латифундиялардың *өскендігін* көреміз: осы тектес фермалардың саны да, олардағы барлық жер көлемі де, өңделген жер көлемі де, бүкіл мүліктің жалпы құнының ішіндегі олардың үлесі де (1900—2,5%; 1910—2,8%), барлық құралдар мен машиналардың жалпы құнының ішіндегі үлесі де өскен.

Соның өзінде латифундиялар ролінің артқандығы жалпы солтүстікте ғана емес, соның ішінде солтүстіктің отарлану дегенді мүлде білмейтін интенсивті *екі* ауданы — Жаңа Англия мен Орта-Атлант Штаттарында да байқалады. Бұл аудандарға толығырақ тоқталып өту қажет, өйткені бұлар, бір жағынан, Гиммер мырзаны және басқа да көптеген адамдарды фермалардың орташа көлемінің мейлінше шағындығымен және бұл көлемнің кеміп отырғандығымен шатастырып жүр, ал екінші жағынан, бәрінен гөрі нақ осы неғұрлым интенсивті аудандар *Европаның* ескі, әлдеқашан қоныстанылған және цивилизациялы елдері іспеттес болып келеді.

Жоғарыда аталған екіауданда да 1900 жылдан 1910 жылға дейін фермалардың саны да, бүкіл жердің көлемі де, өңделген жердің көлемі де кеміген. Жаңа Англияда тек 20 акрға дейін жері бар *өте ұсақ* фермалардың саны 22,4 процент (олардағы өңделген жер — 15,5 процент) көбейген, ал латифундиялардың саны — 16,3 процент, олардағы өңделген жер — 26,8 процент көбейген. Орта-Атлант Штаттарында *өте ұсақ* фермалар (фермаларының саны жағынан +7,7%, өңделген жер көлемі жағынан +2,5%) көбейген, онан кейін фермалардың саны жағынан (+1,0%) 175 акрдан 499 акрға дейін жері бар фермалар және өңделген жердің көлемі жағынан (+3,8%) 500—999 акрға дейін жері бар фермалар көбейген. Екі ауданда да фермалардың бүкіл мүлкінің, сондай-ақ құралдар мен машиналардың жалпы құнының ішінде өте ұсақ фермалардың үлесі де, латифундиялардың үлесі де *артқан.* Бұл аудандардың әрқайсысы жөніндегі неғұрлым көрнекі және неғұрлым толық деректер мынадай: [196-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Мұнан бұл екі ауданда да *нақ латифундиялардың* бәрінен де күшейе түскені, экономика жағынан бәрінен

Фермалар топтары:	1900 жылдан 1910 жылға дейінгі проценттік өсуі			
	Жаңа Англияда		Орта-Атлант Штаттарында	
	фермалардың бүкіл мүлкінің құны	құралдар мен машиналар құны	фермалардың бүкіл мүлкінің құны	құралдар мен машиналар құны
20 акрға дейін	60,9	48,9	45,8	42,9
20 акрдан 49 акрға дейін	31,4	30,3	28,3	37,0
50 » 99 » »	27,5	31,2	23,8	39,9
100 » 174 » »	30,3	38,5	24,9	43,8
175 » 499 » »	33,0	44,6	29,4	54,7
500 » 999 » »	53,7	53,7	31,5	50,8
1000 және одан да көп акр	102,7	60,5	74,4	65,2
Барлығы	35,6	39,0	28,1	44,1

де көбірек ұтқаны, техника жағынан бәрінен де ілгері басқаны көрінеді. Мұнда аса ірі капиталистік шаруашылықтар қалған, неғұрлым ұсақ шаруашылықтарды *ығыстырып шығарып отыр.* Бүкіл мүліктің, сондай-ақ құралдар мен машиналар құнының мардымсыз артуы не орта топта, не ұсақ топтарда байқалады, ал өте ұсақ топтарда ол байқалмайды. Демек, бәрінен де гөрі артта қалып отырған орташа және ұсақ шаруашылықтар.

Ал өте ұсақ (20 акрға дейін жері бар) фермалар екі ауданда да *ортадан жоғарырақ* күшейген, бұлардың алдында тек латифундиялар ғана бар. Бұл құбылыстың себебін біз білеміз де: интенсивті аудандардың екеуінде де егін өнімі құнының 31—33 процентін жоғары дәрежедегі капиталистік дақылдар (овощтар, оңан соң жеміс-жидектер, гүлдер және т. т.) береді, бұлар шаруашылық қарамағындағы жер көлемі тым шағын болса да өндіріс сомасының өте-мөте көптігімен көзге түседі. Бұл аудандарда егін өнімі құнының 8—30 процентін ғана дәнді астықтар, ал 31—42 процентін пішен мен шөп береді: сүт шаруашылығы дамып келеді, бұл да фермаларының мөлшері жөнінен орташадан *төмен,* ал өнімнің құны және жұмысшы жалдауға капитал жұмсау мөлшері жөнінен орташадан *жоғары.*

Нағыз интенсивті аудандарда фермалардағы өндел-

ген жер көлемінің орташа мөлшері кеміп отыр, өйткені бұл орташа мөлшер латифундиялар мен саны орташа фермалардың санынан тез өсіп отырған өте ұсақ фермаларды қосудан шығып отыр. Сан жағынан алғанда латифундиялардан гөрі өте ұсақ фермалар да тез өсіп барады. Бірақ капитализм екі түрлі формада: ескі техникалық негізде шаруашылықтың көлемін арттырып та, арнаулы саудалық дақылдардың жаңа, жер көлемі жағынан тым ұсақ және өте ұсақ шаруашылықтар құру арқылы да өсіп отырады; бұл шаруашылықтардың ерекшелігі: олардың жер көлемі болмашы бола тұрса да, өндіріс көлемі мен жалдама еңбек аса күшті дамыған.

Нәтижесінде латифундиялар мен аса ірі шаруашылықтар бәрінен де мықтап күшейіп отыр, орташа және ұсақ шаруашылықтар ығыстырылып, жоғары дәрежелі капиталистік өте ұсақ шаруашылықтар көбейіп отыр. Егіншіліктегі капитализмнің осыншалық қайшылықты,— сырттай қарағанда қайшылықты,— көріністерінің жалпы қорытындысын статистика арқылы қалай бейнелеуге болатынын біз қазір көреміз.

10. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ДАҒДЫЛЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ. МАРКС ЕГІНШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Егіншілік шаруашылықтарды иеленіп отырған немесе өңдеп отырған жерінің көлеміне қарай топтастыру 1910 жылғы американ статистикасы қолданған және европалық елдердің орасан көпшілігі қолданып отырған бірден-бір топтастыру болып табылады. Жалпы айтқанда, осылайша топтастырудың қажет және дұрыс екендігін қуаттайтын қазыналық және үстіртін-әкімшілік пікірлерден басқа белгілі бір ғылыми пікірлер де бар екендігі талассыз. Бірақ бұлайша топтастырудың жеткіліксіз екендігі анық, өйткені ол егіншіліктің интенсивтендірілу процесін, жер көлемінің бір единицасына мал түрінде, машина, жақсартылған тұқымдар, егіншіліктің жақсартылған тәсілдері және т. т. түрінде жұмсалатын капиталдың өскенін мүлде есепке алмайды. Ал оның бер жағында бұл процесс барлық жерде де —қа-

рапайым және таза экстенсивті егіншілікті өте азынаулақ аудандар мен елдерді қоспағанда—нақ капиталистік елдерге неғұрлым тән процесс. Сондықтан шаруашылықтарды жердің көлеміне қарай топтастыру жалпы егіншіліктің дамуы туралы, әсіресе онда капитализмнің дамуы туралы ұғымды өте көп реттерде тым қарадүрсіндендіріп, тұрпайылап жібереді.

Неғұрлым көп тараған буржуазиялық көзқарастарды корсететін экономистер мен статистиктердің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі жағдайдың бір тектес еместігі туралы, ауыл шаруашылығының өзгешелігі туралы, т. т. және т. с. тақырыптағы шұбалаңқы пайымдауларын оқығанда: мырзалар! егіншіліктің эволюциясы жөнінде қарадүрсін, тұрпайы көзқарастарды қолдап, таратуға ең алдымен сендер өздерің жауаптысыңдар ғой!— деп, үнемі ескерткің келеді де отырады. Маркстің «Капиталын» еске түсіріңізші. Сіз одан жер иеленудің феодалдық, кландық, қауымдық (бұған қарапайым-басып алынған егіншілік формасын қоса айталық), мемлекеттік және басқа сан алуан формалары болады, ал капитал тарих сахнасына шыққанда осыларға тап болады деген нұсқауга кез боласыз. Жер иеленудің осы сан алуан формаларының бәрін капитал өзіне бағындырып, өзінше қайта құрады, ал асылында бұл процесті түсініп, бағалау үшін, оны статистика арқылы көрсету үшін мәселені қалай қоюдың түрін, зерттеу әдістерінің түрін процесс *формасының* айырмашылығына қарай бейімдеп өзгерте білу қажет[74]. Капитализм Россиядағы қауымдық-үлестік жер иеленуді де, Сибирьдегі не Американың «қиыр батысындагы» басып алынған немесе демократиялық, не крепостниктік мемлекетте жерді еркін және тегін үлестіру арқылы тәртіпке салынып отыратын жер иеленуді де, Американың оңтүстігіндегі құл иеленушілік жер иеленуді де, «нағыз орыс» губернияларындағы жартылай феодалдық жер иеленуді де өзіне бағындырады. Капитализмнің өсіп, жеңу процесі осы реттердің бәрінде де біртектес, бірақ формалары жағынан бірдей емес. Бұл процесті түсіну үшін, оны дәл зерттеп білу үшін, «еңбек» егіншілігі туралы бір сарынды-мещандық бос сөздермен немесе тек жердің мөлше-

рін ғана салыстыратын ескірген тәсілдермен шектеліп қалмау керек.

Одан соң сіздер Маркстен капиталистік типтегі жер рентасының шыққан тегіне және тарихи жағынан одан бұрын болған рента формаларына, мысалы, натуралдық, жұмыспен өтеу (барщина және оның қалдықтары), ақшалай (оброк және т. т.) формаларына оның қандай қатысы бар екендігіне жасаған талдауын табасыздар. Ал Маркстің осы теориялық нұсқауларын капитализмнің Американың оңтүстігіндегі құл иеленуші *шаруашылықтан* немесе Россияның орталығындағы барщиналық *шаруашылықтан* пайда болуын зерттеуге қолдану жөнінде буржуазияшыл, ұсақ буржуазияшыл, халықшыл экономистердің немесе статистиктердің қайсысы азды-көпті болса да шындап ойластырып көрді екен?

Ақырында, сіздер Маркстен учаскелер сапасының және тұрған жерінің түрліше болуынан ғана емес, сонымен қатар *жерге жұмсалған капитал мөлшерінің* де түрліше болуынан туатын егіншілік жағдайларының әрқилы болатындығы жөнінде, бүкіл жер рентасына талдау жасау арқылы жасалған, жүйелі нұсқауларды табасыздар. Ал енді жерге капитал жұмсау дегеніміздің өзі не? Мұның өзі егіншіліктің техника жағынан өзгеруі деген сөз, егіншіліктің интенсивтендірілуі, егіс жұмысының жоғары жүйелеріне көшу, жасанды тыңайтқыштарды қолдану ісін күшейту, құралдар мен машиналардың жақсаруы, оларды қолданудың күшеюі, жалдама еңбекті қолданудың артуы және т. б. деген сөз. Күрделі және әр алуан бұл процестердің бәрін тек жер мөлшерін есепке алумен ғана көрсетуге болмайды, ал егіншілікте капитализм дамуының жалпы процесі нақ осы процестерден құралады.

Орыстың, әсіресе революцияға дейінгі «бұрынғы ізгі» заманындағы земство статистиктері құрметке ие болғанда, өздерінің қызмет бабына енжар қарамай, тек қана қазыналық немесе үстіртін-әкімшілік тұрғыдан қарамай, белгілі бір ғылыми мүддені көздеп қарауы арқасында ие болған еді. Олар шаруашылықтарды тек жер мөлшеріне қарай топтастырудың жеткіліксіз екендігін

басқа статистиктерден бұрын сезді деуге болады, сөйтіп олар топтастырудың басқа тәсілдерін: егісіне қарай, жұмыс малының санына, жалдама еңбекті қолдануына және т. с. қарай топтастыруды енгізді. Амал не, әрқашан да крепостниктік қараңғылық, бюрократтық кертартпалық және әр алуан топас кеңсешілдік сахарасындағы, былайша айтқанда, жасыл алап болып келген біздегі земстволық статистика жұмысы сипатының бытыраңқы және жүйесіз болуы салдарынан не орыс, не европалық экономикалық ғылым үшін берік нәтижелер жасап шығаруға болмады.

Ескерте кетелік, қазіргі ауыл шаруашылық санақтары жинаған материалдарды топтастыру жөніндегі мәселе әсте тар өрісті қарапайым, тар өрісті арнаулы мәселе емес, ол сырттай қарағанда ғана сондай тар өрісті болып көрінуі мүмкін. Бұл материалдың өзгешелігі — онда әрбір жеке шаруашылық туралы мәліметтер мол және толық болып отырады. Бірақ орашолақ, ойластырмай, көне әдіспен жинап, топтастырудың салдарынан осы аса бай материал мүлде жоғалып, жойылып, солғындап кетеді және ауыл шаруашылығы эволюциясының заңдарын зерттеуге көбіне ешбір жарамсыз болып қалады. Жиналған материалдарға сүйеніп, әрбір жеке шаруашылық туралы: ол капиталистік шаруашылық па және оның қаншалықты капиталистік екендігі туралы, интенсивті шаруашылық па және қандай дәрежеде интенсивті екендігі және т. т. туралы қателеспей айтуға болады, ал миллиондаған шаруашылықтар туралы мәліметтерді қосып қорытқанда оның ең елеулі айырмашылықтары, бейнелері, белгілері жойылып кетеді, дұрысында, бәрінен де гөрі осыларды көбірек *жарыққа шығара білу*, анықтап, есепке ала білу керек еді, сондықтан экономистің қолына статистикалық жолмен ойластырып өңделген материалдың орнына былықтырылған, мағынасыз цифр бағаналары, статистикалық «цифрсымақтар ойыншығы» тиеді.

Қазіргі кезде өзіміз шұғылданып отырған 1910 жылғы американ санағы молдығы және толықтығы жағынан соншама тамаша материалдың өзін өңдеген адамдардың кертартпалығы мен ғылыми надандығынан құ-

нын жоғалтып, бүлінгендігінің өте-мөте айқын үлгісі болып табылады. 1900 жылғы санақпен салыстырғанда мұның қорытылуы әлдеқайда нашар, тіпті шаруашылықтарды жер мөлшеріне қарай дәстүрлі топтастыру да толық жасалмаған, сондықтан түрлі топтардағы шаруашылықтарды, мысалы, жалдама еңбекті қолдануына қарай, егіс жұмысы жүйелерінің айырмашылығына қарай, тыңайтқыштар қолдануына және т. т. қарай салыстыруға біздің мүмкіндігіміз болмай отыр.

1900 жылғы санаққа жүгінуге тура келеді. Бұл санақ бір елде, бір мезгілде, бір программа бойынша жиналған және бес жарым миллионнан астам шаруашылықты қамтыған өте мол материалды топтастыру немесе (американдардың сөзімен айтқанда) «саралау» жөнінде бір емес, әр алуан *үш* тәсіл қолданудың дүние жүзінде,— біз білетін,— бірден-бір үлгісін берді.

Рас, мұнда да топтастырудың ешқайсысы шаруашылық типінің және шамасының барлық елеулі белгілері жөнінде толық жүргізілмеген. Бірақ сөйте тұра капиталистік егіншіліктің және егіншіліктің капиталистік эволюциясының бейнесі шығады; шыққанда, біздің көрсетеміз деп үміттенетініміздей, топтастырудың дағдылы, сыңар жақ және жеткіліксіз жалғыз бір тәсілін қолданғандағыдан гөрі, әлдеқайда толық, өмір шындығын әлдеқайда дұрыс көрсететін бейнесі келіп шығады. Дүние жүзіндегі капиталистік елдердің бәріне ортақ деп атауға әбден болатын фактілер мен тенденцияларды негұрлым толық зерттеуге мүмкіндік болған екен, енді буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық, халықшылдық саяси экономияның ең тамыр жайған қателері мен соқыр сенімдері ашылып, әшкереленеді.

Сөз етіліп отырған деректердің маңызы соншалықты күшті болғандықтан, біз оларға ерекше толық тоқталып өтуге және кестелерді, бұған дейінгіден, жиірек келтіріп отыруға тиіспіз. Кестелер текстіі ауырлатып, оны оқуды қаншалықты қиындататынын әбден түсіне отырып, біз мұнан бұрынғы баяндауымызда кестелерді ең қажетті минимумнан асырмауды көздедік. Енді біз бұл минимумды лажсыз көбейтуге тиіс болсақ, оқушы бізді кіналай қоймас деген үміттеміз, өйткені ең басты мәсе-

ле—қазіргі егіншіліктің бағыты, типі, сипаты, эволюциясының заңы туралы мәселе жөніндегі жалпы қорытынды ғана емес, сонымен қатар жалпы алғанда қазіргі ауыл шаруашылық статистикасының соншалықты жиі келтіріліп және соншалықты жиі бұрмаланып жүрген барлық деректеріне берілетін баға да осы арада қарастырылып отырған мәселелердің талдануына байланысты болады.

Бірінші топтастыру —«жеріне қарай» топтастыру — 1900 жылғы американ егіншілігінің төмендегідей бейнесін көрсетеді:

Фермалар топтары:	Фермалар санын олардың жалпы санына % есебімен шаққанда	Бүкіл жерінің көлемі (жердің жалпы көлеміне шаққандағы %)	Орта есеппен 1 фермаға келетіні: Өңделген жер акр	Жалдама еңбекке жұмсалған шығын (доллар)	Өнім құны** (доллар есебімен)	Құралдар мен машиналар құны (доллар)
3 акрға дейін	0,7	—*	1,7	77	592	53
3 акрдан 10 акрға дейін	4,0	0,2	5,6	18	203	42
10 » 20 » »	7,1	0,7	12,6	16	236	41
20 » 50 » »	21,9	4,9	26,2	18	324	54
50 » 100 » »	23,8	11,7	49,3	33	503	106
100 » 175 » »	24,8	22,9	83,2	60	721	155
175 » 260 » »	8,5	12,3	129,0	109	1 054	211
260 » 500 » »	6,6	15,4	191,4	166	1 354	263
500 » 1000 » »	1,8	8,1	287,5	312	1 913	377
1000 және одан да көп акр	0,8	23,8	520,0	1 059	5 334	1 222
Барлығы	100,0	100,0	72,3	—	656	133

Капиталистік елдің қай-қайсысының болса да статистикасы біртектес жағдайды көрсететіндігін кәміл сеніммен айтуға болады. Айырмашылық кейбір елеусіз ұсақ нәрселер жөнінде ғана болуы мүмкін. Бұл айтылғанды Германия, Австрия, Венгрия, Швейцария, Дания өздерінің соңғы санақтары арқылы растап отыр. Фермалар-

* 1/10 проценттен кемірек.

** Өнім құнына мал азығына жұмсалатын өнімдер кірмейді.

дағы бүкіл жер көлемі топтан топқа өрлеп арта берген сайын, өңделген жердің орташа мөлшері, өнімнің орташа құны, құралдар мен машиналардың құны, малдың құны (біз бұл цифрларды келтіргеніміз жоқ) және жалдама еңбекке жұмсалған шығынның шамасы да арта береді. (3 акрға дейін жері бар және ішінара 3 акрдан 10 акрға дейін жері бар фермалардың азын-аулақ өзгешелігінің маңызы туралы біз жоғарыда айтқанбыз).

Басқаша болуы мүмкін емес те сияқты. Жалдама еңбекке жұмсалған шығынның артуы, сірә, шаруашылықтарды жерінің көлеміне қарай ұсақ шаруашылықтар және ірі шаруашылықтар деп бөлудің оларды капиталистік емес шаруашылықтар және капиталистік шаруашылықтар деп бөлуге әбден сәйкес келетіндігін сөзсіз растаса керек. «Ұсақ» егіншілік туралы дағдылы пайымдаулардың оннан тоғызы осындай теңестіруге және осылар сияқты деректерге негізделген.

Енді 1 фермаға емес, жердің (бүкіл жердің) 1 акрына келетін орташа шамаларды алайық:

Фермалар топтары:	Бүкіл жердің 1 акрына доллар есебімен келетіні			
	Жалдама еңбекке жұмсалған шығын	Тыңайтқышқа жұмсалған шығын	Бүкіл малдың құны	Құралдар мен машиналар құны
3 акрға дейін	40,30	2,36	456,76	27,57
3 акрдан 10 акрға дейін	2,95	0,69	16,32	6,71
10 » 20 » »	1,12	0,33	8,30	2,95
20 » 50 » »	0,55	0,20	5,21	1,65
50 » 100 » »	0,46	0,12	4,51	1,47
100 » 175 » »	0,45	0,07	4,09	1,14
175 » 260 » »	0,52	0,07	3,96	1,00
260 » 500 » »	0,48	0,04	3,61	0,77
500 » 1000 » »	0,47	0,03	3,16	0,57
1000 және одан да коп акр	0,25	0,02	2,15	0,29

Мүлде азын-аулағы болмаса, шаруашылықтардың интенсивтілік белгілері төменгі топтардан жоғары топтарға қарай дұрыс кеміп отырғандығын көреміз.

Сірә, егіншілікте «ұсақ» өндіріс ірі өндірістен интенсивтірек деген, өндірістің «көлемі» кеміген сайын егіншіліктің интенсивтілігі мен өнімділігі арта береді деген, «демек», капиталистік өндіріс егіншілікте шаруашылықтың экстенсивті, қарапайым сипатына ғана иек артып отыр, т. т. және т. с. деген мүлде даусыз қорытынды шығатын болса керек.

Шаруашылықтарды жер мөлшеріне қарай топтастырған күнде (ал мұның өзі топтастырудың дағдылы түрі ғана емес, тіпті бірден-бір түрі деуге болады) кез келген капиталистік елдің жағдайы нақ осындай күйде көрінетін болғандықтан, оларда егіншіліктің интенсивтілік белгілерінің төменгі топтардан жоғары топтарға қарай кеми беретіндігін көрсете алатын болғандықтан, бүкіл буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық (оппортунистік-«маркстік» және халықшылдық) әдебиетте үнемі, қадам басқан сайын, нақ осындай қорытындылар жасалып отырады. Мысалы, белгілі Эдуард Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген жұртқа мәлім еңбегін, «социалистік-сымақ» сөздермен бүркемеленген буржуазиялық соқыр сенімдер мен буржуазиялық өтіріктің жинағын еске түсіріңіздерші. Онда «ұсақ» өндірістің «артықшылығы», «өміршеңдігі» және т. с. нақ әлгі сияқты деректер арқылы дәлелденген.

Осы тәрізді ой қорытындысын әсіресе оңайлатып отырған бір жағдай бар: келтіріліп отырған деректерге ұқсас деректер әдетте малдың саны жөнінде болып отырады, ал жалдама еңбек туралы,— әсіресе жалдама еңбекке жұмсалған шығынның қорытылған түрде алынған сомасы туралы,— деректер еш жерде жиналмайды деуге болады. Оның бер жағында, әлгіндей барлық ой қорытындыларының дұрыс еместігін нақ сол жалдама еңбек туралы деректер ашып береді. Шынында да, мысалы, шаруашылықтың көлемі кеміген сайын жер көлемінің бір единицасына келетін мал құны (немесе бүкіл мал саны, мұның әлгіндегіден ешқандай айырмашылығы жоқ) арта беретіндігі «ұсақ» егіншіліктің «артықшылығының» айғағы болса, онда сол «артықшылық» шаруашылық көлемінің кемуіне орай

жалдама еңбекке жұмсалатын шығындардың *артуына байланысты* болып шығады ғой!! Ал жалдама еңбекке жұмсалған шығындардың бұлайша артуы — есіңізде болсын, әңгіме барлық уақытта да жер көлемінің бір единицасына, 1 акрға, 1 гектарға, 1 десятинаға келетін шама жайында болып отыр,— шаруашылықтың *капиталистік* сипатының артқандығын көрсетеді! Ал шаруашылықтың капиталистік сипаты «ұсақ» өндірістің дағдылы, неғұрлым көп тарап жүрген ұғымына қайшы келеді, өйткені жұрттың ұғымы бойынша ұсақ өндіріс деп жалдама еңбекке *негізделмеген* өндіріс айтылады.

Қайшылықтар түйіні сияқты бірдеңе болып шығады. Шаруашылықтардың жер мөлшеріне қарай бөлінген топтары туралы жалпы деректер «ұсақ» шаруашылықтардың капиталистік шаруашылық емес, ірі шаруашылықтардың капиталистік шаруашылық екенін көрсетеді. Ал нақ сол деректердің өзі шаруашылық неғұрлым «ұсақ» болған сайын, оның тек интенсивтілігі ғана емес, оның үстіне жер көлемінің бір единицасына шаққанда жалдама еңбекке жұмсалатын шығындардың сомасы да соғұрлым жоғары болатындығын көрсетеді!

Істің мәнін түсіндіру үшін топтастырудың басқа біреуін алып көрейік.

11. ҰСАҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАР МЕН ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ НЕҒҰРЛЫМ ДӘЛ САЛЫСТЫРУ

Біздің бұрын көрсеткеніміздей, америкаи статистикасы бұл ретте шаруашылықтың малды азықтандыруға жұмсалатын өнімдердің құнын шегеріп тастап, содан қалған өнімдері құнының сомасын алады. Бұл сияқты, тек америкаи статистикасында ғана бар десе болғандай, жеке алынған деректер жер көлемі немесе мал саны және т. т. туралы деректерге қарағанда, әрине, онша дәл емес. Бірақ тұтас, бірнеше миллион шаруашылықтар жөнінде алғанда және әсіресе бүкіл елдегі шаруашылықтың түрлі топтарының арасындағы

қарым-қатынасты анықтауға қолданғанда, бұл деректердің жарамдылығы басқалардан кем деп те есептеуге болмайды, бұған күмән жоқ. Қайткенде де бұл деректер *өндіріс* көлемін — әсіресе саудалық өндірістің, яғни сатылатын өнімдер сомасының көлемін — басқа деректердің қай-қайсысынан да анағұрлым тура көрсетеді. Ал егіншіліктің эволюциясы және оның заңдары туралы тақырыптағы пайымдаулардың бәрінде де нақ осы ұсақ және ірі *өндіріс* туралы сөз болып жүр ғой.

Ол ол ма. Мұндай реттерде әрқашан егіншіліктің капитализм тұсындағы немесе капитализмге байланысты, соның әсерімен болатын және т. с. эволюциясы туралы сөз болып келеді. Бұл әсерді есепке алу үшін ең алдымен және көбінесе егіншіліктегі натуралды шаруашылықты саудалық шаруашылықтан бөліп алып қарауға тырысу керек. Жалпыға мәлім, натуралды шаруашылық, яғни рынокқа шығаруға өндірмей, сол шаруашылыққа қожайындық ететін семьяның өз тұтынуына өндіру нақ егіншілікте біршама өте үлкен роль атқарады және саудалық егіншілікке өте-мөте баяу орын береді. Ал егер саяси экономияның қалыптасқан теориялық қағидаларын бірсарынды, беталды қолданбай, ақылға салып қолданса, онда, мысалы, ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруы жөніндегі заңды *тек* саудалық егіншілікке *ғана* қолдануға болады. Бұл қағидаға қарсы теория жағынан кім таласа қояр екен. Ал оның бер жағында егіншіліктің натуралды егіншіліктен саудалық егіншілікке айналуын дәлелдейтін белгілерді, нақ осы белгілерді ерекше бөліп алып, қадағалап, мүмкіндігінше, ескеріп отыруға саналы түрде көңіл аударып жүрген экономистер мен статистиктер өте сирек. Шаруашылықтарды мал азығына жұмсалмайтын өнімдердің ақшалай құнының мөлшеріне қарай топ-топқа бөлу осы аса маңызды теориялық талапқа қарай мықтап алға басқандық болады.

Ескерте кетелік, өнеркәсіпте ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаратындығы жөніндегі даусыз

факт туралы айтқанда, онда əрқашан да өнеркəсіп орындарының өндіріс сомасына қарай немесе жалдама жұмысшыларының санына қарай топ-топқа бөлу алынып жүр. Өзінің техникалық ерекшеліктері арқасында өнеркəсіптегі істің жайы анағұрлым оңайырақ. Егіншіліктегі қатынастар тым күрделі болып, мейлінше шатысып жатқандықтан, өндіріс көлемін анықтау, өнімдердің ақшалай құнын, сондай-ақ жалдама еңбектің қолданылу мөлшерін анықтау анағұрлым қиын. Мұндай болған жағдайда жалдама еңбектің санақ жүргізілген күнгі мөлшерін емес, жылдық мөлшерін есепке алу керек, өйткені егіншілік əсіресе «маусымдық» өндіріс сипатында болып отырады, ал онан кейін тек тұрақты жалдама жұмысшыларды ғана емес, ауыл шаруашылығында өте-мөте маңызды роль атқаратын күндікшілерді де есепке алу қажет. Бірақ қиындық деген мүмкіндік жоқ деген сөз емес. Зерттеудің тиімді тəсілдерін, егіншіліктің техникалық ерекшеліктеріне бейімделген тəсілдерін қолдану, соның ішінде өндірістің мөлшеріне қарай, өнімдердің ақшалай құнының сомасына қарай, жалдама еңбекті қаншалықты жиі жəне қандай мөлшерде қолданатындығына қарай топтастыруды қолдану өсе беруге тиіс, өскенде буржуазиялық жəне ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің, буржуазиялық өмір шындығын боямалап көрсетуге тырысудың қалың торын бұзып-жарып, өзіне жол сала отырып өсе беруге тиіс. Ал зерттеудің тиімді тəсілдерін қолдану жөніндегі алға басудың қандайы болса да капиталистік қоғамда ұсақ өндірісті ірі өндіріс тек өнеркəсіпте ғана емес, ауыл шаруашылығында да ығыстырып шығарады деген ақиқатты растау жөнінде ілгері басқандық болады деп батыл айта аламыз.

1900 жылы Америкада өнім құнының мөлшеріне қарай бөлінген шаруашылық топтары туралы деректер, міне, мынадай [208-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Өнім құны 0 (ноль) деп көрсетілген табысы жоқ фермаларға, сірə, ең алдымен жаңадан ғана қоныстанған, иесі ол жерде əлі құрылыс салып, мал жинап, егін егіп, егіннің өнімін жинап үлгіре коймаған гомстедтер

Доллар есебімен өнім құны бойынша фермалар топтары	Фермалар саны (жиынтығына шаққанда процент есебімен)	Бүкіл жер көлемі (жиынтығына шаққанда процент есебімен)	Орта есеппен 1 фермаға келетіні: Өңделген жер, акр	Жалдама еңбекке жұмсалған шығын (доллар)	Құралдар мен машиналар құны
0	0,9	1,8	33,4	24	54
1— 50 доллар	2,9	1,2	18,2	4	24
50— 100 »	5,3	2,1	20,0	4	28
100— 250 »	21,8	10,1	29,2	7	42
250— 500 »	27,9	18,1	48,2	18	78
500—1 000 »	24,0	23,6	84,0	52	154
1 000—2 500 »	14,5	23,2	150,5	158	283
2 500 және одан да көп доллар	2,7	19,9	322,3	786	781
Барлығы	100,0	100,0	72,3	—	133

жататын болса керек. Америкадағы сияқты отарлануы соншалық зор елде қожайынының сол фермаға қаншалықты ұзақ уақыт иелік ететіндігі туралы мәселенің айрықша маңызы бар.

Фермалардағы бүкіл жер көлемі жөніндегі нақ осы деректерді жоғарыда келтіргеніміздей етіп топ-топқа бөлгенде істің жайы қандай болып шықса, мұнда да, табысы жоқ фермаларды былай қойғанда, біртектес болып шығып отыр. Ферма өнімдерінің құны артқан сайын фермалардағы өңделген жердің орташа мөлшері де, жұмысшы жалдауға жұмсалған шығынның орташа мөлшері де, құралдар мен машиналардың орташа құны да артып отырады. Жалпы және тұтас алғанда, табысы неғұрлым көбірек фермалар,— жалпы табысын, яғни барлық өнімдердің құнын алғанда,— жер көлемі жағынан да неғұрлым ірі фермалар болып шығып отыр. Сірә, бұлай жаңаша топтастырудан жаңа еш нәрсе шықпайтын болса керек.

Ал енді бір фермаға емес, 1 акр жерге келетін орташа мөлшерлерді (малдың, құралдардың құнын, жалдама еңбекке, тыңайтқышқа жұмсалған шығындарды) алып көрейік:

Өнімнің құны бойынша фермалар топтары	Бүкіл жердің 1 акрына келетін доллар			
	Жалдама еңбекке жұмсалған шығын	Тыңайтқышқа жұмсалған шығын	Барлық малдың құны	Құралдар мен машиналар құны
0	0,08	0,01	2,97	0,19
1— 50 доллар	0,06	0,01	1,78	0,38
50— 100 »	0,08	0,03	2,01	0,48
100— 250 »	0,11	0,05	2,46	0,62
250— 500 »	0,19	0,07	3,00	0,82
500—1 000 »	0,36	0,07	3,75	1,07
1 000—2 500 »	0,67	0,08	4,63	1,21
2 500 және одан да көп доллар	0,72	0,06	3,98	0,72

Кейбір реттерде табысы жоқ фермалар мен табысы ең жоғары фермалар ерекше жағдайда болып отыр; табысы жоқ фермалар мүлде ерекше жағдайда, ал табысы ең жоғары фермалардың біз алып отырған төрт белгінің үш белгісі бойынша интенсивтілігі көршілес топтың интенсивтілігінен кем болып шығып отыр. Ал жалпы айтқанда, ферманың өндіретін өнімдері құнының *артуына қарай* егіншіліктің интенсивтілігі де ұдайы *артып отыратынын* аңғарамыз.

Істің жайы шаруашылықтарды жер көлеміне қарай топтастырғанда көргенімізге тура қарама-қарсы болып отыр.

Топтастырудың әр түрлі тәсілдерін қолданғанда сол бір материалдың өзінен біріне-бірі мүлде қарама-қарсы қорытындылар шығады.

Егер шаруашылықтың көлемін жер көлемінің шамасына қарай анықтайтын болсақ, шаруашылықтың көлемі ұлғайған сайын егіншіліктің интенсивтілігі *кеми береді;* егер шаруашылықтың көлемін шаруашылық өндіретін өнімдердің құнына қарай анықтайтын болсақ, *арта береді.*

Бұл екі қорытындының қайсысы дұрыс?

Әрине, егер жер өңделмейтін болса, онда жер көлемі шаруашылықтың көлемі жөнінде *ешқандай* түсінік бермейді (Америкада топтастыруға негіз етіп тек өңделе-

тін жер ғана алынбай, бүкіл жер көлемі алыватындығын, ал бұл елде өңделетін жердің проценті шаруашылық топтары бойынша 19 проценттен 91 процентке дейін, аудандар бойынша 27 проценттен 75 процентке дейін ауытқып отыратынын ұмытпайық);— егер толып жатқан жағдайларда жеке шаруашылықтар арасында жерді өңдеу тәсілдері жөнінде, егіншіліктің интенсивтілігі жөнінде, егіс жұмысының жүйесі жөнінде, тыңайтқыштардың мөлшері жөнінде, машина қолдану жөнінде, мал шаруашылығының сипаты және т. т. жөнінде елеулі айырмашылықтар болса, онда жер көлемі шаруашылықтың көлемі жөнінде *ешқандай дұрыс* түсінік бермейді.

Нақ осы жағдай *барлық* капиталистік елдерде, тіпті егіншілігіне капитализмнің әсері тиген барлық елдерде де сөзсіз орын алады.

Біз енді ұсақ егіншіліктің «артықшылығы» туралы қате пікірлердің неліктен соншалықты берік орын тeуіп отырғандығының, осы типтес буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің әлеуметтік жәпе, жекелеп алғанда, ауыл шаруашылық статистикасының соңғы онжылдықтардың ішіндегі зор прогресімен қатар неліктен соншалықты оп-оңай сіңісіп кеткендігінің ең терең және жалпы себептерінің бірін көріп отырмыз. Әрине, қазіргі буржуазиялық қоғамның таптық қайшылықтарының тереңдігін көмескілеуге тырысатын буржуазияның *мүдделері* бұл қателер мен соқыр сенімдердің берік болуын әлі де қолдап отыр, ал әңгіме мүдделерге келіп сайғанда, нағыз даусыз ақиқаттарға да талас тудыра басталатыны мәлім.

Бірақ, біз бұл жерде ұсақ егіншіліктің «артықшылығы» жөніндегі қате козқарастың теориялық түпкі негіздерін талдаумен шектелеміз. Ал осы түпкі негіздердің ішінде шаруашылықтарды тек бүкіл жерінің немесе олардың ішінде өңделетін жердің мөлшеріне қарай салыстыратын әбден жауыр болған тәсілдерге сын көзбен қарамай, ескіше қарау аса елеулі орын алатындығына күмәндануға болмайды.

Барлық капиталистік елдердің ішінде Америка Құрама Штаттарының мына жағынан алғанда ерекшелігі

бар: онда қоныстанылмаған, бос, тегін үлестірілетін жер әлі толып жатыр. Мұнда ауыл шаруашылығы бос жатқан жерлерді басып алу арқылы, ешқашан өңделмеген жаңа жерлерді өңдеу арқылы әлі де дами алады және шындығында дамып та отыр,— нағыз қарапайым және экстенсивті мал шаруашылығы мен егіншілік формасында дамып отыр. Капиталистік Европаның ескі, цивилизациялы елдерінде бұған ұқсас ештеңе де жоқ. Европада ауыл шаруашылығы *негізінен* интенсивті түрде дамиды, өңделетін жердің *мөлшерін* арттыру арқылы емес, өңдеудің *сапасын* жақсарту арқылы, жердің бұрынғы көлеміне жұмсалатын капиталдың мөлшерін арттыру арқылы дамып отыр. Ал шаруашылықтарды тек жерінің көлеміне қарай салыстырумен шектелетін адамдар капиталистік егіншіліктің дамуындағы нақ осы, басты бағытты,— Америка үшін де бірте-бірте басты бағытқа айнала бастаған бағытты,— естен шығарып та жүр.

Капиталистік егіншілік дамуының басты бағыты атап айтқанда мынада: жерінің көлемі жөнінен *ұсақ* шаруашылық *ұсақ күйінде қала отырып*, өндірістің көлемі жөнінен, мал шаруашылығының дамуы жөнінен, тыңайтқыштардың мөлшері жөнінен, машина қолдануды өрістету және т. т. жөнінен *ірі* шаруашылыққа *айналып келеді*.

Сондықтан шаруашылықтардың түрлі топтарын жер көлеміне қарай салыстырғанда шығатын және шаруашылық ұлғайған сайын егіншіліктің интенсивтілігі кеми береді дейтін қорытынды — сөзсіз теріс қорытынды. Керісінше, бірден-бір дұрыс қорытынды — түрлі шаруашылықтарды өнімдері құнының мөлшеріне қарай салыстырғанда шығатын және шаруашылық ұлғайған сайын егіншіліктің интенсивтілігі арта береді дейтін қорытынды.

Өйткені жер көлемі шаруашылық көлемін тек жанама түрде ғана дәлелдейді, ал егіншілік неғұрлым кең және тез интенсивтендірілген сайын, бұл «дәлелдің» дұрыстығы соғұрлым кеми береді. Ал шаруашылық өнімдерінің құны шаруашылықтың көлемін жанама түрде

емес, турадан-тура және сонымен бірге барлық жағдайларда да дәлелдейді. Ұсақ егіншілік туралы айтқанда әрқашан да сөз болатыны жалдама еңбек *қолданбай* жүргізілетін егіншілік болып келеді. Ал жалдама жұмысшыларды қанауға көшу шаруашылық бұрынғы техникалық негізде қалып отырған күнде оның көлемінің ұлғаюынан ғана болмайды,— экстенсивті, қарапайым шаруашылық тұсында ғана осылай болады,—сол техниканы арттыру, оны ескіден жаңаға айналдыру, жердің нақ сол көлеміне, мысалы, жаңа машиналар, немесе жасанды тыңайтқыштар, немесе малды көбейту және мал тұқымын асылдандыру, т. т. түрінде қосымша капитал жұмсауға да байланысты болады.

Ферма өнімдері құнының мөлшеріне қарай топтағанда, шаруашылықтардағы жер көлемінің санына қарамастан, *өндіріс көлемі* шындығында *бірдей* болып келетін шаруашылықтарды біріктіреді. Соның өзінде ұсақ жер учаскесіндегі жоғары интенсивті шаруашылық жер көлемі үлкен біршама экстенсивті шаруашылықпен бір топқа кіреді; және де бұл екі шаруашылықтың екеуі де өндіріс көлемі жағынан да, жалдама еңбекті қолдану дәрежесі жағынан да шындығында ірі шаруашылықтар болады.

Керісінше, жер көлеміне қарай топтағанда ірі шаруашылықтар мен ұсақ шаруашылықтар жер иелену мөлшері жағынан ұқсас болғандықтан да оларды бір топқа қосады, өндіріс көлемі мүлде әр түрлі шаруашылықтарды, өз семьясындағылардың еңбегі басым шаруашылықтар мен жалдама еңбек басым шаруашылықтарды да бірге қосады. Капитализмдегі *таптық қайшылықтарды күңгірттендіретін*, істің шын жайын мүлде бұрмалап көрсететін,—бірақ буржуазияға өте ұнамды,—түбірімен теріс көрініс осыдан келіп шығады. *Ұсақ егіншілердің жағдайын* жалғандығы және буржуазияға ұнамдылығы жағынан ешбір кем соқпай, *боямалап* көрсету, капитализм апологетикасы осыдан келіп шығады.

Шынында да. Капитализмнің негізгі және басты тенденциясы өнеркәсіпте де, егіншілікте де ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстырып шығаратындығында болып отыр. Бірақ бұл ығыстырып шығаруды дереу экспро-

приациялау мағынасында *ғана* түсінуге болмайды. Ұсақ егіншілердің шаруашылық жағдайының әлденеше жылдарға, әлденеше он жылдарға созылуы мүмкін күйзеліске ұшырап, оңалмайтыны да осы ығыстырып шығаруға жатады. Бұл оңалмау ұсақ егіншінің шектен тыс еңбек етуінен немесе ішіп-жемінің нашарлауынан да, ұсақ егіншінің борышқа батуынан да, малдың азығы мен жалпы күтімінің нашарлауынан да, жерін күту, ол жерді өңдеу, тыңайту жағдайларының және т. т. нашарлауынан да, шаруашылық техникасының тоқырап қалуынан да, т. т. байқалып отырады. Егер ғылыми зерттеуші күйзеліске ұшырап және жаншылып отырған ұсақ егіншілердің жағдайын боямалап көрсету арқылы ерікті не еріксіз түрде буржуазияға жағымпазданды деген айыптаудан аулақ болғысы келсе, ол ғылыми зерттеушінің міндеті ең алдымен және көбінесе мынада: ол тіпті де оп-оңай, біркелкі бола бермейтін күйзелістің белгілерін дәл анықтауға тиіс;—одан соң осы белгілерді ашу үшін олардың қаншалықты кең тарағандығын, уақытқа қарай өзгеруін қадағалап, мүмкіндігінше ескеріп отыруға тиіс. Қазіргі экономистер мен статистиктер істің осы, мейлінше маңызды жағына онша жөнді көңіл аудармайды.

Ойлап қараңызшы, өзінің шаруашылығын жақсарту үшін капиталы жоқ, өзінің заманынан кейін қалып, бірте-бірте күйзеліске ұшырап отырған 90 ұсақ егіншіге статистик жеткілікті капиталы бар және нақ әлгіндей ұсақ учаскелерде көлемі ірі өндіріс құрып, жалдама еңбекке негізделген кәсіпорын ашып отырған 10 қожайынды апарып қоса салады. Жалпы және орта есеппен алғанда бүкіл жүз ұсақ егіншінің жағдайы боямаланып көрсетілген болып шығады.

1910 жылғы американ санағының істің жайын нақ осылайша боямалап — және, объективтік жағынан, буржуазияның пайдасына бола боямалап — көрсетуіне, ең алдымен, мына жағдай: 1900 жылы қолданылған, жеріне қарай топтастыруды өнім құнына қарай топтастырумен салыстыруды мүлде елеусіз қалдырғаны себеп болған. Мысалы, біз жалдама еңбекке жұмсалған шығын тек 82%, ал егіс өнімінің бүкіл құны 83% өскенде,

тыңайтқышқа жұмсалған шығынның өте-мөте көп өскендігін, атап айтқанда 115%, яғни екі еседен аса өскендігін білеміз. Орасан зор прогресс. Халық егіншілігінің прогресі. Ал осыдан, қайсыбір экономист: прогресс—ұсақ «еңбек» егіншілігінің прогресі, өйткені, жалпы айтқанда, шаруашылықтардың жеріне қарай бөлінген топтары туралы деректер, тыңайтқышқа жұмсалатын шығынның 1 акр жерге келетін мөлшері жағынан алғанда, «ұсақ» егіншіліктің анағұрлым жоғары екендігін көрсетеді деген қорытындыны қазірдің өзінде жасап қоймаған болса, бәлкім, жасайтын болар.

Ал енді біз мұндай қорытындының жалған қорытынды болатынын білеміз, өйткені шаруашылықтарды жеріне қарай топқа бөлу күйзеліске ұшырап бара жатқан немесе, қайткенде де, мұқтаждықпен жаншылған, тыңайтқыштар сатып алуға мүмкіндігі жоқ ұсақ егіншілер мен жалдама жұмысшылары бар, жақсартылған, интенсивті ұсақ жер учаскесінде ірі шаруашылықтар жүргізіп отырған *капиталистерді*, ұсақ болса да капиталистерді, біріктіріп жібереді.

Егер, 1900 және 1910 жылдардағы фермалардың бүкіл мүлкінің құны туралы деректердің көрсетіп отырғанындай, ұсақ егіншілікті ірі егіншілік жалпы алғанда ығыстырып шығарып отырған болса,— егер, біздің қазір көретініміздей, осы уақыттың ішінде ұсақ жер учаскелерінде жоғары капиталистік дақылдар мейлінше тез өркендеп отырған болса,— егер өнімдер құнының шамасына қарай ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтарға қатысты жалпы деректер бойынша, тыңайтқыштарға жұмсалатын шығын шаруашылықтың көлемі артқан сайын көбейіп отырған болса,— онда бұдан: 1900 жылдан 1910 жылға дейін тыңайтқышты қолдану ісіндегі «прогресс» капиталистік егіншіліктің ұсақ егіншіліктен басымдығын бұрынғыдан да күшейтті, ұсақ егіншілікті бұрынғыдан да бетер ығыстырып, жаныштап тастады деген қорытындының туатыны сөзсіз.

12. ЕГІНШІЛІКТЕГІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛІ ТИПТЕРІ

Ұсақ жер учаскелеріндегі интенсивті, ірі, капиталистік шаруашылықтар туралы жоғарыда біздің айтқанымыз мынадай сұрақ туғызады: егіншіліктің интенсивтендірілуі шаруашылықтағы жер көлемін кемітуге тиіс деп ойлауға негіз бар ма? Басқа сөзбен айтқанда, егіншіліктің интенсивтілігін арттыру үшін қазіргі егіншілік техникасының өзіне қатысты жағдайлар, шаруашылықтағы жер көлемінің мөлшерін төмендетуді талап ететін жағдайлар бар ма?

Бұл сұраққа жалпы теориялық пікірлер де, мысалдар да жауап бере алмайды. Әңгіме егіншіліктің қазіргі жағдайларында техниканың нақты дәрежесі жайында және белгілі бір шаруашылық системасына қажетті капиталдың нақты мөлшері жайында болып отыр. Теория жүзінде жердің кез келген көлеміне капиталдың кез келген мөлшерін жұмсау ақылға сыйымды, бірақ «мұның» экономикалық, техникалық, мәдени, т. т. нақты жағдайларға «байланысты» екендігі өзіненөзі түсінікті және істің бәрі белгілі бір елде белгілі бір кезеңде қандай жағдайлардың бар екендігінде. Мысалдардың жарамсыз болатын себебі, қазіргі егіншіліктің экономикасы сияқты күрделі, алуан түрлі, шытырман және қайшылықты тенденциялары бар саладан қарама-қарсы көзқарастарды дәлелдейтін мысалдарды әрқашан да табуға болады. Басқа жерлердің қай-қайсысынан болса да бұл жерде ең алдымен және көбінесе процесті *тұтас* көрсету, барлық тенденцияларды есепке алу және олардың күші теңдес жиынтығын немесе солардың жиынтығын, нәтижесін анықтау талап етіледі.

Қойылған сұраққа топтастырудың 1900 жылы американ статистиктері қолданған үшінші жүйесі жауап беруге жәрдемдеседі. Бұл — *табыстың негізгі шығатын көзіне қарай* топтастыру. Осы белгі бойынша барлық фермалар төмендегі категорияларға бөлінген: 1) табыс келтіретін негізгі көздері болып отырған пішен мен астық; 2) аралас категориялар; 3) мал шаруашылығы; 4) мақта; 5) овощ; 6) жеміс-жидек; 7) сүт өнімдері; 8) темекі; 9) күріш; 10) қант; 11) гүлдер; 12) тепли-

цада өсірілетін өсімдік өнімдері; 13) таро[75]; 14) кофе. Соңғы жеті категорияның (8—14) бәрін қосып алғанда фермалардың жалпы санының тек 2,2 проценті ғана болады, яғни үлесі тіпті болмашы, сондықтан біз оларға жеке тоқталмаймыз. Өзінің экономикалық сипаты мен маңызы жағынан бұл категориялар (8—14) алдыңғы үш категориямен (5—7) барынша біртектес, бұлар бәрі бірігіп бір тип болады.

Әр түрлі типтегі фермаларды сипаттайтын деректер, міне, мынадай:

Табыстың негізгі көзі бойынша фермалар топтары:	Фермалардың жалпы санына проценті	Жердің орта есеппен 1 фермаға келетін мөлшері		Орта есеппен бүкіл жердің 1 акрына келетіні (доллар)			
		барлық	өңделетін жер	жалдама еңбекке жұмсалған шығын	тыңайтқышқа жұмсалған шығын	құралдар мен машиналар құны	барлық малдың құны
Пішен мен астық	23,0	159,3	111,1	0,47	0,04	1,04	3,17
Аралас категориялар	18,5	106,8	46,5	0,35	0,08	0,94	2,73
Мал шаруашылығы	27,3	226,9	86,1	0,29	0,02	0,66	4,45
Мақта	18,7	83,6	42,5	0,30	0,14	0,53	2,11
Овощ	2,7	65,1	33,8	1,62	0,59	2,12	3,74
Жеміс-жидек	1,4	74,8	41,6	2,46	0,30	2,34	3,35
Сүт өнімдері	6,2	121,9	63,2	0,86	0,09	1,66	5,58
Барлық фермалар жалпы алғанда	100,0	146,6	72,3	0,43	0,07	0,90	3,66

Біз алдыңғы екі категорияны (пішен мен астықты; аралас категорияларды) шаруашылықтың капиталистік сипатының даму дәрежесі жағынан да (бүкіл Құрама Штаттар үшін орта есеп 0,43 болып отырғанда, жалдама еңбекке жұмсалған шығын орта есепке бір табан жақын: 0,35—0,47 болып отыр), егіншіліктің интенсивтілігі жағынан да орташа категория деп айтуға болатынын көріп отырмыз. Шаруашылық интенсивтілігінің барлық белгілері — тыңайтқышқа жұмсалған шығын, жердің 1 акрына шаққанда машиналар мен малдың

құны — бүкіл Құрама Штаттарға ортақ орта өсөпке бір табан жақын.

Бұл топтың екеуі де жалпы алғанда егіншілік шаруашылықтарының көпшілігіне мейлінше тән топтар екендігінде күмән жоқ. Пішен мен астық, сонан соң егіншіліктің түрлі өнімдерінің қосындысы — (табыстың «аралас» көздері) —егіншілік шаруашылықтарының барлық елдердегі басты-басты типтері, міне, осындай. Бұл топтар жөнінде егжей-тегжейлі толық деректер болса, мысалы, олар сауда-саттыққа азды-көпті арналуына, т. т. қарай бөлінген болса, мейлінше қызықты болар еді. Бірақ американ статистикасы, өзіміздің көріп отырғанымыздай, осы бағытта бір адым ілгері басып, сонан соң ілгері баспай, кері кеткен.

Келесі екі категория, мал шаруашылығы мен мақта, неғұрлым капиталистік емес (жалдама еңбекке жұмсалған шығын жалпы Құрама Штаттарда орта есеппен 0,43 болса, бұларда 0,29—0,30) және егіншілігінің интенсивтілігі ең төмен фермалардың үлгісін көрсетіп отыр. Құралдар мен машиналар құнының мөлшері мұнда бәрінен аз және орта есептен едәуір төмен (0,90-ға қарсы 0,66 және 0,53). Негізгі табысын мал шаруашылығынан алатын фермаларда бір акр жерге келетін малдың саны Құрама Штаттардың орта есебінен, әлбетте, артық екендігін көрсетеді (3,66-га қарсы 4,45), бірақ бұл, сірә, экстенсивті мал шаруашылығы болса керек: тыңайтқышқа жұмсалатын шығын мейлінше аз, фермалардың орташа мөлшері жағынан өте үлкен (226,9 акр), өңделген жердің үлесі өте аз (226,9 акр жердің 86, 1 акры). Мақта фермалары тыңайтқыштар мөлшерінің орташадан жоғары екендігін көрсетеді, бірақ егіншілік интенсивтілігінің басқа белгілері (1 акр жерге келетін мал мен машиналардың құны) мұнда мейлінше төмен.

Ақырында, соңғы үш разряд — овощ, жеміс-жидек, сүт өнімдері — ферма болғанда, біріншіден, мейлінше ұсақ фермалар (өңделген жердің мөлшері—33—63 акр, ал басқа категорияларда 42—86, 46—111 акр); екіншіден, неғұрлым капиталистік фермалар: жалдама еңбекке жұмсалатын шығын аса жоғары, орташадан 2—6

есе жоғары; үшіншіден, ең интенсивті фермалар. Егіншілік интенсивтілігі белгілерінің бәрі дерлік: тыңайтқыштарға жұмсалған шығын да, машиналардың құны да, малдың құны да мұнда ортадан жоғары (бұл жөнінде біраз ерекше тұрған — жеміс-жидек фермалары, мұндағы шығын орташадан төмен, бірақ көбінесе пішен мен астықтан табыс алып отырған фермалардан жоғары).

Біз енді осы күшті дамыған капиталистік фермалар елдің жалпы шаруашылығында нақ қандай орын алып отыр деген мәселеге көшеміз. Бірақ біз ең әуелі олардың неғұрлым интенсивті сипатына біраз толығырақ тоқталуға тиістіміз.

Негізгі табысты овощтан тауып отыратын фермаларды алайық. Барлық капиталистік елдерде қалалардың, фабрикалардың, өнеркәсіпті поселкелердің, темір жол станцияларының, порттардың және тағы сондайлардың дамуы осы сияқты өнімдерге сұранымды күшейтетіндігі, олардың бағасын қымбаттатып, сол өнімдерді сатуға өндіретін ауыл шаруашылық кәсіпорындарының санын ұлғайтатындығы белгілі. Орташа «овощ» фермасы өңделген жердің мөлшері жөнінен табысты көбінесе пішен мен астықтан алатын «әдеттегі» фермадан *үш еседен аса кем:* біріншісінде 33,8 акр, екіншісінде 111,1 акр. Демек, белгілі мөлшердегі техника, егіншілікте капиталдың белгілі мөлшерде қорлануы «овощ» фермасы көлемінің кішірек болуын талап етеді; басқа сөзбен айтқанда, техниканың қазіргі кездегі дәрежесінде капиталды егіншілікке жұмсап, пайданы орташа пайдадан кем алмау үшін овощ өндіруге арналған шаруашылықты пішен мен астық өндіруге арналған шаруашылыққа қарағанда *көлемі кішірек жерге* ұйымдастыру керек болады.

Ол ол ма. Егіншілікте капитализмнің өсуі ең алдымен натуралды егіншіліктен сауда егіншілігіне көшуде болып отыр. Бұл үнемі ұмыт қала береді, сондықтан мұны қайталап айта беруге тура келеді. Ал сауда егіншілігі болса, буржуазияшыл экономистердің қиялында суреттеліп көрінетін немесе солардың ойындағыдай тіпті де «қарапайым» жолмен, *бәз-баяғы* өнімдер өндірісін

көбейте беру жолымен дамымайды. Жоқ. Сауда егіншілігінің бір өнімді өндіруден екінші бір өнімді өндіруге ауысу жолымен дамуы өте жиі кездеседі. Пішен мен астық өндірісінен овощ өндірісіне ауысу — нақ осындай дағдылы ауысулардың бірі. Ал шаруашылықтағы жердің көлемі туралы және егіншілікте капитализм өсуінің мөлшері жөніндегі өз назарымызды аударып отырған мәселеге келгенде бұлай ауысу нені көрсетеді?

Бұл ауысу 111,1 акр жері бар «ірі» ферманың 33,8 акрдан жері бар ең кем дегенде үш «ұсақ» фермаға *бытырағанын* көрсетеді. Бұрынғы ферманың өндірісі — басты табысы пішен мен астықтан түсетін ферманың өндірген өнімдерінің малды азықтандыруға жұмсалғанын шегеріп тастағандағы орташа құны — 760 доллар. Әрбір жаңа ферманың өндірісі 665 доллар. Демек, сомасы 665×3=1995 доллар, яғни бұрынғы өндірістен екі еседен астам жоғары.

Ірі өндіріс ұсақ өндірісті шаруашылықта жердің мөлшері *кеміген* күнде де ығыстырып шығарып отырады.

Бұрынғы фермада жұмысшы жалдауға жұмсалған шығынның орташа мөлшері 76 доллар болған, жаңа фермада 106 доллар — жер көлемі үш есе және одан да көп кемігеннің өзінде шыққан шығын бір жарым есе дерлік көп. Әр акр жерді тыңайтуға жұмсалған шығып 0,04 доллардан 0,59 долларға дейін көтеріліп, 15 есе дерлік өсіп отыр, құралдар мен машиналардың құны 1,04 доллардан 2,12 долларға дейін өсіп, екі есе артып отыр, т. т.

Біреулер бізге, әдетте қарсы болғанындай, арнаулы «саудалық» дақылдары бар күшті дамыған капиталистік фермалардың саны фермалардың жалпы санына қарағанда болмашы деп қарсы болады. Бірақ біз бұған, біріншіден, мұндай фермалардың саны мен *ролі*, олардың шаруашылық ролі, әдетте ойлағандағыдай емес, анағұрлым жоғары, ал екіншіден,— бұл бастысы,— *нақ осындай дақылдар* капиталистік елде басқа дақылдардан *тез* өркендейді деп жауап қайтарамыз. Сондықтан да егіншіліктің интенсивтендірілу процесі болып жатқанда шаруашылықтағы жер көлемінің кемуі екінің

бірінде өндіріс көлемінің кемігенін емес, артқанын, жалдама еңбекті қанаудың кемігенін емес, артқанын көрсетеді.

Американ статистикасының бүкіл елді тұтас қамтып отырған бұл жөніндегі өте дәлме-дәл деректері мынадай. Жоғарыда, 5—14 рубрикаларда көрсетілген арнаулы немесе «саудалық» дақылдардың *бәрін* алайық: овощ, жеміс-жидек, сүт өнімдері, темекі, күріш, қант, гүл, теплицада өсірілетін өсімдік өнімдері, таро және кофе. 1900 жылы Құрама Штаттардағы фермалардың,— табыс келтіретін *басты* көздері осы өнімдер болған фермалардың барлық саны фермалардың жалпы санының 12,5 проценті еді. Демек, бұлар фермалардың болмашы азшылығы, сегізден бірі ғана. Бұлардың барлық жері жердің жалпы санының 8,6 проценті — не бары $^{1}/_{12}$ бөлігі. Дегенмен әріректен қарап көрелік. Мал азықтандыруға жұмсалған шығынды шегеріп тастап, бүкіл американ егіншілігі өнімдерінің барлық құнын алайық. Бұл құннан аталған фермалардың үлесіне 16,0% келеді, ягни жер үлесінен екі есе дерлік артық.

Демек, еңбек өнімділігі мен жер өнімділігі бұл фермаларда орташадағыдан екі есе дерлік жоғары.

Американ егіншілігіндегі жалдама еңбекке жұмсалған барлық шығындардың сомасын алайық. Бұл сомадан аталған фермалардың үлесіне 26,6%, ягни төрттен бірінен астамы келеді; бұл үлес жердің үлесінен үш еседен астам, орташа үлестен үш еседен астам жоғары. Демек, бұл фермалардың капиталистік сипаты орташадағыдан өлшеусіз жогары.

Құралдар мен машиналардың жалпы құнында олардың үлесі 20,1 %, ал тыңайтқышқа жұмсалған шығындардың жалпы сомасында 31,7%, ягни жалпы соманың *үштен* бірінен шамалы кем, орта есептегіден *төрт есеге* таяу жоғары.

Демек, қорыта келгенде, бүкіл елде күмәнсыз және қалыптасқан факт мынадай: мейлінше интенсивті фермаларда фермалардың жер көлемі ерекше аз, жалдама еңбекті мейлінше көп қолданады, еңбек өнімділігі мейлінше жоғары;—осы елдің бүкіл егіншілігінде бұл фермалардың атқаратын шаруашылық ролі, жалпы жер кө-

лемі туралы айтпағанның өзінде, фермалардың жалпы сомасында олардың үлесі екі — үш есе, тіпті одан да көп.

Ауыл шаруашылығында осы күшті дамыған капиталистік және мейлінше интенсивті дақылдар мен фермалардың ролі өзге дақылдар мен фермалардың арасында уақыт өткен сайын кеми бере ме, өсе бере ме?

Соңғы екі санақты салыстыру бұл роль сөзсіз *артады* деген мағынада жауап береді. Түрлі дақылдар егілетін жердің көлемін алайық. 1900 жылдан 1910 жылға дейін дәнді астықтың барлық түрлері егілетін жердің көлемі Құрама Штаттарда не бары 3,5% өскен;— ірі бұршақ, бұршақ, т. с. егілетін жердің көлемі 26,6%;— пішен мен жемшөп егілетін жердің көлемі 17,2%;— мақта егілетін жердің көлемі 32,0%;— овощ егілетін жердің көлемі 25,5%;—қант қызылшасы, тростник және басқалар егілетін жердің көлемі 62,6% өскен.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру туралы деректерді алайық. Барлық дәнді астықтар түсімінің сомасы 1900 жылдан 1910 жылға дейін не бары 1,7% өскен;— ірі бұршақ 122,2%;— пішен мен жемшөп 23,0%;— қант қызылшасы 395,7%; қант тростнигі 48,5%;— картоп 42,4%;— жүзім 97,6% өсті; 1910 жылы жеміс-жидектер, алма, т. т. түсімінің болмауы, мысалы, апельсин, лимон, т. т. түсімінің үш еседен артық осуімен орайлас келіп отырады.

Сонымен, бүкіл американ егіншілігі жөнінде сөкет сияқты болып көрінетін, солай бола тұрса да күмәнсыз дәлелденген факт: жалпы айтқанда, ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып жатқандығы былай тұрсын, оның үстіне бұл ығыстыру мына формада да жүріп жатыр: жерінің көлеміне қарағанда неғұрлым «ірі», бірақ өнімділігі аз, интенсивтілігі шамалы және болмашы капиталистік фермаларды жерінің көлеміне қарағанда «ұсақ», бірақ өнімділігі неғұрлым жоғары, неғұрлым интенсивті және неғұрлым капиталистік фермалардың ығыстырып шығару жолымен ұсақ өндірісті ірі өндіріс ығыстырып шығарып отыр.

13. ЕГІНШІЛІКТЕ ІРІ ӨНДІРІСТІҢ ҰСАҚ ӨНДІРІСТІ ЫҒЫСТЫРЫП ШЫҒАРУЫ ҚАЛАЙША КЕМІТІЛІП ЖҮР

Біреулер бізге былай деп қарсы шығуы мүмкін: егер ұсақ *өндірісті* ығыстырып шығару «да» неғұрлым ұсақ *фермалардағы* шаруашылықты интенсивтендіру (және «капиталдандыру») формасында өтіп жататын болса, онда жер мөлшеріне қарай топ-топқа бөлуді жалпы алғанда бірдеңеге жарайды деп есептеуге бола ма? сонда қарама-қарсы екі тенденция бар болып шықпай ма және қайсыбір жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік болмай қалмай ма?

Бұл қарсы дауға жауап беру үшін американ егіншілігінің және оның эволюциясының бүкіл бейнесін *тұтас* түсініп алу керек. Бұл үшін соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласында әлеуметтік статистика берген, былайша айтқанда, максимум болып табылатын барлық үш топтастыруды түгел алып, салыстыруға, салғастыруға әрекет жасап көру керек.

Бұлай салыстырып, салғастыруға болады. Мұның өзі тек кесте жасауды талап етеді, ол кесте сырттай қарағанда тым абстрактілі және күрделі болып көрініп, оқушыны «шошытып» алуы да мүмкін. Алайда біразырақ көңіл қойса, бұл кестені «оқу», ұғыну және талдау ешқандай қиындық келтірмейді.

Әр түрлі үш топтастыруды салыстыру үшін әр түрлі топтардың арасындағы *проценттік қатынастарды* ғана алу керек. Тиісті есептердің бәрі 1900 жылғы американ санағында берілген. Әрбір топтастыруды біз басты-басты *үш* топқа жинақтаймыз. Жерінің көлеміне қарай біз былайша аламыз: 1) ұсақ фермалар (жері 100 акрға дейін); 2) орташа фермалар (100—175 акр) және 3) ірі фермалар (175 және одан да көп акр). Өнімнің құнына қарай біз былайша аламыз: 1) капиталистік емес фермалар (500 долларға дейін); 2) орташа фермалар (500—1000 доллар) және 3) капиталистік фермалар (1000 доллар және одан да көп). Табысының басты көздеріне қарай біз былайша аламыз: 1) әлсіз капиталистік фермалар (мал; мақта); 2) орташа капиталистік фермалар (пішен мен астық; аралас) және 3) күшті капиталистік фермалар (жоғарыда, 12-параграфта, 5—

14 рубрикаларда көрсетілген арнаулы, «саудалық» дақылдар).

Біз әрбір топ үшін ең алдымен фермалардың процентін, яғни осы топтағы фермалар санының жалпы Құрама Штаттардағы фермалардың барлық санына проценттік қатынасын аламыз. Онан соң барлық жердің процентін, яғни осы топтағы барлық жер көлемінің Құрама Штаттардағы барлық фермалардың барлық жер көлеміне проценттік қатынасын аламыз. Жер көлемі шаруашылықтың экстенсивті мөлшерінің көрсеткіші бола алады (амал не, біздің қолымызда тек *барлық* жер туралы ғана деректер бар, ал тек қана өңделген жер туралы алынған деректер жоқ, мұндай деректер дәлірек болар еді). Егер барлық жердің проценттік үлесі фермалар санының проценттік үлесінен *жоғары* болса, мысалы, фермалардың 17,2 процентіне жердің 43,1 проценті келетін болса, онда, демек, біздің қарастырып отырғанымыз ірі фермалар, орташа фермалардан ірірек және оның үстіне орташа фермалардан екі еседен аса ірі фермалар болғаны. Егер жердің проценті фермалардың процентінен *төмен* болса, демек, қорытынды керісінше болып шығады.

Бұдан кейін, шаруашылық *интенсивтілігінің* көрсеткіштері, құралдар мен машиналардың құны және тыңайтқышқа жұмсалған шығындардың жалпы сомасы алынады. Мұнда да құнның және шығын сомасының бүкіл елдегі жалпы шамаға шаққандағы осы топқа тиісті проценттік үлесі алынады. Мұнда да, егер бұл процент *жердің* процентінен *артық* болса, интенсивтілік орташадан *жоғары* деген қорытынды шығады, т. т.

Ақырында, шаруашылықтың капиталистік сипатын дәл анықтау үшін жалақыға шыққан шығындардың жалпы сомасы жөнінде дәл сол тәсіл қолданылады, ал өндіріс көлемін анықтау үшін бүкіл елдің егіншілік өнімдері құнының бүкіл мөлшері жөнінде де дәл осы тәсіл қолданылады.

Төменгі кесте осылайша жасалды, біз осы кестені түсіндіру мен талдауға көшкелі де отырмыз. [224-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Үш топтауды салғастыру:

(цифрлар жинағының процентін көрсетеді; көлденең үш графаның қосындысы = 100)

		фермалар табысының басты көздері бойынша			фермалардың жер көлемі бойынша			фермалардың өнім құны бойынша			
		әлсіз капиталистік	орташа	күшті дамыған капиталистік	ұсақ	орташа	ірі	капиталистік емес	орташа	капиталистік	
	Фермалар саны	46,0	41,5	12,5	57,5	24,8	17,7	58,8	24,0	17,2	шаруашылықтың экстенсивтілігі мөлшерінің көрсеткіші
	Бүкіл жердің акр саны	52,9	38,5	8,6	17,5	22,9	59,6	33,3	23,6	43,1	
Тұрақты капитал:	**Құралдар мен машиналардың құны**	37,2	42,7	20,1	31,7	28,9	39,4	25,3	28,0	46,7	шаруашылықтың интенсивтілігінің көрсеткіштері
	Тыңайтқышқа жұмсалған шығын	36,5	31,8	31,7	41,9	25,7	32,4	29,1	26,1	44,8	
Өзгермелі капитал:	**Жұмысшы жалдауға жұмсалған шығын**	35,2	38,2	26,6	22,3	23,5	54,2	11,3	19,6	69,1	шаруашылықтың капиталистік сипатының көрсеткіші
Өндіріс көлемі:	**Өнім құны**	45,0	39,0	16,0	33.5	27,3	39,2	22,1	25,6	52,3	

Табыстың басты көзі бойынша жасалған бірінші топтауды алайық. Мұнда фермалар, былайша айтқанда, ауыл шаруашылығының мамандығына қарай бөлінген, мұның өзі өнеркәсіп орындарын өнеркәсіптің салаларына қарай бөлуге едәуір дәрежеде ұқсас. Ал бұл істің өзі тек қана егіншілікте өлшеусіз қиын келеді.

Бірінші бағана бізге әлсіз капиталистік фермалардың тобын көрсетеді. Бұл топ фермалардың барлық санының жартысына жуығын — 46,0 процентін қамтиды. Бұлардың жері 52,9%, яғни шаруашылықтары орташа шаруашылыққа қарағанда ірі (мұнда мейлінше ірі, экстенсивті, мал өсіруші шаруашылықтар және мөлшері орташадан төмен мақта фермалары біріккен). Машиналар құнының (37,2%) және тыңайтқышқа жұмсалған шығындар сомасының проценттік үлесі (36,5%) жердің проценттік үлесінен аз; демек, интенсивтілігі орташадан төмен. Шаруашылықтың капиталистік сипаты да (35,2%), өнім құны да (45,0%) осылай. Еңбек өнімділігі орташадан төмен.

Екінші бағана — орташа фермалар. Нақ сол себепті, *барлық* үш топтау бойынша орташа топқа *барлық* жағынан да «орташа» шаруашылықтар кіріп отырғандықтан, біз бұл арада *барлық* проценттік қатынастардың бір-біріне неғұрлым жақын екендігін көреміз. Ауытқу оншама үлкен емес.

Үшінші бағана — күшті дамыған капиталистік фермалар. Бұл бағанадағы цифрлардың мәнін біз жоғарыда толық қарастырып та шыққанбыз. Ескерте кетелік, 1900 жылғы санақта да, 1910 жылғы санақта да фермалардың осы типі жөнінде *ғана* дәл және салыстыруға болатын деректер бар, мұның өзі осы күшті дамыған капиталистік дақылдардың орташадан гөрі тез өсетіндігін дәлелдейтін деректер.

Осы неғұрлым тез өсу елдердің көпшілігіндегі, дағдылы топтаудан қалайша көрінеді? Мұны келесі бағана: жер көлеміне қарай бөлінген ұсақ фермалар тобы көрсетеді.

Бұл топ фермаларының саны жағынан өте зор (жалпы фермалар санының 57,5 проценті). Мұның жері жалпы жер көлемінің не бары 17,5 проценті, яғни орташадан үш еседен де гөрі төмен. Демек, мұның өзі өте-мөте «жері аз», аса «кедей» топ. Бірақ бұдан әрі біз егіншіліктің интенсивтілігі де (тыңайтқышқа жұмсалған шығындар және машиналардың құны), оның капиталистік сипаты да (жұмысшы жалдауға жұмсалған шығындар), еңбек өнімділігі де (өнімнің құны)

мұнда ортадан *жоғары* екенін көреміз: жерінің көлемі 17,5% болып отырғанда 22,3—41,9%.

Мұның мәнісі неде? Мұның мәнісі мынада: мейлінше көп *күшті дамыған капиталистік* фермалар жер көлемі жағынан нақ осы «ұсақ» топқа кіріп отырғандығы айқын — мұның алдындағы тік бағананы қараңыз. Жері де аз, капиталы да аз нағыз ұсақ егіншілердің көпшілігіне бұл арада капиталы мол, күшті қожайындардың *азшылығы* қосылып отыр, бұл қожайындар ұсақ жер учаскелерінде өндіріс көлемі жағынан ірі және өзінің сипаты жағынан капиталистік шаруашылық ұйымдастырған. Мұндай қожайындар бүкіл Америкада не бары 12,5% (күшті дамыған капиталистік фермалардың процентіне =); демек, егер олардың бәрі бірдей жер көлемі жағынан ұсақ фермалар тобының бір өзіне кірген күнде де, бұл топта жер көлемі де жеткіліксіз, капиталы да жоқ (57,5—12,5=) 45% қожайындар қалған болар еді. Шынында, күшті дамыған капиталистік фермалардың көбі болмағанмен, біразы жер көлеміне қарай, әлбетте, орташа және ірі фермаларға жатады, сондықтан 45% деген цифр капиталы жоқ және жері аз фермерлердің шын санын одан сайын *кеміте* түседі.

Капиталмен, құралдармен, машиналармен, тыңайтқыштар сатып алу үшін, жұмысшы жалдау үшін, тағы басқалар үшін қажетті ақша сомасымен орташа мөлшерден көбірек жабдықталған қожайындардың әлдеқандай 12,10 және т. с. проценттерін бір топқа әкеліп қосудан жерден де, капиталдан да мейлінше жұрдай осы қырық бес процент — minimum 45% — фермерлер жағдайының қаншалықты *боямаланып* отырғанын көру қиын емес.

Бұл топтың орташа фермаларына да, ірі фермаларына да жеке-жеке тоқталып жатпаймыз. Мұның өзі ұсақ фермалар жөнінде айтылғандарды сәл өзгертілген түрде қайталау болар еді. Мысалы, егер жер көлемі жағынан ұсақ фермалар жөніндегі деректер ұсақ *өндірістің* жаншылудағы жағдайын боямалайтын болса, нақ әлгіндей белгісі жағынан ірі фермалар жөніндегі деректер ауыл шаруашылығының ірі өндіріс арқылы шын мәнінде *шоғырлануын*, сірә, *кемітіп* көрсететін болар.

Біз шоғырланудың осы кемуінің дәл статистикалық көрінісін қазір көреміз.

Капиталистік елдің қай-қайсысында да шаруашылықты жер көлеміне қарай топтауға қатысты заң ретінде тұжырымдауға болатын төмендегідей жалпы қағида келіп шығады:

егіншіліктің интенсивтендірілуі кең етек алып, тез дамыған сайын, жер көлеміне қарай топтау егіншіліктегі ұсақ өндірістің, жерден *де*, капиталдан *да* жұрдай ұсақ егіншінің жаншылған жағдайын соғұрлым *боямалай түседі;*— өрге басып бара жатқан ірі өндіріс пен күйзеліске ұшырап отырған ұсақ өндірістің арасындағы таптық қайшылықтың шын шиеленісуін *бәсеңдетіп көрсетеді;*— капиталдың ірі өндірістің қолына шоғырлануын және олардың ұсақ өндірісті ығыстырып шығаруын *кемітіп көрсетеді.*

Бұл қағиданы соңғы, үшінші: онімдердің құнына қарай топтау айқын растайды. Капиталистік емес (немесе жалпы табыс туралы айтатын болсақ, табысы аз) шаруашылықтардың проценті 58,8%, яғни тіпті «ұсақ» шаруашылықтардың процентінен де (57,5%) біраз артығырақ. Бұлардың жері анағұрлым *көп* — 33,3% (ал «ұсақ» фермерлер тобында 17,5%). Бірақ өнімдердің жалпы құнындағы бұларға тиісті үлес *бір жарым есе кем:* 33,5 процентке қарсы 22,1 процент!

Мұның мәнісі неде? Мұның мәнісі нақ мынада: ұсақ егіншілерге тиісті, машиналар, тыңайтқыштар, тағы сол сияқтылар түріндегі *капиталдың* үлесін *жасанды және жалған түрде* жоғары көтеріп жіберіп отырған жердің ұсақ учаскелеріндегі күшті дамыған капиталистік шаруашылықтар бұл топқа енбеген.

Сонымен, егіншілікте ұсақ *өндірістің* жер мен капиталдан жұрдай болуы, жаншылуы — және, демек, оның күйзелуі — ұсақ *фермалар* туралы деректер бойынша мүмкін деп ойлауға болатындағыдан *әлдеқайда күшті* болып шығып отыр.

Жер көлеміне қарай алғандағы ұсақ және ірі фермалар туралы деректерде *капиталдың ролі* мүлде есепке алынбайды,— капиталистік шаруашылықтағы мұндай «ұсақ-түйектердің» есепке алынбауының ұсақ өндіріс-

тің жағдайын бұрмалайтындығы, оны өтіріктен-өтірік боямалайтындығы түсінікті, өйткені «егер де» капитал болмаса, яғни ақша өктемдігі және жалданушының капиталиске қатынасы болмаса, фермердің көпес пен кредиторға, т. т. қатынасы болмаса, ұсақ өндірістің жағдайы жаман «болмас еді»!

Сондықтан ірі фермалардың егіншілікті шоғырландыруы оны ірі өндірістің, *яғни* капиталистік өндірістің шоғырландыруынан анағұрлым төмен: 17,7% «ірі» фермалар өнім құнының 39,2 процентін шоғырландырып отыр (орташадан екі еседен сәл-пәл жоғары). Оның бер жағында 17,2% *капиталистік* фермалар өнімнің барлық құнының 52,3 процентін, яғни орташадан *үш еседен* астамын шоғырландырып отыр.

Бос жатқан орасан көп жерді тегін үлестіріп беру орын алып отырған және Маниловтар «еңбек» шаруашылықтарының елі деп атап жүрген елдің бүкіл егіншілік өндірісінің *тең жартысынан көбі,* бақсақ, *капиталистік* шаруашылықтардың $^1/_6$ бөлігіне жуығының қолына шоғырланған екен, бұлар жұмысшы жалдауға, орташа 1 фермаға келетінін алғанда, орташа мөлшерден төрт есе көп (фермалардың 17,2 проценті болса, шығаратын шығыны 69,1%), ал бүкіл жердің 1 акрына келетінін алғанда орташа мөлшерден бір жарым есе көп қаржы жұмсап отыр (бүкіл жердің 43,1 проценті болып отырғанда жалдама еңбекке шығаратын шығыны 69,1%).

Екінші бір полюсте барлық фермалар санының тең жартысынан көбі, $^3/_5$ бөлігі дерлігі (58,8%) капиталистік емес фермалар тобына жатады. Бүкіл жердің үштен бірі (33,3%) осылардың қолында, бірақ бұл жердің машиналармен жабдықталуы орташадан нашар (машиналар құнының 25,3 проценті), орташадан нашар тыңайтылады (тыңайтқышқа жұмсалған шығындардың 29,1 проценті), сондықтан да оның өнімділігі *орташадан* бір жарым есе *төмен.* Бүкіл жердің үштен біріне ие бола отырып, капиталдың жалпы езгісінде барынша қатты жаншылып отырған осы орасан көп фермалар өндірістің жалпы сомасының, өнімнің жалпы құнының

төрттен бір бөлігіне жетер-жетпесін ғана алып отыр (22,1%). — — —

Демек, жеріне қарай топтаудың маңызы туралы мәселеге келгенде біз бұлайша топтауды мүлдем жарамсыз деп санауға болмайды деген жалпы қорытындыға келеміз. Тек мынаны ғана ешқашан ұмытпау керек: бұлайша топтау ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруын кемітіп көрсетеді және егіншіліктің интенсивтендірілуі неғұрлым кең көлемде және тез дамыған сайын, жер көлемінің белгілі бір единицасына жұмсалған капиталдың мөлшері жағынан шаруашылықтардың арасындағы айырмашылық неғұрлым елеулі бола түскен сайын, соғұрлым кемітіп көрсетеді. Әрбір жеке шаруашылық туралы өте жақсы, өте мол мәліметтер запасын беретін зерттеудің қазіргі әдістері болып отырғанда, мысалы, топтаудың екі әдісін қосу,— айталық, бүкіл жердің көлемі жағынан бес топтың әрқайсысын жалдама еңбекті қолдану мөлшері жағынан екі, үш кіші топқа бөлудің өзі жеткілікті болар еді. Егер жұрт мұны істемей жүрген болса, онда мұның себебі көбінесе, атап айтқанда, тым ашық бейнеленген өмір шындығынан, ұсақ егіншілер бұқарасының жаншылуының, қайыршылығының, күйзелуінің, экспроприациялануының тым айқын көрінісінен қорыққандықтан істемейді; осы ұсақ егіншілер бұқарасының жағдайын «үлгілі» капиталистік шаруашылықтар сондай «ептейлі» және «байқатпай» бояналап отыр; жерінің көлемі жағынан бұлар да «ұсақ» шаруашылықтар және бұлар жұрдай болған бұқараның ішіндегі шамалы ғана азшылықты құрайды. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, қазіргі егіншілікте жердің ғана емес, капиталдың да роль атқаратындығын теріс деп қарсылық жасауға ешбір адамның батылы бармайды. Статистикалық әдістің тұрғысынан немесе статистикалық еңбектің мөлшері тұрғысынан қарағанда, 10—15-топтың жалпы саны, мысалы, жері жағынан топтастырылған 1907 жылғы герман статистикасындағы 18+7-топтармен салыстырғанда тіпті де шектен шығып кетіп жатқан жоқ. 5 736 082 шаруашылық туралы аса бай материалды жер жағынан осыншама топтарға бөлген бұл статистика — чиновниктік кере-

наулықтың, ғылыми қоқсықтың, цифрсымақтарды мағынасыз ойынға айналдырудың үлгісі, өйткені мұндай топтардың мұншалық санын типтік деп тану үшін ақылға сыйымды, келелі, ғылым мен өмір растаған дәлелдердің *жұрнағы да жоқ.*

14. ҰСАҚ ЕГІНШІЛЕРДІҢ ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАНУЫ

Ұсақ егіншілердің экспроприациялануы туралы мәселенің жалпы алғанда егіншіліктегі капитализмді түсіну үшін және оған баға беру үшін зор маңызы бар. Ал нақ осы мәселенің мүлде дерлік талдап шешілмейтіні немесе онша мұқият талдап шешілмейтіні — буржуазиялық көзқарастарға, соқыр сенімдерге белшесінен батқан қазіргі саяси экономия мен статистикаға мейлінше тән құбылыс.

Барлық капиталистік елдердегі жалпы деректер қала халқының село халқы есесінен өсу процесін, халықтың деревнядан қалаға қашып жатқанын көрсетеді. Құрама Штаттарда бұл процесс үздіксіз ілгері басып барады. Қала халқының проценті 1880 жылғы 29,5 проценттен 1890 жылы 36,1 процентке дейін, 1900 жылы 40,5 процентке дейін және 1910 жылы 46,3 процентке дейін артты. Қала халқы село халқынан елдің барлық аудандарында да тез өсіп отыр: 1900 жылдан 1910 жылға дейін өнеркәсіпті солтүстікте село халқы 3,9%, қала халқы 29,8% өсті; бұрынғы құл иеленуші оңтүстікте село халқы 14,8%, қала халқы 41,4% өсті; отарланып жатқан батыста село халқы 49,7%, қала халқы 89,6% өсті.

Осыншалықты жаппай процесті ауыл шаруашылық санағын жүргізгенде де зерттеу міндетті нәрсе сияқты еді. Деревнядан қалаға қашушылар село халқының қандай разрядтарынан, жіктерінен, топтарынан шығады және қандай жағдайларда болып жатады деген ғылыми жағынан аса маңызды мәселе өзінен-өзі туады. Әрбір ауыл шаруашылық кәсіпорны туралы, ондағы әрбір мал туралы әр он жылда мейлінше толық мәліметтер жиналып тұрады екен, қалаға қоныс аудару үшін қанша ферма, қандай фермалар сатылды немесе

арендаға берілді, семьяның қанша мүшесі, қандай жағдайларда егіншілікті уақытша немесе біржолата тастап кетеді деген мәселе қою мүлде қиын болмас еді. Бірақ мұндай мәселелер қойылмайды, зерттеу ісі: «село халқы 1900 жылдан 1910 жылға дейін 59,5 проценттен 53,7 процентке дейін кеміді» деген үстіртін-бірсарынды цифрдан әрі бармайды. Осы бірсарынды цифрлардың тасасында қаншама мұқтаждықтың, езгінің, күйзелістің жасырулы жататынына зерттеушілер тіпті сезіктенбейтін тәрізді. Сөйтіп буржуазияшыл және ұсақ буржуазияшыл экономистер халықтың деревнядан қашуы мен ұсақ өндірушілердің күйзелуі арасындағы айқын байланысты көп жағдайда байқағысы да келмейді.

Бізге ұсақ егіншілердің экспроприациялануы туралы 1910 жылғы санақта көрсетілген біршама тым болмашы және мүлде нашар қорытылған деректердің басын қосып жинақтауға тырысудан басқа ештеңе қалмай отыр.

Бізде фермаларды иеленудің формалары туралы: *бүкіл* фермасы кімнің меншігіне жататындығына бөлінетін меншікшілердің саны туралы және фермасының тек *бір бөлегі* кімнің меншігіне жататындығына бөлінетін меншікшілердің саны туралы, одан соң арендаға алған жеріне өнімінен үлес төлейтін арендаторлар мен жалға алған жеріне ақша төлейтін арендаторлардың саны туралы деректер бар. Бұл деректер аудандар бойынша бөлінген, ал шаруашылықтардың топтары бойынша бөлінбеген.

1900 және 1910 жылдардағы жалпы жинағын аламыз да, ең алдымен мынадай жағдайды көреміз:

Селодағы барлық халық	11,2%	өскен
Фермалардың барлық саны	10,9%	өскен
Меншікшілердің барлық саны	8,1%	өскен
Бүкіл ферма меншікшілерінің барлық саны	4,8%	өскен

Бұл жағдайдың ұсақ егіншіліктің экспроприациялануы күшейіп бара жатқандығын аңғартатыны айқын.

Село халқының саны қала халқының санына қарғанда баяу өсіп келеді. Фермерлердің саны село халқының санына қарағанда баяу, меншікшілер саны фермерлердің санына қарағанда баяу, *бүкіл* ферма меншікшілерінің саны жалпы меншікшілердің санына қарағанда баяу өсіп отыр.

Фермерлердің жалпы санындағы меншікшілердің проценті бірнеше ондаған жылдар бойы үнемі кеміп келеді. Бұл процент мынадай болды:

1880	жылы	—74,4%
1890	»	—71,6%
1900	»	—64,7%
1910	»	—63,0%

Тиісінше арендаторлар проценті өсті, мұның өзінде үлескерлер саны жерді ақшаға жалдап алатын арендаторлардың санына қарағанда тез өсіп отыр. Үлескерлердің проценті 1880 жылы 17,5% болды, онан кейін 18,4% және 22,2%, ал 1910 жылы 24,0% болды.

Меншікшілер үлесінің кемуі және арендаторлар үлесінің өсуі, жалпы және тұтас алғанда, ұсақ егіншілердің күйзелгені мен ығыстырылып шығарылғанын көрсетеді, бұл төмендегі деректерден көрінеді:

Фермалар разрядтары:	Малы бар фермалар проценті					
	асыранды малы барлары			жылқысы барлары		
	1900	1910	±	1900	1910	±
Меншікшілер	96,7	96,1	—0,6	85,0	81,5	—3,5
Арендаторлар	94,2	92,9	—1,3	67,9	60,7	—7,2

Меншікшілер аталған екі жылдағы барлық деректер бойынша экономикасы жағынан жоғарырақ тұр. Меншікшілер жағдайының нашарлауына қарағанда, арендаторлар жағдайының нашарлауы *күштірек* болып келеді.

Жеке аудандар туралы деректерді қарастыралық.

Бұрын көрсетіп өткеніміздей, арендаторлардың саны бәрінен де оңтүстікте көбірек және мұнда олардың са-

ны бәрінен тез өсіп отыр: 1900 жылғы 47,0 проценттен 1910 жылы 49,6 процентке дейін өскен. Капитал осыдан жарты ғасыр бұрын құл иеленушілікті жеңген еді, жеңгенде оны енді жаңартылған формада, атап айтқанда үлескерлік аренда түрінде *қайтадан қалпына түсіру үшін* жеңген екен.

Солтүстікте арендаторлардың саны едәуір аз және анағұрлым баяу өсіп келеді: не бары 1900 жылғы 26,2 проценттен 1910 жылы 26,5 процентке дейін өскен. Батыста арендаторлардың саны бәрінен де аз және осыауданда *ғана* оның саны артпай, қайта кеміп отыр: 1900 жылғы 16,6 проценттен 1910 жылы 14,0 процентке дейін кеміген. 1910 жылғы санақтың қорытындыларынан біз мыналарды оқимыз: «Арендатор фермалардың өте-мөте төмен проценті» «таулы және Тынық мұхит ауданында байқалады» (бұл екі аудан қосылып «батыс» болады); «мұндай жағдайдың болуы, күмән жоқ, бұл арада көбінесе мынадан: бұл аудандың екеуі де тек жуырда ғана қоныстандырылған және мұндағы фермерлердің көбісі жерін үкіметтен алып отырған гомстедерлер» (яғни пайдаланылмай бос жатқан жер учаскелерін тегін немесе болмашы ақы төлеп алып отырғандар) (V том, 104-бет).

Біз бұл арада Құрама Штаттардың өзіміз талай рет көрсеткен ерекшелігін тағы да өте-мөте айқын көріп отырмыз, бұл ерекшелік — онда пайдаланылмай, бос жатқан жердің болуы. Бұл ерекшелік, бір жағынан, капитализмнің Америкада өте-мөте кең жайылып, тез дамуына себепкер болды. Кең байтақ елдің белгілі бір аудандарында жерге жеке меншіктің болмауы капитализмді жоймайды,— бұл біздегі халықшылдардың есінде болсын! — қайта, керісінше, капитализмге керекті базаны кеңейтеді, оның дамуын жеделдетеді. Екінші жағынан, Европаның баяғыда-ақ қоныстанылған, байырғы, капиталистік елдеріне мүлде беймәлім осы ерекшелік Америкада елдің неғұрлым өнеркәсіпті және қазірдің өзінде қоныстанылған аудандарында болып жатқан ұсақ егіншілердің экспроприациялану процесін *бүркемелеуге* мүмкіндік беріп отыр.

Солтүстікті алайық. Біз мұнда мынадай жағдайды көреміз:

	1900	1910	Артқаны не кемігені
Барлық село халқы (миллион)	22,2	23,1	+3,9%
Барлық фермалар саны (мың)	2 874	2 891	+0,6%
Барлық меншікшілер саны (мың)	2 088	2 091	+0,1%
Барлық ферма меншікшілерінің саны (мың)	1 794	1 749	—2,5%

Біз бұл жерде меншікшілер санының біршама кемігенін ғана, фермерлердің және т. с. жалпы санымен салыстырғанда олардың ығыстырып шығарылғанын ғана көріп отырғанымыз жоқ, Құрама Штаттардың елдегі өңделген жердің барлық көлемінің 60 процентін қамтитын басты бөлегінде өндірістің өскенімен қатар меншікшілер санының тура *абсолютті түрде кемігенін де* көріп отырмыз!

Ал оның үстіне «солтүстік» болып саналатын төрт ауданның *бірінде,* атап айтқанда Орталық Солтүстік-Батыс ауданда, *гомстедтерді үлестіріп беру осы кезге дейін бар* екендігін де ұмытпау керек, мұның жалпы жиынтығы 10 жылдың ішінде, 1901—1910 жылдарда, 54 миллион акр жерге жетті.

Капитализмнің ұсақ егіншілікті экспроприациялау тенденциясының күштілігі соншалық, Америка «солтүстігінде», пайдаланылмай бос жатқан жердің он миллиондаған акры үлестіріліп беріліп жатқанына *қарамастан,* жер меншікшілерінің саны *абсолютті түрде кеміп* отыр.

Құрама Штаттардағы бұл тенденцияны әзірше тек екі жағдай ғана әлсіретіп отыр: 1) тепкідегі және қорлық көруші негр халқы бар оңтүстікте әлі бытыраңқыланбаған құл иеленушілік плантациялардың болуы және 2) батыстың қоныстанбағандығы. Бұл жағдайдың екеуі де капитализмге керекті ертеңгі күнгі базаны кеңейтетіндігі, капитализмнің бұдан да гөрі тез және бұдан да гөрі кеңінен дамуы үшін жағдай әзірлейтіндігі

айқын. Қайшылықтардың шиеленісуі және ұсақ өндірістің ығыстырылуы жойылмайды, қайта анағұрлым кең аренаға шығады. Капиталистік өрт өзіне жаңа, орасан көп, бұрынғыдан да жанғыш материал әзірлеудің арқасында «бәсеңсіген» тәрізденеді.

Одан соң. Ұсақ егіншіліктің экспроприациялануы туралы мәселеге келгенде біздің қолымызда мал иеленуші фермалардың саны туралы деректер бар. Құрама Штаттар жөніндегі жалпы қорытындылар мынадай:

Малы болған фермалар проценті	1900	1910	Артқаны не кемігені
жалпы асыранды малы барлар	95,8	94,9	—0,9
сауын сиырлары барлар	78,7	80,8	+2,1
жылқысы барлар	79,0	73,8	—5,2

Жалпы және тұтас алғанда, бұл деректер фермерлердің жалпы санына пропорциямен алғанда меншікшілер санының кемігендігін көрсетеді. Сауын сиыр ұстаушылардың проценті артқан, бірақ жылқы иелері санының кемуінен бұлардың артуы күшті емес.

Малдың негізгі екі түлігі жөніндегі шаруашылықтар топтары жайындағы деректерді қарастырып шығалық:

Фермалар топтары:	Сауын сиыры болған фермалар проценті		Артқаны не кемігені
	1900	1910	
20 акрга дейін	49,5	52,9	+3,4
20— 49 » »	65,9	71,2	+5,3
50— 99 » »	84,1	87,1	+3,0
100—174 » »	88,9	89,8	+0,9
175—499 » »	92,6	93,5	+0,9
500—999 » »	90,3	89,6	—0,7
1000 және одан да көп акр	82,9	86,0	+3,1
Бүкіл Құрама Штаттарда	78,7	80,8	+2,1

Сан жағынан алғанда сауын сиыр ұстайтын *ұсақ* фермалардың бәрінен де көбірек өскенін, онан соң ла-

тифундиялардың, онан кейін орташа фермалардың өскенін көріп отырмыз. 500—999 акр жері бар ірі қожайындардың сауын малы бар фермаларының проценті кеміп кеткен.

Жалпы алғанда бұл жерде, сірә, ұсақ егіншілік ұтып отырса керек. Алайда, сауын малын иеленудің ауыл шаруашылығында екі жақты мәні бар екендігін еске салайық: бір жағынан, мұның өзі жалпы алғанда әлауқаттың көтерілгенін және ішіп-жемнің жақсарғанын көрсетеді. Екінші жағынан — және көбінесе — ол сауда егіншілігі мен мал шаруашылығы салаларының біреуі: қалаларға және өнеркәсіп орталықтарына сатуға сүт өндірудің дамығанын көрсетеді. Осы сияқты фермаларды, «сүт» фермаларын, табыстың басты көздері бойынша американ статистиктерінің ерекше топқа бөлгенін біз жоғарыда көргенбіз. Бұл топ өңделген жердің және бүкіл жердің көлемі жағынан орташадан *төмен*, 1 акр жерге шаққанда, өндіріс сомасы жағынан алғанда орташадан *жоғары*, жалдама еңбекті пайдалану жағынан орташадан *екі есе жоғары* болуымен ерекше. Сүт шаруашылығында ұсақ фермалар ролінің артуы ұсақ учаскелерде жоғарыда суреттелген типке жататын *капиталистік* сүт фермаларының өсуін өте оңай көрсете алады —және көрсетуі әбден ықтимал. Салыстыру үшін алғанда, Америкада сауын малының *шоғырлануы* туралы деректер, міне, мынадай:

Аудандар:	1 фермаға келетін сауын сиырдың орташа саны		Артқаны
	1900	1910	
Солтүстік	4,8	5,3	+0,5
Оңтүстік	2,3	2,4	+0,1
Батыс	5,0	5,2	+0,2
Барлығы	3,8	4,0	+0,2

Біз сауын малына бәрінен гөрі бай солтүстік өзінің байлығын басқалардан гөрі көп арттырғанын көреміз. Байлықтың бұл артуы топтар бойынша былай бөлініп отыр:

Солтүстік Фермалар топтары:	1900 жылдан 1910 жылға дейін сауын сиырлар санының проценттік артуы немесе кемуі
20 акрға дейін	— 4% (фермалар санының артуы +10,0%)
20 акрдан 49 акрға дейін	— 3% (» » » —12,6%)
50 » 99 » »	+ 9% (» » » — 7,3%)
100 » 174 » »	+14% (» » » + 2,2%)
15 » 499 » »	+18% (» » » +22,7%)
500 » 999 » »	+29% (» » » +40,4%)
1000 және одан да көп акр	+18% (» » » +16,4%)
Барлығы	+14% (фермалар санының артуы + 0,6%)

Сауын малы бар ұсақ фермалар *санының* неғұрлым тез өсуі сауын малының ірі шаруашылықтарда неғұрлым тез *шоғырлануына* кедергі жасамаған.

Енді жылқысы болған фермалардың саны туралы деректерді қарастырып көрелік. Бұл жерде біздің қолымызда жұмыс көлігі туралы сауда егіншілігінің ерекше саласын көрсетпей, шаруашылықтардың жалпы құрылысын көрсететін мәліметтер бар.

Фермалар топтары:	Жылқысы болған шаруашылықтардың проценті 1900	1910	Кемігені
20 акрға дейін	52,4	48,9	—3,5
20 акрдан 49 акрға дейін	66,3	57,4	—8,9
50 » 99 » »	82,2	77,6	—4,6
100 » 174 » »	88,6	86,5	—2,1
175 » 499 » »	92,0	91,0	—1,0
500 » 999 »	93,7	93,2	—0,5
1000 және одан да көп акр	94,2	94,1	—0,1
Бүкіл Құрама Штаттарда	79,0	73,8	—5,2

Біз бұл арада шаруашылық ұсақ болған сайын, жылқысыздық мөлшерінің де соғұрлым күшейгендігін көріп отырмыз. Көрші топтарға қарағанда, капиталистік фермалары, өзімізге белгілі, біршама көп өте ұсақ (20 акрға дейін жері бар) шаруашылықтардан басқаларында — жылқысыздықтың тез кеміп бара жатқандығын және оның өсуінің неғұрлым баяу екендігін байқаймыз. Бай фермаларда бу күшімен жүргізілетін плугтарды және

механикалық двигательдердің басқа түрін пайдалану жұмыс малының кемуінің орнын аздап толықтыруы мүмкін, бірақ кедей шаруашылықтардың көпшілігінде мұндай мүмкіндік жоқ.

Ақырында, экспроприацияланудың өсуі залогке салынған фермалардың саны туралы деректерден де көрінеді:

Аудандар:	Залогке салынған фермалар проценті		
	1890	1900	1910
Солтүстік	40,3	40,9	41,9
Оңтүстік	5,7	17,2	23,5
Батыс	23,1	21,7	28,6
Бүкіл Құрама Штаттарда	28,2	31,0	33,6

Залогке салынған фермалардың проценті елдің барлық аудандарында ұдайы өсіп отыр, оның үстіне ең көп қоныстанған, өнеркәсіпті және капиталистік солтүстікте бұл процент мейлінше жоғары. Американ статистиктері: залогке салынған фермалар санының оңтүстікте өсуі, сірә, негрлерге және ақ фермерлерге учаскелеп сатылған плантациялардың «бытыратылуынан» болып отырса керек дейді (V том, 159-бет), сонымен бірге сатып алу бағасының тек бір бөлегі ғана төленеді, ал қалған бөлегі ипотекаға айналдырылады. Демек, құл иеленуші оңтүстікте өзінше бір *төлем операциясы* болып шығады. Ескерте кетелік, Құрама Штаттарда 1910 жылы негрлердің қолында барлығы 920 883 ферма, яғни фермалардың жалпы санының 14,5 проценті болған, оның бер жағында, 1900 жылдан 1910 жылға дейін ақ түстілер фермаларының саны 9,5% өскен, ал негрлер фермаларының саны екі еседен де тез — 19,6% өскен. Құл иеленушілерді «жеңгеннен» жарты ғасыр өткен соң да негрлердің «плантаторлардан» азаттық алуға ұмтылуы әлі де мейлінше жігерлі болуымен ерекше.

Жалпы айтқанда, фермаларды залогке салу үнемі мұқтаждықты көрсете бермейді — деп жазады тағы да сол жерде американ статистиктері — қайта, кейде мелиорация және т. с. жұмыстарға капитал табудың амалы болып шығады. Бұған дау жоқ. Бірақ бұл

даусыз пікір әлді шаруашылықтардың азшылығы ғана осындай жолмен мелиорацияға, т. т. капитал тауып, оны орнымен жұмсай алатынын, ал көпшілігі осы формадағы финанс капиталының шеңгеліне түсіп, бұрынғыдан бетер қатты күйзелетінін бүркемелеуге тиіс — буржуазияшыл экономистердің мұны бүркемелейтіні тым жиі кездеседі.

Фермерлердің финанс капиталына тәуелді болып отырғанына зерттеушілер өлшеусіз көп көңіл аударуы керек еді және аударуға тиісті де еді. Бірақ мәселенің бұл жағы, оның маңызы зор екеніне қарамастан, қағыс қалған.

Ал залогке салынған фермалар санының өсуі қалай болған күнде де оларға өктемдік жүргізу іс жүзінде капиталдың қолына көшкендігін көрсетеді. Әлбетте, ресми түрде және нотариус арқылы залогке салынған фермалардан басқа, жеке адамның мұншалықты қатаң шарт жасаспаған немесе санақ есебіне алынбаған, борыш торына шырмалған фермалар да аз емес.

15. ӨНЕРКӘСІП ПЕН ЕГІНШІЛІК ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРІНІСІ

Америкап статистикасының беріп отырған материалы, барлық кемшіліктеріне қарамастан, басқа елдердегі материалдардан өзінің толықтығы жағынан және оны жинау тәсілдерінің бірыңғайлығы жағынан анағұрлым тиімді. Осының арқасында өнеркәсіп туралы және егіншілік туралы 1900 және 1910 жылдардағы деректерді салыстыруға, халық шаруашылығының екі бөлігіндегі экономикалық укладтың және осы уклад эволюциясының жалпы көрінісін салыстыруға мүмкіндік туып отыр. Буржуазиялық экономияның өте-мөте көп тарап жүрген идеясы — айтқандайын, Гиммер мырзаның өзі де қайталап жүрген идея,—өнеркәсіп пен егіншілікті бір-біріне *қарама-қарсы қою.* Дәл және көптеген деректерге сүйене отырып, осы қарама-қарсы қоюшылықтың қаншалықты дұрыс екендігін қарастырып көрелік.

Өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың санынан басталық.

	Кәсіпорындар саны мың есебімен		Артқаны	Халықтың өсуі (қалалық, селолық)
	1900	1910	%	%
Өнеркәсіп	207,5	268,5	+29,4%	+34,8%
Ауыл шаруашылығы	5 737	6 361	+10,9%	+11,2%

Ауыл шаруашылығында кәсіпорындар әлдеқайда көп және ұсақ. Оның мешеулігі, бытыраңқылығы, шашырандылығы, міне, осыдан көрінеді.

Кәсіпорындардың жалпы санының ауыл шаруашылығында өсуі өнеркәсіптегіден анағұрлым баяу. Құрама Штаттарда басқа алдыңғы қатарлы елдерде жоқ екі жағдай бар, бұл жағдайлар егіншілікте кәсіпорындар санының өсуін өте-мөте күшейтіп, жеделдетіп отыр. Бұл, біріншіден, оңтүстікте құл иеленушілік латифундиялардың осы кезге дейін болып жатқан бөлшектенуі және «плантаторлар» қолындағы ұсақ учаскелерді негрлердің, сондай-ақ ақ түсті фермерлердің «ақы төлеп» алуы; екіншіден, жер сұраған кез келген адамға үкімет үлестіріп беріп жатқан, қоныстанбаған, бос жатқан жердің орасан көп болуы. Сөйте тұрса да, кәсіпорындардың саны егіншілікте өнеркәсіптегіден анағұрлым баяу өсіп отыр.

Мұның екі түрлі себебі бар. Бір жағынан, ауыл шаруашылығы натуралды сипатын әлі де айтарлықтай күшті дәрежеде сақтап отыр; бұрын шаруа семьясының жұмысы болып келген түрлі операциялар,— мысалы, түрлі құралдарды, үй жабдықтарын, т. т. өндіру және жамау-жасқау операциялары—егіншіліктен бөлініп кетіп жатыр, енді бұлар өнеркәсіптің ерекше бір саласы болып отыр. Екінші жағынан, ауыл шаруашылығына монополия тән нәрсе, мұның өзі өнеркәсіпте жоқ және оны капитализм тұсында құртуға болмайды; бұл — жер иелену монополиясы. Тіпті жерге жеке меншік жоқ болған күнде де — Құрама Штаттарда елдің өте көп аудандарында іс жүзінде мұның өзі осы кезге дейін жоқ,— жерді иелену, оны бөлек, жеке қожайындардың иеленуі монополияны туғызады. Елдің басты аудандарында бос жатқан жер жоқ, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының саны қазіргі кәсіпорындарды бөлшекте-

генде ғана артуы мүмкін; жаңа кәсіпорындарды ескі кәсіпорындармен қатар еркін түрде құру мүмкін емес. Жер иелену монополиясы егіншіліктің дамуына кедергі жасайды, мұның өнеркәсіптегіден айырмашылығы — бұл ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуын кідіртеді.

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарына жұмсалған капиталдың мөлшерін біз дәлме-дәл салыстыра алмаймыз, өйткені жердің құнына жер рентасы да кіреді. Өнеркәсіпке жұмсалған капитал мен өнеркәсіп өнімінің бағасын фермалардың барлық мүлкінің жалпы құнымен және егіншіліктің басты өнімінің бағасымен салыстыруға тура келеді. Бұл жерде құнның белгілі бір сомасының өсуін көрсететін проценттік қатынастарды ғана толық салыстыруға болады.

		Миллион доллар 1900	1910	Артқаны %
Өнеркәсіп	Барлық кәсіпорындардың капиталы	8 975	18 428	+105,3%
	Олардың өнімдерінің бағасы	11 406	20 671	+ 81,2%
Егіншілік	Фермалардың бүкіл меншігінің бағасы	20 440	40 991	+100,5%
	Бүкіл дәнді астық өнімдерінің бағасы	1 483	2 665	+ 79,8%
	Миллион бушель есебімен өнім мөлшері	4 439	4 513	+ 1,7%

Біз өнеркәсіпке жұмсалған капиталдың да, фермалардағы барлық меншіктің де құны 1900 жылдан 1910 жылға дейінгі 10 жыл ішінде *екі есе* артқанын көріп отырмыз. Орасан зор және негізгі айырмашылық мынада: бүкіл халық 21,0% артып отырғанның өзінде, егіншілікте негізгі өнімнің, дәнді астықтардың, өндірілуі болмашы процент — 1,7% қана артып отыр.

Егіншілік өзінің дамуында өнеркәсіптен қалып қойып отыр — мұның өзі *бүкіл* капиталистік елдерге тән құбылыс және халық шаруашылығының түрлі салаларының арасындағы пропорциялылықтың бұзылуының, дағдарыстар мен қымбатшылықтың ең негізгі себептерінің бірі.

Капитал егіншілікті феодализмнен азат етті, оны сауда айналымына тартты, ал сонымен бірге дүние жүзілік экономикалық даму жолына түсірді, оны тоқыраудан және орта ғасырлық мешеулік пен патриархтықтан шығарып алды. Бірақ капитал бұқараның жаншылуын, қаналуын, қайыршылыққа ұшырауын жоймағандығы былай тұрсын, қайта, керісінше, ол осы апаттарды жаңа түрде туғызып, олардың ескі формаларын «қазіргі» негізде қалпына келтіріп отыр. Капитализм өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы қайшылықты жоймағандығы былай тұрсын, қайта, керісінше, ол оны бұрынғыдан да гөрі ұлғайтып, шиеленістіре түсті. Капитал езгісінің ауыртпалығы егіншілікке барған сайын көбірек түсіп, бұл езгі көбінесе сауда мен өнеркәсіп сферасында пайда болып отыр.

Егіншілік өнімі мөлшерінің болмашы артуы (+1,7%) және оның бағасының орасан зор артуы (+79,8%), бір жағынан, жер рентасының ролін, жер иелерінің қоғамнан алатын алымдарының ролін бізге айқын көрсетеді. Өнеркәсіптің дамуына ілесе алмай, егіншіліктің артта қалып отырғандығын жер иелері өздерінің монополиялық жағдайы арқасында, өз қалтасына миллиондаған, миллиардтаған ақша салып алу үшін пайдаланады. Фермалардағы барлық меншік он жылдың ішінде 20½ *миллиард* доллар өсті. Осы соманың ішінде құрылыстардың, күш-көлік пен құрал-саймандар бағасының артуы тек 5 миллиард қана болып отыр. Жердің бағасы, капиталдандырылған жер рентасы 10 жылдың ішінде *15 миллиард* (+118,1%) өскен.

Екінші жағынан, біз бұл жерде ұсақ егіншілер мен жалдама жұмысшылардың *таптық* жағдайындағы айырмашылықты мейлінше айқын көріп отырмыз. Әрине, бұлардың қай-қайсысы болса да «еңбек етеді»; әрине, мүлде әр түрлі формада болғанымен, капитал тарапынан бұлардың қай-қайсысы болса да қаналады. Ал осыған сүйеніп, тек буржуазияшыл тұрпайы демократтардың ғана осы әр түрлі таптарды біріктіріп, ұсақ «еңбек» егіншілігі деп айтуы мүмкін. Мұның өзі бұрын болған *барлық* укладтарға тән белгіні: ұсақ егіншінің өмір сүруі үшін еңбектің, өз еңбегінің, дене еңбегінің

қажеттігін бірінші қатарға шығара отырып, шаруашылықтың *қоғамдық* құрылысын, оның буржуазиялық укладын бүркемелеу, боямалау деген осы.

Ұсақ егінші капитализм тұсында — мейлі ол осыны қаласын-қаламасын, ол мұны мейлі байқасын-байқамасын — товар өндіруші болып алады. Істің барлық түйіні, міне, осы өзгерісте. Осы өзгерістің өзі ғана, тіпті ол жалдама жұмысшыларды қанамағанның өзінде де, оны бәрібір пролетариатқа антагонист етеді, оны ұсақ буржуа етеді. Ол өзінің өнімін сатады, пролетар өзінің жұмыс күшін сатады. Ұсақ егіншілер, тап ретінде, егіншілік өнімдері бағасының қымбаттауына ұмтылмай отыра алмайды, ал мұның өзі олардың ірі жер иелерімен бірігіп, жер рентасын бөлісіп алуға қатысуымен бірдей, қалған қоғамға қарсы олардың помещиктермен ынтымақтас болуымен бірдей. Ұсақ егінші, товар өндірісінің дамуына қарай, өзінің *таптық* жағдайы жағынан сөзсіз *ұсақ аграрий* болып алады.

Ал жалдама жұмысшылардың ішінен олардың аз ғана бөлегінің бүкіл жалдама жұмысшылар табына қарсы өзінің қожайындарымен бірігіп кететін жағдайы болады. Бірақ мұның өзі атап айтқанда таптың *аз ғана бөлегінің бүкіл* тапқа қарсы өзінің жауымен бірігуі деген сөз. Бұқараның әл-ауқаты арттырылмайынша және қазіргі қоғамда үстем болып отырған капиталмен, бүкіл капиталистер табымен бұқараның антагонизмі шиеленісniейінше жалдама жұмысшылардың тап ретінде жағдайы жақсарады деп ойлауға болмайды. Керісінше, ұсақ егіншілердің тап ретінде жағдайының жақсаруы — олардың помещиктермен бірігуінің нәтижесі, олардың бүкіл қоғамнан жоғары жер рентасын алуға қатысуының, түгелдей немесе көбінесе жұмыс күшін сатуға тәуелді пролетарлардың және жартылай пролетарлардың бұқарасымен олардың антагонизмінің нәтижесі деп ойлауға әбден болатын құбылыс және мұның өзі тіпті капитализмге тән құбылыс.

Ұсақ егіншілермен салыстырғанда жалдама жұмысшылардың жағдайы — және саны — туралы америкап статистикасының деректері мынадай:

		1900	1910		Артқаны % есебімен
Өнеркәсіп	Жалдама жұмысшылар саны (мың)	4 713	6 615		+40,4%
	Олардың жалақысы (миллион доллар)	2 008	3 427		+70,6%
Егіншілік	Жалдама жұмысшылар саны	?	?	шамамен	+ 47,1%
	Олардың жалақысы (миллион доллар)	357	652		+ 82,3%
	Фермерлер саны (мың)	5 737	6 361		+10,9%
	Олардың басты өнімі, дәнді астықтар бағасы (миллион доллар)	1 483	2 665		+79,8%

Жұмысшылар өнеркәсіпте *ұтылып отыр*, өйткені жұмысшылардың саны түп-түтас 40% артып отырғанда, олардың табысы тек қана 70,6% артқан («тек қана», өйткені дәнді астықтардың бұрынғы мөлшеріне жуығы, бұрынғы мөлшерінің 101,7 проценті қазір бұрынғы бағаның 179,8 процентіне тең!!).

Ұсақ аграрийлер ретінде, ұсақ егіншілер пролетариаттың есебінен *ұтып отыр*. Ұсақ егіншілердің саны не бары 10,9% өскен (егер ұсақ фермерлердің өзін ғана бөліп алған күнде де, бәрібір тек 11,9 процент-ақ артқан),— өнім саны оларда өспеген десе де болады (+1,7%), ал өнім бағасы 79,8% өскен.

Әрине, сауда капиталы мен финанс капиталы осы жер рентасынан мол үлес алып отыр, бірақ дегенмен де ұсақ егіншілер мен жалдама жұмысшылардың таптық жағдайы, олардың қарым-қатынасы жағынан алғанда, ұсақ буржуа мен пролетардың жағдайына толық сәйкес келеді.

Жалдама жұмысшылардың көбеюі халықтың өсуін *басып озып* отыр (халықтың саны +21% өскенде, жалдама жұмысшылар +40% өсіп отыр). Ұсақ өндірушілер мен ұсақ егіншілердің экспроприациялануы өсуде. Халықтың пролетарлануы өсуде*.

Фермерлер санының өсуі — біздің білуімізше, олар-

* Егіншіліктегі жалдама жұмысшылардың саны, дұрысын айтқанда, олардың өсуі мынадай пропорциямен белгіленген: 82,3 : 70,6=x : 40,4, сөйтіп x=47,1 шығады.

дың ішінде меншікшілер санының одан да гөрі өсуі — халықтың өсуінен *кейін қалып отыр* (21 процентке қарсы 10,9 процент). Ұсақ егіншілер барған сайын монополистерге, ұсақ аграрийлерге айналып барады.

Енді өнеркәсіп пен егіншіліктегі ұсақ өндіріс пен ірі өндірістің қарым-қатынасына көз жіберелік. Өнеркәсіп жөніндегі деректер 1900 және 1910 жылдардағы деректерге емес, 1904 және 1910 жылдардағы деректерге жатады.

Өнеркәсіп орындарын өндіріс көлеміне қарай біз бас-ты-басты үш топқа бөлеміз, 20 000 долларға дейін сомасы бар өндірісті ұсақ кәсіпорындарға жатқызамыз, 20 мыңнан 100 мың долларға дейін сомасы барын орташа кәсіпорындарға, 100 000 доллар және одан да көбірек сомасы барын ірі кәсіпорындарға жатқызамыз. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жерінің көлеміне қарай топқа бөлмесек, басқаша бөлуге мүмкіндігіміз жоқ. Біз 100 акрға дейін жері бар фермаларды ұсақ кәсіпорындарға жатқызамыз, 100 акрдан 175 акрға дейін жері бар фермаларды орташа, 175 және одан да көп акр жері бар фермаларды ірі кәсіпорындарға жатқызамыз.

Кәсіпорындар топтары:		Кәсіпорындар саны, мың есебімен				Артқаны % есебімен
		1900	%	*1910*	%	
Өнеркәсіп	Ұсақтары	144	66,6	180	67,2	+25,0%
	Орташалары	48	22,2	57	21,3	+18,7%
	Ірілері	24	11,2	31	11,5	+29,1%
	Барлығы	216	100,0	268	100,0	+24,2%
Ауыл шаруашылығы	Ұсақтары	3 297	57,5	3 691	58,0	+11,9%
	Орташалары	1 422	24,8	1 516	23,8	+ 6,6%
	Ірілері	1 018	17,7	1 154	18,2	+13,3%
	Барлығы	5 737	100,0	6 361	100,0	+10,9%

Эволюцияның біртектестігі тамаша болып шығады.

Нақ орташа кәсіпорындардың үлесі өнеркәсіпте де, егіншілікте де кеміп келеді, бұлардың саны ұсақ кәсіпорындардан да, ірі кәсіпорындардан да баяу өсіп отыр.

Ұсақ кәсіпорындар ірі кәсіпорындарға қарағанда сан жағынан өнеркәсіпте де, егіншілікте де баяу өсіп отыр.

Түрлі типтегі кәсіпорындардың шаруашылық күшінің немесе шаруашылық ролінің өзгерістері қандай? Біздің қолымызда өнеркәсіп жөнінде өнімнің бағасы туралы, ауыл шаруашылық кәсіпорындар жөнінде фермалардың бүкіл меншігінің бағасы туралы деректер бар:

Кәсіпорындар топтары:		Миллион доллар 1900	%	1910	%	Артқаны % есебімен
Өнеркәсіп	Ұсақтары	927	6,3	1 127	5,5	+ 21,5%
	Орташалары	2 129	14,4	2 544	12,3	+ 19,5%
	Ірілері	11 737	79,3	17 000	82,2	+ 44,8%
	Барлығы	14 793	100,0	20 671	100,0	+ 39,7%
Ауыл шаруашылығы	Ұсақтары	5 790	28,4	10 499	25,6	+ 81,3%
	Орташалары	5 721	28,0	11 089	27,1	+ 93,8%
	Ірілері	8 929	43,6	19 403	47,3	+117,3%
	Барлығы	20 440	100,0	40 991	100,0	+100,5%

Эволюцияның біртектестігі бұл жерде де тамаша.

Өнеркәсіпте де, егіншілікте де ұсақ кәсіпорындар мен орташа кәсіпорындардың үлесі кеміп, тек ірі кәсіпорындардың ғана үлесі өсіп отыр.

Басқаша айтқанда, өнеркәсіпте де, егіншілікте де ұсақ өндірісті ірі өндіріс ығыстырып шығарып отыр.

Бұл жолы өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы айырмашылық мынада: өнеркәсіпте ұсақ кәсіпорындардың үлесі орташа кәсіпорындардың үлесінен гөрі біраз күшті өскен (+19,5 процентке қарсы +21,5 процент), ал егіншілікте бұған керісінше. Әрине, бұл айырмашылық онша үлкен емес, сондықтан бұған сүйеніп еш қандай жалпылама қорытынды жасауға болмайды. Бірақ фактінің аты факт: дүние жүзінің алдыңғы қатарлы капиталистік елінде соңғы он жылдың ішінде өнеркәсіпте ұсақ өндіріс орташа өндірістен көбірек күшейді, ал егіншілікте керісінше. Бұл фактінің өзі ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығару заңын өнеркәсіп сөзсіз және түгелімен қуаттайды дейтін, ал егіншілік ол заңды теріске шығарады дейтін буржуазияшыл экономистердің көп тараған пікірлерінің қаншалықты үстіртін пікір екенін көрсетеді.

Құрама Штаттар егіншілігінде ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруы болып қана жатқан жоқ, сонымен бірге мұның өзі өнеркәсіптегіден гөрі үлкен заңдылықпен немесе бірқалыпты жүріп жатыр.

Мұнымен бірге жоғарыда біз дәлелдеген жағдайды, атап айтқанда, ауыл шаруашылықтарын жеріне қарай топтастыру ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығару процесін *кемітіп көрсетеді* деген жағдайды ұмытпау керек.

Қазірдің өзінде шоғырланудың қол жеткен *дәрежесіне* келетін болсақ, бұл жағынан егіншілік өте артта қалып отыр. Өнеркәсіпте ірі кәсіпорындардың 11 проценті барлық өндірістің оннан сегізінен астамын өз қолында ұстап отыр. Ұсақ кәсіпорындардың ролі болмашы ғана: өндірістің 5,5 проценті кәсіпорындардың жалпы санының $^2/_3$ бөлігінің қолында! Бұған қарағанда егіншілікте әлі бытыраңқылық басым: ұсақ кәсіпорындардың 58 проценті фермалардың барлық мүлкінің жалпы құнының төрттен бірін береді; ірі кәсіпорындардың 18 проценті — жартыдан азырағын береді (47%). Егіншіліктегі кәсіпорындардың барлық саны өнеркәсіптегі кәсіпорындардың санынан 20 еседен астам көп.

Мұның өзі егіншіліктің эволюциясын өнеркәсіптің эволюциясымен салыстырсақ, егіншіліктегі капитализм ірі машина индустриясынан гөрі мануфактуралық сатыға жақын тұр деген бұрын жасалған қорытындыны растайды. Егіншілікте қол еңбегі әлі басым, ал машиналарды қолдану, әлгімен салыстырғанда, өте-мөте нашар. Бірақ келтірілген деректер егіншілік өндірісін оның дамуының қазіргі дәрежесінде де қоғамдастыру мүмкін емес дегенді тіпті де дәлелдемейді. Кімде-кім банктерді өз қолында ұстап отырған болса, ол адам Американың барлық фермаларының үштен бірін *тікелей* өз қолында ұстап, ал фермалардың күллі көпшілігіне жанамалап үстемдік жасап отыр. Бүкіл өндірістің жалпы сомасының жартысынан астамын беретін миллион шаруашылықтың өндірісін жалпы бір жоспармен ұйымдастыру — әр түрлі одақтардың қазіргі дамуында және қарым-қатынас техникасы мен транспорттың қазіргі дамуында сөзсіз жүзеге асырылатын нәрсе.

16. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАР

Құрама Штаттардағы 1900 және 1910 жылдардағы ауыл шаруашылық санақтары халық шаруашылығының осы саласындағы әлеуметтік статистиканың соңғы жетістігі болып табылады. Бұл — алдыңғы қатарлы елдердегі бар материалдардың ең жақсысы, мұнда миллиондаған шаруашылықтар қамтылады және ауыл шаруашылығының капитализм тұсындағы эволюциясы туралы іс жүзінде дәл қорытындылар жасап, пікірлер айтуға мүмкіндік береді. Бұл эволюцияның заңдарын осы материалға сүйене отырып зерттеуге болатын әсіресе тағы бір себебі: Америка Құрама Штаттары — көлемі неғұрлым кең, қарым-қатынастары мейлінше әр алуан, капиталистік егіншіліктің сыр-сипаты мен формалары өте-мөте мол ел.

Біз мұнда, бір жағынан, егіншіліктің құл иеленушілік — немесе, осы ретте бәрібір, феодалдық — укладынан саудалық және капиталистік укладқа көшуін байқаймыз; екінші жағынан, неғұрлым еркін, алдыңғы қатарлы буржуазиялық елде капитализмнің мейлінше кең өріс алып, тез дамуын көреміз. Ал сонымен қатар демократиялық-капиталистік жолға қойылған кең көлемдегі ғажап отарлануды көреміз.

Біз мұнда цивилизациялы, ескі капиталистік, Батыс Европаның көптеген жерлері сияқты, өте өнеркәсіпті, жоғары дәрежеде интенсивті, әлдеқашан қоныстандырылған аудандарды да көреміз; — Россияның кейбір шет аймақтары немесе Сибирьдің кей бөлегі сияқты қарапайым-экстенсивті егіншілік және мал шаруашылық аудандарын да көреміз. Біз ірі фермалардың да, ұсақ фермалардың да мейлінше әр алуан типтерін: бұрынғы құл иеленуші оңтүстіктің және отарланып жатқан батыстың, Атлант мұхитының күшті дамыған капиталистік солтүстік жағалауының ірі латифундияларын, плантацияларын көреміз;— үлескер-негрлердің ұсақ фермаларын да, өнеркәсіпті солтүстіктің рыногына сүт немесе овощтар өндіретін немесе Тынық мұхиттың жағалауында жеміс-жидек өсіретін ұсақ капиталистік фермаларды да көреміз;—жалдама жұмысшылары бар «би-

дай фабрикаларын» да, «өз қолының еңбегімен» өмір сүретіндігі туралы жалған үмітке әлі де сеніп жүрген «дербес» ұсақ егіншілердің *гомстедтерін* де көреміз.

Бұрынғыны да, болашақты да, Европаны да, Россияны да қамтитын қатынастардың алуан түрлі болуы ғажап. Айтар болсақ, бүкіл жердің шаруаларға ақы төлемей өтуі, прогресті, бірақ сөзсіз капиталистік жолмен өтуі, мүмкіндігінің салдары туралы мәселе жөнінде Россиямен салыстыру мейлінше ғибрат аларлық.

Егіншілікте капитализм дамуының жалпы заңдарын және осы заңдардың көрініс формаларының әр алуандығын Құрама Штаттардың мысалына сүйеніп зерттеу бәрінен де қолайлы. Ал мұндай зерттеу төмендегідей қысқаша қағидалармен жиынтықтауға болатын қорытындылар жасауға әкеледі.

Өнеркәсіппен салыстырғанда, егіншілікте қол еңбегі машина қолданудан анағұрлым басым. Бірақ машина шаруашылықтың техникасын өрге бастырып, оны негұрлым ірі, негұрлым капиталистік шаруашылық етіп, үнемі алға басып келеді. Қазіргі егіншілікте машиналар капиталистік жолмен пайдаланылады.

Егіншіліктегі капитализмнің басты белгісі мен көрсеткіші — жалдама еңбек. Жалдама еңбектің дамығанын, машиналарды пайдаланудың өскені сияқты, біз елдің *барлық* аудандарынан, ауыл шаруашылығының барлық салаларынан көріп отырмыз. Жалдама жұмысшылар санының өсуі елдің барлық халқының және село халқының өсуін басып озып отыр. Фермерлер санының өсуі село халқының өсуінен кейін қалып отыр. Тап қайшылықтары күшейіп, шиеленісе түсуде.

Егіншілікте ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруы ілгері басып келеді. Фермалардың барлық мүлкі туралы 1900 және 1910 жылдардың деректерін салыстыру осыны толық дәлелдейді.

Бірақ зерттеушілер 1910 жылы Америкада — Европаның барлық жерлеріндегі сияқты — шаруашылықтарды жер көлеміне қарай саралаумен тынғандықтан, бұл ығыстырып шығару кемітіліп, ұсақ егіншілердің жағдайы боямаланып көрсетіліп отыр. Егіншіліктің интен-

сивтендірілуі ұлғайып, жеделдей түскен сайын, әлгіндей кемітілу мен боямалану ұлғая береді.

Капитализм экстенсивті аудандарда жерінің көлемі жағынан ірі шаруашылықтардың дамуын жеделдету жолымен ғана емес, сонымен қатар интенсивті аудандарда жердің анағұрлым ұсақ учаскелерінде өндіріс көлемі жағынан неғұрлым ірі, неғұрлым капиталистік шаруашылықтарды құру жолымен де өседі.

Қорыта келгенде өндірістің ірі шаруашылықтарға шоғырлануы іс жүзінде күшті,— ұсақ өндірістің ығыстырылып шығарылуы жер көлеміне қарай әр түрлі мөлшердегі фермалар туралы әдеттегі деректердің көрсетуінен гөрі іс жүзінде ілгерілеп және тереңдеп отыр. Неғұрлым мұқият, егжей-тегжейлі және ғылыми түрде жасалған 1900 жылғы санақ деректері бұл жөнінде күмәндануға орын да қалдырмайды.

Ұсақ егіншіліктің экспроприациялануы ілгері басып келеді. Соңғы он жыл бойы фермерлердің жалпы санының ішінде меншікшілер проценті үнемі кеміп отыр, ал фермерлер санының өсуіне келетін болсақ, ол халықтың өсуінен кейін қалып отыр. Егіншілік өнімдерінің аса көпшілігін беретін және құл иеленушіліктің қалдықтары да, зор көлемдегі отарлану да жоқ ең басты ауданда, солтүстікте бүкіл ферма меншікшілерінің саны мүлде кеміп келеді. Соңғы он жылда жалпы мал иеленуші фермерлердің проценті кеміген; сауын малы бар қожайындар процентінің артуына қарама-қарсы, әсіресе ұсақ фермерлердің арасында жылқысы жоқ қожайындар проценті артқан және анағұрлым көп артқан.

Жалпы және тұтас алғанда өнеркәсіп пен егіншілік жөніндегі бір мезгілде алынған бірыңғай деректерді салыстыру егіншілік орасан артта қалып отырса да, бізге эволюция заңдарының тамаша біркелкілігін, ұсақ өндірістің қай жерде болса да ығыстырылып шығарылып жатқанын көрсетеді.

ЕКІНШІ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ[76]

Жеке елдердің бірқатар өкілдерімен кеңескеннен кейін бюро (I. S. K.) қаулы етеді:

Циммервальд шешімдері негізінде тұрған социалистердің екінші *конференциясы* шақырылсын.

Күн тәртібі:

1) соғысқа қарсы күрес;

2) соғыс пен ұлтшылдыққа қарсы социалистердің интернационалдық бірігуі;

3) ұйымдастырудың, үгіттің және үкіметтерге қарсы күрестің практикалық шаралары;

4) Циммервальд шешімдерін дамыту.

Конференцияның шақырылу мерзімі 1916 жылғы 15 апрель болып белгіленсін.

Бұл шешім жариялансын (жарияланғанда мерзімі 15 март деп өзгертілсін).

Циммервальд шешімдері негізінде тұрған социалистердің барлық ұйымдары күн тәртібіндегі барлық мәселелерді және қарарлардың жобаларын талқылауға (дискуссияға) шақырылсын[77]. Жобалар (2—3 делегат қол қойып) «Berner Tagwacht»-та басылады.

1916 ж. 23 және 27 январь (5 және 9 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет 1948 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 22-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

1916 ж. 24 АПРЕЛЬДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯ ЖӨНІНДЕ

ДЕЛЕГАЦИЯНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

1. Тек Циммервальд конференциясының шешімдерін жақтаушы саяси немесе кәсіптік ұйымдардың өкілдері немесе жеке адамдар ғана жіберіледі.

2. Ресми партиялары немесе кәсіптік ұйымдары I. S. K.-ға қосылған елдерден тек осы ұйымдар тағайындаған өкілдер ғана жіберіледі.

3. Ресми партиялары немесе кәсіптік ұйымдары I. S. K.-ға қосылмаған елдерден тек мынадай ұйымдар мен топтардың өкілдері ғана жіберіледі:

а) ол елде ауызша немесе жазбаша Циммервальд шешімдерінің рухында қимыл жасайтындар;

б) өзінің қызметімен I. S. K.-ны қолдаушылар.

4. Жеке адамдарға тек ерекше жағдайда ғана және тек кеңесші дауыспен ғана өкілдік беріледі.

5. Мандаттардың дұрыстығы жөніндегі таластарды комиссия дәлелдерді тыңдағаннан кейін және жағдайларды есепке алу арқылы шешеді; бұл комиссияны конференция 9 мүшеден сайлайды, бұл мүшелердің санына I. S. K.-ның 4 мүшесі де енеді.

6. Дауыс беру тәртібін конференция белгілейді.

[[Қосымша жарияланбасын,— протоколға енгізілген:

Циммервальдта болған жолдастардың екінші конференцияға кеңесші дауыспен қатысуға *правосы* (французша тексте «le droit») бар.]]

1916 ж. 23 және 27 январь (5 және 9 февраль) аралығында неміс тілінде жазылған

1916 ж. 29 февральда «Bulletin. Internationale Sozialistische Kommission zu Bern»-нің 3-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1948 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 22-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

БЕРНДЕГІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ МИТИНГІДЕ 1916 ж. 8 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[79]

Жолдастар! Европалық соғыстың лапылдап жатқанына, міне, бір жарым жылдан асып та барады. Сондықтан Циммервальд манифесі «отан қорғау» жөніндегі бос сөздер және сол сияқтылар капиталистер тарапынан болған алдаудан басқа ештеңе де емес дегенде, оның шындықты айтқаны жұмысшылар бұқарасына соғыстың әрбір айы, әрбір күні өткен сайын айқындала түсіп отыр. Бұл соғыстың *капиталистердің, қандыбалақ қарақшылардың соғысы* екені күн өткен сайын айқындала түсіп отыр; олар бір-бірімен олжаны кім көбірек алар екен, басқа елдерді кім көбірек тонап, өзге ұлттарды кім көбірек жаныштап, құлдыққа түсірер екен деп таласып жатыр.

Біздің *Россияда* да тек қанқұйлы патша өкіметі ғана емес, тек капиталистер ғана емес, сонымен қатар социалист дейтіндердің немесе бұрынғы социалистердің бір бөлегі де Россия «қорғаныс соғысын» жүргізіп жатыр, Россия тек герман шапқыншылығына ғана қарсы күресіп жатыр дегенді айтады; бұлай деу шындыққа жанаспайтын, әсіресе швейцариялық жолдастар үшін шындыққа жанаспайтын сияқты естіледі, бірақ дегенмен де бұл рас. Оның үстіне патша өкіметінің Россияда ондаған жылдар бойы басқа ұлттардың жүз миллионнан аса адамын қанап отырғанын, Россия-

ның ондаған жылдар бойы Қытайға, Персияға, Арменияға, Галицияға қарсы қарақшылық саясат жүргізіп отырғанын шынына келгенде бүкіл дүние жүзі біледі. *Россияның да, Германияның да және басқа ұлы державалардың ешқайсысының да «қорғаныс соғысы» жөнінде сөз етуге хақысы жоқ:* ұлы державалардың бәрі империалистік, капиталистік соғысты, қарақшылық соғысты, шағын және өзге халықтарды езгіге салу жолындағы соғысты, капиталистердің пайда табу мүддесін көздейтін соғысты жүргізіп жатыр; капиталистер бұқараның сұрапыл қасіретінен, пролетарлардың қанынан өздерінің миллиардтаған кірістеріне қосылатын таза алтын сығып алып жатыр.

Бұдан төрт жыл бұрын, 1912 жылы ноябрьде, соғыстың төніп келе жатқаны айқын болған кездің өзінде-ақ бүкіл дүние жүзі социалистерінің өкілдері Базельдегі Халықаралық социалистік конгреске жиналды. Төніп келе жатқан соғыстың ұлы державалар арасындағы, алып жыртқыштар арасындағы соғыс болатындығына, соғысқа кінәлы *барлық* ұлы державалардың үкіметтері мен капиталистік табы екендігіне сол кездің өзінде-ақ күмәндануға болмайтын еді. Сондықтан бүкіл дүние жүзінің социалистік партиялары *бірауыздан* қабылдаған Базель манифесі осы ақиқатты ашықтан-ашық айтқан болатын. *Базель манифесінде «қорғаныс соғысы» туралы, отан қорғау» туралы бір сөз де айтылмайды.* Ол *барлық* ұлы державалардың үкіметтері мен буржуазиясын бірін қалдырмай әшкерелейді. Ол соғыстың орасан зор қылмыс болатынын, жұмысшылардың бірін-бірі атуды қылмыс деп санайтынын, соғыс сұмдықтарының, оларға қарсы жұмысшылардың ашу-ызасының қалай да *пролетарлық революцияға* әкеліп соғуға тиіс екенін ашықтан-ашық айтады.

Соғыс өрті шынымен лап еткен кезде Базельде бұл соғыстың сипаты дұрыс анықталғанын жұрт көрді. Бірақ социалистік және жұмысшы ұйымдары Базель қаулыларын бірауыздан мақұлдамады, олар жікке бөлінді. Біз қазір дүние жүзінің барлық елдерінде социа-

листік және жұмысшы ұйымдарының екі үлкен лагерьге қалай бөлінгенін көріп отырмыз. Азшылық жағы, атап айтқанда көсемдер, функционерлер мен чиновниктер, социализмге опасыздық жасады да, үкіметтер жағына шығып кетті. Екінші жағы, саналы жұмысшы бұқарасын қамтитын жағы өз күштерін одан әрі жинап, соғысқа қарсы пролетарлық революция үшін күресіп жатыр.

Айта кетелік, осы екінші жақтың көзқарастары Циммервальд манифесінде баяндалды.

Бізде, Россияда Думадағы *жұмысшы депутаттары* соғыстың ең басынан бастап-ақ соғысқа және патшалық монархияға қарсы батыл революциялық күрес жүргізді. Жұмысшылардың бес депутаты: Петровский, Бадаев, Муранов, Шагов және Самойлов соғысқа қарсы революциялық үндеу хат таратып, жігерлі түрде революциялық үгіт жүргізді. Патша өкіметі бұл 5 депутатты тұтқынға алуға бұйрық шығарып, сотқа берді және Сибирьге өмір бойына жер аударуға кесті. Россия жұмысшы табының көсемдері Сибирьде айлар бойы саргайып жатыр, бірақ олардың ісі күйреген жоқ, олардың жұмысын бүкіл Россияның саналы жұмысшылары сол бағытпен жүргізіп келеді.

Жолдастар! Сіздер мұнда әр түрлі елдердің өкілдерін тыңдадыңыздар, олар сіздерге жұмысшылардың соғысқа қарсы революциялық күресі туралы айтты. Мен сіздерге өте зор және өте бай елден, атап айтқанда Америка Құрама Штаттарынан тағы бір мысал ғана келтіргім келеді. Бұл елдің капиталистері қазір европалық соғыстан орасан зор пайда тауып отыр. Сондықтан олар да соғысты жақтап үгіт жүргізуде. Олар соғысқа қатысуға Америка да әзірленуге тиіс, халықтың жүздеген миллион доллар ақшасы жаңа қару-жарақтар жасау, шексіз қарулана беру үшін сыпырып алынуға тиіс дейді. Американда да социалистердің бір бөлегі осы жалған үндеуге, осы қылмысты үндеуге еріп кетіп жүр. Бірақ мен сіздерге американ социалистерінің ең әйгілі көсемі, республика президенті қызметіне амери-

кан социалистік партиясынан ұсынылып отырған кандидат *Евгений Дебс* жолдастың не деп жазғанын оқып берейін.

1915 жылы 11 сентябрьде американ газеті «Appeal to Reason»-да («Парасатқа Шақыру»)[80] ол былай деген: *«Мен капиталистік солдат емеспін, мен пролетарлық революционермін, мен плутократияның тұрақты армиясының қатарында емеспін, халықтың иррегулярлық армиясының қатарындамын. Мен капиталистік таптың мүддесін көздейтін соғысқа барудан бас тартамын. Мен соғыс атаулыға қарсымын, бір ғана соғысты білем, осы бір ғана соғысты: әлеуметтік революция үшін жасалатын дүние жүзілік соғысты жан-тәніммен жақтаймын. Егер үстем таптар жалпы алғанда соғысты қажет ететін болса, мен әлгі айтылған соғысқа қатысуға әзірмін».*

Американ жұмысшыларына олардың сүйікті көсемі, американ Бебелі, *Евгений Дебс* жолдас осылай деп жазады.

Ал мұның өзі сіздерге, жолдастар, *дүние жүзінің барлық елдерінде жұмысшы табының күшін жинау шын мәнісінде әзірленіп жатқанын* тағы да көрсетіп отыр. Халықтың соғыстан көрген сұмдықтары мен шеккен азаптары адам айтқысыз, бірақ біз келешекке түңіліп қарауға тиіс емеспіз және оған бізде ешқандай негіз де жоқ.

Соғыста және соғыс салдарынан миллиондардың құрбан болуы тегін кетпейді. Ашыққан миллиондар, өз өмірлерін окоптарда құрбан етуші миллиондар тек азап шегіп қана жатқан жоқ, сонымен қатар күш те жинап жатыр, соғыстың шын себептері жөнінде ойланып, өздерінің жігерлерін шыңдап, барған сайын неғұрлым айқын революциялық түсінік алуда. Бұқараның өсіп келе жатқан ашу-ызасы, өсіп келе жатқан толқулар, стачкалар, демонстрациялар, соғысқа қарсы наразылықтар,— осылардың бәрі дүние жүзінің *барлық*

елдерінде болып жатыр. *Ал мұның өзі біз үшін европалық соғыстан кейін капитализмге қарсы пролетарлық революцияның туатындығына кепіл болады.*

«Berner Tagwacht» № 33, 9 февраль, 1916 ж.

Орыс тілінде бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XIX том

«Berner Tagwacht» газетінің тексті бойынша басылып отыр Неміс тілінен аударма

ФРАНЦИЯДАҒЫ ОППОЗИЦИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

(САФАРОВ ЖОЛДАСҚА ХАТ)

10/II. 1916.

Қымбатты жолдас! Сіздің Франциядан қуылуыңызды, айта кетейік, тіпті шовинистік *«La Bataille»* [81] газеті де наразылық білдіріп атап өтті, алайда, ол газет шындықты, атап айтқанда: Сіздің оппозицияға тілектестік білдіргеніңіз үшін қуылғаныңызды айтқысы келмеді; Сіздің осы қуылуыңыз Франциядағы оппозицияның жағдайы мен міндеттері туралы толғағы жеткен мәселені менің есіме тағы да түсірді.

Мен Циммервальдта Бурдерон мен Мергеймді көрдім. Мен олардың есептерін тыңдадым және олардың жұмыстары жөнінде газеттерден оқыдым. Олардың адалдығына және пролетариат ісіне берілгендігіне мен аз да болса күмән келтіре алмаймын. Бірақ дегенмен олардың тактикасы қате екендігі айқын. Олардың екеуі де бәрінен гөрі жікке бөлінуден қорқады. Франциядағы социалистік партияның немесе жұмысшы синдикаттарының жікке бөлінуіне, немесе II Интернационалдың жікке бөлінуіне, III Интернационалды құруға әкеп соғатын бір қадам да жасамау керек, бір сөз де айтпау керек — Бурдеронның да, Мергеймнің де ұраны, міне, осындай.

Оның бер жағында дүние жүзіндегі жұмысшы қозғалысының және социализмнің жікке бөлініп отырғаны—факт. Соғыс жөнінде жұмысшы табының ымыраға келмейтін екі тактикасы мен саясаты айқын көрініп отыр. Мұны көрмеу күлкі туғызады. Ымыраға келмей-

тін нәрсені ымыраластыруға тырысу — өзінің барлық жұмысын дәрменсіздікке душар ету деген сөз. Германияда тіпті депутат Otto Rühle, Либкнехттің жолдасы, партияның жікке бөлінуі созсіз деп ашықтан-ашық мойындады, өйткені партияның қазіргі көпшілігі, неміс партиясының ресми «жоғарғы топтары» буржуазия жағына шығып кетті. «Центрдің» немесе «батпақтың» (le marais) өкілдері дейтіндердің, Каутский мен «Vorwärts»-тің [82], Рюлеге қарсы және жікке бөлінуге қарсы наразылығы тек отірік пен екіжүзділік әрекеттен ғана құралған; бұл екіжүзділік қаншама «адал ниетті» болып көрінгенімен де бәрібір екіжүзділік. Каутский мен «Vorwärts» неміс партиясының көпшілігі іс жүзінде *буржуазияның* саясатын жүргізіп отыр деген фактіні теріске шығара алмайды және тіпті оны теріске шығаруға да тырыспайды. Мұндай көпшілікпен бірігу жұмысшы табы үшін зиянды. Мұндай бірлік — жұмысшы табын «өз» ұлтының буржуазиясына бағындыру, халықаралық жұмысшы табын жікке бөлу. Сондықтан Германияда *екі партия* бар деп Рюле іс жүзінде дұрыс айтып отыр. Бір партия, ресми партия, буржуазияның саясатын жүргізіп отыр. Екіншісі, азшылығы, құпия үндеулер басып шығарады, демонстрациялар ұйымдастырады, т. т. Бүкіл дүние жүзінде де жағдай осындай, сондықтан Германиядағы Каутский, Франциядағы Лонге, Россиядағы Мартов пен Троцкий тәрізді дәрменсіз дипломаттар немесе «батпақ» *жалған* бірлікті қорғап, сол арқылы барлық елдер *оппозицияларының* толғағы жеткен, көкейтесті бірлігіне, III Интернационалды құруға *бөгет жасай отырып,* жұмысшы қозғалысына орасан зор зиян тигізіп отыр. Англияда тіпті «Labour Leader» сияқты баяу газеттің өзі де Russel Williams-тың жұмысшы синдикаттарының «көсемдерінен» және жұмысшы табының мүддесін «сатып кеткен» «Жұмысшы партиясынан» (Labour Party) *жікке бөлінудің* қажеттігі жөніндегі хаттарын басып шығарды. «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» (Independent Labour Party) бірқатар мүшелері де өздерінің Russel Williams-қа тілектестігі туралы баспасөз бетінде мәлімдеп отыр. Жұмысшылардың әскери-өнеркәсіп комитеттеріне кіруін

ақтайтын «патриоттардан», яғни «Ұйымдастыру комитеті»—ҰК партиясынан жікке бөлінудің сөзсіз екендігін қазір Россияда «бітістіруші» Троцкийдің өзі де мойындауға мәжбүр болып отыр. Ал Думадағы Чхеидзенің фракциясымен «бірлікті» Троцкий тек жалған өзімшілдігінен ғана қорғап келеді, өйткені бұл фракция — «патриоттар» мен «Ұйымдастыру комитетінің» ең сенімді досы, бүркеушісі, қорғаушысы.

Тіпті Америка Құрама Штаттарында да іс жүзінде толық жіктеліс бар. Өйткені онда кейбір социалистер армияны, «әзірлікті» («preparedness»), соғысты жақтайды. Басқалары, олардың ішінде жұмысшылардың ең әйгілі көсемі, республика президенті қызметіне социалистік партиядан ұсынылып отырған кандидат Евгений Дебс (Debs) те, халықтардың соғысына қарсы азамат соғысын уағыздайды!

Ал Бурдерон мен Мергеймнің өздерінің *істеріне* қараңызшы! Олар сөз жүзінде жікке бөлінуге қарсы. Ал енді Француз социалистік партиясының [83] конгресіне Бурдерон ұсынған қарарды оқып көріңізші. Бұл қарарда социалистердің министрліктен шығуы талап етіледі!! Қарар тура «désapprouve» және С. А. Р. және G. Р. (*C. A. P.*=Comité Administratif Permanent, *G. P.*= Groupe Parlementaire)*!!! Мұндай қарардың қабылдануы социалистік партияның *да*, синдикаттардың *да* жікке бөлінгенін көрсеткен болар еді, мұның өзі айдан анық нәрсе, өйткені Ренодель, Самба, Jouhaux et C° мырзалар мұнымен ешқашан да келісе алмайды.

Bourderon мен Merrheim Циммервальд конференциясы *көпшілігінің* қатесіне, әлсіздігіне, жалтақтығына қосылып отыр. Бір жағынан, бұл көпшілік өздерінің манифесінде *жанамалап революциялық* күреске шақырады, бірақ мұны ашық айтуға қорқады. Бір жағынан, бұл көпшілік былай деп жазады: *барлық* елдердің капиталистері бұл соғыста «отан қорғау» жөнінде *өтірік айтады*. Екінші жағынан, бұл көпшілік бәрібір әрбір ойшыл жұмысшы айтатын, атап айтқанда: тек капиталистер ғана емес, сонымен қатар Ренодель, Самба, Лон-

* — Тұрақты әкімшілік комиссиясымен де, Парламенттік топпен де «келіспейді». *Ред.*

ге, Hyndmann, Kautsky, Plechanoff et C° те *өтірік айтып отыр* деген айқын шындықты қоса айтудан қорықты!! Циммервальд конференциясының көпшілігі Вандервельдемен, Гюисманспен, Ренодельмен және К°-мен қайта татуласқысы *келеді.* Мұның өзі жұмысшы табына *зиянды,* сондықтан «Циммервальд солшылдары» жұмысшыларға шындықты *ашық* айтып, дұрыс істеді.

Les socialistes-chauvins *-тің екіжүзділік жасап отырғанына қараңызшы: олар Францияда *неміс* «minorité»**-сін, Германияда — *француз* «minorité»-сін мақтайды!!

Егер француз оппозициясы тура, ашықтан-ашық, жалтақтамай, бүкіл дүние жүзіне былай деп мәлімдесе: біз тек неміс оппозициясымен *ғана,* **тек Рюлемен** және оның пікірлестерімен ғана ынтымақтаспыз!! Ашық та, жасырын да социал-шовинизмнен, socialisme chauvin, яғни осы соғыста «отан қорғаушылардың» бәрінен жалтақтамай қол үзгендермен ғана ынтымақтаспыз!! Біз өзіміз отарларды қорғауды «отан қорғау» деп атайтын француз «патриоттарынан» қол үзуден *қорықпаймыз,* сондықтан біз барлық елдердің социалистері мен синдикалистерін *дәл осылай қол үзуге* шақырамыз!! Біз Otto Rühle мен Либкнехтке, соларға және *тек* солардың пікірлестеріне ғана қол ұсынамыз, біз француздың да, немістің де «majorité»-сі мен «le marais»***-ына қарғыс айтамыз. Біз бұл соғыста «отан қорғау» туралы жалған сөздерден қол үзген және дүние жүзілік пролетарлық революцияны уағыздау мен әзірлеу жолында жұмыс істеп жатқан бүкіл дүние жүзі социалистерінің халықаралық ұлы бірлігін жариялаймыз! — осылай десе, бұл пікірдің қаншалықты орасан зор маңызы болар еді.

Мұндай үндеу хаттың орасан зор маңызы болар еді. Мұның өзі екіжүзділерді қуып шығып, халықаралық алдап-арбаушылықтың бетін ашып, әшкерелеген болар еді, бүкіл дүние жүзінде интернационализмге адалды-

---

* — социал-шовинистер. *Ред.*

** — «азшылық». *Ред.*

*** — «көпшілік» және «батпақ». *Ред.*

ғын *шын мәнінде* сақтап қалған жұмысшылардың жақындасуына аса зор түрткі болар еді.

Францияда анархистік бос сөз әрқашан да көп зиян тигізіп келді. Ал қазір Кропоткин, Grave, Cornelissen, de la «Bataille *Chauviniste*» *-нің басқа да рыцарьлары сияқты анархист-патриоттар, анархист-chauvins-тер орасан көп жұмысшыларды анархистік бос сөздерден сауықтыруға жәрдемдеседі. «Анархист-патриоттар» мен анархист-chauvins-тер «жойылсын» деген ұран тәрізді — социалист-патриоттар мен социалист-chauvins-тер жойылсын! деген ұранды Франция жұмысшылары шын жүректерімен қолдайтын *болады*. Революция туралы анархистік бос сөздер керек емес, *жұмысшылар* арасында *барлық жерде* құпия ұйымдар құру жөнінде, еркін, яғни құпия әдебиет тарату жөнінде, *б ұ қ а р а н ы ң* өз үкіметтеріне қарсы қозғалысын әзірлеу жөнінде ұзақ, елеулі, қажырлы, табанды, жүйелі жұмыс жүргізу керек. Барлық елдердің жұмысшы табына, міне, осы керек!

Үнемі құпия жұмыс жүргізуге «французадар қабілетсіз» деу дұрыс емес. Дұрыс емес! Французадар траншеяларда жасырынуды тез үйренді. Олар құпия жұмыстың *жаңа* жағдайларына да, *бұқараның революциялық* қозғалысын жүйелі түрде әзірлеу ісіне де шапшаң үйренеді. Мен французадың революцияшыл пролетариатына сенемін. Ол француз оппозициясына да қозғау салады.

Ең жақсы тілектер білдіремін. Сіздің *Ленин*.

P. S. Француз жолдастарға менің бұл хатымның аудармасын ((толық аудармасын)) *жеке листок* етіп басып шығаруды ұсынамын [84].

1916 ж. Женевада француз тілінде жеке листок болып басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — *«Шовинистік* Шайқастың»*. Ред.*

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖӘНЕ ЧХЕИДЗЕ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ӨЗ БАҒЫТЫ БАР МА?

Окистер өздерінің жинағында[85] да, одан да анығырақ айтқанда Халықаралық социалистік комиссияға берген өздерінің есебінде де (1915 жылы 27 ноябрьде неміс тілінде шыққан Бюллетеньнің 2-номерінде) Чхеидзе фракциясының және Ұйымдастыру комитетінің толық интернационалистік және «Наше Делоның» бағытымен келісімге келмейтін өз бағыты бар деп жұртты сендіруге тырысады. Бұл сендірулер — барып тұрған соракы өтірік. Біріншіден, Ұйымдастыру комитеті құрылған уақыттан бері (август, 1912) Чхеидзенің фракциясы мен Ұйымдастыру комитетінің «Наша Заря» тобымен негізгі мәселелердің бәрінде барынша толық саяси ынтымақтас болғанын және саяси жағынан мейлінше тығыз ынтымақтасып жұмыс істегенін біз *көп жылдар бойы* көріп келдік, оның үстіне *тек* осы топ *қана* бұқара арасында үнемі жұмыс жүргізді(жойымпаздардың күнделікті газеттері). Осынша жақын «достардың» айтарлықтай азды-көпті келіспеушілігін сөз жүзінде емес, елеулі фактілер арқылы дәлелдеу керек. *Мұндай бірде-бір факт жоқ.* Екіншіден, Чхеидзенің фракциясы мен Ұйымдастыру комитеті *бірқатар жылдар* бойы, 1912—1914 жылдары, «Наша Заряның» жанындағы жандайшаптардың ролін атқарды, оның саясатын үнемі қорғап отырды, оның үстіне олар «Наша Заряның», «Лучтың»[86], т. т. саясатын өзгертуге *бір рет те* ешқандай ықпал еткен жоқ, мұның өзі Питердің және басқа жерлердің жұмысшыларына әбден мәлім.

Бұқараға қатысы бар саясатта,— мысалы, «стачка құмарлыққа» қарсы күресте, аса ірі кәсіптік одақтар (металлистер және басқалар) мен аса маңызды қауіпсіздендіру мекемелерінің (Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру советі[87]) басшыларын сайлауда — «Наша Заря» тобы, тек сол ғана дербес бой көрсетті, ал Ұйымдастыру комитеті мен Чхеидзе фракциясы оған тек қана көмектесті, оған жан-тәнімен қызмет етті. Үшіншіден, соғыстың бір жарым жылы ішінде Чхеидзе фракциясы мен Ұйымдастыру комитетінің «Наша Заря» жөніндегі жылдар бойы қалыптасқан осы көзқарастарының өзгеруін дәлелдерліктей *бірде-бір факт жоқ.* Қайта, бұған керісінше фактілер, тіпті жариялауға болатын фактілер де бар (бұл фактілердің көпшілігі жариялауға жатпайды). Россияда Ұйымдастыру комитеті тарапынан да, Чхеидзе фракциясы тарапынан да «Наше Делоның» саясатына қарсы *бірде-бір рет* әрекет *жасалмағаны* факт, ал ол саясатты шын өзгерттіру үшін бір рет әрекет жасау емес, ұзақ және жеңімпаз күрес жүргізу керек, өйткені «Наше Дело»— либералдық байланыстармен қоректендіріліп отырған саяси тұлға, ал Ұйымдастыру комитеті мен Чхеидзе фракциясы — саяси декорация. «Наше Делоның» саясатын толық және түгелдей жүргізіп отырған «Утро» мен «Рабочее Утро» газеттері Чхеидзе фракциясына өздерінің саяси жағынан тіпті сырттай жақындығын атап көрсетіп отырғаны және бүкіл Август блогы атынан сөйлеп отырғаны факт. Чхеидзе фракциясының «Рабочее Утро» үшін ақша жинап отырғаны факт. Бүкіл Чхеидзе фракциясының Самарадағы социал-шовинистік «Наш Голос»[88] газетіне жаза бастағаны (17-нөмерді қараңыз) факт. Чхеидзе фракциясының аса көрнекті мүшесінің, атап айтқанда Чхенкелидің, баспасөзде, «қорғампаздардың» немесе социал-шовинистердің «Современный Мир»[89] журналында, Плеханов пен Алексинский мырзалардың журналында түгелдей Плехановтың, «Наше Делоның», Каутскийдің, Аксельродтың рухында принципті түрде мәлімдемелер жасағаны факт. Чхенкелидің бұл мәлімдемесінен біз әлдеқашан-ақ цитат келтірдік, ал өздерінің жинағында окистер де, өзінің

«Наше Словосында» Троцкий де, Чхеидзе фракциясын өздері қорғап, дәріптеп отырса да, бұл мәлімдемені қорғауды қолға да алған жоқ. 4-ден, бүкіл Чхеидзе фракциясы мен бүкіл Ұйымдастыру комитеті атынан тікелей айтылған саяси пікірлер біздің қағидаларымызды дәлелдейді. Ұйымдастыру комитетінің жинағында көшіріп басылып шыққан ең маңызды пікірлерді: Чхеидзе мен К⁰-нің декларациясын және Ұйымдастыру комитетінің прокламациясын алайық. Бұл екі документтің де көзқарасы *бірдей,* олардың позициясы да бірдей. Ұйымдастыру комитеті «Август блогының» біздің партиямызға қарсы ең жоғары басшы мекемесі болғандықтан және Ұйымдастыру комитеті құпия прокламация басып шығарғандықтан, яғни Чхеидзенің Думада айтқанынан гөрі еркінірек те тура айта алғандықтан, біз нақ осы прокламацияға тоқталамыз.

Айта кетелік, қызықтысы сол — осы прокламация туралы неміс социал-демократиялық баспасөзінде, Берн социал-демократиялық газетінде талас та болды. Газеттің қызметкері бұл прокламацияны «патриоттық» прокламация деп атады. Ұйымдастыру комитетінің шетелдік секретариаты күйініп, қарсылық жазды, «мұндай патриотизмге біз, шетелдік секретариат, айыптымыз» деп мәлімдеді, газет редакциясына прокламацияның немісше толық аудармасын жеткізіп беріп, оны бейне бір төрелік айтуға шақырды. Бұл редакция Ұйымдастыру комитетіне көрінеу көзге іш тартатын, оны дәріптейтін редакция екендігін өз тарапымыздан айта кетелік. Ал Ұйымдастыру комитетіне іш тартатын осы редакция не деді?

«Біз Ұйымдастыру комитетінің прокламациясын оқыдық,— деді редакция (№ 250),— ал оның текстінің сөзсіз түсініспеушілік туғызуы мүмкін екенін және тұтасынан прокламацияның авторларына жат болуы ықтимал мағына беретінін мойындауға тиістіміз».

Окистер төрелік айтуға өздері шақырған редакцияның осы пікірін өз жинағында не себепті көшіріп басып шығармады? Оның себебі, бұл — Ұйымдастыру комитеті достарының пікірі; олар Ұйымдастыру комитетін қорғаудан жұрт алдында бас тартты! Пікір

шеберлікпен, дипломатиялық сыпайылықпен жазылған; мұның өзі редакцияның Аксельрод пен Мартовқа «жағымды нәрсе» айтқысы келетінін ерекше баса көрсетеді. Сонымен, ең үлкен «жағымды нәрсе» мынадай болып шықты: «мүмкін (*тек* «мүмкін»!), Ұйымдастыру комитеті өзінің айтқысы келгенін айтпаған шығар; бірақ оның айтқаны — «сөзсіз түсініспеушілік туғызуы мүмкін»»!!

Ұйымдастыру комитетінің Бунд Листогында да (№ 9) көшіріп басылып шыққан прокламациясымен танысуға біз оқушыларды барлық ықыласымызбен шақырамыз. Ол прокламацияны зер сала оқып шыққан әрбір адам мына қарапайым, айқын фактілерді көреді: (1) прокламацияда қазіргі соғыста елді қорғау атаулыны принципті түрде теріске шығаратын бірде-бір сөз жоқ; (2) прокламацияда «қорғампаздарға» немесе «социал-шовинистерге» принципті түрде қолайсыз айтылған мүлде ештеңе жоқ; (3) прокламациядағы толып жатқан сөздер «қорғампаздықпен» толық біртектес: «тоніп келе жатқан күйреуге пролетариат немқұрайды қарай алмайды» делінген (дәл «Рабочее Утроның» 2-номеріндегі сияқты: «елді күйреуден сақтап қалуға» «немқұрайды қарамаушылық»); «елдің өзін өзі сақтауына пролетариат жан-тәнімен мүдделі»; «бүкіл халықтық революция» елді «сырттан болатын күйреуден» сақтап қалуға тиіс, т. т. Кімде-кім социал-шовинизмге шынымен қарсы болса, ол адам мұндай бос сөздердің *орнына* былай деуге тиіс болар еді: великоростардың Польшаны езуін сақтауды, оны күшпен ұстауды елдің өзін өзі сақтауы деп атап, помещиктер, патша және буржуазия өтірік айтып отыр;— өтірік айтқанда, «елді» күйреуден сақтап қалу туралы бос сөздермен ұлы державалық пұрсаттылықтарды «сақтап қалуға» тырысатындығын бүркемелеп, пролетариаттың назарын *халықаралық* буржуазияға қарсы күресу міндеттерінен басқа жаққа аударып жіберу үшін өтірік айтып отыр. Тонаушылық, империалистік соғыста әрі соғысып жатқан елдер пролетариатының халықаралық ынтымағын мойындау, әрі осы елдердің *бірін* «күйреуден сақтап қалу» туралы бос сөздер айту — екіжүзділік

жасау деген сөз, өз мәлімдемелерінің бәрін мүлде бос, жалған тақпаққа айналдыру деген сөз. Өйткені бұл — пролетариаттың тактикасын соғыста белгілі бір елдің белгілі бір кезеңдегі жағдайына тәуелді ету деген сөз, ал бұл осылай болса, онда Австрияны немесе Түркияны «күйреуден сақтап қалуға» көмектесіп отырған француз социал-шовинистерінің айтқаны да дұрыс болып шығады.

Ұйымдастыру комитетінің шетелдік секретариаты *неміс* социал-демократиялық баспасөзінде (Берн газеті) тағы бір софизм ұсынды, мұның арсыздығы соншалық, дөрекілігі соншалық, немістерді әдейі адастыру үшін істелген «жасандылығы» соншалық, окистер бұл софизмді орыс жұртшылығы алдында қайталаудан бас тартып ақылдылық істеді.

«Егер,— деп жазды олар *немістердің алдында* ізгі пиетпен ашынғандық танытқан болып,— пролетариатқа елді апаттан сақтап қалудың бірден-бір құралы ретінде революцияны көрсету патриотизм болса», онда біз де дәл сондай патриоттармыз, «біз әрбір социалистік партияда Интернационалдың осындай «патриоттары» көбірек болуын тілер едік; біз неміс және француз жұмысшыларына *осындай* прокламациялармен үндеу тастайтын мұндай «патриоттарды» Либкнехт, Роза Люксембург, Мергейм өздерінің төңірегінен көбірек көргеніне өте риза болар еді деп сенетіндігімізді білдіреміз».

Алаяқтық айла екені бадырайып-ақ тұр: социалистік революцияға бет алып келе жатқан Франция мен Германияда *буржуазиялық* революцияшылдықтың жұрнағы да жоқ, *жауды жеңу* үшін революцияға ұмтылып отырған *буржуазиялық* қоғамдық қозғалыстың жұрнағы да жоқ екенін бес секретарь әбден жақсы біледі. Ал Россия *буржуазиялық*-демократиялық революцияға бет алып отырғандықтан да Россияда *мұндай* қозғалыстың бар екені анық. Бес секретарь немістерді мынадай түкке тұрғысыз софизммен алдап отыр: Ұйымдастыру комитеті және К^0-мен қоса Чхеидзе Россиядағы *революционер-шовинистер* бола алмайды, өйткені Европада революцияшылдықты шовинизммен қосудың өзі сорақылық!

Иә, Европада бұл — сорақылық. Ал Россияда бұл — факт. Сіздер «призывшылдарды» нашар буржуазиялық

революционерлерсіңдер деп кінәлай аларсыздар, бірақ олардың шовинизмді революцияшылдықпен өздерінше ұштастырып отырғанын сіздер теріске шығара алмайсыздар. Россиядағы халықшылдардың июль конференциясы, «Наше Дело» мен «Рабочее Утро» бұл жөнінде толығымен және түгелдей «призывшылдардың» позициясында болып отыр, олар да шовинизмді революцияшылдықпен ұштастырады.

Чхеидзе фракциясы өзінің декларациясында (Ұйымдастыру комитеті жинағының 141—143-беттері) *нақ сол* позицияны ұстады. Чхеидзе де «күйреу қаупі» туралы нақ сол шовинистік сөздерді айтып отыр, ал егер ол соғыстың империалистік сипатын, «аннексиясыз бітім жасасуды», «бүкіл халықаралық пролетариаттың жалпы міндеттерін», «бейбітшілік үшін күресті», т. т. және т. с. мойындайтын болса, онда мұны «Рабочее Утро» да мойындап отыр ғой, мұны орыс халықшылдары — ұсақ буржуа да мойындап отыр ғой. Ұйымдастыру комитетінің нақ сол жинағының 146-бетінде: ұсақ буржуазиялық халықшылдар соғыстың империалистік сипатын да, «аннексиясыз бітім жасасуды» да, «соғысты тоқтату үшін социалистік ұйымның халықаралық ынтымағын мейлінше тез құруға тырысу» социалистер үшін қажет екендігін және басқаларды да («Рабочее Утро» сияқты, халықшылдар да социалистер болып көрінгісі келеді ғой) мойындап отыр дегенді оқуға болады. Халықшылдарға — ұсақ буржуаға осы бос сөздердің бәрі олар тура ұсынған «ұлттық қорғаныс» ұранын бүркемелеу үшін. қажет, ал «Рабочее Утро» сияқты, Чхеидзе мен Ұйымдастыру комитеті нақ осы ұранды «елді күйреуден сақтап қалу» деп атаған!!

Қорытынды мынадай болып шығады: Чхеидзе де, Ұйымдастыру комитеті де мүлде ештеңені міндеттемейтін, призывшылдар мен нашеделошылдардың іскерлік саясатына мүлде ештеңемен кедергі жасамайтын революциялық бос сөздерді бұрқыратқан, ал *бұл саясат туралы ештеңе айтпаған.* Әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуды олар қалай болған күнде де қолдайды.

Революция туралы бос сөздер азырақ айтылып, бүгінгі күннің іскерлік саясаты жөнінде айқындық, тура-

лық және адалдық кейбірек көрсетілсе екен, мырзалар. Сіздер революционер болуға *уәде бересіздер*, ал қазір не әскери-өнеркәсіп комитеттеріне жұмысшылардың қатысуын тікелей қорғап, не қатысушыларды үндемес-тен бүркемелеп, оларға қарсы күреспей, шовинистерге, буржуазияға, патша өкіметіне көмектесіп отырсыздар.

Мартовтың қалай бұлтарғысы келсе, солай бұлтара берсін. Троцкий біздің фракциялшылдығымызға қарсы даурыға берсін, сол даурығуы арқылы (Тургенев... кейіпкерінің ескі іш,ірткісі! [90]) Чхеидзе фракциясында-ғы әлдекім Троцкиймен «келісті» және өзінің солшыл-дығы, интернационализмі, т. т. жөнінде ант етті деген фракциялық емес «кескінін» бүркемелей берсін. Факт факт күйінде қала береді. Тек Ұйымдастыру комитеті мен Чхеидзе фракциясының арасында ғана емес, соны-мен бірге осы екі мекеме мен «Рабочее Утроның» неме-се «Призывтың» арасында да елеулі саяси айырмашы-лықтың жұрнағы да *жоқ*.

Сондықтан да *іс жүзінде* олардың бәрі бірігіп, жұ-мысшылардың әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қаты-суын көздейтін буржуазиялық саясатты *жақтап*, пар-тияда жоқ жұмысшылармен және халықшылдармен бірге біздің партиямызға қарсы шығып отыр. Ал «шет-елдік секретарьлардың» біз «келіспейміз» деген сөз жүзіндегі ескертулері мен ант-су ішулері бос сөз күйін-де қала береді; Зюдекумнің, Легиннің, Давидтің біз «бейбітшілікті жақтаймыз», «соғысқа қарсымыз» деген анттарының оларды шовинизмнен арылтпайтыны сияқты, бұл сөздер де бұқараның шын саясатына соқ-пайды.

«Социал-Демократ» № 50, 18 февраль, 1916 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҰРАНДАР — АННЕКСИЯСЫЗ БІТІМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ПОЛЬШАНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

«Жұмысшы табын ақымақ етудің бір түрі — пацифизм және бейбітшілікті абстракциялы түрде уағыздау... Қазіргі уақытта бұқараны революциялық қимылдарға шақырумен қабаттастырыла жүргізілмеген бейбітшілік насихаты тек жалған үміт таратуға ғана, буржуазияның адамгершілігіне сендіру арқылы пролетариатты аздыруға ғана және оны соғысушы елдердің жасырын дипломатиясының қолындағы ойыншық етуге ғана қабілетті». Біздің партиямыздың Берн қарарында осылай делінген (қараңыз: «Социал-Демократтың» 40-номері мен «Социализм және соғыс»)*.

Бітім туралы біздің мәселе қойысымыздың көптеген қарсыластары — орыс жұмысшылары арасындағы емес, орыс эмиграциясы арасындағы қарсыластары — осы қағидалардың байыбына баруға бір рет те бас ауыртып жатпады. Теориялық жағынан бұлтартпайтын бұл қағидалар, атап айтқанда біздің елде оқиғалардың күрт өзгеруі нәтижесінде, қазір практика жүзінде мейлінше айқын дәлелденіп отыр.

Жұртқа мәлім, Ұйымдастыру комитеті идеялық жағынан қолдап отырған питерлік жариялшыл-жойымпаздардың газеті «Рабочее Утро» алғашқы номерінде-ақ социал-шовинистік, «қорғампаздық» позиция ұстады. Ол питерлік және москвалық социал-шовинистердің «қорғампаздық» манифестерін басып шығарды. Айта

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 175 және 351-беттер. *Ред.*

кетелік, екі манифестің екеуінде де «аннексиясыз бітім» идеясы білдірілген, ал «Рабочее Утроның» 2-номерінде осы ұран ерекше алға қойылып, курсивпен басылып, «елдің тұйықтан шығуын қамтамасыз ететін бағыт» деп аталған. Қараңыздаршы, дейді, бізді шовинистер дегені жала емес пе; біз «аннексиясыз бітімнің» ең «демократиялық», тіпті «нағыз социалистік» ұранын толық мойындаймыз!

Күмән жоқ, Қанқұйлы Николайдың адал берілген адамдарының осындай ұран ұсынуы қазір оған өте тиімді. Помещиктер мен буржуазияға сүйене отырып, патша өкіметі Галицияны (Түркияны бөлісу жөніндегі шарт және басқалар туралы айтпағанның өзінде) тонап, басып алуға әскер аттандырды. Нақ сондай топаушы неміс империалистерінің әскері орыс қарақшыларына соққы беріп, оларды Галициядан ғана емес, сонымен қатар «орыс Польшасынан» да ығыстырып тастады. (Бұл арада екі құзғынның мүдделері үшін өлім даласында жүз мыңдаған орыс және неміс жұмысшылары мен шаруалары қаза тапты.) Сонымен, «аннексиясыз бітім» ұраны патша өкіметінің «жасырын дипломатиясының қолындағы» тамаша «ойыншық» болып шықты,— міне солай, біз жәбірленгендерміз, бізді тонады, бізден Польшаны тартып алды, біз аннексияға қарсымыз деседі!

Патша өкіметіне малайлық етудің бұл ролі «Рабочее Утроның» социал-шовинистеріне қаншалық «ұнайтыны» әсіресе 1-номердегі «Поляк эмиграциясы» деген мақаладан көрінеді. «Соғыстың өткен айлары,— деп оқимыз одан,— поляк халқының қалың топтарының санасында тәуелсіздікке мейлінше ұмтылуды туғызды». Соғысқа дейін, әрине, ондай ұмтылу болмаған ғой!! «Поляк демократиясының қалың топтарының қоғамдық санасында Польшаның ұлттық тәуелсіздігі бұқарасы» (сірә, қате басылған болар: идеясы, ой-пікірі, т. с. деп оқу керек) «салтанат құрды»... «Орыс демократиясының алдына поляк мәселесі барынша толық түрде үнемі қойылып келеді»... «Орыс либералдары» «Польшаның тәуелсіздігі туралы» қарғыс атқан мәселелерге қарапайым жауап беруден бас тартады...

Өйтпегенде ше, Қанқұйлы Николай, Хвостов, Челноков, Милюков және К⁰ Польшаның тәуелсіздігін әбден жақтайды, бұл ұран *іс жүзінде* Россиядан Польшаны тартып алған Германияны *жеңу* ұраны болып отырғанда, *қазір* олар Польшаның тәуелсіздігін бүкіл жан-тәнімен жақтайды.* Есіңізде болсын, «столыпиндік жұмысшы партиясын» [91] құрушылар *соғысқа дейін* ұлттардың өзін өзі билеуі ұранына қарсы, Польшаның бөлініп шығу бостандығына бүтіндей және үзілді-кесілді қарсы шығып отырды; Польшаны патшалық езуді қорғаудың осы игі мақсаты үшін оппортунист Семковскийді шығарды. Енді, Польша Россиядан тартып алынғаннан кейін, олар Польшаның «тәуелсіздігін» (Германияға тәуелсіздігін, бұл туралы сыпайылық жасап үндемейді...) *жақтайды.*

Россияның саналы жұмысшыларын сіздер алдай алмайсыздар, социал-шовинист мырзалар. Сіздердің Польшаның тәуелсіздігі және аннексиясыз бітім жөніндегі 1915 жылғы «октябристік»[92] ұрандарыңыз — іс жүзінде патша өкіметі алдында малайлық ету; патша өкіметіне *өзінің* соғысын «аннексиясыз бітім» (Польшадан Гинденбургті қуып шығу) және Польшаның тәуелсіздігі (Вильгельмге тәуелсіздігі, бірақ II Николайға тәуелді болуы) туралы ізгі сөздермен бүркемелеу нақ қазір, нақ 1916 жылғы февральда әбден керек-ақ.

Өзінің программасын ұмытпаған орыс социал-демократы басқаша пайымдайды. Орыс демократиясы, дейді ол, бұлай дегенде ең алдымен және көбінесе ұлы орыс демократиясын айтады, өйткені Россияда тіл бостандығын тек сол ғана пайдаланып келген еді, міне, осы демократия Россияның *қазір* Польшаны езіп отырмағандығынан, оны зорлап ұстамайтындығынан сөзсіз *ұтып шықты.* Орыс пролетариаты мынадан сөзсіз ұтып шықты: ол халықтардың бірін, езуге күні кеше өзі көмектескен халықты енді езгіге салып отырған жоқ. Неміс демократиясы сөзсіз ұтылып шықты: неміс пролетариаты Польшаны Германияның езуіне әзірше төзіп отырғанда, ол құлдан да жаман жағдайда, басқаларды құлдықта ұстауға көмектесіп отыратын арамзаның

жағдайында қала береді. Германияның юнкері мен буржуасы ғана сөзсіз ұтып шықты.

Бұдан мынадай қорытынды шығады: Россияда *қазір* «аннексиясыз бітім» және «Польшаның тәуелсіздігі» ұрандары қойылып отырғанда, орыс социал-демократтары патша өкіметінің халықты *алдап отырғанын* әшкерелеуге тиіс, өйткені қазіргі жағдайда бұл ұрандардың екеуі де соғысты жүргізе беруге тырысу және осындай тырысуды ақтау болып табылады. Біз былай деуге тиістіміз: Польшаға бола ешқандай соғыстың керегі жоқ! Орыс халқы қайтадан Польшаның езушісі болғысы келмейді!

Ал Польшаның Германиядан азат етілуіне қалай көмектесу керек? Біздің бұған көмектесуіміз керек емес пе? Әрине, көмектесуіміз керек, бірақ патшалық Россияның немесе буржуазиялық, тіпті буржуазиялық-республикалық Россияның болса да империалистік соғысын қолдау арқылы емес, қайта Германияның революцияшыл пролетариатын *қолдау арқылы,* Германия социал-демократиялық партиясының ішіндегі Зюдекумдердің, Каутскийдің және К^{0}-ның *контрреволюциялық* жұмысшы партиясына қарсы күресуші элементтерін қолдау арқылы көмектесуіміз керек. Каутский өзінің контрреволюцияшылдығын жуырда ғана мейлінше айқын дәлелдеді: көшелерде болған бой көрсетулерді ол 1915 жылы 26 ноябрьде *«авантюра»* деп атады (Струвенің 1905 жылғы 9 январь қарсаңында: Россияда революцияшыл халық жоқ дегені сияқты). Ал 1915 жылы 30 ноябрьде Берлинде 10 000 жұмысшы әйел демонстрация жасады!

Халықтардың бостандығын, ұлттардың өзін өзі билеу правосын *екіжүзділікпен,* зюдекумдерше, плехановтарша, каутскийлерше мойындағысы келмейтін адамдардың бәрі Польшаны езуге бола соғыс ашуға *қарсы* болуға тиіс;— Россия *қазір* езіп отырған халықтардың: Украина, Финляндия және басқа да халықтардың Россиядан бөлініп шығу бостандығын *жақтауға* тиіс. *Іс жүзінде* социал-шовинист болғысы келмейтін адамдардың бәрі барлық елдердің социалистік партияларындағы өз өлінде тура, тікелей, қолма-қол пролетарлық революция

үшін жұмыс істейтін элементтерді ғана қолдауға тиіс.

«Аннексиясыз бітім» емес, лашықтарға тыныштық орнатылып, сарайларға ойран салынсын, пролетариат пен еңбекшілерге бейбітшілік орнатылып, буржуазияға ойран салынсын!

*«Социал-Демократ» № 51,
29 февраль, 1916 ж.*

*«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр*

ВИЛЬГЕЛЬМ КОЛЬБ ЖӘНЕ ГЕОРГИЙ ПЛЕХАНОВ

Германияның ашық оппортунисі Вильгельм Кольбтің «Социал-демократия аңтарылып қалды» (Карлсруэ, 1915) деген кітапшасы Плехановтың «Соғыс» деген жинағынан кейін нақ дер кезінде шықты. Каутскийшіл Рудольф Гильфердинг «Neue Zeit»-те Кольбке мүлде нашар жауап беріп, басты мәселе туралы үндемейді және Кольбтің герман социал-демократтарындағы бірлік «таза формальды» түрде ғана қалып отыр деген дұрыс мәлімдемесі жөнінде күңкілдейді.

Кімде-кім II Интернационалдың күйреуінің маңызы жөнінде шындап ойлангысы келсе, ол адамға Кольб пен Плехановтың *идеялық* позициясын салыстырып өтуді ұсынуға болады. Екеуі де (Каутский сияқты) *негізінен* қазіргі соғысқа байланысты революциялық қимылдар идеясын теріске шығару және келекелеу жөнінде бір жерден шығады; плехановшылдардың сүйетін сөзсымағын қолдана отырып, екеуі де революцияшыл социал-демократтарды «жеңілісті жақтаушылар» деп айыптайды. Қазіргі соғысқа байланысты революция туралы ой-пікірді «қияли ерсілік» деп атап, Плеханов «революциялық сөзуарлыққа» қарсы күңкілдейді. Кольб, жағалап отырып, «революциялық бос сөзді», «революциялық фантастиканы», «радикалсымақ (Radikalinski)-байбаламшыларды», «сектанттықты» және басқаларды қарғап-сілейді. Кольб пен Плеханов басты мәселе жөнінде келіседі, олардың екеуі де революцияға қарсы. Ал Кольбтің революцияға жалпы ал-

ғанда қарсы болып, Плеханов пен Каутскийдің «жалпы алғанда жақтайтындығы» сарындардың, сөздердің айырмашылығын ғана көрсетеді: іс жүзінде Плеханов пен Каутский Кольбтің қолшоқпары.

Кольб адалдау — жеке басының мағынасында емес, саяси мағынада адалдау, ягни оның позициясының дәйектілігі оның екіжүзділігін туғызбайды. Сондықтан ол, оның көзқарасынша, бүкіл Интернационалдың «революциялық фантастика рухына» ұрынғаны, соғыс жайында «қорқыта» (революциямен қорқыта, Плеханов және Кольб мырзалар!) сөйлегені жөнінде шындықты мойындаудан қорықпайды. Капиталистік мемлекет барлық жағынан қаусағалы тұрған кезде, «оның өмір сүруі шүбәлы болып» тұрған кезде, Европаның социал-демократиялық партиялары оны қорғап қалғаннан кейін капиталистік қоғамды «принципті түрде теріске шыгару» қисынсыз болады деп Кольб дұрыс айтады. Революциялық объективті жағдайды бұлай мойындау — шындық.

«Мұның (Либкнехтті жақтаушылар тактикасының) нәтижесі,— деп жазады Кольб,—неміс ұлты ішіндегі *ішкі* күрестің шегіне жеткізілгендігі болар еді және сол арқылы оның әскери және саяси жағынан әлсіреуі болар еді»... «үш жақты келісу империализмі» *пайдаға* кенелiп, *жеңіске* жеткен болар еді!! «Жеңілісті жақтаушыларға» қарсы оппортунистік айқай-шудың түйіні, міне, осы!!

Шынында да бүкіл мәселенің түйіні осында. «Шегіне жеткізілген ішкі күрес»— азамат соғысының нақ өзі. Кольбтің: солшылдардың тактикасы осыған *әкеп соғады* дегені дұрыс; бұл тактика — Германияның «әскери жағынан әлсіреуі», ягни Германияның жеңілуін тілегендік және оның жеңілуіне көмектескендік, жеңілісті жақтаушылық дегені дұрыс. Кольб тек — тек қана!— солшылдардың осындай тактикасының интернационалдық сипатын көргісі келмейтіндігі жөнінен ғана теріс кетіп отыр. Соғысып жатқан елдердің бәрінде «ішкі күресті шегіне жеткізу», империалистік буржуазияның «әскери қуатын әлсірету» және (осылай болғандықтан, осыған байланысты, осы арқылы) империа-

листік соғысты азамат соғысына айналдыру *мүмкін* нәрсе. Мәселенің бүкіл түйіні, міне, осында. Пайдалы тілек білдіргені, мойындағаны, дәлелдер келтіргені үшін Кольбке алғыс айтамыз: осының бәрін революцияның ең дәйекті, шын және ашық жауы айтып беріп отырғанда, мұның өзі Плехановтар мен Каутскийлердің зұлымдық екіжүзділігі мен масқара тұрлаусыздығын жұмысшылар алдында әшкерелеу үшін өте-мөте пайдалы.

«Социал-Демократ» № 51, 29 февраль, 1916 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ

(ТЕЗИСТЕР)

1. ИМПЕРИАЛИЗМ, СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ЕЗІЛГЕН ҰЛТТАРДЫ АЗАТ ЕТУ

Империализм — капитализм дамуының жоғары сатысы. Алдыңғы қатарлы елдерде капитал ұлттық мемлекеттердің шеңберінен асып, бәсекенің орнына монополияны қойды, социализмнің жүзеге асырылуының барлық объективті алғы шарттарын жасады. Сондықтан Батыс Европа мен Құрама Штаттарда күн тәртібіне пролетариаттың капиталистік үкіметтерді құлату жолындағы, буржуазияны экспроприациялау жолындағы революциялық күресі қойылып отыр. Империализм бұқараны осындай күреске итермелейді, таптық қайшылықтарды орасан зор көлемде шиеленістіре түседі, бұқараның жағдайын экономикалық жағынан да — трестер, қымбатшылық — саяси жағынан да: милитаризмнің өсуі, соғыстардың жиіленуі, реакцияның күшеюі, ұлттық езгі мен отаршылдық тонаудың нығаюы және ұлғаюы—нашарлата түседі. Жеңімпаз социализм толық демократияны сөзсіз жүзеге асыруға тиіс, демек, ұлттардың толық тең праволылығын іске асырып қана қоймай, сонымен қатар езілген ұлттардың өзін өзі билеу правосын да, яғни саяси жағынан еркін бөлініп шығу правосын да жүзеге асыруы керек. Социалистік партиялар құлдықта болған ұлттарды өздерінің азат ететіндігін және олармен қатынасын ерікті одақ негізінде -- ал бөлініп шығу бостандығы болмайынша, ерікті одақ дегеніміз жалған сөз — құратынын қазір де, революция кезінде де, революция жеңіске жеткеннен ке-

йіп де өзінің бүкіл қызметімен дәлелдемесе,— мұндай партиялар социализмге опасыздық жасаған болар еді.

Әрине, демократия да мемлекет формасы, мемлекет құрыған кезде ол да құруға тиіс, бірақ ол біржолата жеңіп, нығайған социализмнен толық коммунизмге өту кезінде ғана құриды.

2. СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ ҮШІН КҮРЕС

Социалистік революция дегеніміз бір майдандағы бір акт, бір шайқас емес, шиеленіскен таптық жанжалдардың тұтас бір дәуірі, барлық майдандардағы, ягни экономика мен саясаттың барлық мәселелері жөніндегі шайқастардың, буржуазияны экспроприациялаумен ғана аяқталатын шайқастардың ұзыннан-ұзақ тізбегі. Демократия үшін күрес пролетариаттың назарын социалистік революциядан аударуға немесе революцияны көлегейлеуге, көмескілеуге, т. т. себеп болады деп ойлау түбегейлі қате болар еді. Керісінше, толық демократияны жүзеге асырмайынша, жеңімпаз социализмнің мүмкін болмайтыны сияқты, демократия үшін жан-жақты, дәйекті және революциялық күрес жүргізбейінше, пролетариат буржуазияны жеңуге әзірлене алмайды.

Демократиялық программа пункттерінің бірін, мысалы, ұлттардың өзін өзі билеуі туралы пунктті, империализм тұсында бұл пункт «жүзеге асырылмайды екен» немесе «жалған үміт екен» деген желеуге сүйеніп алып тастау да аз қате болмас еді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы капитализм тұсында жүзеге асырылмайды деген пікірді не абсолюттік, экономикалық мағынада, не шартты, саяси мағынада түсінуге болады.

Бірінші жағдайда оның өзі теориялық жағынан мүлдем қате. 1-ден, мұндай мағынада капитализм тұсында, мысалы, жұмысшы ақшалар немесе дағдарыстарды жою, т. т. жүзеге асырылмайды. *Сондай-ақ* ұлттардың өзін өзі билеуін де жүзеге асыруға болмайды деу мүлде дұрыс емес. 2-ден, бұл мағынада «жүзеге асыруға болмайды» дегенді теріске шығару үшін тіпті 1905

жылы Норвегияның Швециядан бөлініп шығуы мысалының бір өзі-ақ жеткілікті. 3-ден, мысалы, Германия мен Англияның саяси және стратегиялық қарым-қатынастары аздап өзгерген жағдайда поляктардың, үнділердің, т. с. жаңа мемлекеттерін құруды бүгін-ертең «жүзеге асыруға» әбден болады дегенді теріске шығару адам күлерлік болар еді. 4-ден, финанс капиталы өзінің экспансияға ұмтылуында қандай да болсын, тіпті «тәуелсіз» елдің болса да, ең ерікті демократиялық және республикалық үкіметін және сайланып қойылатын чиновниктерін «емін-еркін» сатып алады және астыртын сатып алады. Жалпы капитал атаулының үстемдігі сияқты, финанс капиталының үстемдігі де саяси демократия саласындағы *ешқандай* өзгерістер арқылы жойылмайды; ал өзін өзі билеу түгелдей және тек осы салаға жатады. Бірақ финанс капиталының бұл үстемдігі таптық езгі мен таптық күрестің неғұрлым еркін, кең және айқын *формасы* ретіндегі саяси демократияның маңызын ешбір жоймайды. Сондықтан капитализм тұсында саяси демократия талаптарының бірін, экономикалық мағынасында алғанда, «жүзеге асыруға болмайды» деген пайымдаулардың бәрі тұтас алғанда капитализм мен саяси демократияның жалпы және негізгі қатынастарын теориялық жағынан теріс белгілеуге саяды.

Екінші жағдайда бұлай деп айту толық та емес, дәл де емес. Өйткені империализм тұсында тек ұлттардың өзін өзі билеу правосы ғана емес, саяси демократияның түбегейлі талаптарының *бәрі* тек шала-пұла, өңі айналдырылып, сирек ерекшелік түрінде ғана «жүзеге асырылады» (мысалы, 1905 жылы Норвегияның Швециядан бөлініп шығуы). Революцияшыл социал-демократтардың бәрі ұсынып отырған отарларды дереу азат ету жөніндегі талап та бірқатар революциялар жасамайынша капитализм тұсында «жүзеге асырылмайды». Бірақ бұдан әсте де социал-демократия *барлық* осы талаптар үшін дереу және мейлінше батыл күрес жүргізуден бас тартуы керек деген мағына тумайды — мұндай бас тарту тек буржуазия мен реакцияға ғана тиімді болар еді,— қайта, нақ осының керісінше, осы талаптардың

бәрін реформалық емес, революциялық түрде, буржуазиялық жариялылық шеңберлерімен шектелмей, қайта оларды қирата отырып, парламенттік сөздермен және сөз жүзіндегі наразылықтармен қанағаттанбай, қайта бұқараны белсенді қимылға тарта отырып, кез келген түбегейлі демократиялық талап үшін болатын күресті пролетариаттың буржуазияға тікелей тегеурін жасауына дейін, яғни буржуазияны экспроприациялайтын социалистік революцияға дейін өрістете және өршіте отырып тұжырымдау және іске асыру қажет деген мағына туады. Социалистік революция тек ірі стачканың немесе көше демонстрациясының, не аштық бүлігінің, не әскери көтерілістің, не отарлық бүліктің себебінен ғана емес, сонымен бірге Дрейфустың ісі[93] немесе Цаберн жанжалы[94] сияқты кез келген дағдарыстың себебінен, немесе езілген ұлттың бөлініп шығуы туралы мәселе жөніндегі референдумға, т. с. байланысты өріс алуы мүмкін.

Империализм тұсында ұлттық езгінің күшеюі социал-демократияға, буржуазияның айтатынындай, ұлттардың бөлініп шығу бостандығы жолындағы «утопиялық» күрестен бас тартуды емес, қайта, керісінше, осы негізде *де* пайда болған жанжалдарды буржуазияға қарсы жаппай қимыл үшін және революциялық бой көрсетулер үшін сылтау ретінде барынша күшті пайдалануды міндеттейді.

3. ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФЕДЕРАЦИЯҒА ҚАТЫНАСЫ

Ұлттардың өзін өзі билеу правосы — түгелдей саяси мағынадағы тәуелсіздік алу, езуші ұлттан саяси жағынан ерікті түрде бөлініп шығу правосы деген сөз. Нақты айтқанда, саяси демократияның бұл талабы — бөлініп шығу жолындағы үгіттің толық бостандығы және бөлініп шығу туралы мәселені бөлініп шығушы ұлттың референдумы арқылы шешу деген сөз. Сонымен, бұл талапты бөлшектеу, бытырату, ұсақ мемлекеттер құру талабымен бірдей тең талап деуге әсте де болмайды. Бұл талап — қандай да болсын ұлттық езгіге қар-

сы күресті тек дәйекті түрде көрсету деген сөз. Мемлекеттің демократиялық құрылысы бөлініп шығудың толық бостандығына неғұрлым жақын болса, іс жүзінде бөлініп шығуға ұмтылу соғұрлым сирек және бәсең болады, өйткені экономикалық прогресс тұрғысынан да, бұқара мүдделері тұрғысынан да ірі мемлекеттердің тиімді екені күмәнсыз, оның бер жағында бұл тиімділік капитализмнің өсуімен бірге барған сайын ұлғайып отырады. Өзін өзі билеуді мойындау федерацияны принцип ретінде мойындаумен бірдей емес. Бұл принциптің үзілді-кесілді қарсыласы болуға және демократиялық централизмнің жақтаушысы болуға болады, бірақ толық демократиялық централизмге жетудің бірден-бір жолы ретінде федерацияны ұлттық тең правосыздықтан гөрі артық көруге болады. Централист болған Маркс нақ осы тұрғыдан қарап, Ирландияны ағылшындардың зорлықпен бағындыруынан гөрі тіпті Ирландияның Англиямен федерация құруын артық көрді[95].

Социализмнің мақсаты — адамзаттың ұсақ мемлекеттерге бөлшектеніп бытырауын және ұлттардың қандай болса да оқшаулануын жою ғана емес, тек ұлттарды жақындастыру ғана емес, сонымен бірге оларды қосу. Сондықтан нақ осы мақсатқа жету үшін біз, бір жағынан, Реннер мен О. Бауэрдің «мәдени-ұлттық автономия»[96] дейтін идеясының реакцияшылдығын бұқараға түсіндіруге тиістіміз, ал екінші жағынан, езілген ұлттардың азат етілуін жалпылама көмескі сөздермен емес, мағынасыз тақпақтармен емес, мәселені социализмге дейін «қалдыра тұру» формасында емес, қайта езуші ұлттардағы социалистердің екіжүзділігі мен қорқақтығын әдейі ескеріп отыратын, анық, дәл тұжырымдалған саяси программада талап етуге тиістіміз. Адамзаттың таптарды жоюға езілген тап диктатурасының өтпелі кезеңі арқылы ғана жете алатыны сияқты, осы сияқты, адамзат ұлттардың сөзсіз қосылуына да барлық езілген ұлттардың толық азат етілуінің, яғни олардың бөлініп шығу бостандығының өтпелі кезеңі арқылы ғана жете алады.

4. ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ПРОЛЕТАРЛЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОЮ

Ұлттардың өзін өзі билеу талабының өзін ғана емес, біздің демократиялық программа-минимумымыздың *барлық* пункттерін *бұрын*, XVII, XVIII ғасырлардың өзінде-ақ, ұсақ буржуазия көтерген болатын. Ал ұсақ буржуазия тап күресін және бұл күрестің демократия тұсында күшейе түсетінін көрмей, «бейбіт» капитализмге сеніп, бұлардың *бәрін* осы уақытқа дейін утопиялық тұрғыда қойып келеді. Империализм тұсындағы тең праволы ұлттардың бейбіт одағы жөніндегі халықты алдайтын және каутскийшілдер қорғап отырған утопия нақ осындай. Бұл мещандық, оппортунистік утопияға қарама-қарсы социал-демократияның программасы ұлттардың езуші және езілуші ұлттарға бөлінетіндігін империализм тұсындағы негізгі, мейлінше елеулі және сөзсіз мәселе ретінде қоюға тиіс.

Езуші ұлттардың пролетариаты аннексияға қарсы және ұлттардың жалпы тең праволылығын жақтаған жалпылама, шаблондық сөздермен, кез-келген пацифист буржуа қайталап жүрген сөздермен шектеле алмайды. Пролетариат империалистік буржуазияға өте «жағымсыз» мәселені — ұлттық езгіге негізделіп отырған мемлекеттің *шекаралары* туралы мәселені сөз етпей отыра алмайды. Пролетариат белгілі бір мемлекеттің шекарасы ішінде езілген ұлттардың зорлықпен ұсталуына қарсы күреспей отыра алмайды, ал бұл — өзін өзі билеу правосы үшін күресу деген сөз. Пролетариат «өз» ұлты езіп отырған отарлар мен ұлттардың саяси жағынан бөлініп шығу бостандығын талап етуге тиіс. Бұлай болмаған күнде пролетариаттың интернационализмі бос және құрғақ сөз күйінде қала береді; езілуші ұлт пен езуші ұлт жұмысшыларының арасында сенім де, таптық ынтымақ та болмайды; «өз» ұлты езіп отырған және «өз» мемлекетінде зорлықпен ұсталып отырған ұлттар туралы ештеңе айтпайтын, өзін өзі билеуді реформистік және каутскийшілдік тұрғыдан қорғаушылардың екіжүзділігі әшкереленбей қала береді.

Екінші жағынан, езілген ұлттардың социалистері езілген ұлт жұмысшыларының езуші ұлт жұмысшыларымен толық және сөзсіз бірлігін, соның ішінде ұйымдық бірлігін де мейлінше қорғап, жүзеге асыруға тиіс. Бұлай болмайынша буржуазияның барлық, әр қилы амал-айлалары, опасыздықтары, сұрқиялықтары жағдайында пролетариаттың дербес саясатын және оның басқа елдердің пролетариатымен таптық ынтымағын қорғау мүмкін емес. Өйткені езілген ұлттардың буржуазиясы ұлт азаттық ұрандарын үнемі жұмысшыларды алдауға айналдырып отырады: ішкі саясатта ол бұл ұрандарды үстем ұлттардың буржуазиясымен реакциялық келісімдер жасасуға пайдаланады (мысалы, Австрия мен Россиядағы поляктар еврейлер мен украиндарды езу үшін реакциямен мәмлеге келіп отыр); сыртқы саясатта ол өзінің тонаушылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін бақталас империалистік державалардың бірімен мәмлеге келуге тырысады (Балқандағы ұсақ мемлекеттердің саясаты, т. т.).

Саяси алдау және финанс жағынан тонау мақсаттарымен буржуазияның, мысалы, роман елдерінде, республикалық ұрандарды пайдаланып кеткен көптеген жағдайлары социал-демократтарды өздерінің республиканизмінен бас тартқыза алмайтындығы сияқты, ұлт бостандығы үшін бір империалистік державаға қарсы жүргізілген күресті, белгілі бір жағдайларда, екінші бір «ұлы» державаның өзінің нақ сондай империалистік мақсаттары үшін пайдаланып кетуі мүмкін болатын жағдай да социал-демократияны ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындаудан пәлендей бас тартқыза алмайды*.

* Өзін өзі билеу правосы «отан қорғаушылықты» туғызады деп оны теріске шығару мүлдем күлкі болар еді: мұны сөз қылып жатудың да қажеті жоқ. Социал-шовинистер 1914—1916 жылдарда «отан қорғаушылықты» ақтау үшін демократия талаптарының кез келгенін (мысалы, оның республиканизмін) және ұлттық езгіге қарсы күрес тұжырымының қай-қайсысын да нақ осындай правомен — яғни нақ сондай жеңілтектікпен тілге тиек етеді. Марксизм соғыстар жөнінде, мысалы, ұлы француз революциясы соғыстарында немесе Европадағы Гарибальди соғыстарында отан қорғауды мойындау, ал 1914—1916 жылдардағы империалистік соғыста отан қорғауды мойындамау жөнінде айтқанда әрбір жеке соғыстың нақтылы-тарихи ерекшеліктеріне талдау жасау арқылы қорытынды жасайды; бұл жөнінде тіпті де қайдағы бір «жалпы принципке», программаның қайдағы бір жеке пунктіне сүйенбейді.

5. МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ПРУДОНИЗМ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Ұсақ буржуазияшыл демократтарға қарама-қарсы, Маркс барлық демократиялық талаптардың бәріне абсолют деп қараған жоқ, қайта буржуазия бастаған халық бұқарасының феодализмге қарсы күресінің тарихи көрінісі деп қарады. Бұл талаптардың белгілі бір жағдайларда буржуазия тарапынан жұмысшыларды алдау құралы бола алмайтын және алдау құралы болмаған бірде-біреуі жоқ. Бұл жөнінде саяси демократия талаптарының біреуін — атап айтқанда ұлттардың өзін өзі билеуін бөліп алып, оны қалғандарына қарсы қою — теориялық жағынан түп-тамырымен теріс. Пролетариат өзінің барлық демократиялық талаптар үшін, соның ішінде республика үшін де күресін өзінің буржуазияны құлату жолындағы революциялық күресіне бағындырғанда ғана, өзінің дербестігін іс жүзінде сақтай алады.

Екінші жағынан, «әлеуметтік революцияға бола» ұлт мәселесін «мойындамаған» прудонистерге қарама-қарсы, Маркс бәрінен де гөрі алдыңғы қатарлы елдердегі пролетариаттың таптық күресінің мүдделерін ескере отырып, интернационализм мен социализмнің басқа халықтарды езіп отырған халықтың еркті болуы мүмкін емес деген негізгі принципін бірінші қатарға қойды[97]. Нақ неміс жұмысшыларының революциялық қозғалысы мүдделерінің тұрғысынан қарап, Маркс 1848 жылы Германияның жеңімпаз демократиясынан немістер езіп отырған халықтардың бостандығын жариялауды және жүзеге асыруды талап еткен болатын[98]. Нақ ағылшын жұмысшыларының революциялық күресі тұрғысынан қарап, Маркс 1869 жылы Ирландияның Англиядан бөлініп шығуын талап етті және ол: «бөлінгеннен кейін істің аяғы федерацияға соғатын болса да бөлінсін» деп қосты[99]. Тек осындай талап қою арқылы ғана Маркс ағылшын жұмысшыларын шын мәнісінде интернационалистік рухта тәрбиеледі. Тек осылай ғана Маркс оппортунистерге және Ирландия «реформасын» осы күнге дейін, жарты ғасырдан кейін де, жүзеге

асырмай отырған буржуазиялық реформизмге осы тарихи міндеттің революциялық жолмен шешілуін қарама-қарсы қоя алды. Ұсақ ұлттардың бөлініп шығу бостандығын утопия, жүзеге аспайтын нәрсе деп, тек экономикалық жағынан ғана емес, саяси жағынан да шоғырлануды прогресс деп айқай салып жүрген капитал апологеттеріне қарама-қарсы, Маркс бұл шоғырланудың прогрестілігін империалистік *емес* жолмен тек осылай ғана қорғай алды, ұлттардың күштеу негізінде емес, барлық елдер пролетарларының ерікті одағы негізінде жақындасуын тек осылай ғана қорғай алды. Ұлттардың тең праволылығы мен өзін-өзі билеуін сөз жүзінде және көбінесе екіжүзділікпен мойындаушылыққа Маркс ұлт мәселелерін шешу саласында *да* бұқараның революциялық қимылын тек осылай ғана қарама-қарсы қоя алды. 1914—1916 жылдардағы империалистік соғыс және бұл соғыстың оппортунистер мен каутскийшілдердің екіжүзділігінің Авгий ат қорасындағыдай былықтарын ашуы Маркстің осы саясатының дұрыс екендігін айқын дәлелдеп берді; бұл саясат алдыңғы қатарлы елдердің бәріне үлгі болуға тиіс, өйткені қазір булардың әрқайсысы басқа ұлттарды езіп отыр*.

6. ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БИЛЕУІ ЖӨНІНДЕ ЕЛДЕРДІҢ ҮШ ТИПІ

Бұл жөнінде елдердің негізгі үш типін айыра білу керек:

1-ден, Батыс Европаның алдыңғы қатарлы капиталистік елдері және Құрама Штаттар. Буржуазиялық-прогрестік ұлттық қозғалыстар мұнда әлдеқашан аяқталған. Бұл «ұлы» ұлттардың әрқайсысы отарлар-

---

* Кейбіреулер,— мысалы, соңғы кезде неміс шовинисі Ленч «Die Glocke»-нің 8—9-номерінде,— кейбір халықтардың ұлттық қозғалысына, мысалы, 1848 жылғы чехтардың қозғалысына Маркстің теріс көзқараста болғаны марксизм тұрғысынан ұлттардың өзін-өзі билеуін мойындаудың қажеттігін теріске шығарады дегенді тілге тиек етеді. Бірақ бұл дұрыс емес, өйткені 1848 жылы «реакциялық» және революциялық-демократиялық ұлттарды айыра білуге тарихи және саяси негіздер бар еді. Маркстің мұның біріншісін айыптап, екіншісін жақтауы дұрыс еді[100]. Өзін-өзі билеу правосы — демократия талаптарының бірі; мұның өзі, әлбетте, демократияның жалпы мүдделеріне бағынуға тиіс. 1848 жылы және одан кейінгі жылдарда осы жалпы мүдделер ең алдымен патша өкіметіне қарсы күресу болды.

дағы және өз елі ішіндегі басқа ұлттарды езіп отыр. Үстем ұлттар пролетариатының міндеттері XIX ғасырда Англияда Ирландия жөнінде қандай болса, бұл жерде де дәл сондай*.

2-ден, Европаның шығысы: Австрия, Балқан және әсіресе Россия. Мұнда нақ XX ғасыр буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстарды мейлінше дамытты және ұлттық күресті өршітті. Бұл елдердің пролетариатының міндеттері олардың буржуазиялық-демократиялық өзгерістерін аяқтату ісі жөнінде де, басқа елдердің социалистік революциясына көмектесу ісі жөнінде де ұлттардың өзін өзі билеу правосын қорғамайынша орындалуы мүмкін емес. Бұл арада мейлінше қиын және мейлінше маңызды міндет — езуші ұлттар жұмысшылары мен езілуші ұлттар жұмысшыларының таптық күресін біріктіру.

3-ден, Қытай, Персия, Түркия сияқты жартылай отар елдер мен барлық отарлар, бұлардың бәрін қосқанда халқы 1000 миллионға жуық. Мұнда буржуазиялық-демократиялық қозғалыстар не тек енді басталып келеді, не әлі аяқталып болған жоқ. Социалистер отарлардың сөзсіз, төлемсіз және дереу азат етілуін талап етіп қана қоймауға тиіс,— ал бұл талап өзінің саяси мағынасы жағынан нақ сол өзін өзі билеу правосын талап етуден басқа ештеңе емес; социалистер бұл елдердегі буржуазиялық-демократиялық ұлт-азаттық қозғалыстардың неғұрлым революцияшыл элементтерін барынша батыл қолдап, олардың өздерін езіп

---

* 1914—1916 жылдардағы соғыстан тыс қалған кейбір ұсақ мемлекеттерде, мысалы, Голландияда, Швейцарияда, буржуазия империалистік соғысқа қатысуын ақтау үшін «ұлттардың өзін өзі билеу» ұранын пайдалануға күш салып жүр. Мұның өзі мұндай елдердің социал-демократтарын өзін өзі билеуді мойындамауға итермелейтін сарындардың бірі. Пролетарлық дұрыс саясат, атап айтқанда: *империалистік* соғыста «отан қорғауды» теріске шығару теріс дәлелдермен қорғалып жүр. Мұның өзі теория жүзінде марксизмді бұрмалау, ал іс жүзінде өзінше бір ұсақ ұлттық өрескелдік, «ұлы державалық» ұлттардың құлдығында отырған ұлттардың *жүз миллиондаған* халқын ұмыту болып шығады. «Империализм, соғыс және социал-демократия» деген тамаша кітапшасында Гортер жолдастың ұлттардың өзін өзі билеуі принципін теріске шығаруы дұрыс емес, бірақ ол Голландия Индиясының «саяси және *ұлттық* тәуелсіздігін» *дереу* талап еткен кезде және мұндай талаптар қоюдан, ол үшін күресуден бас тартып отырған голландиялық оппортунистерді әшкерелеген кезде бұл принципті дұрыс *қолданады*.

отырған империалистік державаларға *қарсы* көтерілісіне,— ал қажет болған жағдайда революциялық соғысына да — көмектесіп отыруға тиіс.

7. СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУІ

Империалистік дәуір және 1914—1916 жылдардағы соғыс алдыңғы қатарлы елдердегі шовинизм мен ұлтшылдыққа қарсы күресу міндетін ерекше алға қойды. Ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселе жөнінде социал-шовинистер арасында, яғни империалистік, реакциялық соғысқа «отан қорғау» деген ұғымды қолдану арқылы бұл соғысты боямалап көрсетіп жүрген оппортунистер мен каутскийшілдердің арасында басты екі сарын бар.

Бір жағынан, буржуазияға едәуір ашық қызмет етушілерді көреміз; бұлар империализм және саяси шоғырландыру прогресті нәрсе деп, сол үшін аннексияны қорғайды, ал өзін өзі билеу правосын утопия, жалған үміт, ұсақ буржуазиялық нәрсе, т. т. деп теріске шығарады. Бұған жататындар: Германиядағы Кунов, Парвус және барып тұрған оппортунистер, Англиядағы фабийшылдардың және тред-юнион көсемдерінің бір бөлегі, Россиядағы оппортунистер: Семковский, Либман, Юркевич, т. т.

Екінші жағынан, біз каутскийшілдерді көреміз; бұған сондай-ақ Вандервельде, РеноДель, Англия мен Францияның көптеген пацифистері және басқалар жатады. Бұлар алдыңғылармен бірлікті жақтайды және өзін өзі билеу правосын тек сөз жүзінде ғана және екіжүзділікпен қорғай отырып, практикада солармен толық бір жерден шығады: олар саяси жағынан бөліну бостандығын талап етуді «шамадан тыс» деп есептейді («zu viel verlangt»: Kautsky «Neue Zeit»-те, 21 май, 1915 ж.), олар нақ езуші ұлттар социалистері революциялық тактикасының қажеттігін қорғамайды, қайта, керісінше, олардың революциялық міндеттерін көмескілейді, оппортунизмін ақтайды, халықты алдауын жеңілдетеді, өз құрамында толық праволы емес ұлттарды

зорлап ұстап отырған мемлекеттің *шекаралары* туралы мәселенің өзін орағытып өтеді, т. т.

Бұлардың қай-қайсысын алсаң да оңкей оппортунистер; бұлар Маркстің Ирландияны мысалға алып түсіндірген тактикасының теориялық маңызы мен практикалық көкейтестілігін түсіну қабілетінен мүлде айрылып, марксизмді былғап жүр.

Атап айтқанда, аннексияға келсек, бұл туралы мәселе соғысқа байланысты ерекше маңызды мәселе болып отыр. Ал аннексия деген не? Аннексияға қарсы наразылық не ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауға келіп саяды, не status quo-ны қорғайтын және зорлық *атаулыға,* тіпті революциялық зорлыққа да қарсы айтылатын пацифистік сылдыр сөзге сүйенеді, бұған көз жеткізу оп-оңай. Мұндай сылдыр сөз түп-тамырымен жалған және марксизммен сыйыспайды.

8. ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ЕҢ ТАЯУ БОЛАШАҚТАҒЫ НАҚТЫ МІНДЕТТЕРІ

Социалистік революция ең таяу болашақта басталуы мүмкін. Бұл жағдайда пролетариаттың алдына мынадай шұғыл міндет: өкіметті жеңіп алу, банктерді экспроприациялау және басқа диктаторлық шараларды жүзеге асыру міндеті қойылады. Буржуазия — және әсіресе фабийшылдар мен каутскийшілдер тектес интеллигенция — мұндай кезеңде революцияны бөлшектеуге және тежеуге, оған өресіз, демократиялық мақсаттар тағуға тырысады. Егер, буржуазия өкіметінің негіздеріне қарсы пролетарлардың қазірдің өзінде басталып отырған шабуылы жағдайында, таза демократиялық талаптардың *бәрі* белгілі мағынада революцияға бөгет келтірерлік роль атқаратын болса, онда *барлық* езілген халықтардың бостандығын (яғни олардың өзін өзі билеу правосын) жариялап, жүзеге асыру қажеттігі, мысалы, 1848 жылы Германияда немесе 1905 жылы Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі үшін қандай керек болса, социалистік революцияда да дәл сондай керек болады.

Алайда, социалистік революцияның басталуына

дейін 5, 10, одан да көп жыл өтуі ықтимал. Жұмысшы партиясының қатарында социалистік шовинистер мен оппортунистердің болу мүмкіндігіне және олардың 1914—1916 жылдары жеңгені сияқты жеңіп кету мүмкіндігіне жол бермеу рухында бұқараға революциялық тәрбие беру ісі кезекте тұрады. Отарлардың және Ирландияның бөлініп шығу бостандығын талап етпей отырған ағылшын социалистерінің,— отарлардың, эльзастықтардың, датчандардың, поляктардың бөлініп шығу бостандығын талап етпей отырған, революциялық насихат пен революциялық бұқаралық қимылды ұлттық езгіге қарсы күрес саласында да тікелей тарат-пай отырған, Цаберн жанжалы сияқты жанжалдарды езуші ұлт пролетариатының арасында мейлінше кең түрде құпия насихат жүргізу үшін, көше демонстрациялары мен революциялық бұқаралық қимылдар үшін пайдаланбай отырған неміс социалистерінің,— Финляндияның, Польшаның, Украинаның және басқаларының бөлініп шығу бостандығын талап етпей отырған орыс социалистерінің, т. т.— мұндай социалистердің шовинистер екенін, қанға малынып, қоқысқа белшесінен батқан империалистік монархиялар мен империалистік буржуазияның малайлары екенін социалистер бұқараға түсіндіруге тиіс болады.

9. РОССИЯ МЕН ПОЛЬША СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Россияның революцияшыл социал-демократтары мен поляк социал-демократтарының арасындағы өзін өзі билеу туралы мәселе жөніндегі алауыздықтар 1903 жылдың өзінде-ақ, РСДР Партиясының программасын қабылдаған съезде анықталған болатын; съезд поляк социал-демократтары делегациясының наразы болғанына қарамастан, бұл программаға ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындайтын 9-параграфты енгізген еді. Содан бері поляк социал-демократтары біздің партиямыздың программасынан 9-параграфты алып тастау жөнінде немесе ол параграфты қандай болса да басқа

тұжырыммен ауыстыру жөнінде өз партиясы атынан бір рет те қайталап ұсыныс жасаған жоқ.

Халқының кемінде 57 проценті, 100 миллионнан астамы, езілген ұлттарға жататын Россияда,— бұл ұлттар көбінесе шет аймақтарды мекендейтін жерде,— бұл ұлттардың кей бөлегі великорустардан гөрі мәдениеттірек жерде,— саяси құрылысы варварлық және орта ғасырлық сипаты жөнінен ерекше көзге түсетін жерде,— буржуазиялық-демократиялық революция әлі аяқталмаған жерде,— осы Россияда патша өкіметі езіп отырған ұлттардың Россиядан ерікті түрде бөлініп шығу правосын мойындау социал-демократтарға олардың демократиялық және социалистік міндеттері үшін сөзсіз қажет. 1912 жылдың январында қалпына келтірілген біздің партия 1913 жылы қарар қабылдады; бұл қарар өзін өзі билеу правосын қуаттады және оны дәл жоғарыда айтылған нақты мағынасында түсіндірді[101]. Буржуазия арасында да, оппортунистік социалистер арасында да (Рубанович, Плеханов, «Наше Дело», т. т.) 1914—1916 жылдарда великорус шовинизмінің жайылғаны бұл талапты қорғауға және ол талапты мойындамаушылар великорус шовинизмі мен патша өкіметін іс жүзінде қолдап отыр деп тануға бізді бұрынғыдан гөрі итермелей түседі. Біздің партия өзін өзі билеу правосына осылай қарсы шығу жөніндегі қандай да болсын жауапкершілікті үзілді-кесілді қабылдамайтынын мәлімдейді.

Поляк социал-демократиясының ұлт мәселесі жөніндегі позициясының ең жаңа тұжырымында (Циммервальд конференциясындағы поляк социал-демократиясының декларациясы) мынадай ой-пікір бар:

Бұл декларация «поляк облыстарын» алдағы уақытта компенсациялар жөнінде болатын әрекеттерінің кепілі деп білетін, *«поляк халқының өз тағдырын өзі шешуіне мүмкіндік бермейтін»* Германия үкіметін және басқа үкіметтерді айыптайды. «Поляк социал-демократиясы *тұтас бір елді қайта өлшеп-пішіп, ұсақтап бөлшектеуге* қарсы батыл және салтанатты түрде наразылық білдіреді...» Ол *«езілген халықтарды азат ету* ісін»... Гогенцоллерндерге беріп отырған социалистерді

әшкерелейді. Декларация халықаралық революцияшыл пролетариаттың жақындап келе жатқан осы күресіне, социализм жолындағы күреске қатысу ғана *«ұлттық езгінің бұғауын үзеді* және *басқа елдердің* баса-көктеп билеушілігінің *барлық формаларын* жояды, халықтардың одағы ішінде *поляк халқының тең праволы* мүше ретінде жан-жақты еркін даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді» деген сенім білдіреді. Декларация *«поляктар үшін»* соғысты «бауырластардың бірін-бірі өлтіруінің *нағыз өзі»* деп таниды (Интернационалдық социалистік комиссияның бюллетені, 2-номер, 27. IX. 1915, 15-бет; орысша аудармасы «Интернационал және соғыс» деген жинақта, 97-бет).

Ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындаудан бұл қағидалардың шынында түк айырмасы жоқ, тек бұл қағидалардың саяси тұжырымдары II Интернационалдың көптеген программалары мен қарарларына қарағанда шұбаланқылау және тиянақсыздау болып отыр. Бұл ой-пікірлерді саяси дәл тұжырымдармен айтуға және оларды капиталистік құрылысқа немесе тек социалистік құрылысқа ғана қолдануға болатынын анықтауга әрекет жасаудың қандайы болса да поляк социал-демократтарының ұлттардың өзін өзі билеуін мойындамаулары қате екенін бұрынғыдан да гөрі айқын көрсетеді.

1896 жылғы Лондон халықаралық социалистік конгресінің ұлттардың өзін өзі билеуін мойындайтын шешімі жоғарыда айтылған тезистер негізінде 1) бұл талаптың империализм тұсында айрықша көкейтестілігі, 2) саяси демократияның барлық талаптарының, соның ішінде әлгі талаптың, саяси шарттылығы мен таптық мазмұны, 3) езуші ұлттардың социал-демократтары мен езілуші ұлттардың социал-демократтарының нақты міндеттерін ажырата білудің қажеттігі, 4) оппортунистер мен каутскийшілдердің өзін өзі билеуді дәйексіз, тек сөз жүзінде ғана мойындайтындығы, осының салдарынан бұл мойындаудың, саяси маңызы жағынан алғанда, екіжүзділік екендігі, 5) «өздерінің» ұлттары езіп отырған отарлар мен ұлттардың бөлініп шығу бостандығын қорғамай отырған социал-демократтардың,

әсіресе ұлы державалық (великорустар, ағылшын-американдар, немістер, француздар, итальяндар, жапондар, тағы басқалар) ұлттардың социал-демократтарының іс жүзінде шовинистермен бір жерден шығып отырғандығы, 6) саяси демократияның барлық негізгі талаптары үшін күрес сияқты, бұл талап үшін күресте буржуазиялық үкіметтерді құлату жолындағы, социализмді жүзеге асыру жолындағы тікелей революциялық бұқаралық күреске бағындыру қажеттігі жөніндегі нұсқаулармен толықтырылуға тиіс.

Кейбір шағын ұлттардың көзқарастарын, әсіресе ұлтшылдық ұрандармен халықты алдап отырған поляк буржуазиясына қарсы өздерінің күресі өзін өзі билеуді жөнсіз теріске шығаруға дейін жеткізген поляк социал-демократтарының көзқарастарын Интернационалға телу теориялық қате, марксизмді прудонизммен алмастырғандық болар еді, ал іс жүзінде ұлы державалық ұлттардың өте қауіпті шовинизмі мен оппортунизмін лажсыз қолдағандық болар еді.

РСДРП Орталық Органы
«Социал-Демократтың» редакциясы

Постскриптум. Жуырда ғана жарыққа шыққан «Neue Zeit»-те 1916 жылы 3 мартта Каутский немістің нағыз пасық шовинизмінің өкілі Аустерлицке ымыраға келу үшін ашықтан-ашық христиандық қолын созып, езілген ұлттардың бөлініп шығу бостандығын Габсбург Австриясы үшін теріске шығарады да, Гинденбург пен II Вильгельмге малайлық қызмет көрсету мақсатымен *орыс* Польшасы үшін бөлініп шығу бостандығын мойындайды. Каутскийшілдіктің өзін өзі бұдан артық әшкерелеуін тілеудің өзі де қиын болар!

1916 ж. январь — февральда жазылған

1916 ж. апрельде «Vorbote» журналының 2-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1916 ж. октябрьде ««Социал-Демократ» жинағының» 1-номерінде басылған

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

«БІТІМ ПРОГРАММАСЫ» ТУРАЛЫ

«Циммервальдшылдардың» халықаралық екінші конференциясының[102] күн тәртібіне қойылған аса маңызды мәселелердің бірі — социал-демократиялық «бітім программасы» туралы мәселе. Бұл мәселенің нағыз *мәніне* оқушыны бірден қанық ету үшін II Интернационалдың аса беделді өкілі және барлық елдер социал-шовинистерінің аса беделді қорғаушысы Каутскийдің осыған қатысты мәлімдемесін келтіреміз.

«Интернационал соғыс кезіне жарамды құрал емес; ол, істің шынына келгенде, бейбітшілік құралы... Бейбітшілік жолындағы күрес, бейбіт кездегі тап күресі» («Neue Zeit», 27. XI. 1914). «Интернационал көлемінде осы кезге дейін тұжырымдалып келген бейбітшілік программаларының бәрі, Копенгаген, Лондон, Вена программалары, осылардың бәрі ұлттардың дербестігін мойындауды талап етеді, ол әбден орынды да. Бұл талап қазіргі соғыста біздің компасымыз болуға тиіс» (бұл да сонда, 21. V. 1915).

Осы санаулы сөздерде социал-шовинистерді интернационалдық көлемде біріктіру мен ымыраластырудың «программасы» тамаша көрсетілген. Венада Зюдекумнің достары мен жақтаушылары, толық соның рухында әрекет етуші, «отан қорғауды» сылтауратып герман империализмін қорғаушы достары мен жақтаушылары мәжіліс құрғанын әркім біледі[103]. Ал Лондонда «өздерінің» ұлттық империализмін нақ сол сылтаулармен қорғаушы француз, ағылшын, орыс Зюдекумдері мәжіліс құрды. Социал-шовинизмнің лондондық сабаздарының

да, веналық сабаздарының да шын саясаты мынада: олар империалистік соғысқа қатысуды ақтайды, бөтен елдерді тонау жөнінде қандай ұлттық буржуазияның басым болуы тиіс екендігін анықтау үшін француз жұмысшыларының неміс жұмысшыларын және неміс жұмысшыларының француз жұмысшыларын өлтіруін ақтайды. Ал осы шын саясатты бүркемелеу үшін, жұмысшыларды алдау үшін лондондық және веналық сабаздар біз «ұлттардың дербестігін» «мойындаймыз» немесе, басқаша айтқанда, ұлттардың өзін өзі билеуін мойындаймыз, аннексияны қабылдамаймыз, т. т. және т. с. деген *бос сөздерді* пайдаланып отыр!

Бұл «мойындаудың» барып тұрған жалған, сұрқия екіжүзділік екені айдан анық, өйткені *екі* жақтан да ұлттардың дербестігін сақтауға емес, оларды құл етуге бағытталып отырған соғысқа қатысу ақталып отыр. Ал енді беделді Каутский екіжүзділікті ашу, әшкерелеу; масқаралау орнына, оны *дәріптей түседі.* Социализмге опасыздық істеген шовинистердің жұмысшыларды бірауыздан алдауга тырысуы Каутский үшін Интернационалдың бітім туралы мәселе жөніндегі «бірауыздылығы» мен өміршеңдігінің дәлелі болып табылады!!! Ұлттық, дөрекі, ап-айқын, бадырайып тұрған, жұмысшыларға мәлім екіжүзділікті Каутский интернационалдық, жымысқы, бүркемелі, жұмысшылардың көзін бояйтын екіжүзділікке айналдырып отыр. Зюдекумдік саясаттан гөрі каутскийшілдік саясат жұмысшы қозғалысына жүз есе зиянды және қауіпті, каутскийшілдік екіжүзділік жүз есе жиіркенішті.

Ал мәселе әсте тек Каутскийде ғана емес, өйткені нақ осындай саясатты, істің шынына келгенде, Россияда Аксельрод, Мартов, Чхеидзе, Францияда Лонге мен Прессман, Италияда Тревес, т. б. жүргізіп отыр. Бұл саясаттың объективті маңызы мынада: бұл саясат жұмысшы табы ішінде буржуазиялық өтірікті қолдау, пролетариат ішінде буржуазиялық идеяларды жүргізу қызметін атқарады. Бір жағынан, Зюдекум, екінші жағынан, Плеханов «өз» ұлты капиталистерінің буржуазиялық өтірігін тек қайталап қана отыр, бұл анық, бірақ Каутскийдің *нақ сол* өтірікті дәріптеп, «бірауыз-

ды» Интернационалдың «асқан шындығына» айналдырып отырғаны онша айқын емес. Ал буржуазияға керегінің өзі де осы, жұмысшылардың Зюдекумдер мен Плехановтарды беделді, бірауызды, тек уақытша ғана ажырасқан «социалистер» деп есептеуі. Буржуазияға керегінің өзі де бітім туралы екіжүзді сөздермен, ештеңеге міндеттендірмейтін бос сөздермен соғыс кезінде революциялық күрестен жұмысшылардың *назарын аудару*, оларды алдарқату, «аннексиясыз бітім», демократиялық бітім, т. т. және т. с. үмітімен жұбату.

Гюисманс аралық соттарды, сыртқы саясатты демократияландыруды, т. т. қоса отырып, каутскийшілдік бітім программасын ғана дәріптеді. Ал социалистік бітім программасының бірінші және негізгі пункті пролетариатқа буржуазияның ықпалын *нығайту* болып табылатын каутскийшілдік бітім программасының *екіжүзділігін әшкерелеу* болуға тиіс.

Социалистік ілімнің каутскийшілдер бұрмалап жүрген негізгі ұғымдарын еске түсірелікші. Соғыс дегеніміз соғысушы державалардың үстем таптарының соғыстан көп бұрын жүргізген саясатының күштеу құралдарымен жүргізілген жалғасы. Бітім дегеніміз *нақ сол* саясаттың, қарсылас күштер арасындағы қатынаста соғыс қимылдары туғызған өзгерістер *жазылған* саясаттың жалғасы. Соғысқа дейінгі саясат дамып келген бағытты соғыс өзінен-өзі өзгертпейді, бұл дамуды тек қана *тездетеді*.

1870—1871 жылғы соғыс Германияны азат ету және біріктіру жөніндегі буржуазиялық-прогрессшілдік (ондаған жылдарға созылған) саясаттың жалғасы болды. III Наполеонның талқандалуы және оның құлатылуы осы азат етуді тездетті. Социалистердің ол дәуірдегі бітім программасы осы прогресшілдік-буржуазиялық қорытындының есепке алынуы еді, Францияны тонамау, республикамен құрметті бітім жасасу керек деген демократиялық буржуазияны қолдағандық еді.

1914—1916 жылдардағы империалистік соғыс жағдайында бұл мысалды құлша «қайталау» әрекетінің қандай сайқымазақтық екенін қараңызшы. Бұл соғыс дүние жүзін тонаған, отарларды, т. т. басып алған, ас-

қынған, реакциялық буржуазияның саясатын одан әрі жүргізіп отыр. Бұл соғыс буржуазиялық қатынастардың негізінде ешқандай демократиялық «прогреске» жеткізе *алмайды,* объективті жағдайға байланысты жеткізе алмайды, қайта жалпы алғанда езгі атаулыны, жеке алғанда ұлттық езгіні күшейтуге және ұлғайтуға соқтырады,— ал мұның өзі соғыс қалай аяқталған күнде де осылай болады.

Ол соғыс демократиялық, буржуазиялық-прогресшілдік бағыттағы дамуды: III Наполеонның құлатылуын, Германияның біріктірілуін тездетті. *Бұл* соғыс *тек қана* социалистік революцияға қарай дамуды тездетеді. *Ол кезде* демократиялық (буржуазиялық) бітім программасының өзінде *объективті* тарихи негіз болған еді. *Қазір* бұл негіз *жоқ,* сондықтан демократиялық бітім туралы сөзуарлық—буржуазиялық алдау; бұл алдаудың объективті мәні социализм жолындағы революциялық күрестен жұмысшылардың назарын басқа жаққа аударуда болып отыр! *Ол кезде* социалистер демократиялық бітім программасы арқылы *бұқараның* нақты болған, шегіне жеткен, ондаған жылдар бойы өзін көрсетіп келген демократиялық-буржуазиялық қозғалысын (III Наполеонды құлатуға, Германияны біріктіруге бағытталған қозғалысын) қолдады. *Қазір* демократиялық бітім программасы арқылы, буржуазиялық қатынастар негізінде, социалистер *социалистік* революциядан пролетариаттың назарын аударғысы келетін буржуазияның халықты *алдауын* қолдап отыр.

«Отан қорғау» туралы бос сөздер бұқараға ұлт-азаттық соғысының идеологиясын өңің айналдырып тарататыны сияқты, демократиялық бітім туралы бос сөздер де *орағытып әкеліп,* нақ сол буржуазиялық өтірікті тықпалайды!

«Демек, сіздерде ешқандай бітім программасы жоқ, демек, сіздер демократиялық талаптарға қарсысыздар»,— деп қарсылық білдіреді каутскийшілдер; олар бұл қарсылықтың астарында қазіргі бар социалистік міндеттерді буржуазиялық-демократиялық жоқ міндеттермен алмастыру жатқанын аңқау адамдар байқамайды деп емексиді.

Жоқ, мырзалар,— деп жауап береміз біз каутскийшілдерге.— Біз демократиялық талаптарды *жақтаймыз, тек* біз *ғана* сол талаптар үшін *екіжүзділік жасамай* күресіп отырмыз, өйткені объективті тарихи жағдай ол талаптарды социалистік революцияға байланыстырмай қоюға жол бермейді. Мысалға Каутский мен К° үшін жұмысшыларды буржуазиялық тұрғыдан алдау қызметін атқарып отырған сол «компасты» алыңыздаршы.

Зюдекум мен Плеханов «бітім программасы» жөнінде «бірауызды»: аннексияға қарсы! ұлттардың дербестігін жақтайды! Ал мынаны ескеріп қойыңыздар: Россияның Польшаға, Финляндияға, т. т. көзқарасы — аннексионистік көзқарас деп Зюдекумдердің айтқандары *дұрыс* делік. Германияның Эльзас-Лотарингия, Сербия, Бельгия және басқалар жөніндегі көзқарасы да нақ осындай деп Плеханов та дұрыс айтады делік. Екеуі де дұрыс айтады, рас емес пе? Ал Каутский неміс Зюдекумін орыс Зюдекумімен «ымыраластырып отыр»!!!

Бірақ Каутскийдің де, *екі* Зюдекумнің де екіжүзді екепдігін әрбір жөн білетін жұмысшы бірден-ақ көреді. Бұл айқын. Социалист болу үшін екіжүзді демократизммен келіспей, қайта опы *әшкерелеу* керек. Ал оны қалай әшкерелеу керек? Оп-оңай: езуші ұлттың өкілі соғысқа дейін де, соғыс кезінде де *оның өз* «отаны» езіп отырған ұлттың бөлініп шығу бостандығын талап еткенде *ғана* ұлттардың дербестігін «мойындауды» екіжүзділік емес деп есептеуге болады.

Осы талап қана марксизмге сай келеді. Маркс мұны Британия пролетариатының мүдделеріне сүйене отырып ұсынды; Ирландияның бостандығын талап еткенде бөлініп шыққаннан кейін федерацияның ықтималдығын ескерді, яғни бөлініп шығу бостандығын бытырату және оқшаулау үшін емес, неғұрлым берік, неғұрлым демократиялық байланыс жасау үшін талап етті. Барлық реттерде, езілген ұлттар мен езуші ұлттар бар кезде, революцияшыл-демократияшыл ұлттар мен реакцияшыл ұлттарды бөліп отыратын ерекше жағдайлар нақты жоқ кезде (мысалы, XIX ғасырдың 40-жылда-

рында мұндай жағдайлар болды), Маркстің Ирландия жөніндегі саясаты пролетарлық саясаттың үлгісі болуға тиіс. Ал империализм дегеніміз ұлттардың езуші ұлттар мен езілуші ұлттарға бөлінуі елеулі және типті болып отырған, ал Европада реакциялық және революциялық ұлттарды ажырату мүлде мүмкін болмай отырған дәуірдің нақ өзі.

Біздің партиямыз 1913 жылдың өзінде-ақ ұлт мәселесі жөніндегі қарарда өзін өзі билеу ұғымын осында көрсетіліп отырған мағынада қолданудың социал-демократтар үшін міндетті екендігін ұсынған болатын. Ал 1914—1916 жылдардағы соғыс біздің пікіріміздің дұрыстығын түгелдей дәлелдеді.

Каутскийдің 1916 жылы 3 мартта шыққан «Neue Zeit»-тегі соңғы мақаласын алыңыз. Ол Австриядағы көрінеу және барып тұрған неміс шовинисі, Венадағы шовинистік «Жұмысшы Газетінің»[104] редакторы Аустерлицпен өзінің келісетінін, «ұлттың дербестігін оның суверендігімен шатастырмау» керек екендігі жөнінде келісетінін тура мәлімдейді. Басқаша айтқанда: езілген ұлттарға «ұлттар мемлекеті» ішіндегі ұлттық автономияның өзі де жетеді, олар үшін саяси дербестік жөнінде тең право талап ету міндетті емес. Ал нақ сол жерде, нақ сол мақалада Каутский: «орыс мемлекетінің қол астында болу — поляктар үшін қажеттілік» деп дәлелдеуге болмайды дегенді айтады!!!

Бұл не деген сөз? Бұл—Гинденбургтің, Зюдекумнің, Аустерлицтің және К^0-нің пайдасын көздеп, Каутский Россия «ұлттар мемлекеті» бола тұрса да, Польшаның Россиядан *бөлініп шығу бостандығын* мойындайды, бірақ поляктардың Германиядан бөлініп шығу бостандығы жөнінде ол ештеңе айтпайды деген сөз!!! Каутский нақ сол мақаласында француз социалистерінің *соғыс арқылы* Эльзас-Лотарингияға бостандық алғысы келетіндігіне сүйеніп, оларды интернационализмнен шегінгендер деп жариялайды. Ал Эльзас-Лотарингияның *Германиядан* бөлініп шығу бостандығын талап етуден неміс Зюдекумдері мен К^0 бас тартқанда, олардың интернационализмнен шегінгені туралы Каутский ештеңе айтпайды!

«Ұлттар мемлекеті» деген сөзсымақты Ирландия жөнінде Англияға да, Польша, Эльзас, т. т. жөнінде Германияға да қолдануға болады! — міне, осы сөзсымақты Каутский социал-шовинизмді ашықтан-ашық қорғау үшін пайдаланып отыр. «Аннексияға қарсы күресті» Каутский... шовинистермен жасалатын «*бітім* программасына» айналдырды, барып тұрған екіжүзділікке айналдырды. Ал нақ сол мақалада Каутский «мемлекеттік шекараларды жылжытарда мүдделі халықтың келісімін талап етуді Интернационал ешқашан да тоқтатқан емес» деп, Иудушканың тәтті сөздерін қайталайды. Зюдекум мен К^0 эльзастықтар мен бельгиялықтарды Германияға қосу жөнінде олардың «келісімін» талап ететіндігі, Аустерлиц пен К^0 поляктар мен сербтерді Австрияға қосу жөнінде олардың «келісімін» талап ететіндігі айқын емес пе?

Ал орыс каутскийшілі Мартов ше? Ол ұлттардың өзін өзі билеуінен империалистік соғыста отанды қорғау деген мағына туа қоймайды деген даусыз шындықты дәлелдеу үшін гвоздевшілдердің «Наш Голос» (Самара) газетіне барды. Ал егер орыс социал-демократы великорустар езіп отырған ұлттардың *бөлініп шығу бостандығын* талап етпесе, онда өзін өзі билеу принципіне орыс социал-демократының опасыздық жасайтындығы туралы Мартов ештеңе айтпайды — сөйтіп Алексинскийлермен, Гвоздевтермен, Потресовтармен, Плехановтармен бітімге келу үшін қолын созады! Мартов бұл жөнінде құпия баспасөзде де ештеңе айтпайды! Ол голланд Гортермен таласады, ал Гортер ұлттардың өзін өзі билеу принципін теріске шығарып, қате жіберсе де, Голландия Индиясының *саяси тәуелсіздігін* талап етіп, мұнымен келіспейтін голланд оппортунистерін социализмге опасыздық еткендер деп әшкерелеп, бұл принципті дұрыс *қолданады.* Бірақ Мартов өзімен істес секретарь Семковскиймен таласқысы келмейді; Семковский 1912—1915 жылдары бұл мәселе жөнінде жойымпаздық баспасөзде *бір өзі* пікір айтып, бөлініп шығу правосын *мойындамаған болатын,* жалпы өзін өзі билеуді мойындамаған болатын!

Каутский сияқты, Мартовтың да өзін өзі билеуді екі-

жүзділікпен «қорғап отырғаны» да айқын емес пе? Шовинистермен өзінің *татуласқысы келетінін* жасырып отырғаны да айқын емес пе?

Ал Троцкий ше? Ол өзін өзі билеуді жанын сала *жақтайды*, бірақ оның да айтып жүргені—бос сөз, өйткені ол *белгілі бір* ұлт социалисінің «отаны» езген ұлттардың бөлініп шығу бостандығын талап етпейді; ол Каутский мен каутскийшілдердің екіжүзділігі туралы *ештеңе айтпайды!*

Бұлайша «аннексияға қарсы күресу» — социал-демократтардың программасын *түсіндіру* емес, жұмысшыларды алдау,— интернационалистердің борышын нақты көрсету емес, *сөз жүзіндегі шимай*,— ұлтшылдыққа қарсы күресу емес, ұлтшылдықтың соқыр сенімдеріне және оның зұлымдық мүдделеріне жол беру («біз» бәріміз, буржуа да, социал-шовинистер де, «біздің» отанымыздың ұлттарды езуінен «пайда» табамыз деу!).

Социал-демократияның «бітім программасы» ең алдымен бітім жөніндегі буржуазиялық, социал-шовинистік, каутскийшілдік бос сөздердің екіжүзділігін әшкерелеуге тиіс. Бұл біріншісі және негізгісі. Мұнысыз біз ықтиярымыз болсын-болмасын бұқараны *алдауға* көмектескен болып шығамыз. Біздің «бітім программамыз» демократияның бұл мәселе жөніндегі басты пунктінің — аннексияны мойындамаудың — сөз жүзінде емес, іс жүзінде қолданылуын, ұлттық екіжүзділікке емес, интернационалдық насихатқа қызмет етуін талап етеді. Ол үшін бұқараға: аннексияны мойындамау, *яғни* өзін өзі билеуді мойындау тек *әрбір* ұлттың социалисі өз ұлты езген ұлттардың бөлініп шығу бостандығын талап еткенде шындық болатындығын түсіндіру керек.— Бұқараны революциялық күреске тартатын және «демократиялық» бітім үшін революциялық шаралардың қажеттігін түсіндіретін дұрыс ұран ретінде мемлекеттік борыштарды төлеуден бас тарту ұраны қойылуға тиіс.

Ақырында, біздің «бітім программамыз» империалистік державалар мен империалистік буржуазияның демократиялық бітім бере *алмайтындығын* түсіндіретін болуға тиіс. Демократиялық бітімді іздеп, соған жету

керек — бірақ *кейінгі жақтан емес,* империалистік *емес* капитализмнің реакциялық утопиясынан немесе капитализм *тұсындағы* тең праволы ұлттардың одағынан *емес — алдан* іздеу керек, пролетариаттың социалистік революциясынан іздеу керек. Социализм туы астындағы революциялық шайқастар *арқылы* болмаса, алдыңғы қатарлы империалистік мемлекеттерде бірде-бір түбегейлі демократиялық талап басқаша түрде азды-көпті кең көлемде және берік жүзеге асырылмайды.

Ал кімде-кім социалистік революцияны уағыздамай, революция жолындағы күресті, соғыс кезінде-ақ болатын күресті мойындамай, халықтарға «демократиялық» бітім жөнінде уәде берсе, ол адам пролетариатты алдайды.

1916 ж. 19 февраль мен 7 март (3 және 20 март) аралығында жазылған

1916 ж. 25 мартта «Социал-Демократ» газетінің 52-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМ КОМИТЕТІНІҢ[105] РСДРП СЕКЦИЯЛАРЫНА ХАТЫ

Құрметті жолдастар! Поляк социал-демократиясы *оппозициясының* органы «Газета Роботничаның»[106] жуырда шыққан 25-номерінде (соғыс кезіндегі *екінші* номері) олардың кеңесінің (редакторлық коллегия кеңесінің) қарарлары басылды; бұл қарарлар 1915 жылғы *июньнің* өзінде-ақ қабылданған болатын.

Бұл қарарлар *ұйым ретінде* (біз оның жеке мүшелері туралы айтпаймыз; олардың кейбіреулері, мысалы, Радек неміс социал-демократиялық баспасөзінде аса пайдалы жұмыс жүргізіп жүр) поляк социал-демократиясының *тағы да барып тұрған* тұрлаусыздықпен ауытқып отырғанын айқын көрсетеді.

Каутскийшілдікке қарсы бір де сөз жоқ, социал-шовинизмнің *негізі* мен *т і р е г і* болып отырған *оппортунизмге* қарсы нақты және батыл күрес туралы бір де сөз жоқ!! Мұның бір, тек бір ғана шын мағынасы: каутскийшілдермен «ойын» құруға[107] тағы да (1914 ж. 3 (16) июльдегі Брюссельдегі сияқты) әзір тұру.

Енді басты (IV) қарарды біз толық келтірейік. Оның тексті мынадай:

P. S. D.-ның (оппозицияның) «Газета Роботничасы», № 25 (январь, 1916). «1915 ж. 1—2 июньде болған редакциялық коллегия кеңесінің қарарлары».

IV. П о л ь ш а м е н Л и т в а с о ц и а л - д е м о к р а т и я с ы н ы ң Р С Д Р П - ғ а к ө з қ а р а с ы[108].

«Россиядағы поляк революцияшыл социал-демократтары РСДРП Орталық Комитетін неғұрлым батыл ре-

волюцияшыл-интернационалист элементтерден құрылған коллектив деп санайды және, өлкелік ұйымға келешекте онымен ұйымдық қатынастарды реттеуді тапсыра отырып, оны саяси жағынан қолдайды және өз қызметін онымен орайластырып отырады.

Өз саясаттарының басты елеулі (wytycznych [**белгілі бір?**]) пункттері жөнінде поляк социал-демократтары мен Орталық Комитеттің революциялық позициясының ортақтығы Польша мен Литва социал-демократиясына Орталық Комитет тактикасын сөзсіз әсірелеушілікке (wybujałości [**егіннің «қаулап» өсуі, т. т.**]) бұрынғыша сын көзімен қарау міндетін жүктейді.

Патша өкіметінің **жыртқыштық** саясатына пролетариаттың сөзсіз дұшпандық көзқарасын атап көрсетуді !! орынды түрде көздей отырып, Орталық Комитет *Россияның жеңілу* ұранын ұсынады; мұны патша өкіметінің Европадағы мейлінше реакциялық роліне және орыс революциясының ерекше маңызына негіздейді; !! алайда, Орталық Комитет осынысы арқылы, пролетариаттың үміттері мен міндеттерін соғыстың белгілі бір нәтижесімен байланыстыруға жол бермейтін интернационализм методына қайшы келеді, сөйтіп тіпті неміс социал-патриоттарының қолдарына дәлелдер береді.

Жаңа Интернационал құру үшін революциялық әрекеттің қажеттігін орынды түрде атап корсете отырып, жанжалдарды **жасыру**, қираған ескі Интернационалды қайтадан құрастыру әрекеттерінің бәріне орынды түр- !!! де қарсы шыға отырып, алайда Орталық Комитет өзінің көзқарасында a priori* болмаған, онша батыл емес элементтердің бәрінен өз бетімен іргені аулақ салу ролін асыра бағалайды, сөйтіп революциялық **лагерьдің (obozu)** міндеті бұл элементтерді қашықтату емес, қайта оларды социал-патриотизмнің **алаяқтығына (алдауына)** (szalbierstwem) қарсы күреске тарту және олардың идеялық тұрлаусыздығын қатты сынау арқылы оларды батылырақ ету процесіне жәрдемдесу болуға тиіс екендігін **ұмытып отыр (przeocza)**.

---

* — алдын ала, әуел бастан. *Ред.*

Ал Ұйымдастыру комитетіне (РСДРП-ның) келсек, онда оның Россиядағы басты тобының, сондай-ақ әдеби өкілінің де (ekspozytura literacka) социал-патриотизм көзқарасында тұрғандығын, оның интернационалистік әлсіз қанатының социал-патриоттардан қол үзуге күші мен батылы жетпейтінін, Ұйымдастыру комитетінің орталығы пацифистік көзқарас ұстап отырғанын кеңес (narada) растайды; кеңес Ұйымдастыру комитетіне Польша мен Литва социал-демократиясының көзқарасы — тек қана оның позициясын сынау, оның ыдырауына көмектесу (rozkladu) және оның интернационалистік элементтерін, «Наше Словоның» маңына, РСДРП ішінде интернационалистік-революциялық көзқарастарды қалыптастыру үшін (кіршіксіз етіп қалыптастыру үшін) көп жұмыс істеген органның маңына топталған интернационалистік элементтерін Ұйымдастыру комитетінен қол үздіру болуға тиіс деп есептейді.

Атап айтқанда, мұның (Ұйымдастыру комитетінің) құрамына кіретін Бундқа да қатысы бар, Бундтың позициясы социал-патриот және пацифист, русофильдік және германофильдік элементтердің бұдан да былық қойыртпағы болып табылады».

Бұл арада поляк социал-демократтары: біз өз қызметімізді Орталық Комитетпен «орайластырып» отырғымыз келеді дейді.

Біз Орталық Комитетке мынаны айтуды өзіміздің сөзсіз борышымыз деп білеміз: Орталық Комитет өз қызметін поляк социал-демократиясымен «орайластырып» отыруға тиісті емес және олай істей *алмайды.*

Неге?

Өйткені, біздің партиямыздың *негізгі* мәселесі жөнінде поляк социал-демократиясы қайта-қайта, 1001-рет, *а у ы т қ ы п о т ы р* (немесе, объективті жағынан алғанда бәрібір, ойын құрып отыр). Күмән жоқ, қазір Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың негізгі мәселесі — *жікке бөліну* туралы мәселе.

Біз бұл мәселе жөнінде ымыраға келмейміз, өйткені Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың *бүкіл* тәжірибесі, әсіресе 1903—1909 жылдардың, одан гөрі

1910—1914, бәрінен де гөрі 1915—1916 жылдардың тәжірибесі Ұйымдастыру комитетімен бірліктің (немесе, бәрібір, Чхеидзе фракциясымен бірліктің) жұмысшы қозғалысына *зиянды* екеніне, жұмысшы қозғалысын буржуазияға бағындыруды *қамтамасыз ететініне* біздің *көзімізді жеткізді.*

Соғыс пен «гвоздевшілдік»[109] мұны біржола дәлелдеді.

Ал нақ осы басты, негізгі, түбегейлі мәселе жөнінде поляк социал-демократтары қайта-қайта *бұлталақтап отыр.*

Соғыс оларға жікке бөлінудің қажеттігін және олардың Брюссельдегі тактикасының *қателігін* (3/16. VII. 1914) дәлелдеді, бұл туралы олар *бір де сөз* айтпайды.

Керісінше, олар Ұйымдастыру комитетінің немесе Чхеидзенің жағына қарай жаңадан «брюссельдік» қайта секіріс жасап, оны ақтау үшін нақ әдейі ойлап шығарылған *бір сөйлемді* қарарға енгізді. Бұл сөйлем мынадай:

«...Орталық Комитет өз бетімен іргені аулақ салу ролін асыра бағалайды...».

Мәселенің түйіні осында. Басқаның бәрі тек бос сөз. Егер Орталық Комитет жікке бөліну қажеттігін «асыра бағалап» отырған болса, онда поляк социал-демократиясының ертең болмаса, бүрсікүні «бірлік» жөніндегі брюссельдік-каутскийшілдік жаңа қарарды жақтап *тағы да* дауыс беруге праволы екендігі айқын.

Мұның бәрі де бәз-баяғы ескі тышкашылдық[110], Орталық Комитет пен Ұйымдастыру комитетінің арасындағы ескі ойын, ауытқымалы позицияны ескі эклектикалық түрде (жұмсағырақ айтқанда) пайдалану.

Біз жалпы алғанда поляк социал-демократиясымен де, Циммервальд солшылдарымен де *бірге істеуге* әсте қарсы емеспіз; біз өз қарарларымыздың әрбір *әрпін* қорғамаймыз; бірақ (1) *Россиядағы жікке бөліну* туралы және (2) Европадағы каутскийшілдікпен ымыраға келмеу туралы мәселеде *біз ымырасызбыз.* Біз барлық жолдастарға поляк социал-демократтарының

сенімсіздігі жөнінде ескертуді және Орталық Комитеттің «брюссельдік» эксперименттердің қайталануына тағы да елігіп кетпеуін, бұл эксперименттердің авторларына және оларға қатысушыларға сенбеуін талап етуді өзіміздің борышымыз деп есептейміз.

Жолдастық сәлеммен *Шетелдік ұйым комитеті*

1916 ж. февраль—мартта жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«КОММУНИСТ» ЖУРНАЛЫН ШЫҒАРУДЫ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Баспасөз үшін емес:

(1) «Коммунисті» федерациялық түрде құрылған редакция — уақытша және тәжірибе түрінде — құрды; ол кезде, тұтас алғанда, Орталық Органның редакциясы мен редакцияның қалған бөлегі арасында бірде-бір елеулі мәселе жөнінде *ешбір* алауыздық аңғарылған жоқ;

(2) «Коммунистің» 1—2-номерінен кейін редакцияның *үш* мүшесі өзін өзі билеу туралы мәселе жайында өздері қол қойған тезистерде әлгіндей алауыздықтарды көтерді;

(3) бұл мәселе жөнінде пікір алысу демократиялық талаптардың роліне және жалпы алғанда программа-минимумға баға беруге байланысты пікір алалықтарының тереңдеп кеткенін аңғартты;—

осыларды еске ала келіп,

— Орталық Комитет қаулы етеді: «Коммунист» журналын бұдан әрі шығару мүмкін емес деп табылсын және *бұл басылым тоқтатылады* деп жариялансын.—

Содан соң. Даулы мәселелер жөніндегі айтысты *кеңейту* үшін және басшы жолдастардың неғұрлым кең тобы алдында бұл мәселелерді анықтап алу үшін Орталық Комитет қаулы етеді:

тезистерге қол қойған үш жолдастан Орталық Органның редакциясымен екі арадағы өздерінің алауыздықтарын *дәлелдеп баяндау* сұралсын.

Бұл баяндау Орталық Орган редакциясының жауабымен бірге, ашық айтысты баспасөз бетіне көшіру тиімді ме және қажет пе деген мәселені *түпкілікті* шешу үшін басшы партия қызметкерлерінің неғұрлым кең тобына хабарлансын[111].

Сіздің «әбден ығыр қылған» істі тоқтатпай отырғаныңызға қатты қынжыламын. *Қайталап айтамын,*— мен *«Коммунисте»* қатысудан *бас тартуға мәжбүрмін* деп қайталай беруден мен де әбден ығыр болдым.

Сіздің жоспарыңызда принцип жоқ және шатасқан нәрсені одан сайын *шатастыра түседі. Егер* терең принципті алауыздық *жоқ болса,* онда Орталық Комитетке беру жала жабу немесе кикілжің туғызу болады, сондықтан кез келген «россиялық» сізді әшкерелейді.

Егер алауыздықтар болса, *о н ы* айту керек: 1—2-номерден кейін жұрт әбден шатаса бастады; *ж а у а п к е р ш і л і к т і қ а б ы л д а м а й м ы з;* көтермелеуді емес, қайта әшкерелеуді борышымыз деп санаймыз. *И к е м г е к е л у р е т і н д е,* оларға «кеңейтілген топ» алдында тағы да айтысқа шығуды (листокты қараңыз) ұсынамыз (оларды баспасөз бетінде масқараламау үшін; оларды айтыс арқылы бірден *құртпау* үшін).

{Тек сол үшін ғана.}

««С о ц и а л - Д е м о к р а т» ж и н а ғ ы» үшін бізде өзіміздің бірқатар мақалаларымыздан басқа*, Варин + + Александр + корреспонденциялар + айыптау актісі (мен әлі алғаным жоқ) + Сафаров + латыш + Коллонтай (болуы мүмкін) бар.

Жапондарды[112] тек *оларды* масқаралау үшін ғана шақыру керек. Бухаринді: экономикалық мәселе жөнінде тек *заказ* беру үшін ғана.

Радекті шақыру *к е р е к е м е с* (оның мақаласы *ж а р и я* және бұл күйінде енді *тіпті де маңызды емес). Оның* тезистеріне қарсы *күресуге* тура келеді.

Менің пікірім осындай. «Коммунист» дегеніміз *өлік,* ал мен оны тірілтуге қатыспаймын.

---

* «жазушылар» *е к і* жинаққа жетіп жатыр!

Александрге (Бюродағы орыс жұмысшыларына да) мәселені *принципті* түрде қою керек: біз мәселені әбден шатастыратын және үйренгілері келмейтін, тіпті өз пікірін баяндап беру жөнінде жұмыс істегілері де келмейтін адамдарды редакцияға *алмаймыз*. Олар бізді P. S. D-ға *айдап салғысы* келеді, бұл айқын, ал өздері тасаға жасырынып қалғысы келеді.

«Коммунист» *сол* уақыттың міндетіне: жұрттың бәрін социал-шовинизм мен каутскийшілдікке *қарсы* топтастыру міндетіне сай болған еді.

Енді басқа міндет алға қойылып отыр: күн тәртібінде «империалистік *экономизмге»* қарсы *күрес* тұр.

Salut *Lenin*

P. S. Неге *жауап бермедіңіз, Сухановты Женеваға жібердіңіз бе?* Гриммге арналған материалдарды жіберіп отырмын.

Тезистерді аударудан ештеңе *шықпады*.

1916 ж. 28 марттан (10 апрельден) кешірек жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЕКІНШІ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҰСЫНЫСЫ [113]

(Күн тәртібінің мына пункттері жөніндегі *тезистер:* 5, 6, *7a, 7b* және 8, соғысты аяқтау үшін күрес, бітім мәселелеріне, парламенттік қызмет пен бұқаралық күреске, Халықаралық социалистік бюроны шақыруға көзқарас.)

(I. S. K. өзінің екінші конференцияны шақыратындығы туралы жариялап, ұйымдарды осы мәселелерді талқылауға және өздерінің ұсыныстарын жіберуге шақырды. Төмендегі тезистер біздің партиямыздың осы шақыруға берген жауабы болып табылады.)

---

1. Соғыстың қандайы болса да соғысушы мемлекеттер мен олардағы үстем таптардың соғысқа дейін көп жылдар бойы, кейде ондаған жылдар бойы жүргізіп келген саясатының күштеу құралдарымен жүргізілген жалғасы ғана болып табылатыны сияқты, соғыс атаулыны аяқтайтын бітім де сол соғыстың барысында және нәтижесінде қол жеткен күштегі шын өзгерістердің есепке алынуы және тіркелуі ғана бола алады.

2. Империалистік соғыс, қазіргі, яғни буржуазиялық қоғамдық қатынастардың негіздері әлі де болса қозғаусыз қалып отырғанда, тек империалистік бітімге ғана алып бара алады, яғни осы соғыстың қарсаңында ғана емес, осы соғыстың барысында өте-мөте орасан өскен финанс капиталының әлсіз ұлттар мен әлсіз елдерді езуін ныгайтуына, ұлғайтуына, күшейтуіне ғана алып



Предложение ЦК РСДРП 2-ой социалистической конференции

1. Как всякая война есть лишь продолжение средствами насилия той политики, которую вели воюющие государства и господствующие классы в них долгое время, иногда десятилетия, до войны, так и мир, заканчивающий всякую войну, может быть лишь учетом и записью действительных изменений в силе, достигнутых в ходе и в результате данной войны.

2. Империалистская война, пока остаются нетронутыми основы теперешних т. е. буржуазных общественных отношений, может вести только к империалистскому миру, т. е. к укреплению, расширению и усилению угнетения слабых наций и стран финансовым капиталом, который особенно гигантски вырос не только перед войной, но и в ходе ее. Объективное содержание той политики, которую вели буржуазия и правительства всех великих держав и до войны и во время нее, ведет к усилению экономического гнета, национального порабощения, политической реакции. Поэтому мир, заканчивающий войну, при любом исходе ее, может только закрепить это ухудшение экономического и политического положения масс, раз сохранится буржуазно-общественный строй.

В. И. Лениннің «РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысы» деген қолжазбасының бірінші беті. — Март, 1916 ж.

Кішірейтілген

бара алады. Соғысқа дейін де, соғыс кезінде де ұлы державалардың *екі* тобының да буржуазиясы мен үкіметтері жүргізіп келген саясаттың объективті мазмұны экономикалық езушілікті, ұлттарды құл етушілікті, саяси реакцияны күшейте түседі. Сондықтан бұл соғысты аяқтайтын бітім, ол соғыс қалай біткен күнде де, буржуазиялық қоғамдық құрылыс сақталып қалып отырғандықтан, бұқараның экономикалық және саяси жағдайының осындай нашарлауын нығайтпай қоймайды.

Империалистік соғыстың нәтижесінде демократиялық бітімнің жасалуы мүмкін деп ойлау — теорияда — осы соғыстың алдында жүргізілген және соғыс үстінде жүргізіліп отырған саясатты тарихи жағынан зерттеудің орнына тұрпайы құрғақ сөзді қолданғандық болады;— практика жүзінде халық бұқарасын алдағандық, олардың саяси сана-сезімін күңгірттегендік, болашақ бітімді дайындаушы үстем таптардың шын саясатын бүркеп, боямалағандық, бұқарадан басты нәрсені, атап айтқанда: бірнеше революциясыз демократиялық бітім жасасу мүмкін еместігін жасыру болады.

3. Социалистер реформалар жолындағы күрестен бас тартпайды. Олар, мәселен, қазірде де парламенттерде бұқараның жағдайын қандай да болса, тіпті азғантай да болса, жақсарту үшін, күйзеліске ұшыраған облыстардың тұрғындарына берілетін жәрдемді көбейту үшін, ұлттық езгіні бәсеңдету, т. с. үшін дауыс беруге тиіс. Бірақ тарихтың және шын саяси жағдайдың революциялық тұрғыдан алға қойған мәселелерін шешу үшін реформаларды уағыздаушылық кәдімгі буржуазиялық алдау болады. Үстіміздегі соғыстың кезекке қойып отырған мәселелері нақ осындай. Бұл — империализмнің түбегейлі мәселелері, яғни капиталистік қоғамның өз өмір сүруінің мәселелері, соңғы он жылдың ішінде орасан жылдам ғана өсіп қоймай, сонымен қатар — әсіресе маңыздысы да осы — өте-мөте әркелкі өскен «ұлы» державалар күштерінің жаңа арақатынастарына сәйкестеп дүние жүзін қайта бөлісу арқылы капитализмнің күйреуін кешеуілдету мәселелері. Бұқараны құр сөзбен алдамайтын, қоғам күштерінің ара-

салмағын өзгертетін нағыз шын саяси қызмет қазір мынадай екі форманың біреуі ғана болуы мүмкін: не «өзінің» ұлттық буржуазиясының бөтен елдерді тонауына жәрдем ету (және бұл жәрдемді «отан қорғау» немесе «елді құтқару» деп атау), не болмаса пролетариаттың социалистік революциясына жәрдем ету, соғысушы елдердің бәрінде де бұқара арасында басталып келе жатқан толқуды қолдап, дамыту, басталып келе жатқан стачкаларға, демонстрацияларға, т. т. көмектесу, революциялық бұқаралық күрестің әзірше әлсіз, осы көріністерін пролетариаттың буржуазияны құлату жолындағы жалпы тегеуріпіне айналдыра ұлғайтып, өршіту.

Барлық социал-шовинистер капиталистердің бұл соғыста да қолданып отырған нағыз шын, яғни империалистік, саясаты жөніндегі мәселені капиталистік жыртқыштардың белгілі бір тобының «арам ниетті» шабуылы және «адал ниетті» қорғануы деген екіжүзділік сөздермен бүркемелеп, қазір халықты алдап отыр,— нақ сол сықылды, капиталистер мен дипломаттар қазірдің өзінде-ақ әзірлеп жатқан болашақ бітім сол империалистік саясаттың, яғни финанстық талан-тараж, отаршылдық тонау, ұлттарды езу, саяси реакция, капиталистік қанауды күшейту саясатының жалғасы, дамуы, нығаюы емес, «арам ниетті» шабуылды «әншейін» жойып, «адал ниетті» қатынастарды қайтадан орнату болып табылады дейтін «демократиялық бітім» туралы сөздер де халықты тек алдаудың ғана құралы болады. Капиталистерге және олардың дипломаттарына нақ қазіргі кезде буржуазияның мұндай «социалистік» малайлары керек те, өйткені бұлар «демократиялық бітім» туралы сөздермен халықтың құлағын тұндырып, есінен айырып, есеңгіретеді, бұл сөздер арқылы буржуазияның шын саясатын бүркемелейді, бұқараның көзі ашылып, ол саясаттың шын мәнісін түсінуін қиындатады, бұқараның назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударады.

4. II Интернационалдың аса көрнекті өкілдері қазір ойдан шығарып жатқан «демократиялық» бітім программасы нақ осындай буржуазиялық алдау және екі-

жүзділік болады. Мәселен, Arnhem-дегі съезде[114] Гюисманс және «Neue Zeit»-те Каутский,—осы Интернационалдың өте беделді, ресми және «теорияшыл» өкілдерінің бірі ретінде бұл программаны былай тұжырымдады: империалистік үкіметтер бітім жасасқанға дейін революциялық күрестен бас тарту; ал әзірге сөз жүзінде аннексия мен контрибуцияны теріске шығару, ұлттардың өзін өзі билеуі, сыртқы саясатты демократияландыру, мемлекеттер арасындағы халықаралық жанжалдарды шешуге аралық соттар құру, қарусыздану, Европа Құрама Штаттары[115], т. т. және т. с.

Бұл «бітім программасының» шын саяси маңызын Каутский өте-мөте айқын көрсетіп берді; ол осы мәселе жөнінде «Интернационалдың бірауыздылығын» дәлелдеу үшін Лондон конференциясының (II. 1915) және Вена конференциясының (IV. 1915) бұл программадағы басты пунктті, атап айтқанда: «ұлттардың дербестігін» бірауыздан мойындаған фактісін келтірді. Сөйтіп, Каутский социал-шовинистердің халықты көрер көзге алдағандығын бүкіл әлем алдында ашық жақтап шықты; социал-шовинистер ұлттардың «дербестігін» немесе өзін өзі билеуін еш нәрсеге де міндеттендірмейтін, еш нәрсеге де қол жеткізбейтін, сөз жүзіндегі, екіжүзділік мойындаушылықты «өз» үкіметтерінің империалистік соғысын қолдаушылықпен біріктіріп отыр; бұл соғыс *екі* жақтың тарапынан да әлсіз ұлттардың «дербестігін» үнемі бұзу *арқылы* және ол ұлттарды езуді кеңейтіп, нығайту *үшін* жүргізіліп отыр.

Бұл өте көп айтылып жүрген «бітім программасының» объективті маңызы революциялық күресті өрістете бастаған жұмысшыларды олардың шовинист көсемдерімен «бітістіру» арқылы, социалистік партияларды соғысқа дейінгі, атап айтқанда көптеген көсемдерді буржуазия жағына шығарған халге қайта түсіру үшін социализмдегі дағдарыстың тереңдігін бүркеу арқылы жұмысшы табының буржуазияға бағынушылығын нығайту болып отыр. Бұл «каутскийшілдік» саясаттың пролетариат үшін қауіптілігінің күштілігі сонша — ол саясат әсем сөздерді жамылғы етеді және жалғыз Германияда ғана емес, барлық елдерде де жүргізіледі. Мә-

селен, Англияда бұл саясатты көсемдердің көпшілігі жүргізіп отыр; Францияда Лонге, Прессман және басқалар жүргізіп отыр; Россияда Аксельрод, Мартов, Чхеидзе және басқалар жүргізіп отыр; Чхеидзе осы соғыста «ел қорғау» жөніндегі шовинистік идеяны «елді аман алып қалу» деген сөздермен бүркейді, сөйтіп, бір жағынан, сөз жүзінде Циммервальдты қолдайды, екінші жағынан, фракцияның ресми мәлімдемесінде Гюисманстың Arnhem-де сөйлеген атышулы сөзін мақтайды, іс жүзінде, Дума трибунасынан болсын, баспасөзде болсын, жұмысшылардың әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуына қарсы болмайды және осындай қатысушылықты қорғаушы газеттердің қызметкері болумен келеді. Осы сықылды саясатты Италияда Тревес жүргізіп отыр: итальян социалистік партиясының орталық органы *«Avanti»*[116]-дің 1916 ж. 5 марттағы Тревесті және басқа «реформист-поссибилистерді» әшкерелеу керек деген, «партия басқармасы мен Оддино Моргаридің Циммервальд бірлестігіне және жаңа Интернационал құруға бағытталған істеріне кедергі жасамақ болып кімде-кім барлық құралдарды қолданған болса, соны әшкерелеу керек», т. т. және т. с. деген қоқан-лоққысын қарап көріңіз.

5. «Бітім мәселелерінің» қазіргі кезде негізгісі — аннексия туралы мәселе. Қазіргі үстем болып отырған социалистік екіжүзділік те, шын социалистік насихат пен үгіттің міндеттері де нақ осы мәселеде бәрінен де гөрі анығырақ көрінеді.

Аннексия дегеннің не екенін, социалистер аннексияға қарсы неліктен және қалай күресуге тиіс екенін түсіндіру қажет. Аннексия деп: «бөтен» территорияны қосып алу атаулының да *бәрін бірдей* атауға болмайды, өйткені социалистер, жалпы айтқанда, ұлттардың арасындағы шекаралардың жойылуына және негұрлым ірі мемлекеттердің құрылуына тілектес; — status quo-ны бұзу атаулының да бәрін бірдей атауға болмайды, өйткені мұның өзі барып тұрған реакцияшылдық болар еді және тарих ғылымының негізгі ұғымдарын келеке қылғандық болар еді; — соғыс арқылы қосып алушылық атаулының да бәрін бірдей атауға болмайды, өйткені

социалистер халық көпшілігінің мүддесі үшін болатын зорлық пен соғысты теріс деп қарамайды. Аннексия деп халқының *еркіне қарамастан* территорияларын қосып алуды ғана атау керек; басқа сөзбен айтқанда, аннексия ұғымы ұлттардың өзін өзі билеуі ұғымымен тығыз байланысты.

Бірақ осы соғыстың болу негізінде, атап айтқанда соғысып жатқан державалардың *екі* тобы тарапынан да бұл соғыстың империалистік соғыс екендігінен мынадай құбылыс туындауға тиіс еді, туындады да: буржуазия мен социал-шовинистер аннексияны жау мемлекет жасап отырғанда немесе жасап қойған соң аннексияға қарсы күш сала «күреседі». Бұл сықылды «аннексияға қарсы күрестің» және аннексия туралы мәселедегі бұл сықылды «бірауыздылықтың» нағыз екіжүзділік екендігі анық. *Іс жүзінде*, Эльзас-Лотарингияға бола соғысты жақтайтын француз социалистерінің де, Эльзас-Лотарингияның, неміс Польшасының, т. с. Германиядан бөлініп шығу бостандығын талап етпейтін неміс социалистерінің де, «аннексиясыз бітім» үшін Польшаның Россияға қосылуын талап етіп, патша өкіметінің Польшаны тағы да құл етуі жолындағы соғысты «елді аман алып қалу» деп атайтын орыс социалистерінің де, т. т. және т. с. да *аннексионистер* болып табылатындығы анық.

Аннексияға қарсы күрес екіжүзділік немесе құр бос сөз болмай, бұқараға интернационализм рухында шынымен тәрбие бере алатын болуы үшін, бұл мәселені қойғанда аннексия туралы мәселе жөніндегі қазіргі көп тараған алдаушылықты бүркемей, ол алдаушылықты бұқараға түсіндіретіндей етіп қою қажет. Әрбір ұлт социалисінің ұлттардың тең праволылығын сөз жүзінде мойындауы немесе өзінің аннексияға қарсы екендігі жөнінде жар салып, жан-тәнімен ант-су ішуі жеткіліксіз. Әрбір ұлттың социалисі *өз* «отанынан» езілген отарлар мен ұлттардың *бөлініп шығу бостандығын* дереу және сөзсіз талап етуі қажет.

Мұндай шартсыз, ұлттардың өзін өзі билеуін және интернационализм принциптерін мойындаушылық,

Циммервальд манифесінде де, ең мықтағанда, түкке тұрғысыз сөз болып қалады.

6. Социалистердің «бітім программасы» да, олардың «соғысты бітіру үшін күресу» программасы сықылды, «демократиялық бітім» жайындағы, соғысушылардың бейбітшілік сүю ниеттері, т. с. жайындағы өтірік сөздерді, барлық елдердегі көпірме министрлердің, пацифист буржуаның, социал-шовинистердің және каутскийшілдердің қазір халықты алдап жүрген өтірік сөздерін әшкерелеуден басталуға тиіс. «Бітім программасы» атаулының бәрі де ең алдымен революцияның қажеттігін бұқараға түсіндіруге негізделмесе, бұқараның барлық жерде басталып келе жатқан революциялық күресін (қобалжу, наразылық, траншеяларда бауырласу, стачкалар, демонстрациялар, майданнан туысқандарына, — мәселен, Францияда, — соғыс заемына жазылмаңдар деп хат жазу, т. т. және т. с.) қолдауға, оған көмектесуге, оны дамытуға негізделмесе, бұл программа халықты алдағандық, екіжүзділік болады.

Халықтың соғысты бітіру жолындағы қандай да болса қозғалысын қолдау, кеңейту, тереңдету — социалистердің борышы. Бірақ шынына келгенде бұл борышты, Либкнехт сияқты, парламент трибунасынан солдаттарды қаруды тастауға шақыратын, революцияны уағыздайтын, империалистік соғысты социализм жолындағы азамат соғысына айналдыруды уағыздайтын социалистер ғана орындап жүр.

Бұқараны революциялық күреске тартатын және «демократиялық» бітімнің жасалуы мүмкін болу үшін революциялық шаралардың қажетті екендігін түсіндіретін дұрыс ұран ретінде мемлекеттік қарыздарды төлеуден бас тарту ұраны қойылуға тиіс.

Циммервальд манифесінің — жұмысшылар бөтеннің ісі үшін емес, өзінің ісі үшін құрбандыққа көнуі керек деп, революцияға меңзеуі жеткіліксіз. Бұқараға олардың өз жолын айқын, анық көрсету қажет. Қайда баратындығын және неге баратындығын бұқара білетін болсын. Соғыс кезіндегі бұқараның революциялық қимылдары, егер де олар ойдағыдай дамып кете алса,

империалистік соғыстың социализм жолындағы азамат соғысына айналуына ғана жеткізе алатындығы анық, ал мұны бұқарадан жасыру зиянды. Қайта, іске енді ғана кіріскен кезімізде ол мақсатқа жету қаншама қиын көрінсе де, бұл мақсатты айқын көрсету керек. Циммервальд манифесінде айтылғандай, бұл соғыста «капиталистердің отанымызды қорғаймыз деген сөздері өтірік» деу және жұмысшылар революциялық күресте өз елінің соғыстағы жағдайымен санаспауға тиіс деу жеткіліксіз; мұнда меңзеумен айтылғанды айқын айту керек, атап айтқанда, капиталистердің ғана емес, сонымен қатар социал-шовинистер мен каутскийшілдердің де осы, империалистік, соғыста отан қорғау деген ұғымды қолдануға жол беріп, өтірік айтатындығын, «өз» үкіметіңе жеңілу қаупін тудырмайынша соғыс кезінде революциялық қимыл жасау мүмкін еместігін, реакциялық соғыста үкіметтің қандай да болса жеңілуі революцияның болуын жеңілдететіндігін, тек революция ғана баянды, демократиялық бітімге жеткізе алатындығын айқын айту керек. Ақырында, бұқараның өзі құпия ұйымдар құрмайынша, әскери цензурадан еркін, яғни құпия баспасөз құрмайынша, басталып келе жатқан революциялық күресті мықтап қолдау, оны дамыту, оның кейбір қадамын сынап отыру, оның қателерін түзетіп отыру, оны ұдайы кеңейтіп, өршітіп отыру мүмкін емес екендігін бұқараға айту қажет.

7. Социалистердің парламенттік күресі (Aktion) туралы мәселе жөнінде мынаны есте ұстау керек: Циммервальд қарары Мемлекеттік думаның біздің партияға жататын және Сибирьге айдауға сотталған социал-демократиялық 5 депутатына тілектестік білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың тактикасына қосылып отыр. Бұқараның революциялық күресін мойындай отырып, социалистердің парламенттердегі тек қана жария жұмысымен тыну мүмкін емес. Мұның өзі жұмысшылардың орынды наразылығына және олардың социал-демократиядан антипарламенттік анархизмге немесе синдикализмге кетушілігіне ғана апарып соғады. Социал-демократтар өздерінің парламенттердегі жағдайын парламенттерде сөйлеу үшін пайдаланып

қана қоймай, сонымен қатар жұмысшылардың құпия ұйымы мен революциялық күресіне парламенттерден тысқары жерде барлық жағынан көмек көрсетіп отыру үшін пайдалануға тиіс, бұқара өз көсемдерінің осындай қызметін өзінің құпия ұйымы арқылы өздері тексеріп отыруға тиіс, мұны жұрттың бәрінен жасырмай айқын айту қажет.

8. Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы мәселе ескі партиялар мен II Интернационалдың бірлігі мүмкін бе деген негізгі және принципті мәселеге келіп соғады. Халықаралық жұмысшы қозғалысының Циммервальдта көрсетілген жолмен ілгері басқан әрбір қадамы Циммервальдтағы көпшіліктің ұстаған позициясының дәйексіздігін бірден-бірге айқын көрсетуде: бір жағынан, ескі партиялар мен II Интернационалдың саясаты жұмысшы қозғалысындағы *буржуазиялық* саясатпен, пролетариаттың мүдделерін емес, буржуазияның мүдделерін көздейтін саясатпен теңдестіріледі (бұған, мәселен, Циммервальд манифесінің «капиталистер» бұл соғыста «отанымызды қорғаймыз» деп өтірік айтып отыр деген сөздері, одан кейін Internationale Sozialistische Kommission-ның 1916 ж. 10 февральдағы нұсқау хатында[117] онан да гөрі анығырақ айтқан бірқатар пікірлері жатады); екінші жағынан, Internationale Sozialistische Kommission Халықаралық социалистік бюромен ажырасудан қорқады және бұл Бюро қайтадан жиналса, Internationale Sozialistische Kommission таркайды деп ресми түрде уәде береді[118].

Мұндай уәде Циммервальдта дауысқа қойылмақ түгіл, талқыланған да жоқ, біз мұны атап көрсетеміз.

Циммервальдтан соңғы өткен жарты жыл *іс жүзінде* Циммервальд рухындағы жұмыстың,— бос сөздер туралы емес, тек жұмыс туралы айтып отырмыз,— бүкіл дүние жүзінде жіктелістің кеулей де кеңейе түсуімен байланысты болып отырғандығын дәлелдеді. Германияда соғысқа қарсы құпия прокламациялар партия шешімдеріне қарамастан, яғни жіктілдікпен шығарылып жүр. К. Либкнехттің ең жақын жолдасы депутат Otto Rühle іс жүзінде қазірде екі партия бар: біреуі буржуазияға жәрдемдесуші, екіншісі онымен күресуші

партия,— деп ашып айтқан кезде, осынысы үшін Рюлені талай адамдар, соның ішінде каутскийшілдер де, балағаттады, бірақ оның айтқанын ешкім теріске шығара алмады. Францияда социалистік партияның мүшесі Бурдерон жіктеліске мүлде қарсы, сөйте тұрса да оның өз партиясына ұсынған қарары партияның Орталық Комитеті мен Парламенттік топқа қосылмау (désapprouver Comm. Adm. Perm. және Gr. Parl),— бұл қарар қабылданған күнде дереу сөзсіз жіктеліс туғызатын еді. Англияда баяу «Labour Leader»-дің бетінде I. L. P. мүшесі T. Russel Williams жергілікті қызметкерлердің хаттарынан қолдау тауып, жіктелістің болуы сөзсіз екендігін ашық мойындап отыр. Американы мысалға алсақ, бұдан да гөрі ғибратты болуы мүмкін, өйткені онда, тіпті бейтарап елде де, социалистік партияның ішінде қазірдің өзінде бір-бірімен келіспейтін жау екі ағым туып отыр: бір жағынан, «preparedness» дегенді, яғни соғысты, милитаризм мен маринизмді жақтайтындар, екінші жағынан, нақ осы болғалы отырған соғысқа байланысты социализм жолындағы азамат соғысын ашықтан-ашық уағыздаушы, социалистік партияның президенттікке ұсынған бұрынғы кандидаты Евгений Дебс сияқты социалистер.

Іс жүзінде бүкіл әлемде қазірдің өзінде-ақ жіктеліс туып отыр, жұмысшы табының соғыс жөнінде бір-бірімен мүлде келіспейтін екі түрлі саясаты қазірде-ақ байқалып отыр. Мұны көрмеуге болмайды; бұлай ету жұмысшы бұқарасын шатастырушылыққа, олардың сана-сезімін қараңғылауға, барлық циммервальдшылдар ресми түрде тілектес болып отырған бұқаралық революциялық күресті қиындатушылыққа ғана апарып соғады, Internationale Sozialistische Kommission-ның 1916 ж. 10 февральдағы нұсқау хатында бұқараны «адастырып жүр» және социализмге *қарсы* «заговор» («Pakt») дайындап жүр деп турадан-тура айыпталған көсемдердің бұқараға ықпалын күшейтуге ғана апарып соғады.

Күйреген Халықаралық социалистік бюроны барлық елдердің социал-шовинистері мен каутскийшілдері

қайтадан қалпына келтірмек. Кімде-кім социализм туын жамылып буржуазияның саясатын жүргізіп отырған болса, олармен ажыраспай болмайтындығын бұқараға түсіндіру социалистердің міндеті.

1916 ж. февральдың аяғы—мартта жазылған

1916 ж. 22 апрельде «Bulletin. Internationale Sozialistische Kommission zu Bern»-нің 4-номерінде басылған

Орыс тілінде 1916 ж. 10 июньде «Социал-Демократ» газетінің 54—55-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖІККЕ БӨЛІНУ МЕ ӘЛДЕ ІРІП-ШІРУ МЕ?

«Социал-Демократ» 35-номерінің өзінде-ақ* соғыс туралы біздің партияның Орталық Комитеті шығарған манифестің негізгі идеяларын Герман социал-демократиялық партиясына қолдану арқылы дамыта келіп, мәселені осылай қойды** Ал *фактілердің* бұл қорытындыны қалай растап отырғанын қараңыздаршы.

Герман социал-демократиялық партиясы көрер көзге іріп-шіріп барады. Екіжүзді каутскийшілдерге қарсы *дәйекті түрде* күресуші «Германия интернационалдық социалистерінің» (I. S. D.[119]) тобы туралы айтпағанның өзінде, К. Либкнехттің ең жақын жолдасы *Отто Рюле* жікке бөлінуді жақтап *ашықтан-ашық* пікір айтты. Оған жауап ретінде «Vorwärts» бірде-бір байсалды, бірде-бір әділ дәлел келтіре алмады. Іс жүзінде Германияда *екі* жұмысшы партиясы бар.

Англияда тіпті баяу, пацифистік «Labour Leader»-дің («Тәуелсіз жұмысшы партиясының» орталық органы) беттерінде Т. Россель Вилльямс пікір айтты және оны көптеген жергілікті қызметкерлер үн қосып қолдады. Париждегі келісімпаздық «Наше Слово» Англияда интернационалистік жұмысымен көп еңбек сіңірген *Орнатский* жолдас онда дереу жікке бөлінуді жақтап пікір айтты. «Коммунистің» қызметкері, каутскийшілдік позиция ұстаған *Ф. Ротштейнмен* айтысында *Ор-*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 101—109-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда 13—23-беттер. *Ред.*

натскиймен біздің әбден келісетінімізді айтып жатпасақ та болады.

Францияда Бурдерон—жікке бөлінудің қас жауы, *бірақ...* партия съезіне партияның Орталық Комитетімен де, парламенттік фракциямен де ешбір келіспейтін қарар ұсынып отыр! Мұндай қарардың қабылдануы партияның дереу жікке бөлінгенін білдірген болар еді.

Америкада «социалистік партияның» формальды бірлігі бар. Іс жүзінде оның кейбір мүшелері, Рассел және басқалар сияқтылар, «әзірлікті» уағыздап, соғысты, әскер мен флотты жақтап отыр. Басқалары, партиядан президенттік қызметке ұсынылған кандидат Евгений Дебс сияқтылар, империалистік соғыс «бола қалса» немесе, дұрысырақ айтқанда, осындай жағдайға байланысты *азамат соғысын* ашықтан-ашық уағыздайды.

Бүкіл дүние жүзінде қазір іс жүзінде екі партия бар. Іс жүзінде Интернационал қазірдің өзінде екеу. Ал егер Циммервальд көпшілігі мұны мойындаудан қорқатын болса, социал-шовинистермен бірлік туралы арман ететін болса, мұндай бірлікке баруға өздерінің дайын екендігі туралы мәлімдейтін болса, онда бұл «ізгі тілектер» іс жүзінде тек тілектер болып, ойдың дәйексіздігі мен жалтақтығын білдіру болып қана қала береді. Сана болмыстан кейін қалып отыр.

1916 ж. февраль—апрельде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГЕРМАНДЫҚ ШОВИНИЗМ МЕН ГЕРМАНДЫҚ ЕМЕС ШОВИНИЗМ ТУРАЛЫ[120]

Жұртқа мәлім, герман шовинистері социал-демократиялық дейтін—қазір іс жүзінде национал-либералдық болып отырған — жұмысшы партиясының көсемдері мен чиновниктерінің орасан көпшілігін өз ықпалына қаратып алды. Потресов, Левицкий және К^0 мырзалар тәрізді германдық емес шовинистер туралы да нақ осыны айтуға қаншалық тура келетінін біз кейініректе көреміз. Ал қазір біз нақ герман шовинистеріне тоқталуға мәжбүр болып отырмыз; бұлардың қатарына әділеттік Каутскийді де қосуға мәжбүр етіп отыр, ал, мәселен, П. Б. Аксельрод өзінің немісше кітапшасында Каутскийді «интернационалист» деп жариялап, мейлінше қасарыса және мейлінше қате қорғаған еді.

Герман шовинизмі белгілерінің бірі мынада: «социалистер»,— тырнақша ішіндегі социалистер,— басқа халықтардың, олардың өз ұлты езіп отырған халықтардан басқа халықтардың тәуелсіздігі туралы айтады. Мұның өзі тура айтыла ма немесе мұны айтушылар қорғана ма, ақтала ма, бүркемелене ме, мұның айырмашылығы онша елеулі емес.

Герман шовинистері,— бұлардың қатарына «Қоңырау» атты журналсымақ шығарушы Парвус та жатады, бұл журналсымаққа Ленч, Гениш, Грунвальд және немістің империалистік буржуазиясының «социалистік» малайларының осы ағайындары түгел жазып тұрады,— міне, осылардың бәрі, мәселен, Англия езіп отырған халықтардың тәуелсіздігі туралы өте көп жа-

не бар ынтасымен айтады. Англияның өз отарларында арсыздықпен, зорлықпен, реакцияшылдықпен, т. с. қожайындық етуі туралы Германияның социал-шовинистері де — яғни сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде шовинистер,— Германияның бүкіл буржуазиялық баспасөзі де қазір бар күшін салып даурығып отыр. Индиядағы азаттық қозғалысы туралы қазір неміс газеттері қадала, табалай, айызы қана және даурыға жазып жүр.

Неміс буржуазиясының табалау себептерін түсіну қиын емес: ол Англияға қарсы Индиядағы наразылық пен қозғалысты қоздыру арқылы өзінің соғыстағы жағдайын жақсартуға үміттенеді. Әрине, бұл үміттенулер ақылсыздық, өйткені өзіндік ерекшеліктері көп, сан миллиондаған халықтың өміріне сырттан, алыстан, өзге тілде әсер ету, ұдайы емес, кездейсоқ, тек соғыс уақытында ғана әсер ету,— бұлайша әсер ету байсалдылық емес, тіпті де байсалдылық емес. Бұл арада герман империалистік буржуазиясы тарапынан көбінесе өзін өзі жұбатушылық бар, неміс халқын көбінесе алдау ниеті бар, Индияға әсер ету ниетінен гөрі, неміс халқының көзін іштен сыртқа аудару ниеті басым.

Бірақ мынадай жалпы теориялық сұрақ өзінен-өзі туады: мұндай пайымдаулардың өтіріктігінің түп-тамыры неде? герман империалистерінің екіжүзділігін әшкерелеудің дұрыс, бұлтартпас құралы неде? Өйткені өтірік қай жерде бүркеулі жатыр деген сұраққа дұрыс теориялық жауап — өте түсінікті себептермен —өтірікті бүркемелеуге, оны көлеңкелеуге, оны әр түрлі әдемі бос сөздермен, бос сөздер атауымен, тіпті интернационализм туралы бос сөздерге дейін баратын сандырақ сөздермен безендіруге бейім тұратын екіжүзділерді әшкерелеуге әрқашан да қызмет етеді. Сөз жүзінде Ленчтер де, Зюдекумдер де, Шейдемандар да, неміс буржуазиясының, өкінішке қарай, герман «социал-демократиялық» партиясы дейтіннің мүшелері болып табылатын осы агенттерінің бәрі өздерін интернационалистерміз деп жариялайды. Адамдар жөнінде олардың сөзіне қарап емес, ісіне қарап пікір айту керек. Бұл баяғыдан мәлім. Россияда Потресов, Левицкий, Бул-

кин және К^0 мырзалар туралы олардың сөзіне қарап кім пікір айтады? Әрине, ешкім де өйтпейді.

Герман шовинистері өтірігінің түп-тамыры мынада: олар өздерінің соғыстағы қарсыласы, Англия, езіп отырған халықтардың тәуелсіздігіне өздерінің тілектес екендігі туралы байбалам салып, *олардың өз* ұлты езіп отырған халықтардың тәуелсіздігі туралы сыпайылықпен — кейде тіпті шектен тыс сыпайылықпен — үндемейді.

Мәселен, датчандарды алайық. Шлезвигті қосып ала отырып, Пруссия, басқа да барлық «ұлы» державалар сияқты, дат халқы бар бөлікті де басып алды. Бұл халықтың праволарын бұзғандықтың айқын болғаны соншалық — 1866 жылғы 23—30 августағы Прага бітімі бойынша Австрия Шлезвиг жөніндегі өз «праволарын» Пруссияға берген кезде, бітім шартында: Шлезвигтің солтүстік округтерінің халқы оның Данияға қосылғысы келетіндігі туралы мәселе жөнінде еркін дауысқа салу жолымен сұралатын болуы керек және, ол мұны мақұлдап жауап берген жағдайда, Данияға қосылатын болуы керек деп қаулы алынды. Пруссия мұны орындамады және 1878 жылы өзі үшін соншалық «ұнамсыз» шартты жойғызды.

Ұлы державалық ұлттардың шовинизміне немқұрайды қарамаған Фр. Энгельс кішкене халықтың праволарын Пруссияның осылай бұзуын арнайы көрсеткен болатын[121]. Алайда Германияның қазіргі социал-шовинистері ұлттардың өзін өзі билеуін сөз жүзінде мойындай отырып, оны Каутскийдің де сөз жүзінде мойындағаны сияқты, мәселе «өз» ұлты тарапынан жасалған езгіге тірелгенде, езілген ұлтты азат ету үшін дәйекті-демократиялық және батыл-демократиялық үгітті іс жүзінде ешқашан да жүргізген емес және жүргізіп те отырған жоқ. «Пәленің басталар жері» осы ара. Шовинизм мен оны әшкерелеу туралы мәселенің түйіні осында.

«Русское Знаменың»[122] көбінесе өзін «Прусское Знамя» сияқты ұстағаны жөнінде бізде көп мысқыл айтылып жүрді. Бірақ әңгіме «Русское Знамямен» тынбайды, өйткені, біздегі Потресов, Левицкий және К^0

мырзалар да нақ Ленч, Каутский және К° сияқты принципті рухта пайымдайды. Мәселен, жойымпаздық «Рабочее Утроға» қарацызшы, сонда сіз пайымдаудың дәл сондай «пруссиялық», дұрысырақ айтсақ: интернационалдық-шовинистік дәлелдері мен тәсілдерін көресіз. Шовинизм қандай ұлттық қалыпта болса да, қандай пацифистік сортты бос сөздермен бүркемеленсе де, ол шовинизм қалпында қала береді.

«Вопросы Страхования» № 5 (54), 31 май, 1916 ж. *Қолжазба бойынша басылып отыр*

ИМПЕРИАЛИЗМ — КАПИТАЛИЗМНІҢ ЖОҒАРЫ САТЫСЫ[123]

(КӨПШІЛІККЕ АРНАЛҒАН ОЧЕРК)

1916 ж. январь—июньде жазылған
Бірінші рет 1917 ж. ортасында Петроградта «Парус» баспасы жеке кітапша етіп шығарған; француз және неміс тілдеріндегі басылымдарына алғы сөз 1921 ж. «Коммунистический Интернационал» журналының 18-номерінде басылған

Кітапшаның текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр; француз және неміс тілдеріндегі басылымдарына алғы сөз журнал тексті бойынша басылып отыр

Н. ЛЕНИНЪ (ВЛ. ИЛЬИНЪ).

ИМПЕРІАЛИЗМЪ,
КАКЪ НОВѢЙШІЙ ЭТАПЪ
КАПИТАЛИЗМА.

(Популярный очеркъ)

СКЛАДЪ ИЗДАНІЯ:
Книжный складъ и магазинъ „Жизнь и Знаніе"
Петроградъ, Поварской пер., 2, кв. 9 и 10. Тел. 227—42
1917 г.

В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының мұқабасы.— 1917 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Оқушы назарына ұсынылып отырған бұл кітапшаны мен 1916 жылдың көктемінде Цюрихте жазған едім. Ол жердегі жұмыс жағдайында менің, әлбетте, француз және ағылшын әдебиетінен белгілі бір тапшылық көруіме тура келді, ал орыс әдебиеті өте-мөте тапшы еді. Солай бола тұрса да ағылшынның империализм туралы басты еңбегі — Дж. А. Гобсонның кітабын мен зер сала пайдаландым, менің кәміл сенуімше, бұл еңбек зер салуға лайық.

Кітапша патша цензурасына икемделіп жазылған. Сондықтан менің тек қана теориялық —әсіресе экономикалық — талдаумен ғана өзімді өзім мейлінше қатал шектеуге мәжбүр болғаным былай тұрсын, оның үстіне саясат жөніндегі қажетті азын-аулақ ескертулерді аса зор сақтықпен, ишарамен, революционерлердің бәрі «жария» шығарма жазу үшін қолына қалам алған кезде қолдануға оларды патша өкіметі мәжбүр еткен эзоп тілімен — қарғыс атқан эзоп тілімен — тұжырымдауға да мәжбүр болдым.

Кітапшаның патша цензурасы бар екенін ойлап бұрмаланған, темір құрсаумен сығылып, сығымдалған жерлерін қазір, бостандық күндерінде, қайта оқып отыру ауыр-ақ. Империализм — социалистік революцияның қарсаңы екендігі туралы, социал-шовинизм (сөз жүзінде социализм, іс жүзінде шовинизм) —социализмге толық опасыздық ету екендігі, буржуазия жағына біржола шығып кету екендігі туралы, жұмысшы қоз-

ғалысының бұл жікке бөлінуі империализмнің объективті жағдайларына және т. т. байланысты екендігі туралы — менің «астарлы» тілмен айтуыма тура келді, сондықтан бұл мәселемен шұғылданатын оқушыға менің таяуда қайта басылып шығатын 1914—1917 жылдардағы шетелдік мақалаларымды оқуды ұсынуға мәжбүр болып отырмын. Әсіресе, 119—120-беттердегі* бір жерін айрықша көрсете кетуге болады: аннексия туралы мәселе жөнінде капиталистердің және олардың жағына шығып кеткен социал-шовинистердің (Каутский онша дәйекті түрде күреспей жүрген социал-шовинистердің) қандай арсыздықпен өтірік айтып жүргенін, *өз* капиталистерінің аннексиясын олардың қандай арсыздықпен *бүркемелеп жүргенін* оқушыға цензурадан өтерліктей формада түсіндіру үшін мен мысалға... Жапонияны алуға мәжбүр болдым! Іждаһатты оқушы Жапонияның орнына — Россияны, ал Кореяның орнына — Финляндияны, Польшаны, Курляндияны, Украинаны, Хиуаны, Бұхараны, Эстляндияны және великоросс емес халықтар мекендеген өзге облыстарды оп-оңай қоя алады.

Негізгі экономикалық мәселені түсініп алуға менің кітапшамның жәрдемі тиер деп сенгім келеді, бұл мәселені зерттеп білмейінше, қазіргі соғысты және қазіргі саясатты бағалауда, атап айтқанда: империализмнің экономикалық мәні туралы мәселеде еш нәрсе түсінуге болмайды.

Автор

Петроград. 26 апрель, 1917 ж.

---

* Қараңыз: осы том, 460-бет. *Ред.*

ФРАНЦУЗ ЖӘНЕ НЕМІС ТІЛДЕРІНДЕГІ БАСЫЛЫМДАРЫНА АЛҒЫ СӨЗ[124]

I

Бұл кітап, орысша басылымына арналған алғы сөзде көрсетілгендей, 1916 жылы патша цензурасына икемделіп жазылған еді. Қазіргі уақытта кітаптың бүкіл текстін қайтадан өзгертіп жатуға менің мүмкіндігім жоқ, ал мұның, сірә, керегі де бола қоймас, өйткені кітаптың негізгі міндеті: бұрын, XX ғасырдың басында, бірінші бүкіл дүние жүзілік империалистік соғыстың қарсаңында бүкіл дүние жүзілік капиталистік шаруашылықтың халықаралық қарым-қатынасындағы *қорытынды бейнесі* қандай болғанын буржуазиялық таласыз статистиканың жиынтық деректері бойынша және барлық елдердегі буржуазиялық ғалымдардың мойындаулары бойынша көрсету болған еді, солай болып қала береді.

Бір есептен, коммунистерді таяуда, түгел дерлік тұтқынға алғаннан кейін қазіргі, айталық, Америкада немесе Францияда жариялылықтың коммунистер үшін әлі де болса қалып отырған болымсыз жұрнақтарын да пайдалану мүмкін екендігіне — және қажет екендігіне — *патша цензурасы тұрғысынан жария* болып отырған осы кітаптың үлгісімен көз жеткізу алдыңғы қатарлы капиталистік елдердегі коммунистердің көбі үшін, социал-пацифистік көзқарастардың және «дүние жүзілік демократияға» үміт артудың мейлінше жалған екендігін түсіндіру үшін мұның өзі тіпті де пайдасыз болмайды. Ал цензураға икемделіп жазылған бұл кітапқа ең қажетті қосымшаларды мен осы алғы сөзде беруге тырысамын.

II

Кітапта 1914—1918 жылдардағы соғыс екі жақтан да империалистік (яғни басқыншылық, тонаушылық, қарақшылық) соғыс, дүние жүзін бөлісіп алу жолында, отарларды, финанс капиталының «ықпал ету сфераларын» т. т. бөлісу және қайта бөлісу жолында жүргізілген соғыс болғаны дәлелденген.

Өйткені соғыстың шын әлеуметтік немесе, дұрысырақ айтқанда: шын таптық сипатының қандай екенін, әлбетте, соғыстың дипломатиялық тарихы дәлелдемейді, қайта *барлық* соғысушы державалардың билеп-төстеуші *таптарының объективті* жағдайына талдау жасау дәлелдейді. Осы объективті жағдайды суреттеу үшін мысалдарды және жеке деректерді алмау керек (қоғам өміріндегі құбылыстардың күрделілігі орасан зор болып отырғанда қандай қағиданы болса да дәлелдеу үшін мысалдардың немесе жеке деректердің қаншасын болса да әрқашан тауып алуға болады), қайта тікелей *барлық* соғысушы державалардың және *бүкіл* дүние жүзінің шаруашылық өмірінің *негіздері* туралы деректердің *жиынтығын* алу керек.

1876 және 1914 жылдары *дүние жүзін бөлісуді* суреттеуде (§ 6), 1890 және 1913 жылдары бүкіл дүние жүзінің *темір жолдарын* бөлісуді суреттеуде (§ 7) мен нақ осындай, ешкім теріске шығара алмайтын, жиынтық деректер келтірген болатынмын. Темір жолдар — капиталистік өнеркәсіптің ең басты салаларының, тас көмір және темір өңдеу өнеркәсібінің, қорытындылары, дүние жүзілік сауда мен буржуазиялық-демократиялық цивилизация дамуының қорытындылары —және ең көрнекті көрсеткіштері. Темір жолдардың ірі өндіріспен, монополиялармен, синдикаттармен, картельдермен, трестермен, банктермен, финанс олигархиясымен байланысы қандай екені кітаптың алдыңғы тарауларында көрсетілген. Темір жолдар торабының бөлінісі, ол бөліністің бірдей болмауы, темір жолдардың әркелкі дамуы — қазіргі, бүкіл дүние жүзі көлеміндегі монополистік капитализмнің қорытындылары. Ал осы қорытындылар өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік бар болып *тұрған*

осындай шаруашылық негізде империалистік соғыстардың мүлдем болмай қоймайтындығын көрсетеді.

Темір жолдардың салынуы жай, табиғи, демократиялық, мәдени, цивилизаторлық кәсіп тәрізді: капиталистік құлдықты әрлендіргені үшін ақы төленетін буржуазиялық профессорларға және ұсақ буржуазиялық филистерлерге нақ осылай болып көрінеді. Іс жүзінде бұл кәсіпорындарды жалпы өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болуымен мыңдаған жүйелер арқылы байланыстырып отырған капиталистік арқаулар бұл темір жолдардың салынуын *бір миллиард* адамды (отарларға қоса жартылай отарлар), яғни жер жүзінің тәуелді елдеріндегі халықтың жартысынан астамын және «цивилизациялы» елдердегі капиталдың жалдама құлдарын езу құралына айналдырды.

Ұсақ қожайынның еңбегіне негізделген жеке меншік, еркін бәсеке, демократия,— капиталистер мен олардың баспасөзінің жұмысшылар мен шаруаларды алдап жүрген осы ұрандарының бәрі тым кейін қалып қойды. Капитализм жер бетіндегі халықтың орасан зор көпшілігін ат төбеліндей «алдыңғы қатарлы» елдердің отарлық езгіге салып, финанс жағынан тұншықтыруының бүкіл дүние жүзілік системасына айналып кетті. Ал осы «олжаны» бүкіл дүние жүзіндегі құдіретті, басынан аяғына дейін қаруланған 2—3 жыртқыш (Америка, Англия, Жапония) өзара бөліске салып жатыр, бұлар *өз* олжаларын бөлісу жолындағы *өздерінің* соғысына бүкіл жер жүзін тартып отыр.

III

Монархиялық Германияның талабымен жасалған Брест-Литовск бітімі[125], онан соң, «демократиялық» республикалардың, Америка мен Францияның, сондай-ақ «азат» Англияның талабымен жасалған одан анағұрлым айуандық және арсыз Версаль бітімі[126] империализмнің жалдама шимайшы құлдарын да, өздерін пацифиспіз және социалиспіз деп атағанымен, «вильсонизмді»[127] дәріптеп, империализм тұсында бейбітшілік пен реформаларды мүмкін нәрсе деп дәлелдемек

болған реакцияшыл мещандарды да әшкерелеп, адамзатқа аса пайдалы қызмет көрсетті.

Соғыс қалдырған, олжаны ағылшын финанстық тонаушылар тобы көп алуға тиіс пе немесе герман финанстық тонаушылар тобы көп алуға тиіс пе, міне, осы үшін жүргізілген соғыс қалдырған он миллиондаған өліктер мен мүгедектер, онан соң әлгі екі «бітім шарты» буржуазия қорлаған, езгілеген, алдаған, есеңгіреткен миллиондаған және он миллиондаған адамның көздерін бұрын-соңды болып көрмеген тездікпен ашып отыр. Сонымен, соғыс туғызған бүкіл дүние жүзілік күйзелістің негізінде бүкіл дүние жүзілік революциялық дағдарыс өсіп келеді, бұл дағдарыс қандай ұзақ және ауыр кезеңдерді бастан кешірсе де, пролетарлық революциямен және соның жеңуімен аяқталмай қоймайды.

II Интернационалдың жалпы соғыс атаулыға емес (соғыс әр түрлі болады, революциялық соғыстар да болады), атап айтқанда, 1914 жылы басталған соғысқа 1912 жылы баға берген Базель манифесі, міне, осы манифест II Интернационал сабаздарының бүкіл масқаралық күйреуін, бүкіл ренегаттығын әшкерелейтін ескерткіш болып қалып отыр.

Сондықтан мен ол манифесті кітаптың осы басылуына қосымша ретінде көшіріп бастырып отырмын, сонымен бірге оқушыларға қайта-қайта ескертетінім: II Интернационалдың сабаздары да бұл манифестің нақ сол болғалы тұрған соғыстың пролетарлық революциямен байланысты екендігі дәл, анық, тура айтылатын жерлерінен іждаһаттылықпен орағытып өтеді,— ұрлық қылған жерінен ұрылардың орағытып өтетіні сияқты, нақ сондай іждаһаттылықпен орағытып өтеді.

IV

Бұл кітапта халықаралық идеялық ағым —«каутскийшілдікті» сынауға баса көңіл бөлінген, бұл ағымның дүние жүзінің барлық елдерінде өкілдері бар, олар: II Интернационалдың «аса көрнекті теоретиктері», көсемдері (Австрияда—Отто Бауэр мен К°, Анг-

лияда — Рамсей Макдональд және басқалар, Францияда — Альбер Тома, т. т. және т. с.) және толып жатқан социалистер, реформистер, пацифистер, буржуазияшыл демократтар, поптар.

Бұл идеялық ағым, бір жағынан, II Интернационалдың іріп-шіруінің нәтижесі, екінші жағынан, ұсақ буржуа идеологиясының сөзсіз жемісі, бүкіл тұрмыс жағдайы бұларды буржуазиялық және демократиялық соқыр сенімдердің шырмауынан шығармай отыр.

Каутскийдің және сол сияқтылардың мұндай көзқарастары — сол жазушының ондаған жылдар бойы, оның бер жағында, нақ социалистік оппортунизмге (Бернштейнге, Мильеранға, Гайндманға, Гомперске және сондайларға) қарсы күресте өзі жақтап келген марксизмнің революциялық негіздерінен біржола безген көзқарас. Сондықтан қазір бүкіл дүние жүзінде «каутскийшілдердің» практикалық-саяси жағынан барып тұрған оппортунистермен (II немесе сары Интернационал[128] арқылы) және буржуазиялық үкіметтермен (социалистер қатысатын коалициялық буржуазиялық үкіметтер арқылы) ауыз жаласып отырғаны кездейсоқ емес.

Бүкіл дүние жүзінде өсіп келе жатқан жалпы пролетарлық революциялық қозғалыс, әсіресе коммунистік қозғалыс «каутскийшілдіктің» теориялық қателеріне талдау жасамай және ол қателерді әшкерелемей тұра алмайды. Бұл шынында да солай, өйткені марксизмнен енбір дәмеленбейтін, бірақ империализм қайшылықтарының тереңдігін және империализм туғызған революциялық дағдарыстың сөзсіз екенін нақ Каутский мен К^0 сияқты боямалап отырған пацифизм және жалпы алғанда «демократизм»,— міне осы ағымдар бүкіл дүние жүзінде әлі де өте күшті өріс алып отыр. Ал пролетариат партиясы бұл ағымдарға қарсы күресуге міндетті, ол буржуазия есеңгіреткен ұсақ қожайынсымақтарды және азды-көпті ұсақ буржуазиялық тұрмыс жағдайлары жасалған миллиондаған еңбекшілерді буржуазияның ықпалынан шығарып алуға тиісті.

V

«Капитализмнің паразитизмі мен іріп-шіруі» деген VIII тарау туралы бірнеше сөз айта кету қажет. Кітаптың текстінде атап көрсетілгендей, бұрынғы «марксист», енді Каутскийдің серігі және «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясында»[129] буржуазиялық, реформистік саясаттың ең басты өкілдерінің бірі Гильфердинг *ашық* пацифист және реформист ағылшын Гобсонға қарағанда бұл мәселеде бір адым кері шегінді. Бүкіл жұмысшы қозғалысының халықаралық көлемде жікке бөлінуі қазірдің өзінде-ақ толық айқындалып отыр (II және III Интернационал). Сондай-ақ екі ағымның арасында қарулы күрес те, азамат соғысы да факт екені айқындалды: Россияда меньшевиктор мен «социалист-революционерлердің» большевиктерге қарсы Колчак пен Деникинді қолдауы, Германияда шейдеманшылдардың, Носке мен К°-нің буржуазиямен бірге спартакшыларға[130] қарсы шығуы, Финляндияда, Польшада, Венгрияда және басқаларда да осылай. Осы бүкіл дүние жүзілік-тарихи құбылыстың экономикалық негізі неде?

Бұл құбылыстың экономикалық негізі капитализмнің жоғары тарихи сатысына, ягни империализмге тән паразитизмі мен іріп-шіруінің нақ өзінде. Осы кітапта дәлелденгендей, капитализм қазір *ат төбеліндей* (жер жүзі халқының оннан бір бөлігінен кем, ең «жомарттықпен» және асыра есептегенде бестен бір бөлігінен кем) мейлінше бай және құдіретті мемлекеттерді бөліп шығарды, бұлар — жай ғана «купон қырқу» арқылы — бүкіл дүние жүзін тонап отыр. Капиталды шетке шығарудан түсетін табыс соғыстан бұрынғы баға бойынша және соғыстан бұрынғы буржуазиялық статистика бойынша жылына 8—10 миллиард франк болатын. Қазір, әрине, будан әлдеқайда көп.

Мұндай қисапсыз *үстеме пайда* (өйткені бұл пайда — капиталистердің «өз» елдеріндегі жұмысшылардан сығып алатын пайдасының үстіне қосымша алатын пайдасы) арқылы жұмысшы көсемдерін және жұмысшы аристократиясының жоғарғы тобын *сатып алуға бола-*

В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1916 ж.

Кішірейтілген

Имперіализмъ, какъ высшая стадія капитализма.

(Популярный очеркъ).

За послѣднія 15-20 лѣтъ, особенно послѣ испано-американской (1898) и англо-бурской (1899-1902) войны, экономическая, а также политическая, литература стараго и новаго свѣта все чаще и чаще останавливается на понятіи „имперіализмъ" для характеристики переживаемой нами эпохи. Въ 1902 году в Лондонѣ и Нью-Іоркѣ вышло въ свѣтъ сочиненіе англійскаго экономиста Дж. А. Гобсона: „Имперіализмъ". Авторъ, стоящій на точкѣ зрѣнія буржуазнаго соціаль-реформизма и пацифизма — однородной, в сущности, съ теперешней позиціей бывшаго марксиста К. Каутскаго, — далъ очень хорошее и обстоятельное описаніе основныхъ экономическихъ и политическихъ особенностей имперіализма. Въ 1910 году в Вѣнѣ вышло в свѣтъ сочиненіе австрійскаго марксиста Рудольфа Гильфердинга: „Финансовый капиталъ" (рус.

тыны түсінікті. «Алдыңғы қатарлы» елдердің капиталистері оларды сатып алады, сатып алғанда мыңдаған әдістермен, тікелей және жанама, ашық және жасырын әдістермен сатып алып отырады.

Буржуазияға айналып кеткен жұмысшылардың немесе «жұмысшы аристократиясының» өмір сүру жағдайы жағынан да, табыс мөлшері жағынан да, өзінің бүкіл дүние танымы жағынан да әбден мещан болып алған осы тобы—II Интернационалдың ең басты тірегі, ал бүгінгі таңда *буржуазияның* басты *әлеуметтік* (әскери емес) *тірегі.* Өйткені бұлар — *жұмысшы* қозғалысындағы *буржуазияның* нағыз *агенттері,* капиталистер табының жұмысшы приказчиктері (labor lieutenants of the capitalist class), реформизм мен шовинизмді таратушылардың нақ өзі. Пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысында бұлардың едәуір бөлегінің буржуазия жағына, «коммунарларға» қарсы «версальдықтар»[131] жағына шығатыны сөзсіз.

Бұл құбылыстың экономикалық түп-тамырларын түсінбейінше, оның саяси және қоғамдық маңызына баға бермейінше, коммунистік қозғалыстың және болашақ әлеуметтік революцияның практикалық міндеттерін шешу саласында бір адым да ілгері басуға болмайды.

Империализм — пролетариаттың әлеуметтік революциясының қарсаңы. Мұның өзі 1917 жылдан бастап бүкіл дүние жүзі көлемінде дәлелденді.

6 июль, 1920 ж.

Н. Ленин

Соңғы 15—20 жылда, әсіресе испан-американ соғысы (1898) мен ағылшын-бур (1899—1902) соғысынан соң, ескі дүние мен жаңа дүниенің экономикалық, сондай-ақ саяси әдебиеті үстіміздегі дәуірді сипаттау үшін «империализм» деген ұғымға жиі-жиі тоқталып жүр. 1902 жылы Лондон мен Нью-Йоркте ағылшын экономисі Дж. А. Гобсонның «Империализм» деген шығармасы жарық көрді. Буржуазиялық социал-реформизм мен пацифизм көзқарасындағы,— шынына келгенде, бұрынғы марксист К. Каутскийдің қазіргі позициясымен біртектес көзқарастағы,— автор империализмнің негізгі экономикалық және саяси ерекшеліктерін өте жақсы, өте толық суреттеп берген[132]. 1910 жылы Венада Австрия марксисі Рудольф Гильфердингтің «Финанс капиталы» деген шығармасы (орысша аудармасы: Москва, 1912) жарық көрді. Автордың ақша теориясы мәселесіндегі қатесіне қарамастан және белгілі бір дәрежеде марксизмді оппортунизммен ымыраластыруға бейімдігіне қарамастан, бұл шығарма «капитализм дамуындағы ең жаңа фазаға»— Гильфердинг кітабының тақырыпшасы осылай аталады —теориялық жағынан жоғары дәрежедегі бағалы талдау бола алады[133]. Шынында, империализм туралы соңғы жылдарда айтылып жүрген сөздердің бәрі,— әсіресе осы тақырыпта жазылған орасан көп журнал және газет мақалаларында, сондай-ақ, мәселен, 1912 жылдың күзінде болған Хемниц[134] және Базель конгрестерінің қарарларында

айтылғандардың бәрі,—жоғарыда аталған екі автордың баяндаған немесе, дұрысырақ айтқанда, қорытқан идеяларының шеңберінен шығып кете қоймаса керек...

Бұдан былайғы жерде біз империализмнің *негізгі* экономикалық ерекшеліктерінің байланысы мен арақатынасын қысқаша, мүмкіндігінше түсінікті формада баяндауға тырысамыз. Мәселенің экономикалық емес жағы қаншама керек болғанымен, біздің оған тоқталуымызға тура келмейді. Әдебиетті көрсетуді және өзге ескертулерді, бұлар барлық оқушыларды бірдей қызықтыра қоймайтындықтан, кітапшаның аяғына қалдырамыз.

I. ӨНДІРІСТІҢ ШОҒЫРЛАНУЫ ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯЛАР

Өнеркәсіптің орасан зор өсуі және неғұрлым ірі кәсіпорындардың бәрінде өндірістің тамаша тез шоғырлану процесі — капитализмге неғұрлым тән ерекшеліктердің бірі. Бұл процесс туралы ең толық және ең дәл деректерді қазіргі өнеркәсіп санақтары бере алады.

Мәселен, Германияда әрбір мың өнеркәсіп орнының ішінде ірі кәсіпорындар, яғни 50-ден астам жалдама жұмысшысы бар кәсіпорындар, 1882 жылы —3, 1895 жылы—6 және 1907 жылы 9 болды. Әрбір жүз жұмысшыдан бұлардың үлесіне: 22, 30 және 37 жұмысшыдан келген. Бірақ жұмысшылардың шоғырлануына қарағанда өндірістің шоғырлануы анағұрлым күшті, өйткені ірі кәсіп орындарындағы еңбек әлдеқайда өнімді. Бу машиналары мен электр двигательдері туралы деректер осыны көрсетеді. Егер Германияда кең мағынада өнеркәсіп деп аталатын, яғни сауданы да, қатынас жолдарын да, т. т. да қосып алғандағы өнеркәсіпті алатын болсақ, онда істің жайы мынадай болып шығады. 3 265 623 кәсіп орнының 30 588 кәсіп орны, яғни не бары 0,9 проценті ірі кәсіп орын. 14,4 миллион жұмысшының 5,7 миллионы, яғни 39,4 проценті, бу машиналарының қуаты 8,8 миллион ат күші болса, оның 6,6 миллионы, яғни 75,3 проценті, 1,5 миллион киловатт электр қуатының 1,2 миллион киловаты, яғни 77,2 проценті әлгі кәсіп орындарына қарайды.

Кәсіпорындардың жүзден бір бөлігінен азының үлесінде жалпы бу күші мен электр күшінің 3/4 *бөлігінен астамы* болып отыр! Барлық кәсіпорындар санының 91 проценті болып отырған 2,97 миллион ұсақ (жалдама жұмысшыларының саны 5-тен аспайтын) кәсіпорындардың үлесіне бу күші мен электр күшінің тек 7 проценті ғана тиеді екен! Барлық тұтқа он мыңдаған ең ірі кәсіпорындарда; ал миллиондаған ұсақ кәсіпорындар түк те емес.

1000 және онан да көп жұмысшысы бар кәсіп орындары Германияда 1907 жылы 586 еді. Бұларда барлық жұмысшының *оннан бір бөлігіне* жуығы (1,38 миллион) және бу күші мен электр күшінің жалпы жиынтық мөлшерінің *үштен бір бөлігіне жуығы* (32%) болып отыр*. Ақша капиталы мен банктер, көріп отырғанымыздай, ат төбеліндей аса ірі кәсіпорындардың осы басымдығын онан әрі арттыра түседі және сөздің шын толық мағынасында осылай етеді, яғни миллиондаған ұсақ, орташа қожайындар және ірі «қожайындардың» бір бөлегі де іс жүзінде бірнеше жүз миллионер-финансистерге толық құлдыққа түседі.

Қазіргі капитализмнің алдыңғы қатарлы екінші бір елінде — Солтүстік Америка Құрама Штаттарында өндіріс шоғырлануының өсуі бұдан да күшті. Мұнда статистика өнеркәсіпті сөздің тар мағынасында бөліп шығарып, кәсіп орындарды жылдық өнімнің құны көлеміне қарай топтайды. 1904 жылы өндірісі 1 миллион доллар және онан да көбірек болған аса ірі кәсіпорындар 1900 (216 180 кәсіпорыннан, яғни 0,9%) болған, бұлардағы жұмысшылар 1,4 миллион (5,5 миллион жұмысшыдан, яғни 25,6%) болған, ал өндірісі 5,6 миллиард (14,8 миллиардтан, яғни 38%) болған. 5 жылдан соң, 1909 жылы, әлгі цифрлар тиісінше мынадай болып шыққан: 3060 кәсіпорынның (268 491 кәсіпорыннан;— 1,1%) жұмысшылары 2,0 миллион (6,6 миллионнан;— 30,5%), ал өндірісі 9,0 миллиард (20,7 миллиардтан;— 43,8%)**.

* Цифрлар жиынтығы Annalen des deutschen Reichs, 1911, Zahn (Герман мемлекетінің анналдары, 1911, Цан. *Ред.*) бойынша жасалған.

** Statistical Abstract of the United States 1912. p. 202 (Құрама Штаттардың 1912 жылғы статистикалық жинағы, 202-бет. *Ред.*).

Елдегі барлық кәсіпорындардың бүкіл өндірісінің тең жартысы дерлігі кәсіпорындардың жалпы санының *жүзден бір бөлігінің* қолында болып отыр! Ал осы үш мың алып-кәсіпорын өнеркәсіптің 258 саласын қамтиды[135]. Бұдан анықталатыны: шоғырлану, өз дамуының белгілі бір сатысында, өзінен-өзі монополияға жақындатып әкеледі деуге болады. Өйткені ондаған алып кәсіпорындардың өзара келісім жасасуы оңай болады, ал екінші жағынан, бәсекенің қиындауын, монополияға қарай икемделу тенденциясын туғызатын кәсіпорындардың көлемі де ірі болады. Бәсекенің осы монополияға айналуы ең жаңа капитализм экономикасындағы — егер ең маңызды құбылыстың өзі демесек — ең маңызды құбылыстардың бірі болып табылады, сондықтан біздің бұған толығырақ тоқталуымыз қажет. Бірақ біз әуелі түсініксіз болуы мүмкін бір нәрсені ашып алуға тиіспіз.

Американ статистикасында былай делінген: өнеркәсіптің 250 саласында 3000 алып кәсіпорын бар. Әр салаға не бары 12 ең ірі кәсіпорыннан келетін сияқты.

Бірақ бұл олай емес. Өнеркәсіптің барлық саласында бірдей үлкен кәсіпорындар жоқ; ал екінші жағынан, дамудың ең жоғары сатысына жеткен капитализмнің *құрамдылық* деп аталатын өте маңызды ерекшелігі болады, ягни бір кәсіпорында өнеркәсіптің әр түрлі салалары біріктіріледі, ол салалар не шикізаттарды өңдеудің дәйекті сатылары болады (мәселен, рудадан шойын қорытылады да, шойыннан болат құйылады, онан соң болаттан белгілі бір даяр өнімдер шығарылуы мүмкін),— не біріне-бірі көмекші қызмет ететін салалар болады (мәселен, қалдықтарды өңдеу немесе қосалқы өнімдер шығару; буып-түйетін заттарды, т. т. өндіру).

«Құрамдылық,— деп жазады Гильфердинг,— конъюнктура айырмашылықтарын теңгереді, сондықтан да құрама кәсіпорын үшін пайда нормасының көбірек тұрақты болуын қамтамасыз етеді. 2-ден, құрамдылық сауданың жойылуына жеткізеді. 3-ден, ол техниканы жетілдіруге мүмкіндік жасайды, демек, «таза» (яғни құрама емес) кәсіпорындарға қарағанда қосымша пайда алуға да мүмкіндік береді. 4-ден, ол «таза» кәсіп-

орынға қарағанда құрама кәсіпорынның позициясын нығайтады,—күшті депрессия (істің іркілісі, дағдарыс) кезінде, шикізаттар бағасының төмендеуі фабрикаттар бағасының төмендеуінен кейіндеп қалған кезде, бәсекелік күресте құрама кәсіпорынды күшейтеді»*.

Немістің темір жасайтын өнеркәсібіндегі «аралас», яғни құрама кәсіпорындарды суреттеуге арнап арнайы шығарма жазған буржуазиялық неміс экономисі Гейман былай дейді: «дайын өнімдердің бағасы арзан болып тұрғанда, материалдардың бағасының қымбаттығынан жаншылып, таза кәсіпорындар құрып бітеді». Істің жайы былай болып шығады:

«Бір жағынан, бірнеше миллион тонна көмір шығаратын, өздерінің тас көмір синдикатына мықтап ұйымдасқан ірі-ірі тас көмір компаниялары қалды; ал сонан соң солармен тығыз байланысқан, өзінің болат синдикаты бар болат құятын ірі-ірі заводтар қалды. Жылына 400 000 тонна (тонна=60 пұт) болат өндіретін, орасан көп руда мен тас көмір шығаратын, болаттан дайын бұйым шығаратын, завод поселкелерінің казармаларында тұратын 10 000 жұмысшысы бар, кейде өз темір жолдары және гаваньдары бар осы алып кәсіпорындар неміс темір өнеркәсібінің типтік өкілдері болып табылады. Ал шоғырлану барған сайын алға басып отыр. Жекелеген кәсіпорындар барған сайын ірілене түсуде; өнеркәсіптің белгілі бір саласының немесе әр түрлі салаларының кәсіпорындары барған сайын алып кәсіпорындарға көптеп топтасуда, бұларға Берлиндегі жарты дюжина ірі банк әрі сүйеу, әрі басшы болып отыр. Герман кен өнеркәсібі жөнінде Карл Маркстің шоғырлану жайындағы ілімінің дұрыстығы бұлжымай дәлелденіп отыр; рас, мұның өзі өнеркәсібі қорғаныш баж салықтарымен және тасымал тарифтерімен қорғалып отырған елге қатысты. Германияның кен өнеркәсібі экспроприацияға жарайтындай болып жетілді»**.

Ар-ұяты бар буржуазияшыл экономист, кездесе бер-

* «Финанс капиталы», орыс тіліне аударма, 286—287-беттер.

** Hans Gideon Heymann. «Die gemischten Werke im deutschen Großeisengewerbe». Stuttgart. 1904 (SS. 256, 278—279) (Ганс Гидеон Гейман. «Немістің темір жасайтын ірі өнеркәсібіндегі аралас кәсіпорындар». Штутгарт, 1904 (256, 278—279-беттер). *Ред.).*

мейтін, осындай қорытындыға келуге тиіс те еді. Германияның өнеркәсібі қымбат қорғаныш баж салығы арқылы қорғалып отырғандықтан, ол Германияны елден ерекше атап отырған сияқты, мұны көрсете кетуіміз керек. Бірақ бұл жағдай шоғырлануды және кәсіпкерлердің монополиялық одақтарының, картельдердің, синдикаттардың, т. т. құрылуын тек тездете алған еді. Еркін сауда елінде, Англияда, біраз кеш болса да және, мүмкін, басқа түрде болса да, шоғырланудың *мұнда да* монополияга әкеп соғып отырғаны өте-мөте маңызды нәрсе. Великобританияның экономикалық дамуы жайындағы деректер бойынша профессор Герман Леви «Монополиялар, картельдер және трестер» туралы арнаулы зерттеуінде былай деп жазады:

«Великобританияда кәсіпорындар колемінің нақ ірілігі және олардың техника дәрежесінің жоғарылығы монополияга қарай бастайтын тенденция туғызып отыр. Бір жағынан, шоғырлану кәсіпорынның орасан көп капитал жұмсауына әкеп соқтырды; сондықтан жаңа кәсіпорындардың алдына қажетті капитал мөлшері мағынасында барған сайын жоғары талаптар қойылады, олардың пайда болуының қиындығы да осыдан. Ал екінші жағынан (ал біз бұл пунктті неғұрлым маңызды пункт деп есептейміз), шоғырлану туғызған алып кәсіпорындардың дәрежесінде болғысы келетін әрбір жаңа кәсіпорын өнімдерді орасан коп артық өндіруге тиіс, бұл өнімдер сұраным адам айтқысыз көбейгенде ғана пайдалы сатылуы мүмкін, олай болмаған күнде өнімдердің бұл артықтығы бағаны арзандатып, жаңа завод үшін де, монополиялық одақтар үшін де тиімсіз шамаға түсіріп тастайды». Англияда кәсіпкерлердің монополиялық одақтары, картельдері мен трестері — қорғаныш баж салықтары картельденуді жеңілдететін басқа елдердегідей емес, көбінесе, басты-басты бәсекелес кәсіпорындардың саны «бар болғаны екі дюжина» қалғанда ғана пайда болады. «Ірі өнеркәсіпте монополияның тууына шоғырланудың әсер ететіндігі мұнда айдан анық аңғарылады»*.

* Hermann Levy. «Monopole, Kartelle und Trusts». Jena. 1909. SS. 286, 290, 298 (Герман Леви. «Монополиялар, картельдер және трестер». Йена, 1909, 286, 290, 298-беттер. *Ред.*).

Бұдан жарты ғасыр бұрын, Маркс өзінің «Капиталын» жазған кезде, еркін бәсеке экономистердің басым көпшілігіне «табиғат заңындай» болып көрінген еді. Маркстің капитализмге теориялық және тарихи талдау жасау арқылы еркін бәсеке өндірістің шоғырлануын туғызатынын, ал бұл шоғырлану өз дамуының белгілі бір сатысында монополияға әкеп соғатынын дәлелдеген шығармасын үстіртін ғылым үндемей қою әрекеті арқылы өлтіруге тырысқан еді. Қазір монополия факт болып отыр. Экономистер монополияның жеке көріністерін суреттеп, «марксизм бекерге шығарылды» деп шуылдасып мәлімдей отырып, тау-тау кітаптар жазуда. Бірақ, ағылшын мақалында айтылатындай, факт— даусыз нәрсе, сондықтан онымен қайткенде де санасуға тура келеді. Фактілерге қарағанда, жеке капиталистік елдердің араларындағы айырмашылықтар, мәселен, протекционизм немесе еркін сауда жөніндегі айырмашылықтар, монополиялардың формасына байланысты не олардың шығу мезгілдеріне байланысты болымсыз ғана айырмашылықтар, ал жалпы алғанда, өндірістің шоғырлануы монополия туғызатыны — капитализм дамуының қазіргі сатысының жалпы және негізгі заңы.

Европада ескі капитализмнің орнына жаңа капитализмнің *біржолата* орнаған мезгілін барынша дәл анықтауға болады: ол, атап айтқанда, XX ғасырдың басы. «Монополиялардың құрылу» тарихы жөніндегі ең жаңа жиынтық еңбектің бірінен мынаны оқимыз:

«1860 жылға дейінгі дәуірден капиталистік монополиялардың жеке мысалдарын келтіруге болады; солардан қазір тым дағдылы болып кеткен формалардың ұрықтарын табуға болады; бірақ мұның бәрі картельдер үшін атам заманғы уақыт екендігі сөзсіз. Қазіргі монополиялардың нағыз басталған кезі, ең ерте дегенде, 1860 жылдар. Монополиялар дамуының бірінші ірі кезеңі 1870 жылдардағы өнеркәсіптің халықаралық көлемде езгіге түсуінен басталып, 1890 жылдардың басына дейін созылады». «Егер істі европалық көлемде алып қарасақ, онда еркін бәсеке дамуының ең жеткен шегі 60 және 70-жылдар болды. Ол кезде Англия өзінің ескі стильдегі капиталистік ұйымын орнатуды аяқта-

ды. Германияда бұл ұйым қол өнерге және үй өнеркәсібіне қарсы үзілді-кесілді күреске шығып, өз тіршілігінің өзіне лайықты формаларын жасай бастады».

«Үлкен төңкеріс 1873 жылғы күйреуден немесе, дұрысырақ айтқанда, содан кейін болған депрессиядан басталды, бұл депрессия — 80-жылдардың басында сәл үзіліс жасап, 1889 жылдың шамасында тым күшті, бірақ аз уақыт өрлеп — Европаның экономикалық тарихының 22 жылын алды». «1889—1890 жылдардағы өрлеудің қысқа кезеңінде коньюнктураны пайдаланып қалу үшін картельдерді қолдану күшті болды. Ойланбай жүргізілген саясат бағаны картельсіз болғандағы мүмкін шамадан анағұрлым тез, анағұрлым жоғары көтерді, сөйтіп сол картельдердің бәрі дерлік «күйреу моласына» масқара болып көмілді. Бағалар төмендеп, істер нашарлаған тағы да бес жыл өтті, бірақ өнеркәсіптің жай-күйі бұрынғыдай бола қоймады. Ендігі жерде жұрт депрессияны өзінен-өзі түсінікті нәрсе деп есептемейтін болды, оны тек жаңа қолайлы коньюнктураның алдындағы іркіліс деп қана білді.

Сонымен картельдік қозғалыс өзінің екінші дәуіріне аяқ басты. Картельдер өткінші құбылыс болудың орнына бүкіл шаруашылық өмір негіздерінің біріне айнала бастады. Картельдер өнеркәсіп салаларының бірінен соң біріне, ең алдымен, шикі материалдарды өңдеп шығаруға ие бола бастады. 1890 жылдардың басындаақ картельдер кокс синдикатын құру арқылы өзіне картельдік техника жасап алды, соның үлгісімен көмір синдикаты құрылды, бұл қозғалыс, шын мәнінде, одан әрі барған жоқ, XIX ғасырдың аяғындағы үлкен өрлеу мен 1900—1903 жылдардағы дағдарыс—ең болмағанда кеп және темір өнеркәсібінде — тұңғыш рет түгелдей картельдер негізінде болды. Егер мұның өзі сол кезде бір түрлі жаңалық тәрізді болып көрінсе, қазір шаруашылық өмірдің ірі бөлектерінің, әдеттегідей, еркін бәсекеден алынып тасталғаны қалың жұртшылық санасында өзінен-өзі түсінікті ақиқатқа айналып отыр»*.

* Th. Vogelstein. «Die finanzielle Organisation der kapitalistischen Industrie und die Monopolbildungen» «Grundriß der Sozialökonomik»-те, VI Abt., Tüb., 1914. (Т. Фогельштейн. . «Капиталистік индустрияның финанс жағынан ұйымдасуы және монополиялардың құрылуы»—

Сонымен, монополиялар тарихының негізгі қорытындылары мынадай: 1) 1860 және 1870 жылдар — еркін бәсеке дамуының ең жоғары, шегіне жеткен сатысы. Монополиялар енді ғана байқала бастаған еді. 2) 1873 жылғы дағдарыстан кейін картельдер кең көлемде дами бастады, бірақ картельдер әлі де некен-саяқ болатын. Олар әлі де берік емес еді. Олар әлі де өткінші құбылыс болатын. 3) XIX ғасырдың аяғындағы өрлеу мен 1900—1903 жылдардағы дағдарыс: картельдер бүкіл шаруашылық өмір негіздерінің бірі бола бастады. Капитализм империализмге айналды.

Картельдер сату шарттары, төлем мерзімдері және басқалар туралы келісіп алады. Олар өнім өткізетін салаларды өзара бөліседі. Олар өндірілетін өнімдер мөлшерін анықтайды. Олар баға белгілейді. Олар пайданы жеке кәсіпорындарға бөліп отырады және т. т.

Картельдер саны Германияда 1896 жылы шамамен алғанда — 250, ал 1905 жылы — 385 болған, бұларға 12 000-ға жуық кәсіп орны қатысқан*. Бірақ бұл цифрлардың азайтып корсетілгенін жұрттың бәрі мойындайды. 1907 жылғы герман өнеркәсібі статистикасының жоғарыда келтірілген деректеріне қарағанда, тіпті ең ірі 12 000 кәсіпорынның өзі бу күші мен электр күшінің барлық санының жартысынан көбін, сірә, өз қолдарына жинақтап отырған болса керек. Солтүстік Америка Құрама Штаттарында трестердің саны 1900 жылы — 185, 1907 жылы — 250 болған. Американ статистикасы барлық өнеркәсіп орындарын жеке адамдарға, фирмаларға және корпорацияларға қарасты деп бөледі. Корпорацияларға қарастысы кәсіпорындардың

«Әлеуметтік экономика негіздерінде». VI бөлім, Тюбинген, 1914. *Ред.*). Сол авторды салыстырыңыз: «Organisationsformen der Eisenindustrie und Textilindustrie in England und Amerika». Bd. I., Lpz., 1910 («Англия мен Америкадағы темір жасайтын және тоқыма өнеркәсібінің ұйымдық формалары». I том, Лейпциг, 1910. *Ред.*).

* Dr. Riesser. «Die deutschen Großbanken und ihre Konzentration im Zusammenhange mit der Entwicklung der Gesamtwirtschaft in Deutschland». 4. Aufl., 1912, S. 149.—R. Liefmann. «Kartelle und Trusts und die Weiterbildung der volkswirtschaftlichen Organisation». 2. Aufl., 1910, S. 25 (Д-р Риссер. «Германияның ірі банктері және Германиядағы шаруашылықтың жалпы дамуына байланысты олардың шоғырлануы». 4-басылуы, 1912, 149-бет.— Р. Лифман. «Картельдер мен трестер және халық шаруашылығы ұйымдарының одан әрі дамуы». 2-басылуы, 1910, 25-бет. *Ред.*).

жалпы санының 1904 жылы — 23,6 проценті, 1909 жылы — 25,9 проценті, яғни төрттен бірінен астамы болған. Бұл кәсіп орындарында жұмысшылардың жалпы санының 1904 жылы — 70,6 проценті, ал 1909 жылы — 75,6 проценті, төрттен үші, болған; өндіріс көлемі 10,9 және 16,3 миллиард доллар, яғни жалпы соманың 73,7 проценті және 79,0 проценті болған.

Картельдер мен трестердің қолына өнеркәсіптің белгілі бір саласындағы барлық өндірістің көбінесе оннан жеті-сегіз бөлігі жинақталады. Рейн-Вестфаль тас көмір синдикаты өзі құрылған 1893 жылы сол аудандағы барлық көмір өндірісінің 86,7 процентін, ал 1910 жылы 95,4 процентін шоғырландырды*. Осылайша құрылған монополия орасан көп кіріс алуды қамтамасыз етеді және орасан зор көлемде техникалық-өндіріс орындарының құрылуына апарып соғады. Құрама Штаттардағы атақты керосин тресі (Standard Oil Company) 1900 жылы құрылған. «Оның капиталы 150 миллион доллар болды. 100 миллион долларға әдеттегі акция және 106 миллион долларға жеңілдік жасалған акция шығарылды. Жеңілдік жасалған акцияларға төленіп отырған дивиденд 1900—1907 жылдары былай болған: 48, 48, 45, 44, 36, 40, 40, 40%, барлығы 367 миллион доллар. 1882 жылдан 1907 жылға дейін 889 миллион доллар таза пайда алынған; мұның 606 миллион доллары дивидендке төленді, ал қалғаны резервтік капиталға айналды»**. «Болат тресінің (United States Steel Corporation) барлық кәсіпорындарында 1907 жылы кемінде 210 180 жұмысшы мен қызметші болған. Герман кен өнеркәсібінің ішіндегі ең ірісі Гельзенкирхен кен қоғамында (Gelsenkirchener Bergwerksgesellschaft) 1908 жылы — 46 048 жұмысшы мен қызметші болған»***. Болат тресі 1902 жылдың өзінде-ақ 9 миллион тонна болат өндір-

---

* Dr. Fritz Kestner. «Der Organisationszwang. Eine Untersuchung über die Kämpfe zwischen Kartellen und Außenseitern». Brl., 1912, 11-бет. (Д-р Фриц Кестнер. «Ұйымдасуға мәжбүр ету. Картельдер мен бөгделердің арасындағы күрес туралы зерттеу». Берлин. *Ред.*).

** R. Liefmann «Beteiligungs und Finanzierungsgesellschaften. Eine Studie über den modernen Kapitalismus und das Effektenwesen». 1. Aufl., Jena. 1909. 212-бет. (Р. Лифман. «Қатысу және қаржыландыру қоғамдары. Қазіргі капитализм мен бағалы қағаздардың мәнін зерттеу». 1-басылуы, Йена. *Ред.*).

*** Бұл да сонда, 218-бет.

ген*. Оның өндірген болаты бүкіл Құрама Штаттардағы барлық болат өндірісінің 1901 жылы — 66,3 проценті, ал 1908 жылы — 56,1 проценті болды**; дәл сол жылдары шығарылған руда — 43,9% және 46,3%.

Американ үкімет комиссиясының трестер туралы есебінде былай делінген: «Олардың бәсекелестерден басымдылығы кәсіпорындарының ірі болуына және техникасының тамаша жұмыс істейтіндігіне негізделеді. Темекі тресі өзі құрылған күннен бастап жер-жердің бәрінде қол еңбегінің орнына машинаны мейлінше кеңінен қолдануға бар күшін салды. Ол осы мақсат үшін темекі өңдеуге белгілі бір қатысы бар патенттің бәрін сатып алып отырды, сөйтіп бұған орасан көп қаржы жұмсады. Көптеген патенттер алғашқыда жарамсыз болып шықты, сондықтан тресте қызмет істейтін инженерлерге оларды қайта өңдеуге тура келіп отырды. 1906 жылдың аяғында тек қана патент сатып алып отыратын филиалдық екі қоғам құрылды. Нақ осы мақсатқа арнап трест өзінің шойын құятын орындарын, машина фабрикаларын және жөндеу шеберханаларын құрды. Сол кәсіп орындарының Бруклиндегі біреуінде орта есеппен 300 жұмысшы бар; мұнда папирос, кішкене сигаралар, насыбай, орама қорғасын қағаз, қорап және басқаларын жасау үшін ұсынылған өнер табыстары байқаудан өтеді; өнер табыстары нақ осы жерде жетілдіріліп отырады»***. «Өзге трестер де developping engineers (техниканы өркендететін инженерлер) дейтіндерді ұстап отырады, бұлардың міндеттері — өндірістің жаңа тәсілдерін ойлап шығару және техника табыстарын сынақтан өткізіп отыру. Болат тресі техниканы жақсарта алатын немесе шығынды азайтатын өнертабыстар үшін өз инженерлері мен жұмысшыларына үлкен сыйлықтар беріп отырады»****.

* Dr. S. Tschierschky. «Kartell und Trust». Gött., 1903, 13-бет. (Д-р. З. Чиршки. «Картель және трест». Гёттинген. *Ред.)*.

** Th. Vogelstein. «Organisationsformen», 275-бет.

*** Report of the Commissioner of Corporations on the Tobacco Industry. Washington, 1909, 266-бет. (Комиссия мүшесінің темекі өнеркәсібіндегі бірлестіктер туралы есебі. Вашингтон. *Ред.*)— цитат мына кітаптан алынып отыр: «Dr. Paul Tafel. «Die nordamerikanischen Trusts und ihre Wirkungen auf den Fortschritt der Technik». Stuttgart, 1913, 48-бет (Д-р Пауль Тафель. «Солтүстік американ трестері және олардың техникалық прогреске тигізетін әсері». Штутгарт, *Ред.*).

**** Бұл да сонда, 48—49-бет.

Техниканы жақсарту ісі герман ірі өнеркәсібінде де, мәселен, соңғы ондаған жылдарда орасан өркендеген химия өнеркәсібінде нақ осылайша жолға қойылған. Өндірістің шоғырлану процесі 1908 жылдың қарсаңында-ақ бұл өнеркәсіпте басты-басты екі «топ» құрды, бұлар да өзінше монополияға жуықтады. Әуелі бұл топтар әрқайсысында 20—21 миллион марка капиталы бар екі пар ең ірі фабрикалардың «екі жақты одағы» еді: бір жағынан, Хохстегі Майстердің бұрынғы фабрикасы мен Майндегі Франкфурттегі Касселлэнің фабрикасы, екінші жағынан, Людвигсхафендегі анилин және сода фабрикасы мен Эльберфельдтегі Байердің бұрынғы фабрикасы болды. Содан кейін 1905 жылы бір тобы, ал 1908 жылы екінші тобы әрқайсысы тағы да бір-бір ірі фабрикамен келісім жасасты. Сонымен әрқайсысында 40—50 миллион марка капиталы бар екі «үш жақты одақ» болды, сөйтіп осы «одақтар» арасында баға және т. б. жөнінде өзара «жақындасу», «шарттар» жасасу басталды»*.

Бәсеке монополияға айналады. Өндірістің қоғамдастырылуы адам айтқысыз прогресс жасайды. Атап айтқанда, техникалық өнер табыстары мен жетілдірулер процесі де қоғамдастырылады.

Мұның өзі тіпті де бытыраңқы және бірі туралы бірі еш нәрсе білмейтін, өнімді әлде бір белгісіз рынокта өткізу үшін өндіретін қожайындардың бұрынғы еркін бәсекесі емес. Шоғырланудың күшейгендігі сонша, белгілі бір елдегі, кейін көретініміздей, тіпті бірқатар елдердегі, бүкіл дүние жүзіндегі шикі материалдар шығатын көздердің бәрін де (мәселен, темір рудасы бар жерлерді) шамалап есепке алуға болады. Мұндай есеп жүргізіліп қана қоймайды, сонымен қатар алып монополиялық одақтар сол шикі материалдар шығатын көздерді бір қолға қаратып та алады. Рынок мөлшері шамамен есепке алынады, әлгі одақтар келісім жасасып, сол рынокты өзара «бөліседі». Үйретілген жұмыс күштері монополияландырылады, таңдаулы инженерлер

---

* Riesser, аты аталған шығарма, 547 және келесі беттер, 3-басылуы бойынша. Газеттер (июнь, 1916) Германияның химия өнеркәсібін біріктірстін жаңа алып трест туралы хабарлап отыр.

жалдап алынады, қатынас жолдары мен құралдары — Америкадағы темір жолдар, Европадағы және Америкадағы пароход қоғамдары — басып алынады. Капитализм өзінің империалистік сатысында өндірісті мейлінше жан-жақты қогамдастыруға жақындатады, ол капиталистерді, былайша айтқанда, олардың еркі мен санасына қарамастан, әлде қандай жаңа қоғамдық тәртіпке, бәсекенің толық еркіндігінен толық қоғамдасуға көшетін тәртіпке жетектеп әкеледі.

Өндіріс қоғамдық өндіріске айналады, бірақ иемдену жеке меншік күйінде қалады. Қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары аз ғана адамның жеке меншігінде қала береді. Формальды түрде танылатын еркін бәсекенің жалпы шеңбері қалпынша қалады да, аз ғана монополистердің қалған халықты езуі жүз есе ауыр, жанға батарлық, адам төзгісіз езгіге айналады.

Неміс экономисі Кестнер «картельдер мен бөгделердің», яғни картельге кірмеген кәсіпкерлердің «арасындағы күреске» арнап арнаулы шығарма жазды. Ол бұл шығармасын: «Ұйымдасуға мәжбүр ету» деп атаған, шынында, капитализмді әрлеп бояламау үшін, монополистердің одақтарына бағынуға мәжбүр ету туралы деу керек еді. Монополистер одақтарының «ұйымдасу» үшін қолданып отырған қазіргі, ең жаңа, цивилизациялы күрес құралдарының тізбесін жай ғана шолып шығудың өзі де сабақ боларлық: 1) шикі материалдардан құр алақан қалдыру («...картельге кіруге мәжбүр ету үшін қолданылатын аса маңызды тәсілдердің бірі»); 2) «альянстар» арқылы (яғни жұмысшы одақтарының жұмысты тек картельденген кәсіпорындардан ғана алуы туралы капиталистердің жұмысшы одақтарымен жасасқан шарттары арқылы) жұмысшы күшінен құр алақан қалдыру; 3) жүк тасудан құр алақан қалдыру; 4) өнімді өткіздірмей қою; 5) сауданы тек картельдермен ғана жүргізу туралы сатып алушылармен шарт жасасу; 6) бағаны жоспарлы түрде төмендетіп отыру («бөгделерді», яғни монополистерге бағынбайтын кәсіпорындарды күйзелту үшін өнімді өзіндік құнынан белгілі уақыт ішінде арзан сатуға миллиондаған қаржы жұмсалады: бензин өнеркәсібінде бағаны 40 марка-

дан 22 маркаға дейін, яғни екі есе дерлік төмендеткен мысалдар болған!); 7) кредиттен айыру; 8) бойкот жариялау.

Біздің бұл көріп отырғанымыз ұсақ кәсіпорындар мен ірі кәсіпорындардың, техника жағынан артта қалған кәсіпорындар мен техника жағынан алдыңғы қатардағы кәсіпорындардың арасындағы бәсеке күресі емес. Біздің көріп отырғанымыз — монополияға, оның езгісіне, оның озбырлығына бағынбайтындарды монополистердің тұншықтыруы. Бұл процесс буржуазиялық экономистің санасында былайша бейнеленеді:

«Тіпті таза шаруашылық қызмет саласында да,— деп жазады Кестнер,— бұрынғы мағынадағы сауда қызметінен ұйымдық-жалдаптық қызметке қарай белгілі бір ауысушылық болып отыр. Өзінің техника және сауда жөніндегі тәжірибесіне сүйеніп, сатып алушылардың қажеттерін өзгелерден жақсы анықтай алатын, жасырын күйде қалып отыратын сұранымды таба білетін және, былайша айтқанда, «аша» білетін көпестің ісі аса жемісті болмай, қайта ұйымдастырушылық дамуды, жеке кәсіпорындармен және банктермен белгілі бір байланыстардың мүмкіндігін алдын ала есептеп қоя білетін немесе сезе білетін жалдап дананың (?!) ісі анағұрлым жемісті болып отырады...».

Түсінікті тілмен айтқанда, бұл былай деген сөз: капитализмнің дамығаны сонша, товар өндірісі бұрынғынша «үстем болып», бүкіл шаруашылықтың негізі болып есептеле тұрса да, іс жүзінде ол қазірдің өзінде өлсіреп, басты пайданы финанс қулық-сұмдықтарының «данаалары» алып отырады. Бұл финанс қулық-сұмдықтарының негізі—өндірістің қоғамдастырылуында болып отыр, бірақ осы қоғамдастыруға дейін жеткен адамзаттың алып прогресі... жалдаптардың пайдасына жұмсалып отыр. «Осы негізге сүйене отырып» капиталистік империализмді мещандық-реакциялық сынау *кері*, «еркін», «бейбіт», «адал» бәсекеге қайтып оралуды армандайды, мұны біз төменде көреміз.

«Картельдер құрылуының нәтижесі ретінде бағаның ұзақ уақыт бойы өсіп отыруы,— дейді Кестнер,— бұл күнге дейін тек аса маңызды өндіріс құрал-жабдықта-

ры жөнінде ғана, әсіресе тас көмір, темір, кали жөнінде болып келді; ал даяр өнімдер жөнінде, мұның керісінше, ешқашан олай болып көрген емес. Осыған байланысты табыстың артуы да өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруші индустриямен шектеліп келді. Осы зерттеуге тағы да бір жағдайды қосу керек, ол —шикі материалдарды (жартылай фабрикаттарды емес) өңдейтін өнеркәсіп картельдердің құрылуы арқылы пайданы өте көп тауып қана қоймай, жартылай фабрикаттарды әрі қарай өңдеумен айналысатын өнеркәсіпке зиянын тигізді, оның үстіне осы өнеркәсіпке белгілі *дәрежеде үстемдік* ететін болып алды, еркін бәсеке тұсында бұлай болмаған еді»*.

Біз астын сызған сөздер істің буржуазиялық экономистер соншалық ықылассыз және сирек мойындайтын мәнін, оппортунизмнің К. Каутский бастаған осы күнгі қорғаушылары барынша сылтауратып, жоламауға тырысып отырған мәнін көрсетеді. Үстемдік қатынастары және соларға байланысты зорлық-зомбылықтар— «капитализм дамуының ең жаңа фазасына» тән нәрсе, міне, осы, құдіреті күшті экономикалық монополиялардың құрылуынан сөзсіз тууға тиіс болған және туып та отырған нәрсе, міне, осы.

Картельдердің қожайындық етуінен тағы да бір мысал келтірейік. Шикізат шығатын көздердің бәрін немесе бастыларын қолға қаратып алуға болатын жерлерде картельдердің пайда болуы мен монополиялардың құрылуы өте оңай. Бірақ өнеркәсіптің шикізат шығатын көздерді қаратып алуға мүмкіндігі жоқ басқа да салаларында монополиялар пайда болмайды деп ойлау қате болар еді. Цемент өнеркәсібінде шикі материал барлық жерде де бар. Ал Германияда осы өнеркәсіптің өзі де өте күшті картельдендірілген. Заводтар аудан-аудан болып: оңтүстік-герман, рейн-вестфаль және т. б. синдикаттарға біріккен. Бағалары монополиялық баға болып белгіленген: өзіндік құны 180 марка вагонның бағасы 230—280 марка етіп белгіленген! Кәсіпорындар

* Кестнер, аты аталған шығарма, 254-бет.

12—16% дивиденд береді, оның бер жағында мынаны ұмытпау керек: қазіргі жалдаптықтың «даналары» дивиденд ретінде үлестірілгеннен басқа да көп сомалы пайданы өз қалталарына қымқыра біледі. Осындай өте пайдалы өнеркәсіпті бәсекеден құтқару үшін монополистер тіпті қулыққа да басады: өнеркәсіптің жағдайы нашар деген өтірік лақап таратылады, газеттерде: «капиталистер! цемент жұмысына капитал жұмсаудан сақ болыңдар» деп, қол қойылмаған хабарландырулар басылады; ақырында, «бөгделердің» (яғни синдикаттарға қатыспағандардың) кәсіп орындары сатылып алынады, «жол бергені» үшін оларға 60—80—150 мың марка төленеді*. Монополия жол бергені үшін «шамалы» ақы төлеуден бастап, американдарша бәсекелесіне динамит «қолдануға» дейін барып, барлық жерде де және қандай әдістермен болса да өзіне жол салып алады.

Картельдер дағдарыстарды жояды деген сөз — қалай болғанда да капитализмді әрлендіре боямалап жүрген буржуазиялық экономистердің ертегісі. Керісінше, өнеркәсіптің *кейбір* салаларында құрылған монополия тұтас алғанда *бүкіл* капиталистік өндіріске тән былықты онан сайын күшейтіп, шиеленістіре түседі. Жалпы алғанда капитализмге тән егіншілік пен өнеркәсіп дамуының араларындағы үйлеспеушілік бұрынғыдан да күшейеді. Неғұрлым картельденген *ауыр* индустрия дейтін, әсіресе көмір мен темір, қойылып отырған артықша жағдай өнеркәсіптің өзге салаларында, «немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке қатынасы» туралы ең жақсы еңбектердің бірінің** авторы Ейдэльс мойындағандай, «жоспарлылықтың бұрынғыдан да бетер жойылуына» әкеп соғады.

«Халық шаруашылығы неғұрлым дамыған болса,— деп жазады капитализмнің ар-ұяттан безген қорғаушысы Лифман,— ол соғұрлым аса қатерлі немесе шетелдік кәсіпорындарға, өзінің дамуы үшін ұзақ уақытты

* «Zement» von L. Eschwege. «Die Bank»[136], 1909, 1, 115 және келесі беттер (Л. Эшвегенің «Цементі». «Банк». *Ред.).*

** Jeidels. «Das Verhältnis der deutschen Großbanken zur Industrie mit besonderer Berücksichtigung der Eisenindustrie». Lpz., 1905, 271-бет (Ейдэльс. «Немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке, әсіресе металлургия өнеркәсібіне қатынасы». Лейпциг, *Ред.*)[137].

қажет ететін кәсіпорындарға немесе, ақырында, жергілікті ғана маңызы бар кәсіпорындарға соғұрлым көбірек жүгінетін болады»*. Қатерліліктің артуы, түптеп келгенде, былайша айтқанда, кемерінен асып төгіліп жатқан, шетелге заулап кетіп жатқан және т. с. капиталдың орасан көбеюіне байланысты. Ал сонымен бірге техниканың өте тез өсуі халық шаруашылығының әр түрлі жағының арасындағы үйлесімсіздік элементтерін, былықты, дағдарыстарды онан сайын көбейтеді. «Адамзаттың,—деп мойындауға мәжбүр болады нақ сол Лифман,— таяу болашақта техника саласында тағы да ірі төңкерістер жасауы мүмкін, ол төңкерістер халық шаруашылығын ұйымдастыруға»... электрге, әуеде ұшуға... «да әсерін тигізетін болады». «Әдетте және жалпы ереже бойынша мұндай түбегейлі экономикалық өзгерістердің уақыттарында жалдаптық қатты күшейеді...»**

Ал әр түрлі дағдарыстар,— көбінесе экономикалық, бірақ жалғыз экономикалық қана емес дағдарыстар,— өз кезегінде, шоғырлану мен монополияға деген тенденцияны орасан зор көлемде күшейтеді. Өзімізге мәлім, ең жаңа монополиялардың тарихында бетбұрыс пункттің ролін атқарған 1900 жылғы дағдарыстың маңызы туралы Ейдэльстің мейлінше сабақ боларлық пайымдауы, міне, мынадай:

«1900 жылғы дағдарыс өнеркәсіптің басты-басты салаларындағы алып кәсіпорындармен қатар, қазіргі ұғымдар бойынша алғанда ұйымдастыру жағынан ескірген, өнеркәсіп өрлеуінің толқынымен жоғары көтерілген тағы да талай «таза»» (яғни құрама емес) «кәсіпорындарда болды. Бағаның арзандауы, сұранымның кемуі бұл «таза» кәсіпорындарды апатты жағдайға түсірді, мұндай жағдайға құрама алып кәсіпорындар не мүлдем ұшыраған жоқ, не тіпті аз уақытқа ғана ұшырады. Осының салдарынан, 1873 жылғы дағдарысқа қарағанда, 1900 жылғы дағдарыс өнеркәсіптің шоғырлануын адам айтқысыз дәрежеде күшейтті: 1873 жылғы дағдарыс та ең тәуір кәсіпорындарды белгілі түрде

* Liefmann. «Beteiligungs-etc. Ges.», 434-бет.
** Бұл да сонда, 465—466-беттер.

іріктеп шығарған еді, бірақ техниканың ол кездегі дәрежесінде бұл іріктеу дағдарыстан жеңіспен шыға алған кәсіпорындарды монополияға жеткізе алған жоқ. Аса күрделі техникалардың, ұйымдасу ісінің айтарлықтай жүргізілуінің, капиталдарының күшті болуы арқасында қазіргі темір жасаушы және электр өнеркәсіптерінің алып кәсіпорындары дәл осындай ұзаққа созылған монополияға, онда да жоғары дәрежедегі монополияға ие болып отыр, онан соң кемірек дәрежеде машина жасау өнеркәсібінің, металлургия өнеркәсібінің белгілі салаларының, қатынас жолдарының және басқаларының кәсіпорындары да ұзаққа созылған монополияға ие болып отыр»*.

Монополия —«капитализм дамуындағы ең жаңа фазаның» соңғы жаңалығы, міне, осы. Егер біз банктердің ролін еске алмасақ, онда қазіргі монополиялардың шын күші мен маңызы жайындағы біздің ұғымымыз тым жеткіліксіз, олқы, кем болып шығар еді.

II. БАНКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАҢА РОЛІ

Банктердің негізгі және бастапқы қызметі — алыс-берісте делдалдық ету. Осыған байланысты банктер жұмсалмай жатқан бос ақша капиталын жұмсалатын капиталға, яғни пайда түсіретіп капиталға айналдырады, ақшалай табыстардың бәрін, қандайын болсын жиып-теріп, оларды капиталистер табының қарамағына беріп отырады.

Банк ісі дамып, оның аз ғана мекемелерде шоғырлануына қарай, банктер қарапайым делдалдық ролінен асып, жинақтап алғанда барлық капиталистер мен ұсақ қожайындардың ақша капиталының бәрін дерлік, сондай-ақ белгілі бір елдегі және тұтас алғанда бірқатар елдегі өндіріс құрал-жабдықтары мен шикізат көздерінің көбін билеп отыратын құдіретті монополистерге айналады. Осылайша толып жатқан қарапайым делдалдардың ат төбеліндей монополистерге айналуы капитализмнің капиталистік империализмге айналуындағы негізгі процестердің бірі, сондықтан да банк ісінің

---

* Jeidels, 108-бет.

шоғырлануына біздің ең алдымен тоқталып өтуіміз керек.

1907/8 ж. Германияның әрқайсысында 1 миллион маркадан аса капитал бар барлық акционерлік банктерінің вкладтары 7 миллиард марка, ал 1912/3 ж.—9,8 миллиард болған. Бес жылда 40% артқан, оның бер жағында сол артқан 2,8 миллиардтың 2,75 миллиарды әрқайсысының капиталы 10 миллион маркадан астам 57 банктікі. Ірі және ұсақ банктер вкладтарының бөлінісі мынадай болған*:

Барлық вкладтардың проценті

	Берлиндегі 9 ірі банкте	капиталы 10 миллион маркадан асатын қалған 48 банкте	капиталы 1—10 миллион марка 115 банкте	ұсақ банктерде (1 миллионнан кем)
1907/8	47	32,5	16,5	4
1912/3	49	36	12	3

Ұсақ банктерді ірі банктер ығыстырып шығарған, ірі банктердің не бары тоғызында барлық вкладтардың жартысына жуығы шоғырланған. Бірақ мұнда ескерілмей отырған нәрсе көп, мәселен, толып жатқан ұсақ банктердің іс жүзінде ірі банктердің бөлімдеріне айналғандығы және т. с. ескерілмеген, бұл туралы төменде әңгіме болады.

1913 жылдың аяғында Шульце-Геверниц жалпы сомасы 10 миллиард[138] маркаға жуық вкладтардың 5,1 миллиард маркасы Берлиндегі 9 ірі банкте болды деп анықтады. Тек вкладтарды ғана емес, бүкіл банк капиталын ескере отырып, сол автор былай деп жазған: «1909 жылдың аяғында Берлиндегі 9 ірі банк, *өздеріне қарасты банктермен бірге,* 11,3 миллиард марканы, яғни неміс банк капиталының бүкіл сомасының 83 процентіне жуығын биледі. *Өзіне қарасты банктермен бірге* 3 миллиардқа жуық марканы билеп отырған

* Alfred Lansburgh. «Fünf Jahre d. Bankwesen», «Die Bank», 1913, № 8, 728-бет (Альфред Лансбург, «Неміс банктері қызметінің бес жылы», «Банк». *Ред.*).

«Неміс банкі» («Deutsche Bank»), мемлекеттік темір жолдардың пруссиялық басқармасымен қатар, ескі дүниедегі капиталдың ең ірі, оның бер жағында мейлінше орталықтанбаған, жинақталуы болып табылады»*.

«Қарасты» банктер деген сөздердің біз астын сызып отырмыз, өйткені оның өзі ең жаңа капиталистік шоғырланудың ең маңызды айрықша ерекшеліктерінің біріне жатады. Ірі кәсіпорындар, әсіресе банктер, ұсақтарын түп-тура жұтып қана қоймайды, сонымен қатар олардың капиталдарына «қатысу» арқылы, акцияларды сатып алу немесе айырбастап алу арқылы, борыш қатынастарының жүйесі, т. т. және т. с. арқылы оларды өздеріне «қосып алады», бағындырып алады, «өз» тобына,— техникалық терминде айтылатынындай — өз «концерніне» енгізеді. Профессор Лифман қазіргі «қатысу және қаржыландыру қоғамдарын»** суреттеуге жарты мың беттік бүтін бір үлкен «еңбегін» арнаған — амал қанша, көбінесе қайнауы жетпеген шикі материалға арзан қол «теориялық» пайымдаулар қосып жіберген[139]. Шоғырлануы мағынасында алғанда, бұл «қатысу» жүйесінің қандай қорытындыларға әкелетіндігі банк «қайраткері» Риссердің немістің ірі банктері туралы шығармасында бәрінен де жақсырақ көрсетілген[140]. Бірақ оның деректеріне көшуден бұрын біз «қатысу» жүйесінің нақты бір мысалын келтірелік.

«Неміс банкі» «тобы» — үлкен банк топтарының ішіндегі ең ірісі демегеннің өзінде, сол ең ірі топтардың бірі. Бұл топтағы барлық банкті байланыстырып отыратын ең басты дәнекерлерді есепке алу үшін бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі «қатысуларды» немесе — бұл да сондай — бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі тәуелділікті (неғұрлым ұсақ банктердің «Не-

* Schulze-Gaevernitz. «Die deutsche Kreditbank» — «Grundriß der Sozialökonomik»-те. Tüb., 1915, 12 және 137-беттер (Шульце-Геверниц. «Немістің кредиттік банк» — «Әлеуметтік экономика негіздерінде». Тюбинген. *Ред.*).

** R. Liefmann. «Beteiligungs- und Finanzierungsgesellschaften. Eine Studie über den modernen Kapitalismus und das Effektenwesen», 1. Aufl., Jena, 1909, 212-бет.

міс банкіне» тәуелділігін) айырып қарау керек. Сонда былай болып шығады*:

«Неміс банкінің» қатысуы:		Бірінші дәрежелі тәуелділік:	Екінші дәрежелі тәуелділік:	Үшінші дәрежелі тәуелділік:
			бұлардың	бұлардың
	үнемі	17 банкке;	9-ы 34-ке;	4-і 7-ге
	белгісіз уақытқа	5 »	—	—
	оқтын-оқтын	8 »	5-і 14-ке;	2-сі 2-ге
	Барлығы	30 банкке;	бұлардың 14-і 48-ге;	бұлардың 6-ы 9-ға

«Бірінші дәрежелі тәуелді» болып «Неміс банкіне» «оқтын-оқтын» бағынып отыратын 8 банктің санына шетелдік үш банк: бір австриялық банк (Венадағы «Банк одағы»—«Bankverein») және екі орыс банкі (Сибирь сауда банкі мен сыртқы саудаға арналған Орыс банкі) кіреді. «Неміс банкі» тобына тікелей және жанамалап, түгелдей және ішінара кірген банктердің барлығы 87, бұл топтың билігіндегі капиталдың жалпы сомасы, өзінікін және өзгенікін қосып алғанда, 2—3 миллиард марка болып отыр.

Осындай топты басқарып отырған және мемлекеттік заемдар сияқты мейлінше үлкен және тиімді финанс операцияларын атқару үшін, өзінен аз-ақ кейін тұрған басқа да жарты дюжина банктермен келісім жасасып жүрген банктің «делдалдық» рольден асып, ат төбеліндей монополистердің одағына айналып кеткені айқын.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Германияда банк ісінің қандай шапшаңдықпен шоғырланғандығы Риссердің біз қысқартып келтіріп отырған мына деректерінен көрінеді [363-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Мұнан біз бүкіл елді қамтып отырған, барлық капиталдар мен ақшалай табыстарды орталықтандырып отырған, мың-мыңдаған бытыраңқы шаруашылықтарды бірыңғай жалпы ұлттық капиталистік, онан кейін

---

* Alfred Lansburgh. «Das Beteiligungssystem im deutschen Bankwesen», «Die Bank», 1910, 1, 500-бет. (Альфред Лансбург, «Немістің банк ісіне қатысу жүйесі», «Банк». *Ред.*).

Берлиндегі 6 ірі банктің қарамағында болғаны:

Жылдар	Германиядағы бөлімдер	Депозит кассалары мен айырбас конторлары	Неміс акционерлік банктеріндегі үнемі қатысулар	Бүкіл мекемелердің барлығы
1895	16	14	1	42
1900	21	40	8	80
1911	104	276	63	450

бүкіл дүние жүзілік капиталистік шаруашылыққа айналдырушы арналардың қалың тармағы өте шапшаң көбейгенін көріп отырмыз. Жоғарыда келтірілген цитатта Шульце-Геверництің осы күнгі буржуазиялық саяси экономия атынан айтып отырған «орталықтанбау» дегені іс жүзінде бұрын басқаларға қарағанда «дербес» болған немесе, дұрысырақ айтқанда, локальдық (жергілікті)-томаға-тұйық шаруашылық единицаларының бір орталыққа бағынушыларының саны үсті-үстіне көбейіп бара жатқанын білдіреді. Іс жүзінде мұның өзі *орталықтандыру*, монополиялық алыптардың ролін, маңызын, қуатын күшейту деген сөз.

Неғұрлым ескі капиталистік елдерде бұл «банк тармағы» бұдан да қалың. Ирландияны қосқанда Англиядағы барлық банк бөлімдері 1910 жылы 7151 болған. Төрт ірі банктің әрқайсысында 400-ден астам бөлімдері (447-ден 689-ға дейін) болған, тағы да 4 банктің 200-ден астам, ал 11 банктің 100-ден астам бөлімдері болған.

Францияда аса ірі *үш* банк — «Crédit Lyonnais», «Comptoir National» және «Société Générale»* — өз операциялары мен өз бөлімдерінің тармағын былайша өркендеткен**.

	Бөлімдер мен кассалар саны			Капитал мөлшері	
	провинцияларда	Парижде	барлығы	өзінікі	өзгенікі
				(миллион	франк)
1870	47	17	64	200	427
1890	192	66	258	265	1 245
1909	1 033	196	1 229	887	4 363

* «Лион кредиті», «Ұлттық есеп конторы» және «Бас қоғам». *Ред.*

** Eugen Kaufmann. «Das französische Bankwesen». Tüb., 1911, 356 және 362-беттер (Евгений Кауфман. «Франциядағы банк ісі». Тюбинген. *Ред.*).

Риссер қазіргі ірі банктің «байланыстарын» сипаттау үшін «Есеп қоғамы» («Disconto-Gesellschaft») — Германиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі ең үлкен банктердің бірі (оның капиталы 1914 жылы 300 миллион маркаға дейін жеткен) жіберген және оның өзі алып отырған хаттардың саны жөнінде мынадай деректер келтіреді:

	Хаттар саны	
	келгені	жіберілгені
1852	6 135	6 292
1870	85 800	87 513
1900	533 102	626 043

Париждегі ірі банк «Лион кредитінде» счеттардың саны 1875 жылғы 28 535-тен 1912 жылы 633 539-ға дейін көбейген*.

Шұбалаңқы пайымдауларға қарағанда осы қарапайым цифрлар капиталдың шоғырлануымен және банктер айналымының өсуімен бірге олардың маңызының да қалай түбегейлі өзгеретінін айқынырақ көрсететін болса керек. Бытырап жатқан капиталистерден коллективтік бір капиталист құралады. Бірнеше капиталистер үшін ағымдағы счетты жүргізе отырып, банк таза техникалық, тек қана көмекші операция атқаратын тәрізді. Ал бұл операция орасан зор мөлшерге жеткен кезде, бақсақ, ат төбеліндей монополистер бүкіл капиталистік қоғамның сауда-өнеркәсіп операцияларын өзіне бағындырып отырады екен,— банк байланыстары арқылы, ағымдағы счеттер арқылы және басқа да финанс операциялары арқылы — әуелі жеке капиталистердің іс жайы қандай екенін *әлме-әл білуге,* сонан соң оларды *бақылап отыруға,* кредитті молайту немесе азайту арқылы, жеңілдету немесе қиындату арқылы оларға ықпалын жүргізуге және, ақырында, олардың тағдырын *түгелімен шешіп отыруға,* олардың табыстылығын анықтауға, оларды капиталдан айыруға немесе олардың капиталын тез және орасан зор мөл-

---

* Jean Lescure. «L'epargne en France». P., 1914, 52-бет. (Жан Лескюр. «Франциядағы қор жинау». Париж. *Ред.*).

шерде көбейтуіне, т. т. жағдай туғызуға мүмкіндік алып отырады екен.

Біз Берлиндегі «Есеп қоғамының» капиталы 300 миллион марка дегенді жаңа айтып өттік. «Есеп қоғамы» капиталының бұл көбеюі Берлиндегі екі үлкен банк—«Неміс банкі» мен «Есеп қоғамының» арасында гегемония үшін күрестің бір көрінісі еді. 1870 жылы мұның біріншісі жаңа ғана ашылған банк, оның барлық капиталы 15 миллион марка ғана болатын, ал екіншісінде 30 миллион марка бар еді. 1908 жылы біріншісінде 200 миллион, екіншісінде 170 миллион капитал болды. 1914 жылы біріншісі капиталын 250 миллионға жеткізді, екіншісі бірінші класты-ірі банк—«Шафгаузен одақтық банкімен» қосылу арқылы капиталын 300 миллионға жеткізді. Әлбетте, бұл гегемония үшін күрес екі банктің де жиіленген және нығайып келе жатқан «келісімдерімен» қатар жүріп отырды. Экономикалық мәселелерге аса баяу және асқан мұқият буржуазиялық реформаторшылдықтың шегінен ешбір асып шыға қоймайтын көзқараспен қарайтын банк ісінің мамандарын дамудың бұл барысы мынадай қорытындыларға келуге мәжбүр етіп отыр:

«Өзге банктер де осы жолға түседі,— деп жазды немістің «Банк» журналы «Есеп қоғамы» капиталының 300 миллионға дейін артуы жөнінде,— және қазір Германияны экономика жағынан билеп-төстеп отырған 300 адамнан бір кезде 50, 25 немесе онан да аз қалады. Ең жаңа шоғырлану қозғалысы бір ғана банк ісімен шектеледі деп күтуге болмайды. Жеке банктердің арасындағы тығыз байланыстар осы банктер қамқорлық етіп отырған өнеркәсіпшілер синдикаттарының да жақындасуына әкеліп соғатыны табиғи нәрсе... Таңғажайып бір күні біз ұйқыдан оянамыз да, көз алдымызда тұрған кілең ғана трестерді көріп, аң-таң боламыз; біздің алдымызда жеке монополияларды мемлекеттік монополиялармен алмастыру қажеттігі тұратын болады. Солай бола тұрса да, біз өзімізді, шындап келгенде, акция арқылы істің біраз тез дамуына еркіндік беріп

қойғанымыздан басқа ештеңемен де кінәлай алмаймыз»*.

Буржуазиялық публицистика дәрменсіздігінің үлгісі, міне, осындай, бұл публицистикадан буржуазиялық ғылымның айырмашылығы — оның шынайылығының кемдігінде және істің мәнісін бүркеуге, орманды ағашпен тасалауға тырысатындығында ғана. Шоғырланудың салдарына «таң қалу», капиталистік Германияның үкіметін немесе капиталистік «қоғамды» («бізді») «кінәлау», картельдер «техника мен экономиканың алға басуын трестер сияқты тым жеделдете қоймайды»** деп немістің «картельдер жөніндегі» бір маманы Чиршкидің американ трестерінен қорқатыны, олардан неміс картельдерін «артық көрстіні» сияқты, акциялардың енгізілуі шоғырлануды «шапшаңдатады» деп қорқу,— міне, бұл дәрменсіздік емес пе?

Бірақ фактілер факт күйінде қала береді. Германияда трестер жоқ, «тек қана» картельдер бар, бірақ Германияны капиталдың 300-ге жуық алпауыттары *басқарады*. Бұлардың саны да үнемі азайып келеді. Барлық капиталистік елдерде банк заңдары қаншама ала-құла болса да, банктер қайткен күнде де капиталдың шоғырланып, монополиялардың құрылуы процесін әлденеше есе күшейтіп, тездетеді.

Маркс бұдан жарты ғасыр бұрын «Капиталда» былай деп жазды: «Банктер қоғамдық көлемде ортақ есеп-қисаптың және өндіріс құрал-жабдықтарының ортақ бөлінуінің формасын, нақ формасын ғана туғызады» (орысша аудармасы, III том, II бөлім, 144-бет[141]). Банк капиталының өсуі туралы, аса ірі банктердің конторлары мен бөлімдері санының көбеюі, олардың счеттарының және басқаларының көбеюі туралы біз келтірген деректер бізге *бүкіл* капиталистер табының осы «ортақ есеп-қисабын» нақты көрсетеді, көрсеткенде тіпті капиталистердің ғана «ортақ есеп-қисабын» көрсетіп қоймайды, өйткені банктер, уақыт-

---

* A. Lansburgh. «Die Bank mit den 300 Millionen», «Die Bank», 1914, 1, 426-бет. (А. Лансбург. «300 миллион маркасы бар банк», «Банк». *Ред.*).

** S. Tschierschky, аты аталған шығарма. 128-бет.

ша болса да, ұсақ қожайынсымақтардың да, қызметшілердің де, жұмысшылардың болмашы жоғарғы тобының да әр алуан ақшалай табыстарын жинайды. «Өндіріс құрал-жабдықтарының ортақ бөлінуі» — міне, іске формальдық жағынан қарағанда, қазіргі банктерден *өсіп шығып* отырғаны осы, Франциядағы бар болғаны үш — алты, Германиядағы алты — сегіз ең ірі банктер миллиард-миллиардтаған ақшаны билеп-төстеп отыр. Бірақ өндіріс құрал-жабдықтарының бұл бөлінуі өзінің *мазмұны* жағынан тіпті де «ортақ» бөлу емес, жеке бөлу, яғни халық бұқарасы аш құрсақ болып отырғанда, егіншіліктің бүкіл дамуы өнеркәсіптің дамуынан мүлдем кейін қалып, өнеркәсіпте «ауыр индустрия» оның өзге салаларының бәрінен алым алып отырған жағдайларда әрекет етуші ірі капиталдың — ең алдымен аса ірі, монополистік капиталдың мүдделеріне сәйкес болу болып отыр.

Капиталистік шаруашылықты қоғамдастыру ісінде жинақ кассалары мен почта мекемелері банктермен бәсекелесе бастайды, бұлар мейлінше «орталықтандырылмаған», яғни бұлар жергілікті жерлердің көпшілігін, шалғай түкпірлердің көпшілігін, халықтың неғұрлым қалың тобын өз ықпалына тартып отырады. Банктер мен жинақ кассаларына салынған вкладтардың біршама дамуы туралы мәселе жөнінде американ комиссиясының жинаған деректері, міне, мынадай:*

Вкладтар (миллиард марка есебімен)

	Англия		Франция		Германия		
	банктерде	жинақ кассаларында	банктерде	жинақ кассаларында	банктерде	кредит серіктіктерінде	жинақ кассаларында
1880	8,4	1,6	?	0,9	0,5	0,4	2,6
1888	12,4	2,0	1,5	2,1	1,1	0,4	4,5
1908	23,2	4,2	3,7	4,2	7,1	2,2	13,9

Вкладтар бойынша 4 және $4^{1}/_{4}$ проценттен төлей отырып, жинақ кассалары өз капиталдарын «тиімді»

* Деректер американ National Monetary Commission-ының «Die Bank»-те (Ұлттық ақша комиссиясының «Банк» журналында. *Ред.)* 1910, 2. 1200-бет.

орналастырудың жолдарын іздестіруге, вексельдік, ипотекалық және басқа операциялар жасауға мәжбүр болып отыр. Банктер мен жинақ кассаларының арасындағы шек «барған сайын жойылып келеді». Сауда палаталары, мәселен, Бохумда, Эрфуртта, вексельдерді есепке алу сияқты «таза» банк операцияларын жинақ кассаларының атқаруына «тыйым салынуын» талап етуде, почта мекемелерінің «банк» қызметін атқаруын шектеуді талап етуде*. Банк шонжарлары мемлекеттік монополия өзімізге жасырын келіп, күтпеген жақтан тап бермес пе екен деп қорқатын сияқты. Бірақ, әрине, бұл қорқу, былайша айтқанда, бір кеңседе отырған екі стол бастығының арасындағы бәсеке шеңберінен аспайды. Өйткені, бір жағынан, жинақ кассаларының миллиардтаған капиталын түптеп келгенде іс жүзінде банк капиталының *нақ сол* алпауыттары билейді; ал екінші жағынан, капиталистік қоғамдағы мемлекеттік монополия дегеніміз өнеркәсіптің белгілі бір саласында банкрот болуға жақын қалған миллионерлердің табыстарын арттырып, ныгайтудың құралы ғана болып табылады.

Еркін бәсеке үстем болған ескі капитализмнің монополиялар үстем болатын жаңа капитализммен алмасуы, айтар болсақ, биржа маңызының төмендеуінен көрінеді. «Биржа бұрын банктер өздері шығарған фондалық бағалы қағаздардың көпшілігін өз клиенттері арасында тарата алмаған кезде, айналыстың қажетті делдалы болса,— деп жазады «Банк» журналы,— биржа ондай делдал болудан әлдеқашан қалды»**.

««Банк атаулының бәрі — биржа»—деген қазіргі нақыл сөз банк неғұрлым ірі болған сайын, шоғырланудың банк ісіндегі табыстары неғұрлым көбірек болған сайын, соғұрлым шындыққа көбірек ұқсайды»***. «Егер бұрын, 70-жылдарда, жастық эксцестері бар биржа» (биржалардың 1873 жылғы күйреуін[142], грюндерлік жанжалдарды[143] және басқаларды «астарлап» қа-

---

* Деректер американ National Monetary Commission-ының «Die Bank»-те, 1913, 811, 1022-беттер; 1914, 713-бет.

** «Die Bank», 1914, 1, 316-бет.

*** Dr. Oscar Stillich. «Geld- und Bankwesen». Berlin, 1907, 169-бет. (Д-р Оскар Штиллих, «Ақша және банк ісі», Берлин, *Ред.)*.

ғыту) «Германияның индустриялануы дәуірін ашқан болса, ал қазіргі уақытта банктер мен өнеркәсіп «дербес жұмыс істей» алады. Біздің ірі банктердің биржаға үстемдік жүргізуі... немістің толық ұйымдастырылған өнеркәсіпті мемлекетінің көрінісінен басқа ештеңе де емес. Егер өздігінен әрекет ететін экономикалық заңдардың қимыл өрісі осылайша тарылып, банктер арқылы саналы түрде реттеу саласы тым кеңейіп келген болса, онда осыған байланысты азын-аулақ басшы адамдардың халық шаруашылығына жауапкершілігі де орасан зор артады»*,— неміс империализмінің апологеті, барлық елдердегі империалистердің беделді адамы, «құсақ-түйекті» бүркеуге, атап айтқанда, банктер арқылы осы «саналы түрде реттеудің» мәні: «толық ұйымдасқан» ат төбеліндей монополистердің жұртты тонауы екенін бүркеуге тырысып жүрген неміс профессоры Шульце-Геверниц осылай деп жазады. Буржуазиялық профессордың міндеті банк монополистерінің барлық айла-шарғысын ашу, барлық қылықтарын әшкерелеу емес, қайта соларды әрлендіріп көрсетуде болып отыр.

Бұдан да беделдірек экономист әрі банк «қайраткері» Риссер де, дәл сол сияқты, теріске шығару мүмкін емес фактілер жөнінде ешбір мағынасы жоқ сылдыр сөзбен құтылмақ болады: «биржа бүкіл шаруашылық үшін және бағалы қағаздардың айналысы үшін сөзсіз қажет болған мейлінше дәл өлшеуіш құралы болу ғана емес, сонымен қатар өзіне келіп қосылатын экономикалық қозғалыстарды өздігінен әрекет етіп реттеп отыру қасиетінен де айрылып келеді»**.

Басқаша айтқанда: ескі капитализмнің, еркін бәсекелі, өзіне сөзсіз қажетті реттеушісі, биржасы бар капитализмнің күні өтіп барады. Мұның орнын жаңа капитализм, әлдеқандай өтпелі бірдеңенің, еркін бәсеке мен монополия қойыртпағының айқын белгілері бар капитализм басты. Әлбетте, осы ең жаңа капитализм *неменеге* «өтпекші» деген сұрақ туады, бірақ буржуазиялық ғалымдар бұл сұрақты қоюдан қорқады.

---

* Schulze-Gaevernitz. «Die deutsche Kreditbank»—«Grundriß der Sozialökonomik» Tüb.-те, 1915, 101-бет.

** Риссер, аты аталған шығарма, 4-басылуы бойынша 629-бет.

«Еркін бәсекелесуші кәсіпкерлер бұдан отыз жыл бұрын «жұмысшылардың» дене еңбегінің саласына жатпайтын экономикалық жұмыстың $^{9}/_{10}$ бөлігін атқарып отырды. Қазіргі уақытта осы экономикалық ой жұмысының $^{9}/_{10}$ бөлігін *чиновниктер* атқарып отыр. Банк ісі осы дамуды басқарады»*. Шульце-Геверництің бұл мойындауы ең жаңа капитализм, империалистік сатысында тұрған капитализм, неменеге өту болады деген мәселеге қайта-қайта тіреле береді.— — —

Шоғырлану процесінің әсерінен бүкіл капиталистік шаруашылықты басқарып қала беретін азын-аулақ банктердің арасында монополиялық келісімге, *банктер тресін* құруға ұмтылу, әлбетте, барған сайын айқындалып, күшейіп келеді. Америкада тоғыз емес, аса ірі *екі* банк — миллиардерлер Рокфеллер мен Морганның[144] банктері 11 миллиард марка капиталды билептөстеп отыр**. Германияда жоғарыда айтылған «Есеп қоғамының» «Шафгаузен одақтық банкін» жұтып қойғанын биржа мүдделерін көздейтін «Франкфурт Газеті»[145] былайша бағалаған.

«Банктер шоғырлануының өсуіне байланысты мекемелердің жалпы кредит сұрауға болатын тобы шағындалып келеді, сол себепті ірі өнеркәсіптің санаулы ғана банктер тобына тәуелділігі күшейе түсіп отыр. Өнеркәсіп пен финансистер дүниесінің арасындағы байланыс тығыз болып отырғанда, банк капиталына мұқтаж өнеркәсіп қоғамдары қозғалысының еркіндігі тарылып қала береді. Сондықтан банктердің трестенуі (бірлесуі немесе трестерге айналуы) күшеюіне ірі өнеркәсіп әрі-сәрі сезіммен қарайды; шынында да, ірі банктердің жеке концерндері арасындағы белгілі келісімдердің, бәсекеге шек қоятын келісімдердің бастамаларын бұған дейін де талай рет аңғаруға тура келген еді»***.

Банк ісінің дамуындағы ең соңғы жаңалық тағы да сол монополия болып отыр.

---

* Schulze-Gaevernitz. «Die deutsche Kreditbank»—«Grundriß der Sozialökonomik»-те. Tüb., 1915, 151-бет.

** «Die Bank», 1912, 1, 435-бет.

*** Шульце-Геверництен цитатқа алынып отыр. «Grdr. d. S.-Oek.», 155-бет.

Банктер мен өнеркәсіптің арасындағы тығыз байланысқа келетін болсақ, банктердің жаңа ролі бәрінен гөрі нақ осы салада мейлінше айқын аңғарылады. Егер банк белгілі бір кәсіпкердің векселін есепке алып, оған арнап ағымдағы счет ашса және т. т. істесе, онда бұл операциялар, жекелеп алғанда, әлгі кәсіпкердің дербестігін титтей де кемітпейді, сөйтіп банк қарапайым делдалдық роль атқарудан аспайды. Ал егер бұл операциялар жиіленіп, ныгая берсе, егер банк өз қолына орасан көп капитал «жинап алса», егер белгілі бір кәсіпорынның ағымдағы счетын жүргізу банктің өз клиентінің экономикалық жағдайын мейлінше егжей-тегжейлі, толық білуіне мүмкіндік берсе,— бұл солай болып та отырады,— онда осының нәтижесінде өнеркәсіп капиталисінің банкке тәуелділігі барған сайын күшейе беретін болады.

Сонымен бірге банктердің өнеркәсіп пен сауданың аса ірі кәсіпорындарымен, былайша айтқанда, жеке униясы дамиды, акциялар иелену арқылы, банк директорларының сауда-өнеркәсіп орындарының бақылау советтеріне (немесе басқармаларына) мүше болып кіруі және керісінше болуы арқылы бұлардың бір-бірімен қосылуы күшейеді. Неміс экономисі Ейдэльс капиталдар мен кәсіпорындар шоғырлануының осы түрі туралы мейлінше толық деректер жинастырған. Берліндегі аса ірі алты банктің өз директорлары арқылы *344*, ал өзінің басқарма мүшелері арқылы тағы да *407* өнеркәсіп қоғамында, барлығы *751* қоғамда өкілдігі болған, *289* қоғамда бақылау советтерінде не екі-екіден мүшесі болған немесе солардың председательдері осы банк адамдарынан болған. Бұл сауда-өнеркәсіп қоғамдарының ішінен біз өнеркәсіптің мейлінше алуан түрлі салаларын кездестіреміз, олардың ішінде қауіпсіздендіру ісі де, қатынас жолдары да, рестораңдар да, театрлар да, көркем өнеркәсіп те және т. т. бар. Екінші жағынан, нақ сол алты банктің бақылау советтерінде (1910 ж.) аса ірі 51 өнеркәсіпші болған, соның ішінде Крупп фирмасының директоры, «Hapag» (Hamburg — Amerika) деген алып пароход қоғамының директоры, т. т. және т. с. болған. Алты банктің әрқайсы-

сы 1895 жылдан 1910 жылға дейін әлденеше жүз, атап айтқанда: 281-ден 419-ға дейін өнеркәсіп қоғамы үшін акциялар мен облигациялар шығаруға қатысқан*.

Банктердің өнеркәсіппен «жеке униясы» бұл екі қоғамның екеуінің де үкіметпен «жеке униясы» арқылы толықтырылады. «Бақылау советтері мүшелерінің орындары,— деп жазады Ейдэльс,— атағы зор адамдарға, сондай-ақ өкіметпен қарым-қатынас жасағанда талай жеңілдік (!!) келтіре алатын, бұрын мемлекет қызметінде болған чиновниктерге ерікті түрде беріліп отырады»... «Ірі банктің бақылау советінде әдетте парламент мүшесін немесе Берлиннің қалалық Думасының мүшесін кездестіресіз».

Демек, ірі капиталистік монополияларды, былайша айтқанда, дайындап, жасап шығару барлық «дағдылы» және «бұрын-соңды болып көрмеген» әдістермен мейлінше тез жүріп жатыр. Қазіргі капиталистік қоғамның бірнеше жүздеген финанс корольдері арасында белгілі бір еңбек бөлінісі үздіксіз қалыптасып келеді:

«Жеке ірі өнеркәсіпшілер» (банктердің басқармаларына кірушілер, т. т.) «қызметінің осылайша кеңеюімен қатар және провинциялық банктердің директорларының қарауына тек белгілі бір өнеркәсіптік округті ғана берумен қатар ірі банктер басшыларының арасында мамандану белгілі дәрежеде өсіп отырады. Жалпы алғанда мұндай мамандану бүкіл банк кәсіпорны көлемінің және әсіресе оның өнеркәсіптік байланысының ұлғаюы жағдайында ғана болуы мүмкін. Бұл еңбек бөлінісі екі түрлі бағытпен жүріп келеді: бір жағынан, өнеркәсіппен байланыс жасау түгелдей директорлардың біреуіне, оның арнаулы ісі ретінде, тапсырылады; екінші жағынан, әрбір директор жеке кәсіпорындардағы немесе кәсібі, немесе мүдделері жағынан біріне-бірі жақын кәсіпорындардың топтарын бақылауды өз міндетіне алады». ...(Капитализм қазірдің өзінде жеке кәсіпорындарға ұйымдасқан *бақылау* қоя алатын дәрежеге жетті)... «Біреуінің мамандығы герман өнеркәсібі, кейде тіпті батыс герман өнеркәсібі ғана болады» (ба-

* Ейдэльс және Риссер, аты аталған шығармалар.

тыс Германия — Германияның неғұрлым өнеркәсіпті бөлегі), «екінші біреулерінің мамандығы — шетел мемлекеттері мен өнеркәсібіне көзқарас, өнеркәсіпшілердің және басқалардың қандай адам екендігі туралы мәліметтер, биржалық істер, т. т. болады. Мұның үстіне көбінесе банктің әрбір директоры ерекше жерді немесе өнеркәсіптің ерекше бір саласын өз жетекшілігіне алып отырады; біреуі көбінесе электр қоғамдарының бақылау советтерінде, екіншісі химия фабрикаларында, сыра заводтарында немесе қант қызылшасы заводтарында істейді, үшінші біреуі оқшауланған азын-аулақ кәсіпорындарда, сонымен қатар қауіпсіздендіру қоғамдарының бақылау советтерінде істейді... Бір сөзбен айтқанда, ірі банктердің операция көлемі зорайып, түрлері көбеюіне қарай басшыларының арасында еңбек бөлінісінің барған сайын қалыптаса беретіні күмәнсыз,— мұндағы мақсат (көздеген нәтижесі де) — оларды, былайша айтқанда, таза банк істерінен гөрі біраз көтеру, оларды ойлауға неғұрлым қабілетті ету, өнеркәсіптің жалпы мәселелерін және оның жеке салаларының арнаулы мәселелерін көбірек түсіне білетін ету, оларды банктің өнеркәсіпке ықпал ету сферасы саласында қызмет істеуге әзірлеу. Банктердің бұл жүйесі өздерінің бақылау советтеріне өнеркәсіпті жақсы білетін адамдарды, кәсіпкерлерді, бұрынғы чиновниктерді, әсіресе темір жолда, кен ведомствосында қызмет істеген чиновниктерді іріктеп алу мақсатын көздеп толықтырылады» және т. т.*.

Француз банк ісінде де осы тектес мекемелер бар, олардың формасы ғана сәл-пәл басқаша. Мәселен, француздың аса ірі үш банкінің біреуі, «Лион кредиті», өз ішінен арнайы «финанс мәліметтерін жинау бөлімін» (service des études financières) ашқан. Онда 50-ден астам инженер, статистик, экономист, юрист және басқалар үнемі жұмыс істейді. Бұл бөлім жылына 6 жүз мыңнан 7 жүз мыңға дейін франкке түседі. Мұның өзі де 8 бөлімшеге бөлінген: біреуі арнайы өнеркәсіп орындары туралы мәліметтер жинайды, екіншісі жалпы статистиканы зерттейді, үшіншісі — темір

* Ейдэльс, аты аталған шығарма, 156—157-беттер.

жолдар мен пароход қоғамдарын, төртіншісі — қорларды, бесіншісі финанс есептерін зерттейді, т. т.*.

Сөйтіп, бір жағынан, банк және өнеркәсіп капиталдары барған сайын қосылып немесе, Н. И. Бухариннің тауып айтқанындай, тұтасып кетіп отырады, ал екінші жағынан, банктер нағыз «универсалдық сипаттағы» мекемелерге айналып отырады. Өзгелердің бәрінен де істі жақсырақ зерттеген жазушы Ейдэльстің осы мәселе жөнінде дәл айтқан сөздерін келтіріп өтуді біз қажет деп есептейміз:

«Өнеркәсіп байланыстарын жинақтап алып қарау нәтижесінде біз өнеркәсіпке жұмыс істейтін финанс институттарының *универсалдық сипатта* екенін көреміз. Банктердің өзге формаларына қарама-қарсы, табан тірер негізінен айрылмау үшін банктер істің белгілі бір саласына немесе өнеркәсіптің белгілі бір саласына мамандануы керек деп кейде әдебиетте қойылып жүретін талаптарға қарама-қарсы,— ірі банктер өнеркәсіп орындарымен байланыстарын өндірістің орны жағынан да, түрі жағынан да неғұрлым әр түрлі етуге тырысады, капиталдың жеке жерлер арасында немесе өнеркәсіп салаларының арасында бөлінуіндегі жеке кәсіпорындардың тарихи себептерінің салдарынан болған әркелкіліктерді жоюға тырысады». «Бір тенденция өнеркәсіппен байланысты жалпы құбылысқа айналдыруға тырысуда болып отыр; екіншісі — осы байланысты берік және интенсивті етуге тырысуда болып отыр; алты ірі банкте осы екі тенденцияның екеуі де толық жүзеге асырылмаған, бірақ қазірдің өзінде айтарлықтай мөлшерде және бірдей дәрежеде жүзеге асырылды».

Сауда-өнеркәсіп топтары тарапынан банктердің «терроризмі» жөнінде шағымдар жиі естіледі. Ірі банктер «билеп-төстеп» отырғанда мұндай шағымдардың болуы таңырқарлық та емес, оны төмендегі мысалдан көруге болады. 1901 жылы 19 ноябрьде Берлиндегі *d* дейтін банктердің бірі (ең ірі төрт банктің аты *d* әрпінен басталады) солтүстік-батыс-орта-неміс цемент син-

---

* Француз банктері туралы Eug. Kaufmann-ның мақаласы — «Die Bank»-те, 1909, 2, 851 және келесі беттер.

дикатының басқармасына мынадай хат жазған: «Полендей газетте үстіміздегі айдың 18-інде жариялағаң хабарларыңызға қарағанда, сіздің синдикатыңыздың осы айдың 30-ында болатын жалпы жиналысында сіздің кәсіпорныңызда бізге қолайсыз өзгерістер жасай алатын шешім қабылдануы мүмкін екендігімен біз санасуға тиіс көрінеміз. Сондықтан біз, қатты қынжылсақ та, сіздердің пайдаланып келген кредиттеріңізді тоқтатуға мәжбүр болып отырмыз... Ал егер осы жалпы жиналыста бізге қолайсыз шешімдер қабылданбаса және келешекте ондайлардың болмайтындығы жөнінде бізге тиісті кепілдік берілетін болса, онда біз сіздерге жаңадан кредит ашу туралы келіс сөз жүргізе бастауға әзір екенімізді білдіреміз»*.

Шын мәнінде мұның өзі ірі капиталдың езгісіне ұсақ капиталдың паразылық білдіруінің дәл өзі, мұнда тек «ұсақтар» қатарына тұтас бір синдикат кіріп кеткен! Ұсақ және ірі капитал арасындағы бәз-баяғы күрес дамудың жаңа, орасан жоғары сатысында қайта басталып отыр. Ірі банктердің миллиардтарға ие кәсіпорындары техникалық прогресті де бұрынғылармен ешқандай салыстыруға келмейтін құралдар арқылы ілгері бастыра алатыны түсінікті. Мәселен, банктер техникалық зерттеулер жүргізетін арнайы қоғамдар құрады, бұл зерттеулердің нәтижелерін, әрине, тек «дос-жар» өнеркәсіп орындары ғана пайдаланады. Бұған «Электрлі темір жолдар туралы мәселені зерттейтін қоғам», «Ғылыми-техникалық зерттеулердің орталық бюросы» және т. т. жатады.

Халық шаруашылығының әлдеқандай жаңа жағдайлары қалыптасып келе жатқанын ірі банктер басшыларының өздері көрмей тұра алмаса да, олар осы жағдайлардың алдында дәрменсіз:

«Кейінгі жылдардың ішінде,— деп жазады Ейдэльс,— ірі банктердің директорлары мен бақылау советтері мүшелерінің қызметтеріндегі адамдардың ауысқанын кімде-кім қадағалап отырса, ол адамның: ірі банктердің қажетті және барған сайын көкейтесті

* Dr. Oscar Stillich. «Geld- und Bankwesen». Berlin, 1907, 147-бет.

болып отырған міндеті — өнеркәсіптің жалпы өркендеуіне белсене араласып отыру деп есептейтін адамдардың қолына биліктің бірте-бірте көшіп бара жатқанын, оның бер жағында осы адамдар мен банктердің бұрынғы директорларының арасында іске байланысты, көбінесе өз бастарына да байланысты келіспеушіліктің орын алып отырғанын көрмеуі мүмкін емес. Шын мәніне келгенде, іс былай болып отыр: өндірістің өнеркәсіптік процесіне банктердің осы қол сұғуынан кредит мекемелері ретінде банктер зиян көрмес пе екен, байсалды принциптер мен сенімді пайданың өзі кредит берудегі делдалдықпен ешқандай жанасымы жоқ, банкті өнеркәсіп коньюнктурасының дүлей үстемдігіне бұрынғыдан да көбірек бағындырып қоятын салаға алып баратындай әрекетке құрбан етілмес пе екен. Банктердің байырғы басшыларының көбі осылай дейді, ал жастарының көпшілігі қазіргі ірі өнеркәсіппен бірге ірі банктерді де, ең жаңа өнеркәсіп банкі кәсіпорындарын да тугызган қажеттілік қандай болса, өнеркәсіп мәселелеріне белсене қатысу да сондай қажеттілік деп есептейді. Екі жақ ірі банктердің жаңа қызметі үшін ешқандай берік принциптер де, нақты мақсат та жоқ дегенге келгенде ғана бір-бірімен келіседі»*.

Ескі капитализмнің күні өтті. Жаңа капитализм әлденеге өту кезеңі болып табылады. Монополияны еркін бәсекемен «ымыраластыру» үшін «берік принциптер мен нақты мақсат» табамын деу, әрине, бос әурешілік. Практиктердің мойындауы капитализмнің Шульце-Геверниц, Лифман сияқты апологеттерінің және соларға ұқсас «теоретиктерінің» «ұйымдасқан» капитализмнің сүйкімділігін үстіртін дәріптеуінен мүлде басқаша естіліп отыр[146].

Ірі банктердің «жаңа әрекетінің» түпкілікті орнаған кезі нақ қай уақыт деген маңызды сұраққа біз Ейдәльстен мейлінше дәл жауап табамыз:

«Өнеркәсіп орындарының, жаңа мазмұны, жаңа формалары, жаңа органдары, атап айтқанда: бір мезгілде орталықтанып та, орталықтанбай да ұйымдасты-

* Ейдәльс, аты аталған шығарма, 183—184-беттер.

рылған ірі банктері бар өнеркәсіп орындарының арасындағы байланыстардың халық шаруашылығындағы өзгеше құбылыс болып құрылған кезі 1890 жылдардан ерте бола қояр ма екен; бұл бастапқы пунктті белгілі мағынада тіпті 1897 жылға дейін жылжытуға болады, мұның өзі банктердің өнеркәсіп саясатын ойластырып, орталықтандырмай ұйымдастырудың жаңа формасын тұңғыш рет енгізген кәсіпорындардың ірі-ірі «қосылуларының» кезі болған еді. Бұл бастапқы пунктті, сірә, одан да кейінірек мерзімге ысыра түсуге болар, өйткені 1900 жылғы дағдарыс қана өнеркәсіпте де, банк ісінде де шоғырлану процесін орасан тездетіп, бұл процесті баянды етті, тұңғыш рет өнеркәсіппен қарым-қатынасты ірі банктердің нағыз монополиясына айналдырып, бұл қарым-қатынасты анағұрлым тығыз және интенсивті етті»*.

Сонымен, XX ғасыр — ескі капитализмнен жаңа капитализмге, жалпы капитал үстемдігінен финанс капиталының үстемдігіне бетбұрыс пункт болды.

III. ФИНАНС КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ФИНАНС ОЛИГАРХИЯСЫ

«Өнеркәсіп капиталының үнемі өсіп отыратын бөлегі,— деп жазады Гильфердинг,— оны қолданып отырған өнеркәсіпшілердікі емес. Олар капиталды тек банк арқылы ғана жұмсай алады, бұларға келгенде сол капиталдың меншікшісі банк болып табылады. Екінші жағынан, банктің де өз капиталдарының үнемі өсіп отыратын бөлегін өнеркәсіпке орналастыруына тура келеді. Осының арқасында банк үздіксіз өрлеу үстіндегі өнеркәсіп капиталисіне айналады. Осындай банк капиталын,— демек, ақша түріндегі капиталды,— шынында әлгіндей әдіспен өнеркәсіп капиталына айналған капиталды мен финанс капиталы деп атаймын». «Финанс капиталы: банктердің қарауында болып, өнеркәсіпшілер қолданып жүрген капитал»**.

---

* Ейдэльс, аты аталған шығарма, 181-бет.
** Р. Гильфердинг. «Финанс капиталы». М., 1912, 338—339-беттер.

Бұл анықтама толық емес, толық болмайтын себебі — мұнда ең маңызды бір жағдай, атап айтқанда: өндіріс пен капитал шоғырлануының соншалық күшті өсіп, шоғырланудың монополияға әкеп соғатыны және әкеп соғып отырғаны көрсетілмеген. Бірақ Гильфердингтің жалпы алғанда барлық баяндауында, жекелеп алғанда осы анықтама алынған тарауының алдындағы екі тарауының екеуінде де *капиталистік монополиялардың* ролі баса көрсетілген.

Өндірістің шоғырлануы; одан өсіп шығатын монополиялар; банктердің өнеркәсіппен қосылуы немесе тұтасып кетуі — финанс капиталының шығу тарихы және бұл ұғымның мазмұны, міне, осындай.

Енді біз товар өндірісі мен жеке меншіктің жалпы жағдайында капиталистік монополиялардың «қожайындық етуінің» финанс олигархиясының үстемдігіне сөзсіз айналатынын суреттеуге көшуіміз керек. Ескерте кетейік, буржуазиялық неміс ғылымының — тіпті жалғыз неміс ғылымының ғана емес — Риссер, Шульце-Геверниц, Лифман және басқалар сияқты өкілдерінің бәрі түгелдей империализм мен финанс капиталының апологеттері. Олар олигархияның құралу «механикасын», оның тәсілдерін, «күнәсыз және күнәлы» кірістерінің мөлшерін, парламенттермен байланыстарын және тағы сондайларын ашып көрсетпейді, қайта көмескілеп, боямалап отырады. Олар «қарғыс атқан мәселелерден» маңғаз, күңгірт сөздермен, банк директорларын «жауапкершілікті сезінуге» шақырумен, Пруссия чиновниктерінің «борышын білетіндігін» мадақтаумен, «бақылау», «регламенттеу» туралы мүлдем елеусіз заң жобаларының ұсақ-түйектерін мұқият талдаумен, мәселен, профессор Лифман жазған: «... ***сауда*** дегеніміз ***игілікті жиын, соларды сақтап, соларды жұмсауға беруді көздеген кәсіптік әрекет****»
(профессордың шығармасында да курсивпен және қара әріппен терілген) деген «ғылыми» анықтама сияқты сылдырмақ теорияны ермек етумен құтылып жүр... Сонда, айырбас дегенді білмеген алғашқы қауым

* R. Liefmann, аты аталған шығарма. 476-бет.

адамы да сауда жасаған, социалистік қоғамда да сауда жасалатын болып шығады ғой!

Бірақ финанс олигархиясының сұмдық үстемдігіне байланысты сұмдық фактілердің бадырайып тұратыны соншалық, барлық капиталистік елдерде, Америкада да, Францияда да, Германияда да, *буржуазиялық* көзқарастағы және қалай дегенмен де шамалап шындықты көрсететін және финанс олигархиясын сынайтын,— әрине, мещандық тұрғыдан сынайтын — әдебиет пайда болды.

Мәселенің түйіні етіп жоғарыда бірнеше сөз айтылған «қатысу жүйесін» алған жөн. Істің мәніне өзгелерден бұрын дерлік назар аударған неміс экономисі Гейман оны, міне, былай суреттейді:

«Басшы негізгі қоғамды (сөзбе-сөз айтқанда «ана-қоғамды») бақылап отырады; бұл қоғам да өзіне тәуелді қоғамдарға («қыз-қоғамдарға») үстемдік етеді, бұл соңғылары — «немере-қоғамдарға» үстемдік етеді, т. т. Сонымен, онша көп капиталға ие болмай-ақ, өндірістің орасан зор салаларына үстемдік етуге болады. Шынында да, егер бүкіл акционерлік қоғамды бақылап отыру үшін капиталдың 50 процентін иеленудің өзі жеткілікті болса, «немере-қоғамдардың» 8 миллион капиталын бақылап отыруға мүмкіндік алу үшін басшының бір миллион капиталы болуы керек. Ал егер бұл «тамырласу» одан әрі кете берсе, онда 1 миллионның өзімен 16 миллионды, 32 миллионды, т. т. бақылап отыруға болады»*.

Шынына келгенде тәжірибе акционерлік қоғамның істерін билеп-төстеу үшін акциялардың 40 процентін иеленудің өзі жеткілікті екенін көрсетіп отыр**, өйткені бытыраңқы, ұсақ акционерлердің практикада жалпы жиналыстарға қатысарлық ешбір мүмкіндіктері болмайды, т. т. Буржуазияшыл софистер мен оппортунист «социал-демократсымақтар» акция иеленудің «демократияландырылуынан» «капитал демократияланады», ұсақ өндірістің ролі мен маңызы күшейеді,

---

* Hans Gideon Heymann. «Die gemischten Werke im deutschen Großeisengewerbe». St., 1904, 268—269-беттер.

** Liefmann. «Beteiligungsges. etc.», 1-басылуы бойынша 258-бет.

т. т. болады деп күтеді (немесе күтеміз деп сендіреді), акция иеленудің «демократияландырылуы» — іс жүзіне келгенде финанс олигархиясының қуатын арттырудың бір әдісі[147]. Сондықтан, айта кетелік, неғұрлым алдыңғы қатарлы немесе неғұрлым байырғы және «тәжірибелі» капиталистік елдердің заңдары неғұрлым ұсақ акцияларға рұқсат етіп отырады. Германияда сомасы 1000 маркадан кем акцияға заң рұқсат етпейді, сондықтан заңы тіпті 1 фунт стерлинг (=20 марка, 10 сомға жуық) акцияға да рұқсат беріп отырған Англияға немістің финанс шонжарлары қызғана қарайды. Германияның аса ірі өнеркәсіпшілерінің және «финанс корольдерінің» бірі Сименс 1900 жылы 7 июньде рейхстагта былай деді: «1 фунт стерлинг акция — британ империализмінің негізі»*. Орыс марксизмінің негізін қалаушы[148] деп есептеліп жүрген және империализм — халықтардың біреуінің жаман қасиеті деп ойлайтын бір әдепсіз жазушыға қарағанда, бұл көпестің империализм дегеннің не екені жөнінде анағұрлым терең, анағұрлым «маркстік» түсінігі бар...

Бірақ «қатысу жүйесі» монополистер өктемдігінің орасан артуына қызмет етіп қана қоймайды, ол сонымен қатар неше түрлі арам және былғаныш істерді емін-еркін істей беруге және жұртты тонауға мүмкіндік береді, өйткені «ана-қоғамның» басшылары ресми түрде, заң жүзінде «қыз-қоғамның» жұмысына жауап бермейді, «қыз-қоғамды» «дербес» қоғам деп есептеп, сол *арқылы бәрін* «өткізіп жіберуге» болады. Немістің «Банк» журналының 1914 жылғы май айындағы кітапшасынан біз мынадай мысал алып отырмыз:

«Кассельдегі «Пружиналық болат акционерлік қоғамы» бұдан бірнеше жыл бұрын Германияның ең табысты кәсіпорындарының бірі болып есептелетін. Басқарудың нашарлығы істің дивидендтердің 15 проценттен 0 процентке құлдырауына дейін жеткізді. Бақсақ, былай екен: басқарма акционерлерге айтпай, өзінің «қыз-қоғамының» біріне, номиналдық капиталы бірнеше жүз мың ғана марка болған «Хассияға» *6 миллион марка* қарыз берген. «Ана-қоғамның» акционер-

* Schulze-Gaevernitz—«Grdr, d, S.-Ock.»-те, V, 2, 110-бет.

лік капиталынан үш есе дерлік артып кеткен бұл қарыз туралы оның балансында еш нәрсе көрсетілмеген; заң бойынша бұлайша үндемей қою әбден заңды және тұтас екі жылға созылуы да мүмкін еді, өйткені бұдан сауда заңының ешбір параграфы бұзылған жоқ. Жауапты адам ретінде жалған баланстарға қол қойған бақылау советінің председателі Кассель сауда палатасының председателі еді, председатель болып қалып та отыр. Акционерлер «Хассия» қоғамына берілген бұл қарыздардың жайын көптеп соң, сол қарыздар қателесіп берілген...» (қателесіп берілген деген сөзді автордың тырнақшаға алып жазуы керек еді) ...«болып шыққан соң және істің жайын білген адамдар «пружиналық болаттың» акцияларын сата бастағандықтан, «пружиналық болат» акцияларының құны шамамен 100% төмендеген соң ғана білген...

Акционерлік қоғамдарда *баланстармен ептілік жасаудың әбден дағдылы болып алған осы типтік мысалы* жеке кәсіпкерлерге қарағанда қатерлі істерге акционерлік қоғам басқармаларының іркілмей кірісетін себебін бізге айқып көрсетеді. Баланстар жасаудың ең жаңа техникасы олардың қатерлі істерді орташа акционерден жасыруына мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар, ең мүдделі адамдардың эксперимент жасауы сәтсіз болып шықса, акцияларды дер кезінде сатып жіберу арқылы жауапкершіліктен құтылып кетуіне де мүмкіндік береді, ал жеке кәсіпкер болса, істеген ісінің бәріне де өзінің мал-жанымен жауап беріп отырады...

Көптеген акционерлік қоғамдардың баланстары орта ғасырлар заманынан белгілі палимпсестер сияқты (палимпсестер — негізгі жазуы өшіріліп, сол өшірілгеннің үстіне басқа нәрсе жазылған пергамент), олардағы қолжазбаның шын мазмұнын айыру үшін әуелі үстіндегі жазуларын өшіріп тастау керек болатын.

«Баланстар құпиясын ешкімге ашпаудың ең оңай, сондықтан да бәрінен жиі қолданылатын құралы — «қыз-қоғамдар» құру немесе ондайларды қосып алу арқылы тұтас кәсіпорынды бірнеше бөлімге бөліп жіберу. Заңдысы бар, заңсызы бар, әр түрлі мақсаттар

тұрғысынан қарағанда бұл системаның анық тиімді екендігі соншалық, қазіргі уақытта бұл системаны қабыл алмаған ірі қоғамдар ілуде біреу ғана деуге болады»*.

Осы системаны мейлінше кеңінен қолданатын аса ірі әрі монополиялық қоғамның мысалы ретінде автор атақты «Жалпы электр қоғамын» (А. Е. G., бұл туралы біз төменде тағы да сөз етеміз) атайды. 1912 жылы осы қоғам *1 7 5 — 2 0 0* қоғамға қатысады деп есептеген; қатысқанда, әлбетте, оларға үстемдік етіп отырған, тұтас алғанда, *$1^1/_2$ миллиард маркаға жуық* капиталды қамтыған**.

Бақылаудың неше түрлі ережелерінің, баланстарды жариялаудың, солар үшін белгілі бір схемалар жасаудың, бақылау қоюдың, игі ниетті — яғни капитализмді қорғап, әрлендіріп боямалау жөніндегі игі ниеті бар— профессорлар мен чиновниктердің жұрт көңілін аударуға тырысатын тағы сондай нәрселерінің де бұл арада ешбір маңызы жоқ. Өйткені жеке меншік қасиетті нәрсе, сондықтан акцияларды сатып алуға, сатуға, айырбастауға, кепілге салуға, т. т. ешкімге тыйым салуға болмайды.

«Қатысу жүйесі» орыстың ірі банктерінде қандай мөлшерге жеткендігін орыс-қытай банкінде 15 жыл чиновник болып қызмет еткен және 1914 жылы майда «Ірі банктер және бүкіл дүние жүзілік рынок»*** деген атпен, тақырыбына аты онша сәйкес келмейтін шығарма жариялаған Е. Агадтың хабарлап отырған деректерінен байқауға болады. Автор орыстың ірі банктерін негізгі екі топқа бөлген: *а)* «қатысу жүйесі» тұсында жұмыс істейтіндер және *б)* «тәуелсіздер», алайда, «тә-

---

* L. Eschwege. «Tochtergesellschaften», «Die Bank», 1914, 1, 545-бет (Л. Эшвеге. «Қыз-қоғамдар», «Банк». *Ред.*).

** Kurt Heinig. «Der Weg des Elektrotrusts», «Neue Zeit», 1912, 30. Jahrg., 2, 484-бет. (Курт Гейниг. «Электр трестінің жолы», «Жаңа Заман», 1912, шыға бастағанына 30 жыл. *Ред.*).

*** E. Agahd. «Großbanken und Weltmarkt. Die wirtschaftliche und politische Bedeutung der Großbanken im Weltmarkt unter Berücksichtigung ihres Einflusses auf Rußlands Volkswirtschaft und die deutsch-russischen Beziehungen». Berl., 1914 (Е. Агад. «Ірі банктер және бүкіл дүние жүзілік рынок. Ірі банктердің Россия халық шаруашылығына және герман-орыс қатынастарына әсер етуі тұрғысынан алып қарағанда, ірі банктердің бүкіл дүние жүзілік рыноктағы экономикалық және саяси маңызы». Берлин. *Ред.*).

уелсіз» дегенді *шетел* банктеріне тәуелді емес деген мағынада өзінше ұғынған; бірінші топты автор үш кіші топқа бөлген: 1) немістердің қатысуы, 2) ағылшындардың және 3) французлардың қатысуы; бұлай бөлгенде тиісті ұлттың аса ірі шетелдік банктерінің «қатысуы» мен үстемдігін айтып отыр. Автор банктердің капиталдарын «өнімді» орналастырылған (сауда мен өнеркәсіпке) және «жалдаптық» түрде орналастырылған (биржа және финанс операцияларына) деп бөлген, ол өзіне тән ұсақ буржуазиялық-реформистік тұрғыдан қарап, капитализм сақталғанның өзінде капитал орналастырудың бірінші түрін екінші түрінен айыруға және екінші түрін жоюға болады деп ойлайды.

Автордың деректері мынадай:

Банктердің активі (1913 ж. октябрь — ноябрь айларының есебі бойынша) миллион сом есебімен

Орыс банктерінің топтары:	Орналастырылатын капиталдар		
	өнімді	жалдаптық	барлығы
а 1) 4 банк: Сибирь сауда банкі, Орыс банкі, Халықаралық банк және Есеп банкі	413,7	859,1	1 272,8
а 2) 2 банк: Сауда-өнеркәсіп банкі және Орыс-ағылшын банкі	239,3	169,1	408,4
а 3) 5 банк: Орыс-азиат банкі, Санкт-Петербургтің жеке меншік банк, Азов-Дон банкі, Унион Москва банкі, Орыс-француз сауда банкі	711,8	661,2	1 373,0
(11 банк) *Жиыны* .... *а)* =	1 364,8	1 689,4	3 054,2
б) 8 банк: Москва-көпес банкі; Волга-Кама банкі; Юнкер және К° банкі; Санкт-Петербург сауда банкі, бұрынғы Вавельберг банкі; Москва банкі; бұрынғы Рябушинский банкі; Москва есеп банкі; Москва сауда банкі және Москваның жеке меншік банк	504,2	391,1	895,3
(19 банк) *Барлығы*	1 869,0	2 080,5	3 949,5

Бұл деректерге қарағанда, ірі банктердің «іске қосылған» 4 миллиард сомға жуық капиталының $^3/_4$ *бөлі-*

гінен астамы, 3 миллиард сомнан астамы, шын мәнінде, шетел банктерінің, ең алдымен Париж банктерінің (атақты үш банк: «Париж одағы»; «Париж және Нидерланды»; «Бас қоғам») және Берлин банктерінің (әсіресе «Неміс» және «Есеп қоғамы» банктері) «қыз-қоғамдары» болып отырған банктердің үлесіне тиіп отыр. Орыстың аса ірі екі банкі, «Орыс» банкі («Сыртқы саудаға арналған орыс банкі») мен «Халықаралық» банк («СПБ. Халықаралық сауда банкі») «$^3/_4$ бөлігі мөлшерінде неміс капиталымен іс жүргізе отырып», 1906 жылдан 1912 жылға дейін өз капиталдарын 44 миллион сомнан 98 миллион сомға, ал резервтерін 15 миллион сомнан 39 миллион сомға дейін өсірді; бірінші банк Берлиндегі «Неміс банкі» «концерніне», екіншісі — Берлиндегі «Есеп қоғамы» банкіне жатады. Қайырымды Агад акциялардың көбі Берлин банктерінің қолында, сондықтан орыс акционерлері әлсіз деп қынжылады. Әлбетте, шетке капитал шығарушы ел қаймағын қалқып алып отырады: мәселен, Берлиндегі «Неміс банкі» Сибирь сауда банкінің акцияларын Берлинге әкеліп, оларды бір жылдай портфельде ұстады, сонан соң 100-ді 193-ке сатты, ягни екі есеге жуық қымбат сатып, 6 миллион сомға жуық пайда «тапты», бұл пайданы Гильфердинг «құрылтай пайдасы» деп атады.

Петербургтегі аса ірі банктердің бүкіл «қуатын» автор 8235 миллион сом, $8^1/_4$ миллиард сом дерлік деп белгілейді, оның бер жағында, шетел банктерінің «қатысуын», дұрысырақ айтқанда үстемдік етуін, ол былайша бөледі: француз банктері — 55%; ағылшын банктері — 10%; неміс банктері — 35%. Осы соманың, жұмсалып жүрген 8235 миллион сом капиталдың — 3687 миллион сомы, ягни 40 проценттен астамы, автордың есебінше, синдикаттардың: Продуголь, Продамет синдикаттарының, мұнай, металлургия және цемент өнеркәсіптеріндегі синдикаттардың үлесіне тиеді. Демек, капиталистік монополиялардың құрылуына байланысты, банк және өнеркәсіп капиталының қосылуы Россияда да ілгері қарай орасан зор адым жасаған[149].

Аз ғана адамдардың қолына шоғырланып, іс жүзінде монополияны пайдаланып отырған финанс капиталы құрылтайлықтан, қор қағаздарын шығарудан, мемлекеттік заемдардан және т. т. орасан мол және үнемі арта беретін пайда алып отырады, финанс олигархиясының үстемдігін нығайтып, монополистердің пайдасы үшін бүкіл қоғамға салық салып отырады. Американ трестерінің «қожайындық етуінің» сансыз көп мысалдарынан Гильфердингтің келтірген бір мысалы мынадай: 1887 жылы Гавемейер жалпы капиталы $6^1/_2$ миллион доллар болған 15 ұсақ компанияны қосу арқылы қант тресін құрған. Трестің капиталы, американша айтқанда, «су қосылып», 50 миллион доллар деп белгіленген. «Қайтадан капиталдандыру», нақ сол Америкадағы болат тресінің темір рудасы бар жерлерді барған сайын көп сатып алып, болашақ монополиялық пайдаларды есептейтіні сияқты, болашақ монополиялық пайдаларды есептеген. Шынында да, қант тресі монополиялық баға белгілеп, мол табысқа батты — осының арқасында капитал басына 10 проценттен дивиденд төлеген, *жеті есе* «су қосылып», яғни *трест құрылғанда салынған нақты капиталға 70 процентке жуық дивиденд* төлеген! 1909 жылы трестің капиталы 90 миллион доллар болған. Жиырма екі жылда капитал он еседен аса көбейген.

Францияда «финанс олигархиясы» үстемдігі («Франциядағы финанс олигархиясына қарсы» — Лизистің 1908 жылы бесінші рет басылып шыққан белгілі кітабының аты) формасын біраз ғана өзгерткен. Аса ірі төрт банктің бағалы қағаздар шығаруда относительді емес, қайта «абсолютті монополиясы» бар. Іс жүзінде, бұл — «ірі банктер тресі». Ал монополия эмиссиялардан монополиялық пайда табуды қамтамасыз етіп отырады. Заемдар кезінде заем алатын ел әдетте барлық сомасының 90 процентінен артық алмайды; 10 проценті банктер мен өзге делдалдарға тиеді. 400 миллион франк орыс-қытай заемынан банктердің алған пайдасы 8%, 800 миллиондық орыс заемынан (1904) — 10%, $62^1/_2$ миллиондық Марокко заемынан (1904) — $18^3/_4$% болған. Өзінің дамуын ұсақ өсімқорлық капи-

талдан бастаған капитализм өз дамуын орасан зор өсімқорлық капиталмен аяқтайды. «Француздар — Европаның өсімқорлары»,— дейді Лизис. Капитализмнің осылай азғындауы нәтижесінде экономикалық өмірдің барлық жағдайлары терең өзгеріске ұшырайды. Халық, өнеркәсіп, сауда, теңіз транспорты тоқырап отырғанда «елдің» өсімқорлықтан баюы мүмкін. «8 миллион франк капиталға ие болған елу адамның төрт банктегі *екі миллиардты* билеуі мүмкін». Өзімізге мәлім «қатысу» жүйесі де нақ сондай нәтижеге әкеледі: аса ірі банктердің бірі, «Бас қоғам» (Société Générale), «қыз-қоғамының», «Египеттегі шақпақ қант заводтарының», 64 000 облигациясын шығарған. Шығару курсы — 150%, ягни банк әр сомнан 50 тиын пайда табады. Бұл қоғамның дивидендтері жалған болып шығып, «жұрт» 90 миллион франктен 100 миллион франкке дейін жоғалтқан; ««Бас қоғам» директорларының біреуі «Шақпақ қант заводтарының» басқарма мүшесі болған». Автордың: «француз республикасы — финанс монархиясы», «финанс олигархиясы толық үстемдік етіп отыр; ол баспасөзге де, үкіметке де әмірін жүргізеді»*,— деген қорытынды жасауға мәжбүр болуына таңдануға болмайды.

Финанс капиталының басты операцияларының бірі ретінде бағалы қағаздар шығару ісінің ерекше жоғары пайдалылығы финанс олигархиясының дамуы мен нығаюында өте маңызды роль атқарады. «Ел ішінде тым болмағанда шетел заемдарын шығаруға делдалдық жасаудың беретін пайдасындай мол пайда берерлік ешқандай табысты іс жоқ»,— дейді неміс журналы «Банк»**.

«Эмиссиялық іс сияқты көп пайда берерлік ешбір банк операциясы жоқ». Өнеркәсіп орындарының қорларын шығарудың пайдасы, «Неміс Экономисінің» деректеріне қарағанда, орта есеппен жылына мынадай болған:

---

* Lysis. «Contre l'oligarchie financière en France», 5 éd., P., 1908, pp. 11, 12, 26, 39, 40, 48. (Лизис. «Франциядағы финанс олигархиясына қарсы». 5-басылуы, Париж, 1908, 11, 12, 26, 39, 40, 48-беттер. *Ред.*).

** «Die Bank», 1913, № 7, S. 630.

1895—38,6%	1898—67,7%
1896—36,1 »	1899—66,9 »
1897—66,7 »	1900—55,2 »

«Он жыл ішінде, 1891—1900 жылдары, немістің өнеркәсіп қорларын шығарудан түскен «табыс» *бір миллиардтан астам* болды»*.

Егер өнеркәсіптің өрлеуі кезінде финанс капиталының пайдасы орасан зор болса, онда құлдырау кезінде ұсақ және осал кәсіпорындар күйрейді де, ірі банктер оларды арзанға сатып алуға немесе пайда түсіретін «сауықтыруға» және «қайта ұйымдастыруға» «қатысады». Зиян шеккен кәсіпорындарды «сауықтырғанда» «акционерлік капитал төмендейді, яғни табыс аз капиталға бөлінеді де, одан әрі қарай соған есептелетін болады. Немесе, егер табыстылық нольге дейін төмендесе, жаңа капитал тартылады, бұл жаңа капитал табысы кем ескі капиталмен қосылғаннан кейін жеткілікті табыс келтіретін болады. Айта кетелік,— деп қосады Гильфердинг,— осы сауықтырулар мен қайта ұйымдастырулардың барлығының банктер үшін екі түрлі: біріншіден, пайдалы операция ретінде және, екіншіден, мұндай мұқтаждыққа ұшыраған қоғамдарды өзіне тәуелді етіп қоюға қолайлы жағдай ретінде маңызы бар»**.

Мұның мысалы мынадай: Дортмундтағы «Унион» акционерлік кен өнеркәсіп қоғамы 1872 жылы құрылған. 40 миллион марка дерлік акционерлік капитал шығарылған, сойтіп бірінші жылы дивиденд 12 процентке жеткенде, курс 170 процентке жеткен. Финанс капиталы қаймағын қалқып алып, болмашы — 28 миллион шамасындай ғана табыс түсірген. Бұл қоғамды құрғанда аса ірі неміс банкі «Есеп қоғамы» басты роль атқарды, ол 300 миллион марка капиталға аман-есен жетті. Сонан соң «Унионның» дивидендтері нольге түскен. Акционерлердің капиталды «шығынға жазуға», яғ-

---

* Stillich, аты аталған шығарма, 143-бет және W. Sombart. «Die deutsche Volkswirtschaft im 19. Jahrhundert». 2. Aufl., 1909, 526-бет, Anlage 8 (В. Зомбарт. «Немістің халық шаруашылығы XIX ғасырда», 2-басылуы, 1909, 526-бет, 8-қосымша. *Ред.*).

** «Финанс капиталы», 172-бет.

ни бәрінен айрылып қалмау үшін оның бір бөлегінен айрылуға риза болуына тура келген. Сонымен, бірсыпыра «сауықтыруларлың» нәтижесінде «Унион» қоғамының кітаптарынан 30 жылдың ішінде 73 миллионнан аса марка жоқ болып шыққан. «Қазіргі уақытта бұл қоғамның бастапқы акционерлерінің қолында өз акцияларының номинальдық бағасының тек 5 проценті ғана бар»*,— ал банктер әрбір «сауықтырудан» «табыс таба» берген.

Тез өсіп келе жатқан үлкен қалалардың төңірегіндегі жер учаскелерімен жалдаптық жасау да финанс капиталының ерекше пайдалы операциясы болып табылады. Мұнда банктердің монополиясы жер рентасының монополиясымен және қатынас жолдарының монополиясымен қосылып кетеді, өйткені жер учаскелері бағаларының қымбаттауы, оларды бөлшектеп тиімді етіп сату мүмкіндігі, т. т. көбінесе қаланың орталығымен екі арадағы қатынас жолдарының жақсы болуына байланысты, ал бұл қатынас жолдары қатысу жүйесі және директорлық орындарды бөлісу арқылы нақ сол банктермен байланысты ірі компаниялардың қолдарында. Сонымен «Банк» журналының қызметкері, жер учаскелерімен сауда жасауға, оларды кепілге салуға, т. т. байланысты операцияларды әдейілеп зерттеген неміс жазушысы Л. Эшвегенің «батпақ» деп атаған нәрсесі болады да шығады: қала маңындағы учаскелермен құтырына жалдаптық жасау, «аса байсалды және аса ірі» «Неміс банкінің» (Deutsche Bank), әрине, «қатысу» жүйесі бойынша, яғни астыртын, сырттан әрекет жүргізген, артынан «не бары» 12 миллион марка зиянмен құтылып шыққан банктің көмегімен 100 миллион маркаға таяу ақша қармап алған, Берлиндегі «Босвау және Кнауэр» фирмасы сияқты құрылыс фирмаларының күйреуі,— сонан соң, көптірме құрылыс фирмаларынан еш нәрсе алмайтын ұсақ қожайындар мен жұмысшылардың күйзелуі, учаскелер жайында анықтамалар беруді және құрылыстар салуға қала Думасының рұқсат беруін өз қолдарына түсіріп алу үшін Берлин-

* Stillich, аты аталған шығарма, 138-бет және Liefmann, 51-бет.

дегі «адал» полициямен және әкімшілік орнымен алаяқтықпен мәмлеге келу, т. т. және т. с.*.

Европа профессорлары мен игі ниетті буржуа сондай екіжүзділікпен мүңая мүләйімситін «американ құлқы» финанс капиталы дәуірінде кез келген елдегі ірі қала атаулының қай-қайсының да құлқына айналды.

1914 жылдың басында Берлинде «транспорт тресін», яғни Берлиндегі транспорттық үш кәсіпорынның: қалалық электр темір жолы, трамвай қоғамы және омнибустар қоғамының «ортақ мүдделілігін» құруға тура келеді деп жүрді. «Мұндай ниеттің бар екеніп,— деп жазды «Банк» журналы,— біз омнибустар қоғамы акцияларының көбі басқа екі транспорт қоғамының қолына көшкендігі мәлім болған уақыттан бері білетінбіз. ...Транспорт ісін бірыңғай реттеп отыру арқылы түптеп келгенде біразы жұртқа қаларлықтай қаржы табамыз деген мақсатқа ұмтылатын адамдарға әбден сенуге болады. Бірақ осы құрылғалы отырған транспорт тресінің сыртында, егер қаласа, өздері монополияландырған қатынас жолдарын өздерінің жер участкелері арқылы сауда жасау мүдделеріне бағындыра алатын банктер тұрғандықтан мәселе қиындай түседі. Мұндай жорамалдың қаншалықты табиғи екендігіне көз жеткізу үшін қалалық электр темір жолы қоғамын құрған уақыттың өзінде-ақ мұнда сопы құруды қолдаған ірі банктің мүдделері араласқанын еске түсірудің өзі жеткілікті. Атап айтқанда: осы транспорт кәсіпорнының мүдделері жер участкелерімен сауда жасау мүдделерімен араласып жатқан болатын. Әңгіме мынада: бұл жолдың шығыс тармағы, кейін жол салынуы қамтамасыз етілген кезде, бұл банк өзіне және қатысушы бірнеше адамға орасан көп пайда алып сатып жіберген жер участкелерін қамтуға тиіс еді...»**.

Монополия қалыптасып, миллиардтарды күреп алып отыр екен, ол саяси құрылысқа және өзгедей «ұсақ-түйектердің» бәріне де қарамастан, қоғамдық өмірдің

* «Die Bank», 1913, 952-бет. L. Eschwege. «Der Sumpf» («Батпақ», *Ред.*); бұл да сонда, 1912, 1, 223 және келесі беттер.

** «Verkehrstrust», «Die Bank», 1914, 1, 89-бет («Транспорт тресі», «Банк». *Ред.*).

барлық тараптарына сөзсіз еніп отырады. Француздық Панамаға[150] немесе американдық саяси сатылғыштыққа ишара жасап, Пруссия чиновниктерінің адалдығын жарамсақтана өзара мақтау — немістің экономикалық әдебиетінде дағдылы нәрсе. Бірақ *тіпті* Германияның банк істеріне арналған буржуазиялық әдебиет те әрдайым таза банк операцияларының шегінен шығуға және, мәселен, чиновниктердің банк қызметіне көшу оқиғаларының жиілеуі жайында «банкке ұмтылу» туралы жазуға мәжбүр болып жүргені факт: «іштей Бэренштрасседегі» — Берлиндегі «Неміс банкі» орналасқан көше — «жылы орынды көздеген мемлекеттік чиновниктің сатылмайтындығы қалай болар екен»?* «Банк» журналының бастырып шығарушысы Альфред Лансбург 1909 жылы «Византинизмнің экономикалық мәні» деген мақала жазған; бұл мақала, айта кетелік, II Вильгельмнің Палестинаға барған сапары және «сол сапардың тікелей нәтижесі, Бағдат темір жолының салынуы», «неміс кәсіпқұмарлығының» осы қатерлі «ұлы ісі» жөнінде жазылған; мұның өзі «қоршауға» біздің бүкіл саяси күнәмыздың бәрінен де көбірек айыпты болды»** — (қоршау деп VII Эдуардтың Германияны оқшаулап, оның айналасын Германияға қарсы империалистік одақтың шеңберімен қоршатуға тырысқан саясаты айтылып отыр). Сол журналдың жоғарыда біз атап өткен қызметкері Эшвеге 1911 жылы «Плутократия және чиновниктер» деген мақала жазған, мұнда, мәселен, картельдер туралы комиссияның мүшесі болып, өзінің күш-жігерімен көзге түскен, ал біраз уақыт өткен соң ең ірі картельде, болат синдикатында табысы мол орынға ие болып шыға келген неміс чиновнигі Фелькердің жайын әшкерелеген. Тіпті де кездейсоқ емес мұндай жағдайлар нақ сол буржуазиялық жазушыны мынаны мойындауға мәжбүр етті: «герман конституциясы қамтамасыз еткен экономикалық бостандық шаруашылық өмірдің көптеген салаларында мазмұнынан айрылған бос сөз болып қалды», плутокра-

* «Der Zug zur Bank», «Die Bank», 1909, 1, 79-бет («Банкке ұмтылыс», «Банк». *Ред.*).

** «Der Zug zur Bank», «Die Bank». 1909, 1, 301-бет.

тияның қалыптасып отырған үстемдігі тұсында «тіпті ең кең саяси бостандық та бізді еркі жоқ адамдар халқына айналудан құтқарып қала алмайды»*.

Россияға келетін болсақ, бұл жөнінде біз тек бір ғана мысал келтірумен шектелеміз: бұдан бірнеше жыл бұрын барлық газеттер: кредит кеңсесінің директоры Давыдов мемлекеттік қызметті тастап, бір ірі банкке ақысы, шарт бойынша, бірнеше жылдың ішінде 1 миллион сомнан асып түсетін қызметке орналаспақ деген хабар таратты. Кредит кеңсесі — «мемлекеттің барлық кредит мекемелерінің қызметін біріктіріп отыру» мақсатындағы мекеме, ол астана банктеріне 800—1000 миллион сомға дейін субсидия беріп отырады**.———

Капиталға ие болудың капиталды өндіріске жұмсаудан бөлінуі, ақша капиталының өнеркәсіптік немесе өнімді капиталдан бөлінуі, ақша капиталынан түсетін табыспен ғана өмір сүретін рантьенің кәсіпкерден және капитал жұмсауға тікелей қатысушы барлық адамдардан бөлінуі — жалпы алғанда капитализмге тән. Империализм немесе финанс капиталының үстемдігі — капитализмнің осы бөлініп шығу аса зор көлемге жеткен жоғары сатысы. Капиталдың қалған формаларының бәрінен финанс капиталының басым болуы рантьө мен финанс олигархиясының үстем жағдайда екенін көрсетеді, финанс «қуаты» мол азып-аулақ мемлекеттердің басқа мемлекеттердің бәрінен бөлектеніп шыққанын көрсетеді. Бұл процесс қандай көлемде болып отыр, мұны эмиссиялардың, яғни неше түрлі бағалы қағаздардың шығарылуы жөніндегі статистика деректерімен байқауға болады.

«Халықаралық статистикалық институттың бюллетенінде» А. Неймарк*** бүкіл дүние жүзіндегі эмиссиялар туралы мейлінше егжей-тегжейлі, толық және салыстыруға келерлік деректер жариялады, бұл деректер кейіннен экономикалық әдебиетте әлденеше рет бөлек-

---

* «Der Zug zur Bank» «Die Bank», 1911, 2, 825-бет; 1913, 2, 962-бет.

** E. Agahd, 202-бет.

*** Bulletin de l'institut international de statistique, t. XIX, livr. II, La Haye. 1912 (Халықаралық статистикалық институттың бюллетені, XIX том, II кітап. Гаага. *Ред.*).— Ұсақ мемлекеттер туралы деректер, екінші бағана, 1902 жылдың нормалары бойынша шамамен алынып, 20 процентке көбейтілген.

белек келтіріліп жүрді[151]. 4 онжылдық ішіндегі қорытындылар мынадай:

Миллиард франк есебімен 10 жыл ішіндегі эмиссиялар сомасы	
1871—1880	76,1
1881—1890	64,5
1891—1900	100,4
1901—1910	197,8

1870 жылдарда бүкіл дүние жүзіндегі эмиссиялардың жалпы сомасы әсіресе Франция-Пруссия соғысына байланысты заемдар арқылы және Германияда бұдан кейін болған грюндерлер дәуіріне байланысты жоғарылады. Жалпы және тұтас алғанда, XIX ғасырдың соңғы отыз жылы ішінде бұл көбею салыстырып қарағанда онша шапшаң болған жоқ, тек XX ғасырдың алғашқы он жылында ғана орасан зор көбейген, 10 жыл ішінде екі есе дерлік артқан. Демек, XX ғасырдың бас кезі, жоғарыда өзіміз айтып өткендей, монополиялардың (картельдердің, синдикаттардың, трестердің) өсуі жағынан ғана емес, сонымен қатар финанс капиталының өсуі жағынан да бетбұрыс дәуір болды.

Дүние жүзіндегі бағалы қағаздардың жалпы сомасын Неймарк 1910 жылы шамамен 815 миллиард франк болды деп анықтайды. Қайталауларды, шамамен, бұл есептеп шегеріп, ол әлгі соманы 575—600 миллиард франкке азайтады. Ел-елге бөлгенде (600 миллиардты аламыз) мынадай:

Бағалы қағаздардың 1910 жылғы сомасы (миллиард франк):

Англия	142	479	Голландия	12,5
Құрама Штаттар	132		Бельгия	7,5
Франция	110		Испания	7,5
Германия	95		Швейцария	6,25
Россия	31		Дания	3,75
Австро-Венгрия	24		Швеция, Норвегия, Румыния және басқалар	2,5
Италия	14			
Жапония	12		*Барлығы*	600

Бұл деректерге қарағанда, капиталистік елдердің шамамен 100 миллиард франктен 150 миллиард франк-

ке дейін бағалы қағаздары бар ең бай төртеуінің ерекше көзге түсетіні бірден көрінеді. Бұл төртеуінің ішіндегі екеуі — ең ескі және, кейін көретініміздей, отарға да аса бай капиталистік елдер: Англия мен Франция; өзге екеуі — даму шапшаңдығы және өндірісте капиталистік монополиялардың таралуы дәрежесі жағынан алдыңғы қатарлы капиталистік елдер — Құрама Штаттар мен Германия. Осы 4 ел бірге алғанда 479 миллиард франкке, яғни бүкіл дүние жүзіндегі финанс капиталының 80 проценті дерлігіне ие болып отыр. Қалған дүниенің бәрі дерлігі, қалай да, осы елдерге — халықаралық банкирлерге, бүкіл дүние жүзілік финанс капиталының осы төрт «тірегіне» борышқордың және алым төлеушінің ролін атқарады.

Халықаралық тәуелділік жүйесі мен финанс капиталының байланыстарын жасауда шетке капитал шығарудың атқаратын роліне айрықша тоқталып өту керек.

IV. ШЕТКЕ КАПИТАЛ ШЫҒАРУ

Еркін бәсеке толық үстем болған ескі капитализмге шетке *товар* шығару тән еді. Монополиялар үстем болған ең жаңа капитализмге шетке *капитал* шығару тән болып отыр.

Капитализм дегеніміз товар өндірісі дамуының жоғары сатысындағы, жұмыс күші де товарға айналған кездегі товар өндірісі. Елдің өз ішінде айырбастың өсуі де, әсіресе халықаралық көлемде айырбастың өсуі де капитализмге тән ерекше белгі. Капитализм тұсында жеке кәсіпорындар, өнеркәсіптің жеке салалары, жеке елдер сөзсіз әркелкі, секірмелі түрде дамып отырады. Алдымен өзге елдердің бәрінен бұрын Англия капиталистік елге айналды, сөйтіп еркін сауданы енгізіп, XIX ғасырдың жартысына қарай «бүкіл дүние жүзі шеберханасының» ролін, барлық елдерге фабрикаттар берушінің ролін атқармақ болды, басқа елдер, мұның есесіне, оны шикі материалдармен қамтамасыз етіп тұруға тиіс болды. Бірақ Англияның *бұл* монополиясы XIX ғасырдың соңғы ширегінің ішінде-ақ әлсіреді, өйткені басқа да бірқатар елдер, «қорғаныш» баж салықтары

арқылы қорғанып, дербес капиталистік мемлекеттер болып өркендеді. XX ғасырға аяқ басар алдында басқаша түрдегі монополиялардың құрылғанын көреміз: біріншіден, капитализм өркендеген барлық елдерде капиталистердің монополистік одақтары құрылды; екіншіден, капиталдың қорлануы орасан зор көлемге жеткен санаулы ғана аса бай елдер монополистік жағдайға ие болды. Алдыңғы қатарлы елдерде орасан зор «артық капитал» пайда болды.

Әлбетте, егер капитализм осы күні қай жерде болса да өнеркәсіптен сұмдық артта қалып қойған егіншілікті өркендете алса, егер ол адам айтқысыз техникалық прогреске қарамастан барлық жерде жартылай аш және қайыршы күйінде қалып отырған халық бұқарасының тұрмыс дәрежесін жақсарта алса,— онда капиталдың артылып қалуы туралы сөз болмас та еді. Ал капитализмді сынаушы ұсақ буржуазияшыл сыншылар мұндай «дәлелді» оңды-солды келтіреді. Бірақ онда капитализм — капитализм болмас еді, өйткені әркелкі даму да, бұқараның жартылай аштықта өмір сүруі де осы өндіріс әдісінің негізгі, болмай қалмайтын шарттары мен алғы шарттары. Капитализм — капитализм күйінде қалып отырғанда, артық капитал белгілі бір елдегі бұқараның тұрмыс дәрежесін көтеруге жұмсалмайды, өйткені мұның өзі капиталистердің пайдасын азайтар еді, қайта артық капитал капиталды шетелге, артта қалған елдерге шығару арқылы пайданы арттыра түсуге жұмсалады. Мұндай артта қалған елдерден әдетте пайда мол түседі, өйткені оларда капитал аз, жердің бағасы онша қымбат емес, жалақы төмен, шикі материалдар арзан. Қазірдің өзінде бірқатар артта қалған елдердің дүние жүзілік капитализм айналымына тартылуы, басты-басты темір жол линияларының салынуы немесе салына бастауы, өнеркәсіпті дамытудың қарапайым шарттарының қамтамасыз етілуі, т. т. шетке капитал шығаруға мүмкіндік жасайды. Азын-аулақ елдерде капитализмнің «асқына пісіп-жетілуі», сөйтіп капиталдың (егіншілік дамымай, бұқара қайыршы күйінде қалып отырған жағдайда) «пайдалы» орналасуы-

на орынның жетпеуі шетке капитал шығаруды қажет етеді.

Басты-басты үш елдің шетелге орналастырған капиталының мөлшері туралы деректер шамамен мынадай*:

Шетелде орналастырылған капитал

(миллиард франк есебімен)

Жылдар	Англиянықі	Франциянықі	Германиянықі
1862	3,6	—	—
1872	15	10 (1869)	—
1882	22	15 (1880)	?
1893	42	20 (1890)	?
1902	62	27—37	12,5
1914	75—100	60	44

Бұдан біз шетке капитал шығарудың тек XX ғасырдың басында ғана орасан өркендегенін көреміз. Соғыстың алдында басты-басты үш елдің шетелдерге жұмсаған капиталы 175—200 миллиард франкке жетті. Осы сомадан түсетін кіріс, шамалап қана 5 проценттен есептегенде, жылына 8—10 миллиард франкке жетуге тиіс. Дүние жүзіндегі ұлттар мен елдердің көбін империалистердің езіп, қанауының, ат төбеліндей бай мемлекеттердің капиталистік паразитизмінің мол негізі, міне, осындай!

Шетелдерде орналастырылған осы капитал әр түрлі елдердің арасында қалай бөлінген, *қайда* орналасты-

* Hobson. «Imperialism». L., 1902, p. 58; Riesser, аты аталған шығарма, 395 және 404-беттер; P. Arndt—«Weltwirtschaftliches Archiv»-те. Bd. 7, 1916. S. 35 (П. Арндт «Дүние жүзілік шаруашылық архивінде», 7-том, 1916, 35-бет. *Ред.*); Neymarck — Bulletin-де; Гильфердинг. «Финанс капиталы», 492-бет; Lloyd George, қауымдар палатасында 1915 жылы 4 майда сөйленген сөз, «Daily Telegraph» 5 май, 1915; B. Harms. «Probleme der Weltwirtschaft». Jena, 1912, S. 235 және басқалар (Б. Хармс. «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық проблемалары». Йена, 1912, 235 және басқа беттер. *Ред.)*; Dr. Siegmund Schilder. «Entwicklungstendenzen der Weltwirtschaft». Berlin. 1912. Bd. 1, S. 150 (Д-р Зигмунд Шильдер. «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың даму тенденциялары». Берлин. 1912, 1-том, 150-бет. *Ред.)*; George Paish. «Great Britain's Capital Investments etc.»—«Journal of the Roval Statistical Society»-де. vol. LXXIV. 1910—11, 167 және келесі беттер (Джордж Пэйш. «Великобритания капиталының орналасуы, т. т.»—«Корольдік статистикалық қоғамның журналында», LXXIV том. *Ред.)*: Georges Diouritch, «L'Expansion des banques allemandes à l'étranger, ses rapports avec le développement économique de l'Allemagne». P., 1909, p. 84 (Жорж Диурич. «Неміс банктерінің шетелдегі экспансиясы, оның Германияның экономикалық дамуымен байланысы», Париж, 1909, 84-бет. *Ред.)*.

рылған деген сұраққа тек шамамен ғана жауап беруге болады, алайда ол жауап қазіргі империализмнің кейбір жалпы арақатынастары мен байланыстарын көрсете алады:

Шетелдік капиталдар (1910 жыл шамасында) бөлінген (шамамен алғанда) жер шарының бөліктері

	Англиянықі	Францияныкі	Германияныкі	Барлығы
		(миллиард марка)		
Европа	4	23	18	45
Америка	37	4	10	51
Азия, Африка және Австралия	29	8	7	44
Жиыны	70	35	35	140

Англияда, оның Азия және басқалардағы отарлық иеліктерін айтпағанның өзінде, Америкада да өте зор (мәселен, Канада) болып отырған отарлық иеліктері бірінші орынға шығып отыр. Шетке орасан көп капитал шығару мұнда аса зор отарларға бәріпен де тығыз байланысты, оның империализм үшін маңызы жөнінде біз әлі ілгеріде айтатын боламыз. Францияда істің жайы басқаша. Мұнда шетелдік капитал көбінесе Европада және ең алдымен Россияда (кем дегенде 10 миллиард франк) орналастырылған, оның бер жағында мұның дені — өнеркәсіп орындарына жұмсалатын капитал емес, *қарыз* капиталы, мемлекеттік заемдар. Ағылшынның отарлық империализміне қарағанда — француз империализмін өсімқорлық империализм деп атауға болады. Германияда — үшінші бір түрі: оның отарлары көп емес, ал шетелге орналастырған капиталының Европа мен Америка арасындағы бөлінуі неғұрлым біркелкі.

Шетке капитал шығару сол капитал апарылған елде капитализмнің дамуына әсерін тигізіп, оның дамуын өте-мөте шапшаңдатады. Егер сондықтан шетке осы капитал шығару шығарушы елдерде дамуды, белгілі дәрежеде, біраз тоқырата алатын болса, онда мұның өзі капитализм бүкіл дүние жүзінде өрістеп, онан сайын тереңдегенде ғана болады.

Шетке капитал шығарушы елдердің қашан болса да дерлік белгілі «пайдалар» табуына мүмкіндігі болып отырады, мұның сипаты финанс капиталы мен монополиялар дәуірінің ерекшелігін көрсетеді. Мәселен, 1913 жылғы октябрьде Берлиннің «Банк» журналы былай деп жазған:

«Капиталдардың халықаралық рыногында біраздан бері Аристофанның суреттеу шеберлігіне тұрарлық комедия ойналып келеді. Бірсыпыра бөтен ел мемлекеттері, Испаниядан Балқанға дейін, Россиядан Аргентинаға, Бразилия мен Қытайға дейін, ірі ақша рыноктары алдына заем алу жөнінде ашық немесе жасырын талаптар, кейде мейлінше табанды талаптар қойып жүр. Ақша рыноктарының жағдайы қазір онша жақсы емес, саяси перспективалары да сүйсінтпейді. Бірақ ақша рыноктарының ешқайсысы да заем беруден бас тартуға бата алмай отыр, көршісі заем беретін болып, сонымен бірге белгілі сыйға сый алу жағын да қамтамасыз етіп қояр деп қорқады. Осындай халықаралық келісімдердің тұсында кредиторға әрқашан дерлік олжа түсіп отырады: сауда шартында жеңілдік беру, көмір станциясы, гавань салу, пайдалы концессия, зеңбірекке заказ беру»*.

Финанс капиталы монополиялар дәуірін туғызды. Ал монополиялар барлық жерде де монополистік негізге жол ашып отырады: тиімді келісім жасасу үшін «байланыстарды» пайдалану ашық рыноктағы бәсекенің орнын басады. Өте дағдылы нәрсе: заемның бір бөлегін сол заем беруші елден өнімдер, әсіресе қару-жарақ, кеме, т. т. сатып алуға жұмсау заем берудің шарты болып алады. Франция соңғы жиырма жылда (1890—1910) осы әдісті өте жиі қолданды. Шетелге капитал шығару шетелге товар шығаруды қолдау әдісіне айналып отыр. Сонымен қатар мейлінше ірі кәсіпорындардың арасындағы келісімдер: — Шильдердің «сыпайылап» айтқанындай**, — «сатып алушылықпен шектес» болып тұрады. Германиядағы Крупп, Франциядағы Шнейдер, Англиядағы Армстронг — орасан зор банк-

* «Die Bank», 1913, 2, 1024—1025.

** Schilder, аты аталған шығарма, 346, 350, 371-беттер.

термен, үкіметпен тығыз байланысты фирмалардың үлгісі, заемға келісерде бұларды «орағытып өту» оңайға түспейді.

Франция Россияға заемды бере отырып, 1917 жылға дейінгі белгілі жеңілдіктерге көндіріп, 1905 жылғы 16 сентябрьдегі сауда шартында оны «қыспаққа алды»; Япониямен жасасқан 1911 жылғы 19 августағы сауда шартында да солай істеді. Австрия мен Сербия арасында жеті ай үзіліспен 1906 жылдан 1911 жылға дейін болған таможнялық соғыстың бір себебі — Сербияға соғыс құралдарын беру ісінде Австрия мен Францияның бәсекелесуі болды. Поль Дешанель 1912 жылғы январьда палатада: 1908—1911 жылдарда француз фирмалары Сербияға 45 миллион франк тұратын соғыс материалдарын жеткізіп берді деп мәлімдеді.

Австро-Венгрияның Сан-Паулодағы (Бразилия) консулының есебінде былай делінген: «Бразилия темір жолдары көбінесе француз, Бельгия, британ және неміс капиталдарымен салынып жатыр; бұл елдер жолдар салуға байланысты финанс операцияларын жасағанда, темір жолға керекті құрылыс материалдарын өздері жеткізіп отыратын болып келіседі».

Сонымен, финанс капиталы сөздің дәл мағынасында алғанда дүние жүзіндегі барлық елдерге өз торларын жайып отыр деп айтуға болады. Оның үстіне отарларда құрылған банктер мен олардың бөлімдері үлкен роль атқарады. Бұл жөнінде өздерін ерекше «ойдағыдай» қамтамасыз етіп алған «ескі» отарлы елдерге неміс империалистері қызғанышпен қарайды: 1904 жылы Англияның 2279 бөлімі бар отарлық 50 банкі болған (1910 жылы: 5449 бөлімі бар 72 банк болған); Францияның — 136 бөлімі бар 20 банкі болған; Голландияның — 68 бөлімі бар 16 банкі болған; ал Германияның «не бары» — 70 бөлімі бар 13 банкі «ғана» болған*. Американ капиталистеріне келетін болсақ, олар ағылшын және неміс капиталистеріне қызығады: «оңтүстік Америкада,— деп наразы болды олар 1915 жылы,— 5 герман банкінің 40 бөлімі, 5 ағылшын банкінің 70 бөлімі

* Riesser, аты аталған шығарма, 375-бет, 4-басылуы және Diouritch, 283-бет.

бар... Англия мен Германия соңғы 25 жылдың ішінде Аргентинада, Бразилияда, Уругвайда шамамен 4 биллион (миллиард) доллар орналастырды, ал осының нәтижесінде олар осы 3 елдегі барлық сауданың 46 процентін пайдаланып отыр»*.

Шетке капитал шығарушы елдер, сөздің ауыспалы мағынасында айтқанда, дүние жүзін өзара бөлісіп алған еді. Ал финанс капиталы дүние жүзін *тура бөліске* салуға да әкеліп соқты.

V. КАПИТАЛИСТЕР ОДАҚТАРЫ АРАСЫНДА ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ БӨЛІНУІ

Капиталистердің монополистік одақтары — картельдер, синдикаттар, трестер ең алдымен ішкі рынокты өзара бөлісіп, белгілі бір елдің өндірісін өзінің аздыкөпті толық иелігі етіп басып алады. Бірақ капитализм тұсында ішкі рынок сыртқы рынокпен сөзсіз байланысты болады. Капитализм әлдеқашан бүкіл дүние жүзілік рынок жасап алды. Сөйтіп шетке капитал шығарудың өсіп, аса ірі монополистік одақтардың шетелдік және отарлық байланыстары мен «ықпал ету сфераларының» мейлінше ұлғаюына қарай мәселе «өзінен-өзі» солардың бүкіл дүние жүзілік келісімдеріне, халықаралық картельдер құрылуына келіп тірелді.

Мұның өзі капитал мен өндірістің бүкіл дүние жүзінде шоғырлануының жаңа, бұдан бұрынғылардан әлдеқайда жоғары сатысы. Осы астам монополияның қалай өсіп отырғанын қарап көрейік.

Электр өнеркәсібі — техниканың ең жаңа табыстарына, XIX ғасырдың *аяғы* мен XX ғасырдың басындағы капитализмге мейлінше тән өнеркәсіп. Ал бұл өнеркәсіп жаңа капиталистік елдердің ішіндегі ең алдыңғы қатарлы екеуінде, Құрама Штаттар мен Германияда

---

* The Annals of the American Academy of Political and Social Science, vol. LIX, May 1915, p. 301 (Американың саяси және әлеуметтік білімдер академиясының жылнамалары, LIX том, май, 1915, 301-бет. *Ред.*). Осы кітаптың 331-бетінен мынаны оқимыз: белгілі статистик Paish (Пэйш) «Statist» дейтін финанс журналының соңғы номерінде Англияның, Германияның, Францияның, Бельгияның және Голландияның сыртқа шығарған капиталының сомасын 40 миллиард доллар, яғни 200 миллиард франк деп белгілеген.

басқалардан көбірек өркендеді. Германияда бұл саладағы шоғырланудың өсуіне 1900 жылғы дағдарыс аса күшті әсер етті. Бұл уақытқа қарай өнеркәсіппен едәуір дәрежеде тұтасып кеткен банктер әлгі дағдарыс тұсында біршама ұсақ кәсіпорындардың құрып кетуін, оларды ірі кәсіпорындардың жалмап қоюын өте-мөте тездетіп, тереңдете түсті. «Банктер,— деп жазады Ейдэльс,— көмекке басқалардан гөрі көбірек ділгер кәсіпорындарға жәрдем беруден бас тартып отырды, сөйтіп өзімен онша тығыз байланысы болмаған қоғамдарды әуелі сұмдық қатты көтеріп, одан соң қайтып оңалмастай етіп күйретіп отырды»*.

Осының нәтижесінде 1900 жылдан кейін шоғырлану алып адыммен алға басты. 1900 жылға дейін электр өнеркәсібінде сегіз немесе жеті «топ» болды, оның бер жағында олардың әрқайсысында бірнеше қоғам болды (олар не бары 28) және әрқайсысының сыртында 2-ден 11-ге дейін банк тұрды. 1908—1912 жылдарға қарай бұл топтардың бәрі екі немесе бір топ болып қосылды. Бұл процестің барысы, міне, мынадай болды:

Электр өнеркәсібіндегі топтар:



Осылайша өсіп шыққан атақты А. Е. G. (Жалпы электр қоғамы) 175—200 қоғамға («қатысу» жүйесі бойынша) үстемдік етеді және жалпы сомасы шамамен $1^1/_2$ *миллиард* марка капиталы бар. Мұның шетелдердегі — 10-нан аса мемлекеттегі — тікелей өкілдігінің өзі

---

* Ейдельс, аты аталған шығарма, 232.

ғана — 34, оның ішінде акционерлік қоғамы — 12. Неміс электр өнеркәсібінің шетелге жұмсалған капиталы 1904 жылдың өзінде-ақ 233 миллион марка деп есептелетін, соның 62 миллионы Россияда болды. «Жалпы электр қоғамының» орасан зор «құрама» кәсіпорын екенін айтпаса да болады, ол кабель мен изолятордан бастап, автомобильдер мен ұшатын аппараттарға дейін, мейлінше әр түрлі өнімдер өндіреді,— оның фабрикациялық қоғамдарының бір өзі ғана — 16.

Бірақ Европадағы шоғырлану Америкадағы шоғырлану процесінің де құрамдас бөлігі болды. Істің барысы, міне, мынадай болған:

Америка	«Жалпы электр К°» (General Electric C°)	
	Томпсон—Гаустон К° Европа үшін фирма құрған	Эдисон К° Европа үшін: «Эдисонның француз К°» деген фирма құрған, ол патенттерін неміс фирмасына берген
Германия	«Электр К° унионы»	«Жалпы электр қоғамы» (A. E. G.)
	«Жалпы электр қоғамы» (A. E. G.)	

Сонымен *екі* электр «державасы» қалыптасты: «бұларға *толық* тәуелсіз болмаған электр қоғамы жер бетінде жоқ»,— деп жазады Гейниг өзінің «Электр тресінің жолы» деген мақаласында. Екі «тресттің» айналым мөлшері мен кәсіпорындарының көлемі қандай екендігін төмендегі цифрлар, онша толық болмаса да, біраз түсіндіреді:

		товар айналымы (миллион марка)	қызметшілер саны	таза пайда (миллион марка)
Америка: «Жалпы электр К°-сы» (G. E. C.)	1907:	252	28 000	35,4
	1910:	298	32 000	45,6
Германия: «Жалпы электр қоғамы» (A. E. G.)..........	1907:	216	30 700	14,5
	1911:	362	60 800	21,7

Міне, сонымен 1907 жылы американ тресі мен герман тресінің арасында дүние жүзін бөлісіп алу туралы шарт жасалған. Бәсеке жойылады. «Жалпы электр К°» (G. E. C.) Құрама Штаттар мен Канаданы «алған»; «Жалпы электр қоғамына» (A. E. G.) Германия, Австрия, Россия, Голландия, Дания, Швейцария, Түркия, Балқан елдері «тиген». Өнеркәсіптің жаңа салаларына және «жаңа», әлі де болса ресми түрде бөлісілмеген елдерде орын тебетін «қыз-қоғамдар» жөнінде ерекше — әлбетте, құпия — шарттар жасалған. Өзара өнер табыстары мен тәжірибелерді алмасып тұратын болған*.

Бірнеше миллиард капиталы бар, дүние жүзінің барлық түкпірлерінде өз «бөлімшелері», өкілдіктері, агентурасы, байланыстары, т. т. бар мұндай, іс жүзінде тұтас, бүкіл дүние жүзілік треске қарсы бәсекенің қандай қиындатылғаны өзінен-өзі-ақ түсінікті. Бірақ әркелкі дамудың, соғыстардың, күйреулердің, т. т. салдарынан күштің арасалмағы өзгеретін болса, күшті-күшті екі трестің дүние жүзін бөлісіп алғандығы дүние жүзін *қайта бөлісуді,* әрине, болғызбай тастай алмайды.

Мұндай қайта бөлісу әрекетінің, қайта бөлісу жолындағы күрестің сабақ боларлық мысалын керосин өнеркәсібі көрсетіп отыр.

«Дүние жүзіндегі керосин рыногы,— деп жазды Ейдэльс 1905 жылы,— қазірдің өзінде де ірі-ірі екі финанс тобының: Рокфеллердің американ «Керосин тресі» (Standard Oil C-y) мен орыстың Баку мұнайының қожайындары Ротшильд пен Нобель арасында бөлісіп алынған. Бұл екі топ өзара тығыз байланысты, бірақ олардың монополиялық жағдайына бірнеше жылдан бері бес жау қауіп туғызып отыр»**: 1) американ мұнай көздерінің сарқылуы; 2) Бакудегі Манташевтің бәсекелес фирмасы; 3) Австриядағы және 4) Румыниядағы мұнай көздері; 5) мұхиттың арғы жағындағы мұнай көздері, әсіресе Голландия отарларындағы мұнай көздері (сондай-ақ ағылшын капиталымен байланысты

---

* Riesser, аты аталған шығарма; Diouritch, аты аталған шығарма, 239-бет; Kurt Heinig, аты аталған мақала.

** Ейдэльс, 192—193-беттер.

Самюэль мен Шелльдің аса бай фирмалары). Соңғы үш кәсіпорын аса ірі «Неміс банкі» бастаған немістің ірі банктерімен байланысты. Бұл банктер «өздеріне» сүйеніш болуы үшін керосин өнеркәсібін, мәселен, Румынияда, дербес және жоспарлы түрде өркендетіп отырған. Румын керосин өнеркәсібіндегі шетел капиталы 1907 жылы 185 миллион франк деп есептелген, соның ішінде 74 миллион франк немістердікі*.

Күрес басталды, бұл күрес экономикалық әдебиетте «дүние жүзін бөлісу» жолындағы күрес деп аталып та кетті. Бір жағынан, Рокфеллердің «Керосин тресі» *бәрін* басып алмақ болып, Голландия Индиясындағы мұнай көздерін сатып алып, Голландияның *нақ өзінде* «қыз-қоғам» құрды, сөйтіп өзінің басты жауына: «Шелльдің» голланд-ағылшын тресіне соққы бермек болды. Екінші жағынан, «Неміс банкі» мен Берлиндегі өзге банктер Румынияны «өздерінде» «қалдыруға» және оны Рокфеллерге қарсы Россиямен біріктіруге тырысты. Рокфеллердің анағұрлым ірі капиталы және транспорт пен тұтынушыға керосин жеткізуді ұйымдастыруы өте жақсы болды. Күрес «Неміс банкінің» толық жеңілуімен аяқталуы керек еді, 1907 жылы солай болды да, сөйтіп «Неміс банкіне» екінің бірін таңдау ғана қалды: не миллиондаған шығынмен өзінің «керосин мүдделерін» жоюға, не бағынуға тиіс болды. Олар мұның соңғы жолын таңдады да, «Керосин тресімен» «Неміс банкіне» өте тиімсіз шарт жасасты. Бұл шарт бойынша, «Неміс банкі» «американ мүдделеріне тиімсіз еш нәрсе істемеуге» міндеттенді; алайда оның бер жағында, егер Германияда керосинге мемлекеттік монополия болатын заң шықса, бұл шарттың күші жойылады деп көрсетілді.

Сол кезде «керосин комедиясы» басталады. Германиядағы финанс корольдерінің бірі, «Неміс банкінің» директоры фон Гвиннер өзінің жеке секретары Штаус арқылы керосин монополиясын *жақтап* үгіт жүргізеді. Берлиннің аса ірі банкінің бүкіл алып аппараты, жан-жақты «байланыстардың» бәрі іске қосылады, баспасөз

* Diouritch, 245—246-беттер.

американ тресінің «езгісіне» қарсы «патриоттық» айқайлар салып аптығады, сөйтіп рейхстаг 1911 жылғы 15 мартта үкіметті керосин монополиясы туралы жоба жасауға шақырған қарарды бірауыздан дерлік қабылдайды. Үкімет бұл «әйгілі» идеяға жармаса кетті, сөйтіп «Неміс банкінің» өзінің американ контрагентін алдап соқпақ болған және мемлекеттік монополия арқылы өз ісін түзеп алмақ болған құлығы іске асқан сияқты болды. Немістің керосин корольдері орыстың қант заводшыларының пайдаларынан кем соқпайтын орасан мол пайдаға батамыз деп дәмелене бастады... Бірақ, біріншіден, олжаны бөлісу жөнінде немістің ірі банктері өзара араздасып қалып, «Есеп қоғамы» «Неміс банкінің» пайдакүнем мүдделерін әшкереледі; екіншіден, үкімет Рокфеллермен күресуден қорықты, өйткені Германияның Рокфеллерсіз керосин алу-алмауы неғайбыл еді (Румынияда өнімділік онша емес еді); үшіншіден, 1913 жылғы миллиард қаржыны Германияның соғыс әзірлігіне бөлуге тура келіп қалды. Монополия жобасы кейінге қалдырылды. Рокфеллердің «Керосин тресі» күресте әзірше жеңіп шықты.

Берлиндегі «Банк» журналы бұл жөнінде былай деп жазды: Германия электр қуатына монополия жүргізіп, су күшін арзан электрге айналдырғанда ғана «Керосин тресімен» күресе алар еді. Бірақ,— деп қосты журнал,— «электр монополиясы өндірушілерге керек болған уақытта ғана орнайды; атап айтқанда электр өнеркәсібіндегі келесі үлкен күйреу есік қағып тұрған кезде, қазір электр өнеркәсібінің жеке «концерндері» жер-жерде салып жатқан орасан зор, қымбат электр станциялары, бұл «концерндер» соған арнап, қазірдің өзінде қалалардан, мемлекеттерден және басқалардан белгілі бір жеке монополиялар алып жатқан станциялары пайда түсірерліктей жұмыс істей алмайтын болған кезде орнайды. Сонда су күштерін іске қосуға тура келеді; бірақ бұл күштерді мемлекет есебінен арзан электрге айналдыруға болмайды, бұларды тағы да «мемлекет бақылауындағы жеке меншіктегі монополияға» беруге тура келеді, өйткені жеке меншіктегі өнеркәсіп қазірдің өзінде бірқатар келісімдер жасасып, өзіне

ірі олжа түсетін етті... Кали монополиясы осындай болған, керосин монополиясы осындай, электр монополиясы да осындай болмақ. Германиядағы монополиялар тұтынушыларға пайда келтіруді немесе ең болмағанда кәсіпкерлік пайданың бір бөлегін мемлекетке беруді ешқашан мақсат еткен емес, ондай нәтижеге жеткізіп көрген емес, тек банкрот болуға дейін жеткен жеке меншіктегі өнеркәсіпті мемлекет есебінен сауықтырып алу үшін ғана қызмет етіп келді,— әсем принциппен алдарқанып жүрген біздің мемлекеттік социалистердің, ақыр аяғында, осыны ұғынатын кезі келді емес пе»*.

Германияның буржуазияшыл экономистері осындай бағалы мойындаулар жасауға мәжбүр болып отыр. Біз бұл арада жеке меншік монополиялар мен мемлекеттік монополиялардың финанс капиталы дәуірінде қалай тұтасып, бірігіп жатқанын, мұның қай-қайсысы болса да іс жүзінде аса ірі монополистердің арасында дүние жүзін бөлісу жолындағы империалистік күрестің жекелеген буындары ғана екенін айқын көріп отырмыз.

Сауда кеме қатынасындағы шоғырланудың орасан зор өсуі де дүние жүзін бөлісуге әкеп соқты. Германияда аса ірі екі қоғам: «Гамбург—Америка» және «Солтүстік герман Ллойд» қоғамдары бөлініп шықты, екеуінің де 200 миллион маркадан капиталы (акциялары мен облигациялары), 185—189 миллион марка тұратын пароходтары бар. Екінші жағынан, 1903 жылы 1 январьда Америкада американ және ағылшын кеме компанияларын, 9 компанияны біріктірген және 120 миллион доллар (480 миллион марка) капиталы бар Морган тресі дейтін «Халықаралық теңіз саудасының компаниясы» құрылды. 1903 жылдың өзінде-ақ пайданы бөлісуге байланысты дүние жүзін бөлісіп алу туралы герман алыптары мен әлгі американ-ағылшын тресінің арасында шарт жасалды. Неміс қоғамдары Англия мен Американың арасындағы жүк тасу ісінде бәсекелесуден бас тартты. Кімге қандай гаваньдар «берілетіндігі» дәлме-дәл белгіленді, жалпы бақылау комитеті құрылды, т. т. Шарт 20 жылға жасалып, со-

* «Die Bank», 1912, 2, 629, 1036; 1913, 1, 388.

ғыс бола қалса, шарттың күші жойылады деп алдын ала ескертпе жасалды*.

Халықаралық рельс картелінің құрылу тарихы да өте-мөте сабақ аларлықтай. Ағылшын, Бельгия және неміс рельс заводтары 1884 жылдың өзінде-ақ, өнеркәсіп істерінің өте күшті құлдыраған кезінде мұндай картельді құруға бірінші рет әрекет жасады. Бұлар келісім жасасқан елдердің ішкі рыноктарында бәсекелеспеуге, ал сыртқы рынокты мынадай норма бойынша бөлісуге уағдаласты: Англияға 66%, Германияға 27% және Бельгияға 7%. Индия түгелдей Англияға берілді. Келісімнен шет қалған бір ағылшын фирмасына қарсы жаппай соғыс ашылды, мұның шығыны жалпы сатылған заттың белгілі проценті арқылы өтелді. Бірақ 1886 жылы, ағылшынның екі фирмасы бұл одақтан шыққаннан кейін, одақ тарап кетті. Бір қызығы, өнеркәсіптің кейінгі өрлеу кезеңдері тұсында келісімге келе алмады.

1904 жылдың басында Германияда болат синдикаты құрылды. 1904 жылғы ноябрьде халықаралық рельс картелі мынадай норма бойынша қайтадан қалпына келтірілді: Англияға — 53,5%, Германияға — 28,83%, Бельгияға — 17,67%. Сонан кейін Франция қосылды, оның нормасы бірінші, екінші және үшінші жылда 4,8%, 5,8% және 6,4% болды; мұнысы 100 проценттің үстіне, яғни соманың 104,8% және т. с. жағдайында болған еді. 1905 жылы Құрама Штаттардың «Болат тресі» («Болат корпорациясы»), сонан соң Австрия мен Испания қосылды. «Қазіргі уақытта,— деп жазды Фогельштейн 1910 жылы,— жер бөлініп бітті, ал ірі тұтынушылардың, ең алдымен мемлекеттік темір жолдардың,— дүние жүзі бөлініп біткендіктен және олардың мүдделерімен санаспағандықтан,— ақын сияқты, Юпитердің аспанынан түспей тұра беруіне болады»**.

Мұның үстіне 1909 жылы құрылған және өндіріс көлемін заводтардың бес тобына: неміс, Бельгия, француз, испан, ағылшын заводтарына дәлме-дәл бөліп берген халықаралық мырыш синдикатын еске сала кете-

* Риссер, аты аталған шығарма, 125-бет.

** Vogelstein. «Organisationsformen», 100-бет.

лік;— онан соңғы айта кететініміз — халықаралық оқ-дәрі тресі; Лифманның айтуынша, мұның өзі: «қопарғыш заттар жасап шығаратын барлық неміс фабрикаларының қазіргі мейлінше тығыз одағы, сонан соң ол дәл осылай ұйымдастырылған француз және американ динамит фабрикаларымен бірге бүкіл дүние жүзін өзара бөлісіп алды деуге болады»*.

Лифман 1897 жылы Германия қатысқан 40 халықаралық картель, ал 1910 жылдың қарсаңында 100-ге жуық картель болды деп есептеген.

Кейбір буржуазияшыл жазушылар (өзінің маркстік позициясын, мәселен, 1909 жылғы позициясын мүлдем сатып кеткен К. Каутский де қазір осыларға қосылып отыр) халықаралық картельдер, капиталдың интернационалдануының неғұрлым айқын көріністерінің бірі бола отырып, капитализм тұсында халықтар арасында бейбітшіліктің болуына үміттенуге мүмкіндік береді деген пікір білдірді. Бұл пікір теория жағынан барып тұрған сандырақ, ал практика жағынан — софизм және оңбаған оппортунизмді арамдықпен қорғаудың әдісі. Халықаралық картельдер қазір капиталистік монополиялардың қандай дәрежеге дейін өскенін және капиталистер одақтарының арасындағы күрес *не үшін* болып жатқанын көрсетеді. Осы кейінгі жағдай ең маңызды нәрсе; болып жатқан оқиғаның тарихи-экономикалық мағынасын бізге тек осы ғана ашып береді, өйткені, әр түрлі, біршама жеке және уақытша себептерге қарай, күрестің *формасы* үнемі өзгеріп отыруы мүмкін, өзгеріп те отыр, бірақ күрестің *мәні,* оның таптық *мазмұны* таптар өмір сүріп отырғанда қалайда өзгере *алмайды.* Мәселен, неміс буржуазиясының мүдделеріне бола осы күнгі экономикалық күрестің *мазмұнын* (дүние жүзін бөлісуді) бүркемелеу, сол күрестің біресе бір, біресе екінші *формасын* баса көрсету түсінікті, ал шынына келгенде өзінің теориялық пайымдауларында Каутский осы буржуазия жағына шығып кетті (бұл туралы төменде әлі де сөз болады). Каутский нақ осындай қате жіберіп отыр. Ал әңгіме, әрине,

* Liefmann. «Kartelle und Trusts», 2. A., 161-бет.

неміс буржуазиясы жайында емес, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы жайында болып отыр. Капиталистер дүние жүзін бөліске салғанда, мұны өздерінің ерекше бір зұлымдығынан істеп отырған жоқ, қайта шоғырланудың қол жеткен сатысы пайда табу үшін осы жолға түсуге оларды мәжбүр етеді; оның бер жағында, олар дүние жүзін «капиталына қарай», «күшіне қарай» бөліседі — товар өндірісі мен капитализм системасында бөлістің бұдан басқа әдісінің болуы мүмкін емес. Ал күш экономикалық және саяси дамуға қарай өзгеріп отырады; болып жатқан оқиғаны түсіну үшін қандай мәселелердің күштің өзгеруі арқылы шешілетінін білу керек, ал мұның өзі «таза» экономикалық өзгерістер ме әлде экономикалық өзгерістерден *тыс* па (мәселен, соғысқа байланысты өзгерістер ме), бұл — ең жаңа капитализм дәуірі жөніндегі негізгі көзқарастарды ешбір өзгерте алмайтын, екінші дәрежедегі мәселе. Капиталистердің одақтары арасындағы күрес пен мәмлеге келудің *мазмұны* туралы мәселені күрес пен мәмлеге келудің формасы (бүгін бейбіт, ертең бейбіт емес, бүрсігүні тағы да бейбіт емес) туралы мәселемен алмастыру — софистің роліне дейін құлдырау деген сөз.

Ең жаңа капитализм дәуірі бізге дүние жүзін экономикалық жағынан бөлісу *негізінде* капиталистердің одақтары арасында белгілі бір қатынастар қалыптасып отыратынын, ал сонымен қатар, осыған байланысты дүние жүзін территориялық жағынан бөлісу, отарлар үшін күресу, «шаруашылық территориясы үшін күресу» негізінде саяси одақтар, мемлекеттер арасында белгілі бір қатынастар қалыптасып отыратынын көрсетеді.

VI. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛАР АРАСЫНДА БӨЛІНУІ

Географ А. Супан «Европа отарларының территориялық дамуы» туралы кітабында* XIX ғасырдың аяғын-

---

* A. Supan. «Die territoriale Entwicklung der europäischen Kolonien». 1906, 254-бет (А. Супан. «Европа отарларының территориялық дамуы». *Ред.*).

да осы дамудың мынадай қысқаша қорытындысын келтіреді:

Европадағы отарлы державаларға (соның ішінде Құрама Штаттар да) қараған жер көлемінің проценті:

	1876	*1900*	Артқаны
Африкада	10,8%	90,4%	+79,6%
Полинезияда	56,8%	98,9%	+42,1%
Азияда	51,5%	56,6%	+ 5,1%
Австралияда	100,0%	100,0%	—
Америкада	27,5%	27,2%	— 0,3%

«Демек, бұл кезеңге тән белгі,— деп қорытады ол,— Африка мен Полинезияны бөлісу болып табылады». Азия мен Америкада бос жатқан, яғни ешбір мемлекеттің қарамағына жатпайтын жер жоқ болғандықтан, Супанның қорытындысын кеңітіп, былай деуге тура келеді: қарастырылып отырған кезеңге тән белгі — жердің біржолата бөлінуі, біржолата дегенде *қайта бөліс* болуы мүмкін емес деген мағынада айтылып отырған жоқ,— мұның керісінше, қайта бөлістің болуы мүмкін, болмай қоймайды да,— капиталистік елдердің отаршылдық саясаты біздің планетадағы бос жатқан жерлерді басып алуды *аяқтады* деген мағынада айтылып отыр. Дүние жүзі бірінші рет әбден бөлініп болды, сондықтан бұдан былай *тек* қайта бөлістер *ғана* болады, яғни қожайынсыздықтан «қожайынға» көшу емес, бір «иеден» екіншісіне ауысатын болады.

Демек, біз бүкіл дүние жүзілік отаршылдық саясаттың «капитализм дамуындағы ең жаңа сатымен», финанс капиталымен өте тығыз байланысты ерекше бір дәуірін бастан кешіріп отырмыз. Сондықтан бұл дәуірдің бұрынғы дәуірлерден айырмашылығын да, істің қазіргі уақыттағы жайын да мүмкіндігінше дәл анықтап алу үшін ең алдымен нақты деректерге толығырақ тоқталу қажет. Бұл арада ең алдымен: отаршылдық саясаттың күшеюі, отарлар үшін күрестің шиеленісуі нақ финанс капиталы дәуірінде байқала ма және осы жағынан алғанда қазіргі уақытта дүние жүзі нақ қалай бөлінген деген нақтылы екі сұрақ туады.

Американ жазушысы Моррис отарлау тарихы туралы кітабында* Англия, Франция және Германия отарлық иеліктерінің XIX ғасырдың әр кезеңіндегі көлемі туралы деректерді жинақтап көрсетуге тырысады[152]. Оның қысқартып алғандағы қорытындылары мынадай:

Отарлық иеліктердің көлемдері

Жылдар	Англиянікі: жер көлемі (миллион шаршы миль)	Англиянікі: халқы (миллион)	Францияныкі: жер көлемі (миллион шаршы миль)	Францияныкі: халқы (миллион)	Германиянікі: жер көлемі (миллион шаршы миль)	Германиянікі: халқы (миллион)
1815—1830	?	126,4	0,02	0,5	—	—
1860	2,5	145,1	0,2	3,4	—	—
1880	7,7	267,9	0,7	7,5	—	—
1899	9,3	309,0	3,7	56,4	1,0	14,7

Англияның отар басып алуының орасан күшейген кезеңі 1860—1880 жылдарға тура келеді, сондай-ақ XIX ғасырдың соңғы жиырма жылында өте елеулі болды. Франция мен Германияда да нақ осы жиырма жылдың ішінде орасан күшейді. Жоғарыда біз монополистік капитализмге дейінгі капитализмнің, еркін бәсеке басым болған капитализмнің ең кемеліне келіп өркендеген кезеңі 1860 және 1870 жылдар болғанын көрдік. Енді *нақ осы кезеңнен кейін* отар басып алудың орасан зор «өрлей» бастағанын, дүние жүзін территория жағынан бөлісу жолындағы күрес өте-мөте шиеленісkенін көріп отырмыз. Демек, мына факт: капитализмнің монополистік капитализм сатысына, финанс капиталына көшуі дүние жүзін бөлісу жолындағы күрестің шиеленісуіне *байланысты* екендігі күмәнсыз.

Империализм туралы шығармасында Гобсон 1884—1900 жылдардағы дәуірді Европаның басты-басты мемлекеттерінің «экспансиясы» (территориясын кеңейту) күшейген дәуір ретінде бөліп көрсеткен. Оның есебінше, сол уақыттың ішінде Англия 57 миллион халқы бар 3,7 миллион шаршы миль, Франция $36^1/_2$ миллион

---

* Henry. C. Morris. «The History of Colonization». N. Y., 1900, vol II. pp. 88. I, 419; II. 304 (Генри К. Моррис. «Отарлау тарихы». Нью-Йорк, 1900, II том, 88-бет; I, 419-бет; II, 304-бет. *Ред.*).

халқы бар 3,6 миллион шаршы миль, Германия 14,7 миллион халқы бар 1,0 миллион шаршы миль, Бельгия 30 миллион халқы бар 900 мың шаршы миль, Португалия 9 миллион халқы бар 800 мың шаршы миль отар алған. XIX ғасырдың аяғында, әсіресе 1880-жылдардан бастап, барлық капиталистік мемлекеттердің отар көбейтудің соңына түскендігі — дипломатия мен сыртқы саясат тарихындағы жалпыға мәлім факт.

Англияда еркін бәсекенің мейлінше өршіп тұрған дәуірінде, 1840—1860 жылдары, оның басшы буржуазияшыл саясатшылары отаршылдық саясатқа *қарсы* болған еді, отарларды азат ету, оларды Англиядан толық бөліп шығару сөзсіз болатын және пайдалы іс деп есептеген-ді. Өзінің 1898 жылы шыққан «ағылшынның ең жаңа империализмі» туралы мақаласында* М. Бер Англияның Дизраэли сияқты, жалпы айтқанда, империализмге бейім мемлекет қайраткерінің 1852 жылы: «Отарлар — біздің мойнымызға байланған диірмен тасы» дегенін көрсетеді. Ал XIX ғасырдың аяғында империализмді ашықтан-ашық уағыздап, империалистік саясатты асқан арсыздықпен жүргізген Сесиль Родс пен Джозеф Чемберлен Англияның бетке ұстаған сабаздары болды!

Ең жаңа империализмнің, былайша айтқанда, таза экономикалық және әлеуметтік-саяси түп-тамырларының байланысы ағылшын буржуазиясының бұл басшы саясатшыларына сол кездің өзінде-ақ айқын болғанына назар аудармауға болмайды. Чемберлен дүние жүзілік рынокта қазір Германияның, Американың, Бельгияның тарапынан Англия кездестіріп отырған бәсекені айрықша көрсете отырып, империализм «ақиқаттық, данышпандық және үнемді саясат» деп уағыздады. Капиталистер картельдерді, синдикаттарды, трестерді құра отырып, монополия аман сақтап қалады деген еді. Буржуазияның саяси көсемдері дүние жүзінің әлі бөлінбеген бөліктерін басып алып қалуға асығып, монополия аман сақтап қалады деп қосарласа кетті. Ал Сесиль Родс, оның сырлас досы, журналист Стэдтің

* «Die Neue Zeit», XVI, I, 1898, S. 302.

айтқанындай, өзінің империалистік идеялары жөнінде 1895 жылы оған былай депті: «Мен кеше Лондонның Ист-Эндінде (жұмысшылар кварталында) болып, жұмыссыздардың бір жиналысына қатыстым. Мен онда жапа-тармағай: нан, нан! деп шулаған тұрпайы сөздерді естігенде, үйге келе жатып, көргенім туралы ойға қалғанымда, империализмнің маңыздылығына бұрынғыдан гөрі көзім жетті... Менің арман еткен идеям — әлеуметтік мәселені шешу, атап айтқанда: Біріккен Корольдіктің қырық миллион халқын қырғынды азамат соғысынан құтқару үшін біз, отаршыл саясатшылар, халықтың артығын орналастыру үшін, фабрикалар мен рудниктерде өндірілетін товарларды өткізуге керекті жаңа облыстар алу үшін жаңа жерлерді қаратып алуымыз керек. Империя дегеніңіз құрсақ мәселесі дегенді мен әрдайым айтып келемін. Егер сіздер азамат соғысы болуын тілемесеңіздер, сіздер империалист болуларыңыз керек»*.

Миллионер, финанс королі, ағылшын-бур соғысына ең басты айыпкер Сесиль Родс 1895 жылы осылай деген; ал мұның империализмді қорғауы тек дөрекілеу, ұятсыздау, ал шын мәнінде Маслов, Зюдекум, Потресов, Давид мырзалардың, орыс марксизмінің негізін салушының және тағы сондайлардың «теорияларынан» мұның айырмашылығы жоқ. Сесиль Родс сәл адалырақ социал-шовинист болған...

Дүние жүзін территория жағынан бөлісуді және соңғы онжылдықтарда бұл жөнінде болған өзгерістерді мүмкіндігінше неғұрлым дәл бейнелеп беру үшін Супанның дүние жүзіндегі барлық державалардың отарлық иеліктері туралы мәселе жөніндегі аты аталған шығармасында берілген ақпарларды пайдаланайық. Супан 1876 және 1900 жылдарды алған; біз 1876 жылды—өте сәтті алынған пунктті аламыз, өйткені Батыс Европа капитализмінің монополияға дейінгі сатысының дамуы, жалпы және тұтас алғанда, нақ осы уақытқа қарай аяқталды деп есептеуге болады — және Супанның цифрларын Гюбнердің «Географиялық-статистикалық

* «Die Neue Zeit», XVI, I, 1898, S. 304.

кестелері» бойынша алынған неғұрлым жаңа цифрлармен ауыстырып, 1914 жылды аламыз. Супан тек отарларды ғана алған; біз — дүние жүзін бөлісу жайын толық білу үшін,— отар емес елдер туралы да, жартылай отарлар туралы да мәліметтерді қысқартып қосу пайдалы деп есептейміз, жартылай отарлар қатарына біз Персияны, Қытайды және Түркияны қосамыз: бұл елдердің біріншісі қазірдің өзінде түгел дерлік отарға айналды, екіншісі мен үшіншісі отарға айналып келеді[153].

Мынадай қорытынды шығады:

Ұлы державалардың отарлық иеліктері:
(миллион шаршы километр және миллион тұрғын)

	Отарлар				Метрополиялар		Барлығы	
	1876		1914		1914		1914	
	шаршы километр	тұрғын	шаршы километр	тұрғын	шаршы километр	тұрғын	шаршы километр	тұрғын
Англия	22,5	251,9	33,5	393,5	0,3	46,5	33,8	440,0
Россия	17,0	15,9	17,4	33,2	5,4	136,2	22,8	169,4
Франция	0,9	6,0	10,6	55,5	0,5	39,6	11,1	95,1
Германия	—	—	2,9	12,3	0,5	64,9	3,4	77,2
Құрама Штаттар	—	—	0,3	9,7	9,4	97,0	9,7	106,7
Жапония	—	—	0,3	19,2	0,4	53,0	0,7	72,2
6 ұлы державаның жиыны	40,4	273,8	65,0	523,4	16,5	437,2	81,5	960,6

Қалған державалардың (Бельгия, Голландия және басқалар) отарлары	9,9	45,3
Жартылай отарлар (Персия, Қытай, Түркия)	14,5	361,2
Қалған елдер	28,0	289,9
Бүкіл жер	133,9	1 657,0

Дүние жүзін бөлісудің XIX және XX ғасырлардың шекарасында қалай «аяқталғанын» біз осыдан айқын

көріп отырмыз. Отарлық иеліктер 1876 жылдан кейін орасан зор көлемде: аса ірі алты державада 40 миллион шаршы километрден 65 миллион шаршы километрге жетіп, бір жарым еседен астам ұлғайған; өсім 25 миллион шаршы километр болып, метрополиялардың ($16^1/_2$ миллион) жерінен бір жарым есе артып шыққан. 1876 жылы үш державаның ешқандай отары болмаған, ал төртіншісінің, Францияның, отары жоққа тән болған. 1914 жылға қарай осы төрт держава халқы 100 миллионға жуық 14,1 миллион шаршы километр жері бар отарға, яғни шамамен Европаның көлемінен бір жарым есе астам жерге ие болған. Отарлық иеліктің молаюындағы әркелкілік өте зор. Мәселен, жер көлемі және халқының саны жағынан онша айырмасы жоқ Францияны, Германияны және Жапонияны салыстыратын болсақ, бұл елдердің біріншісі екіншісі мен үшіншісін қосқаннан (жер көлемі жағынан) үш есе дерлік артық отарға ие болғанын көреміз. Ал финанс капиталының көлемі жағынан Франция осы қарастырып отырған кезеңнің басында Германия мен Жапония екеуін қоса алғандағыдан да бірнеше есе бай болған болуы мүмкін. Отарлық иеліктердің көлеміне, таза экономикалық жағдайлардан басқа, солардың негізінде, географиялық және басқа жағдайлар да әсер етеді. Ірі өнеркәсіптің, айырбастың және финанс капиталының тегеурінімен кейінгі ондаған жылдарда дүние жүзіндегі әркелкілікті жою, әр түрлі елдегі шаруашылық пен тіршілік жағдайларының теңгерілуі қаншама күшті болғанымен де, олардың арасында айырма аз қалып отырған жоқ, сөйтіп аталып өткен алты елдің ішінде, бір жағынан, жас, адам айтқысыз тез ілгері басып келе жатқан капиталистік елдер (Америка, Германия, Жапония) бар екенін көреміз; екінші жағынан — әлгілерге қарағанда ілгері басуы кейінгі уақытта әлдеқайда баяулау болған, капиталистік жолмен көптен дамып келе жатқан елдер (Франция мен Англия) бар; үшінші жағынан — экономика жағынан неғұрлым артта қалған, ең жаңа капиталистік империализмі, былайша айтқанда, капиталистік қатынастарға дейінгі қатынастардың қалың торымен шырмалып отырған ел (Россия) бар.

Біз былайша айтқанда, отарларды, бәлкім, болуы мүмкін «қайта бөліністің» ең жақын объектісі болып табылатын кішкене мемлекеттердің шағын отарларын ұлы державалардың отарлық иеліктерімен қатар қойып отырмыз. Бұл кішкене мемлекеттердің көбінесе өз отарларын сақтап отырған себебі, ірі мемлекеттердің арасында олжа бөлісу жөнінде келісімге келуге бөгет болып отырған мүдделер қайшылығы, кикілжің және басқа сондайлар болып отыр. Ал «жартылай отар» мемлекеттерге келсек, олар — табиғат пен қоғамның барлық саласында кездесе беретін өтпелі формалардың мысалы. Финанс капиталын барлық экономикалық және барлық халықаралық қатынастарда ірі және шешуші күш деуге болады, ол мейлінше толық саяси тәуелсіздігі бар мемлекеттерді де бағындыра алады және шынында бағындырып та отыр; біз қазір мұның мысалдарын көреміз. Бірақ, әлбетте, бағындырылушы елдер мен халықтардың саяси тәуелсіздігін жоғалтуына байланысты бағындырылуы финанс капиталына барынша «ыңғайлы» және барынша тиімді бағындыру болады. Бұл жөнінде жартылай отар елдерді әдеттегідей «әрі-сәрі» жағдайда деуге болады. Дүние жүзінің өзгесі бөлініп қойылған финанс капиталы дәуірінде осы жартылай тәуелді елдерді бөлісу жөніндегі күрестің шиеленісуге тиіс екені түсінікті.

Отаршылдық саясат пен империализм капитализмнің ең жаңа сатысына дейін де, тіпті капитализмге дейін де болған. Құлдыққа негізделген Рим отаршылдық саясат жүргізіп, империализмді жүзеге асырып отырған. Бірақ империализм туралы, қоғамдық-экономикалық формациялардың негізгі айырмашылығын ұмытатын немесе кейінгі қатарға шығаратын «жалпы» пайымдаулар «ұлы Римді ұлы Британиямен» салыстыру сияқты барып тұрған мағынасыздыққа немесе бөспелікке айналмай қоймайды*. Тіпті капитализмнің *бұрынғы* сатыларының капиталистік отаршылдық саяса-

* C. P. Lucas. «Greater Rome and Greater Britain». Oxf., 1912 (Ч. П. Лукас. «Ұлы Рим және Ұлы Британия». Оксфорд, 1912. *Ред.)* немесе Earl of Cromer. «Ancient and modern Imperialism». L., 1910. (Граф Кромер. «Ертедегі және қазіргі империализм». Лондон. 1910. *Ред.*).

тының финанс капиталының отаршылдық саясатынан елеулі айырмашылығы бар.

Ең жаңа капитализмнің негізгі ерекшелігі — аса ірі кәсіпкерлердің монополистік одақтарының үстемдік етуі. Мұндай монополиялар *барлық* шикізат көздері бір қолға алынғанда бәрінен де берік келеді, капиталистердің халықаралық одақтары қарсы жағының бәсекелесерлік мүмкіндігінің бәрін жою үшін, мәселен, темір рудасы бар жерлерді немесе мұнай көздерін және т. т. сатып алып қою үшін қаншама қажыр-қайрат жұмсайтынын көрдік те. Отарға ие болудың өзі қарсы жақпен күресте ұшырайтын кездейсоқтықтың бәрін, тіпті қарсы жақтың мемлекеттік монополия жайындағы заңды бетіне ұстамақ болғандығы сияқты кездейсоқтықты да монополиялардың жеңіп шығуына толық кепілдік береді. Капитализм неғұрлым жоғары дамыған сайын, шикізаттың жетіспеушілігі неғұрлым күшті сезілген сайын, бүкіл дүние жүзінде бәсеке және шикізат көздерін іздеу неғұрлым шиеленісе түскен сайын, отарлар алу жолындағы күрес соғұрлым күшейе түседі.

«Кейбіреулерге,— деп жазады Шильдер,— мүмкіп, сөкеттік болып көрінетін бір пікірді айтуға болады, ол пікір атап айтқанда мынадай: қала мен өнеркәсіп халқының азды-көпті таяу болашақта өсуіне азық-түлік заттарының жеткіліксіздігінен гөрі, өнеркәсіпке керекті шикізаттардың жеткіліксіздігі анағұрлым тезірек кедергі болуы мүмкін». Мәселен, ағаштың жеткіліксіздігі асқынып, бірден-бірге қымбаттап барады, тоқыма өнеркәсібіне керекті шикізаттың,— терінің,— жеткіліксіздігі асқынып барады. «Өнеркәсіпшілердің одақтары бүкіл дүние жүзі шаруашылығының көлемінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасында теңбетеңдік жасауға тырысады; мысал ретінде аса маңызды өнеркәсібі бар бірнеше мемлекеттерде мақта-мата фабриканттары одақтарының 1904 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан халықаралық одағын атап өтуге болады; одан соң, соның үлгісімен 1910 жылы құрылған кендір-кенеп тоқымашылары европалық одақтарының одағын атап өтуге болады»*.

* Schilder, аты аталған шығарма, 38—42-беттер.

Әрине, буржуазияшыл реформистер, олардың ішінде әсіресе қазіргі каутскийшілдер мұндай фактілердің маңызын әлсіретуге тырысады, тырысқанда олар шикізатты «қымбатқа түсетін және қатерлі» отаршылдық саясатсыз-ақ рынокта тауып алуға «болар еді», жалпы алғанда ауыл шаруашылығының жағдайларын «жай ғана» жақсартудың өзімен-ақ шикізат ұсынуды орасан мол арттыруға «болар еді» дейді. Бірақ мұндай нұсқаулар империализмнің апологетикасына, оны әрлендіріп көрсетуге айналады, өйткені бұл нұсқаулар ең жаңа капитализмнің басты ерекшелігін —монополияларды— естен шығаруға негізделген. Барған сайын еркін рыноктың өмірі өтіп барады, монополистік синдикаттар мен трестер күн санап оның өрісін тарылтып отыр, ал ауыл шаруашылығының жағдайларын «жай ғана» жақсарту — бұқараның жағдайын жақсарту, жалақыны арттыру және пайданы азайту деген сөз. Отарлар жаулап алудың орнына бұқараның жағдайына қамқорлық жасай алатын трестер тәтті тілді реформистердің қиялдарында болмаса, басқа қай жерде бар?

Финанс капиталы үшін қазіргі ашылған шикізат көздері ғана емес, сонымен қатар болуы мүмкін шикізат көздерінің де маңызы бар, өйткені бұл күнде техника адам айтқысыз шапшаң өсуде, егер жаңа тәсілдер табылса (ал ірі банк бұл үшін инженерлердің, агрономдардың және басқалардың арнайы экспедициясын жабдықтай алады), егер көп капитал жұмсалса, бүгінгі жарамсыз жерлер ертең жарамды болып шыға алады. Минералды байлықтар жөніндегі барлау, белгілі бір шикізаттарды өңдеп, пайдаға асырудың жаңа әдістері, т. т. және т. с. туралы да осыны айтуға болады. Финанс капиталының шаруашылық территориясын, тіпті жалпы территорияны ұлғайтуға сөзсіз тырысуы осыдан келіп шығады. Келешектегі (қазіргі емес) «ықтимал» пайдаларын ескеріп, монополияның бұдан былайғы нәтижелерін ескеріп, трестердің өз мүлкін екі есе немесе үш есе бағалап капиталдандыратыны сияқты, жалпы финанс капиталы да мүмкін болатын шикізат көздерін ескеріп, дүние жүзінің бөлінбеген ең соңғы бөлектерін бөлісу үшін немесе қазірдің өзінде бөлінген бөлектерін

қайта бөліске салу үшін арпалысқан күресте артта қалып қоюдан қорқып, қандай болса да, қайдан болса да, қалай болса да жерді неғұрлым көбірек басып алуға тырысады.

Ағылшын капиталистері *өз* отарында, Египетте, мақта өндірісін өркендетуге барынша тырысуда — 1904 жылы Египеттегі 2,3 миллион гектар егістік жердің сол кезде-ақ 0,6 миллион гектарына, яғни төрттің бірінен астамына мақта егілді;—орыстар өз отарында, Түркістанда, мақта өндірісін өркендетуге барынша тырысуда, өйткені осылай еткенде олар өздерінің шетелдік бәсекелестерін оңай жеңе алады, шикізат көздерін монополияландыруға оңай жете алады, мақтаны өндіру мен өңдеудің *барлық* сатыларын бір қолға қарататын «құрама» өндірісі бар неғұрлым үнемді және пайдалы тоқыма тресін жасауға оңай жете алады.

Сонымен бірге шетке капитал шығару мүдделері де отарлар жаулап алуға итермелеп отырады, өйткені монополистік жолдар арқылы бәсекелесті жеңу, өзіне заттың жеткізіліп тұруын қамтамасыз етіп алу, тиісті «байланыстарды», т. б. нығайту отарлық рынокта оңайырақ (кейде тек сонда ғана мүмкін) болады.

Финанс капиталының негізінде өсіп шығатын экономикадан тыс қондырма, оның саясаты, оның идеологиясы отар басып алуға тырысуды күшейтеді. «Финанс капиталының тілейтіні бостандық емес, үстемдік» дегенде Гильфердинг әділ айтады. Ал Сесиль Родстың жоғарыда келтірілген пікірлерін* дамытып, толықтырғандай болып, француздың буржуазияшыл бір жазушысы былай деп жазады: қазіргі отаршылдық саясаттың экономикалық себептеріне әлеуметтік себептерді де қосу керек, «өмір күрделілігі өсуінің және жұмысшылар бұқарасының ғана емес, сонымен қатар орташа таптардың да еңсесінен басып отырған қиыншылықтардың салдарынан, ескіден келе жатқан цивилизациялы елдердің бәрінде «қоғам тыныштығына қауіп туғызатын сабырсыздық, ызақорлық, өшпенділік өршіп

* Қараңыз: осы том, 411—412-беттер. *Ред.*

келеді; белгілі бір таптық арнадан тасып шыққан күш-қуат өсіп келеді, бұл күш-қуатты қолдана білу керек, елдің өз ішінде жарылыс болмау үшін оған елден тыс жерден жұмыс тауып беру керек»»*.

Әңгіме капиталистік империализм дәуіріндегі отаршылдық саясат туралы болып отырғандықтан финанс капиталы және соған сәйкес халықаралық саясаттың, дүние жүзін ұлы державалардың экономикалық және саяси жағынан бөлісіп алу жолындағы күресіне келіп тірелетін саясаттың мемлекеттік тәуелділіктің толып жатқан *өтпелі* формаларын туғызатынын атап көрсете кету қажет. Бұл дәуірге тек елдердің негізгі екі тобы ғана: отарлары бар елдер мен отарлар ғана тән емес, сонымен қатар саяси, ресми дербес, іс жүзінде финанс және дипломатия жағынан тәуелділіктің торына шырмалған тәуелді елдердің әр алуан формалары да тән. Бұл формалардың бірін — жартылай отарларды — біз жоғарыда көрсетіп өткенбіз. Екіншісінің үлгісі, мәселен, Аргентина болып табылады.

«Оңтүстік Американың, әсіресе Аргентинаның,— деп жазады Шульце-Геверниц өзінің британ империализмі туралы шығармасында,— Лондонға финанс жағынан тәуелділігі соншалық, оны ағылшынның сауда отары деуге де болады»**. Австро-Венгрияның Буэнос-Айрестегі консулының 1909 жылғы хабарлары бойынша, Англияның Аргентинада орналастырған капиталын Шильдер $8^3/_4$ миллиард франк деп есептеген. Осының арқасында Англияның финанс капиталы — және оның сенімді «досы», дипломатия — Аргентинаның буржуазиясымен, оның бүкіл экономикалық және са-

* Wahl. «La France aux colonies» (Валь. «Отарлардағы Франция». *Ред.*), цитат мынадан алынған: Henri Russier. «Le Partage de l'Océanie». P., 1905, p. 165 (Анри Рюссье. «Океанияны бөлісу». Париж, 1905, 165-бет. *Ред.*).

** Schulze-Gaevernitz. «Britischer Imperialismus und englischer Freihandel zu Beginn des 20-ten Jahrhunderts». Lpz., 1906, 318-бет (Шульце-Геверниц. «Британ империализмі және ағылшынның 20-ғасырдың басындағы еркін саудасы». Лейпциг. 1906. *Ред.*). Sartorius v. Waltershausen де солай дейді: «Das volkswirtschaftliche System der Kapitalanlage im Auslande». Berlin. 1907. S. 46 (Сарториус фон Вальтерсхаузен. «Шетелге капитал орналастырудың халық шаруашылық системасы». Берлин, 1907, 46-бет. *Ред.*).

яси өмірін басқарушы топтармен қандай берік байланыс жасай алатынын шамалау қиын емес.

Финанс және дипломатия жағынан тәуелділіктің біраз басқаша формасын саяси жағынан тәуелсіз Португалияның мысалынан көре аламыз. Португалия — дербес, суверенді мемлекет, бірақ іс жүзінде 200 жылдан астам уақыт бойы, испан мұрагерлігі үшін болған соғыстан (1701—1714) бері, ол Англияның протектаратында болып келеді. Англия өзінің қарсыластары — Испаниямен, Франциямен күресте өз позициясын нығайту үшін Португалияны және оның отарлық иеліктерін қорғап отырды. Мұның есесіне Англия тиімді сауда жасауға мүмкіндік алып, Португалияға және оның отарларына товар шығару үшін, әсіресе капитал шығару үшін жақсы жағдайларға ие болды, Португалияның гаваньдары мен аралдарын, кабельдерін, т. т. және т. с. пайдалануға мүмкіндік алды*. Кейбір ірі және ұсақ мемлекеттердің арасында мұндай қатынастар әрқашан болып отырған, бірақ капиталистік империализм дәуірінде бұлар жалпыға ортақ системаға айналады, «дүние жүзін бөлісу» қатынастары жиынтығына бір бөлік ретінде қосылып, бүкіл дүние жүзілік финанс капиталы операцияларының буынына айналады.

Дүние жүзін бөлісу туралы мәселені аяқтау үшін енді біз мынаны көрсете кетуіміз керек. Бұл мәселені XIX ғасырдың ең аяғы мен XX ғасырдың басында әбден ашық және айқын көтерген испан-американ соғысынан кейінгі американ әдебиеті және ағылшын-бур соғысынан кейінгі ағылшын әдебиеті ғана емес, бұл фактіні ұдайы бағалап отырған, «британ империализмін» өзгелерден гөрі «қызғана» қадағалап келген неміс әдебиеті ғана емес. Француз буржуазиялық әдебиетінде де бұл мәселе буржуазиялық көзқарас бойынша мүмкін болғанынша жеткілікті түрде айқын да кең көлемде қойылды. Бұл жөнінде тарихшы Дриоға жүгінуге болады: ол «XIX ғасырдың аяғындағы саяси және әлеуметтік проблемалар» деген кітабының «ұлы держава-

---

* Шильдер, аты аталған шығарма, I том, 160—161-беттер.

лар және дүние жүзін бөлісу» туралы тарауында былай деп жазды: «Соңғы жылдардың ішінде, Қытайды қоспағанда, басқа жердегі бос орындардың бәрін Европа мен Солтүстік Америка державалары алып болды. Осы негізде таяу болашақтағы неғұрлым сұрапыл дүмпулердің хабаршысы болып табылатын бірнеше жанжалдар мен ықпалдар ауысуы болып та өтті. Өйткені асығуға тура келеді: өзін қамтамасыз етпеген ұлттардың өз үлесін ешқашан ала алмай қалу қаупі бар және келесі (ягни XX) ғасырдың аса елеулі фактісінің бірі болатын жерді орасан мол пайдалануға қатыса алмай қалу қаупі бар. Міне, сондықтан да бүкіл Европа мен Американы соңғы уақытта отарларды кеңейтудің, XIX гасыр аяғына тамаша тән белгі болған «империализмнің» кеселі жайлап алды». Сонан соң автор былай деп қосады: «Дүние жүзін осы бөлісу, жердегі мол қазыналар мен ірі рыноктарга ие болу үшін осылайша жанталасу кезінде осы XIX гасырда құрылған империялардың салыстырмалы күші сол империяларды құрған ұлттардың Европада алып отырған орындарына мүлдем сай келмейді. Европада басым болып отырган, соның тағдырын шешуші державалар бүкіл дүние жүзінде де сондай үстем болып отырган *жоқ*. Ал отар жағынан құдіретті болу, әлі есепке алынбаған байлықтарға ие болу үміті Европа державаларының салыстырмалы күшіне өзінің бейнеленген әсерін тигізетіндігі анық, сондықтан да Европаның өзінің саяси жагдайларын қазірдің өзінде өзгертіп жіберген отар мәселесі,— керек десеңіз, тіпті «империализм»— сол жағдайларды барған сайын үсті-үстіне өзгерте бермекші»*.

VII. ИМПЕРИАЛИЗМ — КАПИТАЛИЗМНІҢ ЕРЕКШЕ САТЫСЫ

Біз енді белгілі бір қорытындылар жасауға, империализм туралы жоғарыда айтылғандарды бір жерге жинақтауға тырысуымыз керек. Империализм жалпы алғанда капитализмнің негізгі қасиеттерінің дамуы және

---

* J.-E. Driault. «Problèmes politiques et sociaux». P., 1900, 299-бет (Ж.-Э. Дрио. «Саяси және әлеуметтік проблемалар». Париж. *Ред.*).

тікелей жалғасы ретінде өсіп шықты. Бірақ капитализм өз дамуының белгілі бір, өте жоғары сатысында ғана, капитализмнің кейбір негізгі қасиеттері өзінің қарама-қарсылығына айнала бастаған кезде, капитализмнен неғұрлым жоғары қоғамдық-экономикалық укладқа өтпелі дәуірдің белгілері барлық жағынан қалыптасып, аңғарылған кезде ғана капиталистік империализмге айналды. Бұл процестің экономикалық негізгі жері—капиталистік еркін бәсекенің капиталистік монополияларға ауысқандығы. Еркін бәсеке — капитализмнің және жалпы алғанда товар өндірісінің негізгі қасиеті; монополия — еркін бәсекенің тұп-тура қарама-қарсылығы, бірақ осы еркін бәсекенің өзі біздің көз алдымызда монополияға айнала бастады, ол ірі өндірісті туғызды, ұсақ өндірісті ығыстырып шығарып, ірі өндірісті аса ірі өндіріспен ауыстырды, өндіріс пен капиталдың шоғырлануын бұдан монополия: картельдер, синдикаттар, трестер, талай миллиардтарды күреп алып отырған бас-аяғы он шақты банктің бұлармен қосылған капиталы өсіп шыққан және өсіп шыға алатын дәрежеге жеткізді. Сонымен бір мезгілде монополиялар еркін бәсекеден өсіп шығып, оны жоймайды, қайта еркін бәсекенің үстінде және сонымен қатар өмір сүреді, сөйтіп осы арқылы бірқатар мейлінше шиеленіскен және қатты қайшылықтар, кикілжіңдер, жанжалдар туғызады. Монополия — капитализмнен неғұрлым жоғары құрылысқа өту.

Егер империализмге мүмкіндігінше неғұрлым қысқа анықтама беру қажет болса, онда империализм дегеніміз капитализмнің монополистік сатысы деу керек болар еді. Мұндай анықтама ең басты нәрселерді қамтыған болар еді, өйткені, бір жағынан, финанс капиталы дегеніміз монополистік азып-аулақ ең ірі банктердің өнеркәсіпшілердің монополистік одақтарының капиталымен қосылған банк капиталы; ал екінші жағынан, дүние жүзін бөлісу дегеніміз бірде-бір капиталистік держава басып алмаған облыстарға кедергісіз өрістетіле беретін отаршылдық саясаттан ақтығына дейін бөлініп алынған жер территориясына монополиялық иеліктің отаршылдық саясатына өту болып табылады.

Басты нәрсені тұжырымдап бере алатын тым қысқа апықтамалар қаншама ыңғайлы десек те,— анықталуға тиіс құбылыстың өте-мөте елеулі белгілерін солардың ішінен ерекше көрсету керек болғандықтан да бұл анықтама жеткіліксіз. Сондықтан, құбылыстың толық даму жағдайындағы оның жан-жақты байланыстарын ешқашан қамти алмайтын жалпы барлық анықтамалардың шартты және относительді маңызын еске ала отырып, империализмнің мынадай негізгі бес белгісін қамти алатын анықтамасын беру керек: 1) өндіріс пен капиталдың шоғырлапуы дамудың жоғары сатысына жеткені соншалық, ол шаруашылық өмірде шешуші роль атқаратын монополияларды туғызды; 2) банк капиталының өнеркәсіп капиталымен қосылып, осы негізде «финанс капиталының», финанс олигархиясының туУы; 3) шетке товар шығарылуынан гөрі капиталдың шығарылуы мейлінше зор маңызға ие болады; 4) капиталистердің дүние жүзін бөлісуші халықаралық монополистік одақтары құрылады және 5) аса ірі капиталистік державалардың жерді территория жағынан бөлісуі аяқталды. Империализм дегеніміз монополиялар мен финанс капиталының үстемдігі орнаған, шетке капитал шығарудың маңызы өте күшейген, дүние жүзін халықаралық трестердің бөлісуі басталған және жер жүзінің бүкіл территориясын аса ірі капиталистік елдердің бөлісіп алуы аяқталған уақыттағы даму сатысында тұрған капитализм.

Егер тек негізгі таза экономикалық ұғымдарды ғана (жоғарыда келтірілген анықтама осылармен ғана шектеледі) емес, капитализмнің қазіргі сатысының жалпы капитализм жөніндегі тарихи орнын немесе империализм мен жұмысшы қозғалысындағы негізгі екі бағыттың қатынасын ескеретін болсақ, империализмді басқаша қалай анықтауға болатынын және басқаша қалай анықталуға тиіс екенін біз төменде әлі де көреміз. Жоғарыда көрсетілген мағынада ұғылып отырған империализмнің капитализм дамуының ерекше сатысы болып табылатындығы даусыз екенін дәл қазір көрсете кетуіміз керек. Оқушыға мүмкін болғанынша империализм туралы неғұрлым толық негізделген түсінік беру үшін

біз капитализмнің ең жаңа экономикасындағы мейлінше даусыз айқындалған фактілерді мойындауға мәжбүр болған *буржуазияшыл* экономистердің пікірлерін неғұрлым көбірек келтіруге әдейі тырыстық. Банк капиталының және т. т. нақ қандай дәрежеге жетіп өскенін, санның сапаға айналғандығы, дамыған капитализмнің империализмге айналғандығы дәл неден аңғарылғанын көруге мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі статистикалық деректер де нақ осы мақсатпен келтірілді. Әрине, жаратылыс пен қоғамдағы шек деген нәрсенің бәрі де шартты және өзгермелі екендігін айтып жатудың да қажеті жоқ, мәселен, империализм қай жылы немесе қай онжылдықта «біржола» орнағаны жөнінде дауласып жатудың өзі дұрыс болмас еді.

Бірақ империализмге анықтама беру туралы ең алдымен Екінші Интернационал дәуірі дейтін дәуірдің, яғни 1889—1914 жылдар арасындағы 25 жылдың, басты маркстік теоретигі К. Каутскиймен дауласуға тура келеді. Империализмге біз берген анықтамада көрсетілген негізгі идеяларға Каутский 1915 жылы да, тіпті 1914 жылғы ноябрьде де мейлінше үзілді-кесілді қарсы шықты, ол былай деп мәлімдеді: империализм деп шаруашылықтың «фазасын» немесе сатысын ұғынбау керек, саясатты, атап айтқанда, финанс капиталы «артық көретін» белгілі бір саясатты ұғыну керек, империализмді «қазіргі капитализммен» «бірдей деуге» болмайды, егер «қазіргі капитализмнің барлық құбылыстарын» — картельдерді, протекционизмді, финансистердің үстемдігін, отаршылдық саясатты — империализм деп ұғынатын болсақ, онда капитализм үшін империализмнің қажеттігі туралы мәселе «барып тұрған жайдақ қайталаудың» өзі болады да қояды, өйткені онда «империализмнің капитализм үшін өмір сүру қажеттігі болып табылатыны табиғи нәрсе» және т. т. Каутскийдің империализмге берген, біздің баяндап отырған идеяларымыздың мәніне тікелей қарсы бағытталған (өйткені бірқатар жылдар бойына мұндай идеяларды жүргізіп келген неміс марксистері лагеріндегі қарсылықтар марксизмдегі белгілі бір ағымның қарсылықтары ретінде Каутскийге көптен мәлім) анықтамасын

келтірсек, біз оның пікірін бәрінен де дәлірек көрсетіп береміз.

Каутскийдің анықтамасы мынадай:

«Империализм — жоғары дәрежеде дамыған өнеркәсіптік капитализмнің жемісі. Оның мәні әрбір өнеркәсіпті капиталистік ұлттың *аграрлық* (курсив Каутскийдікі) облыстарды, қандай ұлттар мекендегеніне қарамастан, барған сайын өзіне көбірек қосып алуға немесе бағындыруға тырысуында болып отыр»*.

Бұл анықтама тіпті де түкке тұрмайды, өйткені ол сыңаржақ анықтама, яғни ол беталды, тек жалғыз ұлт мәселесін ғана (бұл мәселенің өзін алсақ та, оның империализмге қатынасын алсақ та өте маңызды мәселе болғанымен) бөліп көрсетіп отыр, оны өзге ұлттарды аннексиялаушы елдердегі өнеркәсіп капиталымен *ғана* беталды және *теріс* байланыстырады, сондай-ақ аграрлық облыстарды аннексиялауды да беталды және теріс көрсетеді.

Империализм дегеніміз аннексияларға ұмтылу — Каутскийдің анықтамасының *саяси* жағы, міне, осыған келіп саяды. Бұл жағы дұрыс, бірақ бұл тіпті де толық емес, өйткені саяси жағынан алғанда империализм — жалпы зорлық пен реакцияға ұмтылушылық. Алайда, біздің бұл арада шұғылданып отырғанымыз — істің *экономикалық* жағы, мұны *өзінің* анықтамасына Каутскийдің *өзі* енгізген. Каутскийдің анықтамасының терістігі бадырайып-ақ тұр. Империализмге өнеркәсіп капиталы *емес, қайта* финанс капиталы тән. Францияда өнеркәсіп капиталы әлсіреп, *финанс* капиталының ерекше тез өркендеуі өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап аннексионистік (отаршылдық) саясаттың тым шиеленісуін туғызуы кездейсоқтық болған жоқ. Империализмге аграрлық облыстарды *ғана* аннексиялау *емес,* сонымен қатар нағыз өнеркәсіпті облыстарды да аннексиялауға ұмтылушылық (Германияның Бельгияға тәбетінің шабуы, Францияның Лотарингияға тәбетінің шабуы) тән, өйткені, 1-ден, жердің бөлініп болғандығы *қайта бөлісте қандай* жерге *болса да* қол созуға

* «Die Neue Zeit», 1914, 2 (32-том), 909-бет, 11 сентябрь, 1914 ж. Салыстырыңыз: 1915, 2, 107 және келесі беттер.

мәжбүр етеді; 2-ден, империализм үшін бірнеше ірі державалардың гегемонияға ұмтылудағы, яғни жерді тура өзі үшін басып алудан гөрі, қарсы жақты әлсіретіп, *оның* гегемониясын ақсату үшін басып алуға ұмтылудағы жарысы маңызды нәрсе (Германия үшін Англияға қарсы тірек пункт ретінде Бельгия өте маңызды; Англия үшін Германияға қарсы тірек пункт ретінде Бағдат өте маңызды және т. т.).

Каутский әсіресе — және әлденеше рет — империализм деген сөздің таза саяси маңызын өзі, Каутский, көрсеткен мағынада белгілеп берді-міс деп ағылшындарды тілге тиек етеді. Ағылшын Гобсонды алайық, оның 1902 жылы шыққан «Империализм» деген шығармасынан мынаны оқимыз:

«Жаңа империализмнің ескі империализмнен айырмашылығы, біріншіден, ол өсіп келе жатқан бір империяның талаптарының орнына бәсекелес империялардың теориясы мен практикасын қояды, ол империялардың әрқайсысының бірдей көксегені — саяси өрісін ұлғайту және коммерциялық пайда табу; екіншіден, сауда мүдделерінен финанс мүдделері немесе капитал орналастыру жөніндегі мүдделер басым болады»*.

Біз Каутскийдің жалпы алғанда ағылшындарды тілге тиек етуі іс жүзінде мүлде теріс екенін көріп отырмыз (ол, мүмкін, ағылшынның тұрпайы империалистерін немесе империализмнің тікелей апологеттерін тілге тиек ете алар). Біз Каутскийдің, әлі де болса марксизмді жақтаудан дәмелене отырып, іс жүзінде *социал-либерал* Гобсонға қарағанда бір адым кейін шегінгенін көріп отырмыз, ал Гобсон қазіргі империализмнің «тарихи-нақтылы» (Каутский өзінің анықтамасы арқылы дәл тарихи нақтылықты қорлап отыр!) екі ерекшелігін: 1) *бірнеше* империализмнің бәсекесін және 2) саудагерден финансистің басым екенін *дұрысырақ* ескеріп отыр. Ал егер әңгіме ең алдымен өнеркәсіпті елдің аграрлық елді аннексиялауы жайында болса, онда мұның өзі саудагердің рөлін басым етіп көрсеткендік болады.

---

* Hobson. «Imperialism», L., 1902, p. 324.

Каутскийдің анықтамасы тек теріс анықтама ғана емес, сонымен қатар маркстік те анықтама емес. Бұл анықтама барлық жағынан маркстік теориядан да, маркстік практикадан да қол үзген көзқарастардың тұтас бір системасына негіз болып отыр, бұл туралы төменде әлі де әңгіме болады. Каутский көтерген: капитализмнің ең жаңа сатысын империализм деп атау керек пе әлде финанс капиталының сатысы деп атау керек пе деген сөздер туралы талас мүлдем мағынасыз. Қалай атасаңыз, олай атаңыз; мұның бәрі бір. Істің мәні Каутскийдің аннексияны финанс капиталы «артық көретін» саясат ретінде түсіндіріп және дәл сол финанс капиталы негізінде болуы мүмкін тәрізді басқа бір буржуазиялық саясатты соған қарсы қойып, империализмнің саясатын оның экономикасынан бөліп тастайтынында болып отыр. Экономикадағы монополиялар саясаттағы монополистік емес, зорлықты емес, басқыншылық емес әрекеттермен сыйыса беретін сияқты болып шығады. Дәл финанс капиталы дәуірінде аяқталып, аса ірі капиталистік мемлекеттер арасындағы бақталастықтың қазіргі формаларының ерекшелігіне негіз болып отырған дүние жүзін территория жағынан бөлісудің өзі империалистік емес саясатпен сыйыса беретін сияқты болып шығады. Сонымен, капитализмнің ең жаңа сатысының ең негізгі қайшылықтарының тереңдігін ашып көрсетудің орнына оларды күңгірттеу, бәсеңдету болып шығып отыр, марксизмнің орнына буржуазиялық реформизм болып шығып отыр.

Каутский империализм мен аннексияның неміс апологеті Куновпен дауласады; ал Кунов болса дөрекілікпен және арсыздықпен: империализм дегеніміз қазіргі капитализм; капитализмнің дамуы — болмай қоймайтын және прогресті нәрсе; демек, империализм прогресті нәрсе; демек, империализм алдында құрдай жорғалап, оны мадақтау керек деп пайымдайды! Мұның өзі 1894—1895 жылдарда халықшылдардың орыс марксистеріне қарсы суреттеген: егер марксистер Россияда капитализмнің болуы сөзсіз және ол прогресті нәрсе дейтін болса, онда олар кабак ашып, капитализмді орнатуға кірісе берсін деген карикатурасы сияқты бірдеңе.

Каутский Куновқа қарсы шығып: жоқ, империализм қазіргі капитализм емес, қазіргі капитализм саясатының бір формасы ғана, ал біз осы саясатқа қарсы, империализмге қарсы, аннексияға және т. т. қарсы күресе аламыз және күресуге тиіспіз дейді.

Бұл қарсылық орынды сияқты болып көрінеді, ал іс жүзінде мұның өзі империализммен ымыраға келуді неғұрлым астарлап, неғұрлым бүркемелеп (сондықтан да неғұрлым қауіпті) уағыздау болып табылады, өйткені трестер мен банктердің саясатына қарсы, сол трестер мен банктер экономикасының негіздеріне тиіспейтін «күрес» жүргізу, сайып келгенде, буржуазиялық реформизм мен пацифизм ғана, мейірімді және бейкүнә тілек қана. Болып отырған қайшылықтардан сөзбен құтылу, қайшылықтардың бүкіл болмысын ашудың орнына, олардың ішіндегі ең маңыздыларын ұмыту — Каутскийдің марксизмге ешбір жанаспайтын теориясы, міне, осы. Ал мұндай «теория» тек Куновтармен бірігу идеяларын қорғауға ғана қызмет ететіні түсінікті!

«Таза экономикалық тұрғыдан алғанда,— деп жазады Каутский,— капитализмнің тағы да бір жаңа фазаны, картельдер саясатын сыртқы саясатқа көшіруді, әсіре империализм фазасын»*, яғни астам империализм фазасын, бүкіл дүние жүзі империализмдерінің күресі емес, бірігу фазасын, капитализм тұсында соғыстардың тоқталу фазасын, «интернационалдық-бірлескен финанс капиталының дүние жүзін ортақтаса қанау» фазасын «басынан кешіруі мүмкін емес деуге болмайды»**.

Мұның марксизмнен қаншалықты үзілді-кесілді және біржолата қол үзгендік екенін толық көрсету үшін осы «әсіре империализм теориясына» біздің төменде әдейілеп тоқтауымызға тура келеді. Ал бұл арада, осы очерктің жалпы жоспарына сәйкес, осы мәселеге қатысы бар дәлме-дәл экономикалық деректерге көз жіберіп өтуіміз керек. «Таза экономикалық тұрғыдан алғанда» «әсіре империализм» мүмкін бе әлде бұл әсіре түкке тұрғысыз нәрсе ме?

---

* «Die Neue Zeit», 1914, 2 (32-том), 921-бет, 11 сентябрь, 1914 ж. Салыстырыңыз: 1915, 2, 107 және келесі беттер.

** «Die Neue Zeit», 1915, 1, 144-бет, 30 апрель, 1915.

Егер таза экономикалық тұрғыдан дегенді «таза» абстракция деп ұғатын болсақ, онда әңгіменің бәрі де мынадай қағидаға келіп тіреледі: даму монополияларға қарай, демек, бүкіл дүние жүзілік бір монополияға, бүкіл дүние жүзілік бір треске қарай беттеп келеді. Бұған дау жоқ, бірақ осының өзі «даму» лабораторияларда тағамдық заттар өндіруге қарай «беттеп келеді» деген сияқты мүлде мағынасыз да нәрсе. Осы мағынада алғанда «әсіре егіншілік теориясы» қандай сандырақ болса, әсіре империализм «теориясы» да сондай сандырақ.

Ал егер финанс капиталы дәуірінің, XX ғасырдың бас кезіне жататын тарихи-нақтылы дәуірдің «таза экономикалық» жағдайлары туралы айтатын болсақ, онда «әсіре империализмнің» өлі абстракцияларына (біріңғай реакциялық мақсатқа: назарды *болып отырған* қайшылықтардың тереңдігінен басқа жаққа аударып жіберуге ғана қызмет етуші абстракцияларға) ең жақсы жауап — оларға қазіргі бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың нақтылы-экономикалық шындығын қарама-қарсы қою болады. Айта кетелік, Каутскийдің әсіре империализм туралы өте мағынасыз сөздері барып тұрған қате және империализм апологеттерінің диірменіне су құятын пікірді — финанс капиталының үстемдігі бүкіл дүние жүзілік шаруашылық ішіндегі әркелкілік пен қайшылықтарды *бәсеңдетеді*-міс деген пікірді көтермелейді, ал іс жүзінде финанс капиталының үстемдігі бұларды *күшейтіп отырады*[154].

Р. Кальвер өзінің «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылыққа кіріспе»* деген шағын кітапшасында XIX және XX ғасырлар аралығында бүкіл дүние жүзілік шаруашылық ішіндегі қарым-қатынастардың қандай екенін нақты білуге мүмкіндік беретін басты-басты таза экономикалық деректерді келтіруге әрекет жасаған. Ол бүкіл дүние жүзін 5 «басты-басты шаруашылық облысына»: 1) орта европалық (Россия мен Англиядан басқа бүкіл Европа); 2) британиялық; 3) россиялық; 4) шығыс азиялық және 5) американдық облыстарға бөледі;

* R. Calwer. «Einführung in die Weltwirtschaft». Brl., 1906.

отарларды оларға ие болып отырған мемлекеттердің «облысына» қосады, және де облыстарға бөлінбеген біраз елдерді, мәселен, Азиядағы Персияны, Ауғанстанды, Арабияны, Африкадағы Марокко мен Абиссинияны және т. с. елдерді «шет қалдырады».

Оның бұл облыстар туралы көрсеткен қысқаша экономикалық деректері мынадай:

Дүние жүзіндегі басты-басты шаруашылық облыстар	Жер көлемі	Халқы	Қатынас жолдары		Саудасы	Өнеркәсібі		
						өндірілетіні		
	миллион шаршы километр	(миллион)	темір жол (мың километр)	сауда флоты (миллион тонналық)	(шеттен әкелетінімен шығаратынын бірге алғанда) (миллиард марка)	тас көмір (миллион тонна)	шойын (миллион тонна)	мақта-мата өнеркәсібіндегі ұршық саны (миллион)
1) орта европалық	27,6 *(23,6)	388 (146)	204	8	41	251	15	26
2) британиялық	28,9 *(28,6)	398 (355)	140	11	25	249	9	51
3) россиялық	22	131	63	1	3	16	3	7
4) шығыс азиялық	12	389	8	1	2	8	0,02	2
5) американдық	30	148	379	6	14	245	14	19

Біз капитализм жоғары дамыған (қатынас жолдары да, саудасы мен өнеркәсібі де күшті дамыған) үш облысты: орта европалық, британиялық және американдық облыстарды көріп отырмыз. Бұлардың ішінде дүние жүзіне үстемдік етуші үш мемлекет: Германия, Англия және Құрама Штаттар бар. Германияның облысы мардымсыздығынан және отарларының аздығынан бұлардың арасында империалистік бәсеке мен күрес қатты шиеленісіп отыр; «орта Европаның» құрылуы келешектің ісі, оның өзі де арпалысқан күресте туады. Әзірше бүкіл Европаның белгісі — саяси бытыраңқылық. Британиялық және американдық облыстар-

* Жақшаның ішінде — отарлардың жер көлемі мен халқы.

да, керісінше, саяси шоғырлану өте жоғары, бірақ Британияның ұлан-байтақ отарлары мен Американың болмашы отарларының арасында орасан үлкен сәйкессіздік бар. Ал отарларда капитализм енді ғана дами бастады. Оңтүстік Америка үшін күрес барған сайын шиеленісе түсіп отыр.

Екі облыс — россиялық және шығыс азиялық — капитализм нашар дамыған облыстар. Біріншісінде — халық өте сирек те, екіншісінде — өте жиі; біріншісінде — саяси шоғырлану өте зор, екіншісінде — ол жоқ. Қытай енді ғана бөліске түсе бастады, сондықтан ол үшін Жапония, Құрама Штаттар және басқалар арасындағы күрес барған сайын қатты шиеленісіп келеді.

Осы шындықпен,— экономикалық және саяси жағдайлардың орасан әр түрлілігімен, әр түрлі елдердің өсу шапшаңдығының өте сәйкессіздігімен және басқалармен, империалистік мемлекеттер арасындағы жанталасқан күреспен — Каутскийдің «бейбіт» әсіре империализм жайындағы есалаң ертегісін салыстырып көріңіздерші. Мұның өзі шошынған мещанның қаһарлы шындықтан жасырынуға тырысқан реакциялық әрекеті емес пе? Каутскийге «әсіре империализмнің» ұрығы сияқты (лабораторияда таблеткалар жасауды әсіре егіншіліктің ұрығы деп жариялауға «болатындығы» сияқты) болып көрінген интернационалдық картельдер бізге дүние жүзін бөлісу *мен қайта бөлісудің*, бейбіт бөлісуден бейбіт емес бөлісуге және соның керісінше бөлісуге көшкендіктің үлгісін көрсетіп отырған жоқ па? Айталық, халықаралық рельс синдикатында немесе сауда кеме қатынасының халықаралық тресінде Германияның қатысуымен бүкіл дүние жүзін бейбіт бөліскен американдық және басқа да финанс капиталы тіпті де бейбіт *емес* жолмен өзгеріп отырған күштердің жаңа қатынастары негізінде қазір дүние жүзін *қайта бөлісіп* жатқан жоқ па?

Финанс капиталы мен трестер бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың әр түрлі бөлектерінің өсу шапшаңдығы арасындағы айырмашылықты бәсеңдетпейді, қайта күшейте түседі. Ал күштердің арасалмағы өзгерген екен, *капитализм тұсында* қайшылықтарды *күш* шеш-

пегенде, ненің шешуі мүмкін? Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың бәріндегі капитализм мен финанс капиталының өсу шапшаңдығы әр түрлі екендігін көрсететін өте дәл деректер бізде темір жолдардың статистикасында бар*. Империализм дамуының соңғы ондаған жылдарында темір жолдардың ұзындығы мынадай болып өзгерген:

	Темір жолдар (мың километр)					
	1890		1913		+	
Европа	224		346		+122	
Америка Құрама Штаттары	268		411		+143	
Барлық отарлар	82	125	210	347	+128	+222
Азия мен Американың дербес және жартылай дербес мемлекеттері	43		137		+ 94	
Барлығы	617		1 104			

Демек, темір жолдар басқаның бәрінен де гөрі отарларда және Азия мен Американың дербес (және жартылай дербес) мемлекеттерінде шапшаңырақ дамыған. Мұнда аса ірі 4—5 капиталистік мемлекеттің финанс капиталы толық билеп-төстеп отырғаны мәлім. Отарлардағы және Азия мен Американың басқа елдеріндегі екі жүз мың километр жаңа темір жол дегеніміз 40 миллиард маркадан астам капитал жаңадан өте тиімді шартпен, табысты болатын ерекше кепілдікпен, болат құйылатын заводтарға тиімді болатын заказдармен, т. т. және т. с. орналастырылған деген сөз.

Капитализм отарлар мен мұхиттың арғы жағындағы елдерде бәрінен де тез өсуде. Олардың арасында *жаңа* империалистік державалар (Жапония) пайда болып отыр. Бүкіл дүние жүзілік империализмдердің күресі шиеленісе түсуде. Ерекше пайдалы отарлық және мұхиттың арғы жағындағы кәсіпорындардан финанс капиталының алатын алымы өсіп келеді. Бұл «олжаны» бө-

* Stat. Jahrbuch für das Deutsche Reich, 1915; Archiv für Eisenbahnwesen, 1892 (Герман мемлекетінің статистикалық өржылдығы, 1915; Темір жол ісінің архиві, 1892. *Ред.*); темір жолдардың әр түрлі елдер отарларының арасында бөлінуі жөніндегі 1890 жылға қатысты аулақ-аулақ жеке нәрселерді шамалап анықтауға тура келді[155].

лісконде өндіргіш күштерінің даму шапшаңдығы жағынан барлық уақытта бірдей бірінші орын ала бермейтін елдердің қолына өте мол сыбаға түседі. Отарларымен қоса алғанда ең ірі державалардағы темір жолдардың ұзындығы мынадай болған:

	(мың километр)		
	1890	*1913*	
Құрама Штаттар	268	413	+145
Британ империясы	107	208	+101
Россия	32	78	+ 46
Германия	43	68	+ 25
Франция	41	63	+ 22
Барлығы 5 державада	491	830	+339

Сонымен, барлық темір жолдардың 80 процентіне жуығы аса ірі 5 державаның қолына шоғырланып отыр. Ал сол темір жолдарға *меншіктің* шоғырлануы, финанс капиталының шоғырлануы бұдан да өлшеусіз асып түсіп отыр, өйткені американ, орыс және басқа темір жолдарының акциялары мен облигацияларының орасан көпшілігі, мәселен, ағылшын және француз миллионерлеріне қарайды.

Өз отарларының арқасында Англия «өзінің» темір жол торын 100 мың километрге, Германияға қарағанда төрт есе көп арттырды. Ал оның бер жағында Германияның өндіргіш күштерінің өркендеуі, әсіресе тас көмір өндірісі мен темір жасаушы өндірістің өркендеуі, Франция мен Россияны айтпағанның өзінде, осы уақыт ішінде Англиядағыдан әлдеқайда шапшаң болып отырғаны жалпы жұртқа мәлім. 1892 жылы Англияда 6,8 миллион тонна шойын өндірілсе, Германияда 4,9 миллион тонна шойын өндірілген еді; ал 1912 жылы Англияда 9,0 миллион тонна шойын өндірілсе, Германияда 17,6 миллион тонна өндірілген, яғни Германия Англиядан орасан асып түскен!*. Мынадай сұрақ туады: бір

* Мынаны да салыстырыңыз: Edgar Crammond. «The Economic Relations of the British and German Empires» — «Journal of the Royal Statistical Society»-те, 1914, July, pp. 777 ss. (Эдгар Крэммонд. «Британ және Герман империяларының экономикалық қатынастары» — «Корольдік статистикалық қоғамның журналында», 1914, июль, 777 және келесі беттер. *Ред.*).

жағынан, өндіргіш күштердің өркендеуі және капиталдың қорлануы,— екінші жағынан, финанс капиталы үшін отарлар мен «ықпал ету сфераларын» бөлісу арасындағы үйлеспеушілікті жоюдың *капитализм негізінде* соғыстан басқа қандай құралы болуы мүмкін?

VIII. КАПИТАЛИЗМНІҢ ПАРАЗИТИЗМІ МЕН ІРІП-ШІРУІ

Енді біз империализмнің тағы бір өте маңызды жағына, осы тақырып жөніндегі пайымдаулардың көпшілігінде көбінесе жете бағаланбай жүрген жағына тоқталып өтуге тиіспіз. Марксист Гильфердингтің кемшіліктерінің бірі — марксист емес Гобсонға қарағанда ол бұл арада бір адым кейін шегініп отыр. Біз империализмге тән паразитизм туралы айтып отырмыз.

Біз империализмнің ең терең экономикалық негізі монополия екенін көрдік. Бұл — капиталистік монополия, яғни капитализмнен өсіп шыққан және капитализмнің, товар өндірісінің, бәсекенің жалпы жағдайында тұрған, сол жалпы жағдаймен ұдайы және лажсыз қайшылықта болып отырған монополия. Бірақ солай бола тұрса да, монополия атаулы сияқты, бұл да тоқырауға және іріп-шіруге бейімделуді туғызбай қоймайды. Уақытша болса да, монополиялық бағалар белгіленіп отыратын болғандықтан, техникалық прогреске, демек, өзге прогрестің, алға басудың қандайына болса да түрткі болатын себептер белгілі бір дәрежеде жойылып та отырады; солай болғандықтан, одан әрі, техникалық прогресті әдейі тоқтатуға *экономикалық* мүмкіндік пайда болады. Мысалы: Америкада Оуэнс деген біреу шөлмек жасау ісіне революция енгізетін, шөлмек жасайтын машина ойлап шығарған. Немістің шөлмек жасайтын фабриканттарының картелі Оуэнстің патенттерін сатып алады да, оларды жылы жауып қояды, олардың қолданылуын бөгейді. Әрине, капитализм тұсында монополия дүние жүзілік рыноктан бәсекені толық және аса ұзақ уақытқа ешқашан жоя алмайды (айта кетелік, әсіре империализм теориясының сандырақ болатындығы осыдан). Әрине, техникалық жақсартулар ен-

гізу арқылы өндіріс шығындарын кеміту және пайданы арттыру мүмкіндігі өзгерістерге пайдалы әсерін тигізеді. Бірақ монополияға тән тоқырау және іріп-шіру *тенденциясы* өз алдына әрекет ете береді, сөйтіп өнеркәсіптің жекелеген салаларында, жекелеген елдерде, белгілі уақыт ішінде басым түсіп отырады.

Мейлінше ұлан-байтақ, бай немесе ыңғайлы орналасқан отарларға ие болу монополиясы да осы бағытта әрекет етеді.

Содан соң. Империализм дегеніміз, жоғарыда көргеніміздей, 100—150 миллиард франк бағалы қағаздарға дейін жететін ақша капиталының азын-аулақ елдердің қолына орасан көп мөлшерде жиналуы. Осыдан барып — бір тап немесе, дұрысырақ айтқанда, рантьелер тобы, яғни «купон қырқумен» өмір сүретін адамдар,— қандай кәсіпке болса да қатысудан мүлдем оқшау қалған адамдар,— кәсібі жатып ішу болған адамдар мықтап көбейеді. Империализмнің ең елеулі экономикалық негіздерінің бірі — шетке капитал шығару рантьелер тобының өндірістен осылайша мүлде қол үзуін одан сайын күшейтеді, мұхиттың арғы жағындағы бірнеше елдердің және отарлардың еңбегін қанау арқылы өмір сүретін бүкіл елге паразитизм таңбасын басады.

«1893 жылы,— деп жазады Гобсон,— Британияның шетелдерде орналастырған капиталы Біріккен Корольдіктің барлық байлығының 15 процентіне жуық болды»*. 1915 жылға қарай ол капиталдың шамамен $2^1/_2$ есе көбейгенін ескерте кетейік. «Салық төлеушілерге соншa қымбат түсетін және өнеркәсіпші мен саудагер үшін онша маңызы бола қоймайтын агрессиялық империализм...,— деп оқимыз одан әрі Гобсоннан,— өз капиталын жұмсайтын жер іздеген капиталист үшін»... (ағылшынша бұл ұғым бір сөзбен: «инвестор»—«орналастырушы», рантье деп айтылады)... «мол пайда табудың көзі болады. Статистик Гиффен Великобританияның бүкіл сыртқы және отарлық саудадан, шеттен әкелгені мен шетке шығарғанынан алатын барлық жылдық табысын 800 миллион фунт стерлингтік бүкіл ай-

* Hobson, 59, 62-беттер.

налымына $2^1/_2$ проценттен келеді деп есептеп, 1899 жылы 18 миллион фунт стерлинг (170 миллион сомға жуық) болды деп белгілейді». Бұл сома қаншама зор болса да, Великобританияның агрессиялық империализмін түсіндіре алмайды. Оны «жұмсалған» капиталдан түскен табыс, рантье тобының табысы болып отырған 90—100 миллион фунт стерлинг сома түсіндіреді.

Рантьенің табыстары дүние жүзіндегі ең «саудалы» елдің сыртқы саудадан келтірген табысынан *бес есе* артық болып отыр! Империализм мен империалистік паразитизмнің мәні, міне, осындай.

Сондықтан «рантье-мемлекет» (Rentnerstaat) немесе өсімқор-мемлекет деген ұғым империализм туралы экономикалық әдебиетте көп қолданылып отыр. Дүние жүзі ат төбеліндей өсімқор-мемлекеттер және орасан көп борышқор-мемлекеттер болып бөлінді. «Капиталдың шетелдерге орналастырылуының арасында,— деп жазады Шульце-Геверниц,—саяси тәуелді немесе одақтас елдерге жататындары бірінші орында: Англия Египетке, Жапонияға, Қытайға, Оңтүстік Америкаға қарыз беріп отырады. Оның әскери флоты, аса керек бола қалған жағдайда, сот приставының ролін атқарады. Англияның саяси күші оны борышқорлардың ашу-ызасынан қорғайды»*. Сарториус фон Вальтерсхаузен өзінің «Шетелге капитал орналастырудың халық шаруашылық системасы» деген шығармасында «рантье-мемлекеттің» үлгісі деп Голландияны алады да, қазір Англия мен Франция сондай болып отыр деп көрсетеді**. Шильдер өнеркәсіпті бес мемлекетті: Англияны, Францияны, Германияны, Бельгияны және Швейцарияны «нағыз айқын кредитор-елдер» деп есептейді. Ол бұған Голландияны «индустриясы шамалы» болғандықтан ғана қоспай отыр***. Құрама Штаттар тек Америка жөнінде ғана кредитор болып табылады.

«Англия,— деп жазады Шульце-Геверниц,— біртебірте өнеркәсіпті мемлекеттен кредитор-мемлекетке айналып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің және өнеркәсіп

* Schulze-Gaevernitz. «Br. Imp.», 320, т. б.

** Sart. von Waltershausen, «D. Volkswirt. Syst. etc.». B., 1907, Buch IV.

*** Schilder, 393-бет.

өнімінің шетке шығарылуының әбден көбеюіне қарамастан, бүкіл халық шаруашылығы үшін проценттер мен дивидендтерден, эмиссиялардан, комиссиялар мен жалдаптықтан түсетін табыстардың относительді маңызы өсіп келеді. Менің ойымша, дәл осы факт империалистік өрлеудің экономикалық негізі болып табылады. Сатушының сатып алушымен байланысынан гөрі кредитордың борышқормен байланысы әлдеқайда берік»*. Берлиндегі «Банк» журналын шығарушы А. Лансбург 1911 жылы «Германия — рантье-мемлекет» деген мақаласында Германия жөнінде былай деп жазған: «Францияда байқалып отырғандай рантьеге айналуға бейімділікті Германияда жұрт сүйсініп мазақ етеді. Бірақ мұнда, әңгіме буржуазия туралы болып отырғандықтан, герман жағдайларының француз жағдайларына барған сайын ұқсап келе жатқандығы ұмытылып жүр»**.

Рантье-мемлекет дегеніміз паразиттік, іріп-шіріп бара жатқан капитализмнің мемлекеті, ал бұл жағдайдың өзі жалпы алғанда белгілі бір елдердің бүкіл әлеуметтік-саяси жағдайларына да, әсіресе жұмысшы қозғалысындағы негізгі екі ағымға да әсер етпей қоймайды. Мұны мүмкіндігінше айқын көрсету үшін куә ретінде өзгелерден гөрі «сенімдірек» Гобсонға сөз берейік, өйткені оны «маркстік ілімге» құмар деп сезіктену мүмкін емес, ал екінші жағынан, ол отарларға да, финанс капиталына да, империалистік тәжірибеге де мейлінше бай елдегі істің жайын жақсы білетін ағылшын.

Империализмнің «финансистер» мүдделерімен байланысын, олардың мердігерліктен, товар жеткізіп тұрудан және басқалардан түсетін пайдасының өсуін ағылшын-бур соғысының қызу әсерімен суреттей келіп, Гобсон былай деп жазды: «осы нағыз паразиттік саясатқа бағыт беріп отырғандар — капиталистер; бірақ нақ сол себептер жұмысшылардың арнаулы разрядтарына да әсерін тигізіп отыр. Көптеген қалаларда өнеркәсіптің ең маңызды салалары үкімет заказдарына тә-

* Schulze-Gaevernitz. «Br. Imp.», 122.
** «Die Bank», 1911, 1, 10—11-беттер.

уелді; металлургия мен кеме жасау өнеркәсібі орталықтарындағы империализмнің осы фактілерге тәуелділігінің дәрежесі одан аз емес». Автордың ойынша, ескі империялардың күшін екі түрлі жағдай: 1) «экономикалық паразитизм» және 2) тәуелді халықтардан әскер құру әлсіреткен. «Біріншісі экономикалық паразитизмнің салты, ол салт бойынша үстем мемлекет өзінің билеуші табын байыту үшін және қобалжымасын деп өздерінің төменгі таптарын сатып алу үшін өзінің провинцияларын, отарларын және тәуелді елдерді пайдаланады». Мұндай сатып алу қандай формада болса да, оған экономикалық мүмкіндік болуы үшін — өз жанымыздан қосайық — монополистік мол пайда болуы қажет.

Екінші жағдай жөнінде Гобсон былай деп жазады: «Империализм соқырлығының негұрлым ғажап белгілерінің бірі— Великобританияның, Францияның және басқа империалистік ұлттардың осы жолға түсуіндегі бейқамдығы. Великобритания бәрінен де асып түсті. Индиялық империямызды жеңіп алғандағы шайқастардың көбін жергілікті халықтардан құрылған әскерлеріміз жүргізді; соңғы уақытта Египетте болғанындай, Индияда үлкен-үлкен тұрақты армияларды британдар басқарып отыр; Африканың оңтүстік бөлегінен басқасын тізе бүктірген соғыстың барлығын дерлік біз үшін жергілікті халықтар жүргізді».

Қытайды бөлісіп алу перспективасына Гобсон мынадай экономикалық баға береді: «Батыс Европаның көп жері онда сол елдердің қазіргі кейбір жеріндей түр мен сипат алар еді: Англияның оңтүстігіндей, Ривьерадай, Италия мен Швейцарияның туристер көп баратын және байлар мекендеген жерлеріндей болар еді, атап айтқанда: алыс жатқан Шығыстан дивидендтер мен пенсиялар алып тұратын ат төбеліндей аз ғана бай аристократтар болар еді, кәсіби қызметшілер мен саудагерлер тобы әлгілерден біраз молырақ болар еді, үй қызметіндегі күтушілер мен тасымал өнеркәсібіндегі және фабрикаттарды әбден өңдеп шығарумен шұғылданатын өнеркәсіптегі жұмысшылар одан көбірек болар еді. Өнеркәсіптің басты салалары жоғалар еді, ал

көпшілік қолды азық-түлік өнімдері, көпшілік қолды жартылай фабрикаттар, алым ретінде, Азия мен Африкадан ағылып келіп жатар еді». «Батыс мемлекеттерінің неғұрлым кең одағы, ұлы державалардың европалық федерациясы біздің алдымызда, міне, осындай мүмкіндіктер ашып отыр: бұл бүкіл дүние жүзілік цивилизацияны алға бастырмайтыны былай тұрсын, қайта батыс паразитизмінің: алдыңғы қатарлы өнеркәсіптік ұлттар тобының іріктеліп шығуының орасан зор қауіп төндіріп отырғанын білдірер еді, бұл ұлттардың жоғары таптары Азия мен Африкадан орасан көп алым алып, сол алымның көмегімен әбден дағдыланған көптен-көп қызметшілер мен малайлар ұстап отырар еді, бұлар егіншілік пен өнеркәсіптің өнімдерін көптеп өндірумен шұғылданбай, біреуге қызмет етер еді немесе жаңа финанс аристократиясының бақылауымен екінші дәрежелі өнеркәсіп жұмысымен шұғылданар еді. Мұндай теория» (перспектива деу керек еді) «қарастыруға лайық емес деп өте шыққысы келетіндер осы күннің өзінде-ақ әлгіндей жағдайға жеткізілген қазіргі оңтүстік Англия округтерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ойлап қарасын. Егер Қытай финансистердің, «капитал орналастырушылардың» әлгіндей топтарының, олардың осы пайдаларды Европада тұтыну мақсатымен бұрын-соңды дүние жүзінде болып көрмеген орасан мол мүмкіндігі бар резервуардан пайданы қотарып ала беретін саяси және сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің экономикалық бақылауына бағындырылса, әлгіндей жүйенің қандай орасан кеңеюі мүмкін екендігі жөнінде олар ойланып көрсін. Әлбетте, келешекті тек бір бағытта дәл осылай немесе қандай болса да басқаша түсінуді өте-мөте мүмкін ете қоюға жағдай тым күрделі, дүние жүзілік күштердің құбылуын есепке алу тым қиын. Бірақ қазіргі уақытта Батыс Европаның империализмін билеп отырған ықпалдар осы бағытпен жүріп келеді, егер олар қарсы қимылдар кездестірмесе, егер олар басқа жаққа аударылып жіберілмесе, олар процесті нақ әлгіндей етіп аяқтау бағытында жұмыс істей береді»*.

* Hobson, 103, 205, 144, 335, 386-беттер.

Автордың айтып отырғаны өте дұрыс: *егер* империализм күштері қарсы қимылдар кездестірмесе, ол күштер дәл осыған әкеліп соғар еді. Қазіргі, империалистік жағдайдағы «Европа Құрама Штаттарының» мацызына бұл арада дұрыс баға берілген. Бұған жұмысшы қозғалысының *ішінде де* қазіргі кезде елдердің көпшілігінде уақытша жеңіп отырған оппортунистер үнемі және бұлтармастан нақ осы бағытта «жұмыс істеп отыр» дегенді ғана қосу керек еді. Империализм дегеніміз дүниені бөлісу және жалғыз Қытайды ғана емес, өзгені де қанау бола отырып, ат төбеліндей ғана аса бай елдер үшін монополиялық мол пайда табу бола отырып, пролетариаттың жоғарғы топтарын сатып алуға экономикалық мүмкіндік туғызады, сөйтіп оппортунизмге дем береді, оны қалыптастырып, нығайтады. Жалпы алғанда империализмге, жекелеп алғанда оппортунизмге қарсы әрекет ететін күштерді тек ұмытпау керек, социал-либерал Гобсонның ол күштерді көрмеуі табиғи нәрсе.

Империализмді қорғағаны үшін кезінде партиядан шығарылған, бұл күнде Германияның «социал-демократиялық» дейтін партиясына көсем бола аларлық неміс оппортунисі Гергард Гильдебранд Африка негрлеріне, «ұлы исламдық қозғалысқа» қарсы... «бірігіп» қимылдау мақсатымен, «жапон-қытай коалициясына» қарсы «күшті әскер мен флот» ұстау үшін және сондайлар үшін «Батыс Европа Құрама Штаттарын» (Россиясыз) құруды уағыздап, Гобсонды жақсы толықтырды*.

Шульце-Геверництің «британ империализмін» суреттеуі бізге паразитизмнің нақ сол белгілерін көрсетеді. Англияның халықтық табысы 1865 жылдан 1898 жылға дейін шамамен екі есе артты, ал осы уақыттың ішінде «шетелден» түскеп табыс *тоғыз есе* көбейді. Егер империализмнің «сіңірген еңбегі» «негрді еңбекке

---

* Gerhard Hildebrand. «Die Erschütterung der Industrieherrschaft und des Industriesozialismus». 1910. 229 және келесі беттер (Гергард Гильдебранд. «Өнеркәсіп пен өнеркәсіп социализмі үстемдігінің шайқалуы». *Ред.*).

үйреткені» болса (күштеусіз бола алмайды...), онда империализмнің «қаупі» мынада: «Европа дене еңбегін — алдымен ауыл шаруашылық және кен еңбегін, сонан соң неғұрлым тұрпайы өнеркәсіптік еңбекті — қара түсті адамзаттың мойнына аударады, ал өзі рантье ролінде қала береді, сөйтіп қоңыр және қара түсті нәсілдердің экономикалық, сонан соң саяси эмансипациясын даярлауы мүмкін».

Англияда жердің үлкен-үлкен бөлегі барған сайын ауыл шаруашылық өндірісінен алынып, байлардың спортпен айналысатын, сайрандайтын орындарына айналып отыр. Жұрт Шотландия — аң аулаудың және басқа спорттың ең аристократиялық жері — туралы «ол өзінің өткендегісімен және мистер Карнеджимен» (американ миллиардері) «өмір сүріп отыр» деп жүр. Англия ат бәйгісі мен түлкі аулаудың өзіне ғана жыл сайын 14 миллион фунт стерлинг (130 миллион сомға жуық) жұмсайды. Рантьелер саны Англияда 1 миллионға жуық. Өндірісте істейтін халықтың проценті азайып келеді:

	Англияның халқы	Өнеркәсіптің басты-басты салаларындағы жұмысшылар саны	Халықтың неше проценті
	(миллион)		
1851	17,9	4,1	23%
1901	32,5	4,9	15%

Ал «XX ғасырдың бас кезіндегі британ империализмінің» буржуазиялық зерттеушісі ағылшын жұмысшы табы туралы айтқанда, жұмысшылардың *«жоғарғы тобы»* мен *«нағыз пролетарлық төменгі тобының»* арасындағы айырмашылықты үнемі көрсетіп отыруға мәжбүр болған. Кооперативтер мен кәсіптік одақтардың, спорт қоғамдарының және толып жатқан діни секталардың мүшелерінің көпшілігі жоғарғы топтан шығады. Англияда *«нағыз пролетарлық төменгі топты шығарып тастау үшін* әлі де болса *жеткілікті дәрежеде тежеулі»* сайлау правосы жоғарғы топтың дәрежесіне икемделген!! Ағылшын жұмысшы табының жағдайын боямалап көрсету үшін әдетте пролетариаттың *азшы-*

лығы болып отырған осы жоғарғы топ жөнінде ғана сөз етіледі: мәселен, «жұмыссыздық туралы мәселенің өзі көбінесе Лондонға және пролетариаттың *саясатшылар аз санасатын* төменгі тобына қатысты мәселе...»*. Буржуазиялық саясатқұмарлар мен «социалистік» оппортунистер бұлармен аз санасады деу керек еді.

Империализмнің жоғарыда суреттелген құбылыстар тобына байланысты ерекшеліктерінің қатарына империалистік елдерден эмиграцияға кетудің азайып, жалақысы неғұрлым төмен, неғұрлым мешеу елдерден бұл елдерге иммиграцияға келудің (жұмысшылардың келуі мен қоныс аударуы) артып отыруы кіреді. Гобсонның көрсеткеніндей, Англиядан эмиграцияға кету 1884 жылдан бастап төмендейді: бұл жылы ол 242 мың, ал 1900 жылы 169 мың болған. Германиядан эмиграцияға кету 1881—1890 жылдар арасындағы он жылда ең жоғары шегіне жетіп: 1453 мың болған, бұдан кейінгі екі онжылдық ішінде 544 мыңға дейін және 341 мыңға дейін төмендеген. Оның есесіне Германияға Австриядан, Италиядан, Россиядан және басқа жерлерден келуші жұмысшылардың саны көбейіп отырған. 1907 жылғы санақ бойынша Германияда 1 342 294 шетелдік болған, оның ішінде өнеркәсіп жұмысшылары — 440 800, село жұмысшылары — 257 329**. Францияның кен өнеркәсібі жұмысшыларының «едәуір бөлегі» шетелдіктер: поляктар, итальяндар, испандар***. Құрама Штаттарда Шығыс және Оңтүстік Европадан барған иммигранттар ақысы ең аз орындарда істейді, ал бұлардың үстінен қараушылар мен ең жақсы ақы төленетін жұмыс алушылар процентінің көбі американ жұмысшыларының үлесіне тиеді****. Империализмде жұмысшылардың да арасынан пұрсатты разрядтарды іріктеп, оларды пролетариаттың қалың бұқарасынан бөліп тастау тенденциясы бар.

---

* Schulze-Gaevernitz. «Br. Imp.», 301.

** Statistik des Deutschen Reichs, Bd. 211. (Герман мемлекетінің статистикасы, 211-том, *Ред.).*

*** Henger. «Die Kapitalsanlage der Franzosen». St., 1913, (Генгер. «Француз капиталдарының орналасуы». Штутгарт. 1913. *Ред.).*

**** Hourwich. «Immigration and Labour». N. Y., 1913. (Гурвич. «Иммиграция және еңбек». Нью-Йорк. 1913. *Ред.).*

Империализмнің жұмысшылар арасына жік салу және олардың арасында оппортунизмді күшейте беру, жұмысшылар қозғалысының уақытша іріп-шіруін туғызу тенденциясы Англияда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан әлдеқайда ерте білінгенін атап өту қажет. Өйткені империализмнің екі ірі ерекше белгісі: орасан зор отарлық иеліктерге және бүкіл дүние жүзілік рынокта монополиялық жағдайы болуына Англия XIX ғасырдың ортасынан бастап жеткен болатын. Маркс пен Энгельс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм мен ағылшын капитализмінің империалистік ерекшеліктері арасындағы осы байланысты үнемі, ондаған жылдар бойы қадағалап отырды. Мәселен, 1858 жылы 7 октябрьде Энгельс Маркске былай деп жазды: «Ағылшын пролетариаты іс жүзінде барған сайын буржуазиялануда, сөйтіп барлық ұлттардың ішіндегі осы ең буржуазиялық ұлт, сірә, ақыр аяғында буржуазиямен *қатар* буржуазиялық аристократияның және буржуазиялық пролетариаттың болуына жетуді көздесе керек. Әрине, бүкіл дүние жүзін қанап отырған ұлттың тарапынан бұл белгілі дәрежеде заңды»[156]. Бұдан ширек ғасырға жуық уақыт өткен соң, 1881 жылы 11 августа жазған хатында Энгельс «буржуазия сатып алған немесе тым құрығанда буржуазия ақы төлеп тұратын адамдардың өздеріне басшылық етуіне мүмкіндік беріп отырған ағылшынның жаман тред-юниондары»[157] туралы айтады. Ал 1882 жылы 12 сентябрьде Каутскийге хатында Энгельс былай деп жазған: «Сіз менен: отаршылдық саясат туралы ағылшын жұмысшылары не ойлайды? деп сұрайсыз. Олардың жалпы саясат туралы ойы қандай болса, бұл туралы ойы да сондай. Мұнда жұмысшы партиясы жоқ, мұнда тек консерваторлық және либералдық-радикалдық партиялар ғана бар, ал жұмысшылар солармен бірге Англияның отарлық монополиясын және оның дүние жүзілік рыноктағы монополиясын қаннен-қаперсіз пайдаланып отыр»*. («Англиядағы жұмысшы табының жағдайы»

---

* Briefwechsel von Marx und Engels, Bd. II, S. 290; IV, 433 (Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттары, II том, 290-бет. *Ред.*).—K. Kautsky. «Sozialismus und Kolonialpolitik». Brl., 1907, 79-бет (К. Каутский,

деген кітабының 2-басылуының басып шығарылуына арнаған 1892 жылғы алғы сөзінде Энгельс нақ осыны баяндаған[158].)

Мұнда себептер мен салдарлар айқын көрсетілген. Себептер: 1) бұл елдің бүкіл дүние жүзін қанап отырғандығы; 2) оның бүкіл дүние жүзілік рынокта монополиялық жағдайда болуы; 3) оның отарлық монополиясы. Салдарлары: 1) ағылшын пролетариатының бір бөлегінің буржуазиялануы; 2) ағылшын пролетариатының бір бөлегі буржуазия сатып алған немесе тым құрығанда буржуазия ақы төлеп тұратын адамдардың өздеріне басшылық етуіне мүмкіндік беріп отыр. XX ғасырдың басындағы империализм дүние жүзін ат төбеліндей аз ғана мемлекеттердің бөлісуін аяқтатты, қазір сол мемлекеттердің әрқайсысының қанап отырған жері (үстеме пайда алу мағынасында алғанда) «бүкіл дүние жүзінің» 1858 жылы Англия қанаған бөлегінен сәл ғана кемірек бөлегі болып отыр; бұлардың әрқайсысы трестердің, картельдердің, финанс капиталының арқасында, кредитордың борышқор жөніндегі қатынастары арқасында дүние жүзілік рынокта монополиялық жағдайға ие болып отыр; бұлардың әрқайсысында белгілі дәрежеде отарлық монополия бар (дүние жүзіндегі 75 миллион шаршы километр *барлық* отарлардың *65* миллионы, яғни 86 проценті алты державаның қолына жинақталғанын, *61* миллионы, яғни 81 проценті 3 державаның қолына жинақталғанын біз көргенбіз).

Қазіргі жағдайдың айырмашылығы — жұмысшы қозғалысының жалпы және негізгі мүдделерімен оппортунизмнің ымыраға келе алмаушылығын күшейтпей қоймайтын экономикалық және саяси жағдайларда болып отыр: империализм ұрықтан үстем система болып өсіп шықты; капиталистік монополиялар халық шаруашылығында және саясатта бірінші орын алды; дүние жүзін бөлісу ақырына дейін жеткізілді; ал екінші жағынан, біз Англияның бір өзінің ғана монополиясының

«Социализм және отаршылдық саясат». Берлин, 1907. *Ред.*); бұл кітапша Каутский марксист болған баяғы заманда жазылған.

орнына азын-аулақ империалистік державалардың монополияға қатысу жолындағы күресін, XX ғасырдың бүкіл бас кезін сипаттайтын күресін көріп отырмыз. Енді оппортунизм елдердің біреуіндегі жұмысшы қозғалысында, XIX ғасырдың екінші жартысында Англияда оппортунизмнің жеңгені сияқты, ондаған жылдар бойы толық жеңуші болып тұра алмайды, бірақ ол әбден пісіп жетілді, асқына пісіп кетті және бірқатар елдерде социал-шовинизм ретінде буржуазиялық саясатпен толық қосылып, іріп-шіріді*.

IX. ИМПЕРИАЛИЗМДІ СЫНАУ

Империализмді сынауды біз сөздің кең мағынасында, қоғамның әр түрлі таптарының өздерінің жалпы идеологиясына байланысты империализм саясатына көзқарасы деп түсінеміз.

Бір жағынан, аз ғана адамдардың қолына шоғырланған және оған тек орта, ұсақ капиталистер мен қожайынсымақтарды ғана емес, сонымен қатар аса майда капиталистер мен қожайынсымақтарды да бағындырып отыратын қатынастар мен байланыстардың адам айтқысыз кең де қалың торын құрушы финанс капиталының орасан зор мөлшері,— ал екінші жағынан, дүние жүзін бөлісіп алу үшін және өзге елдерге үстемдік жүргізу үшін финансистердің басқа ұлттық-мемлекеттік топтарымен арпалысқан күресі,—міне, осының бәрі барлық дәулетті таптардың империализм жағына жаппай шығуын туғызады. Империализм перспективаларына «жаппай» әуестену, империализмді өршелене қорғау, оны неше түрлі құбылтып боямалау — замана белгісі осындай. Империалистік идеология жұмысшы табының арасына да еніп отыр. Жұмысшы табын өзге таптардан бөліп тұрған қытай қорғаны жоқ. Егер қазіргі Германия «социал-демократиялық» партиясы дейтіннің көсемдері «социал-империалистер», яғни сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде империалистер деп әбден

* Потресов, Чхенкели, Маслов, т. т. мырзалардың орыс социал-шовинизмі өзінің ашық түрінде де, бүркемелі түрінде де (Чхеидзе, Скобелев, Аксельрод, Мартов және басқа мырзалар) оппортунизмнің орыстық түрінен, атап айтқанда, жойымпаздықтан өсіп-жетілді.

орынды аталып жүрген болса, Англияда оппортунистік «Фабий қоғамына» жататын «фабийшыл империалистердің» бар екенін Гобсон 1902 жылдың өзінде-ақ атап көрсеткен болатын.

Буржуазияшыл ғалымдар мен публицистер империализмді әдетте біршама бүркемеленген формада қорғайды, империализмнің толық үстемдігін және оның терең тамырларын боямалап көрсетеді, жеке, екінші дәрежелі ұсақ-түйек мәселелерді алдыңғы қатарға шығаруға тырысады, трестерге немесе банктерге полициялық бақылау орнату сияқты «реформалардың» мүлдем үстіртін жобаларын жасау арқылы басты нәрседен назарды аударып әкетуге күш салады және т. т. Империализмнің негізгі қасиеттерін реформалау туралы ойдың сөлекет екенін мойындауға батылы баратын арсыз, ашық империалистер сирек көрініп қалады.

Бір мысал келтірейік. Неміс империалистері «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық архиві» деген басылымда отарлардағы, әсіресе, әрине, немістердікі емес отарлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарын қадағалап отыруға тырысады. Олар Индиядағы қобалжу мен паразылықтарды, Натальдағы (оңтүстік Африка), Голландия Индиясындағы және т. б. қозғалысты атап көрсетеді. Солардың біреуі Азияның, Африканың, Европаның жат елдер билеп отырған әр түрлі халықтарының өкілдері бас қосқан бағынышты ұлттар мен нәсілдердің 1910 жылы 28—30 июньдегі конференциясы туралы есеп берген ағылшын басылымы жөнінде жазылған заметкада бұл конференцияда сөйленген сөздерге баға бере келіп, былай деп жазады: «Бізге империализмге қарсы күресу керек деседі; үстемдік етуші мемлекеттер бағынышты халықтардың дербес болуға праволы екендігін мойындауға тиіс; халықаралық трибунал ұлы державалар мен әлсіз халықтар арасында жасалған шарттардың орындалуын бақылап отыруға тиіс. Конференция осындай бейкүнә тілектерден әрі бармайды. Империализм—капитализмнің қазіргі формадағы қалпымен тығыз байланысты екендігін, сондықтан (!!), егер жеке, ерекше жиркеніште эксцестерге қарсы шығумен ғана шектеліп отыратын болмасақ, империализм-

ге қарсы тікелей күрестің үмітсіз екендігін— міне, осы ақиқатты түсінудің жұрнағын да көріп отырғанымыз жоқ»*. Империализм негіздерін реформистік түзету — алдау, «бейкүнә тілек» болғандықтан, езілген ұлттардың буржуазияшыл өкілдері «бұдан әрі» аттап баспайтын болғандықтан, міне, сондықтан езуші ұлттың буржуазияшыл өкілі империализм алдында құрдай жорғалауға, «ғылыми» жағынан бүркемеленген дәмелерге қарай «бұдан әрі» *кері* кетіп отыр. «Логика» болғанына!

Империализмнің негіздерін реформистік жолмен өзгерту мүмкін бе, ілгері қарай, империализм туғызып отырған қайшылықтарды бұрынғыдан да шиеленістіріп, асқындыруға қарай бару керек пе немесе кері қарай, сол қайшылықтарды бәсеңдетуге қарай бару керек пе деген мәселелер империализмді сынаудағы негізгі мәселелер болып табылады. Империализмнің саяси ерекшеліктері — барлық бағыттағы реакция және финанс олигархиясының езгісіне, еркін бәсекенің жойылуына байланысты, ұлттық езгінің күшеюі болғандықтан, XX ғасырдың басындағы империалистік елдердің бәрінде дерлік империализмге қарсы ұсақ буржуазиялық-демократиялық оппозиция шықты. Каутскийдің және интернационалдық кең ағым — каутскийшілдіктің марксизмнен қол үзгендігі нақ мынада: Каутский осы ұсақ буржуазиялық, реформистік, экономика жағынан негізінен реакциялық оппозицияға өзін қарсы қоюды ойластырмағаны, қарсы қоя алмағаны былай тұрсын, керісінше, іс жүзінде оған қосылып кетті.

Испанияға қарсы 1898 жылы болған империалистік соғыс Құрама Штаттарда «антиимпериалистердің», буржуазиялық демократияның соңғы могикандарының оппозициясын туғызды, олар бұл соғысты «қылмысты» соғыс деп атап, жат жерді аннексиялауды конституцияны бұзғандық деп есептеді, Филиппинидағы байырғы халықтың көсемі Агвинальдо жөніндегі қылықтарды (оған еліне бостандық береміз деп уәде ете отырып, со-

* Weltwirtschaftliches Archiv, Bd. II, 193-бет (Дүние жүзілік шаруашылық архиві, II том, *Ред.*).

ңынан американ әскерлерін түсіріп, Филиппиныды аннексиялады) «шовинистердің алдауы» деп жариялады,— Линкольннің: «ақ адам өзін өзі басқарса, онда бұл өзін өзі басқару болады; ал ол өзін өзі басқарумен бірге өзгелерді қоса басқарса, онда бұл өзін өзі басқаргандық емес, бұл — деспотизм болады»*,— деген сөздерін цитатқа келтірді. Бірақ бұл сынның бәрі де империализмнің трестермен, демек, капитализм негіздерімен ажырамас байланысты екенін мойындауға әзірше қорыққандықтан, ірі капитализм және оның дамуы туғызған күштерге қосылудан қорыққандықтан ол сын «бейкүнә тілек» болып қала берді.

Империализмді сынағанда Гобсонның ұстаған негізгі позициясы да осындай. Гобсон «империализмнің болмай қоймайтындығына» қарсы шығып, халықтың «тұтыну қабілетін көтеру» қажеттігін (капитализм тұсында!) айтып, Каутскийден асып түсті. Өзіміз бірнеше рет цитат келтірген Агад, А. Лансбург, Л. Эшвеге, ал француз жазушыларынан, 1900 жылы шыққан «Англия және империализм» деген шалағай кітаптың авторы — Виктор Берар империализмді, банктердің, финанс олигархиясының және басқалардың құдіреттілігін сынағанда ұсақ буржуазиялық көзқараста болды. Бұлардың бәрі, мұнымыз марксизм деп ешбір дәмеленбей-ақ, империализмге еркін бәсеке мен демократияны қарама-қарсы қояды, жанжалдар мен соғысқа апарып соғатын Бағдат темір жолын салу әрекетін кінәлайды, бейбітшілік жөнінде «бейкүнә тілектер», т. т. айтады,— ең аяғы «халықаралық» бағалы қағаздардың жүздеген миллиард франктеріп есептей келіп, 1912 жылы: «бейбітшілік бұзылады деп ойлау мүмкін бе? ...осындай орасан зор цифрлар тұрғанда соғыс шығаруға тәуекел ету мүмкін бе?** деп лепірген халықаралық эмиссиялардың статистигі А. Неймарк та осылай болды.

Буржуазияшыл экономистердің тарапынан мұндай аңғалдық жасалуына таңқалуға болмайды; ал мұның

* J. Patouillet. «L'impérialisme américain». Dijon, 1904, 272-бет (Ж. Патуйе. «Американ империализмі». Дижон. *Ред.*).

** Bulletin de l'institut international de statistique. T. XIX, livr. II. p. 225.

үстіне сонша аңғал болып көрініп, империализм тұсында бейбітшілік туралы «шындап» сөз ету оларға *тиімді* де. Ал 1914, 1915, 1916 жылдарда бейбітшілік жөнінде «жұрттың бәрі келіседі» (империалистер, социалистсымақтар және социал-пацифистер) деп, сол баяғы буржуазиялық-реформистік көзқарасқа көшкеннен кейін Каутскийде марксизмнен не қалды? Империализмнің қайшылықтарына талдау жасап, олардың тереңдігін ашып көрсетудің орнына, біз бұл қайшылықтардан өзін аулақ ұстау, жалтарып кету жөнінде бірыңғай реформистік «бейкүнә тілекті» ғана көріп отырмыз.

Каутскийдің империализмді экономикалық тұрғыдан сынауының үлгісі мынадай. Ол Англияның 1872 және 1912 жылдарда Египетке шығарғаны мен одан әкелгені жөніндегі деректерді алады; бақсақ, осы шығарғаны мен әкелгені Англиядан жалпы шығарылған мен әкелінгеннен гөрі нашар өскен. Сөйтіп Каутский мынадай қорытынды шығарады: «Египетті соғысып жеңіп алмаганда, онымен екі арадағы сауда экономикалық факторлардың жай салмағының әсерімен азырақ өскен болар еді деуге біздің ешбір дәлеліміз жоқ». «Капиталдың ұлғаюға ұмтылуына» «империализмнің зорлықты әдістерімен емес, бәрінен гөрі бейбіт демократия әдісімен жетуге болады»*.

Каутскийдің бұл пайымдауы, оның Россиядағы сойыл соғушысы (және Россияда социал-шовинистерді бүркемелеуші) Спектатор мырза сан саққа жүгіртіп қайталап айтып жүрген пайымдауы империализмді каутскийшілдік сынаудың негізі болып табылады, сондықтан бұған толығырақ тоқталу керек. Гильфердингтен цитат келтіруден бастайық, Каутский мұның қорытындыларын «барлық социалист теоретиктер бірауыздан қабылдаған» деп талай рет, соның ішінде 1915 жылғы апрельде де, жариялаған болатын.

«Неғұрлым прогрестік капиталистік саясатқа,— деп жазады Гильфердинг,— артта қалып қойған еркін саудa және мемлекетке дұшпандықпен қарау заманының

---

* Kautsky. «Nationalstaat, imperialistischer Staat und Staatenbund». Nürnberg, 1915, 72 және 70-беттер (Каутский. «Ұлттық мемлекет, империалистік мемлекет және мемлекеттердің одағы», Нюрнберг. *Ред.).*

саясатын қарсы қою пролетариаттың ісі емес. Финанс капиталының экономикалық саясатына, империализмге пролетариаттың беретін жауабы сауда еркіндігі емес, тек социализм ғана бола алады. Енді пролетариат саясатының мақсаты еркін бәсекені қайта орнату мұраты емес — қазір ол реакциялық мұратқа айналды,— капитализмді құрту арқылы бәсекені толық жоюдың бір өзі ғана бола алады»*.

Каутский финанс капиталы дәуірі үшін «реакциялық мұратты», «бейбіт демократияны», «экономикалық факторлардың жай салмағын» қорғау арқылы марксизмнен қол үзді,— өйткені бұл мұрат *объективті түрде* кері сүйрейді, монополистік капитализмнен монополистік емес капитализмге сүйрейді, реформистік алдау болып табылады.

Египетпен (немесе басқа отармен, не жартылай отармен) арадағы сауда соғыс арқылы басып алу *болмаса,* империализм болмаса, финанс капиталы болмаса, күштірек «өскен болар еді» дейді. Бұл не деген сөз? Егер еркін бәсекеге жалпы алғанда монополиялар да, финанс капиталының «байлапыстары» немесе езгісі де (яғни бұл да монополия), жеке елдердің отарларға бір өзінің ғана ие болуы да шек қоймаған болса, капитализм шапшаңырақ өркендер еді деген сөз бе?

Каутскийдің пайымдауларында бұдан басқа мағына болуы мүмкін емес, ал *бұл* «мағына» — мағынасыздықтың дәл өзі. *Солай* екен делік, ешбір монополия болмаса, еркін бәсеке капитализм мен сауданы шапшаңырақ өркендеткен *болар еді* делік. Бірақ сауда мен капитализм неғұрлым тез дамыса, өндіріс пен капиталдың монополияны *туғызатын* шоғырлануы соғұрлым күшті бола береді ғой. Ал монополиялар *қазірдің өзінде* нақ еркін *бәсекеден* туып отыр! Егер тіпті монополиялар қазір дамуды баяулата бастағанның өзінде де, сонда да болса мұның өзі еркін бәсекені, монополияны туғызғаннан кейінгі жерде болуы мүмкін емес еркін бәсекені қолдауға дәлел емес.

Каутскийдің пайымдауларын қалай аударыстырып

* «Финанс капиталы», 567-бет.

қарасаңыз да, онда реакцияшылдық пен буржуазиялық реформизмнен басқа еш нәрсе жоқ.

Егер бұл пайымдауды түзетіп, Спектатор айтқандай: ағылшын отарларының Англиямен саудасы өзге елдермен саудасынан қазір баяу дамып отыр десек,— бұл да Каутскийді құтқара алмайды. Өйткені Англия *сол баяғы* монополиядан, *сол баяғы* империализмнен, тек басқа елдің (Американың, Германияның) монополиясы мен империализмінен соққы жеп отыр. Жұртқа мәлім, картельдер жаңа, ерекше бір қорғаныш баж салықтарын туғызды: нақ шетке шығаруға жарайтын өнімдер қорғалып отырады (мұны «Капиталдың» III томында Энгельс те көрсеткен[159]). Онан соң, «тегін дерлік бағамен шетке шығару», ағылшындар айтқандай, «далаға тастау» жүйесі сияқты, картельдер мен финанс капиталына тән жүйе де жұртқа мәлім: бәсекелесін әлсірету үшін, өз өндірісін мейлінше ұлғайту, т. т. үшін картель өз өнімдерін ел ішінде монополиялық — қымбат бағамен сатады да, шетелге үш есе арзан сатады. Егер Германия ағылшын отарларымен өз саудасын Англиядан гөрі шапшаңырақ өркендетіп отырса,— мұның өзі герман империализмінің ағылшын империализміне қарағанда тыңырақ, күштірек, жақсырақ ұйымдасқан, жоғарырақ екенін ғана дәлелдейді, бірақ бұл еркін сауданың «басым» екенін ешбір дәлелдемейді, өйткені еркін сауда протекционизмге, отарлық тәуелділікке қарсы күресіп отырған жоқ, қайта бір империализм екінші империализмге қарсы, бір монополия екінші монополияға қарсы, бір финанс капиталы екінші финанс капиталына қарсы күресіп отыр. Неміс империализмінің ағылшын империализмінен басымдығы отар шекараларының немесе протекциялық баж салықтарының қорғанынан гөрі күштірек болып отыр: бұдан еркін сауда мен «бейбіт демократияны» *жақтаған* «дәлел» айту — пасықтық, империализмнің негізгі белгілері мен қасиеттерін ұмытқандық, марксизмді мещандық реформизммен алмастырғандық.

Бір қызығы, империализмді, Каутский сияқты, мещандықпен сынаушы буржуазияшыл экономист А. Лансбург қалай дегенмен сауда статистикасының де-

ректерін неғұрлым ғылыми жолмен өңдеуге жақында-ды. Ол кез келген бір елді және тек отарларды ғана өзге елдермен салыстыра салған жоқ, қайта империалистік елден 1) оған финанс жағынан тәуелді, онан қарызға ақша алып отыратын елдерге және 2) финанс жағынан тәуелді емес елдерге шығарылғанды есептеп салыстырған. Сонда мынадай болып шыққан:

Германиядан шетке шығару (миллион марка)

		1889	1908	Артқаны % есебімен
Финанс жағынан Германияға тәуелді елдерге:	Румыния	48,2	70,8	+ 47%
	Португалия	19,0	32,8	+ 73%
	Аргентина	60,7	147,0	+143%
	Бразилия	48,7	84,5	+ 73%
	Чили	28,3	52,4	+ 85%
	Түркия	29,9	64,0	+114%
	Жиыны	*234,8*	*451,5*	*+92,%*
Финанс жағынан Германияға тәуелді емес елдерге:	Великобритания	651,8	997,4	+ 53%
	Франция	210,2	437,9	+108%
	Бельгия	137,2	322,8	+135%
	Швейцария	177,4	401,1	+127%
	Австралия	21,2	64,5	+205%
	Голландия Индиясы	8,8	40,7	+363%
	Жиыны	*1206,6*	*2264,4*	*+87%*

Лансбург *қорытынды* жасамаған, сондықтан бұл цифрлар *егер* бір нәрсені дәлелдейтін болса, онда бұлар тек оның өзіне *қарсы* нәрсені дәлелдейтіндігін байқамағаны ғажап, ойткені финанс жағынан тәуелді елдерге шығару финанс жағынан тәуелді емес елдерге шығарылғаннан, аз да болса, *қанша дегенмен шапшаңырақ* өскен («егер» деген сөздің астын сызып көрсетіп отырмыз, өйткені Лансбургтың статистикасы әлі де толық емес).

Шетке шығарудың заемдармен байланысын қадағалай келіп, Лансбург былай деп жазады:

«1890/91 жылы неміс банктері арқылы Румынияға заем беру туралы келісім жасалды, неміс банктері мұ-

ның алдындағы жылдардың өзінде-ақ сол заем есебіне қарыз берген болатын. Заем ең алдымен Германиядан алынатын темір жол материалын сатып алуға жұмсалды. 1891 жылы немістердің Румынияға шығарғаны 55 миллион марка болды. Келесі жылы ол азайып, 39,4 миллионға түсті, арада үзілістер болып, 1900 жылы 25,4 миллионға түсті. Тек ең соңғы жылдарда ғана — екі жаңа заемның арқасында 1891 жылғы заемның деңгейіне қайта жетті.

1888/89 жылғы заемдардың нәтижесінде немістердің Португалияға шығарғаны 21,1 миллионға дейін өсті (1890); сонан соң келесі екі жылда 16,2 және 7,4 миллионға түсті де, бұрынғы деңгейіне тек 1903 жылы ғана жетті.

Неміс-Аргентина саудасы туралы деректер бұдан да айқынырақ. 1888 және 1890 жылдардағы заемдардың нәтижесінде немістердің Аргентинаға шығарғаны 1889 жылы 60,7 миллионға жетті. Екі жылдан кейін бұл шығарғаны не бары 18,6 миллионға түсіп, бұрынғысының үштен бір бөлігінен де кем болып қалды. Тек 1901 жылы ғана 1889 жылғы деңгейіне жетіп, асып түсті, мұның өзі мемлекеттік және қалалық жаңа заемдарға, электр заводтарын салуға ақша беруге және басқа кредит операцияларына байланысты болды.

1889 жылғы заемның нәтижесінде Чилиге шығарылғаны 45,2 миллионға жетті (1892), сонан соң бір жылдан кейін 22,5 миллионға түсті. Неміс банктері арқылы 1906 жылы жасалған жаңа заемнан кейін шетке шығару 84,7 миллионға көтеріліп (1907), 1908 жылы тағы да 52,4 миллионға түсті»*.

Лансбург осы фактілерден адам күлерлік мещандық мораль шығарады: шетке шығарудың заемдармен байланысты болғандары баянсыз және біркелкі емес, өз отанындағы өнеркәсіпті «табиғи түрде» және «үйлесімді» өркендетудің орнына, капиталдарды шетке шығару жақсы емес, шетелдік заемдар тұсындағы сан миллиондаған сыйлықтар Круппқа «қымбатқа» түсіп отыр және т. т. дейді. Бірақ фактілер мынаны айқын көрсетіп

---

* «Die Bank», 1909, 2, 819 және келесі беттер.

отыр: шетке шығарудың артуы *дәл сол* финанс капиталының алаяқтық құлық-сұмдықтарына байланысты; ал финанс капиталы буржуазиялық моральдың жайын ойламай-ақ, бір өгізден екі тері сыпырып отыр: біріншіден, заемнан пайда түсіреді, екіншіден, заем Крупптың бұйымдарын немесе болат синдикатының темір жол материалдарын және басқаларды сатып алуға жұмсалған уақытта *тағы да сол* заемнан пайда түсіреді.

Қайталап айтамыз, біз Лансбургтың статистикасын тіпті де мінсіз демейміз, бірақ мұны міндетті түрде келтіру керек болды, өйткені Каутский мен Спектатордың статистикасына қарағанда бұл неғұрлым ғылыми статистика, өйткені Лансбург мәселені қарастырудың дұрыс жолын көрсетеді. Финанс капиталының шетке шығару ісіндегі және т. т. маңызын пайымдау үшін шетке шығарудың финансистердің құлық-сұмдықтарымен ғана байланысын ерекше, картель өнімдерін және т. с. өткізумен ғана байланысын ерекше айырып көрсете білу керек. Ал жалпы отарларды отар еместермен, бір империализмді екінші империализммен, бір жартылай отарды немесе отарды (Египет) өзге елдердің бәрімен құр салыстыру — істің нақ *мәнін* орағытып өтіп, боямалап көрсету деген сөз.

Каутскийдің империализмді теориялық тұрғыдан сынауының марксизмге ешбір жанаспайтындығының себебі, оның оппортунистермен және социал-шовинистермен татулық пен бірлікті уағыздаудың амалы ғана болуға жарайтын себебі —бұл сын империализмнің ең терең және түбегейлі қайшылықтарын: монополиялардың және олармен қатар өмір сүріп отырған еркін бәсекенің арасындағы қайшылықты, финанс капиталының орасан зор «операциялары» мен (орасан үлкен пайдаларымен де) еркін рыноктағы «адал» саудағының арасындағы қайшылықты, бір жағынан, картельдер мен трестердің және, екінші жағынан, картельденбеген өнеркәсіптің және т. т. арасындағы қайшылықты орағытып өтіп, боямалап отыр.

Каутскийдің ойынан шығарған атышулы «әсіре империализм» теориясының да дәл сондай реакциялық

сипаты бар. Оның осы тақырып жөніндегі 1915 жылғы пайымдауын Гобсонның 1902 жылғы пайымдауымен салыстырып қараңызшы:

Каутский: «...Қазіргі империалистік саясатты жаңа саясат, ұлттық финанс капиталдарының өзара күресінің орнына интернационалдық-бірлескен финанс капиталының дүние жүзін ортақтасып қанауын қоятын әсіре империалистік саясат ығыстырып шығара алмас па екен? Капитализмнің осындай жаңа фазасы қайткен күнде де болуы мүмкін. Ол жүзеге аса ала ма, мұны шешуге жеткілікті болатын алғы шарттар әлі жоқ»*.

Гобсон: «Әрқайсысының цивилизациялы емес бірқатар отарлары мен тәуелді елдері бар азын-аулақ ірі федерациялық империяларда орныққан христиан діні жұрттың көбіне қазіргі тенденциялардың неғұрлым заңды өркендеуі сияқты болып корінеді, онда да интеримпериализмнің берік негізінде баянды бейбітшілік болуы жөнінде бәрінен де көбірек үміт күттіретін өркендеу сияқты болып көрінеді».

Гобсонның одан 13 жыл бұрын интеримпериализм немесе аралық империализм деп атағанын Каутский әсіре империализм немесе астам империализм деп атаған. Латынша бір шылаудың орнына екіншісін қолдану арқылы өте данасыған жаңа сөз шығарғапып былай қойғанда, Каутскийдің «ғылыми» ойының прогресі мынау ғана: Гобсонның, шынында, ағылшын попсымақтарының екіжүзділігі ретінде жазып отырған нәрсесін Каутский марксизм деп суреттеуге дәмеленеді. Ағылшын-бур соғысынан кейін бұл аса ардақты сословиенің басты күш-жігерін Оңтүстік Африкадағы шайқастарда талай адамы оққа ұшып, ағылшын финансистерінің неғұрлым мол пайда табуын қамтамасыз ету үшін алым-салықтардың арта түсуіне душар болған ағылшын мещандары мен жұмысшыларын *жұбатуға* жұмсауы әбден табиғи нәрсе. Ал жұбату болғанда, империализм онша жаман нәрсе емес, ол баянды бейбітшілікті қамтамасыз ете алатын интер-(немесе әсіре-) империализмге жақын қалды деуден басқа қан-

---

* «Neue Zeit», 30 апрель, 1915, 144.

дай жақсы жұбату болмақ? Ағылшын попсымақтарының немесе тәтті тілді Каутскийдің ізгі ниеттері қандай болса да, оның «теориясының» объективтік, яғни шын әлеуметтік мағынасы біреу, тек біреу ғана: жұрттың назарын қазіргі кездегі шиеленіскен қайшылықтар мен шиеленіскен проблемалардан басқа жаққа, бейне бір жаңадан туатын келешектегі «әсіре империализм» деген бірдеңенің жалған перспективасына аудару арқылы капитализм тұсында баянды бейбітшілік болуы мүмкін деген үміттермен бұқараны мейлінше реакциялық түрде жұбату. Каутскийдің «маркстік» теориясында бұқараны алдаудан басқа мүлдем ештеңе жоқ.

Шынында да, Каутскийдің неміс жұмысшыларын (барлық елдердің жұмысшыларын да) нандыруға тырысып жүрген перспективаларының қаншалықты жалған екендігіне көз жеткізу үшін барша жұртқа мәлім, даусыз фактілерді айқын салыстырудың өзі жеткілікті. Индияны, Үндіқытай мен Қытайды алайық. Жұртқа мәлім, 6—7 жүз миллион жаны бар отар және жартылай отар осы үш елді бірнеше империалистік державаның: Англияның, Францияның, Жапонияның, Құрама Штаттардың, т. т. финанс капиталы қанап отыр. Айталық, осы аталған азиялық мемлекеттердегі иеліктерін, мүдделерін және «ықпал ету сфераларын» сақтау немесе ұлғайту мақсатымен әлгі империалистік елдер бір-біріне қарсы одақтар жасасты делік. Онда бұл «интеримпериалистік» немесе «әсіре империалистік» одақтар болады. Әлгі аталған азиялық елдерді «бейбіт» бөлісу үшін *барлық* империалистік державалар одақ құрды делік,— онда бұл «интернационалдықбірлескен финанс капиталы» болады. Мұндай одақтың іс жүзіндегі мысалдары XX ғасырдың тарихында, мәселен, державалардың Қытай жөніндегі қарым-қатынастарында бар[160]. Капитализм сақталып отырған жағдайда (Каутский дәл осындай жағдайды айтып отыр) мұндай одақтардың өмірі қысқа болмайды, бұлар неше алуан және барлық мүмкін формадағы кикілжіңдерді, жанжалдарды және күресті болғызбайды деп ойлау «ақылға сыя ма?» — деген сұрақ туады.

Сұрақты анықтап қойсаңыз-ақ болғаны, сонда бұған теріске шығарудан өзге жауап қайыруға болмайды. Өйткені капитализм тұсында ықпал ету сфераларын, мүдделерді, отарларды және сондайларды бөлісу үшін бөліске қатысушылардың *күштерін*, жалпы экономикалық, финанс, әскери және т. т. күштерді, есепке алудан басқа негіз болу мүмкін *емес*. Ал осы бөліске қатысушылардың күштері бірдей дәрежеде өзгеріп отырмайды, өйткені капитализм тұсында жеке кәсіпорындардың, трестердің, өнеркәсіп салаларының, елдердің *біркелкі* дамуы мүмкін емес. Бұдан жарты ғасыр бұрын, Германияның капиталистік күшін сол кездегі Англияның күшімен салыстырып қарағанда, Германия түкке тұрғысыз еді; Россиямен салыстырғанда Жапония да сондай еді. Бір он шақты-жиырма шақты жылдан кейін империалистік державалардың арасындағы күштердің арасалмағы *өзгермей* қала берді деп ойлау «ақылға сыйымды» ма? Мүлдем ақылға сыйымды емес.

Сондықтан ағылшын поптарының немесе неміс «марксисі» Каутскийдің пасық мещандық қиялындағы емес, капиталистік өмір шындығындағы «интеримпериалистік» немесе «әсіре империалистік» одақтар,— бұл одақтар қандай формада жасалса да, бір империалистік коалицияның екінші бір империалистік коалицияға қарсы шығу формасында немесе *барлық* империалистік державалардың жаппай одағы формасында жасалса да,— бұлардың соғыстар арасындағы «тыныс алу» ғана болатындығы *сөзсіз*. Бейбіт одақтар соғыстарды даярлайды, сонымен бірге өздері де соғыстардан өсіп-өнеді, бұлар біріне-бірі байланысты болып отырады, империалистік байланыстар мен бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың және бүкіл дүние жүзілік саясаттың өзара қатынастарының *нақ сол бір* негізінен бейбіт және бейбіт емес күрес формаларының өзгеруін туғызып отырады. Ал данасыған Каутский жұмысшыларды жұбатып, оларды буржуазия жағына шығып кеткен социал-шовинистермен ымыраластыру үшін біртұтас шынжырдың бір буынын екіншісінен *бөліп тастап отыр*, Қытайды «жұбату» үшін (боксер көтерілісінің[161]

басып тасталуын еске түсіріңіздер) *барлық* державалардың жасаған бүгінгі бейбіт (және әсіре империалистік, тіпті әсіре-әсіре империалистік) одағын ертеңгі бейбіт емес жанжалдан, бүрсігүні, мысал үшін айтқанда, Түркияны бөлісу үшін жасалатын тағы да «бейбіт» жаппай одақты даярлайтын жанжалдан бөліп тастап отыр, *т. т. және т. с.* Империалистік бейбіт кезеңдер мен империалистік соғыстар кезеңдерінің нақты байланысының орнына, Каутский жұмысшыларды өздерінің өлі көсемдерімен ымыраға келтіру үшін жұмысшыларға өлі абстракцияны көлденең тартып отыр.

Американ Хилл өзінің «Европаның халықаралық дамуындағы дипломатия тарихы» деген кітабының алғы сөзінде дипломатияның ең жаңа тарихының мынадай кезеңдерін көрсеткен: 1) революция заманы; 2) конституциялық қозғалыс; 3) қазіргі күндердегі «сауда империализмінің»* заманы. Ал бір жазушы Великобританияның «бүкіл дүние жүзілік саясатының» тарихын 1870 жылдан бастап 4 кезеңге бөледі: 1) бірінші азиялық кезең (Россияның Орта Азияда Индияға бағытталған қозғалысына қарсы күрес); 2) африкалық кезең (1885—1902 жылдар шамасы) — Африканы бөлісу үшін Франциямен күрес (1898 жылғы «Фашода» — Франциямен соғыса жаздағандық); 3) екінші азиялық кезең (Россияға қарсы Жапониямен шарт жасасу) және 4) «европалық» кезең — ең алдымен Германияға қарсы**. Француз финанс капиталының Италияда жұмсала отырып, сол елдердің саяси одағын қалай дайындағанын, Персия үшін Германия мен Англияның күресі, Қытайға заем беру үшін барлық европалық капиталдардың күресі қалай күшейгенін және басқаларын көрсете келіп, банк «қайраткері» Риссер 1905 жылдың өзінде-ақ «алдыңғы отрядтардың саяси қақтығыстары финанс негізінде болып отырады» деп жазған еді. «Әсіре империалистік» бейбіт одақтардың оларды жай империалистік жанжалдармен айрылмастай байланыстыра алғандағы өмір шындығы, міне, осындай.

---

* David Jayne Hill. «A History of the Diplomacy in the international development of Europe», vol. I, p. X.

** Schilder, аты аталган шығарма, 178.

Империализмнің ең терең қайшылықтарын Каутскийдің бүркемелеуі, империализмді боямалап көрсетуге еріксіз айналып отырған бүркемелеуі бұл жазушының империализмнің саяси қасиеттерін сынауында да елеусіз қалып отырған жоқ. Империализм дегеніміз барлық жерде бостандыққа емес, үстемдікке ұмтылып отыратын финанс капиталы мен монополиялар дәуірі. Қандай саяси тәртіп тұсында да барлық жағынан реакцияның болуы, бұл салада да қайшылықтардың өте-мөте шиеленісуі — осы тенденциялардың нәтижесі. Сондай-ақ ұлттық езгі мен аннексияға ұмтылу, яғни ұлт тәуелсіздігін бұзуға (өйткені аннексия дегеніміз ұлттардың өзін өзі билеуін бұзудың дәл өзі) ұмтылу ерекше күшейеді. Гильфердинг империализмнің ұлттық езгінің шиеленісуімен байланысты екенін әділ атап көрсетеді: «Жаңадан ашылған елдерге келетін болсақ,— деп жазады ол,— шеттен әкелінген капитал оларда қайшылықтарды күшейтеді және ұлттық сана-сезімі оянып келе жатқан халықтардың келімсектерге қарсы үнемі өсіп келе жатқан қарсыласуын туғызады; бұл қарсыласудың шетелдік капиталға қарсы бағытталған қатерлі шараларға айналып кетуі оп-оңай. Бұрынғы әлеуметтік қатынастар түп-тамырымен революцияланып келеді, «тарихтан тыс ұлттардың» мыңдаған жылдар бойғы аграрлық оқшаулығы қиратылып, олар капиталистік иірімге тартылып отыр. Капитализмнің өзі бағындырылғандарға азаттық алу үшін керекті құралдар мен әдістерді аз-аздап беріп отырады. Сөйтіп олар бір кезде европалық ұлттарға аса жоғары арман болып көрінген мақсатты: экономикалық және мәдени бостандықтың құралы ретінде біртұтас ұлттық мемлекет құру мақсатын алға қояды. Тәуелсіздікке ұмтылған бұл қозғалыс қанаудың ең бағалы, ең тамаша перспектива беруі мүмкін салаларында европалық капиталға қауіп туғызады, ал европалық капитал өзінің әскери күштерін үнемі арттырып отыру арқылы ғана үстемдігін сақтап қала алады»*.

* «Финанс капиталы», 487.

Бұған мынаны қосу керек: империализм тек жаңадан ашылған елдерде ғана емес, сонымен қатар көне елдерде де аннексияға, ұлттық езгіні күшейтуге, демек, сонымен қатар қарсыласудың шиеленісуіне де әкеліп соғады. Империализм саяси реакцияны күшейтеді дегенге қарсы шыға отырып, Каутский империализм дәуірінде оппортунистермен бірлік болудың мүмкін емес екені туралы мейлінше кокейтесті мәселені көлеңкеде қалдырады. Аннексияға қарсы шыға отырып, ол өзінің қарсы пікірлеріне сондай форма береді, ол форма оппортунистерге негұрлым зиянсыз және оларға бәрінен де қолайлы форма болады. Ол сөзін тікелей неміс тыңдаушыларына арнайды, солай бола тұрса да нақ ең маңызды, ең қажетті нәрсені, мәселен, Эльзас-Лотарингия Германияның аннексиясы екенін бүркемелейді. Каутскийдің осы «ой ыңғайына» баға беру үшін мысал келтірейік. Филиппиныды американдардың аннексиялап отырғанын жапон айыптайды делік. Мұны ол Филиппиныды өзі аннексиялағысы келгендігінен емес, жалпы алғанда, аннексияға қас болғандығынан істеп отыр дегенге көп жұрт сене қояр ма екен?— деген сұрақ туады. Егер ол Жапонияның Кореяны аннексиялап отырғанына қарсы шықса, егер ол Кореяның Жапониядан бөлініп шығу бостандығын талап етсе, тек осындай жағдайда ғана әлгі жапонның аннексияға қарсы «күресін» адал ниетті, саяси жағынан адал күрес деп тануға тура келмей ме?

Каутскийдің империализмге жасаған теориялық талдауы да, оның империализмді экономикалық жағынан да, саяси жағынан да сынауы *басынан аяғына дейін* марксизммен мүлде ымыраға келмейтін рухта, ең түбегейлі қайшылықтарды бүркемелеп, жымып білдірмей жіберу рухында болып отыр, Европа жұмысшы қозғалысындағы оппортунизммен арадағы бұзылып келе жатқан бірлікті қалайда қорғауға тырысу рухында болып отыр.

X. ИМПЕРИАЛИЗМНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Өзінің экономикалық мәні жағынан империализм дегеніміз монополистік капитализм екенін біз көрдік. Империализмнің тарихи орны осының өзімен де анықталады, өйткені еркін бәсеке негізінде және нақ еркін бәсекеден өсіп шығатын монополияның өзі капиталистік укладтан неғұрлым жоғары қоғамдық-экономикалық укладқа өту болып табылады. Монополиялардың біз қарастырып отырған дәуірге тән басты-басты төрт түрін немесе монополистік капитализмнің басты-басты көрiністерін ерекше атап өту керек.

Біріншіден, монополия өндіріс шоғырлануының дамуы өте жоғары сатыға жеткен кезде сол өндіріс шоғырлануынан өсіп шықты. Бұл — капиталистердің монополистік одақтары, картельдер, синдикаттар, трестер. Қазіргі шаруашылық өмірде олардың қандай орасан зор роль атқаратынын біз көрдік. XX ғасырдың басына қарай олар алдыңғы қатарлы елдерде толық басым болып алды, ал егер картельдендіру жолындағы бірінші адымды қорғаныш тарифы жоғары елдер (Германия, Америка) бұрынырақ жасаған болса, онда еркін сауда жүйесі бар Англия да біраз кейінірек нақ сол негізгі фактінің өзін: өндірістің шоғырлануынан монополиялар туатынын көрсетті.

Екіншіден, монополиялар шикізаттың аса маңызды көздерін, әсіресе, капиталистік қоғамның негізгі, неғұрлым картельденген өнеркәсібіне: тас көмір және темір жасаушы өнеркәсібіне керекті шикізат көздерін басып алуды күшейтуге әкеліп соқты. Шикі материалдардың ең маңызды көздерін монополистік жолмен иелену ірі капиталдың өктемдігін сұмдық арттырып, картельденген өнеркәсіп пен картельденбеген өнеркәсіптің арасындағы қайшылықты шиеленістірді.

Үшіншіден, монополия банктерден өсіп шықты. Олар шамалы ғана делдалдық кәсіпорыннан финанс капиталының монополистеріне айналды. Ең алдыңғы қатарлы капиталистік ұлттардың қай-қайсысының болсын басаягы үш — бес ең ірі банкі өнеркәсіп капиталы мен банк капиталының «жеке униясын» жүзеге асырды, тұ-

тас бір елдің капиталы мен ақшалай табыстарының көбін құраған әлденеше миллиардтардың билігін өз қолына жинақтады. Қазіргі буржуазиялық қоғамның экономикалық және саяси мекемелерінің бәрін бірін қалдырмай тәуелділік қатынастардың қалың торымен шырмаған финанс олигархиясы,— әлгі монополияның ең айқын көрінісі, міне, осындай.

Төртіншіден, монополия отаршылдық саясаттан өсіп шықты. Отаршылдық саясаттың көптеген «ескі» дәлелдеріне финанс капиталы шикізат көздері жолындағы, шетке капитал шығару жолындағы, «ықпал ету сферасы» жолындағы — яғни тиімді келісімдер, концессиялар жасасу, монополистік пайдалар табу сфералары және басқа сфералар жолындағы — ақырында, жалпы шаруашылық территориясы жолындағы күресті әкеліп қосты. Европа державалары, мәселен, сонау 1876 жылы болғанындай, Африканың оннан бір бөлегін өздерінің отарлары етіп алған кезде, онда отаршылдық саясат монополистік емес типпен, былайша айтқанда, жерлерді «еркін-басып алу» типімен дәмі алған еді. Ал енді, Африканың $^{9}/_{10}$ бөлігі басып алынып қойған кезде (1900 жылға қарай), бүкіл дүние жүзі бөлініп қойған кезде,— отарларды монополиялық иелену заманы, демек, дүние жүзін бөлісу және қайта бөлісу жолында шиеленіскен күрес заманы сөзсіз туды.

Монополистік капитализм капитализмнің барлық қайшылықтарын қаншалықты шиеленістіргені жалпыға мәлім. Қымбатшылықты және картельдер езгісін көрсетудің өзі де жетіп жатыр. Қайшылықтардың бұл шиеленісуі өтпелі тарихи кезеңнің ең қуатты қозғаушы күші болып табылады, бұл кезең бүкіл дүние жүзілік финанс капиталының түпкілікті жеңген уақытынан басталды.

Монополиялар, олигархия, бостандыққа ұмтылудың орнына үстемдікке ұмтылу, ат төбеліндей аз ғана ең бай немесе ең күшті ұлттардың шағын немесе әлсіз ұлттардың барған сайын көбін қанауы — осының бәрі империализмнің оны паразиттік немесе іріп-шіріп бара жатқан капитализм деп сипаттауға мәжбүр ететін айрықша белгілерін туғызды. Буржуазиясы барған сайын

капитал шығарумен және «купон қырқумен» өмір сүретін «рантье-мемлекеттің», өсімқор-мемлекеттің құрылуы империализм тенденцияларының бірі ретінде барған сайын айқын көрініп отыр. Бұл іріп-шіруге қарай бет алған тенденция капитализмнің тез дамуына жол бермейді деп ойлау қате болар еді; жоқ, өнеркәсіптің жеке салалары, буржуазияның жеке топтары, жеке елдер империализм заманында осы тенденциялардың біресе біреуін, біресе екіншісін бірде көп, бірде аз күшпен көрсетіп отырады. Тұтас алғанда капитализм бұрынғыдан өлшеусіз тез өседі, бірақ бұл өсудің өзі, жалпы алғанда, неғұрлым әркелкі болып қана қоймайды, оның үстіне әркелкілік, жекелеп алғанда, мейлінше күшті капиталы бар елдердің (Англия) іріп-шіруінен де байқалады.

Немістің ірі банктері туралы зерттеудің авторы Риссер Германияның экономикалық дамуының шапшаңдығы жөнінде былай дейді: «Өтіп кеткен жақсы уақыттың почта күймесінің жүріс шапшаңдығы мен қазіргі автомобильдің, қаннен-қаперсіз келе жатқан жаяуға да, автомобильде келе жатқан адамдарға да қатер туғызатындай шапшаң жүретін автомобильдің арасы қандай болса, осыдан бұрынғы дәуірдің (1848—1870) онша шабан болмаған прогресі мен Германияның қазіргі дәуірдегі (1870—1905) бүкіл шаруашылығының, жекелеп алғанда оның банктерінің даму шапшаңдығының арасы да шамамен дәл сондай». Сонымен қатар бұл керемет тез өскеп финанс капиталы, ол осынша тез өскендіктен де, неғұрлым бай ұлттардан басып алуға жататын — жалғыз бейбіт құралдар арқылы ғана тартып алынатын емес — отарларға неғұрлым «тыныш» ие болуға көшуден қашпайды. Ал соңғы ондаған жылдарда Құрама Штаттарда экономикалық даму Германиядағыдан да шапшаңырақ болды, нақ осының *арқасында* ең жаңа американ капитализмінің паразиттік белгілері мейлінше айқын көрінді. Екінші жағынан, тіпті республикалық американ буржуазиясын монархиялық жапон немесе герман буржуазиясымен салыстырудың өзі мынаны көрсетеді: ең ірі саяси айырмашылық империализм дәуірінде өте қатты бәсеңдейді, бәсеңдегенде, сол айыр-

машылықтың мүлдем маңызы жоқ болғандығынан емес, осы реттердің бәрінде де әңгіме паразитизмнің нақтылы белгілері бар буржуазия жайында болып отырғандықтан бәсеңдейді.

Өнеркәсіптің көптеген салаларының біреуінің, көптеген елдердің біреуінің және т. т. капиталистерінің монополиялық мол пайда табуы капиталистерге жұмысшылардың жекелеген топтарын, ал уақытша тіпті олардың айтарлықтай азшылығын да сатып алуға, сөйтіп оларды басқа қалғанының бәріне қарсы белгілі бір саланың немесе белгілі бір ұлттың буржуазиясының жағына тартуға экономикалық мүмкіндік береді. Ал империалистік ұлттардың дүние жүзін бөлісу жолындағы күшейген антагонизмі бұл ұмтылысты күшейте түседі. Империализмнің оппортунизммен байланысы осылайша құрылады, дамудың кейбір империалистік белгілері Англияда басқа елдерге қарағанда анағұрлым бұрын байқалғандықтан, бұл байланыс басқаның бәрінен бұрын және басқадан да гөрі Англияда айқынырақ көрінді. Кейбір жазушылар, мәселен, Л. Мартов, империализмнің жұмысшы қозғалысындағы оппортунизммен байланысты екендігінің фактісінен — қазір ерекше күшті байқалып отырған фактіден,— нақ алдыңғы қатарлы капитализм оппортунизмді күшейтуге апарып соғатын болса немесе ақыны ең жақсы алатын жұмысшылар оппортунизмге бейім тұратын болып шықса және т. т. болса, онда капитализмге қарсылардың ісі үмітсіз іс болар еді деген сияқты «үстіртін-оптимистік» (Каутский мен Гюисманс рухында) пайымдаулар арқылы құтылып кетуді ұнатады. Мұндай «оптимизмнің» мәні жөнінде алданып қалмау керек: бұл — оппортунизм жөніндегі оптимизм, бұл — оппортунизмді бүркемелеуге қызмет ететін оптимизм. Ал шындығында, сау денеге шыққан қатерлі ісік тез ұлғайғанда ісіктің тез жарылып, дененің онап арылуын ғана тездететіні сияқты, оппортунизм дамуының ерекше шапшаңдығы мен ерекше жиркеніштілігі оның мықтап жеңуіне ешбір кепіл бола алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, империализмге қарсы күрес, егер ол оппортунизмге қарсы күреспен етене байланысты болмаса, бос сөз және жалған сөз болып

шығатындығын ұққысы келмеген адамдар басқаның бәрінен де қауіпті.

Империализмнің экономикалық мәні туғалы жоғарыда айтылғандардың бәрінен туатын қорытынды мынадай: империализмді өтпелі немесе, дұрысырақ айтқанда, өліп бара жатқан капитализм деп сипаттауға тура келеді. Бұл жөнінде өте-мөте сабақ болатын нәрсе — ең жаңа капитализмді суреттеп жүрген буржуазияшыл экономистердің мынадай алып қашты сөздері: «араласу», «оқшаулықтың жоқтығы» және т. т.; банктер дегеніміз «өздерінің міндеттері бойынша және өздерінің дамуы бойынша таза жеке меншік шаруашылық сипатта емес, қайта барған сайын таза жеке меншік шаруашылық жағынан ретке келтіріп отыру сферасынан өсіп шығатын кәсіпорындар». Ал осы кейінгі сөздердің иесі Риссердің дәл өзі өте-мөте байсалды түрде: «қоғамдастыру» жөнінде марксистердің «болжаулары» «іске аспады» деп мәлімдейді!

Осы «араласу» деген сөз нені көрсетеді? Бұл сөз біздің көз алдымызда болып жатқан процестің неғұрлым көзге түсетін белгісін ғана қамтиды. Бұл сөз бақылаушының орманды көрмей, жеке ағаштарды санап жүргенін көрсетеді. Бұл сөз сыртқы нәрсені, кездейсоқ нәрсені, былық нәрсені құлша қайталайды. Бұл сөз бақылаушы адамның шикі материал астында қалып, оның мағынасы мен маңызын мүлде түсінбеген адам екенін әшкерелейді. Акция иелену, жеке меншікшілердің қатынастары «кездейсоқ араласады». Бірақ бұл араласудың астары,— оның негізі болып отырған нәрсе — өзгеріп отыратын қоғамдық өндірістік қатынастар. Ірі кәсіпорын орасан зор кәсіпорынға айналып, жоспарлы түрде, жалпылама деректерді дәлме-дәл есепке алу негізінде бастапқы шикі материалды ондаған миллион халықтың барлық керегінің $^2/_3$ немесе $^3/_4$ бөлігі мөлшерінде жеткізуді ұйымдастырған кезде, бұл шикізатты кейде бірінен-бірінің арасы жүздеген, мыңдаған шақырым болатын, өндірістің неғұрлым ыңғайлы пункттеріне тасымалдау үнемі ұйымдастырылып отырған кезде, материалды бірте-бірте өңдеуден даяр өнімдердің толып жатқан түрлерін алуға дейінгі барлық сатылары түгел-

дей бір орталықтан басқарылып отырған кезде, бұл өнімдер ондаған және жүздеген миллион тұтынушылардың арасында бір жоспар бойынша бөлініп отырған кезде (Америкада да, Германияда да керосинді американ «Керосин тресінің» өткізіп отыруы),— міне, бұл кезде біздің алдымызда тіпті де әншейін «араласу» емес, өндірістің қоғамдастырылуы тұрғандығы айқын болып шығады;— жеке шаруашылық қатынастар мен жеке меншік қатынастардың сыртқы қауызы ғана екендігі айқын болып шығады; мұның өзі енді мазмұнына сай келмейді, оның жойылуы жасанды түрде созылатын болса да, сөзсіз іріп-шіритін болады,—мұның өзі шіріген күйінде едәуір ұзақ уақыт (ең жаман болған күнде, егер оппортунистікісіктен емделу созылып кетсе) қала алады, бірақ ол қалай да сөзсіз жойылатын болады.

Неміс империализмін тамсана дәріптеуші Шульце-Геверниц былай деп лепіреді:

«Егер сайып келгенде неміс банктерін бір топ адам басқарып отырса, онда олардың қызметі халық игілігі үшін мемлекет министрлерінің көпшілігінің қызметінен гөрі қазірдің өзінде-ақ маңызды» (банкшілердің, министрлердің, өнеркәсіпшілердің, рантьелердің «араласуы» туралы бұл арада ұмытып кету тиімдірек...) «...Егер өзіміз көрген тенденциялардың дамуын ақырына дейін ойластырып қарасақ, онда былай болып шығады: ұлттың ақша капиталы банктерде біріктірілген; банктер өзара картель болып байланысқан; ұлттың орналастырылуы керек капиталы бағалы қағаздар формасына түскен. Сонда Сен-Симонның мынадай данышпандық сөздері жүзеге асады: «Экономикалық қатынастардың бірыңғай реттелмей-ақ өрістеп отырған фактісіне сай келетін қазіргі өндірістегі анархия өндірістің ұйымдастырылуына орын беруге тиіс. Өндіріске бір-біріне тәуелсіз, адамдардың экономикалық қажеттерін білмейтін оқшауланған кәсіпкерлер бағыт беріп отырмайды; бұл іс белгілі бір әлеуметтік мекеменің қолында болады. Әлеуметтік экономияның кең саласын неғұрлым жоғары көзқарас тұрғысынан бақылап отыруға мүмкіндігі болатын басқарушы орталық комитет оны бүкіл қоғамға пайдалы етіп реттеп отыратын болады, өндіріс құ-

рал-жабдықтарын осыған ыңғайлы деген қолға беріп, әсіресе өндіріс пен тұтынудың арасында үнемі үйлесім болуына қамқорлық жасап отырады. Шаруашылық еңбектің белгілі бір ұйымдастырылуын өз міндеттері шеңберіне қосып алып отырған мекемелер бар, бұлар — банктер». Біз Сен-Симонның бұл сөздерін жүзеге асырудан әлі алыс жатырмыз, бірақ біз қазірдің өзінде бұл сөздерді жүзеге асыру жолында тұрмыз: мұның өзі Маркстің өзі ойлағаннан гөрі басқа марксизм, бірақ тек формасы жағынан ғана басқа»*.

Несін айтасыз: Маркстi жақсылап-ақ «бекерге шығарған», мұның өзі Маркстің дәл ғылыми талдауынан Сен-Симонның жорамалына — данышпандық болғанмен де, тек жорамалына ғана қарай бір адым кейін шегінгендік.

---

* «Grundriß der Sozialökonomik», 146.

ДАЙЫНДЫҚ
МАТЕРИАЛДАР

СОЛШЫЛ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР КЕҢЕСІНЕ АРНАЛҒАН БАЯНДАМАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ[162]

Тезалар:

1. Соғыс фактісі және оның салдары. Жалпы көрініс.
2. Империалистік сипаты
   1) отаршылдық қырғын
   2) ұлттарды езу
   3) дүние жүзін бөлісу.
3. Мақсаттың айқындалуы.
4. Сипатының бұрмалануы
   а) халықтарды азат ету — езу
   б) демократия — деспотия (реакция?)
   в) мәдениет — соғыстың варварлығы
   г) әл-ауқат — әлеуметтік реформалар
   д) капиталистердің табыстары — қымбатшылық!
5. Капитализм (Троцкий).
   (Буржуазиялық дүниенің күйреуі)...
6. Капитализмнің неғұрлым күшті дағдарысы кезінде *о л* (дағдарыс) пролетариатты орасан зор құрбандықтарға душар етеді, пролетариатты капитализмді қорғауға шақырады, азаматтық татулықты талап етеді.
7. Соғысқа қарсы күрес...
8. Конгрестердің шешімдері...
9. Ресми партиялар — бұл шешімдерге қарсы

{ кредиттерге дауыс беру
  министрлікке кіру
  блокты жақтау } *О т а н қ о р ғ а у.*

10. Азшылықтардың (және партиялардың) соғысқа қарсы күресі.
11. Жұмысшы табының өз міндетіне оралуы.
12. Халықаралық социалистік бюро.
13. Берндегі жиналыс[163]. (Байланыс орнату.)
14. Тап күресінің туы.
15. а) соғысушы елдердің қимылы...
    б) бейтарап » »
16. Халықаралық көлем.
17. Бітім шарттары.
18. Үндеу хат.

1915 ж. 19 және 23 август (1 және 5 сентябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр
Француз және неміс тілдерінен аударма

ЦИММЕРВАЛЬД КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ

1) *Империализм* және тонау
2) революцияшыл пролетариаттың назарын басқаға аудару және оның қозғалысын әлсірету...
3) буржуазияның софизмдерін әшкерелеу,— бір топ
   — екінші топ
4) devoir socialiste...*

5)	цитат	төм. 5. бет, 5 жоғ.— 7. бет, 5 жоғ. | 1 |
6)	неміс социал-демократтары патша өкіметіне қарсы күресті тілге тиек ете алмайды	
7)	неміс көсемдерінің қылығын біздің баспасөз өзімізге кінә етіп тағады	
8)	цитат, 8-бет, Même деген сөзден кейінгі аяғы	| 1/2 бет |
9)	орыс социал-демократтары вотум және *құпия прокламация* арқылы = remplit son devoir**	

* — социалистердің борышы... *Ред.*
** — өз борышын орындады. *Ред.*

10) II Интернационалдың күйреуін бүркеу зиянды, әсіресе «центр» зиянды
11) бұл күйреу — оппортунизмнің күйреуі

11-бет | 1 |

12) Россиядағы шовинизм социал-демократтардың бір бөлегіне дейін
13) кемірек қырсық — патша өкіметінің жеңілуі
14) құпия ұйым мен үгіт

| цитат (15 және 16 аяғы) | 1 |

1915 ж. 23 және 26 август (5 және 8 сентябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

ЦИММЕРВАЛЬД СОЛШЫЛДАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ ҚОСЫМШАЛАР[164]

№ 1. noch die wichtigste Frage des Opportunismus berührt, noch die besonders schädliche Rolle des s.-d. Zentrums aufdeckt*.

№ 2. Біз жақтап дауыс береміз, мұның бір себебі, екі француз жолдас маңызды пікір ұсынды. Атап айтқанда олар Францияда жұмысшылардың өте-мөте езіліп жаншылғанын, революциялық бос сөздер оларды мейлінше азғындатқанын, баяу және сақтықпен батыл тактикаға көшу қажеттігін көрсетті. Алайда Европада тұтас алғанда жұмысшы қозғалысының жауы нақ оппортунизм болып табылады.

1915 ж. 26 августа (8 сентябрьде) жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — оппортунизм туралы аса маңызды мәселені де қозғамайды, социал-демократиялық орталықтың ерекше зиянды рөлін де ашып көрсетпейді. *Ред.*

«ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТҚА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР[165]

1

«HOFKALENDER» ДЕГЕН КІТАПТАН КӨШІРМЕЛЕР

Ұлт мәселесі жөнінде

Ұлы державалық ұлттар
(«Hofkalender»*, 1914)
1910 ж.

немістер 12 миллион Австро-Венгрияда
60 Германияда
= (?) (67-ден)
Σ = 72 (?)
ағылшындар (?) 45 Англияда (46-дан) және Англия отарларында
(?) 80 Құрама Штаттарда
125 (?)

ағылшындар — 125
великорустар — 73
немістер — 72
французлар — 38
Σ = 308 миллион
жапондар — 50
итальяндар — 35
? 393
венгрлер — 10
Σ = 403 миллион.

Отарлар (халық миллион есебімен)

1914	*1876*
570	314

38 жыл ішінде + 81%

---

* — «Сарай календары». *Ред.*

2

КОНСПЕКТ НОБАЙЫ

Тақырып: Империализм және ұлттардың *өзін өзі билеуі.*

«ұлт мәселесі» емес

Ұлт программасының $^2/_3$ бөлігі жойылсын (тек өзін өзі билеу).

+ Империализм тұсында демократиялық реформалар ма?
+ Норвегия 1905. «Ерекше» ме?
+ Ирландия 1869. «Утопия» ма?
+ Азиядағы және отарлардағы...
  және Африкадағы (Египет)... ұлттық қозғалыстар
+ Империализм ұлттарды *біріктіру* дәуірі болып отырғанда ұлттар бойынша *бөлудің* қажеті не?

«Егер» алдыңғы қатарлы елдер ұлттарды біріктіретін *империализм* сатысына жеткен болса (жеткен кезде), егер алдыңғы қатарлы елдерде капитализм (= империализм) ұлт мемлекеттерінің шеңберінен *асып кеткен* болса, Украинадағы, Қытайдағы, Персиядағы, Индиядағы, Египеттегі және басқаларындағы ұлттық қозғалыстардың «қажеті не»? Прудонистер мен Marx 1860 жылдары. («Франция әлеуметтік революция жасағанша басқа ұлттар к... көтермей күтіп отыруға тиіс»).

Marx 1848 жылы «Жаңа Рейн Газетінде»[166]. Энгельс 1866 жылы және Marx 1869 жылы: атап айтқанда *езу-*

ші ұлттардың жұмысшы табының мүдделері үшін *езілгендердің* бөлініп шығу бостандығын талап ету керек.

Империализм дегеніміз ұлттарды *жаңа* тарихи негізде езу... Мұның өзі $^1/_2$ бөліктің біреуі.

Екінші $^1/_2$ бөлігі (міндеттің) = *Европаның Шығысында* (1905 жылдан кейінгі Украина), Азияда және Африкада (Қытай, Индия, Египет) — *отарларда* (жер шарының 1000 миллион халқының арасында 570+360=930)... *ұлттық қозғалысты* ояту

1-бет: —2—3* (сығу және өзгерту керек)

1600 миллионның 300—400 миллионы — езушілер

4—5-беттері жойылсын 6-бет (қайта жазылсын)

Ұлттардың өзін өзі билеуі «ескі, тозығы жеткен» (schäbig) буржуазиялық-демократиялық ұран ((жердің 1000 миллион халқы үшін жаңа!!)) алдаудан шындық жасау.

Англия, Франция үшін алдау — Германия үшін де.
Алдаудың екі формасы: Плеханов

contra Parvus «schäbigste» Losung**.

Тек буржуазиялық-демократиялық принцип қана ма? Жұмысшылардың **ТУЫСҚАНДЫҒЫ** ше?
Жоқ, және социалистік принцип.

---

* Сірә, В. *И.* Лениннің қайсыбір қолжазбасының беттеріне сілтеме жасалып отырса керек. *Ред.*

** — Парвустың «ең тозығы жеткен» ұранына қарсы, *Ред.*

Біз: өзін өзі билеу бостандығы, *яғни* бөлініп шығу бостандығы ұранын қойғанда, біз езушілерден *бүкіл* үгіт арқылы: күшпен *емес, қайта* тиімділік, мәдениет арқылы ұстауға тырыс деп талап етеміз. Біз бөлініп шығу бостандығын мойындамасақ, 1-қатарға қоймасақ, *іс жүзінде* біз зорлық-зомбылық малайларына есікті айқара ашып тастаймыз.

Nur so treffen wir den Nagel auf den Kopf* — жұмысшыларды: демократиялық және социалистік принципті кімде-кім **шын көңілмен** *және* адал мойындамаса, ондайлардың бәрін қуып шығыңдар деп үйретеміз.

---

* дәлме-дәл мағынасы: тек осылай еткенде ғана біз шегенің басына (ең қажетті жерге) дәл тигізе аламыз. *Ред.*

3

ТЕЗИСТЕР

Төртеу болғаны *жақсырақ*

Бес тезис: 1) Езуші ұлттың, әсіресе ұлы державалар дейтіндердің социал-демократтары езілген ұлттар үшін өзін өзі билеу правосын=бөлініп шығу правосын талап етуге тиіс, бұл правоны жария баспасөзде ғана емес, сонымен қатар әсіресе құпия баспасөзде де және әсіресе соғыс кезінде қорғауға тиіс.— 2) Езілген ұлттардың социал-демократтары езілген ұлттар *жұмысшыларының* езуші ұлттар *жұмысшыларымен* тек жақындасуын ғана емес, мейлінше толық, оның ішінде ұйымдық жағынан толық қосылуын талап етуге тиіс.— 3) Осы принциптер негізінде XX ғасырдың барлық алдыңғы қатарлы елдерінің, әсіресе ұлы державалардың да социал-демократтары өзінің ұлт саясатының негізі етіп: «жұмысшыларда отан жоқ» деген принципті қоюға тиіс, бірақ Шығыс Европаның және Азия мен Африкадағы отарлардың артта қалған халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы тіпті де теріске шығарылмауы керек.— 4) Барлық елдердің социал-демократтары мұрат ретінде федерациялық принципті *емес*, ұсақ мемлекеттер құруды *емес*, қайта ұлттардың мүмкін болғанынша жақындасуын қорғауға тиіс; ұлттардың жақындасуы ұлттарды бөлу атаулыға зиянды, мәдени-ұлттық автономияға зиянды, демократиялық централизмге пайдалы, аса ірі мемлекеттерге және мемлекеттер одақтарына пайдалы.

5-тезис: № 1 тезистің әліппелік қарапайымдылығына, оны бүкіл демократияның және Маркс+Энгельстің (1848—1876) мойындағанына, оны соғыс тәжірибесінің дәлелдегеніне байланысты,— бұл тезисті мойындамайтын социал-демократтарды пролетариаттың жауы, пасық алдаушылар ретінде міндетті түрде айыптап, оларды партиядан шығару керек.

Ұлттық езгі *атаулыға* қарсы, ұлттық тең правосыздық *атаулыға* қарсы күресті мойындау жеткіліксіз:

(α) «тең правосыздыққа» мемлекеттік құрылысқа правоның болуы қосыла ма? әлде қосылмай ма?

(β) — бөлініп шығу правосы қосыла ма, жоқ па?

(γ) — күнделікті үгіттің сипаты: бастысына бағытталған үгіт.

Мемлекеттік шекаралар туралы мәселеге, әсіресе империализм дәуірінде көбінесе *қайта* шешілетін және нақ соғыстар арқылы шешілетін мәселеге қарағанда жұмысшылардың бірлігі, пролетариаттың интернационалдық таптық курсінің бірлігі шексіз-шетсіз маңызды.

4
ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ
(КОНСПЕКТ)

[28. X. 1915]

Кіріспе

(1) Мәселенің көкейтестілігі. Барлық жұрттың аузында немесе жұрт құлақ түріп жүр. Неліктен?

(α) Соғыс ұлт өшпенділігін туғызады және ұлттық езгіге салу қаупін төндіреді.

(β) Империализм — ұлттарды тарихи *жаңа* негізде езу дәуірі.

(2) *Z. L.* («Циммервальд солшылдарының») міндеті топтасу және осы негізде социал-шовинизмді *тағы да* талқандау, жұмысшы табының санасын ашу.

I. Экономикалық көзқарас

(3) «Капитал ұлттық шеңберден *асып кетті*. Ұлттарды (бір мемлекет ішінде) біріктіру сөзсіз және прогресті». Дұрыс-ақ! Бірақ марксизм = струвизм[167] емес, ұлттарға зорлық жасауды ақтау және қорғау емес, қайта социализм жолындағы революциялық күрес, әр түрлі ұлттар жұмысшыларының *бірлестігі*, олардың *туысқандығы*.

(4) Зорлыққа қарсы ұлттардың демократиялық бірігуін *жақтау* керек. «Бөлініп шығу бостандығы» — *демократизмнің жоғары* көрінісі.

(5) Демократизм, бөлініп шығу бостандығы экономикалық бірлестікке *тиімді* (Норвегия мен Швеция; Америка vs* Германия).

II. Тарихи көзқарас

(6) «Ұлттардың өзін өзі билеуі — буржуазиялық-демократиялық революциялар мен қозғалыстардың өтіп кеткен дәуірінің жауыр болған ұраны».

— Империализм ұлттарды жаңа негізде езуді әкеледі. Империализм осы ескі ұранды жаңартады.

(7) Шығыс және *отарлар* (> жердегі халықтың 1000 миллионы). Буржуазиялық-демократиялық «жаңа» ұлттық қозғалыстар.

Отарлар 1876—314 миллион
1914—570 » +81%.

III. Саяси көзқарас

(8) Біз буржуазиялық-демократиялық ұрандарды лақтырып тастамаймыз, қайта олардағы *демократиялық* нәрсені дәйектірек, толығырақ, батылырақ жүргіземіз.

(9) *Ұлттардың* мүдделері емес, қайта әр түрлі ұлттар *жұмысшыларының* туысқандық, ынтымақ мүдделері керек.

IV. Мемлекеттік шекараларға көзқарас

(10) Біз мемлекеттердің *белгілі бір* шекараларын қорғамаймыз.

(11) Ұсақ мемлекеттер утопиясын жақтамаймыз, «ұлттық мемлекеттер дербестігін» барлық жерде және әрқашан да талап етпейміз...

(12) Біз мемлекеттік шекаралардың қандай болса да ықтимал *өзгерістері* тұсында жұмысшылардың тап күресі мүдделерін 1-орынға қоямыз.

* — versus — бұған қарама-қарсы. *Ред.*

(13) Россияның (Англияның, Австрияның?) «ыдырауы»=Құрама Штаттар.

V. *Пролетариаттың интернационалдық тап күресінің көзқарасы*

(14) Ұлт өшпенділігі мен сенімсіздігінің (à la Axelrod? Жоқ!) қаупі (және капитализм тұсында болмай қоймайтындығы)

(15) Түйіні: *езуші* ұлттардың езілуші ұлттарға көзқарасы.

(16) Бөлініп шығу правосын мойындамайынша әр түрлі ұлттар жұмысшыларының таптық ынтымағының болуы мүмкін емес.

VI. *«Практикалық жағынан жүзеге асуы»*

(17) «Утопия»! Норвегия vs Швеция.

(18) «Ерекшелік»! («Меңіреу түкпір».)
Иә, *барлық* демократиялық реформалар мен өзгерістер сияқты.

(19) «Практикалық жағынан=ноль».
Жоғы=(α) бөлініп шығу жолында үгіт жүргізу бостандығы.
(β) бөлініп шығу жөніндегі мәселені референдум арқылы шешу (конституциядағы 2§§).

(20) «Кепілдік неде? Тек соғыс қана шешеді!»
(Біздің кепілдігіміз — жұмысшы бұқарасын ұлттардың туысқандығы рухында тәрбиелеу.)

VII. *Әскери көзқарас*

(21) «Ұлттардың өзін өзі билеуі=соғысқа қатысуды ақтау».
Соғыстың да соғысы бар. Ұлттық соғыстарды біз «теріске шығармаймыз». Олардың қазір де болуы мүмкін.

(22) «Егер өзін өзі билеу болса, Голландия, Швеция etc. қорғануға праволы». *Империалистік* соғыста *қалай* қорғануға болады?

VIII. *Социал-шовинизмге қарсы күрес*

(23) Социал-шовинизм — нақ сымсыз телеграф сияқты империализмнің болмай қалмайтын нәтижесі. Оған қарсы күрес=қазіргі істің өзегі.
(24) *Өз* ұлтының шовинизміне қарсы күрес.
(25) Бастысы — *ұлы державалық* шовинизм.
(26) «Тең праволылықты мойындау»=*мемлекеттік* құрылыс туралы, *бөлініп шығу* туралы, империалистік *соғыс* жағдайлары туралы мәселені орағытып өту.
(27) Біздің қоюымызша *ғана* Wir treffen den Nagel auf den Kopf. Интернационалдық *социал-шовинизмді* осы формула ғана *соққының астына алады, кескілейді.*

IX. *Айрылысумен салыстыру**

(28) Роза Люксембург айрылысу (vs автономия) туралы.
(29) Семковскийдің қарсылығы.
(30) Оның дұрыс еместігі.

X. *Вейлъ оқиғасы*

(31) Социал-шовинистер Вейльді шығарып тастады, *олардың* принциптерге опасыздығы.
(32) Соғысқа қатысу *біздің* көзқарасымыз тұрғысынан күнә *емес.* Ал әскер ішінде үгіт жүргізу үшін ше? соғысты азамат соғысына айналдыру үшін ше?
(33) Ұлттың қалауы. (Қандай әскерде?)

XI. *Либерал буржуазияның көзқарасы*

(34) *Россияда:* біз (конституцияшыл-демократтар) тең праволылықты жақтаймыз, бірақ Россия мем-

---

* Қараңыз: Шығармалар, 23-том, 70—73-беттер. *Ред.*

лекетінен бөлініп шығу правосын қорғауды ешқашан да қолға алған жоқпыз.

(35) Карл Каутский саяси *өзін өзі билеу* туралы («мәдени автономия да жеткілікті-міс»)...

XII. РСДРП тәжірибесі

(36) 1903 жылғы съезде мәселенің қойылысы.

(37) P. S. D. кетуі және 1906 жылғы кіруі[168].

(38) 9-параграфтың[169] алынып тасталуын бірде-бір рет ресми талап еткен жоқ.

(39) Оппортунистердің Розамен 1914 жылғы «одағы» (жойымпаздар Семковский; Либман; Юркевич; Алексинский).

XIII. Маркс пен Энгельстің үлгісі

(40) 1848 Германия *vs* езілген ұлттар («Nachlaß», III, S. 109, 113 und 114)*.

1866 Энгельс және *Интернационал* (Marx) Польша мен Германия туралы.

1869 Marx *Ирландия* туралы.

(41) **Езуші** ұлттар жұмысшыларының мүдделері тұрғысынан.

> NB
> Marx Ирландиямен *федерацияны* жақтайды (NB)

XIV. «Циммервальд солшылдарының» «формуласы»

(42) «Бір ұлттың екінші бір ұлтқа үстемдігін қолдамау»...

---

* — («Мұра», III, 109, 113 және 114-беттер). *Ред.*

сұрақ: бөлініп шығу бостандығын қамти ма? Немесе жоқ.

Бөлініп шығу бостандығын мойындамау да «үстемдікті қолдау».

Бұл формула = «Жақындасуға қарай жасалған алғашқы қадам»...*

1915 ж. 15 (28) октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 41—47-беттер. *Ред.*

ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ[170]

Герман социал-демократиясы II Интернационалдың ең күшті, ең ықпалды партиясы болды. Сондықтан ол, бір жағынан, II Интернационалдың күйреуіне бәрінен гөрі жауапты, екінші жағынан, оның үлгісі, оның тәжірибесі осы күйреудің себептерін зерттеу үшін және осы партияны тұншықтырған оппортунизммен күресу шараларын, тәсілдерін, жолдарын талдау үшін *негұрлым маңызды*.

Германия социал-демократиялық партиясын тұншықтырған, осы партияны национал-либералдық жұмысшы партиясына айналдырған оппортунизм 1914—1915 жылдардағы соғыста социал-шовинизм формасына айналды.

1915 ж. жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КЕҢЕЙТІЛГЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОМИССИЯНЫҢ КЕҢЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН «БАРЛЫҚ ҚОСЫЛУШЫ ПАРТИЯЛАР МЕН ТОПТАРҒА» АРНАЛҒАН ҮНДЕУГЕ ТҮЗЕТУЛЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР

Änderungsvorschläge:*

1. «Ресми партиялар» мен «II Интернационал» тактикасының *саяси-таптық маңызы* және *принциптік* терістігі неде екені дәлірек және айқынырақ көрсетілсін...
   - (a) отан қорғау = империалистік буржуазияны, оның ұлттарды тонауы мен езуін қорғау
   - (b) оппортунизммен байланысы
   - (c) интернационалдық пролетариатқа қарсы өз елінің буржуазиясымен одақтасуы
2. «Bruch des Burgfriedens»** тұжырымы.
   Соғысты тікелей немесе жанама түрде қолдайтын барлық мекемелерге қатыспау.

αβ+Unterjochung der Nationen***. «In der Aera»...**** туралы соңы жойылсын	+Либкнехт пен Рюлені құттықтау.

3. Nicht nur «geeignete», sondern illegale Literatur, das heißt *freie*, nicht der Zensur unterordnete*****.

---

* — Өзгерістер туралы сөйлемдер. *Ред.*
** — «Азаматтық татулықтың күйреуі». *Ред.*
*** — Ұлттарды құл ету. *Ред.*
**** — «Бүтін заман бойына»... *Ред.*
***** — Тек қана «бейімделген» емес, сонымен қатар құпия әдебиет, яғни *еркін*, цензураға бағынбайтын әдебиет. *Ред.*

γ	ohne zu sagen, daβ die Niederwerfung dieser Regierung dazu nötig*

+

4. Стачкалар (экономикалық және саяси) мен демонстрациялар.
5. +bis zur Revolution**.
6. +Штутгарт қарарынан ғана емес, Базель қарарынан да цитаттар алынсын: ату қылмыс, Коммуна, бесінші жыл.

1916 ж. 23 және 27 январь (5 және 9 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* бұл үшін осы үкіметті құлатудың қажет екенін айтпағанның өзінде. *Ред.*

** — дәл революцияға дейін. *Ред.*

«ЕКІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ»

2 Интернационал

қайталау.

1. Тақырып: соғысқа баға беру емес (> 1 жылдан бұрынғы және ескір.), жұмысшы қозғалысы мен социализм дамуындағы (екі) *негізгі бағыт.*

Alias:* соғысқа және тактика *принциптеріне* баға беру емес, жұмысшы қозғалысының дамуында болып отырған дамуға баға беру.
Сондықтан бастысы: жұмысшы қозғалысы мен социализмнің фактілері (кең көлемде) және түрлі елдерді *салыстыру.*

2. *Кіріспе.*

Huysmans Arnhem-де және Роттердамда vs Wijnkoop et *Henriette Roland-Holst «Berner Tagwacht»*[172]-та.

?+салыстырыңыз: *«Avanti»* (12. II. 1916)?[173]

«Vorwärts»**

2a *Etwa****:

1. Россия: Патриоттар (Плеханов & K⁰) — Ұйымдастыру комитеті және Троцкий — («Наше Слово»)

* — Немесе. *Ред.*

** — «Vorwärts» деген сөзді В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*

*** — Шамамен. *Ред.*

ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ[171]

Тақырып:

[Былайша айтқанда, теорияны дүние жүзілік жұмысшы қозғалысы мен социалистік қозғалыс тәжірибесі арқылы тексеру.]

N B:

Ұйымдастыру комитетінде: (1) жұмысшыларға аудара салу; (2) жойымпаздармен байланысты ұмыту.

— Орталық Комитет.

2. Германия: Көпшілік — К. Каутский & К⁰ —
3. Франция: Көпшілік — Longuet & C⁰ —

4. Англия: Көпшілік (Fabian Society, Labour Party,

5. Италия: Азшылық (Биссолати) —
6. *Австрия:* Көпшілік (Pernerstorfer)

7. Америка: Russel — (Hillquit)
8. Австралия: Көпшілік (үкіметтік партия)

3. *Россия. Әскери-өнеркәсіп* комитетіне сайлау.

Орталық Комитеттің *алғашқы* сайлауы (+ солқылдақтар) + *қорғаныс блогы* (Ларин). Буржуазия мен үкіметтің ызалануы. Гвоздевтің жасырын хабар беруі. *Екінші* сайлау. Шовинистердің жеңісі.

[«Наше Дело» + «Наш Голос» + «Рабочее Утро» Ұйымдастыру комитеті]

Троцкий және *«Наше Слово»* (Чхеидзе фракциясы?) Орталық Комитет

[Мартовтың эволюциясы: ««Vorwärts» өлген» және «Интернационалға бармаймыз» деуден — *«Наше Деломен»* одақ жасауды қорғауға *дейін* (Борецкий).]

Бәлкім, бұл тамаша «дипломатия» болар, бірақ мұнда *социализмнен* ***жұрнақ та жоқ.***

— азшылық. «I. S. D.»* — *(Rühle)* — *Winnig*

— Бурдерон & C⁰. || Бурдеронның қарары || *«Labour Leader»*[174]*-дегі корреспонденция*

Hyndmann) — Askew (?) ** — «Forward»[175].

«Glasgow Socialist»[177] | NB: «Merthyr»[176] NB |

{ Орнатский *«Наше Слово да»* } (Labour Party-мен ажырасу) [*«Labour Leader»-дегі хаттар*]

— — — — — —

Итальяндық ресми партия («Avanti!» 12. II. 1916)

— Adler — азшылық. (*«Berner Tagwacht»*[178]*-тағы* корреспонденция)

— — — Debs (*Debs*[179]-тің мақалалары) («бомбалар мен долларлар»)

— ? — — социалистер.

[«...Қорғаныс үшін емес, үйым үшін...»]

Социал-шовинистердің Мартовты мазақ етуі (Борецкий *«Наше Словода»*).

---

* — «Internationale Sozialisten Deutschlands» — «Германия интернационалдық социалистері». *Ред.*

** — (Фабий қоғамы, Лейбористік партия, Гайндман) — Аскью (?) *Ред.*

Қорытынды: Россия жұмысшы қозғалысындағы екі бағыт.
Тек екеу (қалғаны қалды).

Олардың *таптық негізі:*
(α) отандық буржуазиямен одақтасуы =
(β) интернационалдық пролетариатпен одақтасуы =

Олардың *идеялары:*
«қорғану» үшін («отан қорғау»); («қоргампаздар»);
«отан қорғауға» қарсы...
(Циммервальд манифесін салыстырыңыз»)*

4. *Германия.*
Фракция ішіндегі күрес: Liebknecht und *Rühle* 2 және *20* (олардың дәйексіздігі)[182].

Borchardt және *«Lichtstrahlen»*[183]
Winnig.
Rühle және *«Vorwärts»* жауабы (Талдау)[184].

{ (α) Құпия әдебиетті тарату және құпия ұйым
(β) Үкіметке көмектесу. }

5. *Франция.*
(1) Vaillant *«L'Humanité»-де* (хаттар?)[185] («құлақтарына қанды мақта тығып алды», «доктринерлер» etc. etc.)

(2) Merrheim-нің Циммервальдтағы сөздері: «le parti, le gouvernement et les Jouhaux ne sont que trois têtes sous un bonnet»**.

(3) Бурдерон қарары ((оның текстін талдау)).
(4) *«Labour Leader»*-дегі жіктеліс туралы корреспонденция.

---

* — 2 және 3-пункттер қолжазбада қарындашпен сызып тасталған. *Ред.*

** — «партия, үкімет және Жуо бір қалпақтың астындағы үш бас, одан басқа ештеңе емес». *Ред.*

Столыпиндік
NB:
«Хвостовтық жұмысшы партиясы»[180]

= «отандық» буржуазияны нығайтуды жақтау (= соғысты *жақтау*)
= пролетарлық интернационалдық революцияны жақтау.

+ «Europa und die Revolution»?[181]
осында ма екен?

{ «Fall Liebknecht»* деген кітапша }
«регенерация»
«ұлттық-либералдық партия».

Брауншвейгтегі демонстрация[185].
(Ганновердегі стачка.)

Saumoneau листогы[187].

(Кинтальдағы Brizon & C°)**.

---

* — «Либкнехттің ісі». *Ред.*

** — ««Регенерация»» деген сөзден бастап «(кинтальдағы «(Brizon & C°)» деген сөздерге дейінгі тексті В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*

6. *Англия.*
Көпшілік (министрлікке қатысу) қорғаныс.
«The New Statesman»[188] (және оның көзқарасы) (Labour Party+Fabian Society).
| contra *B. S. P.*, мұнда интернационалистер 3/7 |
«Glasgow Socialist» ((Циммервальдтағы мәлімдеме[189])).
«Labour Leader»-дегі хаттар.
Опасыздық туралы мақала.
Merthyr

7. *Италия.*
Биссолати — партия
(Treves және оның сөзі[191])

{ *Италия:* Биссолати және жұмысшы партиясы
Болгария: тесняктар[192] және широкийлер
Швеция: Брантинг пен Хёглунд
Голландия: Трульстра мен Tribune»[193]. }*

8. *Австрия.*
Пернерсторфер «Neue Zeit»[194]-те
—V. Adler —***интернационалистер...***
{ idem: В. Адлердің қарары және «15»**.

9. *Солтүстік Американ Құрама Штаттары.* («Әрірек барып көз салайық»...)
Russel (V. Berger & C°) «preparedness» жағында.
«Jingo» Hillquit=дипломат***
Debs және оның мақалалары.

10. *Австралия:*
«Berner Tagwacht»[195]-тегі корреспонденция.

---

* 7-пункт қолжазбада қарындашпен сызылып тасталған. *Ред.*
** Тексті В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*
*** — «Jingo» деген сөзден «дипломат» деген сөзге дейінгі текст қарындашпен сызылып тасталған. *Ред.*

Lloyd George в Glasgow-та және жұмысшылардың жауабы.

Британ социалистік партиясы
(Гайндманның кетуі[190]) *

* — Тексті В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*

Мақала «New Statesman»-да
(I. K.[196])*.

11. *Қорытындылар.*

{{К. Каутский Буквоедке хатында... / id.** «Neue Zeit»-те сан рет.}} {{«2-бағыт жоқ»}}

Жалған және өтірік.

К. Каутский Брейтш.-тегі корреспонденцияда («не ескі Интернационал, не жарты дюжинасы»).
Екеу, тек қана екеу.
Бүкіл дүние жүзінде.

(«Гора» мен Жиронда (Плеханов «Искраның» 2-номерінде, 1901 ж. «XX ғасыр табалдырығында»).

(«Жігіттер 2 $ бар» және капиталистік «brain»*** бар: «Appeal to Reason»-да.

Дипломаттық бүркемелеу емес («СПБ. лайсаң» — каутскийшілдік Vaut mieux dire****), қайта бұқараға түсіндіру керек.
Жікке бөлінудің лажсыздығы.

Революция (салыстырыңыз: *L'information* + Europa *und die* Revolution)*****

«Искра» № 2 (1901): Гора мен Жиронда.

Оппортунизмге қарсы күрес {Бернштейн. Мильеранизм және жоресизм. Ағылшынның либералдық жұмысшы саясаты. Бірқатар елдердегі жікке бөліну.}

---

* — «Мақала» деген сөзден «(I. K.)» деген сөзге дейінгі тексті В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*

** — idem — солай. *Ред.*

*** — пікірі. *Ред.*

**** — Деген жақсы. *Ред.*

***** — «Жігіттер» деген сөзден бастап «Revolution» деген сөзге дейін тексті В. И. Ленин қарындашпен сызып тастаған. *Ред.*

Дипломатия—екіжүзділік—ауытқу—өзін өзі алдау?
Істің мәні сөзде емес.

Axelrod және Мартов	Россияда	бір тип
К. Каутский және Haase	Германияда	
Longuet et Pressman	Францияда	
Hillquit Америкада		
Askew және басқалар Англияда		

ΣΣ= ***Гюисманс****

* «Дипломатия» деген сөзден бастап «Гюисманс» деген сөзге дейінгі тексті В. И. Ленин қарындашпен сызып тастаған. *Ред.*

Соғыс екі жақта да
дамуды — — күйреуді
тездетті.
Quid est Kienthal?*

1916 ж. 30 январь мен 4 февраль (12 және 17 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Кинталь деген не? ««Искра» № 2» деген сөздерден бастап аяғына дейінгі тексті В. И. Ленин қарындашпен, сірә, кейін жазған болса керек. *Ред.*

«СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ» ДЕГЕН ТЕЗИСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЗАМЕТКА

Адамзаттың таптарды жоюға қалай жетуге тиіс екендігі мен ол кейініректе ұлттардың қосылуына қалай жетуге тиіс екендігінің арасында біраз ұқсастық бар. Атап айтқанда: таптардың жойылуына езілген тап диктатурасының өтпелі сатысы ғана жеткізеді. Ұлттардың қосылуына езілген ұлттарды азат ету, ұлттық езгіні шын мәнінде жою ғана жеткізеді, ал саяси мағынасында алғанда осы өмір шындығының критерийі нақ бөлініп шығу бостандығында жатыр. Бөлініп шығу бостандығы — ұсақ мемлекеттер мен ұлттық оқшаулanудың жексұрын системасына қарсы ең жақсы әрі бірден-бір *саяси* құрал, адамзаттың бақытына қарай, бұл система капитализмнің бүкіл дамуымен бірге күйреген үстіне күйрей түсуде.

1916 ж. январь—февральда жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЕКІНШІ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҰСЫНЫСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫ

I. S. K. (Берн) шақыратын екінші социалистік конференцияға РСДРП Орталық Комитетінің ұсынысы*

(күн тәртібінің 5, 6, 7a және 7b және 8-пункттері жөніндегі тезистер)

Екінші халықаралық социалистік конференцияны шақыру туралы хабарлай келіп, I. S. K. күн тәртібінің мынадай аса маңызды пункттерін жариялады:

5. «соғысты аяқтау үшін күресу»
6. «бітім мәселелері»
7а. парламенттік «қимыл» } «үгіт және насихат»
7в. бұқаралық » } «үгіт және насихат»
8. Халықаралық социалистік бюро.

I. S. K. ұйымдарды осы мәселелерді талқылап, өз ұсыныстарын жіберуге шақырды. Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің бұл шақыруға жауабы, міне, мынадай:

1. Соғыстың қандайы болса да соғысушы державалар мен олардағы үстем таптардың соғысқа дейін көп жылдар бойы немесе ондаған жылдар бойы жүргізіп келген саясатының күштеу құралдарымен жүргізілген жалғасы ғана болып табылатыны сияқты, соғыс атаулыны аяқтайтын бітім де сол соғыстың нәтижесінде қол жеткен күштегі шын өзгерістердің есепке алынуы және тіркелуі ғана бола алады.

---

* Қараңыз: осы том, 312—324-беттер. *Ред.*

2. Сондықтан белгілі бір соғысқа қорғаныс пен шабуылға шығудың «қарапайым» ұғымдары негізінде баға беру жөніндегі және баянды, демократиялық, құрметті, т. б. бітім жайындағы «қарапайым» ізгі ниетті тілектер негізінде болашақ бітімге баға беру жөніндегі әңгіме атаулы теория тұрғысынан алғанда, социализм ілімі тұрғысынан алғанда барып тұрған қисынсыздық және топастық, жұмысшы табын іс жүзінде барып тұрған алдағандық болып табылады.

3. Қазіргі соғыс — империалистік соғыс, яғни жоғары дамыған, монополистік, социализмге өту үшін пісіп-жетілген капитализм негізіндегі қайшылықтар туғызған соғыс. Бұл соғыс дүние жүзіне гегемондық жасау үшін, яғни әлсіз ұлттарды жаңадан езу, дүние жүзін қайтадан бөлісу үшін, отарларды, ықпал ету сфераларын және басқаларды бөлісу үшін — байырғы тонаушы державалар Англия, Франция, Россия өз олжаларының үлесін жас және неғұрлым күшті тонаушы держава Германияға беруге көнетіндей етіп бөлісу үшін жүргізілуде.

4. Сондықтан егер пролетариат революциясы соғысушы «ұлы» державалардың қазіргі үкіметтері мен қазіргі үстем таптарын құлатпаса, онда империалистік державалар арасындағы азды-көпті қысқа мерзімді уақытша бітімнен басқа, мемлекеттердің ішінде реакцияны *күшейтетін*, ұлттық езгіні және әлсіз ұлттарды құл етуді *күшейтетін*, жаңа соғыстарды және басқаларын әзірлейтін тұтанғыш материалдарды және т. т. *көбейтетін* бітімнен *басқа ешқандай* бітімнің *болуы мүлдем мүмкін емес*. Өйткені империализмнің бүкіл дәуірі тудырған және *осы* соғыстың алдында да, *осы соғыс кезінде де барлық* соғысушы «ұлы» державалардың буржуазиясы жүргізіп келген саясаттың объективті мазмұнынан ұлттарды жаңадан және бұрынғыдан да бетер ауыр езуге және т. т. негізделген бітім сөзсіз келіп шығады.

5. Ресми социалистік партиялардың көпшілігі істеп отырғанындай, қазіргі үкіметтердің және қазіргі үстем таптардың (яғни помещиктермен одақтасқан буржуазияның) араларында баянды немесе демократиялық жә-

не т. с. бітім болуы мүмкін деп халық бұқарасын еліктіру немесе үміттендіру — халықты арсыздықпен алдау ғана емес, оны алдарқатып, оның көңілін стачкалық және демонстрациялық қозғалыс түрінде іс жүзінде қазірдің өзінде басталып отырған революциялық күрестен басқа жаққа аудару деген сөз.

6. Голландияның Sozialdemokratische Arbeiter Partei Arnhem-дегі съезінде II Интернационалдың ресми өкілі Гюисманс та және II Интернационалдың аса ықпалды теоретигі, барлық елдердің социал-патриоттары мен социал-шовинистерінің аса ықпалды қорғаушысы Каутский де қазір «бірауыздан» алға тартып отырған «бітім программасы» нақ әлгі жоғарыда айтқанымыздай халықты алдап, пролетариаттың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аудару сипатында болып отыр. Олардың программасы бірнеше демократиялық ізгі тілектерді сөз жүзінде және екіжүзділікпен мойындаудан тұрады, олар: аннексия мен контрибуцияны теріске шығару, ұлттардың өзін өзі билеуі, сыртқы саясатты демократияландыру, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды шешуге аралық соттар құру, қарусыздану, Европа Құрама Штаттары, т. т. және т. с.

7. Бұл «бітім программасының» бастан-аяқ екіжүзділік екендігінің негұрлым айқын айғағы, бір жағынан, соғысушы елдердің бірқатар буржуазиялық пацифистері мен демагог министрлерінің оны сөз жүзінде мойындауы, екінші жағынан, бір топ соғысушы державалар «социалистерінің» Лондондағы (II. 1915) және екінші тобы «социалистерінің» Венадағы (IV. 1915) конференцияларында барып тұрған (notorisch) шовинистердің оны қайталауы болып табылады. Тонаушылық соғыс жүргізіп жатқан буржуазиялық министрліктерге кіріп отырған «социалистердің» нақ өздері соғыс кредиттеріне дауыс берді, түрлі ұйымдар мен мекемелерге қатысуы және т. т. арқылы соғысқа көмектесті, *іс жүзінде* ескі және жаңа аннексияны қорғау, отарлық езгіні және сондайларды қорғау саясатын жүргізіп отырған нақ осылар аннексияны және басқаларын теріске шығаратын өздерінің «бітім программасын» бүкіл дүние жүзі алдында жариялап отыр.

8. II Интернационалдың ең бір үлкен беделді адамы Каутский 1915 жылғы 21 майда («Neue Zeit») «социалистердің»: ұлттардың «дербестігі» немесе өзін өзі билеуі принципі жөніндегі Лондон* мен Венадағы бұл келісімі мен «бірауыздылығы» II Интернационалдың «бітім программасы» жөніндегі «бірауыздылығы» мен «өміршеңділігін» дәлелдейді деп бүкіл дүние жүзіне жар салып отырған болса, онда ең барып тұрған, ең арсыз екіжүзділікті және жұмысшыларды алдауды осылайша қорғау және оған жол беру әсте де кездейсоқ нәрсе емес, қайта бірқатар елдерде өздерін сөз жүзінде «интернационалистер» етіп көрсететін, ал іс жүзінде империалистік соғысқа «отан қорғау» идеяларын қолдану арқылы оны бүркемелейтін және социализмге опасыздық еткен социал-шовинистермен «бірлікті» уағыздау арқылы олардың жұмысшы қозғалысына үстемдігін пығайтпақшы болатын адамдардың үнемі жүргізіп келген саясаты болып табылады. Жұмысшы табы үшін неғұрлым зиянды және қауіпті бұл саясатты Германияда Каутский, Гаазе және сондайлар, Францияда Лонге, Прессман және басқалар, Англияда көсемдердің көпшілігі, Россияда Аксельрод, Мартов және К⁰-мен қоса алғанда Чхеидзе, Италияда Тревес және басқалар жүргізіп отыр (итальян партиясының орталық органы *«Avanti!»*-дің 1916 жылғы 5 мартта «партия басқармасы мен Оддино Моргаридің Циммервальд бірлестігіне және ең жаңа Интернационалдың өзіне қосылуға бағытталған істеріне кедергі жасамақ болып барлық құралдарды қолданып отыр» дегенді кім таратты деген, Тревесті және басқа «реформист-поссибилистерді» әшкерелеу керек деген қоқан-лоққысын қарап көріңіз). Жұмысшы табы үшін неғұрлым қауіпті осы бүкіл дүние жүзілік саясат оның аса беделді өкілінің есімімен *каутскийшілдік* саясат деп аталуына болады.

9. Социалистер реформа жолындағы күрестен бас тарта алмайды. Олар, айтар болсақ, парламенттерде де бұқараның жағдайын қандай да болса, тіпті болмашы да болса жақсарту үшін, мысалы, күйзеліске ұшыра-

---

* Қолжазбада «Копенгагенде» деп қате кеткен. *Ред.*

ған облыстардың тұрғындарына берілетін жәрдемді көбейту үшін, ұлттық езгіні бәсеңдету, т. с. үшін дауыс беруге тиіс. Бірақ *осы* соғыстың негізінде және *онан* туатын бітім негізінде бұқараның жағдайын жақсарту жолындағы мұндай реформистік әрекеттің тым аз мөлшерде ғана болуы мүмкін екені анық. *Осы* соғыс алға қойған мәселелерді реформистік жолмен шешуге болады деген ойды бұқараның санасына тікелей немесе жанамалап сіңіру оны сұмдық алдау болып шығар еді. Өйткені *бұл* соғыс Европада революциялық жағдай туғызып, империализмнің *ең түбегейлі* мәселелерін кезекке қойды, ал бұл мәселелер Европадағы қазіргі үкіметтер мен үстем таптарды революциялық жолмен құлату арқылы шешілмеген жағдайда, империалистік жолмен шешілмеуі мүмкін емес. Сондықтан социалистер тарапынан баянды және демократиялық бітім жолындағы күрестегі басты және негізгі міндет мынадай болуға тиіс: біріншіден, *революциялық бұқаралық күрестің* қажеттігін бұқараға түсіндіру, оны үнемі насихаттап отыру және тиісті ұйым құру; екіншіден, бітім жөнінде және «бітім программасы» туралы мәселеде II Интернационалдың «бірауыздылығы» жөнінде буржуазиялық-пацифистік бос сөздердің де, социалистік, әсіресе каутскийшілдік бос сөздердің де *екіжүзділігін* және *жалғандығын* әшкерелеу. Буржуазияның ізінше бұл империалистік соғысты социализм үшін жүргізілетін азамат соғысына айналдыру мүмкіндігін теріске шығаратын және осы бағыттағы революциялық жұмыстың қандайына болса да қарсы әрекет жасайтын «социалистердің» тарапынан айтылатын мұндай бос сөздер — барынша екіжүзділік сөздер.

10. «Бітім программасы» жөніндегі қазіргі кезде үстем болып отырған екіжүзділіктің орталық пункті *ескі* және *жаңа аннексияға* қарсы күрес жүргізуді бірауыздан мойындау болып табылады-мыс. Ал аннексия туралы және оған қарсы күрес туралы айтушылар *аннексияның не екеніне* ой жүгірте білмейді немесе көбінесе ой жүгірткісі келмейді. «Бөтен» территорияны қосып алу атаулының бәрін бірдей аннексия деп атауға болмайтыны анық, өйткені социалистер, жалпы айт-

қанда, ұлттар арасындағы шекаралардың жойылуына, ұлттардың жақындасуы мен қосылуына, неғұрлым ірі мемлекеттердің құрылуына тілектес. Status quo-ны бұзу атаулының да бәрін бірдей аннексия деп санауға болмайтыны анық: мұның өзі барып тұрған реакцияшылдық болар еді және тарих ғылымының негізгі ұғымдарын келеке қылғандық болар еді. Күшпен, соғыс жолымен қосып алу атаулыны да аннексия деп санауға болмайтыны анық, өйткені, егер күштеу халық бұқарасының мүддесінде және адамзат прогресінің мүддесінде қолданылса, оған социалистер қарсы болмайды. Халықтың *еркіне қарамастан* оның территорияларын қосып алу ғана аннексия деп саналуға болатыны және солай деп саналуға тиіс екені анық. Басқа сөзбен айтқанда, аннексия ұғымы *ұлттардың өзін өзі билеуі* ұғымымен тығыз байланысты.

11. Нақ *осы* соғыстың болу негізінде, соғысып жатқан «ұлы» державалардың *екі* тобы тарапынан да бұл соғыстың империалистік соғыс екендігінен мынадай құбылыс туындауға тиіс еді, туындады да: буржуазия мен социал-шовинистер «аннексияны» *жау* мемлекет жасап *қойса* немесе жасап жатқан кезде «аннексияға» қарсы күш сала *«күреседі»*. Зюдекум және оның Гаазе мен Каутскийге дейінгі австро-германдық достары мен қорғаушылары Германияның Эльзас-Лотарингия, Дания, Польша және басқалар жөнінде жасаған аннексиясы туралы жұмған аузын ашпайды, ал Россияның Финляндия, Польша, Украина, Кавказ, т. б. жөнінде, Англияның Индия, т. т. жөнінде жасаған «аннексиясына қарсы» өте жиі «күреседі». Екінші жағынан, ағылшын, француз, итальян және орыс Зюдекумдері, яғни Гайндман, Гед, Вандервельде, Ренодель, Тревес, Плеханов, Аксельрод, Чхеидзе және К^0 Англияның Индия жөніндегі, Францияның Ницца немесе Марокко жөніндегі, Италияның Триполи немесе Албания жөніндегі, Россияның Польша, Украина және басқалар жөніндегі аннексиясы туралы жұмған аузын ашпайды, ал оның есесіне *көбінесе* Германия жасап отырған «аннексияға қарсы күреседі».

Социал-шовинистер мен каутскийшілдердің тарапынан бұл сияқты «аннексияға қарсы күрестің» барып тұрған екіжүзділік сипаты бар екені, ал мұндай күреске буржуазияның шовинистік насихат жүргізуге миллион-миллион қаржы жұмсай отырып, тікелей де, жариялылықты тек социал-шовинистер мен каутскийшілдердің монополиясына ғана бере отырып, жанама түрде де көмектесетіні айқын.

Эльзас-Лотарингия үшін жүргізілетін соғысты ақтайтын француз «социалистерінің» де, Эльзас-Лотарингияның Германиядан бөлініп шығу бостандығын талап етпейтін неміс «социалистерінің» де, олар біздер аннексионистер емеспіз деп қалай ант-су ішсе де, екеуінің де бірдей аннексионистер екені айқын. «Россияның ыдырауына» қарсы сөйлейтін не жазатын немесе «аннексиясыз бітім» ұранын жақтап, Польшаны кімнің құлдыққа салуына бола жүргізілген соғысты қазір, тікелей немесе жанама түрде, ақтап отырған орыс «социалистерінің» де нақ сондай аннексионистер екені айқын, т. т. және т. с.

12. «Аннексияға қарсы күресті» бос сөзге немесе жиіркенішті екіжүзділікке айналдырмау үшін социалистер: *бірніншіден*, саяси өкіметті пролетариаттың жеңіп алуы жолында революциялық күрес жүргізудің және социалистік төңкеріс жасаудың қажеттігін бұқараға түсіндіруі тиіс; бұл социалистік төңкеріс империалистік дәуір мен осы империалистік соғыстың барлық жағдайларынан өсіп шығады және тек сол социалистік төңкеріс қана ұлттардың өзін өзі билеуін берік және барлық жерде қамтамасыз ете алады; яғни езілген ұлттарды азат етіп, ұлттардың жақындасуын және қосылуын күштеу негізінде емес, барлық ұлттардың пролетариаты мен еңбекші бұқарасының тең праволылығы мен келісімі негізінде жүзеге асыра алады;— *екіншіден*, ресми социалистік партиялардың бүркемелі шовинизмі мен аннексионизміне қарсы, әсіресе «ұлы» державаларда, барынша кең насихат және үгіт жұмысы дереу жүргізілуге тиіс. Ирландияның, Индияның, т. б. бөлініп шығу бостандығы үшін дереу күрес жүргізбейтін ағылшын социалисінің,— француз отарла-

рының бостандығы үшін, Эльзас пен Лотарингияны, т. б. қосып алу жолындағы соғысқа қарсы күреспейтін француз социалисінің,— Эльзас-Лотарингияның, даттардың, поляктардың, бельгиялықтардың, сербтердің және басқалардың бөлініп шығу бостандығы үшін күреспейтін неміс социалисінің,— Украинаның, Финляндияның және басқалардың бөлініп шығу бостандығы үшін, Польшаға бола жүргізілетін соғысқа қарсы күреспейтін орыс социалисінің,— Триполидің, Албанияның, т. б. бөлініп шығу бостандығы үшін күреспейтін итальян социалисінің,— Голландия Индиясының бөлініп шығу бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күреспейтін голланд социалисінің,— поляктар езіп отырған еврейлердің, украиндардың, т. б. толық бостандығы мен тең праволылығы үшін күреспейтін поляк социалисінің тек сөз жүзінде ғана социалист және интернационалист болып есептелін, іс жүзінде шовинист, аннексионист екенін социалистер бұқараға түсіндіруге тиіс.

13. «Соғысқа қарсы соғыстың», «бітім үшін күрестің» қандайы болса да, егер ол дереу *бұқаралық революциялық күрес* жүргізумен, ол күресті насихаттаумен және оны дайындаумен тығыз байланысты болмаса, оның *екіжүзділік* болып табылатындығы Циммервальд манифесі мен I. S. K.-нің 1916 жылғы 10 февралдағы нұсқау хатынан (Бюллетень № 3) сөзсіз туады. Ал бұл қорытындыны тұрадан-тура және айқын баяндау керек. Біріншіден, еуропалық соғыс жағдайында бұқаралық революциялық күрестің дамуы неге апарып соғатынын және неге апарып соғуға *тиістілігін* (muß) бұқараға түсіндіру керек. Ол империалистік соғыстың социализм жолындағы азамат соғысына айналуына сөзсіз алып келеді. Жұмысшылардың басқаның ісі үшін өлгенінен гөрі өз ісі үшін өлгенінің артық екендігі туралы сөйленіп жатқан сөздердің бәрі осыған меңзейді. Бірақ меңзеу жеткіліксіз. Бұқараның алдына, мүмкін, алыс та болса, ұлы мақсатты айқын қою керек. Қайда және не үшін бару керек екендігін білу керек. Екіншіден, біз бұқараны «ол елдің соғыс жағдайының қандай болуына қарамастан» өз үкіметтеріне қарсы күресуге шақыратын болсақ, онда біз осының өзі арқылы *бұл*

соғыста «отан қорғау» мүмкіндігіне принцип жағынан қарсы болып қана қоймаймыз, сонымен қатар *буржуазиялық* үкімет атаулының жеңіліп, ол жеңілістің революцияға айналуының *қажеттігін* мойындаймыз. Ал мұны турасынан айту керек: егер бұқаралық революциялық күрестің саналы өкілдері *барлық* буржуазиялық үкіметтердің жеңілуі үшін және оларды құлату үшін өзара ашықтан-ашық бірікпесе, бұқаралық революциялық күрес интернационалдық күрес бола алмайды. Үшіншіден — ал бұл ең бастысы — бұқаралық революциялық күресті насихаттау, дайындау үшін, оның барысын және жағдайларын талқылау үшін барлық жерлерде, тек жоғарғы топтарда ғана емес, бұқара арасында да жасырын ұйым құрмай тұрып, бұқаралық революциялық күресті жүргізуге *болмайды*. Егер Германияда көше демонстрациялары болса, егер Францияда майданнан соғыс заемына *жазылмауға* шақырған бірқатар хаттар келсе, егер Россия туралы айтпағанның өзінде, Англияда жаппай стачкалар болса, онда бұл күреске көмектесу үшін, оны интернационалдық жолмен топтастыру үшін бұл жолда жасалған *әрбір* қадамды *еркін, яғни құпия* баспасөзде жазып тұру, табыстарын тексеріп, олардың жағдайларын салмақтап отыру, күресті топтастырып, дамытып отыру сөзсіз қажет. Құпия ұйымсыз, құпия баспасөзсіз «бұқаралық қимыл жасауды» мойындау жалаң бос сөз болып қала береді (Швейцарияда, міне, осындай болып та отыр)*.

14. Социалистердің парламенттік күресі (Aktion) туралы мәселе жөнінде мынаны есте ұстау керек: Циммервальд қарары Мемлекеттік думаның біздің партияға жататын және Сибирьге айдауға сотталған социал-демократиялық бес депутатына тілектестік білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың тактикасына *қосылып* отыр. Бұқараның революциялық күресін мойындау және социалистердің парламенттердегі *тек қана* жария, *тек қана* реформистік жұмысымен тыну мүмкін емес; мұның өзі жұмысшылардың орынды наразылығы-

---

* Қолжазбада 12 және 13-пункттер сызылып тасталған. *Ред.*

на және олардың социал-демократиядан антипарламенттік анархизмге немесе синдикализмге кетушілігіне ғана апарып соғады. Социал-демократтар өздерінің парламенттердегі пұрсатын парламенттерде сөйлеу үшін пайдаланып *қана қоймай*, сонымен қатар жұмысшылардың құпия ұйымы мен революциялық күресіне *парламенттерден тысқары жерде* барлық жағынан көмек көрсетіп отыру үшін пайдалануға тиіс, ал *бұқара* өз көсемдерінің осындай қызметін өздерінің құпия ұйымдары арқылы өздері *тексеріп* отыруға тиіс, мұны жұрттың бәрінен жасырмай айқын айту қажет.

15. Шақырылғалы отырған екінші халықаралық социалистік конференцияның күн тәртібіне қойылған Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы мәселе неғұрлым негізгі және принципті мәселені — ескі партиялар мен II Интернационалдың бірлігі мүмкін бе? деген мәселені сөзсіз қозғайды. Бұқара ішінде Циммервальд бірлестігіне деген тілектестік неғұрлым кең тарап өскен сайын, істің шын мәнісінде ескі партиялар мен II Интернационалды жұмысшы қозғалысындағы буржуазиялық саясатпен бірдей деп қарайтын (Циммервальд манифесі мен I. S. K-нің 1916 жылғы 10 февральдағы нұсқау хатын қараңыз), ал екінші жағынан, олармен жікке бөлінуден қорқып, ескі Халықаралық социалистік бюро жиналған бойда I. S. K.-ні таратуға уәде беретін позицияның дәйексіздігі мен жасқаншақтығы бұқараға соғұрлым түсініксіз, оның күресінің дамуына соғұрлым зиянды бола түседі.

Бұл уәде тіпті Циммервальдта да дауысқа қойылған жоқ және талқыланған *жоқ*.

Жікке бөлінудің сөзсіз екендігі, Циммервальд манифесі ұсынған жұмысты ескі партиялармен бірлесе отырып жүргізуге болмайтындығы, жікке бөлінуден қорқу бұл жолда қандай қадам жасауға да кедергі келтіретіндігі Циммервальдтан кейін өткен жарты жылдың ішінде бұрынғыдан гөрі де айқындала түсті. Германияда тек I. S. D. тобы ғана жікке бөлінуден қорқуды айыптап, бірлікті уағыздаушылардың екіжүзділігіне ашықтан-ашық қарсы шығып қана қойған жоқ, сонымен қа-

тар *Reichstagsfraktion** мүшесі, К. Либкнехттің ең жақын жолдасы, Otto Rühle де жікке бөлінуді ашықтан-ашық жақтады. Ал «Vorwärts» Рюлеге қарсы ешқандай елеулі, ешқандай адал дәлел ұсына алмады. Францияда социалистік партияның мүшесі Бурдерон сөз жүзінде жікке бөлінуге қарсы, ал іс жүзінде конгреске тура «С. А. Р. (Comité Administratif Permanent = партияның Орталық Комитеті) мен G. P.» (Groupe Parlementaire = парламенттік топты) «désapprouve» (жоққа шығаратын) қарар ұсынды. Мұндай қарарды қабылдау партияның дереу және сөзсіз жікке бөлінуі болып шығатыны айқын. Англияда тіпті баяу «Labour Leader» беттерінде T. Russel Williams жікке бөлінудің сөзсіз екенін талай рет ашықтан-ашық айтты, оның пікірін партияның бірқатар мүшелері қолдады. Америкада, социалистік партияның ресми түрде бірлігі болып отырғанда, оның кейбір мүшелері милитаризмді және соғысты (preparedness** дейтінді) жақтаған пікір айтса, екіншілері, олардың ішінде бұрын президентке социалистік партиядан кандидат болып ұсынылған E. Debs те төніп келе жатқан соғысқа *байланысты* социализм жолындағы азамат соғысын ашықтан-ашық уағыздайды.

Бүкіл дүние жүзінде жіктеліс қазірдің өзінде іс жүзінде *болып отыр*, ал бұған көз жұма қарау циммервальдшылдарды бұқараның көз алдында күлкі етіп, оларға зиянын ғана тигізеді, ал бұқара *олардың* Циммервальд рухында *жұмыс жүргізуінің* әрбір қадамы жіктеле түсу және оны тереңдете түсу екенін өте жақсы біледі.

Сөзсіз болатын нәрсені және болған нәрсені ашықтан-ашық мойындау үшін, бұл соғыста «отанды қорғаушылармен» бірігу мүмкіндігі туралы зиянды жалған үміттен бас тарту үшін, «бұқараны адастырып жүрген» (I. S. K.-нің 1916 жылғы 10 февральдағы нұсқау хатын қараңыз) немесе «амнистия жасау» арқылы социализмге *қарсы* «заговор» (Pakt) жасағалы жүрген

* — рейхстаг фракциясы. *Ред.*
** — әзірлілік. *Ред.*

көсемдердің ықпалынан құтылуда бұқараға көмектесу үшін жүректілік керек.

Халықаралық социалистік бюроның Гаагада шақырылуы туралы күн тәртібі мәселесі жөнінде біздің ұсынысымыз, міне, осындай.

Объективті жағдай аса үлкен дүние жүзілік дағдарысты тарихи күн тәртібіне қойып отырған уақытта реформистік бос сөздер халықты алдаудың басты құралы болып табылады, бұл дағдарыс жеке партиялардың еркінен тыс, не кейін шегеріліп, келесі империалистік соғысқа дейін қалдырылуы, не социалистік революция жолымен шешілуі ғана мүмкін. Империализмге, осы империалистік соғысқа алып келіп отырған кездейсоқтық емес және жеке үкіметтердің немесе жеке ел капиталистерінің қара ниеттері емес, буржуазиялық қатынастардың бүкіл дамуы. Нақ сол сияқты, қазір бірқатар соғысып жатқан елдерде стачкаларды, демонстрацияларды және бұқаралық революциялық күрестің тағы басқа көріністерін туғызып отырған кездейсоқтық емес, қайсыбір демагогияның немесе үгіттің нәтижесі емес, соғыс туғызған дағдарыстың объективті жағдайлары мен тап қайшылықтарының шиеленісуі.

Мәселе объективті түрде осылай және тек қана осылай қойылып отыр: бұқараның осы, әзірше әлі де әлсіз, бірақ іштей қуатты, терең және дами келе социалистік революцияға айналып кете алатын толқуына, қозғалысына көмектесу керек пе. *Немесе* буржуазиялық үкіметтерге (Durchhaltspolitik, politique jusquauboutiste)* жәрдемдесу саясатын жүргізу керек пе. Демократиялық бітім туралы айтылып жүрген жылымшы сөздердің нақты маңызы бұқараны екіжүзділікпен еселіреу, алдап-арбау арқылы үкіметтерге *көмектесуде* ғана болып отыр.

* — (соғысты жеңіп шыққанға дейін созa беру саясаты). *Ред.*

* * *

Бұл соғыс күн тәртібіне империализмнің түбегейлі мәселелерін, яғни капиталистік қоғамның өмір сүруінің өзі туралы мәселелерін қойды, ал бұл мәселелерді реформистік жолмен шешу мүмкіндігі туралы пікірге халықты тікелей немесе жанамалай сендіру дүмшелік болар еді. Әңгіме соңғы ондаған жылдар ішінде өте-мөте шапшаң дамып қана қоймай, сонымен қатар — бұл ерекше маңызды — мейлінше әркелкі дамып келген капиталистік мемлекеттердің арасындағы күштің жаңа арақатынасына сәйкес дүние жүзін жаңадан бөлісу жайында болып отыр. Капиталистік қоғамдық қатынастардың негізінде дүние жүзін бұлай жаңадан қайта бөлісу соғыстар мен күштеу арқылы болмаса, басқаша болуы мүмкін емес. Істің объективті жағдайы пісіп жеткен қайшылықтарды реформистік жолмен шешуге мүмкіндік бермейді, бірқатар империалистік соғыстардан басқа немесе табысты болуына империализмнің нақ осы дәуірі қазірдің өзінде жағдай жасаған пролетариаттың социалистік революциясынан басқа ешқандай жол қалдырмайды. Қазіргі жағдайларда шын саяси қызметті мына екі жағдайдың біреуінде ғана атқаруға болады: не «өзінің» ұлттық буржуазиясына басқа елдерді талауға көмектескенде, не басталып келе жатқан...*

1916 ж. февральдың аяғында—мартта жазылған

Бірінші рет 1927 ж. 6—7 ноябрьде «Правда» газетінің 255-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осы жерден қолжазба үзіледі. *Ред.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Август, 1915 — июнь, 1916)

1915 ж.

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

Ленин хатты (открытканы) 1915 жылы 8 (21) августа жазды. Бұл хат туралы М. М. Литвинов Лондоннан 19 августа (1 сентябрьде) В. И. Ленинге жолдаған хатында былай деп жазады: «Қымбатты дос, Сіздің открытканызды кеше, яғни 11-і күні алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

Хат 1915 жылғы 26 августан (8 сентябрьден) ертерек жазылған: сірә, хатта әңгіме Н. И. Бухариннің Россиядан «Социал-Демократ» газеті үшін корреспонденцияларды аз жіберетіндігі жайында болса керек. Бұл хат туралы Бухариннің Ленинге 26 августа (8 сентябрьде) жолдаған хатында мынадай мағлұмат бар: «Дәл қазір Сізден тым ашулы хат алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Е. И. РИВЛИНАҒА ХАТ

Бұл хат туралы В. И. Ленин 1915 жылы августың екінші жартысында Е. И. Ривлинаға жазған хатында былай деп еске салады: «Жуырда Сізге Голэй жайында жазған едім» (Шығармалар, 36-том, 335-бет).

А. И. УЛЬЯНОВА-ЕЛИЗАРОВАҒА ХАТ

Хат 1915 жылдың күзінде жазылған және онда Лениннің «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және

егіншілік» деген кітабын шығару жайында сөз болған; сол кезде Ленин осы кітапты жазып жүрген еді. Лениннің Берннен анасы М. А. Ульяноваға 24 сентябрьде (7 октябрьде) жолдаған хатында әлгі хат туралы мынадай мағлұмат бар: «Жіберген кітабы үшін, педагогикалық шығармалардың аса қызықты жинағы үшін және хаты үшін Анютаға көп-көп рахмет айтамыз. Мен оған бастырып шығарушы туралы жазып едім, соған жауап күтудемін» (Шығармалар, 37-том, 464-бет).

Р. ГРИММГЕ ХАТ

Хат 1915 жылғы сентябрьдің аяғында немесе октябрьде Интернационалдық социалистік комиссияның «Бюллетенінде» жариялау үшін РСДРП Орталық Комитетінің соғыс жылдарындағы қызметі туралы есептің жіберілуіне байланысты жазылған. Бұл хат туралы Р. Гриммнің В. И. Ленинге 22 октябрьде жолдаған хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ЛАТЫШ ЖОЛДАСҚА ХАТ

1915 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) ертерек Г. Л. Шкловскийге жазған хатында Ленин мынаны өтінеді: «Қоса жолданып отырған хатты *сол латышқа* (Сізден 5—8 сентябрьдің маңында менің адресімді алып, 1915 жылы 10 немесе 11 сентябрьде маған Sörenberg-ке келген латышқа) беріңізші» (Лениннің XI жинағы, 195-бет). Әңгіме, сірә, Я. Берзин (Зиемелис) жайында болып отырса керек, ол Латыш өлкесі социал-демократиясынан Циммервальд конференциясына қатысып, Циммервальд солшылдарына қосылған еді.

С. Г. ШАУМЯНҒА ХАТ

Бұл хат туралы С. Г. Шаумянның В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяға 1915 жылы 1 (14) ноябрьде жазған хатында былай делінген: «Сіздің хатыңыздың тезистері қуанышпен қабылданды» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. ЗИФЕЛЬТКЕ ХАТ

Хат 1915 жылы ноябрьдің басында жазылған және онда «Internationale Flugblätter»-дің («Интернационалдық жедел листоктардың») 1-номерінің итальян тіліне аударылуы сөз болған. Бұл хат туралы А. Зифельттің Ленинге 1915 жылы 24 ноябрь-

де жазған хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ХАТ

Бұл хат туралы Л. Б. Каменевтің В. И. Ленинге Енисейскіден 1915 жылы 8 (21) декабрьде жолдаған хатында айтылады: «Сіздің 24 ноябрьдегі бірінші хатыңызды енді ғана алып отырмын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1915—1916 жж.

А. М. КОЛЛОНТАЙҒА ХАТТАР

В. И. Лениннің Америкаға А. М. Коллонтайға жазған хаттары туралы Лениннің оған 1916 жылы 6 (19) мартта жолдаған хатынан мәлім: «Америкаға Сізге жазған менің бірнеше заказной хатымды «ізгілікті» Францияның *конфискелегеніне* (факт!) менің қатты ызам келді» (Шығармалар, 36-том, 371-бет). Бұл хаттардың мазмұнын Лениннің басқа хаттарына қарап шамамен анықтауға болады (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 181, 183-беттер; 36-том, 351-бет).

1916 ж.

М. М. ХАРИТОНОВҚА ХАТ

Хат 1916 жылы январьда жазылып, онда газет жіберу жөнінде өтініш айтылған; ол жөнінде М. М. Харитонов В. И. Ленинге Цюрихтен жолдаған жауап хатында айтады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. Г. ШЛЯПНИКОВКЕ ХАТТАР

В. И. Лениннің А. Г. Шляпниковке 1916 жылы январьда жазған хаттары туралы Шляпниковтың 7 (20) және 10 (23) январьда жолдаған жауап хаттарында айтылады. Лениннің 27 февральда (11 мартта) жазған хаты туралы Шляпников В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяға 4 (17) мартта жолдаған хатында айтады.

Майда жазған хаты туралы Шляпниковтың Ленинге 12 (25) майда Христианиядан жолдаған хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. И. УЛЬЯНОВА-ЕЛИЗАРОВАҒА ХАТ

Хат 1916 жылдың басында, кеш дегенде 12 (25) мартта жазылған және онда тасымалды жолға қою, Россияға әдебиет жөнелту мәселелері жайында сөз болған. Ол хат туралы А. И. Ульянова-Елизарованың Ленинге 12 (25) мартта жолдаған хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. И. УЛЬЯНОВА-ЕЛИЗАРОВАҒА ХАТ

Хат 1916 жылы 28 майда (10 июньде) жазылған; ол хат туралы А. И. Ульянова-Елизарова Ленинге 7 (20) июньде Петроградтан жолдаған хатында айтады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

Хат 1916 жылдың көктемінде жазылған және онда Стокгольм полициясының В. И. Ленинге не себепті назар аударғаны туралы сұралған. Ол хат туралы Бухариннің В. И. Ленинге жазған хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 44—23 август, 1915 ж.
№ 45—46—11 октябрь, 1915 ж.
№ 47—13 октябрь, 1915 ж.
№ 48—20 ноябрь, 1915 ж.
№ 49—21 декабрь, 1915 ж.
№ 50—18 февраль, 1916 ж.
№ 51—29 февраль, 1916 ж.
№ 52—25 март, 1916 ж.
№ 53—13 апрель, 1916 ж.
№ 54—55—10 июнь, 1916 ж.

«КОММУНИСТ» ЖУРНАЛЫ

№ 1—2—сентябрь, 1915 ж.

«VORBOTE» ЖУРНАЛЫ

№ 1—январь, 1916 ж.

А. К. «СОҒЫС КІМГЕ ҚАЖЕТ?»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1916

А. М. Коллонтайдың (А. К.) «Соғыс кімге қажет?» деген кітапшасының қолжазбасына Лениннің түзетулері мен ескертпелері қолжазбаның екі парағы түрінде сақталған (қараңыз: Лениннің XVII жинағы, 324—330-беттер).

«БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН ҚАРАРДЫҢ ЖӘНЕ МАНИФЕСТІҢ ЦИММЕРВАЛЬДТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ СОЛШЫЛ БӨЛЕГІ ЕНГІЗГЕН ЖОБАЛАРЫ

В. И. Лениннің А. М. Коллонтаймен және К. Радекпен жазысқан хаттарына сүйене отырып, 1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияда ұсынылған «Бүкіл дүние жүзілік соғыс және социал-демократияның міндеттері» деген қарардың жобасын және манифестің жобасын В. И. Ленин редакциялауға қатысты деп жорамалдауға болады, Лениннің оны құрастыруға да қатысуы әбден мүмкін (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 166—167-беттер; 36-том, 324-бет).

Оның үстіне, конференциядан кейін қарар мен манифестің жобалары РСДРП Орталық Комитетінің Орталық Органы «Социал-Демократтың» Ленин редакциялаған 45—46-номерінде редакция атынан берілген ескертумен қоса басылды; ескертуде бұл документтерге Ленин және басқа да елдердегі солшыл социал-демократтардың өкілдері қол қойды деп көрсетілген.

СОЛШЫЛ ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕРДІҢ ЦИММЕРВАЛЬДТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ЕКІ МӘЛІМДЕМЕСІ

1915 жылы 5—8 сентябрьде болған Циммервальд конференциясында солшыл интернационалистер екі мәлімдеме ұсынды. Екі мәлімдеме де 1915 жылы 13 октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 47-номерінде жарияланды. Конференция қабылдаған манифестің дәйексіз және жасқаншақ болуы салдарынан Циммервальд солшылдарының бұл манифеспен келіспейтіндігін білдірген бірінші мәлімдеме туралы Ленин «Алғашқы адым» деген мақалада былай деп жазды: «Біздің келіспейтіндігіміз туралы,— тек Орталық Комитеттің ғана емес, тіпті конференцияның бүкіл солшыл, *халықаралық, революциялық-марксттік* бөлегінің келіспейтіндігі туралы,—арнаулы қарарда да, манифестің арнаулы жобасында да, келісімпаздық манифеске дауыс беру жөніндегі ерекше мәлімдемеде де ашықтан-ашық айтылған» (осы том, 45—46-беттер). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Циммервальд конференциясында солшылдардың екінші мәлімдемесінің «Социал-Демократ» газетінің 47-номері үшін дайындалған тексті сақтаулы, бұл текст В. И. Лениннің қолымен жазылған. Мұның өзі бірінші мәлімдемені де, екінші мәлімдемені де егер В. И. Ленин жазбаған болса, бұл мәлімдемелерді жазуға ол қатысты және редакциялады деп қорытуға негіз болады.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОМИССИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ПОЛЬША КОРОЛЬДІГІ МЕН ЛИТВА СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АТЫНАН ЖАСАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕ

Кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның 1916 жылы 5—9 февральда Бернде болған кеңесінде РСДРП Орталық Комитеті мен Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының атынан Лениннің мәлімдеме жасап сөз сөйлегені туралы F. Tych-тың мына кітабында мағлұмат бар: PPS-lewica w latach wojny 1914—1918. Warszawa, 1960. s. 90 (Ф. Тых. Поляк социалистік партиясы-солшылдар 1914—1918 жылдардағы соғыс кезінде. Варшава, 1960, 90-бет). Ф. Тых Р. Гриммнің қорына, кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның 5—9 февральдағы кеңесінің протоколдарына сілтеме жасайды, бұл протоколдар Амстердамдағы Халықаралық әлеуметтік тарих институтында сақтаулы. Мәлімдеме социал-шовинистер К. Каутскийдің, Г. Гаазенің және Э. Бернштейннің екінші халықаралық социалистік конференцияға шақырылуына қарсы жасалған наразылық болды. Ленин бұл мәлімдемені редакциялауға және, мүмкін, оны құрастыруға да қатысты деп жорамалдауға болады.

КИНТАЛЬДАҒЫ ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯДАҒЫ ЦИММЕРВАЛЬД СОЛШЫЛДАРЫНЫҢ «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ БІТІМ МӘСЕЛЕСІ» ДЕГЕН ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Қарар жобасына Ленин және басқалар қол қойған және ол 1916 жылы 10 июньде РСДРП-ның Ленин редакциялаған Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 54—55-номерінде басылған. Сонымен қатар, Кинталь конференциясының қарсаңында Г. Е. Зиновьевке жолдаған хатында Ленин былай деп жазады: «Мәселе Циммервальдтың алдында қалай болса, солай болып отыр: біздің өз «қарарларымыз» бар, бірақ *солшылдар блогынан* ешбір бас тартпаймыз» (Шығармалар толық жинағы, 49-том, 219-бет).. Мұның өзі Ленинді қарар жобасын редакциялауға немесе, мүмкін, құрастыруға қатысты деп жорамалдауға негіз болады.

ЦИММЕРВАЛЬД СОЛШЫЛДАРЫНЫҢ КИНТАЛЬДАҒЫ ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Соғыс кредитіне француз социалистерінің дауыс беруі туралы мәселе жөніндегі Циммервальд солшылдарының мәлімдемесі 1916 жылы 10 июньде РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 54—55-номерінде басылды, оған В. И. Ленин және басқалар қол қойған. Кинталь конференциясында Циммервальд солшылдарының атынан жасалған бұл мәлімдемені редакциялауға Циммервальд солшылдарының ұйымдастырушысы әрі басшысы ретінде Лениннің қатыспауы мүмкін емес.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] IV Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының мүшелері, большевиктер А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) басталысымен-ақ жұмысшы табының мүдделерін батыл қорғады. Партияның бағытын жүргізе отырып, олар патша өкіметіне соғыс кредитін жақтап дауыс беруден бас тартты, соғыстың империалистік, халыққа қарсы сипатын әшкерелеп отырды, жұмысшыларға соғыс туралы шындықты түсіндірді, оларды патша өкіметіне, буржуазия мен помещиктерге қарсы күреске көтерді.

IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары 1914 жылы 6 (19) ноябрьге қараған түні тұтқынға алынды. Олардың Петроград маңындағы Озерки селосында өздері шақырған конференцияға қатысуы тұтқынға алуға тікелей сылтау болды. IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарына және Озеркидегі құпия партия конференциясына қатысқан басқа социал-демократтарға сот 1915 жылы 10(23) февральда Петроград сот палатасының Ерекше мекемесінде болды. Оларға 102-статья (сол кездегі мемлекеттік құрылысты құлату міндетін алға қойған ұйымға қатысу) бойынша айып тағылды. Большевик депутаттарды тінткен кезде табылған Лениннің «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген тезистері және «Социал-Демократ» газетінде басылған РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 1—7 және 13—23-беттер) оларға қарсы негізгі айыптау материалы болды.

Барлық бес депутат-большевик Туруханск өлкесіне (Шығыс Сибирь) өмір-бақи қоныстануға жер аударуға кесілді. Большевиктік депутаттарға болған соттың қорытындыларына арнап Ленин «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» деген мақаласын жазды; бұл мақала «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 29 марттағы 40-номерінде ба-

сылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 178—186-беттер). — *2.*

[2] *«Француз социалисінің адал үні»* деген мақала 1915 жылы сентябрьде «Коммунист» журналының 1—2-номерінде басылды.

«Коммунисті» Ленин ұйымдастырды, оны «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды қаржыландырушылар Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірігіп шығарды. Журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді. Не бары бір номері (қосарлас) шықты. Онда Лениннің «Француз социалисінің адал үні» деген мақаласымен қоса тағы да: «II Интернационалдың күйреуі» және «Италиядағы империализм мен социализм» деген екі мақаласы басылды.

Журналды шығару жоспарын Ленин 1915 жылдың көктемінде-ақ жасаған болатын. Лениннің басшылығымен журнал редакциясының ұйымдастыру жиналысы болды. Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың халықаралық органы етуді көздеді. Бірақ көп ұзамай «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен, Пятаковпен және Бошпен елеулі алауыздықтары бар екені байқалды, ал журналдың 1—2-номері жарыққа шыққаннан кейін бұл алауыздықтар шиеленісе түсті. Бухарин—Пятаков және Бош тобы партияның программасы мен тактикасының бірқатар принципті мәселелері жөнінде — ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы, демократиялық талаптардың және жалпы алғанда программа-минимумның ролі туралы және басқа мәселелер жөнінде — теріс позиция ұстады, сөйтіп журналды өздерінің фракциялық мақсаттарына пайдалануға тырысты. Ленин журнал редакциясы ішінде Бухарин — Пятаков және Бош тобына қарсы күрес жүргізді, олардың большевиктерге қарсы көзқарастары мен фракциялық іс-әрекеттерін әшкереледі, Г. Е. Зиновьев пен А. Г. Шляпниковтың осы топ жөніндегі ымырашылдық позициясын қатты сынады.

Осы топтың антипартиялық әрекетіне байланысты «Социал-Демократ» газетінің редакциясы, Лениннің ұсынысы бойынша, журналды бұдан әрі шығару мүмкін емес деп есептейтіндігін мәлімдеді. Ленин ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Комитеті қаулысының жобасын» (қараңыз: осы том, 309—311-беттер) жазды. Россиядағы Орталық Комитеттің бюросы «Коммунист» редакциясы ішіндегі алауыздықтар туралы хабарламаны тыңдап, Орталық Орган — «Социал-Демократ» редакциясымен өзінің бүтіндей келісетіндігін мәлімдеді және «Орталық Комитеттің барлық басылымдары мейлінше ұстамды бағытта, Орталық Комитеттің соғыс басталғаннан бергі ұстаған бағытына толық сәйкес редакциялансын» деген тілек білдірді. 1916 жылғы октябрьден «Социал-Демократ» газеті-

нің редакциясы ««Социал-Демократ» жинағын» шығара бастады.— *5.*

³ *Штутгарт қарары* — 1907 жылы 18 августан 24 августқа дейін Штутгартта өткен Халықаралық социалистік конгресс (II Интернационалдың VII конгресі) қабылдаған «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» мәселесі жөніндегі қарар. Лениннің ұсынысы бойынша бұл қарарға мынадай принципті қағида енгізілді: «Ал егер соғыс қалай да бола қалған күнде, олар (әр елдің жұмысшы табы және олардың парламенттердегі өкілдері. *Ред.)* ...қолдағы бар мүмкіндіктерді жұмсай отырып, соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты халық бұқарасын көтеруге пайдалануға және капиталистік таптық үстемдіктің құлауын тездетуге әрекет жасауға тиіс» («Пролетарий» № 17, 20 октябрь, 1907 жыл, 6-бет). Конгресс туралы В. И. Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79, 82—94-беттер).

Базель қарары — соғыс туралы манифест; бұл манифесті 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресс қабылдаған болатын. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыстың қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып көрсетті және барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы, бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын капиталистік империализмге қарсы қоюға» шақырды. Манифест социалистерді империалистік соғыс басталып кеткен күнде соғыс туғызған экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолында күресу үшін пайдалануға шақырды.— *6.*

⁴ *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары бірінші рет жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол берілгені үшін оны жиі сынады. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *11.*

[5] *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылды. Ол құрылған кезден бастап-ақ партияның ішінде партияның саясаты мен тактикасы мәселелері жөнінде келіспейтін екі бағыттың — оппортунистік және революциялық бағыттардың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджо-Эмилиадағы съезде солшылдардың қысымымен ең ашық реформистер — соғысты және үкіметпен, буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (Бономи, Биссолати және басқалар) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап (Италия соғысқа кіргенге дейін) Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шықты, «Соғысқа қарсы, бейтараптылық үшін!» деген ұран ұсынды. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған, соғысты жақтаған бір топ ренегаттар (Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Итальян социалистері Швейцария социалистерімен бірге Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальдтағы (1915) және Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға белсене қатысты, оларда центристік көпшілікке қосылды. 1915 жылы майда Италияның Антанта жағында соғысқа кіруінен бастап, Итальян социалистік партиясы империалистік соғысқа қарсы күрестен бас тартты және «Соғысқа қатыспау да керек, оған саботаж жасамау да керек» деген ұран тастады, іс жүзінде бұл ұран соғысты қолдау болды.— *20.*

[6] *Үш жақты келісу* (Антанта) — Англияның, Францияның және патшалық Россияның империалистік блогы; ол Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның империалистік Үш жақты одағына қарама-қарсы 1907 жылы біржола қалыптасып болды. Антанта құрылар алдында 1891—1893 жылдары француз-орыс одағы және 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды. 1907 жылы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылуы Антантаның құрылуын аяқтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Англияның, Францияның және Россияның әскери-саяси одағына Америка Құрама Штаттары, Жапония, Италия және басқа бірқатар мемлекеттер қосылды.— *21.*

[7] *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум және басқалар қатысты. «Наша Зараның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған бойдан-ақ журнал социал-шовинизм позициясында болды. — *23.*

[8] *Ұйымдастыру комитеті* (ҰК) — меньшевиктердің басшы орталығы; 1912 жылы жойымпаздардың август конференция-

сында құрылған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Ұйымдастыру комитеті социал-шовинизм позициясында болды, патша өкіметі тарапынан жүргізілген соғысты ақтады, ұлтшылдық және шовинизм идеяларын уағыздады. Ұйымдастыру комитеті «Наша Заря» журналын, ол жабылғаннан кейін — «Наше Дело», «Дело» журналдарын және «Рабочее Утро», одан соң «Утро» газеттерін шығарып тұрды. Ұйымдастыру комитеті 1917 жылғы августа меньшевиктік партияның Орталық Комитеті сайланғанға дейін өмір сүрді. Россияда жұмыс істеген Ұйымдастыру комитетінен басқа құрамында бес секретары бар (П. Б. Аксельрод, Астров (И. С. Повес), Ю. О. Мартов, А. С. Мартынов, С. Ю. Семковский) Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты болды, секретариат центризмге жақын позиция ұстады және де интернационалистік жел сөздерді бүркеніп, іс жүзінде Россия социал-шовинистерін қолдады. Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты өзінің баспасөз органын—«Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии» газетін шығарып тұрды; газет 1915 жылғы февральдан 1917 жылғы мартқа дейін шықты. — *23.*

[9] *Чхеидзе фракциясы* — IV Мемлекеттік думадағы Н. С. Чхеидзе бастаған меньшевиктік фракция. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Думадағы меньшевиктік фракция центристік позиция ұстай отырып, іс жүзінде барлық жағынан орыс социал-шовинистерінің саясатын қолдады. В. И. Ленин «Ұйымдастыру комитетінің және Чхеидзе фракциясының өз бағыты бар ма?» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 264—270-беттер) және басқа да шығармаларында Чхеидзе фракциясының оппортунистік бағытын сынады. — *23.*

[10] *«Информационный Листок Заграничной Организации Бунда»* («Бунд Шетелдік Ұйымының Информациялық Листогы») — 1911 жылғы июньнен 1916 жылғы июньге дейін Женевада шығып тұрды. Барлығы 11 номері шықты. «Бюллетень Заграничного Комитета Бунда» сол «Информационный Листоктың» жалғасы болды.— *26.*

[11] 1915 жылы 30 августа (12 сентябрьде) II Николай патша IV Мемлекеттік думаны 1915 жылғы 3 (16) сентябрьден бастап тарату туралы указ шығарды. Оның жұмысын қайта бастау мерзімі төтенше жағдайларға байланысты кеш дегенде 1915 жылғы ноябрьге белгіленді.

IV Мемлекеттік дума (ноябрь, 1912 — февраль, 1917) Россияның бірінші дүние жүзілік соғысқа кіруін мақұлдады. 1914 жылғы 26 июльдегі (8 августағы) Дума мәжілісінде барлық буржуазиялық-помещиктік фракциялардың өкілдері «отан қорғау» үшін үкіметтің төңірегіне өздерінің топтасатындығын мәлімдеді; көп кешікпей меньшевиктер мен эсер-

лердің фракциялары да қорғампаздық позицияға көшті. Тек большевиктік фракция ғана соғысқа батыл қарсы шықты, соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруден бас тартты, сөйтіп бұқара арасында революциялық интернационалистік насихатты өрістетті. 1914 жылдың ноябрінде IV Мемлекеттік думаның депутаттары — большевиктер тұтқынға алынды, мемлекетке опасыздық жасады деген айып тағылып, сотқа тартылды.

1915 жылдың жазына қарай майданда жеңіліске ұшырау буржуазияны пісіп жетіліп келе жатқан революцияны жапыштап тастауды, монархияны сақтап қалуды, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді көздеген баяу реформалар программасын ұсынуға мәжбүр етті. 1915 жылдың августында Мемлекеттік думаның және Мемлекеттік советтің буржуазиялық-помещиктік фракциялары «Прогрестік блок» дейтінді құрды, оның платформасында «сенім көрсетілген үкімет» құру көзделді, оған буржуазия толық қолдайтын адамдар кіруге тиісті болды.— *28.*

[12] *Трудовиктер* (Еңбек тобы) — Мемлекеттік думалардағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды. Думада трудовиктер кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында трудовиктердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

Эсерлер (социалист-революционерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», Социалист-революционерлер партиясы және басқалар) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.— *31.*

[13] *«Халықтық социалистер»* (энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері; бұл партия 1906 жылы Социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан-оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл

партиясының «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында халықтық социалистер социал-шовинистік позицияда болды.— *31.*

[14] *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Кадеттер Россияны соғысқа әзірлеуде белсенді роль атқарды. Патша үкіметінің басқыншылық жоспарларын сөзсіз қолдай отырып, кадеттер буржуазияның жағдайын нығайтуды және елдегі революциялық қозғалысты басып-жаншуды көздеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен кадеттер: «Соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізе берейік!» деген ұран ұсынды. 1915 жылы, патша үкіметінің әскерлері майданда жеңіліске ұшырап, елде революциялық дағдарыс шиеленісе түскен кезде, кадеттердің Мемлекеттік думадағы П. Н. Милюков бастаған өкілдері буржуазия мен помещиктердің басқа да өкілдерімен бірге «Прогрестік блок» дейтінді құрды, бұл блок революцияға жол бермеуді, монархияны сақтап қалуды және соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді мақсат етіп қойды.— *31.*

[15] Берндегі *Интернационалдық социалистік комиссия* (I. S. K.)— Циммервальд бірлестігінің атқару органы; 1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі Циммервальд конференциясында құрылды. I. S. K.-ға центристер Р. Гримм, О. Моргари, Ш. Нэн және аудармашы ретінде А. Балабанова кірді. Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 1915 жылғы 21 сентябрьдегі 1-номерінде басылған конференция туралы ресми есепте былай делінді: «Бұл секретариат қазіргі Халықаралық социалистік бюроны ешбір алмастырмауға тиіс, тек Халықаралық социалистік бюро өзінің атқаратын міндетіне сай дәрежеге жетсе болды-ақ, таратылып жіберілуге тиіс». Есептің КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы бір данасындағы осы сөздердің астын Ленин сызып қойған және жиегіне былай деп жазған: «Kein Beschluß darüber» («Бұл туралы қаулы болған жоқ»), яғни бұл шешімді Циммервальд бірлестігі қабылдамаған, ал конференциядан кейін I. S. K. қабылдаған.— *34.*

[16] Бұл арада 1915 жылы 5—8 сентябрьде өткен *Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференция* айтылып отыр. Конференция итальян және Швейцария социалистерінің инициативасы бойынша шақырылды.

Ленин Циммервальдта өткен конференцияны соғысқа қарсы интернационалдық қозғалысты өрістетудегі алғашқы қадам деп атады. Конференцияға Европаның 11 елінен: Германиядан, Франциядан, Италиядан, Россиядан, Польшадан, Румыниядан, Болгариядан, Швециядан, Норвегиядан, Голландиядан, Швейцариядан 38 делегат қатысты. Конференцияда II Интернационалдың аса ірі партиялары — Герман социал-демократиялық партиясы мен Француз социалистік партиясының ресми өкілдері болған жоқ; 10 делегат герман социал-демократиясындағы оппозицияның әр түрлі үш сарынының өкілдері болды; Франциядан конференцияға кәсіптік қозғалыстың оппозициялық элементтері қатысты. Сондай-ақ, конференцияға социалистердің Балқан федерациясы, швед социал-демократиясының оппозициясы және Норвегия жастар одағы, Голландияның солшыл социалистері, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасы өз делегаттарын жіберді. Делегаттардың көпшілігі центристік позицияда болды.

Конференцияға РСДРП Орталық Комитетінен В. И. Ленин мен Г. Е. Зиновьев өкіл болды. Конференцияға солармен бірге П. Б. Аксельрод пен Л. Мартов (РСДРП-ның меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінен) және В. М. Чернов пен М. А. Натансон (социалист-революционерлер партиясынан) қатысты.

Конференция мына мәселелерді талқылады: 1) жеке елдер өкілдерінің баяндамалары; 2) Германия мен Франция өкілдерінің бірлескен декларациясы; 3) принципті қарар қабылдау туралы Циммервальд солшылдарының ұсынысы; 4) манифест қабылдау; 5) Интернационалдық социалистік комиссияға (I. S. K.) сайлау; 6) соғыс құрбандарына және қудаланушыларға тілектестік білдіру жөнінде қарар қабылдау.

Конференцияда Ленин бастаған революцияшыл интернационалистер мен конференцияның неміс социал-демократы Г. Ледебур бастаған каутскийшіл копшілігі арасында шиеленіскен күрес өрістеді. Конференция комиссия әзірлеген манифесті—«Европа пролетарларына» деген үндеу хатты қабылдады. Солшылдар ұсынған соғыс және социал-демократтардың міндеттері туралы қарарды және манифестің жобасын конференцияның көпшілігі қабылдамай тастады. Алайда конференция қабылдаған манифеске, Лениннің табандылығы арқасында, революциялық марксизмнің бірқатар негізгі қағидаларын енгізуге қол жетті. Бұдан басқа, конференция неміс және француз делегацияларының жалпы декларациясын, соғыс құрбандарына және саяси қызметі үшін қудаланушы күрескерлерге тілектестік білдіру жөнінде қа-

рар қабылдады, Интернационалдық социалистік комиссияны (I. S. K.) сайлады.

Ленин конференцияның жұмысына белсене қатысты: бірнеше рет сөз сөйледі, мәжілістер кезінде делегаттармен хат алысты, үзілістерде олармен әңгімелесіп, социал-шовинизмге қарсы батыл күрес жүргізу қажеттігін түсіндірді. Ленин конференциядан бұрын, 1915 жылдың августында, осы кезге дейін-ақ социалистік партияларда бөлініп шығып болған шын солшыл интернационалистердің конференциядағы өкілдігі мүмкіндігінше толық болуына күш салып, орасан зор әзірлік жұмысын жүргізді, сөйтіп конференцияға социал-шовинизм мен центризмге қарсы солшылдарды топтастырудың алдын ала жасалған программасымен барды. Европаның солшыл интернационалистеріне (Д. Благоевке, Д. Вайнкопқа және басқаларға) жазған хаттарында ол солшылдардың жалпы декларациясының негізгі принциптерін баяндап берді, ол принциптер мыналар: социал-шовинизм мен центризмді айыптау, империалистік соғыста «отан қорғау» және «азаматтық татулық» ұрандарынан үзілді-кесілді бас тарту, революциялық қимылдарды насихаттау.

Циммервальд конференциясы ашылардың қарсаңында (2 және 4 сентябрь аралығында) орыс және поляк делегаттардың кеңесі болды, онда Ленин жазған «Циммервальд солшылдары қарарының жобасы» және К. Радек ұсынған, кеңеске дейін-ақ Ленин сынаған қарардың жобасы талқыланды. Талқылаудан кейін Циммервальд конференциясында Лениннің сыны негізінде түзетілген К. Радектің жобасын ұсынуға ұйғарым жасалды. 1915 жылы 4 сентябрьде Ленин Циммервальд конференциясының солшыл делегаттарының жеке кеңесінде дүние жүзілік соғыстың сипаты және халықаралық социал-демократияның тактикасы туралы баяндама жасады. Халықаралық революциялық қозғалыста солшыл интернационалистер негізгі қағидалардың — большевиктік партияның соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде талдап жасаған қағидаларының, ең алдымен соғыс туралы РСДРП Орталық Комитетінің лениндік манифесі мен большевиктердің шетелдегі секцияларының Бернде өткен конференциясының сол кезде шетел тілдеріне аударылған қарарының төңірегінде топтасты.

Бірінші халықаралық социалистік конференцияда Циммервальд солшылдары қатарында 8 адам (ұйымдардың өкілдері және жеке адамдар): Ленин бастаған РСДРП Орталық Комитеті, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті, З. Хёглунд (швед оппозициясынан), Т. Нёрман (норвег оппозициясынан), Ф. Платтен (Швейцариядан), Ю. Борхардт — «Германия интернационалдық социалистері» тобының делегаты болды. Конференцияның жұмысы кезінде Циммервальд солшылдарының В. И. Ленин бастаған бюросы құрылды. Циммервальд сол-

шыл тобында бірден-бір дұрыс, ақырына дейін дәйекті позиция ұстаған Ленин бастаған большевиктер болды. Циммервальд солшылдарының ішінде Лениннің үлкен жұмыс жүргізуіне және солшыл циммервальдтық қозғалысты жікке бөлуге тырысқан К. Радекке қарсы күресуіне тура келді.

Европа мен Америка елдерінде интернационалистік элементтерді ұйымдастыру жөнінде Циммервальд солшылдары зор жұмыс атқарды. Циммервальд конференциясынан кейін көп кешікпей-ақ неміс тілінде «Internationale Flugblätter» («Интернационалдық жедел листоктар») деген кітапшаның 1-нөмері шығарылды, онда Циммервальд конференциясында солшылдар ұсынған документтер басылған-ды. Кітапша басқа тілдерге аударылды. 1916 жылдың январында Циммервальд солшылдары өзінің «Vorbote» («Жаршы») деген теориялық журналын шығара бастады.

Ленин «Алғашқы адым» және «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» (қараңыз: осы том, 41—47 және 48—52-беттер) деген мақалаларында Циммервальд конференциясына және большевиктердің ондағы ұстаған тактикасына баға берді.— *34*.

[17] *«Berner Tagwacht»* («Берн Сақшысы») — газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1893 жылдан Бернде шығады. 1909—1918 жылдары газеттің редакторы Р. Гримм болды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде газетте К. Либкнехттің, Ф. Мерингтің және басқа солшыл социал-демократтардың мақалалары жарияланды. 1917 жылдан бастап газет социал-шовинистерді ашық қолдады. Қазіргі кезде газеттің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мәселелері жөніндегі позициясы буржуазиялық газеттердің позицияларымен сәйкес келеді.— *37*.

[18] *«La Sentinelle»* («Сақшы»)—газет, Швейцария социал-демократиялық Невшатель кантоны (француз Швейцариясы) ұйымының органы; 1890 жылы Шо-де-Фонда құрылған. 1906 жылдан 1910 жылға дейін шығарылған жоқ. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет интернационалистік позицияда болды. 1914 жылы 13 ноябрьде газеттің 265-номерінде РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі қысқартылған түрде басылды. Газет осы кезде де шығады.— *37*.

[19] В. И. Ленин бұл арада К. Либкнехттің Циммервальдтағы халықаралық социалистік конференцияның адресіне жолданған, бірақ ол кезде басылмай қалған 1915 жылғы 2 сентябрьдегі хатын айтып отыр. К. Либкнехттің өзі бұл конференцияға қатыса алмады, өйткені 1915 жылдың басында қатардағы солдат есебінде герман армиясына алынған болатын. К. Либкнехт өзінің хатында конференцияның делегаттарын

«азаматтық татулыққа» шақырған жоқ, қайта азамат соғысына, барлық соғысып жатқан елдер социалистерінің интернационалдық ынтымақтастығына, империалистік соғысқа қарсы күресуге және социал-шовинистерден қол үзуге шақырған еді. Конференцияға қатысушылардың көпшілігі К. Либкнехттің хатын жылы шыраймен қарсы алды. — *38*.

[20] *«Наше Слово»* («Біздің Сөз») — меньшевиктік-троцкистік газет; «Голос» газетінің орнына 1915 жылғы январьдан 1916 жылғы сентябрьге дейін Парижде шығып тұрды.— *38*.

[21] *B. S. P.*— British Socialist Party (Британ социалистік партиясы) 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. B. S. P. марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 378-бет) партия болды. Алайда партияның сап жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде партияда интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Г. Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды. 1916 жылдың февралында B. S. P.-дің бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. B. S. P.-дің 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. B. S. P. мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партияның жергілікті ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтады. Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде B. S. P. жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды.— *39*.

[22] *I. L. P.*— Independent Labour Party (Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. I. L. P.-ға «жаңа тред-юниондардың» және

бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр-Гарди басқарды. I. L. P. құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде I. L. P. соғысқа қарсы манифест ұсынды, алайда көп ұзамай ол социал-шовинизм позициясына түсті.— *39.*

[23] Ленин бұл арада Циммервальд бірлестігінің атқару органы—«Берндегі Интернационалдық социалистік комиссияның бюллетенін» («Bulletin. Internationale Sozialistische Kommission zu Bern») айтып отыр. «Бюллетень» 1915 жылдың сентябрінен 1917 жылдың январына дейін ағылшын, француз және неміс тілдерінде шығып тұрды. Барлығы 6 номері шықты. «Бюллетеньнің» 1916 жылғы 29 февральдағы 3-номерінде «1916 ж. 24 апрельдегі конференцияға. Делегацияның ұсынысы» деген документ ішінара басылды, ал 22 апрельдегі 4-номерінде В. И. Ленин жазған «РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысы» жарияланды.— *40.*

[24] *«Социал-Демократ»* — құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Россияда газеттің 1-номерін шығару әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін газетті шығару шетелге көшірілді; 2—32-номерлері (февраль, 1909—декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914—январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократ» зор роль атқарды.

1913 жылы 15 (28) декабрьде шыққан 32-номерінен кейін «Социал-Демократты» шығару уақытша тоқтатылып, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында қайта қолға алынды.

В. И. Ленин 1914 жылы сентябрьде Швейцарияға келісімен іле-шала партияның Орталық Органы — «Социал-Демо-

крат» газетін шығаруды қайта қолға алу жөнінде зор жұмыс жүргізді. 1914 жылы 1 ноябрьде газеттің кезекті 33-номері шықты. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан, «Социал-Демократ» уақтылы шығып тұрды. Ленин газетті шығару жөніндегі істердің бәріне басшылық етті, номерлердің мазмұнын айқындады, материалдарды редакциялады, газетті безендіру және басу мәселелерімен шұғылданды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында халықаралық оппортунизмге, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте, большевиктік ұрандарды насихаттауда, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын империалистік соғысқа және оның дем берушілеріне қарсы, самодержавие мен капитализмге қарсы күреске жұмылдыруда «Социал-Демократ» аса көрнекті роль атқарды. «Социал-Демократта» революциялық жұмысшы қозғалысының барлық аса маңызды мәселелері жазылып, соғыстың империалистік мақсаттары ашып көрсетілді, социал-шовинистер мен центристердің екіжүзділік сөздері мен оппортунистік әрекеттері әшкереленді, пролетариаттың империалистік соғыс жағдайындағы революциялық күресінің бірден-бір дұрыс жолдары көрсетілді. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализм бастапқыда бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда таратылуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтерін топтастыру ісінде «Социал-Демократ» зор роль атқарды. Соғыс жағдайынан туған кедергілердің бәрін жеңе отырып, «Социал-Демократ» көптеген елдерге жол таба білді. «Социал-Демократтың» елуінші номерінің шығуы құрметіне жиналған қаржылар мен өткізілген мерекелік кештер, редакцияның адресіне Париждең, Лондоннан, Лионнан, Цюрихтен, Женевадан, Лозаннадан, Бернпен, Шо-де-Фоннан, Копенгагеннен, Чикагодан, Тулузадан, Генуядан, Нью-Йорктен, Христианиядан (Осло), Стокгольмнен, Глазгодан және басқа қалалардан келіп түскен құттықтаулар «Социал-Демократтың» қалай таралғанын және қандай беделге ие болғанын дәлелдейді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Социал-Демократтың» сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін сапалы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды. — *41.*

[25] *Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VIII конгресі) 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін болды; «Аралық соттар және қарусыздандыру» деген қарарда конгресс Штутгарт конгресінің (1907) «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарын қуаттады, бұл қарарда барлық елдердің социалистерінен соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты буржуазияны құлату үшін пайдалану талап етілген еді. Копенгаген конгресінің қарары сондай-ақ социалистік партиялар мен олардың парламенттердегі өкілдерін өз үкіметтерінен қару-жарақты қысқартуды, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді талап етуге міндеттеді, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы паразылық ұйымдастыруға шақырды. — *44.*

[26] *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ)—II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы. Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900) қабылданды. Халықаралық социалистік бюроның тұрағы Брюссель қаласы болды. Халықаралық социалистік бюроның құрамына әрбір ұлттық партиядан 2 делегат кірді. Халықаралық социалистік бюро жылына төрт рет бас қосуға тиіс болды, ал оның мәжілістері аралықтарында Бюро жұмысына басшылық ету Бельгия жұмысшы партиясының Атқару комитетіне жүктелді. Халықаралық социалистік бюроның председателі Э. Вандервельде, секретары К. Гюисманс болды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі ретінде кірді. Бүкіл россиялық VI (Прага) партия конференциясы 1912 жылы В. И. Ленинді Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі етіп қайта сайлады. Кейініректе В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып М. М. Литвинов тағайындалды. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Халықаралық социалистік бюро социал-шовинистердің қолшоқпарына айналды. — *44.*

[27] Циммервальд конференциясында Циммервальд солшылдарының мынадай мәлімдемелері жарияланды:

«Төменде қол қоюшылар мынаны мәлімдейді:

Конференция қабылдаған манифест бізді толық қанағаттандырмайды. Онда ашық оппортунизмнің де, сондай-ақ радикалдық бос сөздерді бүркемеленуші оппортунизмнің де — Интернационалдың күйреуіне басты кінәлы болып қана қоймай, бұл күйреуді мәңгілік еткісі келетін оппортунизмнің де сипаттамасы берілмеген. Манифесте соғысқа қарсы күрес құралдарының анық сипаттамасы да жоқ.

Осыған дейін істеп келгеніміз сияқты, біз социалистік баспасөзде және Интернационалдың жиналыстарында империализм дәуірі пролетариаттың алдына қойып отырған

міндеттер жөнінде батыл маркстік позицияны қорғай береміз.

Біздің манифесті жақтап дауыс беретін себебіміз: оны күреске шақыру деп қараймыз; ал бұл күресте біз Интернационалдың қалған бөлектерімен қол ұстасып, бірге болғымыз келеді.

Біз бұл мәлімдемені ресми есепке қосып қоюды өтінеміз».

Екінші мәлімдемеде былай делінген:

«Манифеске біздің түзетуімізді (соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беруді талап ететін) қабылдау конференцияның табысты өтуін белгілі бір дәрежеде қиындататын болғандықтан, біз, қарсылық білдіре отырып, өз ұсынысымызды қайтып аламыз, сөйтіп Ледебурдың комиссияда біздің ұсынысымыздың нені тілеп отырғандығы манифесте айтылған деген мәлімдемесімен қанағаттанамыз».

Бірінші мәлімдемеге солшылдар тобының басқа мүшелерімен бірге Ленин қол қойған; екінші мәлімдеменің тексті Лениннің қолымен жазылған, бұл мәлімдеме, сірә, «Социал-Демократтың» 47-номерінде жариялау үшін әзірленген болу керек. Лениннің бұл документтерді даярлауға қатысуы әбден ықтимал, оның осы мәлімдемелердің авторы болуы да мүмкін. — *45.*

[28] *Россия халықтық социалистері мен социал-революционерлерінің конференциясы* 1915 жылы июльде Петроградта өтті, ол бұқараны империалистік соғыста «отан қорғауға» белсене қатысуға шақырған қарар қабылдады. — *46.*

[29] *Халықаралық социалистік әйелдер конференциясы* 1915 жылы 26—28 мартта Бернде өтті. Конференция «Работница» журналы шетелдік ұйымының инициативасы бойынша, сол кезде социалист-әйелдердің Халықаралық бюросының председателі болған Клара Цеткиннің белсенді атсалысуымен шақырылды. Конференцияны шақыру жөніндегі бүкіл әзірлік жұмысын В. И. Лениннің басшылығымен И. Ф. Арманд, Н. К. Крупская және басқалар жүргізді. «Халықаралық майданда күресу үшін күштерді жинауға Ильич жан-тәнімен беріле кірісті. «Қатарымыз санаулы-ақ, бірақ оған өкінбеу керек,— деді ол бірде,— миллиондар бізбен бірге болады». Ол Берндегі әйелдер конференциясына арналған біздің қарарды да жазып берді, конференцияның бүкіл жұмысын қадағалап отырды» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. 1957, 244-бет). Швейцариядағы конференцияға баратын делегат әйелдерге түрлі кедергілер жасалды: өкімет орындары оларға жолға шығуға рұқсаты бар паспорт бергісі келмеді, ал социалистік партиялардың оппортунистік басшылары делегат әйелдерді партиядан шығарамыз деп қоқан-лоққы көрсетті. Конференцияға Англияның, Германияның, Голландияның, Францияның, Польшаның, Россияның, Швейцарияның әйелдер ұйымдарынан 29 делегат қатысты. Орыс делега-

циясына 7 адам: РСДРП Орталық Комитетінен 4 адам (Арманд, Крупская және басқалар) және Ұйымдастыру комитетінен 3 адам кірді.

Конференциядағы делегат әйелдердің көпшілігі центристердің ықпалында болды, сондықтан соғысқа байланысты жалпы социалистік міндеттерді талқылаудың орнына конференция өзінің жұмысын К. Цеткиннің «Социалист-әйелдердің бейбітшілік пайдасы үшін интернационалдық қимыл жасауы туралы» деген баяндамасын талқылаумен шектеді. Бұл мәселе жөніндегі қарарды Англия мен Голландиядан келген делегат әйелдердің қатысуымен К. Цеткин әзірлеген-ді, сондықтан ол центристік сипатта болды. Конференциядағы РСДРП Орталық Комитетінің өкілдері Ленин жазған қарардың жобасын ұсынды, бұл жоба социалист-әйелдерге соғысқа және халықаралық оппортунизмге қарсы күрестің революциялық жолын нұсқады. Конференцияда осы жобаны жақтап И. Ф. Арманд сөз сөйледі. Конференция К. Цеткин дайындаған қарарды қабылдады.

В. И. Ленин конференцияны интернационалдық байланыстарды қалпына келтіруге ұмтылушылық деп бағалады, сөйтіп оны интернационалистік элементтерді революциялық позицияда топтастыру мақсатына пайдалануға тырысты. Бірақ, оның кейін атап көрсеткеніндей, осы конференция және сол кезеңде болып өткен интернационалистердің басқа да халықаралық конференциялары, жақсы ниетті көздегенімен, «интернационалистердің айбынды бағытын белгілемеді», «ескі қарарларды қайталаумен шектелді» және «мықтағанда *бір орында тұрып адымдау* болды» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 362-бет).

Халықаралық социалистік әйелдер конференциясының материалдары «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 1 июньдегі 42-номеріне берілген Қосымшада басылды. — *47.*

[30] *Ескі «Искра»* — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет. Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі, бұл съезде Россиядағы революциялық маркстік партияның негізі қаланды.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды. — *49.*

[31] *Франциядағы Бас еңбек конфедерациясы* (Жалпы еңбек конфедерациясы) — кәсіподақтардың 1895 жылы қалыптасқан жалпы француздық бірлестігі. Конфедерация анархо-синдикалистер мен реформистердің ықпалында болды, оның лидерлері күрестің экономикалық формаларын ғана мойындады, кәсіптік қозғалысқа пролетариат партиясы тарапынан басшылық жасауды теріске шығарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде конфедерацияның басшылары империалистік буржуазия жағына шықты. — *51.*

[32] 1915 жылы октябрьдің басында Ленин РСДРП Петербург комитетінің тапсыруы бойынша оған Россиядан жіберілген Петербургтегі большевиктердің жұмысы туралы листовкаларды және басқа материалдарды алды. 23 сентябрьде (6 октябрьде) ол В. А. Карпинскийге былай деп жазды: «Россиядан өте-өте маңызды (жағымды да) жаңалық хабарлар алынды. Біз тағы Орталық Органның номерін қолма-қол бастырып шығармақпыз (екі бет етіп), шығарғанда *шынында да* ол өзі дерсу шығатын болу керек» (Шығармалар, 36-том, 350-бет). РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократтың» 1915 жылы 13 октябрьде шыққан, Бентели баспаханасында (Бумплиц, Берннің іргесінде) басылған 47-номері түгелдей Петербургтегі большевиктердің жұмысына арналды.

Ленин Петербургтен алынған листовкалардың тізбесін жасап, онда рет санын, шыққан күндерін, қойылған қолдарды, басылу әдісін көрсетіп қойған. Листовкаларда бар ұрандар бөлек бір бағанаға жазылған. Соңғы бағанасы «Дәлелдердің мазмұны мен басты пункттеріне» арналған; көптеген листовкаларда Лениннің қойған белгілері сақталған. Ленин кейбір листовкалар туралы ескертпелерін бөлек қағазға жазып қойған.

Ленин сонымен бірге Н. К. Крупскаяның «РСДРП Петербург комитетінің соғыс кезіндегі листоктары» деген мақаласын да редакциялаған, бұл мақала «Социал-Демократ» газетінің 47-номерінде басылды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақаланың Ленин редакциялық түзетулер жасаған бастапқы нұсқасы сақтаулы. — *53.*

[33] Ленин «Социал-Демократ» газетінің 47-номерінде басылған Н. К. Крупскаяның «РСДРП Петербург комитетінің соғыс кезіндегі листоктары» деген мақаласында цитатқа келтірілген 9-номерлі листовкаға сілтеме жасап отыр. Лениннің жасаған тізбесінде осы листовканың мына ұрандары көрсетілген: «Соғыс жойылсын! Екінші революция жасасын. 3 кит+жұмысшылардың халықаралық ынтымағы және социализм». — *53.*

[34] *Әскери-өнеркәсіп комитеттерін* соғысты жүргізуде патша өкіметіне көмектесу үшін Россияда 1915 жылы майда ірі империалистік буржуазия құрды. Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі аса ірі капиталист, октябристердің лидері А. И. Гучков болды, комитетке прогрессист А. И. Коновалов, банкир жәпе қант заводшысы М. И. Терещенко және капиталдың басқа шонжарлары кірді. Жұмысшыларды өздерінің ықпалына бағындырып, олардың миына қорғампаздық пиғылдарды сіңіруге тырысқан буржуазия осы комитеттердің жанынан «жұмысшы топтарын» ұйымдастыруға, сөйтіп осы арқылы Россияда буржуазия мен пролетариат арасында «таптық татулық» орнағандығын көрсетуге ұйғарды. Большевиктер әскери-өнеркәсіп комитеттеріне бойкот жариялады және жұмысшылардың көпшілігінің қолдауымен оны ойдағыдай өткізді.

1915 жылы 27 сентябрьде (10 октябрьде) Петроград жұмысшылары уәкілдерінің жиналысында әскери-өнеркәсіп комитеттеріне бойкот жариялауға және соғыстан революция арқылы шығуға шақырған большевиктік қарарды жақтап 95 адам, меньшевиктердің қарарын жақтап 81 адам дауыс берді. Тек екінші рет өткізілген жиналыста, большевиктерді жақтаған жұмысшылардың жиналыстан кетіп қалуына байланысты, социал-шовинист К. А. Гвоздев бастаған меньшевиктер «жұмысшы тобына» 10 адамды сайлата алды.

Большевиктер жүргізген түсіндіру жұмысының нәтижесінде барлығы 239 облыстық және жергілікті әскери-өнеркәсіп комитеттерінің 70 комитетінде ғана «жұмысшы топтарына» сайлау өтті, ал жұмысшы өкілдер тек 36 комитетте ғана сайланды. — *53.*

[35] *«Халықтық Право»* («Volksrecht») — күнделікті газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1898 жылдан қазіргі кезге дейін Цюрихте шығып тұрады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет солшыл социал-демократтардың мақалаларын басты. Газетте Лениннің: «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «РСДРП-ның орыс революциясындағы міндеттері туралы», «Республикалық шовинистердің әрекеттері» деген және басқа мақалалары басылды. Қазіргі кезде газет антикоммунистік және антидемократиялық позиция ұстап отыр. — *57.*

[36] *«Наше Дело»* («Біздің Іс») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шығып тұрған органы; 1914 жылы октябрьде жабылып қалған «Наша Заря» журналының орнына 1915 жылғы январьда шыға бастады. «Наше Дело» Россиядағы социал-шовинистердің басты органы болды. Оған Е. Маевский, П. П. Маслов, А. Н. Потресов, Н. Череванин және басқалар жазып тұрды. Не бары 6 номері шықты. — *63.*

[37] Ленин *«Революцияшыл пролетариат және ұлттардың өзін өзі билеу правосы»* деген мақаланы неміс тілінде 1915 жылы 16 (29) октябрьден кешірек жазған. Мақаланың неміс тіліндегі қолжазбасынан басқа, Н. К. Крупская жасаған орыс тіліндегі аудармасы да сақталған, онда В. И. Лениннің енгізген түзетулері бар. Мұның алдындағы басылуындағыдай, бұл басылуында да мақала осы аударма бойынша басылып отыр. Мақала жоспарының үзіндісі мен оның орыс тіліндегі алғашқы текстінің кейбір беттері 1937 жылы Лениннің XXX жинағында жарияланды. — *64.*

[38] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 192, 194, 245—246, 247—249-беттер; К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 464-бет. — *69.*

[39] *««Социалистік насихат лигасының» секретарына»* хат 1915 жылы 13 ноябрьде В. И. Ленин алған Америкадағы «Социалистік насихат лигасының» (СНЛ) листогына оның жауабы болып табылады; бұл лига 1915 жылы, Бостонда, Социалистік партияның ішінде бөлек мүшелік билеттері және партиялық жарналары бар дербес топ ретінде құрылған-ды. Социалистік насихат лигасы Циммервальд солшылдарының платформасында болды; оның төңірегіне Социалистік партиядағы революциялық элементтер топтаса бастады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Социалистік насихат лигасы Большевиктік информация комитетін құрды, бұл комитет Совет республикасы туралы буржуазиялық және реформистік баспасөздің өтірігі мен жаласын әшкерелеп отырды; шетел соғыс интервенциясы кезеңінде «Тарт қолыңды Советтік Россиядан!» деген ұран көтерді. — *77.*

[40] *Америка социалистік партиясы* 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттары социалистік жұмысшы партиясы мен Социал-демократиялық партиясынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде құрылды; Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Юджин Дебс Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болған еді, ол жаңа партияның негізін қалаушылардың да бірі болды. Партияның әлеуметтік құрамы біртектес болған жоқ: оған жұмысшы-американдардың бір бөлегі, жұмысшы-иммигранттар, сондай-ақ ұсақ фермерлер және ұсақ буржуазиядан шыққандар кірді. Партияның центристік және оңшыл оппортунистік басшылығы (В.-Л. Бергер, Морис Хилквит және басқалар) пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, күрестің революциялық әдістерінен бас тартты, партияның қызметін негізінен сайлау науқандарына қатысуға әкеп сайды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Социалистік партияда үш ағым қалыптасты: социал-шовинистер —бұ-

лар үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер — бұлар империалистік соғысқа тек сөз жүзінде қарсы шықты; революцияшыл азшылық—бұлар интернационалистік позицияда болды және соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияның Чарлз Рутенберг, Уильям Фостер, Уильям Хейвуд және басқалар бастаған сол қанаты пролетарлық элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси қимыл жасауы жолында, тап күресі принциптеріне негізделген өндірістік кәсіподақтар құру жолында күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан бөлініп шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясын құрудың инициаторы және оның негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі уақытта Социалистік партия сан жағынан аз ғана сектанттық ұйым болып табылады.

Америка социалистік жұмысшы партиясы 1876 жылы Филадельфиядағы бірігу съезінде I Интернационалдың американ секциялары мен басқа социалистік ұйымдардың қосылуы нәтижесінде құрылды. Съезд Маркс пен Энгельстің серігі Ф.-А. Зоргенің басшылық етіп, қатысуымен өтті. Партияның басым көпшілігі Американың жергілікті жұмысшыларымен байланысы нашар иммигранттар еді. Алғашқы жылдары партияда лассальшылдар басшылық жағдайда болды, олар сектанттық-догмашылдық сипаттағы қателіктер жіберді. Бұл партия басшыларының бір бөлегі оның басты міндеті парламенттік қызмет деп есептеді, сөйтіп бұқараның экономикалық күресіне басшылықтың маңызын жете бағаламады, ал екінші бөлегі тред-юнионизмге және анархизмге бой ұрды. Басшылардың идеялық және тактикалық солқылдақтығы партияның әлсіреуіне, бірқатар топтардың одан кетіп қалуына әкеп соқты. Маркс пен Энгельс американ социалистерінің сектанттық тактикасын қатты сынады.

90-жылдарға қарай Социалистік жұмысшы партиясының басшылығына Д. де-Леон бастаған сол қанат келді, алайда бұл топ анархо-синдикалистік сипаттағы қателіктер жіберді. Социалистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының жеке талаптары жолында күресуден, реформистік кәсіподақтарда жұмыс жүргізуден бас тартты, сөйтіп бұқаралық жұмысшы қозғалысындағы онсыз да нашар байланыстарынан барған сайын айрыла берді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Социалистік жұмысшы партиясы интернационализмге қарай икемделді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен партияның негұрлым революциялық бөлегі Америка Коммунистік партиясын құруға белсене қатысты. Қазіргі уақытта Социалистік жұмысшы партиясы сан жағынан аз ғана ұйым, оның Америка Құрама Штаттарының жұмысшы қозғалысына ықпалы жоқ. — *80.*

[41] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 427—428, 442—443-беттер; Шығармалар, XXVIII том, 1940, 177—179-беттер.— *80.*

[42] *«Призыв»* («Үндеу») — апталық газет, меньшевиктер мен эсерлердің органы; 1915 жылғы октябрьден 1917 жылғы мартқа дейін Парижде шығып тұрды. Плехановтың Ленин сынға алған «Революцияның екі бағыты» деген мақаласы 1915 жылы 17 октябрьде осы газетте басылган еді.— *82.*

[43] *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *82.*

[44] Қараңыз: К. Маркс. «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы», «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» және «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 299-бет, 7-том, 22-бет және 8-том, 141—142-беттер).— *83.*

[45] Бұл арада 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өткен РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы айтылып отыр. Іс жүзінде Прага конференциясы съездің ролін атқарды. Конференцияға В. И. Ленин басшылық етті. Ол қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, сондай-ақ басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіне қойылған барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлар жобаларының авторы болды. РСДРП-ның Прага конференциясы большевиктер партиясының — жаңа түрпатты партияның құрылысында, оның бірлігінің нығаюында аса көрнекті роль атқарды. Прага конференциясы туралы неғұрлым толық деректі В. И. Лениннің Шығармалар толық жинағы 21-томының 133—172-беттерінен қараңыз.

«Үш кит» туралы айтқанда Ленин большевиктік партияның ұрандарын: 1) демократиялық республика, 2) сегіз сағаттық жұмыс күні, 3) бүкіл помещиктік жерді конфискелеу ұрандарын айтып отыр.— *86.*

[46] Әңгіме 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) Стокгольмде өткен РСДРП Төртінші (Бірігу) съезі жайында болып отыр. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съездің жұмысына талдау жасады (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер). Ленин айтып отырған село пролетариатының ерекше ұйымы туралы талап съездің аграрлық мәселе жөніндегі тактикалық қарарына мынадай тұжырыммен кірді: «Оның бер жағында партия демократиялық-аграрлық өзгерістердің барлық реттерінде және қандай жағдайында болса да—село пролетариатының дербес таптық ұйымы болуына үздіксіз ұмтылып отыруды, оның мүдделерінің шаруа буржуазиясының мүдделеріне ымыраға келмейтіндей қарама-қарсы екендігін оған түсіндіріп отыруды, товар өндірісі өмір сүріп тұрғанда бұқараның қайыршылығын ешқашан да жоя алмайтын ұсақ шаруашылық системасына әуестенуден оны сақтандыруды, ақырында, қайыршылық атаулыны және қанау атаулыны жоюдың бірден-бір құралы болатын толық социалистік төңкерістің қажет екенін көрсетіп отыруды өзінің міндеті етіп қояды» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 184-бет).— *87.*

[47] *«Die Glocke»* («Қоңырау») — журнал, 1915—1925 жылдары Герман социал-демократиялық партиясының мүшесі социал-шовинист Парвус (А. Л. Гельфанд) Мюнхенде, одан кейін Берлинде шығарып тұрды. — *89.*

[48] *«Халық Үні»* («Volksstimme»)—газет, Герман социал-демократиялық партиясының органы; 1891 жылдан Хемницте шығып тұрды.— *90.*

[49] *«Рабочее Утро»* («Жұмысшы Таңы») — меньшевиктік жария газет; 1915 жылғы октябрь — декабрьде Петроградта шығып тұрды. «Рабочее Утро» 1915 жылы августа шығып тұрған «Утро» газетінің мұрагері болды. Газет социал-шовинизм мен қорғампаздықты интернационалистік сылдыр сөздермен бүркемеледі.— *93.*

[50] *Копенгаген анонимі* — Л. Д. Троцкий; ол герман социал-демократиясының органы — «Vorwärts» газетінде 1910 жылы 28 августа РСДРП-дағы істің жайы туралы жалақорлық аноним мақала жариялады; осыған байланысты ол Копенгаген конгресі (1910) кезінен бастап Копенгаген анонимі деп аталып кетті. Троцкийдің осы мақаласы «Vorwärts»-те шығуына байланысты Копенгаген конгресінің орыс делегациясының мүшелері В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және поляк социал-демократиясының өкілі А. Варский (А. С. Варшавский) Гер-

ман социал-демократиялық партиясының Орталық Комитетіне наразылық білдірілген хат жолдады.

Бұл ретте В. И. Ленин 1915 жылы 18 декабрьде «Volksrecht» («Халықтың Право») газетінде басылған «Орыс ұлтшылдығы және жұмысшы табы» деген және 19 декабрьде «Наше Слово» газетінде басылған «Фактілер мен қорытындылар (Тағы да Петроградтағы сайлау туралы)» деген қол қойылмаған мақалаларды айтып отыр. Ол кезде «Наше Слово» газетін Троцкий редакциялаған-ды. — *94.*

[51] *Репетилов* — А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» деген комедиясының кейіпкері.— *95.*

[52] *«Үш жақты келісу» елдері социалистерінің Лондон конференциясы* 1915 жылы 14 февральда өтті. Оған Англияның, Францияның, Бельгияның және Россияның социал-шовинистерінің және пацифистік топтарының өкілдері: Тәуелсіз жұмысшы партиясының, Британ социалистік партиясының, Жұмысшы партиясының, Фабий қоғамының, Француз социалистік партиясының, Бас еңбек конфедерациясының, Бельгия социалистік партиясының, эсерлердің, меньшевиктердің өкілдері қатысты. Конференцияның күн тәртібінде мына мәселелер тұрды: 1) ұлттардың правосы; 2) отарлар; 3) болашақтағы бейбітшіліктің кепілдері.

Большевиктер конференцияға шақырылмады. Алайда В. И. Лениннің тапсыруымен М. М. Литвинов РСДРП Орталық Комитетінің декларациясын жариялау үшін конференцияға барды. В. И. Ленин жазған жоба декларацияның негізіне алынды. Декларация социалистердің буржуазиялық үкіметтерден шығуын, империалистерден толық қол үзуді, олармен ынтымақтасудан бас тартуды, империалистік үкіметтерге қарсы батыл күресуді және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруді айыптауды талап етті. Литвинов декларацияны оқып тұрған кезде оның сөзін үзіп, сөйлетпей қойды, сондықтан ол декларацияның текстін президиумге табыс етті де, конференциядан кетіп қалды. Лондон конференциясы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Лондон конференциясы туралы» және «Лондон конференциясы жөнінде» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 167—169 және 187—189-беттер). — *96.*

[53] *«Август блогы»* — жойымпаздардың, троцкистердің және басқа оппортунистердің большевиктерге қарсы бағытталған антипартиялық блогы. Блоктың ұйымдастырушысы Троцкий болды. Блок антипартиялық топтар мен ағымдар өкілдерінің 1912 жылы августа Венада болған конференциясында құрылды. Делегаттардың басым көпшілігі шетелдерде тұратын, Россияның жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті жердегі партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды. Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық

мәселелері бойынша антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: ««Август» блогының ыдырауы», ««Август» өтірігін әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» (Шығармалар толық жинағы, 25-том, 1—4, 29—32 және 201—226-беттер). — *97.*

[54] Бұл арада К. Каутскийдің 1909 жылы Гамбургте және Берлинде басып шығарылған «Der Weg zur Macht» («Өкімет билігіне жеткізетін жол») деген кітапшасы айтылып отыр.— *105.*

[55] *«Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі»* деген мақала 1915 жылдың аяғында орыс тілінде жазылған; дәл осындай атпен неміс тілінде жазылған және 1916 жылдың январында Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналының бірінші номерінде жарияланған мақаладан, сірә, біраз ертерек жазылса керек (қараңыз: осы том, 127—141-беттер). Мақаланың тексті «Vorbote»-де жарияланған мақаланың текстінен біраз өзгешелеу. Мақаланың орыс тіліндегі қолжазбасы толық сақталмаған; қолжазба дәптер бетінің форматымен он бет, анық етіп тығыз жазылған және номерленген, тағы бір жарты беті номерленбеген. Бірінші рет мақала 1924 жылы «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде жарияланған.— *109.*

[56] *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық»)—журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде журнал социал-шовинистік позиция ұстады. — *115.*

[57] *Фабийшылдар* — Фабий қоғамының, 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымының мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған, Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл ұрыс жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мысалы, С. және Б. Веббтер, Б. Шоу, Р. Макдональд және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау және қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. В. И. Ленин фабийшылдықты *«барып тұрған оппор-*

тунизм бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 363-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында фабийшылдар социал-шовинизм позициясын ұстады. Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *115.*

[58] Англия *жұмысшы партиясы* (Labour Party) жұмысшы өкілдерін парламентке («Жұмысшы өкілдер комитетіне») өткізу мақсатында 1900 жылы кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі ретінде құрылды. 1906 жылы Комитет Жұмысшы партиясы (лейбористік партия) болып атын өзгертті. Тред-юниондардың мүшелері партиялық жарна төлеген жағдайда өзінен-өзі партия мүшесі бола береді. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советімен және Кооперативтік партияның Атқару комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды. Лейбористік партияға оған коллективтік правосы бар мүше ретінде кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы тығыз жанасады.

Бастапқыда құрамы жағынан жұмысшы партиясы болып құрылған (кейін оған айтарлықтай мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) лейбористік партия өзінің идеологиясы мен тактикасы жағынан оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылған күннен бастап оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын жүргізіп келеді. «Жұмысшы партиясы — бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер — толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер — басшылық етіп отыр...» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 259-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде лейбористік партияның лидерлері социал-шовинистік позиция ұстады.

Лейбористер бірнеше рет (1924, 1929, 1945 және 1950 жылдары) үкімет құрды, бұл үкіметтер ағылшын империализмінің саясатын жүргізіп отырды. Ағылшын еңбекшілерінің лейбористік партия басшылығының реакциялық саясатына наразы болуы партия ішінде партия басшылығының ресми саясатына қарсы бағытталған солшыл ағымның құрылуына әкеліп соқтырды. — *115.*

[59] Болгариядағы *«широкий»* социалистер («общеделошылдар» деген атпен де белгілі болған) — Болгар социал-демократиялық партиясындағы оппортунистік ағым; 1900 жылдан «Общо Дело» деген журнал шығарды. 1903 жылы Русе қаласын-

да социал-демократиялық партияның X съезіндегі жікке бөлінуден кейін олар реформистік Болгар социал-демократиялық («широкий» социалистер) партиясын құрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «общеделошылдар» шовинистік позиция ұстады.

1942 жылы Болгар социал-демократиялық партиясының сол қанаты Коммунистік партияның басшылығымен құрылған Отандық майданға қосылды. Өз қатарын жат элементтерден тазартқан соң, бұл сол қанат марксизм-ленинизмнің идеялық негізінде жәпе ұйымдық принциптерінде 1948 жылы августа Коммунистік партияға қосылды; Болгария Коммунистік партиясы Болгар жұмысшы (коммунистер) партиясы деп атала бастады.— *115.*

[60] *«Preußische Jahrbücher»* («Пруссия Әржылдығы»)—немістің саясат, тарих жәпе әдебиет мәселелері жөніндегі консервативтік әрайлығы; 1858 жылдан 1935 жылға дейін Берлинде шығып тұрды.— *116.*

[61] *Тред-юниондар* — Англиядағы кәсіптік одақтар. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында тред-юниондар көсемдерінің көпшілігі социал-шовинистік позицияда болды. Тред-юниондардың идеологтары пролетариаттың революциялық партиясын құру қажеттігін теріске шығарады, жұмысшы партиясының ролін іс жүзінде тред-юниондардың парламенттегі өкілдігіне әкеп саяды.— *117.*

[62] *Жоресшілдер* — француз жәпе халықаралық социалистік қозғалыстың корнекті қайраткері Ж. Жорестің жақтастары. Үлкен еңбек сіңірумен қатар (Ж. Жорес демократия, халықтар бостандығы жолында, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы қажырлылықпен күресті) Жорес пеп оның жақтастары марксизмнің пегізгі қағидаларын ревизияламақ болды. Жоресшілдер социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі жолымен жеңбейді, «демократиялық идеялардың гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Жоресшілдер қанаушылар мен қаналушылар арасындағы таптық татулықты уағыздады, кооперация жөніндегі прудонистік жалған үміттерге ортақтасты, капитализм жағдайында кооперацияны дамыту бірте-бірте социализмге отуге жәрдемдесетін болады-мыс деп санады. 1902 жылы жоресшілдер реформистік позицияда болған Француз социалистік партиясын құрды. 1905 жылы бұл партия Францияның гедшілдік Социалистік партиясымен бір партия — Француз социалистік партиясы болып бірікті. Ленин Жорес пеп жоресшілдердің реформистік көзқарастарын қатты сынады. Жорестің бейбітшілік жолында, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі оған империалистік буржуазияның өшпенділігін туғызды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Жоресті реакцияның қолшоқпарлары өлтірді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Француз социалистік партиясының басшылығында басым болған жоресшілдер империалистік соғысты ашық қолдады және социал-шовинизм позициясын ұстады.— *117*.

[63] Қараңыз: Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 109-бет).— *117*.

[64] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 487-бет.— *120*.

[65] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 265-бет.— *120*.

[66] *«Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі»* деген мақала 1916 жылы январьда «Vorbote» («Жаршы») журналының 1-номерінде басылды.

«Vorbote» — журнал, Циммервальд солшылдарының теориялық органы; неміс тілінде Бернде шығып тұрды. Екі номері: 1-номері 1916 жылы январьда, 2-номері апрельде шықты. Журналдың ресми шығарушылары Г. Роланд-Гольст және А. Паннекук болды. Ленин журналды құруға қызу араласты, ал журналдың 1-номері шыққаннан кейін неғұрлым көбірек тарату үшін оны француз тіліне аударуды ұйымдастыруға белсене қатысты. Журнал беттерінде ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде және «қарусыздану» ұраны туралы солшыл циммервальдистердің айтысы кең өрістетілді. Журналда Лениннің «Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі» деген мақаласынан басқа «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы (Тезистер)» деген мақаласы басылды.— *127*.

[67] Қараңыз: Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 109-бет).— *134*.

[68] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 487-бет.— *136*.

[69] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 265-бет.— *136*.

[70] *«The Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем»)—апта сайын шығатын газет. 1891 жылдан бастап осы кезге дейін шығып келеді. 1893 жылдан — Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы. 1922 жылдан бастап газет «New Leader» («Жаңа Көсем») деген атпен шықты; 1946 жылдан — «Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деп аталады.— *140*.

[11] Ленин *«Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік»* деген кітапты жазу жұмысына 1915 жылдың басында тиянақтап кірісті. Америка Құрама Штаттарының ауыл шаруашылық статистикасын зерттеуге Ленин бұрынырақ кіріскен болатын. Америка Құрама Штаттарына экономист И. А. Гурвичке жіберілген, 1914 жылғы 14 (27) февраль деп көрсетілген хатында Ленин былай деп жазды: «Мен Парижде американ ауыл шаруашылық статистикасын зерттегенмін (vol. V. Agriculture — census of 1900) — бірсыпыра өте қызықты нәрселер таптым... Маған *айрықша* керектері *Agriculture* — vol. V. census of 1900 — және *тағы сол census of 1910* (егер әлі шықпаса, онда алғашқы бюллетеньдерін)» (Шығармалар, 36-том, 255—256-беттер). 1914 жылы 5(18) майда Нью-Йорктағы Н. Н. Накоряковқа жазған хатында Ленин өзіне жіберілген 13-цензінің бюллетеньдері үшін және 12-цензінің (1900) бесінші томы үшін алғыс айтады және 1910 жылғы 13-цензінің Agriculture-сінің V томын жіберуді өтінеді (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 114-бет).

1915 жылдың аяғында кітапты жазып бітірген соң, Ленин қолжазбасын Петроградқа А. М. Горькийге «Парус» баспасына тапсыру үшін жіберді. Қолжазбамен қоса жіберген хатында ол былай деп жазды: «Мен Америка туралы жаңа деректерді мүмкін болғанша түсінікті етіп баяндауға тырыстым; бұл деректер, менің сенімімше, марксизмді қалың көпшілікке түсіндіру үшін және оны іс жүзінде дәлелдеу үшін айрықша жарап жатыр... II бөлімін де — Германия туралы — ілгері жаза түсіп, кейін бастырып шығарғым келеді» (Шығармалар, 35-том, 186-бет). Лениннің кітаптың Германия мен Австрияға арналған келесі бөлімдерін де жазбақшы болғанын және оларды жазуға кіріскенін мына жайт та дәлелдейді: Ленин Поронинде тұрғанда 1914 жылы 7 августа тінту кезінде жандармдар Германияның, Австрияның, Венгрияның аграрлық құрылысына қатысты статистикалық есептер бар үш дәптерді алып кеткен. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде кітаптың Германия туралы келесі бөлімдеріне арналған дайындық материалдардың бір бөлегі сақтаулы. Сондай-ақ В. И. Лениннің мына мақаласын қараңыз: «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 347—375-беттер).

«Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап» деген кітаптың дайындық материалдары: кітап жоспарының нұсқалары, Америка Құрама Штаттарындағы екі санақтың (1900 және 1910) статистикалық есептерінен көшірмелер 1932 жылы Лениннің XIX жинағында жарияланды және В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 40-томына енгізілді.— *143*.

[72] *«Заветы»* («Өсиеттер») — эсерлік бағыттағы ай сайын шыққан әдеби-саяси журнал; 1912 жылғы апрельден 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрды.— *148.*

[73] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 660-бет.— *153.*

[74] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 660—686-беттер.— *198.*

[75] *Таро* — тропиктік көп жылдық өсімдік; оның тамырлары тамаққа пайдаланылады.— *215.*

[76] *«Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасы»* Циммервальд бірлестігінің атқару органы — кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның (I. S. K., Internationale Sozialistische Kommission) кеңесі өтіп жатқан кезде жазылды. Социалистік партиялардың тұрақты өкілдігі болған кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссия Циммервальд конференциясынан кейін көп ұзамай-ақ, 1915 жылдың сентябрінде құрылды. Оған РСДРП Орталық Комитетінен В. И. Ленин, И. Ф. Арманд, Г. Е. Зиновьев кірді.

Кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесі 1916 жылғы 5 февральдан 9 февральға дейін Бернде болды. Кеңеске бірқатар елдердің, оның ішінде Германияның, Россияның, Италияның, Норвегияның, Австрияның, Польшаның, Швейцарияның, Болгарияның, Румынияның интернационалистерінен 22 өкіл қатысты. Кеңестің құрамы күштердің арақатынасы солшылдардың пайдасына өзгергенін көрсетті, алайда оған қатысушылардың көпшілігі, Циммервальд конференциясындағы сияқты, центристер болды.

Ленин кеңестің жұмысына белсене қатысты: ол «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасын» және делегацияның конференциядағы өкілдіктің шарттары туралы ұсынысын жазды (қараңыз: осы том, 252-бет). Ленин кеңесте меньшевиктердің жалған интернационализмін сынап, Интернационалдық социалистік комиссияның «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеуінің жобасын талқылау тәртібі туралы сөз сөйледі, бұл үндеудің жобасына түзетулер енгізді; екінші халықаралық социалистік конференцияға Каутскийді, Гаазені және Бернштейнді шақыруға қарсы большевиктердің және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасы атынан мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеменің текстінде былай делінген: «Олардың соғыс алдындағы соңғы жылдардағы қызметі, олардың халық бұқарасының революциялық қимылдарына қарсы жүргізген күресі, олардың социал-патриоттық және социал-пацифистік көзқарастары оларды Циммервальд қозғалысының платформасында сөз жүзінде ғана

емес, іс жүзінде тұра алады деп жорамалдауға ешқандай негіз бермейді».

Кеңес «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» («Rundschreiben an alle angeschlossenen Parteien und Gruppen») үндеу қабылдады, бұл үндеуге большевиктер мен солшыл социал-демократтардың қысымымен Циммервальд солшылдары рухында түзетулер енгізілді. Үндеуде социалистердің буржуазиялық үкіметтерге кіруі, империалистік соғыста «отан қорғау» ұраны және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беру айыпталды, жұмысшы қозғалысын қолдау және империалистік соғысқа қарсы бұқаралық революциялық қимылдарды әзірлеу қажеттігі көрсетілді. Алайда үндеу дәйексіз болды, өйткені онда социал-шовинизмнен және оппортунизмнен қол үзу талабы қойылмады. Кеңес В. И. Лениннің үндеуге жасаған түзетулерінің бәрін бірдей қабылдаған жоқ. Циммервальд солшылдарының өкілдері үндеудің текстін жақтап дауыс бере отырып, кеңесте олар үндеудің барлық қағидаларын бірдей қанағаттанарлық деп есептемегенмен, Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның шешімдерімен салыстырғанда мұны бір қадам ілгері басқандық деп біліп, оны жақтап дауыс беретіндігін мәлімдеді.

Ленин ұсынған «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасы» кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесінде талқыланды; қаулы жобасының бірқатар пункттері қабылданды. Екінші халықаралық социалистік конференцияны шақыру мерзімі тағайындалды. Кеңестен кейін көп кешікпей Ленин большевиктердің шетелдердегі секцияларына кеңес туралы информациялық хабар жіберіп, алдағы екінші халықаралық социалистік конференцияға дереу әзірлену керек екенін көрсетті.— *251.*

[77] Лениннің бұл ұсынысы қабылданды. Интернационалдық социалистік комиссия барлық қосылушы партияларды, ұйымдар мен топтарды екінші халықаралық социалистік конференцияның күн тәртібінің пункттері бойынша ұсыныстар енгізуге шақырды. Конференция күн тәртібінің барлық негізгі пункттері бойынша РСДРП Орталық Комитетінің ұсыныстарын Ленин дайындады. РСДРП Орталық Комитеті ұсыныстарының бастапқы және ең ақырғы нұсқаларын осы томның 312—324 және 504—516-беттерінен қараңыз.— *251.*

[78] Бұл ұсынысты Ленин кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның Берндегі кеңесі өтіп жатқан кезде жазған. Кеңес бұл ұсынысты талқылап, қабылдады.— *252.*

[79] Интернационалдық митинг кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесі өтіп жатқан күндерде Берндегі Халық үйінде өтті. Митингіде В. И. Лениннен басқа

Г. Модильяни (Италия), Х. Раковский (Румыния) және Р. Гримм (Швейцария) сөз сөйледі.— *254.*

[60] *«Appeal to Reason»* («Парасатқа Шақыру») — американ социалистерінің газеті; 1895 жылы Канзас штатындағы (Америка Құрама Штаттары) Жирард қаласында құрылды. Америка социалистік партиясымен ресми байланысы болмаған газет социалистік идеяларды насихаттап, жұмысшылар арасында кеңінен танымал болды. Газетке американ социалисі Ю. Дебс жазып тұрды. — *257.*

[61] *«La Bataille»* («Шайқас») — газет, француз анархо-синдикалистерінің органы; 1915 жылы сентябрьде жабылған «La Bataille Syndicaliste» газетінің орнына 1915 жылдан 1920 жылға дейін Парижде шығып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде шовинистік позицияда болды. — *259.*

[62] *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП ішіндегі оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ баяндап, «Vorwärts» «экономистерді», одан соң, партия жікке бөлінгеннен кейін, меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Лениннің, большевиктердің оған тойтарыс беріп, партия ішіндегі істің жайына объективті баға берген мақалаларын жарияламады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды. — *260.*

[63] Француз социалистік партиясының конгресі 1915 жылы 25—29 декабрьде өтті. Бурдерон ұсынған қарарды конгрестің көпшілігі қабылдамай тастады.— *261.*

[64] Лениннің хаты 1916 жылы француз тілінде жеке листок түрінде мынадай тақырыппен басылды: «Sur la tâche de l'opposition en France (Lettre au camarade Safaroff)», Женева, N. Lénine деп қол қойылған. — *263.*

[85] Бұл арада Ленин меньшевиктік «Интернационал және соғыс» деген жинақты айтып отыр; 1915 жылдың аяғында шыққан. — *264.*

[86] *«Луч»* («Сәуле») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті; 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы 5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен либералдардың ақшалай жәрдемі есебінен өмір сүрді. Газетке идеялық басшылық ету П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік ұранды уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға әрекет жасады. Ленин ««Луч» либералдық саясаттың құлдығына түскен» деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады. — *264.*

[87] *Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру советі* — жұмысшыларды қауіпсіздендіру мәселелері жөніндегі жоғары мекеме; қауіпсіздендіру туралы заңдардың қабылдануымен байланысты 1912 жылдың аяғында пайда болды. Оның құрамына мыналар кірді: сауда және өнеркәсіп министрі (председатель), 15 чиновник, Петербург земствосының өкілі, Петербург қалалық думасының өкілі, қожайындардың 5 өкілі және жұмысшылардың 5 өкілі. 1913 жылдың аяғы мен 1914 жылдың басындағы қауіпсіздендіру мекемелеріне сайлау науқанына большевиктер белсене қатысты. Бұл патша өкіметіне қарсы күресу, бұқараны революцияға әзірлеу үшін жария мүмкіндіктерді пайдалану формаларының бірі еді. Сайлау төңірегінде, бір жағынан, большевиктер, екінші жағынан, жойымпаздар мен эсерлер арасында табанды күрес өрістеді. «Пролетарская Правда», «Путь Правды» газеттерінде және «Вопросы Страхования» журналында қауіпсіздендіру мекемелеріндегі жұмысшылардың өкілдеріне большевиктік тапсырмалар жарияланды. Жойымпаздар «Новая Рабочая Газета» өздерінің тапсырмасын басып шығарып, онда жұмысшылардың өкілдерін партияға тәуелсіз дербес топ етіп бөліп шығаруды талап етті. 1914 жылы марттағы Қауіпсіздендіру советі сайлауында жойымпаздар жеңіліске ұшырады. Қауіпсіздендіру советіне «правдистік» тізімдегі 5 кандидаттың бәрі өтті.—*265.*

[88] *«Наш Голос»* («Біздің Үн») — меньшевиктік жария газет; 1915—1916 жылдарда Самарада шығып тұрды; социал-шовинистік позиция ұстады. — *265.*

[89] *«Современный Мир»* («Қазіргі Дүние»)—ай сайын шыққан әдеби, ғылыми және саяси журнал; 1906 жылғы октябрьден

1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға меньшевиктер, оның ішінде Г. В. Плеханов белсенді ат салысты. Плехановшылдармен блок дәуірінде және 1914 жылдың бас кезінде журналға большевиктер де қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал социал-шовинистердің органы болды. — *265.*

[90] Ленин бұл арада И. С. Тургеневтің «Тіршілік ережесі» деген қара сөзбен жазылған өлеңде жасаған әдеби образын айтып отыр. Өлең кейіпкерінің өмірдегі негізгі ережесі өзінің бойындағы кемшілік пен олқылықты қарсыласына жауып кінәлау болған. — *270.*

[91] *«Столыпиндік жұмысшы партиясы»* деп столыпиндік реакция дәуірінде орнаған режимге икемделген жойымпаз-меньшевиктер аталды; бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаннан кейін олар осы режимге көніп, РСДРП-ның программасы мен тактикасынан бас тарту арқылы патша үкіметінен ашық, жария, «жұмысшы» партиясы-мыс партияның өмір сүруіне рұқсат алуды көкседі. — *273.*

[92] Ленин сауда-өнеркәсіп буржуазиясы мен ірі помещиктердің контрреволюциялық партиясы — октябристердің позициясына өзінің сипаты жағынан сай келетін ұран болғандықтан оны «октябристік» ұран деп атады. — *273.*

[93] *Дрейфустың ісі* — 1894 жылы француз соғысқұмарларының реакциялық-монархистік топтары француз бас штабының офицері—еврей Дрейфусқа қарсы ұйымдастырған арандатушылық процесс, оған шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айып тағылды. Әскери сот Дрейфусқа өмір бойы тұтқында болуға үкім шығарды. Реакцияшыл соғысқұмарлар Дрейфусқа қарсы әдейі ұйымдастырып шығарған үкімді Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер, буржуазиялық демократияның алдыңгы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс бірден ашық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалып, ол босатылды; алайда 1906 жылы ғана кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсыз деп танылып, армияға қайта алынды.— *282.*

[94] *Цаберн жанжалы* 1913 жылы ноябрьде Цаберн қаласында (Эльзас) болды. Оған Пруссия офицерінің эльзастықтарды

дөрекілікпен қорлағандығы сылтау болды. Бұл жергілікті, көбінесе француз халқы арасында Пруссия соғысқұмарларының езгісіне қарсы наразылықты бұрқ еткізді. Цаберн жанжалы туралы Лениннің «Цаберн» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 24-том, 202—204-беттер). — *282.*

[95] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 464, 480-беттер. — *283.*

[96] К. Реннер мен О. Бауэрдің «мәдени-ұлттық автономия» дейтін туралы реакциялық идеяларын сынауды В. И. Лениннің мына шығармаларынан қараңыз: «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» және ««Мәдени-ұлттық» автономия туралы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24 -том, 127—166 және 191—195-беттер).— *283.*

[97] Қараңыз: К. Маркс. «Конфиденциалдық хабар» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 438-бет). — *286.*

[98] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. ««Neue Rheinische Zeitung»-те басылған мақалалар» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 84-бет). Ленин келтіріп отырған қағида Ф. Энгельстің «Прага көтерілісі» деген мақаласында бар. Ленин бұл мақаланың авторы көрсетілмеген мына кітапты пайдаланған: «Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle», hrsg. von Franz Mehring. Stuttgart, 1902, Bd. III, S. 108—114. — *286.*

[99] В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің ирланд мәселесі жөніндегі қағидасын айтып отыр; бұл қағида К. Маркстің 1869 жылы 29 ноябрьде Л. Кугельманға және 10 декабрьде Ф. Энгельске жазған хаттарында баяндалған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 245—246 және 247—249-беттер). В. И. Ленин К. Маркстің 1867 жылы 2 ноябрьде Ф. Энгельске жазған хатын цитатқа келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 464-бет). — *286.*

[100] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Демократиялық панславизм» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 289—306-беттер). Ленин бұл мақаланың авторы көрсетілмеген мына кітапты пайдаланған: «Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle», hrsg. von Franz Mehring. Stuttgart, 1902, Bd. III, S. 246—264.—*287.*

[101] Ленин бұл арада оның өзі жазған және 1913 жылы 23 сентябрь—1 октябрьде (6—14 октябрьде) Поронин мекенінде

(Краковқа жақын жерде) РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі қабылдаған ұлт мәселесі жөніндегі қарарды айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 64—66-беттер).—*292.*

[102] *«„Циммервальдшылдардың“ халықаралық екінші конференциясы»*— 1916 жылы 24—30 апрельде Кинтальда (Швейцария) өткен екінші халықаралық социалистік конференция.

Конференцияға 10 елден: Россиядан, Германиядан, Франциядан, Италиядан, Швейцариядан, Польшадан, Норвегиядан, Австриядан, Сербиядан, Португалиядан 43 делегат қатысты. Бұдан басқа, Англиядан бір делегат және Жастар интернационалы секретариатының делегаты қонақ ретінде қатысты. Англия тәуелсіз жұмысшы партиясының, Америка Құрама Штаттарының, Болгарияның, Румынияның, Грецияның, Швецияның өкілдері паспорт ала алмауы себепті конференцияда болған жоқ; солшылдардың кейбір өкілдері өздерінің өкілдіктерін басқа партияларға: Латыш өлкесінің социал-демократиясы өз мандатын РСДРП Орталық Комитетіне, голланд солшылдарының өкілі Г. Роланд-Гольст өз мандатын Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасына берді.

Конференцияда Россиядан РСДРП Орталық Комитетінен Ленин бастаған үш делегат, меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінен екі делегат және социалист-революционерлер партиясының сол қанатынан үш делегат болды. Конференцияда Германиядан Гаазе — Ледебур центристік тобынан 7 делегат, «Интернационал» тобынан 2 делегат және бремендік солшыл радикалдар тобынан бір делегат болды. Италиядан — жеті делегат, Франциядан — үш центрист және бір синдикалист (Гильбо), Польшадан — 4 делегат, Швейцариядан — 5 делегат қатысты.

Конференцияда мынадай мәселелер талқыланды: 1) соғысты аяқтау жолындағы күрес, 2) бітім мәселелеріне пролетариаттың көзқарасы, 3) үгіт және насихат, 4) парламенттегі жұмыс, 5) бұқаралық күрес, 6) Халықаралық социалистік бюроны шақыру.

Ленин кеңейтілген Интернационалдық комиссияның Берндегі кеңесі (1916 жылғы 5—9 февраль) аяқталысымен іле-шала екінші халықаралық социалистік конференцияға әзірлікті қызу өрістетті. Конференцияны шақыру туралы ресми хабарды күтпестен, ол шетелдегі большевиктердің барлық секциялары мен түрлі елдердің солшыл социалистеріне кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесі туралы және конференция шақырылатыны туралы хат жіберді, бұл хатты жазуға оның өзі қатысқан болатын. Хатта алдағы конференцияға және оның сайлауына әзірлікті дереу қолға алу керек деп көрсетілді. Ол әзірлеген «РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсыныстары» да талқылау үшін барлық большевиктік

ұйымдарға және Францияның, Германияның, Англияның, Швейцарияның, Италияның, Голландияның, Норвегияның, Швецияның және басқа елдердің солшыл социал-демократтарына жіберілді. Ленин осы кезеңде жазған бірқатар хаттарында Циммервальд солшылдарының бюросы үшін конференцияға баяндама мен тезистер әзірлеу қажеттігін, конференция қарсаңында және ол өтіп жатқан кезде солшылдардың бірқатар кеңестерін өткізу керектігін көрсетті.

Лениннің, большевиктердің конференция алдында жүргізген жұмысы нәтижесінде конференцияда сол қанат Циммервальдтағыға қарағанда күштірек болды. Конференцияда Циммервальд солшылдарына «Германия интернационалдық социалистер» тобының өкілі, «Интернационал» тобының екі өкілі, француз синдикалисі А. Гильбо, серб социал-демократтарының өкілі Каңлерович, итальян социалисі Д.-М. Серрати қосылды. Сөйтіп, Кинталь конференциясында Циммервальд солшылдарының 12 делегаты болды, ал кейбір мәселелер жөнінен 12—19 дауыс жинады, яғни дауыстардың жартысына жуығын жинады. Мұның өзі халықаралық жұмысшы қозғалысында күштердің арақатынасы интернационализмнің пайдасына өзгергенін көрсетті. Кинталь конференциясы өтіп жатқан кезде Ленин солшылдардың бірқатар кеңестерін өткізді, ол кеңестерде «РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсыныстары» талқыланды. Ленин конференцияда оның каутскийшіл көпшілігіне бірлесе және ұйымшылдықпен қарсы шығу үшін солшылдарды топтастыра алды. Циммервальд солшылдары бітім туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасын дайындап, оны конференцияға ұсынды, бұл жобаға лениндік негізгі қағидалар енген болатын. Конференцияның оңшыл көпшілігі өздерін біржолата әшкерелеп алмау үшін бірқатар мәселелер жөнінен солшылдарға еруге мәжбүр болды, алайда оңшыл көпшілік социал-шовинистермен ажырасуға қарсы болған күйі қала берді.

Ленин конференцияның жұмысына белсене қатысты: Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы мәселе жөніндегі комиссияға кірді, конференцияда бірнеше рет сөз сөйледі, делегаттармен әңгімелесті, мәжілістер кезінде олармен хат жазып пікірлесіп отырды.

Конференцияда Халықаралық социалистік бюроны шақыруға көзқарас туралы мәселе бойынша ең табанды күрес болды; солшылдар Халықаралық социалистік бюроның жұмысын айыптаған, бірақ оны шақыру мүмкіндігін бекерге шығармайтын, Халықаралық социалистік бюро шақырыла қалған күнде Циммервальд бірлестігі өкілдерінің бірыңғай қимыл жасауы туралы мәселені талқылау үшін кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссия шақырылуға тиіс деген қосымшаны қарарға енгіздірте алды. Конференция бітім жолындағы күрес туралы мәселе жөнінде қарар және

«Күйзеліп, қырылып жатқан халықтарға» үндеу қабылдады.

Француз парламенттік фракциясы азшылығының соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруімен байланысты, Циммервальд солшылдары конференцияда мұндай әрекеттің социализммен және соғысқа қарсы күреспен сыйыспайтындығы туралы мәлімдеме жасады. Кинталь конференциясы империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы, соғыста «өз» империалистік үкіметтерінің жеңіліске ұшырауы туралы, III Интернационалды құру туралы большевизмнің негізгі қағидаларын қабылдамағанына қарамастан, Ленин оның жұмысын бір қадам ілгері басқандық деп атады. Кинталь конференциясы интернационалистік элементтердің бөлініп шығып, марксизм-ленинизмнің идеялық негіздерінде топтасуына жәрдемдесті. Кейіннен Лениннің және большевиктердің инициативасы бойынша бұл элементтер III, Коммунистік Интернационалдың ұйтқысы болды. — *295.*

[103] Бұл арада Германия мен Австрия социалистерінің 1915 жылы апрельде Венада өткен конференциясы айтылып отыр. Бұл конференция үш жақты келісу елдері социалистерінің Лондон конференциясына жауап секілді болған еді. Конференция қабылдаған қарар империалистік соғыста социал-шовинистік «отан қорғау» ұранын мақұлдады. — *295.*

[104] *Вена «Жұмысшы Газеті»* (Wiener «Arbeiter-Zeitung»)—күнделікті газет, Австрия социал-демократиясының орталық органы; 1889 жылы Венада В. Адлер негізін салған.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында социал-шовинистік позицияда болды. Ленин оны «социализмнің веналық опасыздарының» газеті деп атады (Шығармалар, 29-том, 394-бет). 1934 жылы газет жабылды; Австрия социалистік партиясының орталық органы ретінде 1945 жылы қайта шыға бастады. — *300.*

[105] РСДРП *шетелдік ұйым комитеті* (ШҰК) 1911 жылы декабрьде Парижде шетелдегі большевиктік топтардың кеңесінде сайланды. Бұл кеңес «голосшыл-жойымпаздармен тікелей немесе жанама түрде қандай болсын бір келісімдер жасасудан бас тарту негізінде», «шын партиялық бағыт жүргізу негізінде» РСДРП шетелдік ұйымын құруға қаулы етті. Кеңестің қарарында былай деп көрсетілді: «РСДРП Шетелдік ұйымын құра отырып және бұл ұйымның комитетін сайлай отырып кеңес: жергілікті жерлердің бәрінде осы Шетелдік ұйымның бөлімдері құрылсын деп қаулы етеді, бұл бөлімдерге Россиялық ұйымдастыру комиссиясын, Орталық Органды және «Рабочая Газетаны» қолдауға келісетін барлық партияшылдарды тарту қажет деп есептейді» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том,

«Қазақстан» баспасы, 1971, 348-бет). Кеңес сайлаған Шетелдік ұйым комитетіне Н. А. Семашко, М. Ф. Владимирский, И. Ф. Арманд және басқалар кірді. Шетелдік ұйым комитетінің жұмысы В. И. Лениннің басшылығымен жүргізілді.

РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы Шетелдік ұйым комитетін бекіте отырып, шетелдегі барлық антипартиялық топтардың әрекеттерін айыптады, шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен жұмыс істейтін бірыңғай партия ұйымы болуы сөзсіз қажет деп таныды.

Партиялық күштерді топтастыруда, жойымпаз-меньшевиктермен, ымырашылдармен, троцкистермен және басқа оппортунистермен күресте Шетелдік ұйым комитеті маңызды роль атқарды. Шетелдік ұйым комитеті Россиядағы аса маңызды оқиғалардың бәріне және партиялық жұмысқа, орыс революциялық қозғалысына басшылық ету жөніндегі шараларға үн қосып отырды, сондай-ақ Орталық Комитетке шетелде партиялық әдебиет шығаруға жәрдемдесті.

Шетелдік ұйым комитеті өзінің қызметін 1917 жылы тоқтатты. — *304.*

[106] *«Жұмысшы Газеті»* («Gazeta Robotnicza») — Польша мен Литва социал-демократиясы Варшава комитетінің құпия органы; 1906 жылғы май — октябрьде шығып тұрды, Г. Каменскийдің редакциялауымен 14 номері шықты, одан кейін газетті шығару тоқтатылды. 1912 жылы жікке бөлінгеннен кейін поляк социал-демократиясында екі Варшава комитеті пайда болды да, «Жұмысшы Газеті» деген атпен екі орган шығарылды: біреуін — Бас басқарманың жақтаушылары Варшавада (июль, 1911—июль, 1913), екіншісін оппозициялық Варшава комитеті Краковта (июль, 1911—февраль, 1916) шығарып тұрды. — *304.*

[107] Ленин бұл арада 1914 жылғы 16—18 июльдегі Брюссель «бірігу» кеңесін айтып отыр, оны РСДРП бірлігін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде «пікір алысу үшін» Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті шақырды. Кеңесте: РСДРП Орталық Комитетінен (большевиктер), Ұйымдастыру комитетінен (меньшевиктер), Плехановтың «Бірлік» тобынан, «Вперед» тобынан, Бундтан, Латыш өлкесі социал-демократиясынан, Литва социал-демократиясынан, поляк социал-демократтарынан, поляк социал-демократиялық оппозициясынан, Поляк социалистік партиясынан («солшылдарынан») өкілдер болды. Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінен Э. Вандервельде, К. Гюисманс, К. Каутский, А. Немец және басқалар қатысты. Кеңес өткізілместен көп бұрын Халықаралық социалистік бюроның басшылары большевиктерге қарсы бірігіп қимыл жасау жөнінде жойымпаздармен жасырын сөз байласты.

Ленин, большевиктер кеңесті ұйымдастырушылардың көздеген шын мақсатын түсінді, бірақ кеңеске қатысуды орынды деп тапты, өйткені кеңеске қатысудан бас тартуды Россия жұмысшылары түсінбей қалуы мүмкін еді. РСДРП Орталық Комитеті кеңеске өзінің делегациясын жіберді, оның құрамында И. Ф. Арманд (Петрова), М. Ф. Владимирский (Камский), И. Ф. Попов (Павлов) болды. Ленин Орталық Комитеттің делегациясын кеңеске мұқият дайындады: оған баяндама және егжей-тегжейлі нұсқаулар жазып берді, оны жойымпаз-меньшевиктер мен олардың одақтастарының оппортунизмін әшкерелейтін қажетті материалдармен, документтермен және нақты деректермен қамтамасыз етті. Ленин Поронинде тұрып, Орталық Комитеттің делегациясына күнделікті басшылық жасады, практикалық нұсқаулар, кеңестер берді, делегация онымен өте-мөте тығыз байланыс жасап тұрды.

Кеңесте РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасының мазмұнын баяндап И. Ф. Арманд сөз сөйледі. Халықаралық социалистік бюроның басшылары оған баяндаманың текстін түгел оқытпады, сондықтан Арманд баяндаманың бір бөлегін ғана баяндап, большевиктер ұсынған бірлік шарттарын сипаттап беруге мәжбүр болды. Бұл шарттарды естігенде меньшевиктер мен II Интернационалдың лидерлері ашу шақырып, большевиктерге қоқан-лоққы көрсетті. Халықаралық социалистік бюро атынан К. Каутский РСДРП-ны біріктіру туралы қарар ұсынды, онда Россия социал-демократиясы ішінде бірігуге кедергі боларлық ешқандай елеулі алауыздықтар жоқ деген пікір айтылды. Каутскийді Ұйымдастыру комитетінің өкілдері мен Плеханов қолдады, олар Орталық Комитеттің делегациясына және Ленинге өршелене қарсы шықты. Кеңесте Плехановпен, Вандервельдемен, Каутскиймен және басқалармен бірге большевиктердің меньшевиктермен бірігуін жақтап, Р. Люксембург теріс позиция ұстады. Қарар қабылдау кеңестің уәкілдігіне жатпайтын, келісім бойынша ол пікір алысумен шектелуі керек болғандықтан, большевиктер мен латыш социал-демократтары қарарға дауыс беруге қатысудан бас тартты. Бірақ қарар көпшілік дауыспен қабылданды.

Ленин басқарған большевиктер Брюссель кеңесінің шешімдеріне бағынудан бас тартты және «біріктірушілердің» шын мақсатын халықаралық пролетариаттың алдында әшкереледі. II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің большевиктік партияны жойып жібермекші болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады. — *304.*

108 «Газета Роботничаның» қарарын Н. К. Крупская аударған. Ленин поляк тілінен аудармаға қосымшалар мен түзетулер енгізді. Хаттың текстінде бұл қосымшалар мен түзетулер қара шрифтімен терілген. — *304.*

[109] *«Гвоздевшілдік»* (меньшевик К. А. Гвоздевтің есімімен осылай аталған) — империалистік буржуазиямен ынтымақтастық саясат.— *307.*

[110] *Тышкашылдық* — поляк социал-демократиясы лидерлерінің бірі Ян Тышканың (Л. Иогихестің) есімімен осылай аталған. Тышкашылдыққа берілген сипаттаманы В. И. Лениннің мына шығармаларынан қараңыз: «Поляк социал-демократиясындағы жіктеліс» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 321—326-беттер), ««Біріктіруші»-сымақтар», «Шетелдегі топсымақтар және орыс жойымпаздары» (Шығармалар толық жинағы, 24-том, 186—189, 196—199-беттер).—*307.*

[111] Документтің бұдан соңғы тексті ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Комитеті қаулысының жобасына» қоса жазылған; ол Г. Е. Зиновьевтің атына жолданған. — *310.*

[112] Г. Пятаков пен Е. Боштың Россиядан Швейцарияға эмиграцияға Жапония арқылы кетуіне байланысты олар *жапондар* деп аталды. — *310.*

[113] *«РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысы»* I. S. К.-ның «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеуіне жауап ретінде жазылып, I. S. К. «Bulletin»-нің 1916 жылғы 29 февральдағы 3-номерінде жарияланды.

«РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысының» тезистерін жазып болған соң, Ленин бұл документтің неміс және француз тілдеріне аударылуын ұйымдастырды; тезистер большевиктердің шетелдегі секцияларына және түрлі елдердің (Францияның, Швецияның, Англияның және басқаларының) солшыл интернационалистеріне жіберілді. «Конференцияға дейінгі бірнеше аптаның ішінде,— деп жазды Ленин,— барлық солшылдар және оларға тілектестер көріп, талқылауы керек» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталык партия архиві). «Ұсыныс» Кинталь конференциясы өтіп жатқан кезде солшылдардың кеңесінде талқыланды.

«Ұсыныс» қолжазбасының екі нұсқасы сақталған. Бұл томда екі нұсқасы да басылып отыр (бастапқысы—15 пункттен, ақырғысы— 8 пункттен тұрады). — *312.*

[114] Әңгіме Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстың Арнемде 1916 жылы 9 январьда Голландия социал-демократиялық жұмысшы партиясының төтенше съезінде жасаған баяндамасы жайында болып отыр. II Интернационалдың «өлмегенін» дәлелдей келіп, Гюисманс реформистік «демократиялық бітім» программасын ұсынды. Гюисманстың программасын Ленин «Ұлт мәселесімен байла-

нысты алғандағы «бітім шарттары»» деген рефератында сынады (қараңыз: Лениннің XVII жинағы, 237-бет). — *317*.

115 «Европа Құрама Штаттары» ұраны әсіресе соғыс жылдарында кең тарады; оның түрлі нұсқалары бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін де талай рет ұсынылған болатын. Ол кезде бұл ұранды буржуазияшыл саясатшылармен бірге империалистік державалар арасындағы бақталастықты және соғыс жанжалдарын жою мүмкіндігі жонінде сөз етіп, оларды бейбіт негізде біріктірудің түрлі жобаларын жасаған каутскийшіл-оппортунистер, троцкистер барынша насихаттады. Ленин, большевиктік партия каутскийшілдердің, троцкистердің империалистік мемлекеттердің бейбіт одағы жөніндегі ұранының реакциялық сипатын әшкереледі. РСДРП Орталық Комитетінің 1914 жылы 1 ноябрьде «Социал-Демократ» газетінде жарияланған «Соғыс және Россиялық социал-демократия» деген саяси манифесінде «герман, австриялық, және орыс монархияларын революциялық жолмен құлатпайынша» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 22-бет) «Европа Құрама Штаттары» ұраны мағынасыз, жалған ұран болатыны атап корсетілді.

Империализмнің экономикалық жағдайларына талдау жасай келіп, Ленин 1915 жылы 23 августа «Социал-Демократ» газетінде басылған «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген белгілі мақаласында «капитализм тұсында Европа Құрама Штаттары не мүмкін емес, не реакцияшыл» екенін (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 379-бет) корсетіп берді; капиталистердің және олардың үкіметтерінің арасында тонап алған байлықты қорғау үшін, отарларды күшке қарай, капиталга қарай болісу үшін тек уақытша келісімдер жасалуы, демократия мен социализмге қарсы күресу үшін реакциялық одақтар құрылуы мүмкін. Сондықтан Ленин, большевиктер «Европа Құрама Штаттары» ұраны дұрыс емес деген қорытындыға келді (қараңыз: бұл да сонда, 382-бет).

«Европа Құрама Штаттары» ұранына берілген лениндік сипаттаманың дұрыс екенін тарихи тәжірибе мен осы замангы омір шындығы толық дәлелдеп отыр. Қазіргі уақытта империалистер және олардың малайлары—оңшыл социалистер бұл ұранды күш сала алға тартып жүр. Отарларды бірлесіп тонау, еңбекшілерді қанауды күшейту үшін, демократия мен социализмге қарсы күресу үшін буржуазия құрған «Европалық совет», «Европалық көмір және болат бірлестігі», т. т. типтес түрліше батыс европалық ұйымдар мен бірлестіктерді олар «Европа Құрама Штаттары» деп көрсетпек болады. — *317*.

116 *«Avanti!»* («Алға!»)— күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылы декабрьде Римде құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет

дәйексіз-интернационалистік позиция ұстады, реформистермен байланысын үзген жоқ. 1926 жылы Муссолинидің фашистік үкіметі газетті жауып тастады, бірақ газет шетелде (үзілістермен) шығып тұрды; 1943 жылы Италияда қайтадан шыға бастады. — *318.*

[117] *Интернационалдық социалистік комиссияның нұсқау хаты* — Интернационалдық социалистік комиссияның «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеуі кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның 1916 жылы 5—9 февральда Берндегі кеңесінде бірауыздан қабылданды. РСДРП Орталық Комитетінің Ленин бастаған делегациясы осы кеңесте Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның шешімдерімен салыстырғанда бұл үндеуді бір адым ілгері басқандық деп білетіні, бірақ оның барлық қағидаларын бірдей қанағаттанарлық деп таппайтыны туралы мәлімдеме жасады. Үндеу Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 1916 жылғы 29 февральдағы 3-номерінде және «Социал-Демократ» газетінің 1916 жылғы 25 марттағы 52-номерінде жарияланды. — *322.*

[118] Ленин бұл арада Интернационалдық социалистік комиссияның 1915 жылғы 29 сентябрьде деп көрсетілген және Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 1915 жылғы 27 ноябрьдегі 2-номерінде жарияланған ресми мәлімдемесін айтып отыр. Интернационалдық социалистік комиссия бұл мәлімдемесінде Гаагадағы Халықаралық социалистік бюро өзінің қызметін қайта бастасымен-ақ, бірінші халықаралық социалистік конференцияның шешімдеріне қарамастан, ол өзін таратылды деп санайтынын хабарлады. Сонымен, Интернационалдық социалистік комиссия II Интернационалдың қалпына келтірілуіне жәрдемдесу жолына түсті. — *322.*

[119] *«Германия интернационалдық социалистері»* («I. S. D.», «Internationale Sozialisten Deutschlands») — герман солшыл социал-демократтарының бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында пайда болған тобы; 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде шығып тұрған «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі») топтың баспасөз органы болды. «Германия интернационалдық социалистері» соғысқа, оппортунизмге ашық қарсы шықты, социал-шовинизм мен центризмнен іргені аулақ салу жөніндегі мәселеде Германияда неғұрлым дәйекті позиция ұстады. Циммервальд конференциясында «Германия интернационалдық социалистері» тобының өкілі — Ю. Борхард 10 неміс делегатының ішінен жалғыз өзі Циммервальд солшылдары қарарының жобасы мен манифесінің жобасына қол қойды. Конференциядан кейін көп кешікпей Циммервальд солшылдарының бюросы «Германия интернационалдық социалистері» тобының оларға қосылатыны жөнін-

де хабар алды; бұл туралы хабар «Internationale Flugblätter»-дің («Интернационалдық жедел листоктар») 1-номерінде басылды. Топтың бұқарамен кең байланысы болмады да, көп кешікпей ыдырап кетті. — *325.*

[120] *«Германдық шовинизм мен германдық емес шовинизм туралы»* деген мақала бірінші рет «Вопросы Страхования» журналының 1916 жылғы 5(54)-номерінде басылды.

«Вопросы Страхования» («Қауіпсіздендіру Мәселелері») — большевиктік жария журнал; 1913 жылғы октябрьден 1918 жылғы мартқа дейін Петербургте үзілістермен шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — Петербургтегі большевиктік бірден-бір жария басылым. Ол тек жұмысшыны қауіпсіздендіру ісін жүзеге асыру үшін ғана емес, сонымен бірге большевиктік «күзелмеген ұрандар» — 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу және демократиялық республика үшін де күрес жүргізді. Журналға большевиктер А. Н. Винокуров, Н. А. Скрыпник, П. И. Стучка, Н. М. Шверник, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары, аурухана кассаларының уәкілдері, қатардағы жұмысшылар қатысып тұрды. — *327.*

[121] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Тарихтағы зорлық ролі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 445-бет). — *329.*

[122] *«Русское Знамя»* («Орыс Туы») — қаражүздік газет, «Орыс халқы одағының» органы; 1905 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. — *329.*

[123] *«Империализм — капитализмнің жоғары сатысы»* деген кітап 1916 жылы январь — июньде Цюрихте жазылған.

Ленин капитализмнің дамуындағы жаңа құбылыстарды бірінші дүние жүзілік соғыс басталмастан көп бұрын атап көрсеткен-ді. 1895—1913 жылдарда жазылған бірқатар еңбектерінде («Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» (1895—1896), «Қытай соғысы» (1900), «Дағдарыстың сабақтары» (1901), «Ішкі жағдайға шолу» (1901), «Россияда өндірістің шоғырлануы» (1912), «Капиталистік байлықтың өсуі» (1913), «Артта қалған Европа және алдыңғы қатарлы Азия» (1913), «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары» (1913), «Жұмысшы депутаттардың кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» (1912) және басқа еңбектер) Ленин империализм дәуіріне тән кейбір белгілерді: өндірістің шоғырлануы мен монополиялардың өсуін, шетке капитал шығаруды, жаңа рыноктар мен ықпал ету сфераларын басып алу жолындағы күресті, шаруашылық қатынастардың интернационалдануын, капитализмнің

паразитизмі мен іріп-шіруін, еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтардың өсуін, тап күресінің шиеленісуін, социализмге өту үшін материалдық алғы шарттардың жасалуын ашып көрсетті және оларға талдау жасады. Ленин отаршылдық саясаттың тонаушылық сипатын әшкерелеуге, дүние жүзін бөлісу және қайта бөлісу жолындағы күреске, империалистік, басқыншылық соғыстардың әзірленуіне ерекше көңіл бөлді. 1908 жылы жазылған «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласында, марксизмге ревизия жасауға және Маркстің ілімін, атап айтқанда дағдарыстар туралы маркстік теорияны түзету және қайта қарау деген желеумен оны іштен ірітуге қарсы күресе отырып, Ленин былай деп жазды: «Жекелеген дағдарыстардың формалары, ретімен келуі, бейнесі өзгерді, бірақ дағдарыстар капиталистік құрылыстың құтылмас құрамды бөлігі болып қала берді. Картельдер мен трестер өндірісті біріктіріп, сонымен қатар барша жұрттың көз алдында өндіріс анархиясын, пролетариаттың мұқтаждығын және капитал езгісін күшейтті, сөйтіп тап қайшылықтарын бұған дейін болмаған дәрежеде шиеленістіре түсті. Жекелеген саяси және экономикалық дағдарыстар мағынасында да, бүкіл капиталистік құрылыстың толық апатқа ұшырауы мағынасында да капитализмнің күйреуге бет алғандығын нақ осы ең жаңа алып трестер ерекше көрнекі түрде әрі ерекше кең көлемде көрсетті» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 22-бет).

Ленин капитализм туралы ең жаңа әдебиеттерді мұқият қадағалап, оларды зерттеп отырды. Мұны Д. А. Гобсонның «Қазіргі заманғы капитализмнің эволюциясы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 163—166-беттер) деген кітабына жазған рецензиясы дәлелдейді. Ленин 1904 жылы августа Гобсонның «Империализм» деген кітабын аудара бастады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 304-бет). Лениннің бұл аудармасының қолжазбасы әлі табылған жоқ.

Капитализм дамуының монополистік сатысын жан-жақты зерттеумен Ленин бірінші дүние жүзілік соғыстың бастапқы кезінен шұғылданды. Мұны Россия мен басқа капиталистік елдер жұмысшы табының революциялық күрес мүдделері талап етті. Революциялық қозғалысқа дұрыс басшылық жасау үшін, империалистік реакцияның идеологиясына, империалистермен келісімпаздықтың реформистік саясатына қарсы ойдағыдай күресу үшін «негізгі экономикалық мәселені түсініп» алу қажет болды, «бұл мәселені зерттеп білмейінше, қазіргі соғысты және қазіргі саясатты бағалауда, атап айтқанда: империализмнің экономикалық мәні туралы мәселеде еш нәрсе түсінуге болмайды» (осы том, 334-бет).

Ленин империализм жөніндегі әдебиетті зерттеуге, тегі, 1915 жылдың орта шенінде, Бернде (Швейцарияда) болған кезінде біржолата кіріскен болу керек; ол сол кезде әдебиет көрсеткіштерін құрастырып, жоспарларды талдап жасап, кө-

шірмелер, заметкалар әзірлеп, конспектілер жаза бастады. «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітаптың дайындық материалдары («Империализм жөніндегі дәптерлер») 50 баспа табаққа жуық. Онда 148 кітаптан (оның ішінде немісше — 106, французша — 23, ағылшынша — 17 және орыс тіліне аударылған — 2 кітаптан) және әр түрлі 49 мерзімді басылымда (немісше — 34, французша — 7 және ағылшынша — 8 басылымда) жарияланған 232 мақаладан (оның ішінде немісше — 206, французша — 13 және ағылшынша 13 мақаладан) көшірмелер бар.

1916 жылғы январьдың басында Ленин жария жағдайдағы «Парус» баспасына арнап империализм жөнінде кітап жазу туралы ұсынысты қабыл алды, бұл баспа 1915 жылы декабрьде Петроградта құрылған болатын. 1915 жылы 29 декабрьде (1916 жылы 11 январьда) А. М. Горькийге хатында Ленин былай деп жазды: «Империализм туралы кітапша жазу жұмысына кірісе бастадым» (Шығармалар, 35-том, 186-бет). 1916 жылғы февральдың бірінші жартысында Ленин Бернмен Цюрихке көшіп барды, мұнда ол империализм жөніндегі материалдарды жинастырып, өңдеу жұмысын одан әрі жүргізе берді. Цюрихтің кантондық кітапханасында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегін жазу үстінде Ленин басқа қалалардан да кітаптар алғызып отырды.

Францияда тұрған және бірінші дүние жүзілік соғыс дәуіріндегі Батыс Европа мемлекеттері туралы «Парус» баспасы шығарған сериялы кітапшаларды редакциялаған М. Н. Покровскийге 1916 жылы 19 июньде (2 июльде) Ленин былай деп жазды: «Бүгін Сізге заказной бандерольмен қолжазбамды жіберіп отырмын» (бұл да сонда, 201-бет). Хатпен бір мезгілде жіберілген қолжазба Покровскийге жетпеген, сөйтіп оны екінші рет жіберуге тура келген. Мұнымен қатар баспа дайын қолжазбаны бес баспа табақтан үш баспа табаққа дейін қысқартуды ұсынды; алайда Ленин еңбекті қысқартқан жоқ, өйткені, оның айтуынша, «оны тағы да 3 табаққа түсіре сығымдау мүлдем мүмкін емес» (бұл да сонда).

Кітап баспаға түскеннен кейін сол кезде баспаға басшылық етіп отырған меньшевиктік элементтер Каутский мен Мартовтың атына айтылған қатты сынды кітаптан алып тастады, қолжазбаға Ленин стилінің ерекшеліктерін бұзатыны былай тұрсын, тіпті оның ойын бұрмалайтын түзетулер енгізді. Лениннің «ұласу» (капитализмнің империализмге ұласуы) деген сөзін «айналу» деген сөзбен, «реакциялық сипатын» («әсіре империализм» теориясының) деген сөздерін «артта қалғандық сипатын» деген сөздермен ауыстырды, т. т. 1917 жылдың ортасында кітап «Империализм — капитализмнің ең жаңа кезеңі (Көпшілікке арналған очерк)» деген атпен басылып шықты, бұған арнап Ленин жазған алғы сөз 1917 жылғы 26 апрель деп белгіленген.— *331.*

[124] Бұл алғы сөз бірінші рет 1921 жылы октябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 18-номерінде «Империализм және капитализм» деген атпен жарияланды. Лениннің көзі тірісінде «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітаптың жеке басылымдары неміс тілінде 1921 жылы, француз және ағылшын (толық емес) тілдерінде 1923 жылы шықты.— *335.*

[125] *Брест-Литовск бітімі* Советтік Россия мен герман блогының елдері (Германия, Австро-Венгрия, Болгария және Түркия) арасында 1918 жылы 3 мартта Брест-Литовскіде жасалды, ал 15 мартта Советтердің Бүкіл россиялық IV Төтенше съезінде бекітілді. Германияда монархиялық режимді құлатқан революция жеңіп шыққан соң, 1918 жылы 13 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті тонаушылық, әділетсіз Брест-Литовск шартын жойылды деп жариялады.— *337.*

[126] *Версаль бітімі* — 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған Германияға Антанта таңған империалистік шарт; 1919 жылы 28 июньде Версальда (Францияда) қол қойылды.— *337.*

[127] *Вильсонизм* — Америка Құрама Штаттарының 1913—1921 жылдардағы президенті В. Вильсонның есімінен шыққан. Өзі президент болған алғашқы жылы Вильсон бірқатар заңдарды (үдемелі табыс салығы туралы, трестерге қарсы және басқа заңдар) өткізіп, оларды демагогтықпен «жаңа бостандық» заманы деп атады. Вильсон, деп жазды Ленин, мещандар мен пацифистердің идолы, олар Вильсон ««әлеуметтік татулықты» сақтап қалады деп, қанаушылар мен қаналушыларды бітістіреді деп, әлеуметтік реформаларды жүзеге асырады» деп үміттенді (Шығармалар, 31-том, 221—222-беттер). Американ империализмінің тонаушылық сыртқы саясатын Вильсон мен оның жақтастары екіжүзді демагогтық ұрандармен және «демократия», «халықтар одағы» туралы жел сөздермен бүркемеледі. Ленин былай деп жазды: «Вильсонның дәріптеген демократиялық республикасы іс жүзіне келгенде нағыз құтырынған империализмнің, әлсіз және аз халықтарды нағыз арсыздықпен езудің және тұншықтырудың формасы *болып шықты»* (Шығармалар, 28-том, 183-бет). Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап Вильсон Советтік Россияға қарсы интервенцияның дем берушілерінің және ұйымдастырушыларының бірі болды. Совет үкіметінің бейбіт саясатының барлық елдердің халық бұқарасына тигізген зор ықпалына қарсы әрекет істеу мақсатында Вильсон демагогтық «бейбітшілік программасын» ұсынды, Америка Құрама Штаттарының агрессиялық саясатын бүркемелеуге тиісті бұл программаны ол «14 пунктте» тұжырымдады. Американ насихаты мен европалық буржуазиялық баспасөз

Вильсонды бейбітшілік жолындағы күрескер деп өтірік дәріптеді. Алайда Вильсон мен «вильсонистердің» ұсақ буржуазиялық бос сөздерінің екіжүзділігін елдің ішіндегі жұмысшыларға қарсы реакциялық саясат пен Америка Құрама Штаттарының агрессиялық сыртқы саясаты өте тез әшкереледі.— *337*.

[128] В. И. Ленин бұл арада бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен өмір сүруден қалған II Интернационалдың орнына Батыс Европа социалистік партияларының лидерлері 1919 жылы февральда Берпде өткен социалистік партиялардың конференциясында құрған II (Берн) Интернационалды айтып отыр. Берн Интернационалы іс жүзінде халықаралық буржуазияның малайы ролін атқарды. «Бұл нағыз сары Интернационал»,— В. И. Ленин ол туралы осылай деген болатын (Шығармалар, 29-том, 307-бет).— *339*.

[129] *«Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы»* — 1917 жылы апрельде Готадағы құрылтай съезінде құрылған центристік партия. Россиядағы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы Германияда революциялық өрлеудің күшеюіне зор ықпалын тигізді, осы революциялық өрлеу жағдайында Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік басшылығы қатардағы мүшелерінің сенімінен барған сайын айрыла берді. Бұқараның наразылығын бәсеңдету, олардың назарын революциялық күрестен бұрып әкету және жұмысшы табының революциялық партиясының құрылуына жол бермеу үшін центризмнің лидерлері бұқараны өзінің ықпалында ұстауға жәрдемдесе алатындай партия құруға әрекет істеді. «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы» сондай партия болуға тиісті еді. Центристік бос сөздерді бүркемеленген «тәуелсіздер» социал-шовинистермен «бірлікті» уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі каутскийшілдік «Еңбек ынтымақтастығы» деген ұйым болды.

Біраз уақыт бойы партияның құрамына «Спартак» тобы кірді, бірақ ол өзінің ұйымдық және саяси дербестігін сақтап қалды, құпия жұмысын және бұқараны центрист лидерлердің ықпалынан шығарып алу жолындағы күресін одан әрі жүргізе берді. 1918 жылы «Спартак одағы» «Тәуелсіз социал-демократиялық партиядан» шықты, сөйтіп осы одақтың негізінде Германия Коммунистік партиясы құрылды.

1920 жылы октябрьде «Тәуелсіз социал-демократиялық партияның» Галльдегі съезінде жіктеліс болды. Партияның едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы» деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді.— *340*.

[130] *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымы; 1916 жылы январьда қалыптасты, К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка), В. Пик басқарды. 1915 жылдың апрелінде Р. Люксембург пен Ф. Меринг «Die Internationale» журналын құрды, Германияның солшыл социал-демократтарының негізгі тобы осы журналдың төңірегіне топтасты. 1916 жылдан «Интернационал» тобы, 1915 жылы шығарылып тұрған саяси листовкалардан басқа, «Спартак» деп қол қойылған «Саяси хаттарды» құпия шығарып (1918 жылдың октябріне дейін үнемі шығып тұрды), тарата бастады, сойтіп «Интернационал» тобы «Спартак» тобы деп атала бастады. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы бұқаралық қимылдар ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунист лидерлерінің опасыздығын әшкерелеп отырды. Алайда спартакшылдар теория мен саясат мәселелерінде елеулі қателіктер жіберді: империализм дәуірінде ұлт-азаттық соғыстардың болу мүмкіндігін теріске шығарды, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы мәселе жөнінде дәйекті позиция ұстамады, пролетарлық партияның жұмысшы табының авангарды ретіндегі ролін жете бағаламады, пролетариаттың одақтасы ретінде шаруаларды жете бағаламады, оппортунистерден батыл қол үзуден қорықты. Ленин герман солшыл социал-демократтарының бұл қателіктерін талай рет сынады (қараңыз: «Юниустың кітапшасы туралы», «Марксизмге карикатура жасау туралы және «империалистік экономизм» туралы» және басқалар).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына» кірді, бірақ оның құрамында өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революцияның барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, сөйтіп 1918 жылғы 14 декабрьде өзінің программасын жариялап, «тәуелсіздерден» ажырасты. 1918 жылғы 30 декабрь — 1919 жылғы 1 январьда спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды.— *340.*

[131] *Версальдықтар* — 1871 жылғы Париж Коммунасының қас жаулары, Коммуна жеңгеннен кейін Версальда бекініп алған А. Тьер бастаған француз контрреволюциялық буржуазиялық үкіметінің жақтаушылары. Версальдықтар Париж Коммунасын басып-жаныштаған кезде коммунарларды адам айтқысыз қаталдықпен жазалады. 1871 жылдан соң «версальдықтар» деген сөз құтырынған контрреволюцияның синонимінө айналды.— *341.*

[132] Дж. А. Гобсонның «Imperialism. A Study» («Империализм. Зерттеу») деген кітабына (Лондон, 1902) жасалған егжей-

тегжейлі талдау мен оның конспекті Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 399—434-беттер) берілген. 1904 жылы Ленин Гобсонның кітабын орыс тіліне аударды (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 304-бет); Ленин жасаған аударманың қолжазбасы әзірге табылған жоқ. Гобсонның кітабы туралы Ленин бұл кітап «жалпы алғанда пайдалы, ал оның өте-мөте пайдалы болатын себебі — каутскийшілдіктің бұл мәселедегі негізгі жалған бағытын әйгілеуге көмектеседі» деп жазды (Шығармалар, 39-том, 94-бет). Гобсонның кітабындағы мол нақтылы материалды пайдалана отырып, Ленин сонымен бірге оның реформистік қорытындыларын және бүркеулі формада империализмді қорғауға тырысқан әрекетін сынға алады.— *342.*

[133] Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде және «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Р. Гильфердингтің «Финанс капиталы» атты кітабына әлдеңеше рет сілтеме жасайды. Монополистік капитализмнің кейбір жақтарына сипаттама беру үшін осы деректемедегі нақтылы материалдарды пайдалана отырып, Ленин сонымен бірге империализмнің аса маңызды мәселелері жөніндегі маркстік емес қағидалары мен қорытындылары үшін авторды сынға алады. Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Гильфердингті — II Интернационал лидерлерінің бірін — кантшыл және каутскийшіл, реформатор және «империалистік буржуазияны көндіруші» деп сипаттайды (Шығармалар, 39-том, 625-бет). Саясатты экономикадан бөліп қарай отырып, Гильфердинг өзінің кітабында империализм мен финанс капиталына теріс анықтама береді; ол империализм тұсында монополиялар шешуші роль атқаратынын және оның барлық қайшылықтары шиеленісетінін бүркемелейді, империализмнің дүние жүзін бөлісіп алу және оны қайта бөлісу үшін күрес, капитализмнің паразитизмі мен іріп-шіруі сияқты маңызды белгілерін елемейді. Гильфердингтің кітабы, елеулі қателеріне қарамастан, капитализм дамуының ең жаңа фазасын зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды.— *342.*

[134] Бұл арада герман социал-демократиясының Хемниц съезінің империализм және социалистердің соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде 1912 жылы 20 сентябрьде қабылданған қарары айтылып отыр. Қарарда империалистік саясат айыпталып, бейбітшілік жолындағы күрестің маңыздылығы атап көрсетілді: «Партейтаг ұлттар арасында өзара түсінушілік орнату, бейбітшілікті қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге өзінің бекем бел буғанын жариялайды. Партейтаг бейбітшілікке қатер төндіріп отырған және адамзатты сұрапыл апатқа қарай тездете апара жатқан қарулanудағы жанталасқан бәсекені халықаралық келісімдер жасасу жо-

лымен жоюды талап етеді... Партейтаг империализмге қарсы қашан ол құлатылғанға дейін еселеген жігермен күресе беруге... партия мүшелері өздерінің күш-жігерін талмастан жұмсайды деп күтеді» («Handbuch der sozialdemokratischen Parteitage von 1910 bis 1913», München, 1917, S. 243—244).— *342.*

[135] Ленин жасаған талдаудан кейінгі уақыт ішінде өндірістің шоғырлануы Америка Құрама Штаттарында бұрынғыдан да жоғары дәрежеге жетті. Монополиялар халық шаруашылығының жетекші салаларындағы өндірістік қуаттар мен өнімді өткізудің едәуір бөлегін өз қолына жинап алып, Америка Құрама Штаттары экономикасы мен саясатында шешуші роль атқарып отыр. 1954 жылы Америка Құрама Штаттары өнеркәсібінің 43 саласында 4 корпорация өндірілетін өнімнің 75 процентін және одан да көбін өз қолында ұстады; 102 салада — 50 проценттен 74 процентке дейінін, ал 162 салада — 25 проценттен 49 процентке дейінін ұстады. 1958 жылы Америка Құрама Штаттарында 373 мың өнеркәсіп компаниясы болды; 1958 жылы 343 корпорацияның әрқайсысының айналымы 100 миллион доллардан асты. Жалданып жұмыс істеушілердің 50 проценті (ауыл шаруашылығын және мемлекет қызметшілерін қоспағанда) аса ірі 200 корпорацияға тәуелді болды. Аса ірі өнеркәсіп корпорацияларының ішінде бірнеше ондаған корпорация ерекше көзге түседі, олардың ішінде 36 корпорацияның айналымы 1 миллиард доллардан асады, 22 корпорацияның 1 миллиард долларға тең немесе одан көбірек активтері бар. Осы 36 корпорация барлық пайданың 37 процентін алды, ал 500 аса ірі өнеркәсіп монополиясы өнеркәсіп корпорацияларының барлық пайдасының 76 процентін алды.— *345.*

[136] *«Die Bank»* («Банк») — неміс финансистерінің журналы, 1908 жылдан 1943 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабына дайындық жұмыстарында осы журналда жарияланған мақалалар мен материалдарды талай рет зер салып қарайды (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 52—70, 156—179, 493—494 және басқа көптеген беттер).—*357.*

[137] О. Ейдэльстің «Das Verhältnis der deutschen Großbanken zur Industrie mit besonderer Berücksichtigung der Eisenindustrie» (Лейпциг, 1905) («Немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке, әсіресе металлургия өнеркәсібіне қатынасы») деген кітабына Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» толық талдау жасады (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 139—155-беттер).— *357.*

[138] Г. Шульце-Геверництің «Die deutsche Kreditbank» («Немістің кредиттік банкі») деген еңбегіне Ленин «Империализм жө-

віндегі дәптерлерде» сын тұрғысынан талдау жасайды (Шығармалар, 39-том, 31—45-беттер). Ленин автор туралы былай деп жазды: «Әр жерде (passim), әрдайым Шульце-Геверництен масайраған герман империализмінің, лепірген шошқаның үні естіледі!!!!». Шульце-Геверництің «Britischer Imperialismus und englischer Freihandel zu Beginn des zwanzigsten Jahrhunderts» («Британ империализмі және ағылшынның XX ғасырдың басындағы еркін саудасы») деген екінші еңбегіне сын тұрғысынан талдау жасағанда Ленин авторды былайша сипаттады: «Асқан малғұн, сұмпайы, кантшыл, дінді жақтайды, шовинист,— ағылшын империализмі туралы біраз өте қызғылықты фактілер жинап, кісіні жалықтырмайтын, өсіре кітап жазған. Англияны аралай жүріп, көп материал жинаған, көп нәрсені көріп білген. Ағылшын мырзалар, тонаудай-ақ тонапсыңдар, енді біздің де тонауымызға ерік беріңдер, бұл тонауды Канттың, тәңірінің, патриотизмнің, ғылымның атымен «ардақтайық»=осынау «ғалымның» позициясының мәні міне осындай!!» (бұл да сонда, 445-бет).— *360.*

[139] Р. Лифманның «Beteiligungs- und Finanzierungsgesellschaften. Eine Studie über den modernen Kapitalismus und das Effektenwesen» (Йена, 1909) («Қатысу және қаржыландыру қоғамдары. Қазіргі капитализм мен бағалы қағаздардың мәнін зерттеу») деген еңбегіне Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» сын тұрғысынан талдау жасалған (Шығармалар, 39-том, 365—374-беттер). Р. Лифман туралы Ленин былай деп жазады: «Авторы — барып тұрған ақымақ, ылғи дефинициялардры — ең бір жексұрын нәрселерді — аузынан тастамай, «субституция» деген сөзсымақтың төңірегінде айналшақтап жүреді де қояды. Нақты мәліметтері бағалы, бірақ көбінесе мүлде шикі. Құнның еңбектік теориясының дұшпаны etc. etc.».— *361.*

[140] Ленин Я. Риссердің «Die deutschen Großbanken und ihre Konzentration im Zusammenhang mit der Entwicklung der Gesamtwirtschaft in Deutschland» («Германияның ірі банктері және Германиядағы шаруашылықтың жалпы дамуына байланысты олардың шоғырлануы») деген кітабының Йенада 1910 және 1912 жылдарда шығарылған екі басылымын пайдаланды. Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» осы кітаптағы әр жылдардың нақтылы материалдарына егжей-тегжейлі талдау жасайды (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 334—364-беттер).— *361.*

[141] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 653-бет.— *366.*

[142] *Биржа күйреуі* 1873 жылдың бірінші жартысында әуелі Австро-Венгрияда, одан соң Германияда және басқа елдерде

етек алды. 70-жылдардың басында кредит экспансиясы, грюндерлік (немістің «Gründer»: құрушы деген сөзінен шыққан), биржадағы жалдаптық бұрын болып көрмеген көлемде өршіді. Өрістей түскен дүние жүзілік экономикалық дағдарыстың айқын белгілерін өнеркәсіп те, сауда да бастан кешіріп үлгірген кезеңде де биржадағы жалдаптық одан әрі өсе берді. 1873 жылы 9 майда Вена биржасы апатқа ұшырады; 24 сағаттың ішінде акциялар жүздеген миллионға құнсызданды; банкрот болудың саны орасан көбейді. Биржа апаты Германияға ауысты. «1867 жылы Парижде болған жағдай, Лондон мен Нью-Йоркта жиі болып тұрған жағдай,— деп жазды Энгельс,— 1873 жылы Берлинде болмай қалған жоқ: шектен тыс жалдаптық жаппай күйреумен тынды. Компаниялар жүз-жүздеп банкрот болды. Жан сауғалай алған компаниялардың акцияларын сатуға мүмкіндік қалмады. Барлық сала толық талқандалды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 178-бет).— *368.*

[143] *Грюндерлік жанжалдар* Германияда өткен ғасырдың 70-жылдарының басында акционерлік қоғамдар күшті қарқынмен құрылған кезеңде болып тұрды. Грюндерліктің өсуі жермен және биржада бағалы қағаздармен жалдаптық жасаудың мейлінше етек алуымен, байып алған буржуазиялық еншілдердің алаяқтық әрекеттерімен қат-қабат болып жатты.— *368.*

[144] 1955 жылы 61,4 миллиард доллар капитал Рокфеллердің финанс-монополистік тобының, 65,3 миллиард доллар капитал Моргандар тобының бақылауында болды. Моргандар 70 шақты американ банктері мен корпорацияларын өзінің ықпалында ұстайды, ал олардың 12-сіне толық бақылау жасайды. Моргандар бақылау жасайтын өнеркәсіп компанияларының ішінде Америка Құрама Штаттарының «Юнайтед стейтс стил», «Дженерал электрик», «Дженерал моторс» сияқты аса ірі монополиялары мен көмір, тамақ, химия, тоқыма өнеркәсібінің және өзге салалардың көптеген басқа корпорациялары, сондай-ақ түсті металлургия, транспорт компаниялары, байланыс және коммуналдық компаниялар бар. Рокфеллерлер кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде активтерінің жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын кәсіпорындарға бақылау жасайды; бұл топтың қуаттылығының негізі — мұнай өнеркәсібін өзінің бақылауында ұстау; олардың ықпал ететін сферасына Америка Құрама Штаттарының аса ірі 6 мұнай монополиясы кіреді, оның ішінде «Стандард ойл К° (Нью-Джерси)», «Стандард ойл оф Индиана» және басқалары бар. Авиация, атом өнеркәсібінің және басқа салалардың бірқатар кәсіпорындарының акцияларының бақылау пакеттері Рокфеллерлердің иелігінде.

Рокфеллер мен Морганның топтары Америка Құрама Штаттарының саяси өміріне орасан зор ықпал жүргізеді.

Америка Құрама Штаттарының көптеген президенттері мен министрлері Моргандардың қойған адамдары болды; Рокфеллерлер басқа шонжарлармен бірге Америка Құрама Штаттары республикалық партиясын қаржыландырады, мемлекеттік қызмет орындарына өздеріне жағымды адамдарды қойғыза алады. Моргандар мен Рокфеллерлердің ықпал ететін сферасына кіретін монополиялар әскери заказдарды орындаудан және үкіметті жабдықтаудан орасан көп пайда табады.— *370.*

145 *«Frankfurter Zeitung»* («Франкфурт Газеті») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы; 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; газет — батыс герман монополистерінің жаршысы.— *370.*

146 «Ұйымдасқан капитализм» теориясының буржуазиялық-апологетикалық сипаты мен оның ғылымға қарсы екенін Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабында және «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» әшкерелейді; бұл теория империализмді ерекше, өзгерген капитализм түрінде суреттейді, онда бәсеке мен өндіріс анархиясы, экономикалық дағдарыстар жойылған, халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту жүзеге асырылады-мыс деп көрсетеді. Монополистік капитализмнің идеологтары — Зомбарт, Лифман және басқалар ұсынған «ұйымдасқан капитализм» теориясын реформистер — Каутский, Гильфердинг және II Интернационалдың басқа да теоретиктері іліп әкетті. Империализмнің қазіргі қорғаушылары «ұйымдасқан», «жоспарлы» капитализм теориясының толып жатқан нұсқаларын ойлап шығарып жүр, олардың бәрі де халық бұқарасын алдауға, монополистік капитализмді боямалап көрсетуге бағытталған. Лениннің империализмге берген сипаттамасының дұрыс екенін өмірдің өзі көз жеткізе дәлелдеп берді; монополиялардың үстемдігі өндіріс анархиясын жоймайды, қайта өршіте түседі, капиталистік шаруашылықты дағдарыстардан құтқармайды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін қазіргі капитализмнің басты елі— Америка Құрама Штаттарында 1948 жылдан 1961 жылға дейінгі кезеңнің өзінде ғана өндіріс төрт рет (1948—1949, 1953—1954, 1957—1958 және 1960—1961 жылдарда) дағдарысқа ұшырады.— *376.*

147 Империализмді боямалау және монополиялардың үстемдігін бүркемелеу мақсатында ойлап шығарылған «капиталдың демократиялануы» туралы буржуазиялық-реформистік теориялар жөніндегі лениндік сынды қазіргі өмір шындығы толығымен дәлелдеп отыр. Ұсақ акциялардың таратылуын капитал шонжарлары халықты қанау мен алдауды күшейту

үшін, капитал шонжарларын байыта беру үшін пайдаланады. Қазіргі империалистік елдерде ұсақ («халықтық») акциялардың жаппай таратылуы туралы буржуазиялық насихаттың мәлімдемелеріне қарамастан, шындығында мамандығы жоғары аз ғана жұмысшылар — жұмысшы аристократиясы дейтіннің өкілдері ғана акцияға ие бола алады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында 1958 жылы жарты миллионға жуық жұмысшы семьяларының қолындағы акциялардың құны бүкіл елдегі акциялардың жалпы құнының не бары 0,2 процентіне тең болды. Ал Дюпондар әулетінің қолындағы акциялар барлық американ жұмысшыларының қолындағы акцияларды қосып есептегендегіден 10 есе көп. Сонымен, жұмысшылардың кәсіпорын меншікшілеріне (қосалқы иелеріне) айналғаны туралы, капиталистер мен жұмысшылар табыстарының «теңелгені» туралы апологетикалық теорияларды нақты өмір шындығының өзі теріске шығарып отыр. Қазіргі капитализм еңбек пен капитал, халық пен монополиялар арасындағы тұңғиықтың онан сайын тереңдей түскендігімен сипатталады.— *380.*

148 Ленин бұл арада Г. В. Плехановты айтып отыр. Г. В. Плеханов империализм туралы мәселе жөніндегі пікірлерін өзінің соғыс жылдары Петроградта басылып шыққан «Соғыс туралы» деген мақалалар жинағында айтқан.— *380.*

149 Россияда жария түрде басып шығаруға арналған «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабында Ленин Россия империализміне талдау жасауды тек қысқаша ескертпелермен және қорытындылармен шектеуге мәжбүр болды. Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Е. Агадтың неміс тіліндегі «Ірі банктер және бүкіл дүние жүзілік рынок. Ірі банктердің Россия халық шаруашылығына және герман-орыс қатынастарына әсер етуі тұрғысынан алып қарағанда, ірі банктердің бүкіл дүние жүзілік рыноктағы экономикалық және саяси маңызы» (Берлин, 1914) деген кітабынан басқа А. Н. Зактың «Немістер және орыс өнеркәсібіндегі неміс капиталы», Б. Ишханианның «Орыс халық шаруашылығындағы шетелдік элементтер» деген еңбектеріндегі, т. б. еңбектердегі деректерді де пайдаланады (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 39-том, 95—115, 236—237, 258-беттер). Сонымен бірге «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Россиядағы монополистік капитализмді, сондай-ақ Россия империализмінің әр алуан жақтарына Лениннің берген бағасын сипаттайтын едәуір материал бар (қараңыз: 124—125, 129—130, 185—186, 240—241, 247—249, 249—250, 278, 279, 283, 290, 292, 294, 297, 320—322, 380—381, 402, 466—467, 468, 471, 472, 475, 476, 477, 482, 484, 487, 489, 496, 498—499, 503—505, 508—509, 531—534, 535, 540—543, 544, 565—566, 607—608, 692—700, 744—747-беттер).— *384.*

[150] *Француздық Панама* — Панама каналын салуда француз компаниясы сатып алған мемлекет және саяси қайраткерлердің, чиновниктер мен газеттердің орасан зор қиянатшылдығының және сатқындығының Францияда әшкереленуіне байланысты 1892—1893 жылдарда туған сөз тіркесі.— *390.*

[151] «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітаптың дайындық материалдары болып табылатын «Империализм жөніндегі дәптерлерден» зор көлемді нақтылы материалды зерттеу, тексеру және ғылыми талдау, статистикалық деректерді жинақтау және топтау жөнінде Лениннің орасан зор жұмыс істегені көрінеді. Мәселен, А. Неймарктің «Bulletin de l'institut international de statistique»-де t. XIX, livr. II. La Haye, 1912 («Халықаралық статистика институтының бюллетені», XIX том, II кітап, Гаага) келтірген бүкіл дүние жүзіндегі эмиссиялар және елдер бойынша бағалы қағаздардың бөлінуі туралы деректерді Ленин В. Цоллингердің «Die Bilanz der internationalen Wertübertragungen», 1914 («Бағалы заттардың халықаралық ауысып орналасу балансы») деген еңбекте келтірген деректерімен салыстырып, тексереді, сөйтіп өз есептерін шығарады (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 124—126, 380—381-беттер).— *392.*

[152] Г. К. Морристің «The History of Colonization from the Earliest Times to the Present Day» (Нью-Йорк, 1900) («Ең көне заманнан осы күнге дейінгі отарлау тарихы») деген кітабы туралы Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» былай деп жазды: «Статистикалық мәліметтері көңіл аударарлық... Нағыз «тарих», фактілердің жай тізімі сияқты». Осы деректеменің деректері негізінде Ленин капиталистік державалар арасында отарлардың қалай бөлінгендігін сипаттайтын өз есептерін береді (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 239—244-беттер).— *410.*

[153] А. Супанның деректеріне және О. Гюбнердің географиялық-статистикалық кестелеріне Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 284—296-беттер) егжей-тегжейлі талдау жасалған.— *413.*

[154] К. Каутскийдің «Der Imperialismus» деген мақаласына жасалған егжей-тегжейлі талдауды Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінен» қараңыз, ол мақала мына журналда басылған: «Die Neue Zeit», 1914, Jg. 32, Bd. 2, № 21. К. Каутский мен каутскийшілдердің империализм туралы мақалаларына жасалған жан-жақты талдау да сол дәптерлерде. Ленин каутскийшілдердің империализмге көзқарастары марксизм түріне боялған ұсақ буржуазиялық реформизм екендігін, олар «тап-таза, мұнтаздай, баяу да ұқыпты капитализмді *жақтайтындығын*» көрсетіп береді (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 94, 178—179, 253—258 және басқа беттер).— *429.*

155 Ленин империализм туралы кітабын әзірлеген кезде темір жол статистикасына үлкен көңіл бөлді. Түрлі елдерде (аса ірі державалар, дербес және жартылай дербес мемлекеттер, отарлар) темір жол жүйесінің дамуы туралы 1890 және 1913 жылдардағы толып жатқан деректерді әр түрлі деректемелерден Лениннің қалай жинап, оларды қалай өңдегенін «Империализм жөніндегі дәптерлерде» келтірілген материалдар (қараңыз: Шығармалар, 39-том, 486—492, 494—497-беттер) көрсетеді. Бұл зерттеулерінің қорытындыларын Ленин екі ықшам кестеде қорытқан (қараңыз, осы том, 432—433-беттер).— *432.*

156 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 113—114-беттер.— *443.*

157 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 529, 530-беттер.— *443.*

158 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 262—278-беттер.— *444.*

159 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 135-бет.— *451.*

160 В. И. Ленин бұл арада «қорытынды протокол» дейтінді айтып отыр; бұл протоколға 1899—1901 жылдардағы боксер көтерілісін басып-жаныштаудың нәтижесінде империалистік державалар (Англия, Австро-Венгрия, Бельгия, Франция, Германия, Италия, Жапония, Россия, Нидерланды, Испания және Америка Құрама Штаттары) мен Қытайдың арасында 1901 жылғы 7 сентябрьде қол қойылды. Шетел капиталы Қытайды қанау мен тонау үшін жаңа мүмкіндіктер алды.— *456.*

161 *Боксер көтерілісі* (дәлірек айтқанда: Ихэтуань көтерілісі)— 1899—1901 жылдары Қытайда болған халықтық антиимпериалистік көтеріліс; кейіннен «И-хэ-туань» деп аталған бұл көтерілісті «И-хэ-цюань» («Әділеттілік пен татулыққа жеткізетін жұдырық») қоғамы көтерген болатын. Империалистік державалардың герман генералы Вальдерзее бастаған біріккен жазалаушы корпусы көтерілісті аяусыз басып-жаныштады. Көтерілісті жаныштауға герман, жапон, ағылшын, американ және орыс империалистері қатысты. Қытай 1901 жылы «қорытынды протокол» дейтінге қол қоюға мәжбүр болды, бұл протокол бойынша Қытай шетел империализмінің жартылай отарына айналды.

Қытай халқының шетелдік үстемдікке қарсы күресі туралы В. И. Лениннің «Қытай соғысы» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 408—414-беттер).— *457.*

[162] Бұл документ Циммервальд конференциясы делегаттарының — солшыл социал-демократтардың — Циммервальд конференциясы ашылар алдында, 1915 жылы 4 сентябрьде өткен жеке кеңесінде бірінші дүние жүзілік соғыстың сипаты және революцияшыл интернационалистердің тактикасы туралы Ленин жасаған баяндаманың тезистері болып табылады. Кеңеске солшыл делегаттардан басқа конференцияның кейбір өзге делегаттары да қатысты. Кеңес манифестің және қарардың жобаларын қабылдады, солшылдар Циммервальд конференциясында осы жобаларды басшылыққа алды — *471.*

[163] Ленин бұл арада 1915 жылы 11 июльде Бернде өткен халықаралық социалистік конференцияны шақыру туралы мәселе жөнінде алдын ала болған кеңесті (Vorkonferenz) айтып отыр. Кеңес Италия және Швейцария социалистерінің инициативасы бойынша шақырылды. Кеңеске сондай-ақ РСДРП Орталық Комитетінің, Поляк социал-демократиялық партиясы өлкелік басқармасының, Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» және Ұйымдастыру комитетінің (меньшевиктердің) өкілдері де қатысты. Алдын ала өткен кеңесте центристер басым болды. Алдын ала өткен кеңесті ұйымдастырушылардың бірі болған, Швейцария социалисі, «Berner Tagwacht» газетінің редакторы Р. Гримм кеңеске сондай-ақ Каутскийді, Гаазені және Бернштейнді шақырған еді, бірақ олар бұл кеңес Халықаралық социалистік бюроның ырқынан тыс шақырылғалы отыр, ал біз оның мүшелеріміз дегенді сылтау етіп, кеңеске қатысудан бас тартты.

Алдын ала өткен кеңесте талқыланған басты мәселе алдағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның құрамы туралы мәселе болды. Кеңестегі каутскийшіл көпшілік конференцияға Каутский бастаған центристерді және тіпті ашық социал-шовинистер Трульстра мен Брантингті де тартуға тырысты. РСДРП Орталық Комитетінің өкілі келесі алдын ала өтетін кеңеске осы кезге дейін елдердің көпшілігіндегі ресми партиялардан бөлініп шығып болған халықаралық жұмысшы қозғалысындағы шын солшылдардың өкілдерін (Голландия солшылдарын, болгар «тесняктарын», швед және норвег социал-демократиясындағы солшыл оппозицияны, герман солшылдар тобын — «Германия интернационалдық социалистерін», поляк социал-демократтарын (оппозиция) және латыш социал-демократтарын) шақыру туралы ұсыныс енгізді. Алайда кеңестің каутскийшіл көпшілігі бұл ұсынысты қабылдамады. Кеңес конференция туралы мәселені біржола шешуге тиісті екінші алдын ала болатын кеңесті шақыру туралы шешім қабылдады. Алайда екінші алдын ала болатын кеңес өтпей қалды да, бірден Циммервальд конференциясы шақырылды.— *472.*

[164] *«Қосымшалар»* конференцияда жарияланған мәлімдеменің түпкілікті текстіне кірген жоқ; бұл мәлімдемеде Циммер-

вальд солшылдары өзінің ресми манифесті жақтап дауыс беретінін дәлелдеген болатын.— *475.*

[165] Рефератты В. И. Ленин Женевада 1915 жылы 15 (28) октябрьде оқыған.— *476.*

[166] *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньпен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакция құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан жала жабу, сондай-ақ үкімет тарапынан қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылы майда Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау әрекеттері газетті шығаруды тоқтатуға себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арнаған қоштасу сөзінде «әрқашан да және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!» деп мәлімдеді.— *477.*

[167] *Струвизм,* «жария марксизм» — марксизмді либералдық-буржуазиялық тұрғыдан бұрмалаушылық. П. Б. Струве мен басқа да «жария марксистер» марксизм туы мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне пайдалануға тырысты. Ленин өзінің еңбектерінде кейіннен бернштейншілдік пен каутскийшілдік формасын алған халықаралық оппортунизм мен ревизионизмнің ұрығы струвизмде болғанын ашып көрсетті; ол струвизмнің буржуазиялық национал-либерализмге эволюция жасауының заңды екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Струве — Россия империализмі идеологтарының бірі; маркстік сөздерді бүркеніп, ол

социал-шовинизмді қорғады, «менің елімнің жеңіп шығуы онда капитализмнің дамуын жеделдетеді, демек, социализмнің тууын да жеделдетеді» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 240 және басқа беттер) деген жалған сылтаумен топаушылық соғысты, аннексия мен ұлттық езгіні ақтады.— *482.*

[168] РСДРП II съезінде (июль — август, 1903) партияның программасы талқыланғанда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) өкілдері А. Варский мен Я. С. Ганецкий ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктке қарсылық білдіріп, программаға мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың мәдени дамуының толық еркіндігіне кепілдік беретін мекемелер құру талабын енгізуді ұсынды, яғни «өзін өзі билеудің *орнына,* шындығына келгенде, басқаны емес, кәдімгі атышулы «мәдени-ұлттық автономияның» бүркеншік атын ұсынды» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 25-том, 342—343-беттер). II съездің программалық комиссиясы поляк социал-демократтарының ұсыныстарын қабылдамады. Съезде бұл ұсыныстарды өткізе алмайтынына көздері жеткен соң, олар өздерінің көзқарастары баяндалған мәлімдеме қалдырып, съезден кетіп қалды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде РСДРП құрамына қабылданды; съезде де, съезден кейін де Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өкілдері партия программасының 9-пунктіне өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстар жасаған жоқ.— *486.*

[169] 1903 жылы июль — августа РСДРП II съезінде қабылданған партия программасының жалпы саяси бөлімінің 9-параграфында «Мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосы» болу талабы жарияланды («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 66-бет).— *486.*

[170] Бұл документ, тегінде, аяқталмай қалған мақаланың басы болса керек.— *488.*

[171] «Екі Интернационал» деген тақырыптағы рефератты В. И. Ленин 1916 жылы 4 (17) февральда Цюрихте оқыған. Тақырыбы сәл өзгертіліп, «Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы екі ағым» деп аталған осы рефератты Ленин 19 және 21 майдың (1 және 3 июнь) аралығында Лозаннада және 20 майда (2 июньде) Женевада оқыды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы реферат жоспарының қолжазбасы Лениннің Лозанна мен Женевада оқылған екінші рефератқа қалай әзірленгенін де көрсетеді.

Кинтальдағы екінші халықаралық социалистік конференциядан кейін жаңа деректермен байланысты реферат жоспарына толықтырулар енгізілді, Ленин кейбір пункттерді сызып тастады, олардың номерлерін өзгертті. Ленин реферат жоспарына енгізген өзгерістердің бәріне бет соңынан ескертулер берілген.— *493.*

[172] В. И. Ленин бұл арада Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстың 8—9 январьда өткен Голландия социал-демократиялық партиясының төтенше съезінде сөйлеген сөзі туралы «Beilage zur «Berner Tagwacht»»-тың («Берн Сақшысына» қосымшаның») 1916 жылғы 22 январьдағы 18-номерінде жарияланған Г. Роланд-Гольсттың корреспонденциясын айтып отыр; Гюисманс соньмен бірге 2 февральда Роттердамда да сөз сөйлеген. Солшыл интернационалист Д. Вайнкоп оған қарсы шығып, К. Гюисманс соғыс кредиттерін жақтап дауыс бергеннен кейінгі жерде социалистер оны Халықаралық социалистік бюроның секретары ретінде тани алмайды деп мәлімдеді. «Біз басқа Интернационалды құрамыз»,— деді Д. Вайнкоп.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Beilage zur «Berner Tagwacht»»-тың 1916 жылғы 22 январьдағы 18-номерінің қиындысы сақтаулы, онда В. И. Лениннің қойған белгілері бар; К. Гюисманстың Роттердамда сөйлеген сөзі туралы Ленин «L'Humanité» («Адамзат») газетінің 1916 жылғы 9 февральдағы номерінен көшірме жасаған. Бұл екі документ 1931 жылы Лениннің XVII жинағында жарияланды.— *492.*

[173] Ленин бұл арада «Avanti!» газетінің 1916 жылғы 12 февральдағы 43-номеріндегі «Intorno all' organizzazione socialista internazionale» («Социалистік Интернационал төңірегінде») деген редакциялық мақаланы айтып отыр. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Лениннің осы мақаладан алған көшірмелері сақтаулы, онда оның ескертпелері де бар.— *492.*

[174] Тегінде, әңгіме Француз социалистік партиясының 1915 жылы 25—29 декабрьде өткен съезі туралы Парижден берілген корреспонденциялар жайында болып отырса керек; бұл корреспонденциялар «The Labour Leader» газетінің 1915 жылғы 30 декабрьдегі 52-номерінде және 1916 жылғы 13 және 27 январьдағы 2 және 4-номерлерінде басылған.— *493.*

[175] *«Forward»* («Алға») — газет; 1906 жылдан бері Глазгода (Англия) шығады; бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Англия тәуелсіз жұмысшы партиясын қолдады. Глазгода (Клайд ауданының орталығы және фабрика-завод староста-

лары қозғалысының орталығы) болған 1915 жылғы «рождество оқиғалары» дейтін оқиғалар жайындағы есепті басып шығаруына байланысты өкімет орындары газеттің шығарылуына тыйым салған болатын; онда сол кезде әскери жабдықтау министрі болған Ллойд Джордж Глазгоға келгенде жұмысшылар оны жаппай ысқырумен қарсы алған-ды, ал одан соң қаланың орталығында соғысқа қарсы және үкіметке қарсы үлкен демонстрация жасаған-ды.

Газетке тыйым салынуына жауап ретінде жұмысшылар стачка жасаймыз деп қорқытты, сөйтіп тыйым салу тоқтатылды.— *495.*

[176] *Merthyr* (Мертир) — Оңтүстік Уэльстегі округ. Ленин, тегінде, осы округтегі қосымша сайлауды айтып отырса керек; ол сайлауда Британ социалистік партиясының өкілі Тәуелсіз жұмысшы партиясының кандидатына қарсы либералдар мен консерваторлардың дауыстарын жинаған болатын. «The Labour Leader» газетінің 1915 жылғы 18 ноябрьдегі 46-номерінде Мертирдегі сайлау алдындағы күрес туралы корреспонденция басылды.— *495.*

[177] Тегінде, бұл арада Англия социалистік жұмысшы партиясының ресми органы — «The Socialist» («Социалист») газеті айтылып отырса керек. Газет 1904, 1909—1910, 1916, 1918—1923 жылдарда Глазгода шығып тұрды.— *495.*

[178] Тегінде, бұл арада 1915 жылы 3 және 4 декабрьде «Beilage zur «Berner Tagwacht»»-тың 283 және 284-номерлерінде басылған корреспонденция —«Die Internationalen in Oesterreich an die Internationalen aller Länder» («Австрия интернационалистері барлық елдердің интернационалистеріне») деген үндеу айтылып отырса керек.— *495.*

[179] Ленин бұл арада Ю. Дебстің «Appeal to Reason» («Парасатқа Шақыру») газетінде 1915 жылы 25 августа, 11 сентябрьде, 11 және 25 декабрьде (№№ 1032, 1045 және 1047) басылған «When I shall Fight» («Мен шайқасқа шыққан шақта»), ««Preparedness» I Favor» («Маған ұнайтын «әзірлік»»), «The Only War I will Fight in» («Менің күрескім келетін бірден-бір соғыс»), «Never be a Soldier» («Ешқашан да солдат болмайды») деген мақалаларын айтып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Appeal to Reason»-ның В. И. Ленин белгі қойған қиындылары сақтаулы.— *495.*

[180] *«Хвостовтық жұмысшы партиясы»*—1915 және 1916 жылдардағы ішкі істер министрі және дербес жандармдар корпусының бастығы А. Н. Хвостовтың есімінен шыққан. Қолжазбада Ленин «хвостовтық» деген сөздің үстінен «столыпиндік» деп жазған.— *497.*

[181] *«Europa und Revolution»* («Европа және революция»)—Люцерннің шовинистік «Vaterland» («Атамекен») газетіндегі I. S. деп қол қойылған мақала жөнінде «Volksrecht» газетінің 1916 жылғы 11 февральдағы 35-номерінде осындай атпен редакциялық заметка басылды; бұл мақалада оның авторы соғысты соза беру революция тудыруы мүмкін, ал оның өзі «патша тағы мен алтарь үшін» соғыстан гөрі қауіптірек деп жазған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің «Volksrecht»-тен жасаған көшірмелері сақталған, оларда оның жазған ескертпелері бар. — *497.*

[182] Ленин бұл арада герман рейхстагының социал-демократ жиырма депутатының 1915 жылы 21 декабрьде соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беруін 1915 жылы 20 мартта соғыс кредиттеріне қарсы екі-ақ дауыс (К. Либкнехт және О. Рюле) берілгенімен салыстырып отыр. Соғыс кредиттеріне қарсы жиырма депутаттың дауыс бергендігі Германия социал-демократиялық партиясының басшыларына және партияның рейхстагтағы фракциясына бұқараның қысым жасауы өсе түскенін дәлелдеді. Алайда Герман социал-демократиялық партиясының Орталық Комитеті (Vorstand) мен оның рейхстагтағы фракциясының көпшілігі 21 декабрьдегі дауыс беруді партия тәртібін бұзушылық деп айыптады.
Жиырма депутаттың дәйексіздігі туралы айта келіп, Ленин бұл арада 21 декабрьде соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берген социал-демократиялық фракция мүшелерінің атынан Ф. Гейер жасаған мәлімдемені айтып отыр; бұл мәлімдемеде соғыстың империалистік сипаты көрсетілмеді, пролетарлық интернационализм туралы айтылмады, герман басқыншылық жоспары тек соңғы кезде ғана пайда болды деп ойлауға жол берілді. — *496.*

[183] *«Lichtstrahlen»* («Жарық Сәулесі»)— Германия солшыл социал-демократтары тобының («Германия интернационалдық социалистері» тобының) органы, Ю. Борхардттың редакциясымен ай сайын шыққан журнал. Журнал 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде үзілістермен шығып тұрды. Журналға А. Паннекук, А. Балабанова және басқалар қатысты. — *496.*

[184] «Vorwärts» газетінің 1916 жылғы 12 январьдағы 11-номерінде О. Рюленің «Zur Parteispaltung» («Партиядағы жіктеліс жөнінде») деген мәлімдемесі басылған болатын, бұл мәлімдемеде ол Германия социал-демократиялық партиясында жікке бөлінудің болмай қалмайтыны жайында жазған еді. «Vorwärts»-тың редакциясы Рюленің мәлімдемесіне қоса редакциялық мақала жариялап, онда Рюленің мақаласы сөзбе-сөз толық жарияланып отырғанмен, редакция мақалада көтерілген даулы мәселелер мезгілсіз айтылғаны былай

тұрсын, сонымен бірге мүлде негізсіз деп есептейтінін білдірді. — *496.*

[185] Бұл арада 1916 жылғы майдың басында Брауншвейгте болған бірінші май демонстрациясы және одан соң өткен жас жұмысшылар стачкасы айтылып отыр. Стачка жас жұмысшылар жалақысының бір бөлігін үкіметтің соғыс заемына бөлуіне қарсы наразылық белгісі ретінде туған болатын. Брауншвейгтегі стачка мен демонстрацияға 1500-ден астам адам қатысты. Табанды күрестен соң, 1916 жылы 5 майда үкімет соғыс заемына бөлінетін ақша туралы жарлықты жоюға мәжбүр болды. — *497.*

[186] Әңгіме Э. Вальянның «L'Humanité» газетінің 1914 жылғы 9 октябрьдегі 3827-номерінде басылған «Formalistes doctrinaires» («Формалист доктринерлер») деген бас мақаласы жайында болып отыр; онда соғыстың ең басынан-ақ социал-шовинизм позициясына көшкен Вальян француз социалистерінен Француз социалистік партиясы басшыларының саясатына қарсы наразылық білдірілген бірқатар хаттар алғанын мойындауға мәжбүр болды. Лениннің Вальян мақаласынан жасаған көшірмелерін Лениннің XIV жинағының 97-бетінен қараңыз. — *496.*

[187] Ленин бұл арада бейбітшілік жолында, шовинизмге қарсы күреске шақырған социалист-әйелдердің француз Қимыл комитетінің атынан Луиза Сомоно қол қойған «Пролетариат әйелдеріне!» деген үндеу хатты айтып отыр. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде үндеу хаттың В. И. Ленин белгі қойған бір данасы сақтаулы. — *497.*

[188] *«The New Statesman»* («Жаңа Мемлекет Қайраткері») — Фабий қоғамының аптасына бір рет шыққан журналы; 1913 жылы Лондонда негізі қаланды. 1931 жылдан журнал «The New Statesman and Nation» («Жаңа Мемлекет Қайраткері және Ұлт») деген атпен шығады. Қазіргі уақытта лейбористік партияның сол қанатының көзқарастарын білдіреді. — *497.*

[189] Ленин бұл арада, тегінде, Циммервальд манифесін Британ социалистік партиясы Атқару комитетінің мақұлдағанын айтып отырса керек. 1915 жылдың аяғында Британ социалистік партиясының Атқару комитеті Циммервальдқа қосылу жөнінде жергілікті ұйымдардың пікірін сұрауды ұйғарды; бастауыш партия ұйымдарының басым көпшілігі қосылуды жақтаған пікір білдірді. Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 1916 жылғы 29 февральдағы 3-номерінде осы сұрау салу туралы есеп басылды. — *497.*

[190] Бұл арада 1916 жылы 23 және 24 апрельде Солфордта өткен Британ социалистік партиясының жыл сайынғы конфе-

ренциясынан Г. Гайндман мен оны жақтаушылардың кетіп қалуы айтылып отыр. Конференцияда Британ социалистік партиясының социал-шовинистерден ажырасуы аяқталған еді. Конференция соғысқа қарсы жалпы демократиялық сипаттағы бірқатар қарарлар және партияның барлық ықпалын соғысты бітіру үшін пайдалануға шақырған қарар қабылдады. Социалистердің тек таптық соғысты ғана мойындайтыны туралы қарар конференцияда басым көпшілік дауыспен қабылданды. Солфордтағы конференциядан кетіп қалған Гайндман 1916 жылы июньнің басында «Ұлттық социалистік партияны» құрды, ол партия 1918 жылдан Социал-демократиялық федерация деп атала бастады.— *499.*

[191] Ленин бұл арада К. Тревестің 1915 жылы 2 декабрьде итальян депутаттар палатасында сөйлеген сөзін айтып отыр. Бұл сөз туралы есеп «Avanti!» газетінің 1915 жылғы 3 декабрьдегі 335-номерінде басылды. — *498.*

[192] *«Тесняктар»*— Болгар социал-демократиялық партиясындағы революциялық ағым, бұл ағым 1903 жылы дербес Болгар жұмысшы социал-демократиялық партиясы болып қалыптасты. «Тесняктардың» негізін қалаушы және көсемі Д. Благоев болды, ал одан кейін «тесняктарды» Благоевтың шәкірттері — Г. Димитров, В. Коларов және басқалар басқарды. 1914—1918 жылдарда «тесняктар» империалистік соғысқа қарсы шықты. 1919 жылы Коммунистік Интернационалға кіріп, Болгария Коммунистік партиясын құрды. — *498.*

[193] *«Tribune»,* «De Tribune» («Трибуна») — 1907 жылы Голланд социал-демократиялық жұмысшы партиясының сол қанаты (Паннекук, Гортер, Вайнкоп, Генриетта Роланд-Гольст) негізін салған газет. 1909 жылдан, солшылдар партиядан шығарылып, олар Голландия социал-демократиялық партиясын құрғаннан кейін, осы партияның органы болды; 1918 жылдан — Голланд коммунистік партиясының органы; осы атпен 1937 жылга дейін шығып тұрды. — *498.*

[194] Ленин бұл арада, тегінде, Э. Пернерсторфердің «Die Neue Zeit» журналының 1915 жылғы 24 декабрьдегі және 1916 жылғы 11 февральдағы 13 және 20-номерлерінде басылған «Rußland und wir» («Россия және біз»), «Nochmals Rußland und wir» («Тағы да Россия және біз») деген заметкаларын айтып отырса керек. — *498.*

[195] Әңгіме «Beilage zur «Berner Tagwacht»»-тың 1916 жылғы 8 және 10 февральдағы 32 және 34-номерлерінде басылған, J. K. деп қол қойылған «Die Stellung der Sozialdemokraten Australiens zum Krieg» («Австралия социал-демократтарының соғысқа көзқарасы») деген мақала жайында болып отыр. — *498.*

[196] *«I. K.»,* «Internationale Korrespondenz» («Халықаралық Корреспонденция») — халықаралық саясат және жұмысшы қозғалысы мәселелері жөніндегі аптасына бір рет шыққан герман социал-шовинистік журналы; 1914 жылғы сентябрьдің аяғынан 1918 жылдың 1 октябріне дейін Берлинде шығып тұрды. Әңгіме, тегінде, «Internationale Korrespondenz»-тің 1916 жылғы 23 майдағы 15-номерінде басылған «Hughes und die australischen Gewerkschaften» («Хьюгс және Австралия кәсіптік одақтары») деген мақала жайында болып отырса керек. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде журналдың осы номері сақтаулы, онда Хьюгс мақаласына Лениннің қойған белгілері бар.— *500.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

*«*Искра*», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1. — *500.*

*— 1902, № 14, 1 января, стр. 1. — *49.*

Каутский, К. [*Письмо Д. Б. Рязанову.* 9 февраля 1915 г.].— «Наше Слово», Париж, 1916, № 34 (421), 10 февраля, стр. 1—2, в ст.: [Рязанов, Д. Б.] Буквоед. Роль Каутского в заседании фракции 3 августа 1914 г. — *499.*

*«*Коммунист*», Женева, 1915, № 1—2. 196 стр. — *309, 310—311, 326.*

**Косовский, В. Как восстановить Интернационал.*—«Информационный Листок Заграничной Организации Бунда», [Женева], 1915, № 8, май, стр. 2—6. — *26.*

*— *Освободительная легенда.*—«Информационный Листок Заграничной Организации Бунда», [Женева], 1915, № 7, январь, стр. 3—7. — *27.*

[*Крупская, Н. К.*] *Листки Петербургского комитета РСДРП за время войны.*—«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 47, 13 октября, стр. 1—2. — *53.*

Ленин, В. И. Аграрный вопрос и «критики Маркса». Июнь—сентябрь 1901 г.— осень 1907 г. — *174.*

— *Война и российская социал-демократия.* —«Социал-Демократ», Женева, 1914, № 33, 1 ноября, стр. 1. Подпись: Центральный Комитет Российской с.-д. рабочей партии. — *41, 47, 123, 124, 138—139, 325.*

— *Империализм, как высшая стадия капитализма.* Популярный очерк. Январь—июнь 1916 г. — *333—334, 335—336, 338—339, 340.*

— *Империализм, как новейший этап капитализма.* (Популярный очерк). Пг., [«Парус»], 1917. 130 стр. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин (Вл. Ильин).— *333—334, 335.*

— *Лозунги революционной социал-демократии.* [Резолюция, принятая на конференции заграничных секций РСДРП. 1915 г.].—«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 40, 29 марта, стр. 2. Под общ. загл.: Конференция заграничных секций РСДРП. — *122—124, 138—139.*

— *Мертвый шовинизм и живой социализм.* (Как восстановлять Интернационал?).—«Социал-Демократ», Женева, 1914, № 35, 12 декабря, стр. 1—2. — *325.*

*— *Несколько тезисов.* От редакции. —«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 47, 13 октября, стр. 2. — *99, 100.*

— *О выборах в 4-ую Государственную думу.* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции

Плеханов, Г. В. Две линии революции.—«Призыв», Paris. 1915, № 3, 17 октября, стр. 2—4. — *82, 83, 84, 85.*

— *Еще о войне.* (Ответ товарищу Н—ву).—В кн.: Война. Сборник статей. При участии: И. Аксельрод и др. [Paris, «Ideal», 1915], стр. 11—48. — *138, 139, 140, 276.*

*— *На пороге двадцатого века.*—«Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1. — *500.*

*— *О демонстрациях.*—«Искра», [Мюнхен], 1902, № 14, 1 января, стр. 1. — *49.*

*[*Потресов, А. Н.*] *На рубеже двух эпох.*—«Наше Дело», Пг., 1915, № 1, стр. 65—82. Подписи: А. П—в и А. П.—*20.*

«Призыв», Paris. — *90, 270.*

— 1915, № 3, 17 октября, стр. 2—4.—*82, 83, 84—85.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6, (РСДРП).— *291—292, 485—486.*

Проект манифеста, внесенный на [Международной социалистической конференции в Циммервальде] левой группой делегатов (ЦК РСДРП, польская оппозиция, с.-д. Лат. края, швед и норвежец, 1 немецкий делегат и 1 швейцарец).— «Социал-Демократ», Женева, 1915, № 45—46, 11 октября, стр. 4.— *42, 45—46, 49, 80, 261—262.*

Пролетарии Европы! [Манифест, принятый на Международной социалистической конференции в Циммервальде. 1915 г.].— «Социал-Демократ», Женева, 1915, № 45—46, 11 октября, стр. 1. — *41—44, 45, 46, 47.*

«Рабочее Утро», Пг. — *93, 98, 101, 265, 269, 270, 330, 494.*

*— 1915, № 1, 15 октября, стр. 2—3. — *271, 272.*

— 1915, № 2, 22 октября. 4 стр. — *93, 94—95, 96, 267, 268—269, 271—273.*

Резолюция Базельского конгресса—қараңыз: Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage.

Резолюция завода Новый Лесснер в Петербурге.—«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 47, 13 октября, стр. 2. — *53.*

Резолюция, принятая на интернациональной социалистической женской конференции в Берне.—«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 42. Приложение к № 42 газеты «Социал-Демократ», 1 июня, стр. 2. Под общ. загл.: Женская международная социалистическая конференция. — *47.*

— *Письмо Ф. Келли-Вишневецкой.* 28 декабря 1886 г. — *80.*

— *Письмо Г. Шлютеру.* 11 января 1890 г. — *80.*

— *Пражское восстание.* 17 июня 1848 г. — *286.*

— *Роль насилия в истории.* Конец декабря 1887 г. — март 1888 г.— *329.*

— *Эмигрантская литература.* Май 1874—апрель 1875 гг. — *286.*

Agahd, E. Großbanken und Weltmarkt. Die wirtschaftliche und politische Bedeutung der Großbanken im Weltmarkt unter Berücksichtigung ihres Einflusses auf Rußlands Volkswirtschaft und die deutsch-russischen Beziehungen. Berlin, Paschke, 1914. XXIV, 290 S. — *382—385, 390.*

[*Anmerkung der Redaktion*].—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 250, 26. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Под общ. загл.: Eine Entgegnung.— *266.*

«Annalen des Deutschen Reichs für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft», München — Berlin, 1911, Nr. 3—4, S. 161—248. — *344, 350.*

«The Annals of the American Academy of Political and Social Science», Philadelphia, 1915, vol. LIX, No. 148, May, p. 301—308, 321—332. — *399.*

[*Die Antwort der Redaktion des «Vorwärts»*].—«Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 11, 12. Januar. Beilage zu Nr. 11 des «Vorwärts», S. 2—3. — *260, 325, 496, 514.*

**«Appeal to Reason»,* Girard, Cansas, 1915, No. 1, 030, August 28, p. 1. — *495, 498.*

*— 1915, No. 1, 032, September 11, p. 1. — *256—257, 322, 495, 498—499, 514.*

*— 1915, No. 1, 045, December 11, p. 1. — *495, 498—499.*

*— 1915, No. 1, 047, December 25, p. 1. — *495, 498.*

«Arbeiter-Zeitung», Wien.— *300.*

«Archiv für Eisenbahnwesen», Berlin, 1892, Hft. 1—6. — *431—432.*

Arndt, P. Die Kapitalkraft Frankreichs.—«Weltwirtschaftliches Archiv», Jena, 1916, Bd. 7, (1916. I), S. 34—52.— *395.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S. — *486.*

Bauer, O. Die Nationalitätenfrage und die Sozialdemokratie. Wien, Brand, 1907. VIII, 576 S. (Marx—Studien. Blätter zur Theorie und Politik des wissenschaftlichen Sozialismus. Hrsg. von M. Adler und R. Hilferding. Bd. 2).— *283.*

Beer, M. Der moderne englische Imperialismus.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1897—1898, Jg. XVI, Bd. 1, № 10, S. 300—306. — *411—412, 418.*

Bérard, V. L'Angleterre et l'impérialisme. Avec une carte en couleur hors texte. Paris, Colin, 1900. VI, 381 p. — *448.*

«Berner Tagwacht».— 37, 40, 251.

*— 1915, Nr. 218, 18. September, S. 1. — *64, 90, 95, 254, 255, 261, 319, 320—321, 322, 496, 498, 511, 513.*

— 1915, Nr. 247, 22. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *266.*

— 1915, Nr. 250, 26. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *266, 267.*

— 1915, Nr. 252, 28. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 253, 29. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *64—67, 69—73, 477.*

— 1915, Nr. 271, 19. November. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *126, 140—141.*

— 1915, Nr. 283, 3. Dezember. 1. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 284, 4. Dezember. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *495.*

*— 1916, Nr. 18, 22. Januar. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1.— *492.*

— 1916, Nr. 32, 8. Februar. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 34, 10. Februar, S. 1—2. — *498.*

Börsenwoche. Nachklänge zur Fusion Schaaffhausen—Discontogesellschaft. Schwache Börsentendenz. Zur Lage in der oberschlesischen Montanindustrie.—«Frankfurter Zeitung», Frankfurt a. M. Abendblatt, 1914, Nr. 121, 2. Mai, S. 4. — *370.*

*[*Bourderon, A.*] *Projet de Résolution pour le Congrès.*— В листовке: Aux Fédérations. Aux Sections. Aux Membres du Parti Socialiste. [Paris, 1915], p. 2.—*261, 322—323, 326, 494, 496, 514.*

**Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx u. A. an F. A. Sorge u. Andere.* Stuttgart, Dietz, 1906. XII, 422 S. — *120, 136—137.*

**Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx.* 1844 bis 1883. Hrsg. v. A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 2, 4, Stuttgart, Dietz, 1913. 2 Bd.

*— Bd. 2. XXIV, 429 S. — *443.*

*— Bd. 4. XX, 536 S. — *443.*

The Budget. Daily Cost of the War. Enormous borrowing. No new taxes.—«The Daily Telegraph», London, 1915, May 5, p. 6. — *395.*

Bulletin de l'Institut international de statistique. T. XIX—2e Livraison. La Haye, Van Stockum, [1912], p. 201—225. — *391—393, 394—395, 447—448.*

Calwer, R. Einführung in die Weltwirtschaft. Berlin, Simon, 1906. 95 S. (Maier-Rothschild-Bibliothek. Bd. 30). — *429—432.*

**Census reports.* Twelfth census of the United States, taken in the year 1900. Vol. V. Agriculture. P. I. Farms, live stock, and animal products. Washington, United States Census office, 1902. CCXXXVI, 767 p.; 18 Plates. — *149, 150, 163—165, 166, 188—189, 190—196, 200—204, 206—209, 213—214, 215—224, 225, 230—237, 238—239, 243—247, 248—250.*

Compromise between pro-and anti-warites. A Meaningless Manifesto: Great Dissatisfaction. From a Paris correspondent.—«The Labour Leader», [Manchester—Londin], 1916, No. 2, January 13, p. 8. Под общ. загл.: The National Congress of the French Socialist Party. — *494.*

Crammond, E. The Economic Relations of the British and German Empires.—«Journal of the Royal Statistical Society», London, 1914, vol. LXXVII, part VIII, July, p. 777—807. — *438.*

Cromer, E. B. Ancient and Modern Imperialism. London, Murray, 1910. 143 p. — *415.*

**Cunow, H. Parteizusammenbruch?* Ein offenes Wort zum inneren Parteistreit. Berlin, Singer, 1915. 38 S. — *427—428.*

«The Daily Telegraph», London, 1915, May 5, p. 6.—*395.*

**David, E. Die Sozialdemokratie im Weltkrieg.* Berlin, Singer, 1915, 192 S. — *124—125, 126, 139, 140.*

— *Sozialismus und Landwirtschaft.* Bd. 1. Die Betriebsfrage. Berlin, «Sozialistische Monatshefte», 1903. 703 S. — *204.*

**Debs, E. Never be a Soldier.*— «Appeal to Reason», Girard. Cansas, 1915, No. 1, 030, August 28, p. 1.— *495, 498.*

*— *The Only War I Will Fight In.*— «Appeal to Reason», Girard, Cansas, 1915, No. 1, 047, December 25, p. 1.— *495, 498.*

—«Preparedness» I Favor.*—«Appeal to Reason», Girard, Cansas, 1915, No. 1, 045, December 11, p. 1. — *495, 498.*

*— *When I Shall Fight.*—«Appeal to Reason», Girard, Cansas, 1915, No. 1, 032, September 11. p. 1. — *257—258, 323, 495, 498, 514.*

Dioaritch, G. L'expansion des banques allemandes à l'étranger ses rapports avec le développement économique de l'Allemagne. Paris—Berlin, Rousseau, Puttkammer u. Mühlbrecht, 1909. 798 S.— *395, 403.*

Driault, E. Les problèmes politiques et sociaux à la fin du XIXe siècle. Paris, Alcan, 1900. 388, 32 p. — *421—422.*

Ein-und Auswanderung. [Резолюция принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].—В кн.: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 58—59. — *80.*

Eine Entgegnung.—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 250, 26. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Подпись: Auswärtiges Sekretariat des Organisationskomitees der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands. — *266, 267.*

Eine Erklärung. —«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 2, 27. November, S. 2. Подпись: Internationale sozialistische Kommission zu Bern.— *322.*

Eine Massendemonstration vor dem Parteivorstandsdomizil.—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 271, 19. November. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *126, 138—140.*

Engels, F. [Brief an K. Kautsky]. 12. September 1882. — В кн.: Kautsky, K. Sozialismus und Kolonialpolitik. Eine Auseinandersetzung. Berlin, «Vorwärts», 1907, S. 79—80, в отд.: Anhang. Под загл.: Ein Brief von Friedrich Engels. — *443.*

— *[Brief an K. Marx].* 7. Oktober 1858.—В кн.: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. v. A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 2. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 289—291. — *443.*

— *[Brief an K. Marx].* 11. August 1881.— Ibidem, Bd. 4, S. 432—433. — *443.*

— *[Brief an F. A. Sorge].* 18. Januar 1893.— В кн.: Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx u. A. an F. A. Sorge u. Andere. Stuttgart, Dietz, 1906, S. 389—391. — *120, 136.*

— *[Brief an F. A. Sorge].* 11. November 1893. — Ibidem, S. 400—401. — *120, 136—137.*

— *Die Lage der arbeitenden Klasse in England.* Nach eigner Anschauung und authentischen Quellen. 2. durchges. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1892. XXXII, 300 S. — *443.*

Engels, F. [Vorwort zu 2. Aufl. der Arbeit: «Die Lage der arbeitenden Klasse in England». 21. Juli 1892].—В кн.: Engels, F. Die Lage der arbeitenden Klasse in England. Nach eigner

Gothaischer Genealogischer Hofkalender nebst diplomatisch-statistischem Jahrbuche. Jg. 151. Gotha, Perthes, 1914. XXIV, 1208, 36 S. — *476.*

**Great Change in French Socialist Opinion.* (From a Paris correspondent).—«The Labour Leader», [Manchester—London], 1915, No. 52, December 30, p. 3. — *494.*

Grundriß der Sozialökonomik. Abt. V. Die einzelnen Erwerbsgebiete in der kapitalistischen Wirtschaft und die ökonomische Binnenpolitik im modernen Staate. Teil II. Bankwesen. Bearb. von G. v. Schulze-Gaevernitz, E. Jaffé. Buch III. A II. Tübingen, Mohr (Siebeck), 1915, S. 1—189. — *361, 363, 368—369, 370, 376, 380, 465—467.*

Grundriß der Sozialökonomik. Abt. VI. Industrie, Bergwesen, Bauwesen. Buch III. B I. Tübingen, Mohr (Siebeck), 1914, S. 187—246. — *348—350.*

«Le Grutléen», Lausanne. — *5.*

Guesde, J. En garde! Contre les Contrefaçons, les Mirages et la Fausse Monnaie des Réformes bourgeoises. Polémiques. Paris, Rouff, 1911. 477 p. — *51, 113, 130.*

Harms, B. Volkswirtschaft und Weltwirtschaft. Versuch der Begründung einer Weltwirtschaftslehre. Mit zwei lithogr. Taf. Jena, Fischer, 1912. XV, 495 S. (Probleme der Weltwirtschaft. Schriften des Instituts für Seeverkehr und Weltwirtschaft an der Universität Kiel. Hrsg. v. B. Harms. VI).—*395.*

Heinig, K. Der Weg des Elektrotrusts.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 39, 28. Juni, S. 474—485.— *381—382, 401.*

Henger, H. Die Kapitalsanlage der Franzosen in Wertpapieren mit besonderer Berücksichtigung der Kapitalsanlage in Handel und Industrie. Stuttgart — Berlin, Cotta, 1913. 101 S. (Münchener Volkswirtschaftliche Studien hrsg. v. L. Brentano und W. Lotz. 125. Stück).— *442.*

Heymann, H. G. Die gemischten Werke im deutschen Großeisengewerbe. Ein Beitrag zur Frage der Konzentration der Industrie. Stuttgart—Berlin, Cotta, 1904. IX, 342 S. (Münchener volkswirtschaftliche Studien hrsg. v. L. Brentano und W. Lotz. 65. Stück).— *346—347, 379.*

Hildebrand, G. Die Erschütterung der Industrieherrschaft und des Industriesozialismus. Jena, Fischer, 1910. VI, 244 S. — *440.*

Hilferding, R. Das Finanzkapital. Eine Studie über die jüngste Entwicklung des Kapitalismus. Wien, Brand, 1910. XI, 477 S. — *342.*

— *Die Sozialdemokratie am Scheidewege.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 16, 16. Juli, S. 489—499. — *276.*

Hill, D. J. A History of Diplomacy in the International Development of Europe. V. 1. The Struggle for universal Empire. With maps and tables. New York—London—Bombay, Longmans. Green, 1905. XXIII, 481 p. — *458.*

Hobson, J. A. Imperialism. A Study. London. Nisbet, 1902. VII, 400, (4) p. — *333, 340, 342—343, 395, 410, 426—427, 434, 435, 436—440, 446, 448, 455—456.*

Hofkalender—қараңыз: Gothaischer Genealogischer Hofkalender nebst diplomatisch-statistischem Jahrbuche.

Hourwich, I. Immigration and Labor. The Economic Aspects of European Immigration to the United States. New York—London, Putnam, 1912. XVII, 544 p. — *442.*

Hübner, O. Geographisch-statistische Tabellen aller Länder der Erde. Fortgeführt und ausgestaltet von F. v. Juraschek. 63. umgearb. Ausgabe für das Jahr 1914. Frankfurt a. M., Keller, [1914]. XV, 155 S. — *412.*

— *Geographisch-statistische Tabellen aller Länder der Erde.* Fortgeführt und ausgestaltet von F. v. Juraschek. 64. Ausgabe. (Kriegs-Ausgabe). Im Druck vollendet Ende 1915. Frankfurt a. M., Keller, 1916. XV, 158 S. — *412.*

«L'Humanité», Paris, 1914, N 3827, 9 octobre, p. 1. — *496.*

— 1916, N 4315, 9 février, p. 3. — *492.*

Der Imperialismus. [Резолюция, принятая на Хемницком съезде Германской социал-демократической партии. 1912 г.].— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten in Chemnitz vom 15. bis 21. September 1912. Berlin, Singer, 1912, S. 529—530, в отд.: Anhang. — *342—343.*

«Internationale Flugblätter», [Zürich], 1915, Nr. 1, November, S. 5—8. — *80.*

«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 1, 21. September. 8 S. На нем., англ. и фр. яз. — *35, 36—38, 39—40, 511—513.*

*— 1915, Nr. 2, 27. November. 16 S.— *37—38, 39, 264, 293, 322.*

— 1916, Nr. 3, 29. Februar, S. 1, 2—3. — *312, 321—322, 323, 504, 511, 513, 514.*

Internationale sozialistische Kommission zu Bern. [Обращение по поводу созыва 2-ой Международной социалистической кон-

ференции].—«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1916, Nr. 3, 29. Februar, S. 1.—*312, 504.*

Internationale sozialistische Konferenz zu Zimmerwald (Schweiz), abgehalten vom 5. bis 8. September 1915. Offizieller Verhandlungsbericht.—«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 1, 21. September, S. 4—8. — *39—40.*

Die Internationalen in Österreich an die Internationalen aller Länder!—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 283, 3. Dezember. 1. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 284, 4. Dezember. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. — *495.*

Intorno all'organizzazione socialista internazionale.—«Avanti!», Milano, 1916, N. 43, 12 febbraio, p. 2. — *492, 495.*

Jeidels, O. Das Verhältnis der deutschen Großbanken zur Industrie mit besonderer Berücksichtigung der Eisenindustrie. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1905. XII, 271 S. (Staats-und sozialwissenschaftliche Forschungen, hrsg. von G. Schmoller u. M. Sering. 24. Bd. 2. Hft. (Der ganzen Reihe 112. Hft)).— *357, 358, 372, 373—374, 375, 376—377, 400, 402.*

«Journal of the Royal Statistical Society», London, 1911, vol. LXXIV, part II, January, p. 167—187. — *394—396.*

— 1914, vol. LXXVII, part VIII, July, p. 777—807.—*433.*

Kaufmann, E. Das französische Bankwesen mit besonderer Berücksichtigung der drei Depositengroßbanken. Tübingen, Mohr, 1911. XII, 372 S. (Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik. Hrsg. v. E. Jaffé. Ergänzungsheft I). — *363—364.*

— *Die Organisation der französischen Depositengroßbanken.*—«Die Bank», Berlin, 1909, II. Semester, S. 849—857. — *374.*

**Kautsky, K. Fraktion und Partei.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 9, 26. November, S. 269—276. — *117—118, 119, 134—135, 139—141, 274.*

— *Gefährliche Reformisten.*—«Sozialistische Auslandspolitik», Berlin, 1915, Nr. 27, 10. November.—*498.*

*— *Der Imperialismus.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922. — *423—427, 428—429.*

*— *Die Internationalität und der Krieg.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 33, Bd. 1, Nr. 8, 27. November, S. 225—250.— *295.*

— *Nationalstaat, imperialistischer Staat und Staatenbund.* Nürnberg, Fränkische Verlagsanstalt, 1915. 80 S.— *449, 450—451.*

— *Noch einige Bemerkungen über nationale Triebkräfte.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1916, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 23, 3. März, S. 705—713. — *294, 300—301, 485—486.*

*— *Nochmals unsere Illusionen.* Eine Entgegnung.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 8, 21. Mai, S. 230—241; Nr. 9, 28. Mai, S. 264—275. — *71, 131, 289, 295, 317—318, 507—508.*

Kaytsky, K. Sozialismus und Kolonialpolitik. Eine Auseinandersetzung. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 80 S. — *443.*

— *Der Weg zur Macht.* Politische Betrachtungen über das Hineinwachsen in die Revolution. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1909. 104 S. — *62, 105, 106, 113, 120—121.*

*— *Zwei Schriften zum Umlernen.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 2, 9. April, S. 33—42; Nr. 3, 16. April, S. 71—81; Nr. 4, 23. April, S. 107—116; Nr. 5, 30. April, S. 138—146. — *70—71, 105—106, 120—121, 136, 423—427, 428—429, 454—458.*

Kestner, F. Der Organisationszwang. Eine Untersuchung über die Kämpfe zwischen Kartellen und Außenseitern. Berlin, Heymann, 1912. XII, 395 S.— *351, 354—357.*

Kies, W. S. Branch Banks and our Foreign Trade.—«The Annals of the American Academy of Political and Social Science», Philadelphia, 1915, vol. LIX, No. 148, May, p. 301—308. — *399.*

**Klassenkampf gegen den Krieg!* Material zum «Fall» Liebknecht. Б. м., [1915]. 88 S. (Als Manuskript gedruckt!).— *118—120, 135, 497.*

**Kolb, W. Die Sozialdemokratie am Scheidewege.* Ein Beitrag zum Thema: Neuorientierung der deutschen Politik. [2. Aufl.]. Karlsruhe, Buchdruckerei Geck, [1915]. 67 S. — *139—140, 276—277.*

«Labour Leader», Manchester—London—Glasgow. — *140, 325.*

*— [Manchester—London], 1915, No. 33, August 19. 12 p. — *140.*

— 1915, No. 46, November 18, p. 3. — *495, 496.*

*— 1915, No. 49, December 9, p. 8; No. 51, December 23, p. 8. — *260, 323, 325, 495, 496, 514.*

*— 1915, No. 52, December 30, p. 3, 9. — *260, 495.*

— 1916, No. 2, January 13, p. 8. — *495.*

— 1916, No. 4, January 27, p. 8.— *495.*

Labriola, A. La guerra di Tripoli e l'opinione socialista. Napoli, Morano, 1912. 142 p. — *17—18.*

Landwirtschaftliche Betriebsstatistik. Hrsg. vom kaiserlichen Statistischen Amte. Bd. 212, T. 1 a, 1 b, 2 a. Berlin, Verlag des Statistischen Reichsamts, [1909—1910]. 3 Bd. (Statistik des Deutschen Reichs. Berufs-und Betriebszählung vom 12. Juni 1907).— *165, 166—167, 168—169, 185, 228—229.*

Lansburgh, A. Die Bank mit den 300 Millionen.—«Die Bank», Berlin, 1914, I. Semester, S. 415—426. — *365—366.*

— *Das Beteiligungssystem im deutschen Bankwesen.*—«Die Bank», Berlin, 1910, II. Semester, S. 497—508. — *361—362.*

— *Der deutsche Rentnerstaat.*—«Die Bank», Berlin, 1911, I. Semester, S. 1—13. — *437.*

— *Deutsches Kapital im Auslande.*—«Die Bank», Berlin, 1909, II. Semester, S. 819—833. — *451—454.*

— *Die Finanzgeschäfte des Fürstentrust.*—«Die Bank», Berlin, 1912, I. Semester, S. 223—230. Подпись: A. L.—*388—389.*

— *Finanzieller Nationalismus.*—«Die Bank», Berlin, 1914, I. Semester, S. 313—321. — *368.*

— *Fünf Jahre deutsches Bankwesen.*—«Die Bank», Berlin, 1913, II. Semester, S. 725—736. — *360.*

— *Der «Money Trust».*—«Die Bank», Berlin, 1912, I. Semester, S. 432—438. Подпись: A. L. — *370.*

— *Der Staat und die Auslandsanleihen.*—«Die Bank», Berlin, 1913, II. Semester, S. 623—637. — *386.*

— *Die wirtschaftliche Bedeutung des Byzantinismus.*—«Die Bank», Berlin, 1909, I. Semester, S. 301—309. — *389—390.*

*[*Legien, C.*] *Warum müssen die Gewerkschaftsfunktionäre sich mehr am inneren Parteileben beteiligen?* (Ein Vortrag von C. Legien in der Versammlung der Gewerkschaftskommission Berlins und Umgegend am 27. Januar 1915). Berlin, 1915. 47 S. — *140—141.*

[*Lénine, V. I.*] *L'Impérialisme dernière étape du Capitalisme.* (Essai de vulgarisation). Paris, Librairie de l'Humanité, 1923. 140 p. (Bibliothèque communiste). Перед загл. авт.: N. Lénine. — *335, 336.*

— *Der Imperialismus als jüngste Etappe des Kapitalismus.* Hamburg, Hoym, 1921. 136 p. (Bibliothek der Kommunistischen Internationale. IX). Перед загл. авт.: N. Lenin.— *335, 336.*

[*Lenin, V. I. u. Zinowjew, G. E.*] *Sozialismus und Krieg.* (Stellung der SDAP Rußlands zum Kriege). Б. м., 1915. 36 S. (SDAP). После загл. авт.: G. Zinowjew und N. Lenin. — *45—46, 80.*

*Lensch, P. *Die Selbstbestimmungsflause*.—«Die Glocke», München, Jg. 1915, Nr. 8, 15. Dezember, S. 465—476. — *287*.

— *Sozialismus und Annexionen in der Vergangenheit*.—«Die Glocke», München, Jg. 1915—1916, Nr. 9, 1. Januar, S. 493—500. — *287*.

Lescure, J. L'Épargne en France. Paris, Tenin, 1914. VIII, 114 p. — *364*.

Levy, H. Monopole, Kartelle und Trusts in ihren Beziehungen zur Organisation der kapitalistischen Industrie. Dargest. an der Entwicklung in Großbritannien. Jena, Fischer, 1909. XIV, 322 S. — *348*.

«Lichtstrahlen», Berlin. — *496*.

Liefmann, R. Beteiligungs-und Finanzierungsgesellschaften. Eine Studie über den modernen Kapitalismus und das Effektenwesen (in Deutschland, den Vereinigten Staaten, England, Frankreich, Belgien und der Schweiz). Jena, Fischer, 1909. X, 495 S. — *351, 357—359, 361, 376, 379, 388*.

— *Kartelle und Trusts und die Weiterbildung der volkswirtschaftlichen Organisation*. 2-te, stark erweiterte Aufl. Stuttgart, Moritz, 1910. 210 S. — *350, 406—407*.

Lucas, C. P. Greater Rome and Greater Britain. Oxford, Clarendon Press, 1912. 184 p. — *415*.

Luxemburg, R. Kwestja narodowościowa i autonomja.— «Przegląd Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpien, s. 482—515; N 7, wrzesien, s. 597—631; N 8—9, październik—listopad, s. 687—710; N 10, gruzien, s. 795—818; *1909, N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpien — wrzesien, s. 351—376.— *485—486*.

Lysis. Contre l'Oligarchie financière en France. Préf. de J. Finot. 5-me éd. Paris, «La Revue», 1908. XI, 260 p. — *386—387*.

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].— В кн.: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27. — *2, 6, 21, 60, 62, 109—114, 121—122, 125, 127—131, 133—134, 136, 139, 141, 255, 338, 342—343, 490*.

Marck, Ch. Une expulsion.—«La Bataille», Paris, 1916, N 87, 28 janvier, p. 2. — *259*.

Martoff, L. Internationalisierung der Arbeiterbewegung. Paul Axelrod. Die Krise und die Aufgaben der internationalen Sozialdemokratie. [Рецензия на книгу]. —«Volksrecht», Zürich, 1915, Nr. 236, 9. Oktober, S. 1; Nr. 237, 11. Oktober, S. 1—2. — *57, 60—61*.

Michels, R. L'imperialismo italiano. Studi politicodemografici. Milano, Società Editrice Libraria, 1914. XVIII, 187 p. (Studi economico-sociale contemporanei=8). На обл.: Roma — Milani—Napoli. — *15—20.*

Der Militarismus und die internationalen Konflikte. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].—В кн.: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 64—66. — *6, 490.*

Monitor. Die Sozialdemokratie und der Weltkrieg.—«Preußische Jahrbücher», Berlin, 1915, Bd. 160, Hft. 1, April, S. 30—53. — *116—117, 134, 135.*

Morris, H. C. The History of Colonization from the Earliest Times to the Present Day. In two volumes. V. 1—2. New York — London, Macmillan, 1900. 2 v. — *410.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.—*477.*

«Neue Zeit», Stuttgart. — *11.*

— 1897—1898, Jg. XVI, Bd. 1, Nr. 10, S. 300—306. — *411—412, 418.*

— 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 39, 28. Juni, S. 474—485.— *382—383, 401.*

*— 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922.— *423—427, 428—429.*

*— 1914, Jg. 33, Bd. 1, Nr. 8, 27. November, S. 225—250. — *295.*

*— 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 2, 9. April, S. 33—42; Nr. 3, 16. April, S. 71—81; Nr. 4, 23. April, S. 107—116; Nr. 5, 30. April, S. 138—146. — *70—72, 105—106, 121, 136, 423—427, 428—429, 454—458.*

— 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 8, 21. Mai, S. 230—241; Nr. 9, 28. Mai, S. 264—275. — *71, 131, 289, 295, 316—317, 507—508.*

— 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 16, 16. Juli, S. 489—499.— *276.*

— 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 9, 26. November, S. 269—276.— *117—118, 119, 135—136, 139, 141, 274.*

— 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 13, 24. Dezember, S. 412—414.—*498.*

— 1916, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 20, 11. Februar, S. 638—640. — *498.*

— 1916, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 21, 18. Februar, S. 641—648. — *300—301.*

— 1916, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 23, 3. März, S. 705—713. — *294, 300—301, 486.*

Neymarck, A La statistique internationale des Valeurs Mobilières. IX-e Rapport... Première Partie. Exposé général du rapport.— В кн.: Bulletin de l'Institut international de statistique. T. XIX—2e Livraison. La Haye, Van Stockum, [1912], p. 201—225. — *391—392, 395, 448—449.*

Nieboer, H. J. [*Рецензия на книгу:*] Nationalities and Subject Races. Report of Conference, held in Caxton Hall, Westminster, June 28—30, 1910. London, 1911. P. S. King and Son. XII u. 178 S.—«Weltwirtschaftliches Archiv», Jena, 1913, Bd. 2, S. 193—195. — *445—447.*

Nouvelles déclarations de Camille Huysmans.—«L'Humanité», Paris, 1916, N 4315, 9 février, p. 3. Под общ. загл.: L'Internationale, la Belgique et la guerre. — *492.*

Österreichische Statistik hrsg. von der K. K. statistischen Zentralkommission. Bd. LXXXIII, Hft. I. Ergebnisse der landwirtschaftlichen Betriebszählung. Vom 3. Juni 1902 in den im Reichsrate vertretenen Königreichen und Ländern. Hft. I: Analytische Bearbeitung. Summarische Daten für das Reich, die Verwaltungsgebiete und Länder, nebst Anhang, enthaltend Übersichten nach natürlichen Gebieten. Bearb. von dem Bureau der K. K. statistischen Zentralkommission. Wien, 1909. [4], XLV, 65 S.— *165—166.*

Paish, G. Great Britan's Capital Investments in Individual Colonial and Foreign Countries.—«Journal of the Royal Statistical Society», London, 1911, vol. LXXIV, part II, January, p. 167—187. — *394—396.*

Patouillet, J. L'impérialisme américain. Thèse pour le doctorat. (Sciences politiques et économiques). Dijon, «Petit Bourguignon», 1904. 388 p. (Université de Dijon.—Faculté de droit). — *448.*

Pernerstorfer, E. Nochmals Rußland und wir.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1916, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 20, 11. Februar, S. 638—640, в отд.: Notizen. — *498.*

— *Rußland und wir.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 13, 24. Dezember, S. 412—414, в отд: Notizen. — *498.*

Die Petroleum-Komödie.—«Die Bank», Berlin, 1913, I. Semester, S. 388—391, в отд: Umschau. — *404—405.*

**Pinkstone, G.* [*A Letter to the Editor of «The Labour Leader»*].—«The Labour Leader», [Manchester—London], 1915, No. 52, December 30, p. 9. Под общ. загл.: The ILP and the Labour Party, в отд.: The Views of our Readers.— *260, 495.*

Pinner, F. Herrn v. Gwinners Petroleummonopol.—«Die Bank», Berlin, 1912, II. Semester, S. 1032—1047. — *404—405.*

— *Petroleum-Strategie.*—«Die Bank», Berlin, 1912, II. Semester, S. 629—638. — *404—405.*

Polemica in casa nostra.—«Avanti!», Milano, 1916, N. 65, 5 marzo, p. 1, в отд: Scampoli. — *318, 507.*

Die politische Aktion. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Лондоне].— В кн.: Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschafts-Kongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896, S. 18. — *293—294.*

Polling next Thursday.—«The Labour Leader», [Manchester — London], 1915, No. 46, November 18, p. 3. Под общ. загл.: The Situation in Merthyr. — *495, 496.*

«Preußische Jahrbücher», Berlin, 1915, Bd. 160, Hft. 1, April, S. 30—53. — *116—117, 134, 135—136.*

**Proletarier Europas!*—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 218, 18. September, S. 1. Под общ. загл.: Internationale sozialistische Konferenz zu Zimmerwald (Schweiz). — *64, 90, 95, 254, 255, 261, 319, 320—321, 322, 496, 511, 513.*

Proletarier Europas!—«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 1, 21. September, S. 2—3. — *35, 36, 37—38.*

«Przegląd Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik—listopad, s. 687—710; N 10, grudzien, s. 795—818;* 1909, N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpieńwrzesień, s. 351—376. — *486.*

[*Radek, K.*] *Annexionen und Sozialdemokratie.* —«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 252, 28. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 253, 29. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Подпись: Parabellum.— *64—67, 69—73, 477.*

— *Eine notwendige Widerlegung einer angeblichen Widerlegung.* —«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 247, 22. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Подпись: Parabellum. — *266.*

[*Renner, K.*]*Springer, R. Der Kampf der Österreichischen Nationen um den Staat.* T. 1: Das nationale Problem als Verfassungs-und Verwaltungsfrage. Leipzig—Wien, Deuticke, 1902. IV, 252 S. — *283.*

Report of the Commissioner of Corporations on the Tobacco Industry. Part I. Position of the Tobacco combination in the Industry. Washington, Government printing office, 1909. XXIII, 489 p. — *352.*

Rezolucja narady kolegjum redakcyjnego, odbytej 1—2 czerwca 1915 г.—«Gazeta Robotnicza», [Zürich], 1916, Nr. 25, styczeń, s. 7—8.— *304—308.*

Riesser, J. Die deutschen Großbanken und ihre Konzentration im Zusammenhang mit der Entwicklung der Gesamtwirtschaft in Deutschland. 4. verb. und verm. Aufl. Jena, Fischer, 1912.

XIII, 768 S. 1 Karte. — *350, 352—354, 360—361, 362—365, 369, 371, 397—399, 402, 405—406, 458, 463, 464—465.*

*[*Roland-Holst, H.*] *Huysmans Rede auf dem Parteitag der SDAP.*—«Berner Tagwacht», 1916, Nr. 18, 22. Januar. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Подпись: H. R. H. — *492.*

**Rühle, O. Zur Parteispaltung.*—«Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 11, 12. Januar. Beilage zu Nr. 11 des «Vorwärts», S. 2. — *259—260, 323, 325, 496, 513—514.*

Rundschreiben an alle angeschlossenen Parteien und Gruppen. — «Internationale Sozialistiche Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1916, Nr. 3, 29. Februar, S. 2—3. Подпись: Im Namen der Zimmerwalder Konferenz: Die ISK zu Bern. — *321—322, 323, 511, 513, 514.*

Russier, H. Le Partage de L'Océanie. Paris, Vuibert et Nony, 1905. XI, 370 p. — *419.*

Der russische Nationalismus und die Arbeiterschaft.—«Volksrecht», Zürich, 1915, Nr. 296, 18. Dezember, S. 1. — *93.*

Sartorius von Waltershausen, A. Das volkswirtschaftliche System der Kapitalanlage im Auslande. Berlin, Reimer, 1907. 442 S. — *419, 436.*

Schilder, S. Entwicklungstendenzen der Weltwirtschaft. Bd. 1. Planmäßige Einwirkungen auf die Weltwirtschaft. Berlin, Siemenroth, 1912. VIII, 393 S. — *395, 397, 416, 419—421, 436, 458.*

Schulze-Gaevernitz, G. Britischer Imperialismus und englischer Freihandel zu Beginn des zwanzigsten Jahrhunderts. Leipzig. Duncker u. Humblot, 1906. 477 S. — *419, 436—437, 439—442.*

— *Die deutsche Kreditbank.*— В кн.: Grundriß der Sozialökonomik. Abt. V. Die einzelnen Erwerbsgebiete in der kapitalistischen Wirtschaft und die ökonomische Binnenpolitik im modernen Staate. Teil II. Bankwesen. Bearb. v. G. v. Schulze-Gaevernitz, E. Jaffé. Buch III. A II. Tübingen, Mohr (Siebeck), 1915, S. 1—189. — *361, 363, 368—371, 376, 466—467.*

«La Sentinelle», La Chaux-de-Fonds.— *37, 40.*

**Smith, V.* [*A Letter to the Editor of «The Labour Leader»*].— «The Labour Leader», [Manchester—London], 1915, No. 52, December 30, p. 9. Под общ. загл.: The ILP and the Labour Party, в отд.: The Views of our Readers.— *260, 495.*

«The Socialist», Glasgow. — *495, 498.*

**Socialist Propaganda League.* To the Members of the Socialist Party. Oct. 9, 1915. [Листовка. Boston, 1915]. 4 p. Подписи: [18 членов Лиги], Committee. — *77, 79, 80.*

Sombart, W. Die deutsche Volkswirtschaft im neunzehnten Jahrhundert. 2. durchges. Aufl. Sechstes, siebentes und achtes Tausend. Berlin, Bondi, 1909. XVI, 611 S.—*387.*

«Sozialistische Auslandspolitik», Berlin, 1915, Nr. 27, 10. November. — *500.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin.— *114—115, 132.*

Statistical Abstract of the United States. 1911. No. 34. Prepared by the Bureau of statistics, under the direction of the secretary of commerce and labor. Washington, 1912. 803 p. (Department of commerce and labor). — *344—345, 350.*

Statistik der Depositen-und Spargelder.—«Die Bank», Berlin, 1910, II. Semester, S. 1200, в отд.: Umschau. — *367.*

Statistik des deutschen Reichs. Hrsg, vom kaiserlichen statistischen Amte. 211. Bd. Berufs- und Betriebszählung vom 12. Juni 1907. Berufsstatistik. Abt. X. Die berufliche und soziale Gliederung des deutschen Volkes. Berlin, 1913. 325, 270 S. — *442.*

Statistisches Jahrbuch für das Deutsche Reich. Hrsg. vom kaiserlichen statistischen Amte. Jg. 36. 1915. Berlin, Puttkammer u. Mühlbrecht, 1915. XXXVI, 480, 114 S. — *431—433.*

Die Stellung der Sozialdemokraten Australiens zum Krieg.—«Berner Tagwacht», 1916, Nr. 32, 8. Februar. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 34, 10. Februar, S. 1—2. Подпись: I. K. — *500.*

Stillich, O. Geld-und Bankwesen. Ein Lehr-und Lesebuch. Berlin, Curtius, 1907. 267 S. — *368, 374—375, 387, 388.*

Supan, A. Die territoriale Entwicklung der europäischen Kolonien. Mit einem kolonialgeschichtlichen Atlas von 12 Karten und 40 Kärthen im Text. Gotha, Perthes, 1906. XI, 344 S.— *408, 411—413.*

Sympathieerklärung. [Резолюция Международной социалистической конференции в Циммервальде]. — «Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 1, 21. September, S. 8. — *35, 512—513.*

Tafel, P. Die Nordamerikanischen Trusts und ihre Wirkungen auf den Fortschritt der Technik. Stuttgart, Wittwer, 1913. 74 S. — *352.*

Tätigkeitsbericht des Organisationskomitees der SDAP Rußlands.— «Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 2, 27. November, S. 6—7. — *264.*

Thirteenth census of the United States, taken in the year 1910. Vol. IV—V. Washington, Government printing office, 1913—1914. 2 v. (Department of commerce. Bureau of the census).

*— Vol. IV. Population 1910. Occupation Statistics. 1914. 615 p. — *167—169.*

*— Vol. V. Agriculture. 1909 and 1910. General report and analysis. 1913. 927 p.— *149—200, 213—214, 220—222, 223—225, 229—249.*

«De Tribune», Amsterdam.— *498.*

Tschierschky, S. Kartell und Trust. Vergleichende Untersuchungen über deren Wesen und Bedeutung. Göttingen, Vandenhoeck und Ruprecht, 1903. 129 S. — *352, 366.*

Vaillant, E. Formalistes doctrinaires.—«L'Humanité», Paris, 1914, N 3827, 9 octobre, p. 1. — *496.*

Verkehrstrust.—«Die Bank», Berlin, 1914, I. Semester, S. 89—90, в отд.: Bank und Börse.— *388—390.*

Verslag van het buitengewoon congres der SDAP, gehouden op 8 en 9 Januari 1916, te Arnhem. Amsterdam, «Ontwikkeling», [1916]. 36 bl. — *297, 316—317, 318, 492, 506.*

Vogelstein, Th. Die finanzielle Organisation der kapitalistischen Industrie und die Monopolbildungen.— В кн.: Grundriß der Sozialökonomik. Abt. VI. Industrie, Bergwesen, Bauwesen. Buch III. B. I. Tübingen, Mohr (Siebeck), 1914, S. 187—246.— *348—350.*

— *Kapitalistische Organisationsformen in der modernen Großindustrie.* Bd. 1. Organisationsformen der Eisenindustrie und Textilindustrie in England und Amerika. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1910. XV, 277 S. — *350, 351—352, 406.*

«Volksrecht», Zürich, 1915, Nr. 236, 9. Oktober, S. 1; Nr. 237, 11. Oktober, S. 1—2. — *57, 60—61.*

— 1915, Nr. 296, 18. Dezember, S. 1. — *93.*

— 1916, Nr. 35, 11. Februar, S. 1. — *497.*

«Volksstimme», Chemnitz. — *90.*

Vorschlag der Resolution über: Weltkrieg und die Aufgaben der Sozialdemokratie. —«Internationale Flugblätter», [Zürich], 1915, Nr. 1, November, S. 5—7. Под общ. загл.: Die Zimmerwalder Linke über die Aufgaben der Arbeiterklasse.— *80.*

Vorschlag des Manifestes.— «Internationale Flugblätter», [Zürich], 1915, Nr. 1, November, S. 7—8. Под общ. загл.: Die Zimmerwalder Linke über die Aufgaben der Arbeiterklasse. — *80.*

«Vorwärts», Berlin. — *260.*

*— 1916, Nr. 11, 12. Januar. Beilage zu Nr. 11 des «Vorwärts», S.2—3. — *259—260, 323, 329, 496, 513—514.*

Wahl, M. La France aux colonies. Paris, May et Motteroz, б. г. 304 p. (Bibliothèque d'histoire illustrée). — *418—419.*

Der Weltkrieg und die Aufgaben der Sozialdemokratie. [Проект резолюции внесенный левой частью в Международной социалистической конференции в Циммервальде].— «Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1915, Nr. 2, 27. November, S. 14. Под общ. загл.: Nachträgliches von der Zimmerwalder Konferenz. Der Resolutionsentwurf. — *37, 39.*

«Weltwirtschaftliches Archiv», Jena. — *446.*

— 1913, Bd. 2, S. 193—195. — *446—447.*

— 1916, Bd. 7, (1916. I), S. 34—52. — *395.*

Der Wettbewerb um die Auslandsanleihen.—«Die Bank», Berlin, 1913, II. Semester, S. 1024—1026, в отд.: Umschau. — *397.*

What happened at the French Socialist Congress. (From a Paris Correspondent).—«The Labour Leader», [Manchester—London], 1916, No. 4, January 27, p. 8. — *495.*

**Williams, T. R. The ILP and the Labour Party.*—«The Labour Leader», [Manchester—London], 1915, No. 49, December 9, p. 8; No. 51, December 23, p. 8, в отд.: The Views of our Readers. — *260, 323, 325, 495, 496, 514.*

Zahn, F. Deutschlandswirtschaftliche Entwicklung unter besonderer Berücksichtigung der Volkszählung 1905 sowie der Berufs- und Betriebszählung 1907.—«Annalen des Deutschen Reichs für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft», München — Berlin, 1911, Nr. 3—4, S. 161—248. — *344, 350—351.*

Der Zug zur Bank.—«Die Bank», Berlin, 1909, I. Semester, S. 79, в отд.: Bank und Börse. — *390—391.*

**Zur Polenfrage.*—«Internationale Sozialistische Kommission zu Bern, Bulletin», Bern, 1915, Nr. 2, 27. November, S. 15. — *293.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

цуз социалистері мен синдикалистерінің арасында, француз жастары арасында және кәсіптік одақтарда жұмыс істеп, большевиктік көзқарастарды таратты. Октябрь социалистік революциясына белсенді түрде қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва губерниялық партия комитетінің, Москва губерниялық атқару комитетінің мүшесі және Москва губерниялық халық шаруашылығы советінің председателі. 1918 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің меңгерушісі. Коминтерннің II конгресінің жұмысына қатысты.— *34*.

Аскью (Askew), *Джон Б.*— ағылшын социалисі.— *495, 501*.

Астров (Повес, И. С.)* (1922 ж. қайтыс болған) — меньшевик-интернационалист. — *97*.

Аустерлиц (Austerlitz), *Фридрих* (1862—1931) — Австрия социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, партияның орталық органы «Arbeiter-Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») бас редакторы; Венадан парламентке депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинистік позиция ұстады.— *294, 300, 301*.

Б

Бадаев, А. Е. (1883—1951) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь, кейін советтің партия және мемлекет қайраткері. 1904 жылы РСДРП-ға кірді, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. Петербург губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді; Думадағы жұмыстарға қоса Думадан тыс үлкен революциялық жұмыстар жүргізді, большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін Бадаев басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроградта большевиктік ұйымның жұмысына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — басшы партия, совет және шаруашылық жұмысында болды. 1925 жылдан — Орталық Комитеттің мүшесі. 1938—1943 жылдары — РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі және СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары. — *2, 255—257*.

Барбони (Barboni), *Т.* — итальян социал-шовинисі. — *15, 20—25*.

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, революциялық

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

марксизмнен, пролетариаттың таптық күресінен бас тартуды маркстік сөзуарлықпен бүркемелеген «австромарксизм» дейтіннің идеологы. «Мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.—*283, 338.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысы кезінде рейхстагта соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді. — *257.*

Бер (Beer), *Макс* (1864 ж. туған) — немістің социализм тарихшысы. — *411.*

Берар (Bérard), *Виктор* (1864—1931) — француздың ұсақ буржуазияшыл экономисі, публицист және филолог. — *448.*

Бергер (Berger), *Виктор Луи* (1860—1929) — американ социалисі, Америка социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде пацифистік позиция ұстады. — *498.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақа-

лалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат—түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде социал-шовинистік позицияда болды. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *339, 500.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920)—Итальян социалистік партиясын құрушылардың және оның әсіре оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы — «Avanti!» («Алға!») газетінің редакторы болды. 1897 жылдан—парламент мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылды да, «Социал-реформистік партия» құрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді. — *19, 22, 115, 133, 494, 498.*

Борецкий — қараңыз: Урицкий, М. С.

Борхардт (Borchardt), *Юлиан* (1868—1932) — неміс социал-демократы, экономист және публицист. 1900 жылдан 1906 жылға дейін — социал-демократиялық органдар «Volksblatt» («Халық Листогы») пен «Volkszeitung»-тың («Халық Газеті») редакторы. 1911—1913 жылдары Пруссия ландтагының депутаты. 1913—1916 және 1918—1921 жылдары солшыл социал-демократиялық журнал «Lichtstrahlen»-нің («Жарық Сәулесі») редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Борхардт осы журналдың төңірегіне топтасқан «Германия интернационалдық социалистері» деген солшыл социал-демократиялық топты басқарып, социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы күрес жүргізді; Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд солшылдарына қосылды. Бірақ Борхардт және оның тобы социал-шовинистерден толық ажырасудың және жұмысшы табының дербес саяси партиясын құрудың қажеттігін түсінбеді, сөйтіп соғыстың аяқ кезінде синдикалистік позицияға көшті. Соғыстан кейін Борхардт белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *496.*

Бош, Е. Б. (1879—1925)— 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі, Киевте және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында ұлт мәселесі

жөнінде Бухарин мен Пятаковтың антилениндік көзқарастарын жақтады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Киевте Облыстық партия комитетінің председателі болып істеді, 1917 жылғы октябрьде — Киев Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның тұңғыш Совет үкіметіне кірді, Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. Жауапты партиялық және мемлекеттік жұмыста болды. — *310.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925)—Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі; дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. — *115, 133, 498.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932)—француз мемлекет қайраткері және дипломаты. Біраз уақыт социалистердің сол қапатына қосылды. 1902 жылы парламентке өтіп алып, жұмысшы табына ашық дұшпан реакцияшыл буржуазияшыл саясатшы болды. — *117, 122, 137.*

Бризон (Brizon), *Пьер* (1878—1923)—француз социалисі, кәсібі жөнінен адвокат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде баяу-интернационалистік позиция ұстады, Кинталь конференциясына қатысты. — *497.*

Бронштейн, С. Ю. — *қараңыз:* Семковский, С.

Буквоед — *қараңыз:* Рязанов, Д. Б.

Булкин (Семенов), Ф. А. (1888 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында —жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Новгородтың, Самараның және Петербургтің әскери-өнеркәсіп комитеттерінде істеді. — *328—329.*

Бунаков, И. (Фундаминский, И. И.) (1879—1942)—эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — қорғампаз, Париждегі социал-шовинистік «Призыв» газетіне белсене қатысты. — *90.*

Бурдерон (Bourderon), *Альбер* (1858 ж. туған)— француз социалисі, синдикалистік қозғалыстың сол қапаты лидерлерінің бірі, күбішілер синдикатының секретары. 1915 жылы Циммервальд конференциясына қатысты, онда центристік позиция ұстады. 1916 жылы II Интернационалды қайта қалпына келтіруді жақтаған пікір айтты. 1916 жылғы декабрьде Француз социалистік партиясының конгресінде социалистердің буржуазиялық үкіметке қатысуын ақтаған центристік қарарды жақтады; революциялық жұмысшы қозғалысының жаулары сапына қосы-

лып, Циммервальдты жақтаушылардан біржола қол үзді.—*39. 259, 261, 323, 326, 495, 496, 514.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — публицист және экономист, 1906 жылдан партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге қашып кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды; мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде антилениндік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясы қарсаңында Россияда социалистік революцияның жеңуі мүмкін емес деген меньшевиктік-троцкистік теорияны жақтап шықты. Октябрь революциясынан кейін—Орталық Комитет Саяси Бюросының мүшесі, «Правданың» редакторы, Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы Брест бітімін талқылау үстінде антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс (1920—1921) кезінде әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің антилениндік тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитет Саяси бюросынан және Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитеті президиумынан шығарылды. 1937 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің Пленумы (25 февраль—5 март) антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарды.— *102 108, 310, 374.*

В

Вайнкоп (Wijnkoop), *Давид* (1877—1941) — голланд социал-демократы, кейіннен коммунист. 1907 жылы—голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы —«De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі, кейін осы газеттің бас редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы —«Vorbote» («Жаршы») журналына жазып тұрды. Социал-демократиялық партияны құрушылардың бірі болды, бұл партия 1918 жылы Голландия Коммунистік партиясы деген ат алды және 1919 жылы Коминтернге қосылды. — *492.*

Вальян (Вайян), (Vaillant), *Эдуар Мари* (1840—1915)—француз социалисі, II Интернационал басшыларының бірі. Ертеректе I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі болды, Париж Коммунасы Атқару комиссиясына енді. Франция социалистік партиясын құруға инициатор болғандардың бірі (1901). 1905 жылы Франция социалистік партиясы реформистік Француз социалистік партиясымен біріккеннен кейін Вальян аса маңызды мәселелер жөнінде оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. — *115, 496.*

редакторларының бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін азық-түлік министрі болды. — *119, 135.*

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919)—герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, центрист. 1912 жылдан—рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірге «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрды. Ленин Гаазені және осы партияның басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді. — *120, 501, 507, 509.*

Гавемейер (Havemeyer), *Джон К.* (1833—1922) — американ өнеркәсіпшісі, аса ірі қант тресінің иесі, темір жол және басқа компанияларға қатысушы. — *385.*

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921)—ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін ол 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. — *43, 79, 119, 122, 133, 138, 262, 339, 495, 499, 509.*

Гамбетта (Gambetta), *Леон Мишель* (1838—1882) — француз саяси қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1870 жылғы сентябрьде, III Наполеон құлатылғаннан кейін, ішкі істер министрі болып «ұлттық қорғаныс үкіметінің» құрамына кірді. Үшінші республиканың алғашқы он жылында — буржуазиялық республикашылдардың лидері. Буржуазиялық республикашылдар үкімет басына келгеннен кейін (1879) Гамбетта өзінің бұрынғы демократиялық және әлеуметтік реформалар жөніндегі программасынан толық бас тартып, отарлар басып алуды күшейтуге шақырды. 1879—1881 жылдары—депутаттар палатасының председателі, ал 1881—1882 жылдары—премьер-министр және сыртқы істер министрі. — *99.*

Гарибальди (Garibaldi), *Джузеппе* (1807—1882)— Италияның ұлттық батыры, итальян революциялық демократиясының аса ірі көсемдерінің бірі, аса көрнекті қолбасшы. 1848—1867 жылдарда итальян халқының шетел басқыншыларына қарсы Италияны біріктіру жолындағы күресін басқарды. 1870 жылы өзінің ұлдарымен бірге Францияда оған басып кірген пруссактарға

қарсы соғысты. 1871 жылғы Париж Коммунасын құттықтады, Ұлттық гвардияның Орталық Комитеті құрамына сырттан сайланды. К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин бостандық жолындағы аса көрнекті күрескер ретінде Гарибальдиді жоғары бағалады. — *16, 285.*

Гвиннер (Gwinner), *Артур* (1856—1931) — Германияның ірі финансисі. 1894 жылдан 1919 жылға дейін — «Неміс банкінің» директоры, одан соң «Неміс банкі» және «Дисконтогезельшафт» банк бірлестігінің бақылау советі председателінің орынбасары. — *403.*

Гвоздев, К. А. (1883 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің жұмысшы тобының председателі. Әскери-өнеркәсіп комитеттері сайлаушыларының бірінші жиналысына председательдік етті; онда қорғампаздар сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, А. И. Гучковпен бірге екінші сайлауды әзірледі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкімет құрамында еңбек министрінің орынбасары, одан соң еңбек министрі. — *93, 301, 307, 494.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен Гед социал-шовинистік позиция ұстап, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. — *22, 43, 44, 51, 113, 114, 130, 131, 509.*

Гейман (Heymann), *Ганс Гидеон* — немістің буржуазияшыл экономисі. — *346, 379.*

Гейне (Heine), *Вольфганг* (1861—1944) — немістің саяси қайраткері, оңшыл социал-демократ, кәсібі жөнінен — адвокат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Гейне юстиция министрі, ал 1919—1920 жылдары Пруссия үкіметінің ішкі істер министрі болды. 1920 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп кетті. — *109, 120, 123.*

Гейниг (Heinig), *Курт* (1886—1956) — неміс социал-демократы, экономист және публицист. — *401.*

Гельфанд, А. Л. — *қараңыз:* Парвус.

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парла-

менттік фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист, Асквит коалициялық үкіметіне, одан соң Ллойд Джорджлың әскери кабинетіне кірді. Одан кейінгі жылдарда Англияның буржуазиялық үкіметіне бірнеше рет кірді. — *119.*

Гениш (Haenisch), *Конрад* (1876—1925)—неміс социал-демократы, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — герман социал-шовинизмі идеологтарының бірі; 1915 жылғы октябрьден бастап социал-шовинистердің органы—«Die Glocke» («Қоңырау») журналының редакторы болды. 1918—1921 жылдары — Пруссияның дін және ағарту министрі. — *89, 327—328.*

Герш, П. М. — *қараңыз:* Либман, Ф.

Гильдебранд (Hildebrand), *Гергард* — неміс экономисі, публицист, Германия социал-демократиялық партиясының мүшесі болды; 1912 жылы оппортунизмі үшін партиядан шығарылды. — *440.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін —Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы—«Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. 1910 жылы «Финанс капиталы» деген еңбек жариялады, бұл еңбек монополистік капитализмді зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды, сонымен қатар кітапта елеулі теориялық қателер және оппортунистік қағидалар да бар еді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы ретінде, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті ретінде көрінді. 1917 жылдан — «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті. — *276, 340, 342, 345, 377—378, 384—385, 387, 418, 434, 449, 459.*

Гиммер, Н. Н. — *қараңыз:* Суханов, Н.

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934) — герман әскери және мемлекет қайраткері, фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң—бас штабтың бастығы. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін — Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын белсен-

Голландия Коммунистік партиясына кірді және Коминтерннің жұмысына қатысты; әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1921 жылы компартиядан шықты, содан соң белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *119, 288, 301.*

Грав (Grave), *Жан* (1854—1939) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, анархизм теоретиктерінің бірі. Анархистік органдар «Le Révolté»-нің («Бүлікші») және «La Révolte»-нің («Бүлік») редакторы; анархизм жөніндегі бірқатар программалық еңбектердің авторы. XX ғасырдың бас кезінде анархо-синдикализм позициясында болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, «La Bataille Syndicaliste» («Синдикалистік Шайқас») газетінің қызметкері. — *363.*

Грейлих (Greulich), *Герман* (1842—1925) — Швейцария социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның оң қанатының лидері, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. — *115, 133.*

Гримм (Grimm), *Роберт* (1881—1958) — Швейцария социал-демократиясы лидерлерінің бірі. 1909—1918 жылдары — «Berner Tagwacht» («Берн Сақшысы») газетінің бас редакторы және Швейцария социал-демократиялық партиясының секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларының председателі, Интернационалдық социалистік комиссияның председателі.— *52, 311.*

Грунвальд (Grunwald), *М.*— Австрия социал-демократы, оппортунист. — *89, 327—328.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, буржуазиялық октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант.— *59.*

Гюбнер (Hübner), *Отто* — статистикалық-географиялық әржылдықтар — «Geographische-statistische Tabellen aller Länder der Erde»-ді құрастырушы және шығарушы. — *412.*

Гюисманс (Huysmans), *Камиль* (1871—1968) — Бельгия жұмысшы қозғалысының ең байырғы қайраткерлерінің бірі; филология профессоры, журналист. 1904—1919 жылдарда — II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының секретары,

центристік позиция ұстады. Бельгия үкіметіне бірнеше рет кірді, 1946—1947 жылдарда—премьер-министр. 1910 жылдан—парламент депутаты; 1936—1939, 1954—1959 жылдарда — депутаттар палатасының председателі. Соңғы жылдарда социалистік партиялардың КПСС-пен байланыс орнатуын, халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін қалпына келтіруді жақтады. — *262, 297, 317, 318, 464, 492, 501, 506.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист. «Социал-демократия бүкіл дүние жүзілік соғыста» деген кітапта (1915) неміс социал-демократиясы оң қанатының империалистік соғыстағы оппортунистік позициясын қорғады. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары—үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *118, 124—125, 126, 133, 137, 138, 139, 140, 204, 270, 412.*

Давыдов, Л. Ф.—С.-Петербургтегі кредит кеңсесінің директоры, банк кәсіпқойы.— *391.*

Дебс (Debs), *Юджин Виктор* (1855—1926)— Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. 1893 жылы Америкаи теміржолшылар одағын ұйымдастырды, 1897 жылға дейін сол одақтың президенті болды. Дебс—социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі, осы партия 1900—1901 жылдары қалыптасқан Социалистік партияның негізгі ұйытқысы болды. 1905 жылы Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары кәсіподақ ұйымын құруға қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды, социал-шовинистердің сатқындығын қатты айыптады, Америка Құрама Штаттарының соғысқа кіруіне қарсы шықты. Дебс Октябрь социалистік революциясының жеңісін құттықтады. 1918 жылы антиимпериалистік насихат жүргізгені үшін 10 жыл түрмеге отыруға кесілді, бірақ 1921 жылы амнистия жасалды.— *256—257, 261, 323, 326, 495, 498, 514.*

Деникин, А. И. (1872—1947)—патша генералы; азамат соғысы кезінде—ақ гвардиялық қозғалыс басшыларының бірі. Генерал Корнилов өлгеннен кейін—Россияның оңтүстігіндегі анти-

Е

Ж

З

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936)—1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» пен большевиктік газет—«Пролетарийдің» редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, 1917 жылдың октябрінде Каменевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды. Октябрь социалистік революциясынан кейін— Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы—антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайтадан шығарылды. 1933 жылы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *34*.

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906)— неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жасысқан хаттарын баспаға әзірледі. В. И. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *80, 136*.

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944)— герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Отаршылдық мәселе жөнінен империалистік көзқарастарды уағыздады, жұмысшы табының революциялық қозғалысына қарсы күресті. 1918—1920 жылдары — Пруссияның финанс министрі. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Зю-

тер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқаларын жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, марксизмнен оппортунизмге көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм, яғни интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеленген социал-шовинизм позициясында болды. «Әсіре империализм» жөніндегі реакциялық теорияның авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.— *8, 10, 11, 16, 20, 22, 24, 43, 44, 49, 52, 57—63, 68, 71, 72, 99, 104, 105, 106, 109, 113, 115, 117, 118, 119, 121, 122, 123, 127, 129, 130, 131, 134—135, 136, 138, 139, 140, 141, 260, 262, 265, 274, 276, 277, 278, 289, 294, 295, 296, 299, 300, 301, 302, 317, 327, 329, 330, 334, 339, 340, 342, 356, 407, 424—428, 429, 431, 443, 447, 448, 449, 450, 451, 454, 455, 456, 457, 458, 459, 460, 464, 486, 494, 500, 501, 506, 507, 509.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970)—эсер, IV Мемлекеттік думаның депутаты, біраз уақыт трудовиктер тобына қосылды, оның председателі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—нағыз қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің министрі, одан кейін премьер-министрі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді күресті, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда жүріп антисоветтік насихат жүргізді. — *98.*

Кестнер (Kestner), *Фриц*— неміс экономисі. — *354—356.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—нағыз шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуды және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеді.— *99.*

Койген, Ф. М.— қараңыз: Ионов.

Коллонтай, А. М. (1872—1952)—профессионал революционер, революциялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап араласты; 1905—1907 жылдардағы революцияга қатысты. 1906—1915 жылдары меньшевиктерге қосылды; 1915 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан-ақ революциялық-интернационалистік позиция ұстады. В. И. Лениннің тапсыруымен Скандинавия елдеріндегі және Америкадағы социал-демократияның солшыл, интернационалистік элементтерін ұйымдастыруға қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келді және Петроград Советі Атқару Комитетіне енгізілді, Балтық флотының матростары мен Петроград гарнизонының солдаттары арасында жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Мемлекеттік қамқорлық халық комиссары, 1920 жылы РКП(б) Орталық Комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі болды. Кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) — антипартиялық «жұмысшы оппозициясына» белсенді түрде қатысты. 1921—1922 жылдары — Коминтерн жанындағы халықаралық әйелдер секретариатының секретары. 1923 жылдан — жауапты дипломаттық жұмыста болды. — *38, 310.*

Колчак, А. В. (1873—1920)—патша флотының адмиралы, монархист, 1918—1919 жылдардағы Россия контрреволюциясының басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. 1917 жылы— Қара теңіз флотының қолбасшысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары мен Антанта империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне әкеліп соқты; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды. — *340.*

Кольб (Kolb), *Вильгельм* (1870—1918)—неміс социал-демократы, барып тұрған оппортунист әрі ревизионист, «Volksfreund»-тің («Халық Досы») редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. — *90, 109, 120, 123, 126, 137, 139, 276—277, 278.*

Корнелиссен (Cornelissen), *Христиан* — голланд анархисі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—шовинист; Париждегі «La Bataille Syndicaliste» («Синдикалистік Шайқас») газетіне жазып тұрды.— *263.*

Коррадини (Corradini), *Энрико* (1865—1931) — итальян ұлтшылы, публицист. 1910 жылы итальян ұлтшылдар партиясын бас-

қарды. Дүние жүзілік империалистік соғыстан кейін фашистерге қосылды. — *17.*

Косовский, В. (Левинсон, М. Я.) (1870—1941) — Бундтың негізін салушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Бундтың орталық органы—«Die Arbeiter Stimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист, германофилдік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияға кетіп, Польшадағы Бунд ұйымдарында істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті.— *22, 26—27, 97.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, «экономизм» лидерлерінің бірі, 90-жылдардың басында шетелге эмиграцияға кетті. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, 1899 жылы—«Одақтың» органы «Рабочее Дело» журналының редакторы, оның беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті. — *61, 138.*

Кропоткин, П. А. (1842—1921) — анархизмнің басты қайраткерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1872 жылы шетелде жүріп Бакунин тобына қосылды. Россияға қайтып келгеннен кейін анархист ретінде халықшылдық қозғалысқа қатысты, сол үшін 1874 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды. 1876 жылы шетелге қашып кетті, онда марксизмге қарсы белсенді күрес жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—шовинист. 1917 жылы эмиграциядан қайтып келіп, буржуазиялық позицияда қала берді, алайда 1920 жылы Европа жұмысшыларына хат жазып, Октябрь социалистік революциясының тарихи маңызын мойындады және жұмысшыларды Советтік Россияга қарсы соғыс интервенциясына бөгет жасауға шақырды. География және геология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *21, 22, 263.*

Крупп (Krupp)—герман империализмінің негізгі арсеналдарының бірі — Германиядағы әскери-металлургиялық концернді басқаратын өнеркәсіпшілер әулеті. Концерн 1811 жылы Фридрих Крупп (1787—1826) негізін қалаған шағын фирмадан өсіп, ұлғайды. Концерн басшылары бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстарды әзірлеуге белсене қатысты, соның нәтижесінде аса зор пайда түсірді. 1945 жылғы Ялта және Потсдам шешімдеріне сәйкес концернің әскери заводтары жойылуға тиіс еді. Батыс Германияда бұл шешімдер орындалған жоқ, ал Крупп әулетінің заводтары Германия Федерациялық республикасының кекшіл армиясы үшін қару-жарақ өндіруін тоқтатпай отыр.— *371, 453.*

қолдауға үзілді-кесілді қарсы шықты, 1914 жылы 2 декабрьде бүкіл рейхстагта жалғыз өзі соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. Революциялық «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі. 1916 жылы каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы котерілісі басшыларының бірі болды. Котеріліс басып-жаншылғаннан кейін Носке бандалары айуандықпен олтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім—көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет).— *22, 260, 262, 277, 320, 322, 325, 489, 496, 514.*

Либман, Ф. (Герш, П. М.) (1882 ж. туған)—корнекті бундшыл, 1911 жылы Бунд Орталық Комитетінің құрамына кірді, жойымпаздарға қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында патша өкіметінің аннексионистік саясатын қолдады; Швейцарияда тұрды. — *70, 289, 486.*

Лизис (Lysis) [*Летайер* (Letailleur), *Евгений*]—француздың буржуазияшыл экономисі, финанс және саяси мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *385.*

Линкольн (Lincoln), *Авраам* (1809—1865)—аса көрнекті америкаи мемлекет қайраткері, республикалық партия лидерлерінің бірі, Америка Құрама Штаттарының президенті (1861—1865); Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысының барысында халық бұқарасының ықпалымен бірқатар аса маңызды буржуазиялық-демократиялық өзгерістер жасады, сөйтіп соғысты революциялық әдіспен жүргізуге көшті; 1865 жылғы апрельде құл иеленушілердің агенті өлтірді. — *448.*

Липкин, Ф. А. — *қараңыз:* Черевапин, Н.

Лифман (Liefmann), *Роберт* (1874—1941)— немістің буржуазияшыл экономисі, профессор. Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *358, 361, 376, 378, 407.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945)— ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің дүние жүзілік империалистік со-

ғысты әзірлеудегі саяси бағытын белгілеуде корнекті роль атқарды. Арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құруды тоқтатуға немесе болдырмауға тырысты. В. И. Ленин: «Ллойд Джордж буржуазияга айта қалғандай қызмет етеді және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет етеді, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен горі керек, бәрінен гөрі қиын жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отырады» (Шығармалар, 23-том, 119—120-беттер) деп жазды. 1916—1922 жылдары—премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позициясын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы бағытталған соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді. — *59, 119, 122, 134, 137, 499.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың мүшесі, публицист; Шарль Лонге мен Женни Маркстің ұлы. Француз баспасөзі мен халықаралық социалистік баспасөзге жиі жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды. Социалистік «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») негізін салушылардың (1916) және редакторларының бірі болды. Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын айыптады. 1920 жылдан бастап — Француз социалистік партиясының центристік қанаты лидерлерінің бірі. 30-жылдары социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты. — *260, 261—262, 296, 318, 494, 501, 507.*

Лурье, М. А. — қараңыз: Ларин, Ю.

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса корнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының қатарында болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылда-

рында Люксембург жойымпаздарға ымырашылдық көзқараста болды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылы январьда тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *485.*

М

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты; жұмысшы табын жікке бөлу саясатын жүргізді. 1924 және 1929—1931 жылдары Макдональд премьер-министр болды. Макдональдтың лейбористік үкіметі ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысын басып отырды, жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *339.*

Маньков, И. Н. (1881 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен кеңсе қызметшісі. Думада социал-демократиялық фракцияға кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, 1915 жылы фракцияның шешіміне қарамақарсы Думада соғыс бюджетін жақтап дауыс берді, бұл үшін фракциядан шығарылды.— *97.*

Марков, Н. Е. (1876 ж. туған) — ірі помещик, патшалық Россияның реакцияшыл саяси қайраткері, ойраншыл-қаражүздік «Орыс халқы одағы» мен «Михаил Архангел палатасы» ұйымдары басшыларының бірі. Курск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думада барып тұрған оңшылдар лидерлерінің бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *54, 87, 158.*

кезінде Франциядағы синдикалистік қозғалыстың сол қанаты басшыларының бірі болды, бұл қозғалыс социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты; Циммервальд конференциясына қатысты, одан соң Циммервальд оңшылдарына қосылды. Сол кездің өзінде Мергеймге тән солқылдақтық және социал-шовинистерден біржола қол үзіп кетуден қорқушылық 1916 жылдың аяғында оны центристік-пацифистік позицияға, ал 1918 жылдың басында — ашық социал-шовинизм және реформизм позициясына алып келді.— *39, 51, 259, 261, 496.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал; 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түп-тамырларын ашып көрсетті. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды.— *51, 117, 339.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *59, 103, 137, 273.*

Михельс (Michels), *Роберто* (1876—1936) — итальян буржуазияшыл экономисі және социологы, профессор, саяси экономия мен социология тарихы жөніндегі еңбектердің авторы.— *15, 16, 19.*

Монитор (Monitor) — осындай бүркеншік атпен неміс социал-демократтарының, оппортунистерінің біреуі 1915 жылы апрельде консервативтік «Preußische Jahrbücher»-де («Пруссия Әржылдығында») мақала жариялады. Мақала авторы социал-демократияның центристік сипатын ашық мадақтады, оппортунистер мен буржуазияға пайдалы болғандықтан оны одан әрі сақтауды ұсынды, өйткені ол оппортунистерге буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын «солшыл» бос сөздермен бүркемелеуге мүмкіндік беретін еді.— *116—117, 118, 119, 134, 135.*

Морган (Morgan), *Джон Пирпонт* (1867—1943) — американ миллиардері, Америка Құрама Штаттарындағы XIX ғасырдың

орта кезінде негізі қаланған аса ірі банкирлік әулеттің басшысы. Морганның банкирлік әулеті Америка Құрама Штаттарының империалистік саясатын белгілеп отыратын американ финанс капиталының неғұрлым реакциялық және агрессиялық топтарын басқарады.—*370.*

Моррис (Morris), *Генри К.* (1868 ж. туған)— американ тарихшысы, білімі жөнінен юрист, тарих және экономика жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—*410.*

Муранов, М. К. (1873—1959)— большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь. 1904 жылдан РСДРП мүшесі; Харьковта партиялық жұмыс жүргізді. Харьков губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді; Думада қызмет етумен қатар, Думадан тыс зор революциялық жұмыс жүргізді, большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында істеді, партияның VI, VIII және IX съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. 1922 жылдан 1934 жылға дейін ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болды.—*2, 256.*

Н

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873)— Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер).—*82, 297, 298.*

Науман (Naumann), *Фридрих* (1860—1919)— немістің реакцияшыл саяси қайраткері, публицист, «ұлттық социализм» теориясын жасаушылардың бірі; еңбекшілерді өмір сүріп отырған құрылыспен ымыраға келтіру идеясын уағыздады, императорлық күшті өкіметтің болуын жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде империалистік позиция ұстады, Германияның қамқорлығына сүйенген «Орта Европа» құру идеясын ұсынды, іс жүзінде Орталық Европа елдерін басып алу саясатын уағыздады.—*59, 122, 137.*

Нахимсон, М. И. (Спектатор) (1880—1938)— экономист және публицист. 1899 жылдан 1921 жылға дейін — бундшыл. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—центрист. 1935

жылы Москвада Халықаралық аграрлық институтта және Коммунистік академияда істеді. Дүние жүзілік шаруашылық экономикасының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *449, 451, 454.*

Неймарк (Neymarck), *Альфред* —француздың буржуазияшыл экономист-статистигі.—*391, 392, 448.*

II Николай (Романов) (1868—1918)—орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *87, 273, 274.*

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946)— Герман социал-демократиялық партиясының оппортунистік лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыстан көп бұрын милитаризмді жақтады. Соғыс кезінде — социал-шовинист. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық етушілердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында гитлерлік үкіметтен мемлекеттік пенсия алып тұрды.

В. И. Ленин Носкені «социал-сатқын», «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар, 29-том, 305-бет).—*340.*

О

Оранский, К. (Кучин, Г. Д.)— жойымпаз-меньшевик, жойымпаздық «Дело Жизни», «Наша Заря» журналдарына және басқаларына жазып тұрды.— *94.*

Орнатский — *қараңыз:* Чичерин, Г. В.

Оуэнс (Owens), *Михаэл Джозеф* (1859—1923)— шөлмек жасайтын машинаны ойлап тапқан американ өнер тапқышы, кейіннен осы саладағы өнеркәсіпші.—*434.*

П

Паннекук (Pannekoek), *Антони* (1873—1960) — голланд социал-демократы. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы —«De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзі-

лік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа «әсіре солшылдардың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді.—*119*.

Парабеллум — қараңыз: Радек, К. Б.

Парвус (Гельфанд, А. Л) (1869—1924)—меньшевик, 90-жылдардың аяғы —900-жылдардың басында Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Парвус антимаркстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Кейіннен социал-демократиядан шеттеп кетті; дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алып сатарлықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып, байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды.— *70, 89, 90, 289, 327—328, 478*.

Пернерсторфер (Pernerstorfer), *Энгельберт* (1850—1918)— Австрия социал-демократы, кәсібі жөнінен мұғалім. 1896 жылы социал-демократиялық партияның оппортунистік оң қанатына қосылды, 1897 жылдан — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. II Интернационалдың барлық дерлік конгрестеріне қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде барып тұрған шовинистік позиция ұстады.—*494, 498*.

Петрова — қараңыз: Арманд, И. Ф.

Петровский, Г. И. (1878—1958)— революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, кейін советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде — Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиналық Орталық Атқару Комитетінің председ-

Бірінші орыс революциясы дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен шегінгені үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *10, 11, 17—19, 22, 23, 43, 44, 49, 55, 70, 71, 82, 83, 85, 90, 97, 99, 103, 113, 125, 131, 133, 139, 262, 265, 276, 277, 278, 292, 296, 299, 301, 478, 492; 500, 509.*

Повес, И. С.— қараңыз: Астров.

Потресов, А. Н. (1869—1934)— меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқа органдарында басшылық роль атқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты.—*20, 23, 85, 301, 327, 328, 330, 412, 445.*

Прессман (Pressemanne), *Адриэн* (1879 ж. туған)— француз социалисі. 1912 жылы Француз социалистік партиясының Халықаралық социалистік бюродағы тұрақты өкілі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстады.—*296, 318, 501, 507.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920)— ірі помещик, барып тұрған реакционер-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құру инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым —«Михаил Архангел палатасын» құрды. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *19, 103.*

Пэйш (Paish), *Джордж* (1867—1957)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі және статистигі, пацифист. Ағылшынның

консервативтік «The Statist» («Статистик») газеті редакциясының қызметкері (1881—1900) және редакторларының бірі (1900—1916) болды. 1914—1916 жылдары — ағылшын казначейлігінің (финанс министрлігінің) финанс және экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі. Бірнеше экономикалық және статистикалық ғылыми қоғамдардың президенті және мүшесі болды. Дүние жүзілік экономика және саясат мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—*399.*

Пятаков, Г. Л. (1890—1937)—1910 жылдан большевиктік партияда болды. Украинада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. 1915—1917 жылдарда ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде В. И. Ленинге қарсы шықты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Киев комитетінің председателі, социалистік революцияға бағыт алуға және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада «солшыл коммунистерді» басқарды, Украинаның Совет үкіметіне енді. 1920 жылдан шаруашылық және совет қызметінде болды: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің және Халық Шаруашылығы Жоғары Советі председателінің орынбасары, Франциядағы сауда өкілі, СССР Мемлекеттік банкі басқармасының председателі, ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы партияға қайта алынғаннан кейін, 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайтадан шығарылды.—*310.*

Р

Радек, К. Б. (Парабеллум) (1885—1939)—900-жылдардың басынан бастап Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; герман солшыл социал-демократтарының басылымдарына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияларда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылы большевиктік партияға кірді. Брест бітімін талқылау кезеңінде —«солшыл коммунист». 1923 жылдан бастап — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1930 жылы қайта қабылданғаннан кейін, 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайтадан шығарылды.—*64, 67, 70—73, 304, 310.*

Рассел (Russel), *Чарлз Эдвард* (1860—1941)—американ социалисі, журналист және публицист, «New York American» журналының әдеби редакторларының бірі. Америка Құрама Штатта-

рының 1914—1918 жылдардағы империалистік соғысқа қатысуын жақтады.— *326, 494, 498.*

Реннер (Renner), *Карл* (1870—1950) —Австрияның саяси қайраткері. Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының және «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті.— *283.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясы лидерлерінің бірі. «Le Peuple» («Халық») (1902—1914), «L'Humanitè» («Адамзат») (1914—1920) газеттерінің редакторы; депутаттар палатасының мүшесі (1914—1919, 1924). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, өзінің шовинизмін пацифистік бос сөздермен бүркемеледі. 1927 жылы социалистік партиядағы басшылықтан шеттеп кетті, 1933 жылы партиядан шығарылды; кейіннен шағын неосоциалистік топ құрды.—*109, 119, 134, 262, 289, 509.*

Риссер (Riesser), *Якоб* (1853—1932) — неміс экономисі және банк қайраткері. 1888—1905 жылдары—Дармштадт банкінің директоры. 1901 жылы «Неміс банктері мен банк істерінің орталық одағын», 1909 жылы —«Ганзей одағын» құрды, ұзақ уақыт осы қоғамдардың председателі болды. 1905 жылдан «Bank-Archiv» журналын шығарып тұрды. 1916—1928 жылдары рейхстагқа депутат болды. Бірқатар еңбектердің авторы, оларда империализм мен финанс капиталының апологеті екенін көрсетті.—*361—362, 363, 364, 369, 378, 458, 463, 465.*

Родс (Rhodes), *Сесиль Джон* (1853—1902)—ағылшынның реакцияшыл мемлекет және саяси қайраткері, ол ағылшынның отаршылдық саясатын белсене жүргізіп, империалистік экспансияны уағыздады; ағылшын-бур соғысының шығуына басты кінәлы адам. 1890—1896 жылдары Кап отарының премьер-министрі; ағылшындардың Оңтүстік Африкада орасан зор территорияны басып алуын ұйымдастырушы, ол территория соның есімімен Родезия деп аталды.— *411, 412, 418.*

Рокфеллер (Rockefeller), *Джон Дэвисон* (1839—1937) — финанс әулетінің негізін салушы, Америка Құрама Штаттарының мұнай королі. 1870 жылы аса ірі «Стандард ойл» мұнай тресін құрды. Рокфеллерлер — Америка Құрама Штаттарындағы аса ірі коммерциялық банктердің бірі — «Чейз нэшнел бэнк»-тің иесі; сонымен қатар Рокфеллерлер семьясының өкілі Америка Құрама Штаттарындағы басқа бір аса ірі банк —«Нэшнел сити бэнк оф Нью-Йорктің» басшыларының бірі болып табылады.

Рокфеллерлер әулеті Америка Құрама Штаттарының сыртқы және ішкі саясатын белгілеуде үлкен роль атқарады.— *370.*

Роланд-Гольст (Roland Holst), *Генриетта* (1869—1952) — голланд социалисі, жазушы. Әйелдер одақтарын құру жолында жұмыс істеді, 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан голланд социал-демократтарының сол қанатына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстады, кейін интернационалистерге қосылды, Циммервальд солшылдарының теориялық органы—«Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1927 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды және Коминтерннің жұмысына қатысты. 1927 жылы компартиядан шықты; одан әрі христиан социализмі позициясында болды.—*492.*

Ротштейн, Ф. А. (1871—1953) — социал-демократ, кейіннен совет дипломаты, тарихшы. 1890 жылы Россиядан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Англияда тұрды, ағылшын Социал-демократиялық федерациясына кіріп, оның сол қанатына қосылды. 1901 жылы РСДРП-ға кірді. Орыстың және шетелдің социалистік баспасөзіне жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинистермен ажырасу туралы мәселеде біраз уақыт центристік позицияда болды. 1918—1920 жылдары Англияда «Тарт қолыңды Россиядан!» деген ұран көтерген бұқаралық қозғалыс басшыларының бірі болды, Великобритания Коммунистік партиясын құруға қатысты. 1920 жылы отанына оралды. 1921—1922 жылдары Иранда уәкілетті өкіл болып істеді, 1923—1930 жылдары—Сыртқы істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. Советтік жоғары мектепті құруға және советтік ғылымды дамытуға белсене қатысты. Дүние жүзілік шаруашылық және дүние жүзілік саясат институтының директоры болды. 1939 жылдан — академик. Империализм тарихының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—*326.*

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер лидерлерінің бірі. Амстердамдағы (1904) және Штутгарттағы (1907) Халықаралық социалистік конгрестерде эсерлер партиясының өкілі болды. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің дұшпаны.— *46, 292.*

Рюле (Rühle), *Отто* (1874 ж. туған) — герман солшыл социал-демократы, публицист және педагог. 1912 жылдан — рейхстаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позиция ұстады; рейхстагта соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясына кірді, онда солшыл оппозиция лидерлеріне қосылды. Герман коммунистері арасындағы жікке бөлінушіліктен кейін,

1920 жылдың басында Германия Коммунистік жұмысшы партиясын құруға қатысты. Кейіннен Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды, социал-демократиялық партияға қайта келді, онда енді, бұрынғыдай саяси ықпалы болмады.— *260, 262, 322, 325, 489, 496, 514.*

Рязанов, Д. Б. (Гольдендах, Д. Б., Буквоед) (1870—1938)—социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне жазып тұрды. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс институтын ұйымдастырушылардың бірі жәпе 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен партиядан уақытша шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады. сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *500.*

С

Саландра (Salandra), *Антонио* (1853—1931) — итальян мемлекет қайраткері, Италияның өнеркәсіп монополиялары мен ірі аграрийлері «либералдық блогының» барып тұрған оң қанаты лидерлерінің бірі. 1886 жылдан бастап—Италия депутаттар палатасының мүшесі. 1914 жылдан 1916 жылға дейін — Италия Министрлер советінің председателі, Италияның дүние жүзілік империалистік соғысқа Антанта жағында қатысуының инициаторларының бірі болды. Фашистер өкімет басына келгеннен кейін 1922—1924 жылдары Муссолини үкіметімен ынтымақтасты.—*24.*

Самба (Sembat), *Марсель* (1862—1922) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі, журналист. 1893 жылдан бастап— депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1914 жылғы августан 1917 жылғы сентябрьге дейін Францияның империалистік «ұлттық қорғаныс үкіметінде» қоғамдық жұмыстар министрі болды. —*119, 134, 261.*

Самойлов, Ф. Н. (1882—1952) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-тоқымашы. 1903 жылдан РСДРП мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысты, Иваново-Вознесенскіде партиялық жұмыс жүргізді. Владимир губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық ре-

волюциясынан кейін Иваново-Вознесенскіде партия және совет жұмысында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада және Москвада істеді. 1921 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, 1922 жылдан РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясында және РКП(б) Орталық Комитетінің Истпартында істеді; Бүкіл одақтық қарт большевиктер қоғамы председателінің орынбасары болды, ал 1937—1941 жылдары — СССР Революция музейінің директоры.—*2, 256.*

Сарториус фон Вальтерсхаузен (Sartorius von Waltershausen), *Август* (1852 ж. туған) — немістің буржуазияшыл экономисі. 1888—1918 жылдары — Страсбург университетінің профессоры; дүние жүзілік экономика мен саясат мәселелері жөнінде бірқатар еңбектердің авторы.—*436.*

Сафаров, Г. И. (1891—1942)—1908 жылдан РСДРП қатарында болды. Петербургте және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. Брест бітімін талқылау кезеңінде —«солшыл коммунист». ВКП(б) XIV съезінде «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы партияға қайта алынғаннан кейін, 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайтадан шығарылды.—*259, 310.*

Семенов, Ф. А.— қараңыз: Булкин, Ф. А.

Семковский, С. (Бронштейн, С. Ю.) (1882 ж. туған)—социал-демократ, меньшевик. Троцкийдің Вена «Правдасының» редакциясына кірді, жойымпаз-меньшевиктердің органдарына және шетелдік социал-демократиялық баспасөзге жазып тұрды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Семковскийдің ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөніндегі позициясын қатты сынады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — центрист. 1917 жылы эмиграциядан Россияға оралғаннан кейін меньшевиктік Орталық Комитет құрамына кірді. 1920 жылы меньшевиктерден қол үзді. Кейін Украина жоғары оқу орындарында профессор болды, ғылыми-әдеби жұмыспен айналысты.—*70, 273, 289, 301, 486.*

Сен-Симон (Saint-Simon), *Анри-Клод* (1760—1825) — француздың ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылысты сынап, оны ассоциациялар негізінде құрылған қоғаммен ауыстыру программасын ұсынды. Сен-Симон жаңа қоғамда жұрттың бәрі еңбек етуге тиіс және адамдардың атқаратын ролі олардың еңбектегі табыстарымен сәйкес болуға тиіс деп есептеді; өнеркә-

сіп пен ғылымның ынтымағы туралы, бір орталыққа бағындырылған және жоспарлы өндіріс туралы идея ұсынды. Бірақ Сен-Симонда, Энгельстің жазғанындай, «пролетарлық бағытпен қатар буржуазиялық бағыт әлі де белгілі бір маңызын сақтады» («Анти-Дюринг», 1957, 18-бет). Ол жеке меншік пен капитал процентіне тиіспей сол күйінде қалдырды, саяси күрес пен революцияға теріс көзқараста болды, пролетариаттың тарихи міндетін түсінбеді, үкіметтік реформалар мен қоғамды жаңа дін рухында адамгершілікке тәрбиелеу таптық қайшылықтардың жойылуына жеткізеді деп есептеді.

Сен-Симонның негізгі шығармалары: «Женева тұрғынының замандастарына хаттары», «XIX ғасырдың ғылыми еңбектеріне кіріспе», «Өнеркәсіпшілер катехизисі», «Жаңа христиан діні».— *466—467.*

Сименс (Siemens), *Георг* (1839—1901) — Германияның аса ірі өнеркәсіпшілері мен финанс корольдерінің бірі. 1870 жылы «Неміс банкін» құрды және оның директоры болды. Пруссия депутаттар палатасының мүшесі және рейхстагтың депутаты болды.—*380.*

Скобелев, М. И. (1885—1939)—1903 жылдан бастап меньшевиктер қатарында социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, кәсібі жөнінен инженер. 1906 жылы шетелге эмиграцияға кетті, меньшевиктік басылымдарға жазып тұрды. Троцкийдің «Правдасының» редакциясына кірді. Закавказьенің орыс куриясынан IV Мемлекеттік думаға депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі председателінің орынбасары, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары; 1917 жылғы майдан авгусқа дейін — Уақытша үкіметтің еңбек министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, кооперация жүйесінде, одан соң Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан РКП(б) мүшесі, жауапты шаруашылық жұмыста болды, 1936—1937 жылдары — Бүкіл одақтық Радио комитетінде істеді.— *445.*

Сомоно (Saumoneau), *Луиза* (1875 ж. туған) — француз социалисі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады, соғысқа қарсы шықты. 1915 жылғы мартта Берндегі Халықаралық социалистік әйелдер конференциясына қатысты. Біраз уақыт Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы — «Коммунистический Интернационал» журналына жазып тұрды.— *497.*

Спектатор — қараңыз: Нахимсон, М. И.

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары —

тарлық социалистік партия лидерлерінің бірі болды.—*296, 318, 498, 507, 509.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «ауданаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.—*86—87, 88, 260—261, 266, 270, 302, 471, 492, 494.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері, оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. XX ғасырдың басында интернационалистік позициядан шеттеп, барып тұрған оппортунизм позициясына көшті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан сол қанатына қарсы күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — германофильдік бағдардағы социал-шовинист. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын талай рет қатты сынады, оны «буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатылғыш, оппортунистік көсемнің» (Шығармалар, 30-том, 20-бет) үлгісі деп атады.—*115, 133, 498.*

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясының негізін салушылардың бірі және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды. Поляк және орыс пролетариатының бірлескен күресінің қажет екенін қорғай отырып, ұлтшылдыққа қарсы шықты. 1905—1907 жыл-

дардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитет құрамына сайланды. Реакция жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, алайда, кейбір реттерде олар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1912 жылы Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. В. И. Ленин Тышканың осы кезеңдегі қызметін қатты сынады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Тышка Германияда болып, герман социал-демократиясының жұмысына қатысты, интернационалистік позиция ұстады; «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1916—1918 жылдары тұтқында болды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы босатқаннан кейін Германия Коммунистік партиясын құруға қатысты және оның Орталық Комитетінің секретары болып сайланды. 1919 жылы мартта тұтқынға алынып, кейін Берлин түрмесінде өлтірілді.—*307.*

У

Урицкий, М. С. (Борецкий) (1873—1918) — Россиядағы революциялық қозғалысқа белсенді қатысушы. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. 1905 жылы Петербургте революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «ауданаралықшыларға» қосылды, солармен бірге большевиктер партиясына алынды. РСДРП(б) VI съезінде Орталық Комитетке мүше болып, 1917 жылғы октябрьде — Әскери-революциялық партиялық орталыққа сайланды. Брест бітімі туралы мәселе жөнінде «солшыл коммунизм» позициясында болды. РСДРП(б) VII съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1918 жылы Петроград төтенше комиссиясының председателі болып тағайындалды. Эсер өлтірді.—*494, 495.*

Ф

Фёлькер (Völker) — немістің үкімет чиновнигі, кейіннен — герман болат өнеркәсібі бірлестігінің басшысы.—*390.*

Фогельштейн (Vogelstein), *Теодор* — неміс экономисі. «Капиталистік индустрияның финанс жағынан ұйымдасуы және монополиялардың құрылуы», «Қазіргі ірі өнеркәсіптегі капиталистік ұйым формалары» деген және басқа еңбектердің авторы.—*406.*

Фридолин, В. Ю. (Варин) (1879—1942) — РСДРП-ға 1904 жылы кірді. Реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті. 1910—1917 жылдары эмиграцияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде меньшевиктік-троцкистік «Наше Сло-

во» газетіне жазып тұрды. 1918 жылдан Ленинградта ғылыми және педагогтық жұмыста болды.—*310.*

Фундаминский, И. И.— қараңыз: Бунаков, И.

Х

Хвостов, А. Н. (1872—1918)—ірі помещик, қаражүздік іс-әрекетімен аты шықты. IV Мемлекеттік думаның депутаты, Думада оңшылдар фракциясы лидерлерінің бірі. 1915—1916 жылдары — ішкі істер министрі және жандармдар корпусының шефі.—*85, 87, 90, 95, 273.*

Хёглунд (Höglund), *Карл Цет Константин* (1884—1956)— швед социал-демократы, Швециядағы социал-демократиялық қозғалыстың, сондай-ақ жасөспірімдер социалистік қозғалысының сол қанатының лидері. 1908—1918 жылдары —«Stormklockan» («Дабыл») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд социалистік конференциясында Циммервальд солшылдарына қосылды. 1916 жылы соғысқа қарсы насихат жүргізгені үшін сот жүзінде қуғындалды. 1917—1924 жылдары — Швеция Коммунистік партиясы басшыларының бірі. 1924 жылы оппортунизмі үшін және Коминтерннің V конгресінің шешімдеріне ашықтан-ашық қарсы шыққаны үшін компартиядан шығарылды. 1926 жылы социал-демократиялық партияға қайта келді.—*498.*

Хилквит (Hillquit), *Морис* (1869—1933)— американ социалисі, бастапқыда марксизмге қосылды, одан кейін реформизм мен оппортунизмге бой ұрып кетті, кәсібі жөнінен адвокат. Америка Құрама Штаттарында реформистік Социалистік партияның (1901) негізін қалаушылардың бірі; 1904 жылдан Халықаралық социалистік бюроның құрамына кірді; II Интернационал конгрестерінің жұмысына қатысты. Социализм тарихы жөніндегі бірқатар реформистік еңбектердің авторы.—*494, 498, 501.*

Хилл (Hill), *Давид Джейн* (1850—1932)— американ тарихшысы әрі дипломат, «A History of Diplomacy in the International Development of Europe» («Европаның халықаралық дамуындағы дипломатияның тарихы») деген үш томдық еңбектің авторы.— *458.*

Хрусталев-Носарь, Г. С. (1877—1918)—қорғаушы адвокаттың көмекшісі, меньшевик. 1905 жылы меньшевиктердің қолында болған жұмысшы депутаттары Петербург Советінің председателі болды. 1906 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ісі бойынша сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды, ол жерден шетелге қашып кетті; РСДРП V (Лондон) съезіне қатысты. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, меньшевиктік «Голос Социал-Демократа»

газетіне жазып тұрды. 1909 жылы партиядан шықты, күдікті финанс істерімен айналысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Россияға қайтып келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада белсенді контрреволюциялық әрекеттер жасады, гетман Скоропадскийді және Петлюраны қолдады. 1918 жылы атылды.— *30.*

Ц

Цедербаум, В. О.— қараңыз: Левицкий, В.

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен әрі трибун. Герман социал-демократиясының сол қанатында болған Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы күресті. 1916 жылы «Интернационал» тобына, кейін «Спартак одағына» енді. 1919 жылдан—Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетіне сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару Комитетіне сайланды. Коминтерннің халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару комитетінің үзбестен председателі болды.—*3.*

Ч

Челноков, М. В. (1863 ж. туған)—ірі өнеркәсіпші және үйлер иесі, кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі. Москва губерниясынан II, III Мемлекеттік думаларға, Москва қаласынан IV Думаға депутат. 1914—1917 жылдары—Москваның қала бастығы, Қалалар одағының бас уәкілі, Бүкіл россиялық земство одағы председательдерінің бірі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізуді жан-тәнімен жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті.—*273.*

Чемберлен (Chamberlain), *Джозеф* (1836—1914) — ағылшын саяси қайраткері. 1880—1885 жылдары — сауда министрі, 1886 жылы — ішкі істер министрі; 1895—1903 жылдарда—отарлар жөніндегі министр; отарлар басып алу саясатын белсене жүргізді, 1899—1902 жылдардағы ағылшын-бур соғысын басты ұйымдастырушылардың бірі.—*411—412.*

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938)— меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы —«Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.—*23, 85.*

Чиршки (Tschierschky), *Зигфрид* (1872 ж. туған)— немістің буржуазияшыл экономисі, трестер мен синдикаттарда практикалық жұмыста болды. «Картель және трест» деген зерттеудің авторы; «Kartell-Rundschau» («Картельдік Шолу») деген журнал шығарып тұрды.—*366.*

Чичерин, Г. В. (Орнатский) (1872—1936)—1905 жылдан РСДРП мүшесі. 1905 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция дәуірінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—интернационалист, 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшеді және 1918 жылы РКП(б)-ға кіреді. Жауапты совет және дипломаттық жұмыста болды: 1918 жылдан 1930 жылға дейін — Сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясының басшысы. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды.—*325—326, 495.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926)— меньшевизм лидерлерінің бірі. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, IV Думада меньшевиктік фракцияны басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштай да және оларға қызмет ете де білген» «партия маңындағы социал-демократ» деп атады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позицияда бола отырып, іс жүзінде орыс социал-шовинистерінің саясатын қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузия Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Францияға эмиграцияға кетті.—*23, 46, 55, 63, 85, 99, 101, 133, 261, 264—270, 296, 307—308, 318, 445, 494, 507, 509.*

Чхенкели, А. И. (1874 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен юрист. Реакция және жаңа революциялық

өрлеу жылдарында — жойымпаз. IV Мемлекеттік думаның депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан соң ақ эмигрант.—*265*.

Ш

Шагов, Н. Р. (1882—1918)—революциялық қозғалысқа белсене қатысушы, большевик, Кострома губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен жұмысшы-тоқымашы. Думада социал-демократиялық фракциядағы большевиктік алтаудың құрамына, ал кейін большевиктік фракцияға кірді. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков және Поронин кеңестеріне қатысты. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды, одан тек 1917 жылы ғана қайтып оралды. —*2, 256*.

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оң, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. 1903 жылдан бастап рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияға кірді. 1911 жылдан бастап — Германия социал-демократиялық партиясы Басқармасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—барып тұрған социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде халық уәкілдерінің контрреволюциялық Советінің құрамына кірді, спартакшылдарға қарсы ойран жасау үгітіне дем беруші болды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *62, 63, 70, 328*.

Шильдер (Schilder), *Зигмунд* (1932 ж. қайтыс болған) — неміс экономисі, сауда музейінде секретарь болып қызмет істеді. «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың даму тенденциясы», «Бүкіл дүние жүзілік соғыстың дүние жүзілік шаруашылықтағы алғы шарттары» деген және басқа еңбектердің авторы.— *397, 416, 419, 436*.

Шляпников А. Г. (Александр) (1885—1937)—1901 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Сормовода, Муромда, Петербургте және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1914 жылы РСДРП Орталық Комитетінің тапсыруымен Стокгольмде болды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен Орталық Комитеттің орыс бөлегі және Петербург комитетінің арасында байланыс орнату жолында жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Фев-

Ю

Юркевич, Л. (1885—1918) — украинның буржуазияшыл ұлтшылы, оппортунист. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1913—1914 жылдары буржуазиялық-ұлтшылдық «Дзвін» («Қоңырау») журналына белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Лозаннада ай сайын шыққан «Боротьба» («Күрес») газетін шығарып тұрды, онда марксизм жалауын жамылып, украин жұмысшыларын ерекше социал-демократиялық партияға бөлуді ұсынды, сондай-ақ ұлттардың өзін өзі билеу правосына қарсы күрес жүргізді. Ленин Юркевичті қатты сынады, оны ұлтшыл мещан, «барып тұрған ұждансыз, топас және реакциялық ұлтшылдықтың» (Шығармалар толық жинағы, 24-том, 142-бет) өкілі деп атады.— *289, 486.*

A

Adler, V.— қараңыз: Адлер, Виктор.

Askew — қараңыз: Аскью, Джон Б.

Axelrod — қараңыз: Аксельрод, П. Б.

B

Berger, V.— қараңыз: Бергер, Виктор Луи.

Borchardt — қараңыз: Борхардт, Юлиан.

Bourderon — қараңыз: Бурдерон, Альбер.

Brizon — қараңыз: Бризон, Пьер.

C

Cornelissen — қараңыз: Корнелиссен, Христиан.

D

David — қараңыз: Давид, Эдуард.

Debs — қараңыз: Дебс, Юджин.

G

Grave — қараңыз: Грав, Жан.

H

Haase — қараңыз: Гаазе, Гуго.

S

T

V

W

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Август, 1915 — июнь, 1916)

1915

Август, 1915— июнь, 1916 жыл. Ленин Швейцарияда (Бернде, Цюрихте және Бернге жақын таудағы Зёренберг деген шағын деревняда) тұрады. Россиядағы партия ұйымдарымен және жеке большевиктермен хат-хабар алысады, олардың жұмысына бағыт беріп отырады; РСДРП Орталық Органы —«Социал-Демократ» газетін редакциялайды; «Коммунист» журналын және Циммервальд солшылдарының органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын редакциялауға қатысады; халықаралық жұмысшы қозғалысындағы солшыл социалист-интернационалистерді топтастыру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізеді.

Ленин РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің Стокгольмдегі өкілі А. Г. Шляпниковпен Россиядағы партиялық жұмыс мәселелері жөнінде хат алысады.

Ленин РСДРП Орталық Органы—«Социал-Демократ» газетін шығару мәселелері жөнінде В. А. Карпинскиймен және С. Н. Равичпен хат жазысып тұрады.

Ленин Циммервальд конференциясын әзірлеу, «Социал-Демократ» газетін, «Коммунист» журналын редакциялау мәселелері және басқа мәселелер жөнінде Г. Е. Зиновьевпен хат алысады.

Август. Ленин социалист-интернационалистердің бірінші халықаралық конференциясына әзірлік жұмысын жүргізеді (әзірлік жұмысын ол июньде-ақ бастаған болатын); әр түрлі елдердің солшыл социалист-интернационалистері-

мен хат жазысады, олардың топтасуын, алдағы конференцияға ортақ декларация жасауын талап етеді; шетелдегі — Лондондағы, Париждегі, Женевадағы, Лозаннадағы, Цюрихтегі және басқа қалалардағы большевиктік секциялармен хат-хабар алысып, оларға интернационалистермен байланыс орнату жөнінде тапсырмалар береді; большевиктік партияның бірінші дүние жүзілік соғыс дәуіріндегі негізгі документтерімен әр түрлі елдердің интернационалистерін таныстыру үшін ол документтерді аудару мен басып шығаруды ұйымдастырады.

6 (19) август. Ленин К. Радекке бірінші халықаралық социалистік конференцияға арналған солшыл интернационалистер декларациясының ол жазған жобасына ескертпелер жібереді, «Социал-шовинизм (=оппортунизм) туралы және оған қарсы күрес туралы бірауыз сөз жоқ!! Зұлымдықты бұлайша әсемдеудің және жұмысшы бұқарасынан олардың социал-демократиялық партиялардағы басты жауын жасырудың не керегі бар?»,— деп оны қатаң сынайды; өзі жазған декларация жобасының неміс тіліне аудармасын және Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген ұлт мәселесі жөніндегі Поронин кеңесі (1913) қарарының аудармасын жіберуді сұрайды.

Ленин В. М. Каспаровқа жазған хатында солшылдардың халықаралық конференциясының 5 сентябрьде болатынын хабарлайды және «Социализм және соғыс» деген кітапша конференцияның ашылуына дейін шығуы үшін ол кітапшаның неміс тіліне аударылуын тездетуге бірқатар шаралар қолдануды өтінеді.

6 (19) августан кешірек. Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында норвег солшылдарының декларациясын алғаны жөнінде хабарлайды; солшыл интернационалистердің бірлесіп қимыл жасауының маңыздылығын атап көрсетеді; соғыстардың типтерін айыра білудің және ұлт-азаттық соғыстарды қолдаудың қажеттігін түсіндіреді.

Ленин голланд солшыл социал-демократы, «De Tribune» газетін ұйымдастырушылардың және оның редакторларының бірі интернационалист Д. Вайнкопқа халықаралық социалистік конференцияның 5 сентябрьде бола-

тынын хабарлайды; солшыл интернационалистер декларациясының К. Радек жазған жобасының кемшіліктері жайында жазады, Вайнкоптың және Голландия социал-демократиялық партиясы Басқармасының бұл жөніндегі пікірін сұрайды; Британ социалистік партиясының азшылығымен және Бельгия социалист-интернационалистерімен байланыс жасауды, олардың конференцияға қатысуы туралы сөз байласуды өтінеді.

7 (20) августан ертерек. Ленин Д. Вайнкопқа жазған хатында норвег жастар одағынан алынған декларацияны жіберіп отырғанын және 1915 жылғы июльде II Балқан конференциясында болгар «теспяктарының» дәл осы рухтағы пікірге келгенін хабарлайды. «Демек,—деп ескертеді ол,—солшылдардың халықаралық принциптер декларациясының *болуы мүмкін»*.

7 (20) август. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясынан Циммервальд социалистік конференциясына мандат алады. Лондонға Я. А. Берзинге жазған хатында Ленин неміс немесе француз тіліндегі мандаттың мөр басылған, бүкіл формасы сақталған көшірмесін тездетіп жіберуді, сондай-ақ Циммервальд солшылдары қарарының жобасымен М. М. Литвиновтың танысуы үшін және оны ағылшын тіліне аудару үшін қарардың жобасын Литвиновқа беруді өтінеді.

10 (23) августан ертерек. Ленин Циммервальд конференциясындағы РСДРП делегациясының құрамы туралы, өзінің Бернге жүріп кететін мерзімі туралы айтып Г. Е. Зиновьевке хат жазады.

10 (23) август. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 44-номерінде жарияланады.

Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында Шляпниковтың Россияға баруына байланысты нұсқаулар береді; мән-жайға қанық, дербес адамның Россиядағы 2—3 орталықты аралап, байланыс орнатып, бұл байланыстарды Орталық Комитетке беру үшін Швецияға қайтып оралғаны өте пайдалы болар еді деп жазады. Ол басшы топтарды жұмысшы орталықтарында топтастырудың, Россияда Орта-

лық Комитеттің бюросын және Орталық Комитеттің өзін қалпына келтірудің маңызды екенін көрсетеді. Ленин Россиядағы оқиғалардың большевиктер позициясының және «соғыста өз үкіметінің жеңілуі» ұранының дұрыс екенін дәлелдегендігін, соғыстағы сәтсіздіктің патша өкіметін әлсіретуге көмектесетіндігін және Россия мен басқа да елдердің революциялық жұмысшыларының одақ жасасуын жеңілдететіндігін қанағаттанған сезіммен атап көрсетеді; патша өкіметін жеңген жағдайдағы партияның тактикасын белгілеп береді.

10 (23) августан кешірек. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социализм және соғыс» деген кітапша шыққаннан кейін дереу 10—20 данасын тездетіп Бернге, Г. Л. Шкловскийдің адресіне салып жіберуді өтінеді.

15 (28) август. Ленин француз Швейцариясындағы солшыл социализмнің окілі П. Голэйге хат жазып, оның Циммервальд конференциясына келуіне кеңес береді.

Августың екінші жартысы. Ленин Лозанна большевиктер секциясының секретары Е. И. Ривлинаға солшылдардың халықаралық конференциясының 5 сентябрьге белгіленгенін жазады және одан француз Швейцариясындағы солшыл социализмнің өкілдері П. Голэймен және Ш. Нэнмен жолығуды, сөйтіп олардың алдағы конференцияға көзқарастарын анықтауды сұрайды.

Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында конференцияның 5 сентябрьге белгіленгенін хабарлайды; швед және норвег солшыл социалистері өкілдерінің Швейцарияға 3 сентябрьден кешікпей жетуі үшін олардың келуін тездетуді өтінеді; күрестің түйіні: социал-шовинизмге аяусыз — жікке бөлінуге дейін баратын күрес жариялану-жарияланбауы болатынын атап көрсетеді.

17 (30) август. Ленин социалист-әйелдердің француз қимыл Комитетінің шовинизмге қарсы бейбітшілік үшін үндеуінде сөздердің астын сызады; бұл материалды ол өзінің «Екі Интернационал» деген рефератында пайдаланады.

20—22 август (2—4 сентябрь).	Ленин халықаралық социалистік конференцияның жұмысына қатысу үшін Циммервальдқа келеді.
	Ленин Циммервальд конференциясындағы орыс және поляк делегаттарының кеңесіне қатысады, онда солшыл делегаттардың конференцияға ұсынатын документтері алдын ала талқыланады.
	Ленин Циммервальдтағы халықаралық социалистік конференцияның делегаттары — солшыл социал-демократтардың алдын ала болатын кеңесінде өзінің жасайтын баяндамасының тезистерін жазады.
22 август (4 сентябрь).	Ленин Циммервальд конференциясының делегаттары — солшыл социал-демократтардың жеке кеңесіне басшылық етеді, дүние жүзілік соғыстың сипаты туралы және халықаралық социал-демократияның тактикасы туралы баяндама жасайды.
	Ленин Циммервальд солшылдарының «Бүкіл дүние жүзілік соғыс және социал-демократияның міндеттері» деген қарарының жобасына түзетулер енгізеді.
23 августан (5 сентябрьден) ертерек.	Ленин «Социализм және соғыс» деген кітапшаның бірінші (шетелдегі) басылымына алғы сөз жазады.
23—26 август (5—8 сентябрь).	Ленин Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның жұмысына қатысады, оның сол қанатын ұйымдастырып, топтастырады.
	Ленин Циммервальд конференциясында жарыс сөздерді жазып алады, Д.-М. Серратидің сөзіне жауап сөздің жоспарын жасайды.
	Ленин Циммервальд конференциясында өзі сөйлейтін сөздің жоспарын жасайды.
	Ленин Циммервальд конференциясының делегаттарымен әңгімелеседі, оларды социал-шовинизмге қарсы күресте батыл қимылдар жасаудың қажет екендігіне сендіреді. Бұқараға шетелден революциялық ұрандар тастау Ленинге өте қолайлы деген герман делегаты Г. Ледебурдың репликасына конференция мәжілісінде жауап бере келіп, Ленин мұндай айыптауды патша прокурорынан өзінің бұ-

рын да естіткенін, ал социалистеп басқаша дәлелдер күткенін мәлімдеді. Циммервальд конференциясының мәжілісінде Ленин В. Коларовқа: «Сіз қалай ойлайсыз, армияда, окоптарда жұмыс істеуге бола ма?»—деген записка жазады.

Ленин конференция манифесінің жобасы жөнінде заметка жазады; делегация құрамын жазып алады және Циммервальд солшылдары қарарының жобасы үшін дауыс беруге қатысқандардың есебін жасайды.

Ленин Циммервальд конференциясында Циммервальд солшылдарының мәлімдемесіне толықтырулар енгізеді.

Ленин Циммервальд солшылдары бюросына сайланады.

23 және 26 август (5 және 8 сентябрь) аралығында. Неміс тілінде «Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген кітапша шығады; кітапша Циммервальд конференциясының делегаттарына таратылып берілді.

26 немесе 27 август (8 немесе 9 сентябрь). Ленин Циммервальдтан Зёренбергке қайтып келеді.

26 және 31 август (8 және 13 сентябрь) аралығында. А. М. Коллонтайдың Америкаға баруы көзделіп отыруына байланысты Ленин оған ол жерде интернационалистерді топтастырудың қажеттігі туралы жазады; «Социализм және соғыс» деген кітапшаны ағылшын тілінде шығаруды ұйымдастыруды өтінеді.

26 августан (8 сентябрьден) кешірек. Ленин Циммервальд конференциясы туралы мақаланың жоспарын жазады.

28 немесе 29 август (10 немесе 11 сентябрь). Ленин өзіне Зёренбергке келген латыш социал-демократымен әңгімелеседі.

29 немесе 30 август (11 немесе 12 сентябрь). Лениннің «II Интернационалдың күйреуі», «Француз социалисінің адал үні», «Италиядағы империализм мен социализм (Заметка)» деген мақалалары басылған «Коммунист» журналының 1—2-номері шығады.

31 август пен 6 сентябрь (13 және 19 сентябрь) аралығында.	Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында К. Радектің Циммервальд конференциясы туралы есебін сынайды; Россияға арналған, соғысқа қарсы листовкалардың өзі жасаған жоспарын жібереді.
Августың екінші жартысы.	Ленин А. Г. Шляпниковтың Россияға баратын сапарына байланысты оған байланыс орнату туралы және партиялық жұмыстың басқа мәселелері жөнінде хат арқылы былай деп нұсқау береді: «Россияда (байырғы, тәжірибелі, ақылды, соғыс жөніндегі мәселені әбден түсінген правдист-жұмысшылардан) топтар құру керек, олардың таңдаулыларын (2—3) Орталық Комитетке алу керек».
Август.	Ленин Зёренбергте тұрған кезінде өзі Берн және Цюрих кітапханаларынан алған империализм және империалистік соғыс мәселелері жөніндегі әдебиетпен жұмыс істейді.
	Ленин «Соғыс туралы үндеу хат» деген мақала жазады.
Жаз.	Ленин «Ашық айтқанына рақмет» деген мақала жазады.
5 (18) сентябрьден кешірек.	Ленин «Россияның жеңілуі және революциялық дағдарыс» деген мақала жазады.
6 (19) сентябрь.	Ленин А. Г. Шляпниковқа жолдаған хатында Россиядан хабар өте аз, хат-хабар алысудың жолға қойылуы нашар, ең көкейтесті іс — байланыс жинау, дұрыс қарым-қатынас орнату: «бүкіл жұмыстың түйіні қазір осында, мұнсыз бұдан былайғы жұмыс жайын сөз етуге де болмайды»,— деп жазады.
	Ленин Цюрихке М. М. Харитоновқа жазған хатында шамамен октябрьдің орта шенінде Цюрихте «1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі интернационалдық конференция» туралы реферат оқығысы келетінін хабарлайды.
	Ленин К. Радекке жазған хатында Р. Гриммнің солшыл циммервальдистер жөніндегі теріс әрекетін ашып көрсетеді, Циммервальд конференциясы туралы «Berner Tagwacht» газетінде басылған есептің дәл еместігі жайында, Циммервальд солшылдары қарарының жобасын жақтап дауыс берген делегаттар са-

	ны туралы Гриммнің үндемей отырғаны жайында жазады.
	Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында өзінің октябрьдің орта шенінде Женевада «1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі интернационалдық социалистік конференция» деген тақырыпта реферат оқымақшы ойы бар екенін айтады.
6 және 28 сентябрь (19 сентябрь мен 11 октябрь) аралығында.	Ленин Г. Л. Шкловскийге хат жазып, Орталық Орган «Социал-Демократ» үшін қажетті Циммервальд солшылдары документтерінің Радек жібермей кідіртіп отырған көшірмелерін К. Радекке айтып, жіберткізуді өтінеді.
6 (19) сентябрьден кешірек.	Ленин П. Аксельродтың «Халықаралық социал-демократияның дағдарысы және міндеттері» (P. Axelrod. «Die Krise und die Aufgaben der internationalen Sozialdemokratie», Zürich, 1915) деген кітапшасына белгілер қойып, ескертпелер жасайды, бұл белгілер мен ескертпелерді Ленин «Шын интернационалистер: Каутский, Аксельрод, Мартов» деген мақаланы жазған кезде пайдаланады.
7(20) сентябрь және 8 (21) сентябрьден кешірек.	Ленин К. Радекке екі хат жазады, өзіне қажет Циммервальд солшылдары документтерінің көшірмесін дереу жіберуді өтінеді; Гримм туралы оның «адалдығы»— тек бос сөз дейді.
11 (24) сентябрьден кешірек.	Ленин Ю. Дебстің «Мен шайқасқа шыққан шақта» деген мақаласына белгілер қояды; бұл мақаланы Ленин 1916 жылы 8 февральда Берндегі интернационалдық митингіде сөйлеген сөзінде пайдаланады.
12 (25) сентябрьден кешірек.	Ленин «Интернационалдық социалистік комиссияға (I. S. K.)» хат жазады.
18 және 23 сентябрь (1 және 6 октябрь) аралығында.	Ленин Зёренбергтен Бернге қайтып келеді.
20 сентябрьден (3 октябрьден) ертерек.	Ленин В. А. Карпинскийге өзінің келешекте Цюрих пен Женевада оқитын рефераттарының мерзімін хабарлайды.

23 және 24 сентябрь (6 және 7 октябрь). Ленин В. А. Карпинскийге жазган хаттарында Россиядан маңызды да ұнамды хабарлар алынганын, Россиядан алынган материалдар бар «Социал-Демократ» газетінің келесі (47) номері Бумплицте (Бернге жақын жер) Бентелидің баспаханасынан шыгарылатынын хабарлайды.

23 сентябрьден (6 октябрьден) ертерек. Ленин «Алгашқы адым» және «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» деген мақалалар жазады. Мақалалар 11 октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 45—46-номерінде жарияланды.

23 және 26 сентябрь (6 және 9 октябрь) аралыгында. Ленин Петроградта согыс кезінде шыгарылган листоктардың тізбесін жасайды; оларга белгілер согады.

Ленин «Бірнеше тезис. Редакциядан» деген мақала жазады. Мақала 13 октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 47-номерінде жарияланды.

23 және 30 сентябрь (6 және 13 октябрь) аралыгында. Ленин «Социал-Демократ» газетінің 47-номеріне арналган Н. К. Крупскаяның «РСДРП Петербург комитетінің согыс кезіндегі листоктары» деген мақаласына редакциялық түзету жасайды.

24 сентябрь (7 октябрь). Ленин апасы М. А. Ульяновага жазган хатында өзінің және Н. К. Крупскаяның Бернге көшіп келгендері жөнінде хабарлайды, апасы А. И. Ульянова-Елизаровага тізімін жіберген өзіне қажетті кітаптарды сұрастырады.

27 сентябрь (10 октябрь). Ленин А. Г. Шляпниковқа жазган хатында «Социал-Демократ» газетінің екі номерінің — 45—46 және 47-номерлерінің шыққаны жайында хабарлайды; қазіргі кезеңде ең маңыздысы Россиямен байланыс орнату және ол байланысты тұрақты ету екенін ескертеді.

Ерте дегенде 28 сентябрь (11 октябрь). Ленин «Шын интернационалистер: Каутский, Аксельрод, Мартов» деген мақала жазады.

Сентябрьдің аягы Ленин А. М. Коллонтайдың «Согыс кімге қажет?» деген кітапшасын редакциялайды.

Сентябрьдің аяғы — октябрь.	Ленин Бернге Р. Гриммге хат жазып, Интернационалдық социалистік комиссияның «Бюллетенінде» басу үшін РСДРП Орталық Комитетінің соғыс кезіндегі есебінің жіберілгені жөнінде хабарлайды.
Сентябрьден кешірек.	Ленин Р. Гриммге хаттың жобасын жазады, онда «сақтаушылардың» қолындағы Орталық Комитет ақшасынан Интернационалдық социалистік комиссияға ақша беруге РСДРП Орталық Комитетінің келіскендігі жайында хабарлайды.
4 (17) октябрь мен 7 (20) ноябрь аралығында.	Ленин «Революцияның екі бағыты туралы» деген мақала жазады. Мақала 20 ноябрьде «Социал-Демократ» газетінің 48-номерінде жарияланды.
5 немесе 6 (18 немесе 19) октябрь.	Ленин Лозаннада «1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі интернационалдық социалистік конференция» деген тақырыпта реферат оқиды.
7 немесе 9 (20 немесе 22) октябрь.	Ленин Женевада «1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі интернационалдық социалистік конференция» деген тақырыпта реферат оқиды.
10 (23) октябрь.	Ленин Цюрихте «1915 жылғы 5—8 сентябрьдегі интернационалдық социалистік конференция» деген тақырыпта реферат оқиды.
15 (28) октябрьден ертерек.	Ленин «Империализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген реферат конспектісінің нобайын, тезистерін және конспектісін жасайды.
15 (28) октябрь.	Ленин Женевада «Империализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген реферат оқиды.
16 (29) октябрьден кешірек.	Ленин «Berner Tagwacht» газетінің 1915 жылғы 28 және 29 октябрьдегі 252 және 253-номерлерінде басылған К. Радектің (Parabellum) «Annexionen und Sozial-demokratie» («Аннексия және социал-демократия») деген мақаласында сөздердің астын сызады. Ленин өзінің «Революцияшыл пролетариат және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген еңбегін әлгі мақалаға сыни талдау жасауға арнайды.
	Ленин «Революцияшыл пролетариат және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақала жазады.

27 октябрьден (9 ноябрьден) ертерек.	Ленин «Социализм жәпе соғыс» деген кітапшаның 500 данасын Г. Л. Шкловский арқылы Америкаға А. М. Коллонтайға жібереді.
27 октябрь (9 ноябрь).	Ленин Нью-Йоркке А. М. Коллонтайға жазған хатында таяу күндерде Бернде неміс және француз тілдерінде «Internationale Flugblätter»-дің («Интернационалдық жедел листоктардың») 1-номері шығатынын хабарлайды; оны Америкада ағылшын тілінде шығаруды өтінеді.
31 октябрь мен 9 ноябрь (13 және 22 ноябрь) аралығында.	Ленин ««Социалистік насихат лигасының» секретарына» хат жазады.
Ноябрьдің басы.	Ленин «Internationale Flugblätter»-дің 1-номерін итальян тіліне аударудың мүмкіндігі туралы сұрап А. Зифельтке хат жазады.
2 (15) ноябрь.	Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының 1915 жылғы 20 ноябрьге тағайындалған мәжілісіне шақыру алады.
2 және 7 (15 және 20) ноябрь аралығында.	Ленин «Ақырғы шегінде» деген мақала жазады. Мақала 20 ноябрьде «Социал-Демократ» газетінің 48-номерінде жарияланды.
7 (20) ноябрьден кешірек.	Ленин В. А. Карпинский мен С. Н. Равичке «Internationale Flugblätter» деген кітапшаның 1-номерін жібереді; Гильбоны және басқа француз интернационалистерін кітапшамен таныстыруды өтінеді.
9 (22) ноябрь.	Ленин Нью-Йоркке А. М. Коллонтайға Америкадағы «Социалистік насихат лигасының» листогы жөнінде екі хат жазады. Лига мүшелерінен Циммервальд солшылдарының Америкадағы тірек пункттерінің бірін құру үшін бар күшін салуды өтінеді.
10(23) ноябрьден кешірек.	Ленин «Internationale Flugblätter»-дің 1-номері үшін Циммервальд солшылдары манифесінің итальян тіліндегі аудармасын редакциялайды.
14(27) ноябрьден кешірек.	РСДРП Орталық Комитетінің соғыс кезіндегі қызметі туралы есепті Интернационалдық социалистік комиссияның «Бюллетенінде» жа-

риялауға әзірлеу үстінде документке Р. Гриммнің түзетулер енгізуіне байланысты, Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында бұл есепті толық, жеке листок етіп шығаруды ұсынады.

17 (30) ноябрь мен 8 (21) декабрь аралығында. Ленин Ұйымдастыру комитеті шетелдік секретариатының «Интернационал және соғыс» деген жинағының 1-номеріне (1915) белгілер қойып, ескертпелер жасайды, бұл белгілер мен ескертпелерді ол «Социал-шовинистік саясатты интернационалистік бос сөздермен бүркемелеу» деген мақаласында пайдаланады.

Ленин «Социал-шовинистік саясатты интернационалистік бос сөздермен бүркемелеу» деген мақала жазады. Мақала 21 декабрьде «Социал-Демократ» газетінің 49-номерінде жарияланды.

Күз. Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға хат жазып, «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік» деген кітабын бастырып шығарушы іздестіруді өтінеді.

3(16) декабрьден ертерек. Ленин С. Н. Равичке хат жазып, Петроградтағы әскери-өнеркәсіп комитеттері сайлауына және большевиктердің Женева секциясының осы сайлау жөніндегі қарарына баға береді.

14(27) декабрьден ертерек. Н. К. Крупскаяның РСДРП Париж секциясына жазған хатына қосымшада Ленин Циммервальд солшылдары позициясында тұрған французлардарды «Vorbote» («Жаршы») журналына қатысуға тартудың қажеттігін көрсетеді.

Декабрьдің ортасы. Ленин екінші халықаралық социалистік конференцияға әзірлік туралы мәселе жөнінде социал-демократ-интернационалистердің кеңесін өткізеді.

29 декабрь (11 январь, 1916 ж.). Ленин 1915 жылы жазылған «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік» деген кітабының қолжазбасын Петроградта «Парус» баспасының басып шығаруы үшін А. М. Горькийге жібереді.

31 декабрь (13 январь, 1916 ж.). Ленин Парижге И. Ф. Армандқа жазған хатында: «Отаннан бірсыпыра жақсы хабар алдық...» деп хабарлайды.

Декабрь. Ленин Н. Бухариннің «Дүние жүзілік шаруашылық және империализм» деген кітапшасына алғы сөз жазады.

1915 жылдың аягы. Ленин «Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі» деген мақала жазады.

1915 жыл. Ленин диалектика жөнінде арнаулы еңбек жазбақшы болып, 1914 жылы бастаған философиялық әдебиетті зерттеуін Берн, Цюрих және Женева кітапханаларында одан әрі жалғастыра береді; Гегельдің, Аристотельдің, Фейербахтың және басқалардың кітаптарынан конспектілер жасайды; философиялық және жаратылыс тану-ғылыми сипаттағы мақалалар мен кітаптар жөнінде бірқатар ескертпелер жазады; «Диалектика туралы мәселе жөнінде» фрагмент жасайды, онда материалистік диалектиканың мәнін құрайтын басты нәрсенің бәрін қорытады.

Ленин ұлт мәселесі жөніндегі материалдармен айналысады.

1916

Январь —19 июнь (2 июль). Ленин Берн кітапханасында, сонан соң Цюрих кітапханасында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын жазумен шұғылданады.

2 (15) январь. Ленин Циммервальд солшылдары бюросының мәжілісіне басшылық етеді, мәжілісте голланд солшыл социал-демократтарының бюродағы өкілдігі туралы және Циммервальд солшылдары тобының органы — «Vorbote» журналын шығару туралы мәселе талқыланады.

Ленин Парижге И. Ф. Армандқа жазған хатында голланд солшыл социал-демократтарының 1916 жылы 2 январьда Циммервальд солшылдарына біраузыдан қосылғанын және Радекпен арадағы кикілжіңдер туралы хабарлайды.

3 (16) январь. Н. К. Крупскаяның С. Н. Равичке (Ольгаға) жазған хатына қосымшада Ленин «Vorbote»

	журналының жолға қойылғанын және Г. Роланд-Гольсттің және басқа да голланд солшыл социал-демократтарының Циммервальд солшылдарына қосылғанын хабарлайды.
6 (19) январь.	Ленин Парижге И. Ф. Армандқа жазған хатында «Vorbote» журналын басуға әзірліктің басталғаны жөнінде хабарлайды.
8 (21) январьдан ертерек.	Ленин «Vorbote» журналына Циммервальд солшылдары бюросының қатысуы туралы мәселе жөнінде Г. Роланд-Гольстке хат жазады.
12 (25) январь.	Ленин Циммервальд солшылдары бюросының мәжілісіне басшылық етеді, мәжілісте алдағы уақытта «Vorbote» журналының бірінші номерінің шығуына байланысты шаралар талқыланады.
12 (25) январьдан кешірек.	Лениннің «Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі» деген мақаласы «Vorbote» журналының 1-номерінде жарияланады.
14 (27) январь.	Ленин М. М. Харитоновқа жазған хатында Цюрихтегі өмір жағдайлары туралы және онда бір немесе бірнеше реферат оқудың мүмкіндіктері туралы сұрастырады.
Январьдың ортасы.	Ленин «Vorbote» журналы бірінші номерінің неміс тілінен француз тіліне аударылуын ұйымдастырады.
16 (29) январь.	Ленин М. М. Харитоновқа жазған хатында Цюрихке 22 январьда (4 февральда) келетінін хабарлайды және Харитоновтан Н. К. Крупская мен өзіне арзанырақ, «ең жақсысы қарапайым жұмысшы семьясынан», ақыны апта сайын төлейтін бөлме тауып қоюды өтінеді.
17 (30) январь.	Ленин большевиктердің Цюрих секциясына Жастар ұйымдары халықаралық социалистік бюросының шақырылғалы тұрғанына байланысты жастар арасындағы жұмыс туралы хат жазады.
17 (30) январь мен 5 (18) февраль аралығында.	Ленин «Ұйымдастыру комитетінің және Чхеидзе фракциясының өз бағыты бар ма?» деген мақала жазады. Мақала 18 февральда «Социал-Демократ» газетінің 50-номерінде жарияланды.

23—27 январь (5—9 февраль). Ленин Бернде кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссия кеңесінің жұмысына қатысады.

Ленин кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссия кеңесінің күн тәртібін және қатысушыларының құрамын жазып алады.

Ленин кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесінде Интернационалдық социалистік комиссияның «Rundschreiben an alle angeschlossenen Parteien und Gruppen»-нің («Барлық қосылушы партиялар мен топтарға үндеудің») Р. Гримм ұсынған жобасын талқылауға қоюды ұсынып сөз сөйлейді.

Ленин Интернационалдық социалистік комиссия үндеуінің жобасына түзету жасап, толықтыру енгізеді.

Ленин кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның кеңесінде К. Каутскийдің, Г. Гаазенің және Э. Бернштейннің екінші халықаралық социалистік конференцияға шақырылуына қарсы большевиктердің және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының атынан мәлімдеме жасап сөз сөйлейді.

Ленин «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасын» жазады.

Ленин екінші халықаралық социалистік конференцияға өкілдік туралы РСДРП Орталық Комитеті делегациясының «1916 ж. 24 апрельдегі конференция жөнінде» ұсынысын жазады. Ұсыныс кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның мәжілісінде енгізілді.

26 январьдан (8 февральдан) ертерек. Ленин А. М. Горькийге оған Н. К. Крупскаяның «Халық ағарту және демократия» деген кітапшасын бандероль етіп заказбен жіберетінін хабарлайды.

26 январь (8 февраль). Ленин Берндегі интернационалдық митингіде империалистік соғыс және пролетариаттың міндеттері туралы сөз сөйлейді.

28 январь (10 февраль). Ленин «Франциядағы оппозицияның міндеттері туралы (Сафаров жолдасқа хат)» деген хат жазады. Хат 1916 жылы Женевада фран-

цуз тілінде жеке листок болып басылып шықты.

28 немесе 29 январь (10 немесе 11 февраль). Ленин Бернnен Цюрихке көшіп келеді.

30 январь мен 4 февраль (12 және 17 февраль) аралығында. Ленин «Екі Интернационал» деген реферат оқуға дайындалады; газеттерден көшірмелер жасайды; рефераттың жоспарын жазады.

31 январь (13 февраль). Ленин С. Н. Равичке жазған хатында былай деп хабарлайды: «Бейсенбі күні (17. II.) мен осында бірінші рефератымды («Екі Интернационал») оқимын, ал бірсыпыра уақыттан кейін екінші рефератты («Бітім шарттары және ұлт мәселесі» немесе осы тәрізді тақырып) оқимын». «Рефератты (біріншісін немесе екеуін де?) Женевада менің қашан оқуыма болады», осыны хабарлауды өтінеді.

Январь. Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясының және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы өкілдерінің қатысуымен 1906 жылы Стокгольмде РСДРП IV (Бірігу) съезінде қабылданған партияның аграрлық программасын қайта қарау туралы мәселе жөнінде РСДРП Орталық Комитеті мен РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті өкілдерінің кеңесін өткізеді. Кеңесте жасаған баяндамасында Ленин Россияның мемлекеттік құрылысын толық демократияландырған жағдайда жерді национализациялау жөніндегі программаны негіздеп берді.

Январь — февраль. Ленин «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистер жазады. Тезистер 1916 жылы апрельде «Vorbote» журналының 2-номерінде жарияланды.

Ленин «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерге заметка жазады.

3 (16) февраль. Ленин большевиктердің шетелдік секцияларына кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның 23—27 январьда (5—9 февральда) болған кеңесі туралы информа-

циялық хабар жібереді; алдағы екінші халықаралық социалистік конференцияға дереу әзірленуді, солшыл циммервальдистердің күштерін конференцияга жұмылдыруды ұсынады.

4 (17) февраль. Ленин Цюрихте «Екі Интернационал» деген тақырыпта реферат оқиды.

Ленин С. Н. Равичке жазған хатында Женевада реферат оқудың күнін не 25 февральға дейін, не 26 февральдан кейін деп тағайындауды, сондай-ақ Лозаннада реферат оқудың күні жөнінде хат алысуды өтінеді.

13 (26) февральдан ертерек. Ленин Цюрих пен Женевада «Ұлт мәселесіне байланысты «бітім шарттары»» деген тақырыпта реферат оқуға дайындалады; газеттер мен журналдардан көшірмелер жасайды; рефераттың конспект-жоспарын жазады.

13 (26) февраль. Ленин Цюрихте «Ұлт мәселесіне байланысты «бітім шарттары»» деген тақырыпта реферат оқиды.

Ленин И. Ф. Армандқа жазған хатында Герман социал-демократиялық партиясында жікке бөлінуді О. Рюле мен «Германия интернационалдық социалистерінің» жақтап шыққанын, «Интернационал» тобының ауытқып отырғанын атап корсетеді; бұл жөнінде Петроградқа жазып жіберуді өтінеді.

14 (27) февраль. Ленин С. Н. Равичке жазған хатында Женевада оқылатын рефераттың тақырыбы жөнінде келіседі.

16 (29) февральдан ертерек. Ленин В. Кольбтің «Die Sozialdemokratie am Scheidewege» («Социал-демократия аңтарылып қалды») деген кітапшасынан көшірмелер алып, оған ескертпелер жасайды және белгілер қояды, бұларды өзінің «Вильгельм Кольб және Георгий Плеханов» деген мақаласында пайдаланады.

16 (29) февраль. Лениннің «Россиядағы қазіргі ұрандар — аннексиясыз бітім туралы және Польшаның тәуелсіздігі туралы», «Вильгельм Кольб және Георгий Плеханов» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 51-номерінде жарияланады.

17 февраль (1 март).	Ленин Женевада «Ұлт мәселесіне байланысты «бітім шарттары»» деген тақырыпта реферат оқиды. Рефератқа 200-ден астам адам қатысты.
19 февраль мен 7 март (3 және 20 март) аралығында.	Ленин «Бітім программасы туралы» деген мақала жазады. Мақала 25 мартта «Социал-Демократ» газетінің 52-номерінде жарияланды.
27 февраль (11 март).	Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында Бухарин — Пятаков және Бош тобының ұлт мәселесі жөнінде антипартиялық позицияда болуы себепті «Коммунист» журналының шығарылуын тоқтатуды қажет деп талап етеді; журналды ««Социал-Демократ» жинағымен» («Социал-Демократ» редакциясы редакциялайтын) ауыстыруды ұсынады.
28 февраль (12 март).	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Цюрих кітапханаларында жұмыс істеу үшін өзінің Цюрихке келгені жайында хабарлайды.
29 февраль (13 март).	Ленин қорғампаздықты сынауға және Циммервальд платформасын негіздеуге арналған жинаққа қатысудан бас тартады; жинақты Россияда жария шығару көзделіп, мақалаларда өзара сын болмауға тиіс деген келісім болған еді.
Февральдың аяғы — март.	Ленин «РСДРП Орталық Комитетінің екінші социалистік конференцияға ұсынысын» (тезистер) жазады; тезистердің неміс және француз тілдеріне аударылуын ұйымдастырады және оны большевиктердің шетелдік секциялары мен әр түрлі елдердің солшыл интернационалистеріне жібереді. Тезистер 22 апрельде Бернде Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 4-номерінде жарияланды.
Февраль.	Ленин большевиктердің Париж секциясына Франциядағы солшылдарды Циммервальд солшылдарының платформасы негізінде ұйымдық жағынан қалыптастырудың қажеттігі жайында жазады.
Февраль — март.	Ленин поляк социал-демократиясындағы оппортунизмді сынап, «Шетелдік ұйым комитетінің РСДРП секцияларына хатын» жазады.

Февраль — апрель.	Ленин «Жікке бөліну ме әлде іріп-шіру ме?» деген мақала жазады.
6 (19) март.	Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында Циммервальд солшылдарының қарары мен манифесінің жобасы басылған «Internationale Flugblätter»-дің 1-номерін ағылшын тіліне аударып, Норвегияда шығаруға және оны Америкада, Англияда, Швецияда, Норвегияда таратуға шаралар қолдануға тапсырма береді; швед және норвег солшыл социал-демократтарын таныстыру үшін «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерін жібереді.
6 (19) марттан кешірек.	Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында алдағы екінші халықаралық социалистік конференциядағы норвег солшылдарының өкілдігі жөнінде пікір айтады.
12 (25) марттан ертерек.	Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға транспортты жолға қою және Россияға әдебиет жөнелту туралы хат жазады. Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында Циммервальд солшылдары бюросы үшін екінші халықаралық социалистік конференцияға баяндама мен тезистер әзірлеудің қажет екенін көрсетеді.
28 марттан (10 апрельден) кешірек.	Ленин редакция мүшелерінің арасында ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселе жөнінде алауыздықтар болуы себепті ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Комитеті қаулысының жобасын» жазады.
Март.	Ленин Г. Пятаковқа, Е. Бошқа, Н. Бухаринге олардың партиялық позициялардан қол үзуі себепті олармен «Коммунист» журналында істес бола алмайтынын хабарлайды.
Март — июнь.	Ленин шетелдегі большевиктерге жазған хаттарында Бухарин — Пятаков тобының ұлт мәселесі жөніндегі антипартиялық көзқарастарын және олардың партиялық орталық жөніндегі әзәзілдік әрекеттерін әшкерелейді. Зиновьевке жазған хаттарында Ленин оның Бухарин — Пятаков тобы жөніндегі ауытқуларын сынайды.

5 (18) апрельден ертерек. Ленин Г. Е. Зиновьевке екінші халықаралық социалистік конференцияның қарсаңында солшылдардың бірқатар кеңестерін өткізудің қажеттігі жайында жазады.

5 (18) апрель. Ленин большевиктердің Цюрих секциясы мен поляк және латыш социал-демократ-интернационалистерінің біріккен жиналысында «Россиядағы социал-демократияның таяудағы міндеттері туралы» баяндама жасайды.

Ленин Цюрих полиция басқармасына өзінің Цюрих кітапханаларын пайдалану қажеттігіне байланысты осы қалада тұруына рұқсат беру жөнінде өтініш жазады.

Ленин екінші халықаралық социалистік конференцияға дейін конференцияға қатысушылар үшін «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерін неғұрлым көп дана етіп бастыруға шаралар қолданады.

5 (18) апрельден кешірек. Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында «Vorbote» журналы 1-нөмерінің 30 данасын Цюрихке, Ф. Платтеннің атына салып жіберуді өтінеді.

5 және 11 (18 және 24) апрель аралығында. Ленин Г. Е. Зиновьевке РСДРП Орталық Комитетінің Берндегі өкілі ретінде К. Радекпен кеңес өткізуді тапсырады және екінші халықаралық социалистік конференция жөніндегі өзінің позициясын айтады: «Істің жайы Циммервальд алдында қандай болса, қазірде де сондай болып отыр; біздің өз «қарарларымыз» бар, бірақ *солшылдармен блок* жасасудан еш бас тартпаймыз».

6 және 24 апрель (19 апрель мен 7 май) аралығында. Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында бейтарап елдер социалистерінің К. Гюисманс 1916 жылғы 26 июньге тағайындаған конференциясында солшыл интернационалистер өкілдерінің болуына тілек білдіреді.

11—17 (24—30) апрель. Ленин Кинтальдағы екінші халықаралық социалистік конференцияның жұмысына қатысады; солшыл циммервальдистердің бірқатар кеңестерін өткізеді, конференцияның сол қанатын ұйымдастырып, топтастырады.

Ленин конференцияның ең басты мәселелерінің бірі жөнінде — Халықаралық социалистік

бюроға көзқарас туралы қарар әзірлеу жөніндегі комиссияға енеді.

Ленин конференцияның делегаттары — әр түрлі елдер социалистерінің өкілдерімен жұмысшылардың пиғылдары, олардың соғысқа қарсы күресі туралы әңгімелеседі.

Ленин конференцияның мәжілістерінде И. Ф. Армандпен, П. Бризонмен, Э. Грабермен және басқалармен хат алысады.

Ленин Р. Шуберт пен Ш. Нэннің Халықаралық социалистік бюро туралы мәселе жөніндегі комиссияға ұсынған қарар жобаларынан көшірмелер жасайды, соларды қосып, өңдеудің жоспарын белгілейді.

Ленин өзінен бұрын сөз сөйлеген Л. Мартов пен Э. Модильяниге жауап беруді де ескеріп, конференцияда өзі сөйлейтін сөздің нобайын жазады.

Ленин конференцияға қатысушылардың сөйлеген сөздерін жазып отырады.

Ленин Халықаралық социалистік бюро туралы мәселе жөніндегі және бітім программасы туралы қарарлардың конференцияда ұсынылған жобаларына түзетулер енгізеді, белгілер қойып, ескертпелер жасайды.

Ленин конференцияда Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы мәселе жөнінде және Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы комиссияның қарарын дауысқа қоюдың тәртібі жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин солшыл циммервальдистер конференцияның талқылауына ұсынған Халықаралық социалистік бюроны шақыру туралы мәселе жөніндегі қарарды дауысқа қоюдың нәтижелерін жазып алады.

Ленин Кинтальдағы екінші халықаралық социалистік конференцияның «Die Stellung des Proletariats zu den Friedensfrage. Vorschlag für Thesen» («Пролетариаттың бітім туралы мәселеге көзқарасы. Тезистер жөнінде ұсыныс») деген тезистерінің жобасына ескертпелер жасайды.

	Ленин «Пролетариаттың бітім туралы мәселеге көзқарасы» деген қарардың конференцияда ұсынылған жобасы жөнінде «Пацифизмге қарсы. Демократиялық немесе баянды бітім ұранына қарсы дәлелдер» деген заметка жазады.
Ерте дегенде 17 (30) апрель.	Ленин 1916 жылы 11—17 апрельде Кинтальда өткен екінші халықаралық социалистік конференцияның қорытындылары туралы баяндаманың жоспарын жазады.
17 (30) апрель мен 20 май (2 июнь) аралығында.	Ленин Г. Е. Зиновьевке Россиядағы партия ұйымдары мен шетелдегі большевиктік секциялар үшін Кинталь конференциясы туралы есеп-хат әзірлеудің қажеттігі жайында жазады.
18 және 30 апрель (1 және 13 май) аралығында.	Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында Кинталь конференциясында «манифест қабылданды — ілгері қарай бір адым жасалды... бұл жолы солшылдар күштірек болды» деп атап көрсетеді.
Апрель — июль.	Ленин ««Газета Работничадағы» империализм және ұлттық езу туралы тезистердің» конспектісін жасайды.
Майдың басы.	Ленин «Коммунист» журналының редакциясымен қатынасын біржола үзеді.
2 (15) май.	Ленин Цюрихте большевиктік секцияның жиналысында Кинталь конференциясы туралы баяндама жасайды.
4 (17) май.	Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында Женева мен Лозаннаға барып, «Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы екі ағым» деген тақырыпта реферат оқымақшы ойы бар екенін хабарлайды.
15 (28) майдан кешірек.	Ленин бейтарап елдер социалистерінің 1916 жылғы 26 июньге белгіленген конференциясы туралы мәселе жөнінде А. М. Коллонтайға хат жазады.
19 немесе 21 май (1 немесе 3 июнь).	Ленин Лозаннада «Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы екі ағым» деген тақырыпта реферат оқиды.

20 май (2 июнь).	Ленин большевиктердің Женева секциясының жиналысында Кинталь конференциясы туралы баяндама жасайды.
	Ленин Женевада «Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы екі ағым» деген тақырыпта реферат оқиды.
26 май (8 июнь).	Ленин М. Н. Покровскийге: материалдың күрделілігіне және өзінің сырқаттануына байланысты «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын жазуды белгіленген мерзімде аяқтай алмайтынын, сондықтан «Парус» баспасының редакциясы аз уақыт мүмкіндік берер деп үміттенетінін хабарлайды.
31 май (13 июнь).	Лениннің «Германдық шовинизм мен германдық емес шовинизм туралы» деген мақаласы «Вопросы Страхования» журналының 5 (54)-номерінде жарияланады.
17 (30) июньнен кешірек.	Ленин социал-демократиялық партиялардағы солшыл оппозиция туралы заметка жазады.
19 июнь (2 июль).	Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын жазуды аяқтап, қолжазбаны «Парус» баспасына жібереді.
	Ленин Цюрихте жұмысшылардың өз бетімен білім алу жөніндегі үйірмесінде империализм туралы баяндама жасайды.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1916 ж.

СУРЕТТЕР

Л е н и н В. И.
Шығармалар толық жинағы. Орысша бесінші басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1978.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 27. Август, 1915—июнь, 1916.
700 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Н. Г. Севрюгина **мен** *А. Е. Иванов*

Дайындаушының көмекшісі
К. Г. Ремизова

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
В. П. Кукушкина

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 681

Сдано в набор 27. 09. 1977 г. Подписано в печать 4. 08. 1978 г. Формат $84 \times 108^{1}/_{32}$. Бум тип. № 1. Обыкновенная новая. Высокая печать. Физ. печ. л. $22^{3}/_{4}+2$ вклейки $^{1}/_{8}$ печ. листа. Условн. печ. л. 38,01 Учетно-изд. л. 36,22. Тираж 15000 экз. Заказ 2212. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.